

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ
АСЫРУДЫ МОНИТОРИНГЛЕУ БОЙЫНША АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП

Астана 2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 6 қыркүйектегі №6 хаттама)

Орта білім беру ұйымдарында Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды мониторингілеу бойынша аналитикалық есеп
Аналитикалық есеп – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 409 бет

Бұл аналитикалық есеп орта білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудың мониторингілеу нәтижелерін талдауға арналған.

Есепте бағдарламаның орындалу барысы, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ іске асыру кезінде туындаған қиындықтар мен оларды шешу жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, білім беру қатынастарының барлық субъектілерінің (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар) бағдарламаның табысты жүзеге асуына тигізген әсері де қарастырылған.

Есепте мониторинг нәтижелері сандық және сапалық көрсеткіштер арқылы ұсынылып, бағдарламаны жетілдіруге арналған нақты ұсыныстар берілген.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2024

КІРІСПЕ

Қазіргі әлем жылдам өзгермелі. Әлемдегі геосаяси ықпалдар мен экономикалық қақтығыстар еліміздің экономикалық, әлеуметтік жағдайына, адамдардың мәдениеті мен рухани дүниесіне де әсер етіп, құндылықтар жүйесін шарпып өтті.

Жаһан кеңістігінде алуан түрлі ақпарат еркін таралып, әлеуметтік желілер арқылы балалардың санасына әсер етуде. Интернет кеңістігі баланың тәрбиесі мен мінез-құлқына, өзін-өзі ұстау әдебіне әсер етіп, балалар мен жасөспірімдер арасында түрлі субмәдениеттердің белгілі бір басымдыққа ие болуына жол ашты. Мұндай сын-кәтерлерді түбірімен жою мүмкін емес, дегенмен оған тосқауыл болу – баршамызға ортақ міндет.

Баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде жасөспірімдер мен жастар арасында вейп, нашақорлық, психотропты заттарды пайдалану секілді проблемалардың бар екендігі кеңінен талқылауға түсіп жүр. Балалар қолдарында ұстап жүрген смартфондарындағы интернетке жылдам қолжетімділік балаларды интернет ойындарына тәуелді еткені де жасырын емес. Сондай-ақ балалардың тез байып кету, жеңіл жолмен ақша табу секілді қиялдары оларды лудомания дертіне ұшыратты. Бұл балаларымыздың бойында қаржылық сауаттылықтың төмендігін көрсетеді.

Ал, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы жариялаған мәліметтерге назар аударсақ, кәметке толмағандар арасында ұрлықтың, зорлау және зорлауға оқталу фактілерінің артып келе жатқандығын байқауға болады. Демек, қазіргі өсіп келе жатқан ұрпақ бойында қатыгездіктің бой алғандығын көрсетті [1].

Аталған проблемалардың туындауына ықпал ететін көптеген себептер мен салдарлар бар. Мысалы, интернеттің ашықтығы, кез келген ақпараттың жылдам таралуы, бала қарайтын видео контенттердің филтрлерден өткізілмеуі, ата-аналардың жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдікті сақтамауы бала тәрбиесіндегі жүгенсіздіктің орын алуына ықпал етті.

Осыған орай, баланың бойына ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды дарыту жолдарын мұқият ойластыру, қауіпсіз, жайлы оқу ортасын қамтамасыз етуде білім беру ұйымдары, мемлекеттік және әлеуметтік институттар арасында өзара ынтымақтастық қарым-қатынастар парадигмасын қалыптастыруды қажет етеді.

Бүгінгі күні мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан», «Еңбек адамы», «Толық адам», «Адал адам» идеологияларын қамтитын және адамгершілік, тұлғалық қасиеттерді айқындайтын *ұлттық мүдде, ар-ұят, талап* құндылықтарын білім алушылардың бойында дамыту қажеттілігі тұр [2].

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және Әділетті Қазақстанның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, еңбекқор, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу міндеті көзделеді.

Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуға қатысты дереккөздерге теориялық талдау жүргізілді. Зерттеу барысында жинақталған деректер өскелең ұрпаққа қажетті құндылықтарды талдауға, заманауи талаптарға сәйкес жүйелеуге мүмкіндік берді. Алынған деректерді зерделей келе, қазіргі қоғамда балалардың бойында ұлттық қасиеттердің көрініс таппауы, ұрпақ бойында ұлттық тәрбиенің ақсап бара жатқаны қоғамға біртұтас ұлттық тәрбие бағытының қажеттілігін тудырды.

Осыған орай біртұтас тәрбие бағдарламасы әзірленді. Бағдарламаны өскелең ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды дарыту үшін пайдалануға болады.

Дереккөздерді зерттеу барысында алып Ер Тоңғаның «Ақи немесе жомарттық», әл-Фарабидің парасатты адам, Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік», Яссауидің хәл туралы, Абай Құнанбаевтың «Толық адам», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар-ұждан» ілімдері, Ахмет Байтұрсыновтың «Баулу мектебі және басқа да қазақ халқының ағартушыларының еңбектері негізге алынды [3]. Бұл еңбектер білім алушының бойында қоғам мен ата-ана алдындағы жауапкершілік пен Отанына деген рухты, патриоттық сезімді қалыптастыруда алғышарт болып табылады.

Сондай-ақ қазақ тіліндегі алғаш рет тәрбие деген ұғымға анықтама беріп, оның қандай болу керектігі туралы Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық мұраларынан көруге болады. Ол тәрбиенің өмір бойы жалғасатын үздіксіз процесс екендігін және тәрбие адамды шындықты, ізгілікті, көркемдікті тәжірибе жүзінде іске асыруға жетелейтіндігін және ол білімнің табан тірейтін негізі екендігін көрсеткен [4].

Бұл идеяны әрі қарай жалғаған Мағжан Жұмабаев та баланы сол ұлттың өз тәрбиесімен тәрбиелеудің маңызды екендігіне ерекше мән беріп, балаға ақыл-ой, мінез, сұлулық және дене тәрбиесі берілгенде ғана оның толыққанды болатындығын көрсеткен [6].

Демек, қазақтың ойшылдары, ақын-жыраулары, ұлт зиялыларына тән ортақ идея бала тәрбиесі – ұлттық болғанда ғана елдігіміз нығайып, тәуелсіздігіміз тұғырлы болатындығында.

Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ал осы ұлттық идеологиямыз әлсіз болса, барлық салаға өзінің теріс әсерін тигізері хақ [7].

1 МОНИТОРИНГ ӘДІСНАМАСЫ: ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАҚТАУ ӘДІСТЕРІНІҢ СИПАТЫ

Қазіргі уақытта білім беру кеңістігінде білім алушылардың академиялық білімен қатар, олардың тұлғалық қалыптасуына, әлеуметтік ортаға бейімделе алу қабілетіне және өзгермелі әлемде өмір сүруге дайындығына да назар аударылып жүр. Осыған байланысты білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру арқылы олардың мінез-құлықына, дағдыларына оң ықпал етуі де маңызды болып табылады.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Түркістан жерінде өткен II ұлттық құрылтайда «Әділетті Қазақстан – адал азамат» [8] атты сөйлеген сөзінде жастарды жаһанданудың қатерлі ықпалынан барынша сақтап, ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін шараларға баса мән беруіміз керектігіне, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу маңыздылығына аударған болатын. Бұл біртұтас тәрбие бағдарламасының да өзектілігін айқындай түсті.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап береді және жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеуге бағытталған бірі болып табылады. Алайда, осы Біртұтас тәрбие бағдарламасының тиімділігін және білім алушылардың тұлғалық дамуына, оқу процесіне нақты әсерін бағалау үшін жан-жақты талдау жүргізу қажет. Мұндай талдау Біртұтас тәрбие бағдарламасының пән мазмұны арқылы іске асырылуын, оның білім алушылардың жеке және әлеуметтік дамуына әсерін анықталу қажет. Бұл Біртұтас тәрбие бағдарламасының сәтті жүзеге асыруға ықпал ететін немесе кедергі келтіретін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылған іс-шаралар білім алушылардың мінез-құлқы мен ұстанымдарындағы нақты өзгерістермен қалай байланысты екенін түсіну маңызды. Сондықтан Біртұтас тәрбие бағдарламасы оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етуі үшін қандай жағдайлар қажет екенін зерделеуге назар аударылатын болады.

Ағымдағы жағдайдағы бірқатар проблемалар

- Жалпы оқу процесіне тәрбие іс-шараларының жеткіліксіз интеграциясы:

өңірлерде білім беру ұйымдарында оқу процесі мен тәрбие іс-шаралары арасында нақты байланыстың болмауы байқалады, бұл біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудың тиімділігін төмендетеді;

- Тәрбие жұмысы саласындағы педагогтерді даярлаудың төмен деңгейі:

педагогтердің арасында қазіргі заманғы тәрбие әдістерді мен тәсілдерін оқу-тәрбие процесіне енгізуде қиындықтарға тап болатыны кездеседі;

- Бағдарламаны іске асыру тәсілдеріндегі айырмашылық: әр түрлі мектептерде бағдарламаны іске асыру тәсілдері айтарлықтай өзгеруі мүмкін, бұл тәрбие жұмысының нәтижелерінің біртектілігіне әкеледі және бағдарламаның бүкіл ел бойынша тиімділігін төмендетеді;

- Нәтижелерді бақылау және бағалау мәселелері: тәрбие жұмысының нәтижелерін бақылау мен бағалаудың нақты жүйесінің болмауы табысты тәжірибелерді анықтауды және проблемалық аспектілерді түзетуді қиындатады.

Аналитикалық есептің мақсаты

Орта білім беру ұйымдарында біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мониторингінің нәтижелерін жан-жақты талдау. Есеп бағдарламаны іске асырудың тиімділік деңгейін анықтап, негізгі жетістіктерді анықтап, іске асыру процесінде туындайтын проблемалар мен кедергілерді анықтайды. Алынған мәліметтер негізінде есеп білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру үшін ұсыныстар қалыптастырады.

Аналитикалық есептің міндеттері

- *Бағдарламаны іске асыруды талдау:* «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде жоспарланған іс-шаралардың орындалуын талдауды қоса алғанда, білім беру ұйымдарында бағдарламаның қаншалықты толық және сапалы іске асырылғанын бағалау;

- *Тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау:* бағдарламаны іске асыру Білім алушылардың жеке және әлеуметтік қасиеттерінің дамуына, сондай-ақ білім беру ұйымдарындағы жалпы білім беру ортасына қалай әсер еткенін анықтау;

- *Мәселелер мен кедергілерді анықтау:* бағдарламаны жүзеге асыру кезінде

білім беру ұйымдарының алдында тұрған негізгі қиындықтар мен проблемаларды анықтау және оларды шешудің мүмкін жолдарын ұсыну;

- *Үздік тәжірибелерді анықтау:* бағдарламаны жүзеге асырудағы үздік тәжірибелер мен тәсілдерді бағалау, оларды барлық білім беру ұйымдарына тәжірибе алмасу үшін таратуды ұсынуға болады;

- *Ұсынымдар әзірлеу:* алынған деректерді талдау негізінде Біртұтас тәрбие

бағдарламасын одан әрі жетілдіру және оны білім беру ұйымдарында іске асыру үшін ұсынымдар дайындау.

Зерттеу объектісі: Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырып жатқан орта білім беру ұйымдары.

Зерттеу пәні: орта білім беру ұйымдарында Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру процесі.

Зерттеу шеңберінде бағдарламаны енгізу тетіктері, тәрбие жұмысының әдістері мен тәжірибесі, білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуындағы өзгерістер, сондай-ақ тәрбие мақсаттарының оқу және оқудан тыс процестерге интеграциялану дәрежесі қаралатын болады. Бағдарламаның

оқушыларда қажетті қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыруға, сондай-ақ мектеп жүйесінің өзгерістерге бейімделу және тәрбие міндеттерін тиімді іске асыру қабілетіне әсерін бағалауға ерекше назар аударылатын болады.

Аналитикалық есептің өзектілігі

Аналитикалық есеп өзекті, өйткені ол білім алушылардың бойында негізгі рухани-адамгершілік құндылықтар мен азаматтық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудың барысы мен нәтижелері туралы маңызды ақпарат береді.

Білім беру жүйесінің тез өзгеретін жағдайлары мен қиындықтарын ескере отырып, мұндай мониторинг проблемаларды уақтылы анықтауға және тәрбие жұмысының бағытын түзетуге мүмкіндік береді, бұл тиімді білім беру ортасын құруға және білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Есеп білім беру ұйымдарындағы тәрбие жүйесін жетілдіруге бағытталған жекелеген білім беру ұйымдары деңгейінде де, мемлекеттік деңгейде де негізделген шешімдер қабылдау үшін маңызды құрал ретінде қызмет етеді.

Аналитикалық есеп әдіснамасы

- Бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін педагогтер, білім алушылар және ата-аналар арасында жүргізілген сауалнамалардың нәтижесін ұсыну.

- Бағдарламаны іске асырудағы проблемалар мен озық тәжірибелерді анықтау үшін білім беру ұйымдарының басшыларымен сұхбат жүргізу.

- Тәрбие жұмысының жоспарларын және оларды орындау жөніндегі ақпарат және іс-шаралардың жүзеге асырылуын талдау.

- Тәрбие іс-шараларының өткізілуі және олардың бағдарлама мақсаттарына сәйкестігі.

Деректерді талдау:

- Жалпы тенденциялар мен проблемалық аймақтарды анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау.

- Әр түрлі мектептерде бағдарламаны жүзеге асырудың ерекшеліктерін терең түсіну үшін сұхбат пен есеп беру құжаттамасын сапалы талдау.

- Бағдарламаны іске асыру тәсілдері мен нәтижелеріндегі айырмашылықтарды анықтау үшін білім беру ұйымдары арасындағы салыстырмалы талдау.

Проблемалар мен озық тәжірибелерді анықтау:

- Бағдарламаны жүзеге асыру кезінде мектептер жиі кездесетін проблемалар мен кедергілерді анықтау.

- Білім беру ұйымдарына ұсынылуы мүмкін озық тәжірибелерді анықтау.

Ұсыныстар әзірлеу:

- Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудың тиімділігін арттыру үшін практикалық ұсыныстарды тұжырымдау.

- Мектептерді әдістемелік және ресурстық қолдауды жақсарту бойынша білім беруді басқару органдарына ұсыныстар дайындау.

Күтілетін нәтижесі

Ағымдағы жағдайды кешенді түсіну: есеп анықталған проблемалар мен

озық тәжірибелерді қоса алғанда, білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жай-күйі туралы толық түсінік береді;

Жақсартуға арналған нақты ұсыныстар: деректерді талдау негізінде анықталған проблемаларды жою және жекелеген мектептер мен жалпы білім беру жүйесі деңгейінде бағдарламаны жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдалады;

Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру: ұсынылған ұсынымдарды енгізу білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал ете отырып, білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді;

Әдістемелік қолдау қажеттілігінің негіздемесі: есеп әдістемелік қолдауды одан әрі жақсарту және педагогтердің біліктілігін арттыру үшін негіз болады, бұл білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын тиімдірек іске асыруға әкеледі.

Ғылыми болжам: Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтардың пән мазмұнына және сыныптан тыс әрекеттерге интеграциялануы және педагогтердің бағдарламаға оң көзқарасы мен ата-аналардың қолдауы Біртұтас тәрбие бағдарламасының тиімді іске асырылуына ықпал етеді.

Зерттеу әдістері:

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін және ұсынылған болжамды тексеру үшін аналитикалық, эмпирикалық, кейс-стади, статистикалық, сараптамалық бағалау әдістері қолданылады.

- аналитикалық әдіс: Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудың теориялық негіздері мен практикалық тәсілдерін анықтау үшін ғылыми әдебиеттерді, нормативтік құжаттарды, оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды зерделеу;

- эмпирикалық әдістер: оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасында бағдарламаны енгізу процесі мен тиімділігі туралы алғашқы ақпаратты жинау үшін бақылау, сауалнама, сұхбат жүргізуді әзірлеу;

- салыстырмалы талдау: Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді тәжірибелері мен шарттарын анықтау үшін әртүрлі оқу орындарында немесе сыныптарда алынған нәтижелерді салыстыру;

- кейс-стади әдісі (жағдайларды талдау): Біртұтас тәрбие бағдарламасы айтарлықтай нәтижелермен жүзеге асырылған жекелеген мысалдарды (мектептер, сыныптар, оқу топтары) егжей-тегжейлі зерттеу;

- статистикалық әдіс: математикалық және статистикалық процедураларды қолдана отырып, эмпирикалық зерттеулер барысында алынған сандық деректерді өңдеу және талдау;

- сараптамалық бағалау әдісі: білім беру және тәрбие саласындағы мамандардан Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудың және оның тиімділігінің негізгі аспектілері бойынша пікірлерін жинақтау.

Осы зерттеудің нәтижелері білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын терең түсінуге, тәрбиедегі тиімді әдістер мен тәсілдерді анықтауға, сондай-ақ Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбие шараларын оңтайландыру

және жетілдіру үшін ұсыныстарды қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Зерттеу географиясы: Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Абай, Алматы, Түркістан, Ұлытау, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жетісу, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қызылорда, Қостанай, Жамбыл облыстары.

Зерттеуге қатысушылардың географиялық аймақтар бойынша таңдау ерекшелігі:

1. Қазақстан географиялық жағынан бес аймаққа бөлінеді: Шығыс, Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, Орталық. Әкімшілік бөлінісі бойынша Қазақстан 20 өңірге бөлінеді, бұл 17 облыс және Республикалық маңызы бар үш қала: Астана, Алматы және Шымкент.

2. Зерттеуге қатысу үшін елдің географиялық және әкімшілік бөлінісін ескере отырып, аймақтар таңдалды. Шығыс өңірде – Абай облысы, Батыс өңірде – Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстары; Оңтүстік өңірде – Түркістан, Алматы, Жетісу облысы; Солтүстік өңірден зерттеуге Астанаға жақын орналасқан Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары; Орталық өңірде Қарағанды, Ұлытау облысы таңдалды. Сондай-ақ, зерттеуге Астана мен Шымкент, Алматы мегаполистері кіреді.

3. Барлық мектептердің іріктемеге түсу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін Ұлттық білім беру дерекқорындағы мектептердің бар тізімінен кездейсоқ іріктеу принципі қолданылды. Әрі қарай, кездейсоқ сандар генераторының көмегімен білім беру ұйымдарының әр санатының тізімі бойынша зерттеуге қатысу үшін мектептер таңдалды. Барлығы 20 өңір білім беру ұйымдары іріктелді.

Зерттеуге респонденттерді іріктеу: сауалнамаға еліміздің барлық өңірінен жалпы 150 000 мың педагог (оның ішінде 50 000 пән мұғалімі, 90 000 сынып жетекші, 10 000 мектеп директоры және мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары) және 100 000 ата-ана тартылады.

Зерттеу жұмысына педагогтер, ата-аналар тартылады. Себебі педагогтер/сынып жетекшілер Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі орындаушылары. Олар бағдарламада көзделген құндылықтардың тәрбие мақсаты мен міндеттерін, кешенді бағдарламада көзделген шараларды, әлеуметтік жобаларды және басқада іс-шараларды іске асыра отырып, білім алушылармен тікелей бірлесіп әрекет етеді. Педагогтердің тәрбие жұмысының тиімділігі адалдық, ар-намыс, еңбексүйгіштік, ар-ождан, сондай-ақ ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар сияқты білім алушылардың бойында қажетті жеке қасиеттердің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сол себепті педагогтер/сынып жетекшілер Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруда қандай қиындықтар бар екендігін және оны қалай жетілдіруге болатындығын практик мамандар ретінде ненің маңызды екендігін, қандай тұстарын жетілдіру керектігін жақсы түсінеді. Бұл бағдарламаның күшті және әлсіз тұстарын анықтап, жаңа оқу жылында мақсатты түрде түзетулер мен толықтырулар енгізуге мүмкіндік береді.

Ата-аналар тәрбие процесінде негізгі рөл атқарады, өйткені олар баланың

әлеуметтенуіне және мектеп ортасынан тыс дамуына айтарлықтай үлес қосады. Олардың Біртұтас тәрбие бағдарламасын бағалауға қатысуы мектептегі ата-аналардың күш-жігерін отбасындағы тәрбиемен қалай үйлесетіні туралы ақпарат алуды қамтамасыз етеді. Ата-аналар балалардың мінез-құлқында құндылықтардың қалай көрініс табатыны туралы құнды түсініктер бере алады. Ал, бұл өз кезегінде бағдарламаның білім алушыларға нақты әсерін анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, ата-аналардың бағдарламаны жақсартуды бағалау және әзірлеу процесіне тартылуы мектеп пен отбасы арасындағы серіктестікті нығайтуға ықпал етеді, әрі баланың дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Педагогтер мен ата-аналардың Біртұтас тәрбие бағдарламасын бағалауға белсенді қатысуының артықшылығы – мектеп пен отбасы арасындағы сабақтастықта ескеретін тәрбиеге кешенді көзқарас мүмкіндігі. Педагогтер бағдарламаны оқу ортасында жүзеге асыру және оның білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға әсері туралы кері байланыс бере алады, ал ата-аналар үйдегі балалардың мінез-құлқы мен құндылық өзгерістері туралы маңызды ақпарат береді. Бұл бағдарламаны білім алушылардың қажеттіліктеріне дәл бейімдеуге мүмкіндік береді және баланың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосар үлесі зор болады.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері

Қазіргі білім беру және тәрбиелеу жүйесі әлемдегі технология, экономика және әлеуметтік салаларындағы қарқынды өзгерістер арқылы сипатталатын жаңа шындыққа бейімделу қажет. Білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі тенденциялар білім алушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған күш-жігерін өзектендірді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев әр сөйлеген сөзінде ұрпақ тәрбиесіне аса мән береді. 2023 жылы киелі Түркістан топырағында өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударды. «Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек. Бүгінгі интернет дәуірінде бұл оңай шаруа емес. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі» [8], - деген болатын.

Қазіргі кезеңде балалар мен жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық, әлімжеттік, құқық бұзушылық фактілерінің жиі орын алуы бұқаралық-ақпараттық құралдарында, әлеуметтік желілерде жиі айтылып жүр. Балаларға қатысты қатыгездікпен зорлық-зомбылықтың және кәмелет жасына толмаған балалар арасында құқық бұзушылық санының да өскендігі де жасырын емес. 2023 жылдың бастапқы үш айының деректері бойынша балаға қатысты құқық бұзушылықтар 10,9%-ға өссе, кәмелет жасына толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың 16,6%-ға өскендігі айтылады. Бұл

балалар мен жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін жетілдіруді талап етеді [2].

«Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасында қазақстандық жастардың құндылық бағдары айқындалған. Қазақстандық жастар келесідей құндылықтарға, яғни отбасы (83,3%), денсаулық (64,2%), достық (40,7%), материалдық жағынан қамтамасыз етілген өмір (39,3%), қызық жұмыс, мамандық (19,6%), оқу, білім (19,5%) құраған. Сауалнамаға қатысқандар қаланың 79,9% жастары, ауылдың 85% жастары жүйелі спортпен шұғылдануды қолдайтындықтарын атайды. Жастардың басым көпшілігінің спортқа бет бұруы, олардың салауатты өмір салтын ұстанатындығын көрсетеді. Дегенменде балалар мен жасөспірімдер арасында вейп тарту проблемасы бар, дереккөзіне сүйенсек 11-15 жас ұл бала – 14,7%; қыз бала – 6% вейп тартып көргенін айтқан. Сауалнама жасөспірімдер мен жастар бос уақытын өткізу үшін әлеуметтік желілердегі видеоконтентті таңдайтынын 69,4% қала, 76,3% ауыл жастары көрсетсе, кітап оқымайтындықтары туралы қала жастарының 38%, ауыл жастарының 43,6% атаған. Бұл жасөспірімдер мен жастар арасындағы отбасы, денсаулық құндылығының жоғары екендігін көрсеткенмен балалардың салауатты өмір салтын ұстану, бос уақытты дұрыс ұйымдастыру мен кітап оқу арқылы рухани дүниесін кеңейту қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен қатар, қазақстандық мектеп оқушыларының 3%-ы энергетикалық сусындарды ішетіндігін, 13 жастағы балалардың 9,8%-ы, 15 жастағы балалардың 19,6%-ы вейпті тұтынып көргендігін, ал 7%-ы алкогольдік ішімдікті ішіп көргендігін мектеп жасындағы балалардың денсаулығына қатынасы (HBSC, 2022) туралы зерттеу нәтижелерінде айтылады. Бұл әрине, ең алдымен бала денсаулығына үлкен қатер туғызуымен қатар, балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктерінің әлсіздігін, зиянды әрекеттерге жуық болып, жүгенсіздікке жол беру қауіпін тудырады.

Сондықтан аталған проблемаларды шұғыл шешіп, өскелең ұрпақ тәрбиесіне қатысты іс-шараларды қолға алу кезек күттіруге болмайтын маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, тәрбие – адам тағдырын шешетін, ұлттың болашағын айқындайтын ұлы іс. Сондықтан да биылғы оқу-жылында Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие жұмысын іске асыру қолға алынды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде «Талап», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтарын дәріптеу көзделеді. Құндылықтар – адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына, көзқарастарына ықпал етіп, іс-әрекетін анықтайды. Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Ол туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, өнері, күйлері, жырлары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ұлттың болмысын, психологиялық өзіндік ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді. Сол себепті де қазіргі балалар мен жасөспірімдер тәрбиесі ұлттық идеямен сусындап, қазіргі заманауи білімдермен интеграциялануы қажет.

Келген келген тәрбие нәтижелі болуы үшін өлшенетін болуы тиіс. Яғни «Тәрбие деп нені айтамыз?», «Баланың мінез-құлық үлгілері арқылы тәрбиені

өлшей аламыз ба?» деген сауалдарға жауап беру қажет.

Жалпы, тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ол адамның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтамасыз етеді, жанын мейірімділікпен қуаттандырып, ізгілікке бағыттайды.

Тәрбие мәселесі Алып Ер Тоңғаның «Ақи немесе жомарттық», әл-Фарабидің парасатты адам, Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік», Яссауидің хәл туралы, Абай Құнанбаевтың «Толық адам», Шәкәрім Құдайбердіұлының

«Ар-ұждан» ілімдерінде және басқа да қазақ халқының ағартушыларының еңбектерінде үздіксіз жалғасып келді.

Тәрбие көріністері қазақ халқының салт-дәстүрімен және ауыз әдебиетімен қатар тұрмыс тіршілігінде көрініс тапты.

Ұрпақ бойындағы маңызды адами қасиеттер ақын-жыраулардың толғауларының өзегі болған. Мысалы, қазақ хандығының құрылуы кезеңінде ел іргесі берік болуы үшін ұрпақ тәрбиесіне аса мән берілген. Асан Қайғы, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау және басқалары өлең-жырларында қазақтың бақытты болашағын армандап, оған жетуге негіз болатын адами құнды қасиеттерді бала бойында тәрбиелеудің маңызын жырлады. Олар мақтан сүйерлік пен пайдақорлық адамзаттың қас жауы, ал шыншылдық, қанағатшылдық, сабырлық, мейірімділік, таза ой адамның маңызды қасиеттері екендігіне ерекше назар аударған.

Қазақ елінің әрі қарай нығайып, дамуы үшін ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды мәселелерді Бұқар жырау, Ақтамберді жырау, Шал ақын жырларынан көруге болады. Сол кезеңдегі ақын-жыраулар елдің тұтастығын сақтау әр адамның азаматтық борышы идеясын басты орынға шығарды.

Ұрпақ тәрбиесіне қатысты аталған идеялар Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Алаш зиялыларының педагогикалық мұраларында үйлесімді жалғасын тапты.

Ахмет Байтұрсынов [9] өз заманында білім елдің алға жылжуына, дамуына негіз екенін жақсы түсініп, оны халыққа жеткізуді басты мақсат етті. Ол жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейтіндігін және адам үшін ең қымбаттысы халықтың қамын ойлау болса, ал басқадан кем болмас үшін үш керекті бөліп көрсетті, яғни білімді болу үшін – оқу, кәсіп және күшті болу үшін бірлік керек екендігіне басымдық берді.

Міржақып Дулатовтың [10] педагогикалық мұраларында жастарға берілетін білім өз ұлтының тұрмысына һәм табиғатына үйлесімді болуының маңызды екендігі анық көрсетілген. Ол жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңіп, ана тілін анық үйреніп, керектісін алып шығатындай болғанда ғана, балалар қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайтындығын дәріптеген.

Жүсіпбек Аймауытов [11] «Тәрбиеге жетекші» еңбегінде: «Тәрбие – адамның талабын, амалын түзу бағытқа, ретке салып, адам баласының арасындағы қатынасын жөндеу мен шындықты, ізгілікті, көркемдікті өмір жүзінде іске асыруға адамды жетелейді», – делінген.

Мағжан Жұмабаев [12] балаға берілетін тәрбие – ұлт тәрбиесі болуы тиіс

дей келе, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиеленуі керек дегенді айтады.

Тәуелсіздік жылдары қазақ халқының ауызша тарихын жазып, ұлт, ел ретіндегі төлтума даралығымызды сақтаудың, тектілікті маңызына еңбектерін арнаған Ақселеу Сейдімбеков те бала тәрбиесі ұлттың өзіндік ерекшелігіне негізделуін, бірақ олардың бұйығы болып өспеуі керектігін

Қ.Жарықбаев халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы – халықтың рухани мұрасы деп көрсетеді. Бұл идея Ө.Озғанбай, С.Қалиев, Ж.Ж.Наурызбай т.б. еңбектерінде жалғасын табады.

Жалпы, ұрпақ тәрбиесі сонау ерте заманнан бастау алып, қазіргі кезеңге дейін жалғасып келеді. Адамзаттың арманы әділетті қоғам орнату. Ғасырлар бойы қоғамды осы арман жетелеп келеді. Заман қалай өзгерсе де ұрпақ тәрбиесінде өзгермейтін ұстанымдар қалады [13].

Жаңа технологиялар мен әдістердің тәжірибеге қарқынды енуі қарамастан, тәрбие процесінің қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келуін және тез өзгеретін әлемге тиімді бейімделе алатын тұлғаның қалыптасуына ықпал етуін қалай қамтамасыз ету маңызды болмақ.

Ұрпақ тәрбиесінде қазақстандағы киелі жерлер, ата тарих, баһадүр бабалар, шежірелі эпос – ұрпаққа ұдайы күш беретін энергияның қуатты көзі. Сол себепті ұрпақ тәрбиесі ұлттық құндылықтарға негізделуі маңызды. Әл-Фарабиден басталған ұрпақ тәрбиесі адалдық, ар-ұждан, намыс, бауырмалдық, еңбекқорлық пен білімге құмарлық, тіл мен ділдің үстемдігін түсіну, ел мен жердің тұтастығын сақтау, Отанын, туған жерін сүю, ұрпақтан ұрпаққа жеткен тарихи мұраларды, мәдениетті құрметтеп, отбасының құндылығын бойына сіңіру сынды құнды қасиеттер маңызды болып қала бермек. Адамзаттың арманы әділетті қоғам орнату және бақытты ғұмыр кешу. Ғасырлар бойы қоғамды осы арман жетелеп келеді, талай зұлмат жылдарынан аман қалуға тіреу болды. Тәуелсіз ел болу жолында жандарын қиды. Сол себепті заман қалай өзгерсе де ұрпақ тәрбиесінде өзгермейтін ұстанымдар, құндылықтар қалады. Ал, ананы ардақтау, үлкенді құрметтеу, татулық пен мейірімділік, адалдық пен әділдік қасиеттері елдік пен қуатты қоғамға күш беретін әрі «Әділетті Қазақстанның» келбетін құрайтын адал азаматтардың бойындағы асыл қасиеттер ретінде қала бермек.

Зерттеу дегеніміз не және ол не үшін қажет?

Зерттеудің әдіснамалық негіздерін түсіну үшін ең алдымен зерттеу ұғымының мәнін ашу қажет. Зерттеу жұмысы болашаққа қажетті жағдайларға қол жеткізу мақсатында жүргізілетін ізденіс жұмысы. Біздің жағдайымызда зерттеу демек, Біртұтас тәрбие бағдарламасы қалай жүзеге асырылып жатқандығын зерделеп, алдағы уақытта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын күшейту үшін қандай жағдайлар қажеттігін анықтауға бағытталады.

1-кесте. Зерттеу ұғымы туралы ғалымдардың берген анықтамалары

№	Автор	Анықтама
1	Таубаева Ш.	Ғылыми зерттеу – таным іс-әрекетінің бір түрі және

		жаңа ғылыми білім құру үдерісі. Ол шынайылығы, дәлелдігі, нақтылығы жағынан сипатталады. Ғылыми ізденістің тиімділігі көбінесе зерттеу ізденісінің кезеңдері мен дұрыс нәтижеге жеткізетін оның нақты қадамдарына, яғни зерттеу логикасына байланысты [17].
2	Ким Н.П. Тулкинбаева Н.А.	Ғылыми зерттеу – бұл объектіні, процесті немесе құбылысты, олардың құрылымы мен байланыстарын жан-жақты зерттеуге, сондай-ақ адам үшін пайдалы нәтижелерді алуға және тәжірибеге енгізуге бағытталған қызмет [14].
3	Абдигалиева Т.Б	Ғылыми зерттеу – бұл нысанды (объектіні), процесті немесе құбылысты, олардың құрылымы мен байланыстарын жан-жақты зерттеуге, сондай-ақ адам үшін пайдалы нәтижелерді алуға және практикаға енгізуге бағытталған қызмет.

1-кестенің жалғасы

		Оның нысаны – материалдық немесе идеалды жүйелер, ал пәні – жүйенің құрылымы сондай-ақ, оның элементтерінің өзара әрекеттесуі, әртүрлі қасиеттері мен даму заңдылықтары және т.б. болып табылады [15].
4	Болтаева Ә.М.	Ғылыми зерттеу – тәжірибеде бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми болжамдарды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс болып саналады [16].
5	Зора Нил Херстон (Zora Neale Hursto	Зерттеу – ресімделген әуесқойлық. Ол әлденені мақсатты түрде тергеп, тексеруге ұмтылады [18].
6	Оксфорд ағылшын тілі сөздігі	Зерттеу– фактілерді анықтап, жаңа қорытындыға келу үшін материалдар мен дереккөздерді жүйелі түрде оқып, тұжырым жасау [18].
7	О’Лири Зина	Зерттеу – мәселені шешу құралы. Орынды, саналы шешім қабылдау кезінде зерттеу басты құрал бола алады. «Не істеуіміз керек, не істей аламыз, оны қалай істейміз және қаншалықты жақсы істедік?» деген сұрақтарға жауап іздегенде зерттеу көмекке келеді [18]. Жақсы зерттеу – ойлы адамның ойыны. Ол – әр кез бағалаудың, қайта бағалау мен шүбәсіз ақпарат алудың ықтимал әдістері туралы шешім қабылдауды, қажет талдау жасауды, сенім тудыратын қорытынды шығаруды қамтитын шығармашылық және стратегиялық процесс.

Әдіснама – ғылыми таным мен ақиқаттық құрылымдарды жасау әдістері, формалары, қағидалары туралы ілім (Болтаева Ә.М.). Ол ғылымның әр түрлі

салаларында құрылымы, логика, ұйымдастыру, әдістері мен қызмет құралдары, оның теориясы мен практикасы туралы ілім. Әдіснама – білім негіздері туралы ілім ретінде зерттеушінің ғылыми білім үрдісіне негізделген философиялық, идеологиялық ұстанымдарын талдайды және бағалайды.

Әдіснама - ғылыми-зерттеу әдістері мен техникасын зерттеу ретінде – зерттеу жалпы бағытын құрайтын білім нақты әдістерін маңызды сипаттамаларын қарастырады. Ондай әдістер теориялық және эмпирикалық зерттеу кезеңдерінде тәсілдері мен әдістерін қамтуы тиіс.

Әдіснамалық талдау деңгейі – бұл зерттеу немесе жоба жүргізу барысында қолданылатын әдістер мен тәсілдерді жан-жақты талдау және бағалау процесі. Ол, әдетте, бірнеше деңгейде жүзеге асырылады. Әр деңгей зерттеудің әр түрлі аспектілеріне назар аударады. Әдіснамалық талдау деңгейлері төмендегідей бөлінеді:

2. *Ғылыми деңгей.* Бұл деңгейде жалпы ғылыми әдістер мен тәсілдер анықталады: индукция, дедукция, талдау, синтез, модельдеу, аналогия және т.б.

Мақсат: Ғылыми зерттеу жүргізу үшін жалпыға ортақ ғылыми әдістерді қолдану.

3. *Пәндік деңгей.* Бұл деңгей зерттеудің нақты пәндік саласындағы әдістерді қамтиды. Бұл салаға сәйкес арнайы әдістер мен тәсілдер пайдаланылады. Мысалы, педагогикалық зерттеулерде сауалнама, тестілеу, бақылау, эксперимент әдістері қолданылуы мүмкін.

Мақсат: Зерттеудің пәндік саласына тән арнайы әдістерді қолдану.

4. *Эмпирикалық деңгей.* Бұл деңгейде зерттеу немесе практикалық іс-шаралар нақты әдіснамалық құралдар мен технологияларға сүйенеді. Зерттеу процесінде қандай әдістер, құралдар, техникалар пайдаланылатынын анықтайды: эксперименттер, сауалнама жүргізу, деректерді жинау және өңдеу.

Мақсат: Теориялық мәліметтерді практика жүзінде тексеру және нақты нәтижелер алу.

5. *Әдістемелік деңгей.* Бұл деңгейде зерттеу барысында қолданылатын нақты әдістемелерді таңдау жүзеге асырылады. Зерттеу қалай жүргізіледі, қандай қадамдар жасалады, қандай деректер жиналады және қалай өңделеді.

Мақсат: Зерттеуді жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастыру.

6. *Практикалық деңгей.* Бұл деңгейде зерттеу нәтижелері практикалық іске асырылады. Теориялық нәтижелер нақты жағдайларда, тәжірибеде тексеріледі немесе қолдану ұсынылады. Мысалы, білім беру жүйесіндегі өзгерістерді енгізу немесе оқыту әдістемелерін жетілдіру.

Мақсат: Зерттеу нәтижелерін нақты іс-әрекетте қолдану.

Әдіснамалық талдау осы деңгейлер арқылы жүйелі түрде қарастырылып, зерттеу процесін тереңдетуге, оның негіздемесін және қолдану тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы әдіснама – түрлі зерттеу мектептері заңдастырған, нақты парадигмалық жорамалдарға қатысты талқылау принциптерін ұсынатын, ауқымды, бәрін қамтитын макродеңгейдегі құрылым (О’Лири Зина) ретінде анықталған. Әдіснама зерттеу жүргізуге қажет стратегияны ұсынып, жұмысты

негіздеуге көмектеседі. Бұған ғылыми әдіс, этнография және практикалық зерттеу жұмыстары мысал бола алады.

Зерттеу жұмысын нәтижеге бағдарлау алгоритмі – бұл зерттеу процесінің әрбір кезеңінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған жүйелі қадамдар жиынтығы. Мұндай алгоритм зерттеудің мақсатты және тиімді жүргізілуіне, сондай-ақ, алынған нәтижелердің пайдалы болуына көмектеседі.

Нәтижеге бағдарланған зерттеу жұмысын жүргізудің алгоритмі:

1. Мақсатты анықтау және мәселені тұжырымдау

Қадам: Зерттеудің негізгі мақсатын нақты белгілеу. Бұл мақсат зерттеу барысында алынуы тиіс нәтижені айқындайды.

Нәтиже: Зерттеу мақсатына сәйкес анықталған мәселе және оған қатысты

гипотеза.

2. Зерттеудің объектісі мен пәнін айқындау

Қадам: Зерттеу объектісі мен пәнін анықтау. Бұл зерттелетін құбылыстар немесе үрдістерді нақтылай түседі.

Нәтиже: Нақты және анық зерттеу объектісі мен пәні белгіленеді.

3. Әдіснаманы таңдау

Қадам: Зерттеу әдістері мен тәсілдерін таңдау. Әдістер зерттеу мақсатына және пәніне сәйкес болуы тиіс.

Нәтиже: Ғылыми әдістерді қолдану арқылы дәл және сенімді мәліметтер алу

мүмкіндігі.

4. Деректерді жинау

Қадам: Деректер жинаудың жүйелі тәсілін қолдану (бақылау, сауалнама, тестілеу, эксперимент және т.б.).

Нәтиже: Зерттеудің негізгі базасын құрайтын толық және қажетті деректер

жинағы.

5. Деректерді талдау және өңдеу

Қадам: Жиналған деректерді талдау, статистикалық және сапалық өңдеу.

Нәтиже: Алынған деректердің талдау нәтижелері мен негізгі тенденциялар,

заңдылықтар анықталады.

6. Нәтижелерді интерпретациялау

Қадам: Талдау нәтижелерін зерттеу мақсатына сәйкес түсіндіру және интерпретациялау.

Нәтиже: Зерттеу нәтижелері нақты түрде сипатталып, олардың практикалық

маңызы анықталады.

7. Нәтижелерді верификациялау және тексеру

Қадам: Алынған нәтижелердің дұрыстығын басқа зерттеулермен салыстыру

немесе тәуелсіз сынақтар жүргізу арқылы тексеру.

Нәтиже: Нәтижелердің шынайылығы мен сенімділігі дәлелденеді.

8. *Қорытынды жасау және ұсыныстар беру*

Қадам: Зерттеу нәтижелеріне негізделген қорытынды жасау және алынған

нәтижелерді практикада қолдану бойынша ұсыныстар беру.

Нәтиже: Нақты ұсыныстар мен қорытындылар жасалады, оларды іс жүзінде

қолдану мүмкіндіктері қарастырылады.

Нәтижеге бағдарланған зерттеу жұмысында басты назар:

1. Мақсатты нақты қоюға;
2. Деректердің дұрыстығын қамтамасыз етуге;
3. Зерттеу нәтижелерін қолдану мүмкіндіктерін көрсетуге;
4. Практикалық ұсыныстарды негіздеуге бағытталады.

Бұл алгоритм зерттеу жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыруға, әр кезеңде нақты нәтижелерге қол жеткізуге және зерттеу сапасын арттыруға көмектеседі.

Зерттеу жұмысының пайдасы (О'Лири Зина):

1. Нақты мәселелер мен проблемалардың не екенін елеп-екшеп береді. Барлық күрделі, тосын мәселелер мен оның салдарын талдап-таразылайды.

2. Тиімді шешім табады. Болашақты болжайды, мүмкіндіктерді байқайды.

3. Сол шешіммен жұмыс істейді. Нақты өзгерісті жүзеге асырады.

4. Нәтижені бағалайды. Проблеманы шешу/проблеманы өзгерту стратегиясы табысты болғанын немесе болмағанын елеп-екшейді.

5. Дұрыс ұсыныс береді. Қорытындыларға сүйеніп тәжірибеге, бағдарламаға ықпал ету үшін ұсыныстар жасайды.

Зерттеу жұмысы мақсатты жүйелі ұйымдастырылатын процес. Зерттеу жұмысын ұйымдастыру барысында зерттеушіге қойылатын бірқатар талаптар бар. Зерттеу жұмысында Әдеп кодексі басшылыққа алынуы маңызды. Сол себепті зерттеу жұмысын ұйымдастыруда Білім беру саласындағы зерттеушілерінің қазақстандық қоғамдастығы (KERA) мен Назарбаев университетінің Жоғары білім беру мектебі ғалымдарының бірлесіп әзірлеген Қазақстан білім беру зерттеушілерінің әдеп кодексі (KERA) [19], Оксфорд университетінің [20] зерттеу әдебінің этикасы (Research ethics policy), О'Лири Зина зерттеу жобасын жүргізу бойынша негізгі нұсқаулығы [18] басшылыққа алынды. Соған сәйкес зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен жүргізуде құрмет, жауапкершілік, әділдік, адалдық, кәсібилік принциптеріне сүйендік.

Зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жүргізу кезінде зерттеуші ұстанатын принциптер жүргізіліп жатқан зерттеулердің ғылыми сенімділігін, объективтілігін және этикалық дұрыстығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Сол себепті осы принциптер Біртұтас тәрбие бағдарламасын әзірлеуде маңызды деп танылды. Кестеде (2-кесте) зерттеушінің зерттеу жұмысында ұстанатын принциптеріне толығырақ тоқталдық.

2-кесте. Зерттеушінің зерттеу жұмысын ұйымдастыруда басшылыққа алатын принциптері

№	Зерттеушінің ұстанатын принциптері	Сипаттамасы
1	Құрмет	<ul style="list-style-type: none"> - Адамның жеке басына және оның зерттеуге саналы және ерікті қатысу мүмкіндігіне құрметпен қарау. Зерттеудің кез-келген кезеңінде зерттеу жұмысына қатысу немесе оны тоқтату еркіндігі респонденттің (қатысушының) өз еркінде екендігін дұрыс түсіну. - Зерттеуге қатысу үшін респонденттің келісімін алу, еген кәмелеттік жасқа толмаған респондент болса ата-анасының немесе заңды өкілінің келісімін алу; - Зерттеуге қатысушының жеке өміріне кіріспеу және оның көзқарасына, шешімдеріне қатысты өктемдік танытпау; - Зерттеуге қатысушының жауаптарына, көзқарасына баға бермеу. - Зерттеуге қатысушылар туралы құпиялылықты сақтау, зерттелуші ұсынған ақпараттың жасырын болуын қамтамасыз ету.
2	Жауапкершілік	<ul style="list-style-type: none"> - Зерттеу жұмысында туындауы ықтимал тәуекелдердің алдын алу; - Зерттеу жұмысының респонденттерге, білім беру ұйымдарына пайдалы болуын қамтамасыз ету; - Зерттеу жұмысы барысында қолданылатын әдістемелердің респонденттерге түсінікті болуын қадағалау; - Зерттеулерді жүргізу барысының ашықтығын қамтамасыз ету.
3	Әділдік	<ul style="list-style-type: none"> - Зерттеуге қатысушыларды зерттеу әдіснамасына сәйкес әділ таңдау; - Респонденттердің мүдделерін бір-бірінен жоғары қоймау; - Барлық респонденттерге теңдей қолайлы орта құру, зерттеу жұмысына жайлы орта қалыптастыру; - Зерттеу жұмысы барысында барлығына жайлы болатын ашықтық және ынтымақтастық атмосферасын құру.
4	Адалдық	<ul style="list-style-type: none"> - Зерттеуге қатысушыларға зерттеу мақсаты, құралдары туралы ашық, шынайы ақпарат ұсыну; - Зерттеуге қатысушылар мен зерттеу барысында қолданылатын дереккөз авторларының еңбегін құрметтеу; - Зерттеу дің әлсіз және күшті тұстарын ашық айту.
5	Кәсібилік	<ul style="list-style-type: none"> - Өзінің кәсіби біліктілігіне сәйкес келетін зерттеу жұмыстарына қатысу; - Қажет болғанда сол саладағы сарапшы мамандармен ақылдасу, кеңесіне жүгіну; - Зерттеушілік құзыреттілігіңізді ұдайы дамыту.

Осы принциптерді ұстану зерттеу жұмысының сапасы мен құндылығын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар ғылыми қоғамдастыққа деген сенімділікті арттыруға және қоғаммен қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етеді. Бұл сонымен қатар зерттеулердің білім беруді, саясатты және тәжірибені дамытудың сенімді негізі бола алатындығын қамтамасыз етеді. Аталған принциптер сақталмаған жағдайда немесе басқада фактілер орын алғанда жағдайда зерттеу әдебі бұзылады. Сол себепті зерттеу жұмысын ұйымдастыруда зерттеуді жүргізуші зерттеу әдебінің сақталуын ұдайы назарда ұстауы маңызды. Демек, қандай жағдайда зерттеу әдебі бұзылады?

Зерттеу әдебінің бұзылуы:

- зерттеу деректерін немесе нәтижелерін бұрмалау, қолдан жасау;
- дұрыс емес немесе жоқ ақпарат көздерін көрсету;
- зерттеу нәтижелеріне қарсы келетін деректерді жасыру;
- өзгенің еңбектерін, идеяларын иемдену, өзгенің авторлық құқығын бұзу,
- әріптестеріне өзінің жеке мүддесіне немесе жақтырмау салдарынан сынау, әдейі мін іздеу, әдейі төмендетіп пікір айту, өзгенің тұлғалық ерекшелігіне зиян келтіріп әрекет ету.

Зерттеу әдебінің бұзылуы

Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда келесі ережелерді басшылыққа алынды:

- Адамның жеке басына және оның зерттеуге саналы және ерікті қатысу мүмкіндігіне құрметпен қарау. Зерттеудің кез-келген кезеңінде зерттеу жұмысына қатысу немесе оны тоқтату еркіндігі респонденттің (қатысушының) өз еркінде екендігін дұрыс түсіну.

- Зерттеуге қатысу үшін респонденттің келісімін алу, еген кәмелеттік жасқа толмаған респондент болса ата-анасының немесе заңды өкілінің келісімін алу;

- Зерттеуге қатысушының жеке өміріне кіріспеу және оның көзқарасына, шешімдеріне қатысты өктемдік танытпау;

- Зерттеуге қатысушының жауаптарына, көзқарасына баға бермеу.

- Зерттеуге қатысушылар туралы құпиялылықты сақтау, зерттелуші ұсынған ақпараттың жасырын болуын қамтамасыз ету.

- Зерттеу жұмысында туындауы ықтимал тәуекелдердің алдын алу;

- Зерттеу жұмысының респонденттерге, білім беру ұйымдарына пайдалы болуын қамтамасыз ету;

- Зерттеу жұмысы барысында қолданылатын әдістемелердің респонденттерге түсінікті болуын қадағалау;

- Зерттеулерді жүргізу барысының ашықтығын қамтамасыз ету.

- Зерттеуге қатысушыларды зерттеу әдіснамасына сәйкес әділ таңдау;

- Респонденттердің мүдделерін бір-бірінен жоғары қоймау;

- Барлық респонденттерге теңдей қолайлы орта құру, зерттеу жұмысына жайлы орта қалыптастыру;

- Зерттеу жұмысы барысында барлығына жайлы болатын ашықтық және ынтымақтастық атмосферасын құру [18;19;20].

Аталған зерттеу әдебі Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуын зерттеу жұмысын ұйымдастыруда маңызды болып табылады. Себебі, Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуын зерделеу ол тексеру емес, ол тек осы бағдарлама шеңберінде қандай шаралар іске асырылды, ол білім алушылардың мінез-құлық әдебіне қаншалықты тиімді ықпал етті, келесі оқу жылында «Нені өзгерту қажет?», «Неліктен өзгерту қажет?» деген сауалдарға жауап береді. Сол себепті осы зерттеу шеңберінде жинақталатын деректер алдағы уақытта Біртұтас тәрбие бағдарламасы мазмұнын жетілдіру, толықтыру мақсатында ғана қолданылады, нәтижесінде ұсынымдар әзірленеді.

Неліктен зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде ұсынымдар әзірлеу маңызды?

Жүргізілген зерттеулерде ұсыныстар маңызды рөл атқарады, өйткені олар алынған нәтижелерге сүйене отырып, әрі қарайғы әрекеттерді бағыттайды. Демек, Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуын зерделеу жұмыстары бойынша берілген ұсыныстар әр түрлі практик мамандарға, атап айтсақ, білім беру ұйымдарының басшыларына, тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарларына, сынып жетекшілерге білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруға бағытталады.

Ұсынымдар қандай болуы мүмкін?

Нәтижелерді қолдану: ұсыныстар зерттеудің теориялық тұжырымдарын практикалық әрекеттерге аударуға көмектеседі. Олар алған білімдерін нақты мәселелерді шешу немесе ағымдағы тәжірибені жақсарту үшін қалай пайдалануға болатынын көрсетеді.

Болашақ зерттеулердің бағыты: ұсыныстар білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыруда және оны жүзеге асырудағы қиындықтарды анықтайтын және алдағы уақытта жаңа бағыттардың қажеттілігін көрсете алады және алдағы уақытта жүргізілетін зерттеулерге бағыт бере алады.

Тиімділік пен сапаны арттыру: білім беру контекстінде, мысалы, ұсыныстар тәрбие жұмысын ұйымдастыруда маңызды болып табылатын әдістемелерді жақсартуға немесе мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталуы мүмкін.

Тәжірибеге әсері: ұсыныстар зерттеу деректеріне негізделген шешімдерді ұсына отырып, тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруға бағытталған практикалық қалыптастыруға көмектеседі.

Ұсынымдарды қалай тұжырымдау керек?

Нәтижелерге сүйеніңіз: ұсыныстар зерттеу нәтижелерімен тығыз байланысты болуы керек. Олар зерттеуде ұсынылған мәліметтер мен талдауларға негізделуі керек.

Нақты және тәжірибеге бағдарлануы: ұсыныстар бойынша кім әрекет

ету керектігін және оның не істеу керектігін нақты көрсетіңіз. Жалпы және белгісіз сөздерден аулақ болыңыз.

Ұсыныстарға басымдық беріңіз: Егер ұсыныстар көп болса, оларды маңыздылығы немесе жеделдігі бойынша бағалаңыз. Бұл ең маңызды аспектілерге назар аударуға көмектеседі.

Ұсыныстарды негіздеу: нақты әрекеттердің нәтижесінен тиімді болатынын түсіндіріңіз. Ұсынылған әрекеттер мен қажетті нәтижелер арасындағы байланысты түсіндіріңіз.

Нақты шарттарды қарастырыңыз: Сіздің ұсыныстарыңыз тәжірибеде шынайы іске асырылатындай болуы керек.

Рәсімдеу: ұсынымдар зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде беріледі. Олар анық және оқырманға оңай қол жетімді болуын ескеріңіз.

Ұтымды ұсыныс жазу (О'Лири Зина):

Өз тәжірибемнен байқағаным, жеке тұлға немесе комитет біреудің жұмысы/болашағы туралы шешім қабылдау құқығына ие болғанда, олар сол билікті өз түсінігіне сәйкес пайдаланады. Зерттеу ұсынысын бағалау кезінде комитет мүшелері өздері қалаған жобаның қалаған уақытта орындалуына көңіл бөледі. Ұсыныс жазбақ болсаңыз, барынша тиянақты болып, нұсқаулықты бұлжытпай орындаңыз, мақсатыңыздан ауытқымаңыз және ұсыныстың бірнеше нұсқасын жазуға дайын болыңыз.

Ұсынылған әдістердің маңызын көрсету (О'Лири Зина):

Сарапшылар зерттеу сұрағы маңызды екеніне көз жеткізген соң, әдістерге ден қояды. Бұл жерде олар бірнеше жайтқа мән береді:

1. Ұсынылған әдістер түсінікті баяндалған ба? Бағалаушылар ұсынысыңызды айқын түсінбесе, оны қолдай қоюы екіталай.

2. Ұсынылған әдістер қисынды ма? Маңызы қандай, бағалаушылар ол әдістердің шынайы дерекке қол жеткізетініне сене ме?

3. Үміткер зерттеудің шекарасын белгілеп алды ма? Дерек жинау мен талдауда кез-десетін кедергілерді ескерді ме? Зерттеу жұмысын бағалап үйренгендер зерттеу-дің бәріне қойылатын шектеу бар екенін біледі. Оны мойындап, ешбір шектеуге қарамастан, әдістеріңіздің сенімді екенін дәлелдеңіз.

4. Ұсынылған әдістер этикаға сай ма? (этика жөніндегі ұсынысқа, әрине, айрықша назар аударады). Ұсыныста респонденттердің абыройына, хал-ахуалына психикалық және физикалық тұрғыда еш залал келмейтіні, жан-жақты қорғалатыны көрсетілуі керек.

5. Ұсынылған әдістер практикалық па/орындала ма? Әдістер қаншалықты қисынды әрі мұқият ойластырылған болса да, сарапшылар оның жүзеге асатынына сенбесе, ештеңе де шықпайды. Тәжірибеңіз бар екенін немесе оны дамыта алатыныңызды, қажет деректерді қолға түсіре алатыныңызды; белгіленген уақытқа үлгеретініңізді; бюджет шеңберінен шықпайтыныңызды дәлелдеңіз (уақыт кестесі мен бюджетті де қамту қажет). Әдістерге арналған бөлімде қолданған тәсіліңіздің тиімді, этикалық талап-тарға сай екеніне, соның арқасында сұрақтарға жауап алу қолыңыздан келетініне бәрін сендіруге тиіссіз.

Зерттеу жұмысын ұйымдастыру үшін зерттеу жұмысының принциптері, зерттеу этикасы анықталғаннан кейін зерттеу жұмысына қажетті дереккөздерге талдау жүргізіледі.

Неліктен біз зерттеуге қатысты дереккөздермен жұмыс жүргіземіз?

Дереккөздерін зерделеу зерттеу процесінің маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл кезең тақырыпты терең түсінуге ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар ағымдағы зерттеудің мәнмәтінін анықтайды, зерттеу объектісіне қатысты проблемаларды анықтауға және одан әрі зерттеу үшін болжамдарды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттермен жұмыс істеу келесідей міндеттерді жүзеге асыруға бағытталады: мақсат, дереккөз, басқару, шолу.

Әдебиетпен жұмыс істеудегі басты мақсат зерттеу тақырыбын дұрыс таңдауға, зерттеу бойынша сұрақ әзірлеуге, маңызын дәлелдеуге, әдебиеттерге сүйеніп негізгі теорияларды пайдалануға, зерттеу әдістерін дизайндау, басты дереккөздерін анықтауға бағытталады.

Әдебиетпен жұмыс істеуде дереккөздермен жұмыс істеу міндеті әдебиеттер түрлерін білуді, зерттеу шеңберіндегі басты сарапшыларға сүйенуді, зерттеу дағдысын жетілдіруді қажет етеді.

Әдебиетпен жұмыс істеуді басқару зерттеу тақырыбының өзектілігін нақтылауға, жиналған материалдардың, деректердің жүйелілігін қамтамасыз етуді және нақты сілтемелерді көрсетеді.

Әдебиетпен жұмыс істеуді шолу зерттеу жұмысына қатысты әдебиетті шолудың басты мақсатын түсінуді, оны зерттеу мәнмәтініне қатысты орынды қамтуды және оны мақсатқа сай жазуды қамтамасыз етеді [18 – Б.121].

Әдебиеттермен жұмыс істеу тәсілі:

1. Зерттеу мәселесіне қатысты ақпараттық базаны анықтау

Зерттеу мәселесі бойынша бастапқы талдау үшін қандай дереккөздер қолданылатынын анықтау. Бұл ғылыми мақалалар, кітаптар, ғылыми-зерттеу институттарының есептері, сондай-ақ электрондық ресурстар болуы мүмкін. Ақпараттың сенімді және өзекті болуы үшін өзекті және беделді дереккөздерді таңдау маңызды.

2. Зерттеу проблемасы тұрғысынан талдау тәсілдерін жүйелеу

Әдебиетті зерттеуді жүйелеу деректердің үлкен көлемін өңдеу үшін мазмұнды талдау немесе мета-талдау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Негізгі авторларды, ғылыми еңбектерді, жүргізілген зерттеулерді бөліп көрсете отырып, зерттелетін саладағы негізгі тенденцияларды, тәсілдер мен теорияларды ажыратуға мүмкіндік береді.

3. Сыни талдау

Әрбір зерттеуші оқуды талдауға сыни көзқараспен қарауы керек. Бұл зерттеулердің дұрыстығын, авторлардың дәлелдерін және сіздің жеке жұмысыңыз үшін зерттеулердің жалпы маңыздылығын бағалауды қамтиды. Жауап беру керек сұрақтарын әзірлеу, яғни зерттеу қаншалықты өзекті, қандай

әдістер қолданылды, тұжырымдар қаншалықты объективті деген сауалдарға жауаптар іздеуге бағытталады.

4. Зерттеу сұрақтарын тұжырымдау

Зерттелген әдебиеттер негізінде зерттеу сұрақтары мен болжамдар тұжырымдалады. Бұл зерттеу проблемасы ұрғысынан анықталған проблемаларға және одан әрі зерттеу үшін ықтимал бағыттарға негізделуі керек.

5. Библиографияны жобалау

Библиографиялық тізімді дұрыс жобалау тек академиялық адалдық мәселесі ғана емес, сонымен қатар зерттеу жұмысы үшін бастапқы дереккөздерді жүйелеуге, бірізділікті сақтауға ықпал етеді. Барлық дереккөздер таңдалған дәйексөз стиліне сәйкес жасалуы керек.

6. Дереккөздерді зерттеуге біріктіру

Әдебиеттерден алынған ақпарат зерттеу жұмысының теорияларды қолдайтын және зерттеу тақырыбының дамуына ықпал ететіндей біріктірілуі керек. Әдебиетті зерттеу өздігінен мақсат болмауы керек; ол зерттеу мақсаттарына жету құралы ретінде қызмет етуі керек.

Жалпы әдебиетті зерттеу кезеңі мұқият, жүйелі зерделеуді және сыни көзқарасты қажет етеді. Бұл барлық кейінгі зерттеу жұмыстарының негізі болып табылады, сондықтан оны орындауға ерекше назар аудару маңызды болып табылады.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде әдебиеттермен жұмыс істеу арқылы зерттеу жұмысының түйінді сөздеріне зерттеу проблемасы тұрғынан анықтама беріледі, зерттеу жұмысының дизайны әзірленеді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша әдебиеттермен жұмыс істеу алгоритмі ұсынылады.

Берілген алгоритмге сәйкес келесідей әдебиеттермен жұмыс істеуге ұсынылады:

- Тәрбиеге берілген анықтама материалдарымен жұмыс.
- Тәрбиеге қатысты монографиялар, антологиялар, зерттеу нәтижелері жарияланған кітаптарға, яғни ғылыми еңбектермен жұмыс.
- Тәрбие бойынша танымал, ғылыми журналдарға шолу жасау. «Тәрбие бойынша ғалымдар не туралы айтып жатыр?», «Әлемдік рейтингі жоғары ғылыми журналдарда, конференцияларда тәрбие туралы қандай мәселелер көтерілуде?» т.с.с. сұрақтар бойынша жарияланған мақалаларға талдау жасау.
- Ресми жарияланымдар, статистикалық деректер, мұрағаттармен жұмыс, яғни тәрбие туралы қандай нормативтік құжаттар бар екендігін, нормативтік құжаттарға сәйкес тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелеріне талдау жасау.
- Көмекші құралдармен жұмыс. Тәрбие бойынша энциклопедиялық сөздіктерге, анықтама материалдарына, дәйексөздерге талдау жасау.

Бұл әдебиеттермен жұмыс істеу арқылы проблемаларды анықтаудан бастап, тәрбие жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздемесін әзірлеуді жүйелеуге ықпал етеді, теориялық материалдарды іріктеуге негіз болады.

Керекті әдебиеттерге шолу жасалғаннан кейін тәрбие мәселесі бойынша теориялық, әдіснамалық тұрғыдан сүйенуге болатын сарапшыны анықтаңыз. Мысалы, біздің тәрбие бағдарламасын іске асыру жағдайында әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және басқада тәрбие мәселесі бойынша іргелі еңбек қалдырған авторларға сүйенеміз.

Келесі кезекте Біртұтас тәрбие бағдарламасының тиімділігін анықтау мақсатында, жалпы тәрбие жұмысының білім беру ұйымдарында ұйымдастыру ерекшелігіне байланысты зерттеу әдіснамасы әзірленеді.

Зерттеу әдіснамасы не үшін қажет?

Әдіснама – түрлі зерттеу мектептерін легитимді қылатын, нақты парадигмалық жорамал-дарға қатысты пайымдау принциптерін ұсынатын, ауқымды, бәрін қамтитын макродеңгейлі құрылым. Әдіснама зерттеу жүргізуге қажет стратегияны ұсынып, жұмысты негіздеуге көмектеседі [18].

Әдіснама деңгейінде жұмыс істеу ең алдымен қолданыстағы әдіснамалармен таныс болудан бастау алады. Сол үшін Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде әдіснаманы жүргізу проблеманы түсіну, орындалатын шешімдерді табу, шешім табуға бағытталған жұмыс істеу, жетістікті немесе сәтсіздікті бағалау қадамдарын іске асыру арқылы жүзеге асырылады [18].

3-кесте. Зерттеу әдіснамасын жүзеге асыру қадамдары

№	Қадамдар	Сипаты
1	Мәселені түсіну	Проблемалық жағдайды жақсы түсінуге бағытталған талпыныс қоғамдық көзқарастарға, пікірлерге және ішкі проблемалық жағдайдың түсініксіздігі мен күрделілігіне назар аудару. Мысалы, Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде іс-шаралардың тиімділігін анықтау десек, сауалнама әдісін қолдану арқылы жыл бойы немесе белгілі бір уақыт бөлігінде атқарылған іс-шаралардың санын, оған қатысқан білім алушылар мен басқада субъектілердің санын анықтау және атқарылған шараларға қатысушылардың көзқарасын анықтау, нені жетілдіру керектігі туралы анықтауға бағыттауға болады.
2	Тиісті шешімдер қабылдау	Қажеттіліктерді бағалау мен болашақты болжау; іс-шараларды, қызметтерді, ықтимал бағдарламаларды анықтау; өзгерту бойынша нақты бастамалардың мүмкіндіктерін зерделеу. Мысалы, бұл зерде зерттеуге қойылатын сұрақтар маңызды. Білім беру ұйымындағы оқушылардың қазіргі тәрбиелік қажеттіліктері қандай? Білім беру мекемелерінде тәрбие жұмысына қатысты қандай іс-шаралары тиімді?

		<p>Біртұтас тәрбие бағдарламасын енгізуге қандай негізгі кедергілер мен сын-қатерлер байланысты?</p> <p>Тәрбие жұмысында қандай әдістер мен тәсілдер оқушылардың бойында құндылықтарды дарытуға тиімді әсер етеді?</p>
3	Шешім табуға ұмтылу.	<p>Бұл жерде зерттеу мақсаты білім өндірумен шектелмейді, өзгеріс жасауды зерттеудің бір бөлігі ретінде қарастыратын жұмыстар туралы баяндалады. Әдетте өзгерістер тәжірибені жақсарту, жүйені ауыстыру немесе түбегейлі өзгеріске ұмтылу мақсатында жасалады.</p> <p>Мысалы: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылған іс-шаралар білім алушылардың мінез-құлқына әсер етті ме?</p> <p>Қандай әсері болды?</p> <p>Не өзгерді?</p> <p>Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдемесінде не өзгерді?</p> <p>Оны қалай байқауға болады?</p>
4	Өзгерісті бағалау	<p>Біртұтас тәрбие бағдарламасын білім беру ұйымдарына енгізгенде не өзгергендігін анықтау және Біртұтас тәрбие бағдарламасы алға қойған мақсатына жеткендігін анықтауға байланысты ұйымдастырылады.</p> <p>Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырғаннан кейін оқушылардың мінез-құлқы мен тәрбие шараларына қатысу деңгейінде қандай нақты өзгерістер тіркелді? Ата-аналар мен мүдделі органдармен бірлескен шаралар мектептегі қандай проблемалардың азаюына немесе көбеюіне ықпал етті?</p> <p>Біртұтас тәрбие бағдарламасы оқушылардың бойында қажетті құндылықтар мен құзыреттіліктерді қалыптастыруға қатысты өзінің бастапқы мақсаттарына қол жеткізді ме?</p>

Ұсынылған зерттеу әдіснамасының қадамдары Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылатын зерттеу жұмысына қажетті әдістер бойынша құралдарды таңдауда немесе сауалнама, сұхбат сұрақтарын әзірлеуге тірек болады.

Жалпы ойымызды түйіндей келе, Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде жүргізілетін зерттеу жұмысында әдебиеттермен жұмыс жүргізу арқылы тәрбиенің негізгі түйінді ұғымдарына анықтама мен тәрбиенің теориялық негіздері әзірленеді, қазіргі ағымдағы жағдайдағы проблемаларды анықтап, бар деректер мен пікірталастарды талдау арқылы зерттелетін мәселенің әлеуметтік және ғылыми маңыздылығын дәлелді түрде растауға мүмкіндік болады, зерттеулерде қолданылатын әдістерге шолу деректерді жинау және талдау үшін ең қолайлы тәсілдер мен құралдарды таңдауға

мүмкіндік береді.

Деректерді жинауға арналған құралдар

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды зерделеуді Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жүргізеді (бұдан әрі-Академия) ұйымдастырады.

4-кесте – Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуын зерделеуді ұйымдастыру құрылымы

Қатысушылар	Қызметтері
Академия	1) Үйлестіру және шешімдер қабылдау 2) Бастапқы деректерді жинау – онлайн-сауалнама, технологиялық карталарды, сабақтарды бақылау парақтарын, педагогтермен әңгімелесу хаттамаларын жинау. 3) нәтижелерді талдау, нәтижелерді жалпылау негізінде қорытындылар тұжырымдау, ұсынымдар әзірлеу
Әдістемелік кабинеттер	БДЖ – онлайн-сауалнама, технологиялық карталарды жинау, сынып сағаттарын, сыныптан тыс шараларды бақылау, педагогтермен әңгімелесу.
Білім беру ұйымдары	Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы туралы деректерді ұсыну, іске асыру барысы бойынша ұсынымдарын беру

Зерттеуге қатысушылардың өзара қарым-қатынастарының иерархиясы Біртұтас тәрбие бағдарламасы бағдарламасының іске асырылуын зерделеуге директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасардың сынып жетекшілерінің қызметі (бұдан әрі – респондент):

- онлайн-сауалнамаға, сұхбаттасуға, әңгімелесуге қатысады;
- технологиялық карталарды (ТК) толтырады;
- бастапқы деректердің дұрыс, шынайы болуына, уақытылы берілуіне қолдау көрсетеді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бағдарламасының іске асырылуын зерделеуге таңдалған білім беру ұйымдарына жетекшілік ететін директордың (бұдан әрі – директор) қызметтері:

- Білім беру ұйымы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуын зерделеу бойынша үйлестіруге қолдау көрсетеді;

- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының, сынып жетекшілердің жалпы педагогтердің онлайн-сауалнамадан өтуіне, әдіскерге ТК жиналуын және берілуін ұйымдастыруға қолдау көрсетеді (сауалнамадан өту респонденттің келісімімен, ерікті болуын назарда ұстаймыз);

- мектепте әдіскерлердің педагогтермен кездесуі кестесін жасайды, 2-қосымшадағы «Мектепке сапарға бару жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес сынып сағаттарына қатысуға мүмкіндік жасайды;

- әдіскерге қажетті ақпараттың сапасы мен уақтылы берілуіне

мүмкіндік жасайды;

- ақпаратты жинауға көмектеседі;
- интервьюлерге, әңгімелесулерге қатысады.

Облыстық және қалалық білім басқармаларынан қатысушылар:

- Астана, Шымкент қалалары мен Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Абай, Алматы, Түркістан, Ұлытау, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жетісу, Қарағанды облысы білім басқармаларының әдіскерлері.

Астана, Шымкент қалалары мен Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Абай, Алматы, Түркістан, Ұлытау, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жетісу, Қарағанды облысы білім басқармалары әдіскерлерінің функциялары:

- облыс бойынша мониторингті үйлестіруді жүзеге асырады;
- мониторинг шеңберінде облыстың базалық мектептеріне сапарларды жүзеге асырады («Мектепке сапарға бару жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес кездесулер кестесін жасайды, фокус-топтарды құрады, сабаққа қатысу үшін сабақ кестесін дайындайды);

Қажетті ақпаратты жинайды, өңдейді және Академияға ұсынады, оның шынайылығына, сапасы мен уақтылығына жауапты болады.

Академияның функциялары:

- зерделеуге жалпы басшылықты жүзеге асырады, мониторингтің барлық кезеңдерінің міндеттерін айқындайды;
- зерделеу барасында ұсынылатын технологиялық карталарын, онлайн-сауалнамалар әзірлейді;
- білім беру ұйымдарына жұмыс сапары кестесі мен бағдарламасын жасайды, сұхбат сұрақтарын, сабақтарды бақылау парақтарын әзірлейді;
- білім беру ұйымдарына жұмыс сапарының логистикасын әзірлейді, сапарларды өткізу туралы ақпараттық хаттар, мониторинг шеңберінде қажетті ақпаратты тапсыру мерзімдерін дайындайды;
- жұмыс топтарының құрамын құрады және зерделеу жұмыс топтарының мүшелеріне нұсқама жүргізеді;
- бастапқы деректерді жинауды (БДЖ) жүзеге асырады, ақпарат ағынын өңдейді, алынған деректерге талдау жүргізеді;
- зерделеу нәтижелерін жинақтайды, проблемаларды анықтайды, қорытындыларды тұжырымдайды;
- проблемаларды шешудің нұсқаларын әзірлейді (оқу бағдарламаларына, ОӘК және т. б. өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар);
- мониторинг бойынша қорытынды есеп жасайды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуын зерделеу кезеңдері мен рәсімдері

1-кезең: бастапқы деректерді жинау және бастапқы өңдеу (сәуір айы).

Осы кезеңде педагогтерден Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша диреткорлардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларынан, сынып жетекшілерінен кері байланыс алу мақсатында бастапқы деректерді жинау (ТК толтыру, онлайн-сауалнама) жүзеге асырылады.

Респонденттер:

- ТК толтырады (қосымшада берілген);
- онлайн-сауалнамадан өтеді (қосымшада берілген).

Әдіскерлер педагогтардың ТК-ны уақтылы толтырылуын және олардың онлайн-сауалнамадан өтуін бақылайды, оларды толтыру кезінде консультациялық көмек көрсетеді, Академияға ақпарат береді.

2-кезең: бастапқы деректерді талдау (мамыр).

Бастапқы деректерді талдауды Академия қызметкерлері ТК-дан ақпаратты өңдеу және онлайн-сауалнама нәтижелері негізінде оқу бағдарламалары мен ОӘК-ні курс барысында пайдалану кезінде мұғалімдерде туындайтын проблемаларды анықтау үшін жүргізеді. Осы талдау негізінде Академия қызметкерлері 3-ші кезеңде одан әрі зерттеуді қажет ететін салаларды анықтайды.

3 кезең: мектептерге жұмыс сапарымен бару (наурыз-сәуір)

Әдіскерлер «Мектепке сапарға бару жөніндегі нұсқаулықты» басшылыққа ала отырып, мектепке сапарды жүзеге асырады, педагогтер арасында сұхбат және фокус-топтар жүргізеді, сабақтарға бақылау жүргізеді (3-қосымша).

Мектептерге жұмыс сапары барысында, бастапқы деректерді талдау кезеңінде анықталған проблемаларды зерделеу мақсатында жүргізіледі және бақылау функцияларын атқармайды. Сапар барысында мұғалімдердің, білім алушылардың және мектеп әкімшілігінің оқу бағдарламаларының, ОӘК (басшылық және цифрлық ресурстар) сапасы туралы пікірлері зерделенеді, курсты оқыту процесінде мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдерді қолдау деңгейі айқындалады.

4-кезең: Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнын жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсынымдарды тұжырымдау. Өзгерістер енгізу (сәуір-мамыр)

Академия мониторинг нәтижелеріне талдау жүргізеді, сондай-ақ жиналған деректерді модерациялайды, Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнын пысықтау бойынша ұсынымдар әзірлейді. Академия басқаратын жұмыс тобы бекітілген өзгерістерді енгізеді.

5 кезең: өзгерістерді бекіту (маусым)

Барлық енгізілген өзгерістері бар құжаттардың нұсқаларын Академия бекіту үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігіне бекітуге ұсынады және барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша зерделеу жүргізу барысында сұхбат жүргізу бойынша нұсқаулық

Сұхбат процесінде ақпараттандырылған келісім мен басқа да этикалық қағидаларды қоса алғанда, стандартты озық тәжірибелерді сақтау қажет.

Сауалнамаға қатысуға ақпараттандырылған келісім сауалнаманың мақсаттары, рәсімдері мен нәтижелері, сондай-ақ ерікті қатысу аспектілері, құпиялылық және деректерді қорғаудың қолданыстағы хаттамалары туралы нақты ақпаратты қамтуы тиіс.

Сауалнама барысында сақталуы керек қосымша стандартты сұхбат

принциптеріне мыналар жатады:

- ✓ Берілген хаттаманы қолдана отырып, сұрақтар қойыңыз, сонда деректер барлық сұхбат берушілер үшін бейтарап және салыстырмалы болады.

- ✓ Егер респондент мәселені түсінбесе, түсініктеме беріңіз.

- ✓ Сұхбат барысын бақылауды сақтаңыз.

- ✓ Барлық жазбалар әр түрлі сұхбат берушілерде толық, сенімді және дәйекті болатындай етіп деректерді дәл жазыңыз.

- ✓ Сұхбат барысында техникалық құрылғыларға мәліметтерді жазып алғыңыз келсе респонденттің келісімін алыңыз және ол жазбаның құпия сақталып, тек сұхбат бойынша сапалық талдау барысында қолдану керек

- ✓ Мектептен шықпас бұрын, олардың толықтығына көз жеткізу үшін деректерді тексеріңіз.

Сұхбатты жүргізуші респондентке сұхбатты жүргізу мақсаты және нәтижелерін өңдеу туралы нақты ашық айтуы қажет. Респонденттен не күтілетінін ашық айтыңыз, бұл сұхбат барысында берілетін жауаптардың дәлдігін және нақты болуына ықпал етеді. Өзіңіз туралы респондентке нақты және толық таныстырып, онымен сенімді, ашық байланыс орнатып, жайлы атмосфераны қалыптастыру қажет.

Сұхбат жүргізу барысында зерттеуші келесі ұсынымдарды ескеру қажет:

- ✓ Сұхбат маңызды және пайдалы зерттеулер аясында деректерді жинауға арналған.

- ✓ Респонденттің сұхбатқа қатысуы зерттеу деректері үшін маңызды, бірақ респонденттің сұхбатқа қатысуы ерікті болып табылады. Респондент зерттеу жұмысының кез келген кезеңінде зерттелуші ретінде қатысуды тоқтатуға шешім қабылдай алады.

- ✓ Берілген жауаптар құпия болып табылады және тек зерттеу мақсатында пайдаланылады.

- ✓ Сұхбатты жайлы, эмоционалды жағымды атмосферада өткізіңіз түрде өткізіңіз. Респондент өзін еркін сезінуі керек.

- ✓ Сұхбат барысында сұрақтарды анық, баяу, түсінікті етіп қою керек.

- ✓ Сұхбаттың сәтті өтуі өзіңізге байланысты екенін ұмытпаңыз.

Сұхбатты жайлы ортада ұйымдастырып, сұхбаттың сынақ еместігін респондентке анық жеткізу керек. Сұхбат барысында берілетін сұрақтардың жауабының дұрыс немесе бұрыс деген жауаптары болмайтындығын және өзінің сұрақ шеңберінде ойын ашық, нақты жеткізуі зерттеу жұмысының тиімділігін арттыруына оң ықпал ететіндігін респондентке түсіндіру маңызды. Сұхбат кезінде біржақты жауаптарды болдырмау және деректердің салыстырылуын қамтамасыз ету үшін белгілі бір ережелерді сақтау керек. Мысалы:

- ✓ Сұхбат сұрақтарын дәл сол күйінде оқу маңызды. Сөздерді өзгертуге болмайды. Сұрақтарды берілген қалпынан өзгертпей оқыңыз.

- ✓ Сұрақтардың ретін өзгертпеңіз.

- ✓ Сұрақтарды баяу және анық оқыңыз.

- ✓ Респонденттің бәрін естігеніне көз жеткізіп, сұрақты толығымен оқып шығыңыз.

- ✓ Сұрақтарды жіберіп алмаңыз.
- ✓ Сұхбатты асықпаңыз, респонденттің сұрақты түсінуге және оған жауап беруге жеткілікті уақыты болуы керек.
- ✓ Респондентке сұрақ түсініксіз болғанда сұрақты қайталап оқып, түсінуіне қолдау көрсетіңіз.
- ✓ Респондент сұхбат барысында берген жауабы жауапты кодтауға қиындық туғызған жағдайда жауабын тағы бір рет ойланып, жүйелеп, нақтырақ жауап беруін сұраңыз.
- ✓ Респонденттің ойын нақтылап алыңыз. Респонденттің берген жауабын өзіңізше түйіндемей тағы бір рет нақтылап алғаныңыз сапалық талдау үшін маңызды [21].

Сұхбат жүргізу дегеніміз не? Сұхбат жүргізуге толығырақ тоқталсақ:

Кіріспе: өзіңізді таныстырыңыз және сұхбаттың мақсатын таныстырудан бастаңыз. Респонденттерге олардың сұхбатқа қатысуының маңыздылығын түсінетініне және олардың жауаптары жасырын болатынына көз жеткізіңіз.

Негізгі бөлім: сұрақтарыңызды сабырлы және анық қойыңыз. Толық ақпарат алу үшін ашық сұрақтарды және нақты жауаптар үшін жабық сұрақтарды пайдаланыңыз.

Белсенді тыңдау: жауаптарды мұқият тыңдаңыз, сөзін бөлмеңіз немесе респонденттің жауабына өз пікіріңізді білдірмеңіз. Мүмкіндігінше жауаптардың тереңдігі үшін нақты сұрақтар қойыңыз.

Аяқтау: респондентке сұхбатқа қатысып өз ойымен бөліскендігі үшін, ашықтығы үшін және Біртұтас тәрбие бағдарламасын жақсартуға өзіндік үлес қосуға ниетін білдіріп, уақытын бөлгендігіне алғыс айтыңыз және алынған ақпараттың құпия сақталатындығы, тек зерттеу мақсатында қолданылатындығын тағы да бір рет назарына салып сұхбатты аяқтаңыз.

Сұхбат аяқталғаннан кейін респонденттердің жауаптарын өңдеу маңызды. Алынған деректерді өңдейдің өзіндік тәртібін сақтау және ұсыну қажет.

Сұхбат нәтижелерін өңдеудің әр кезеңін, соның ішінде транскрипцияны, деректерді талдауды және есепті дайындауды толығырақ қарастырайық:

1. Транскрипция

Транскрипция – сұхбаттың дыбыстық жазбасын мәтіндік форматқа түрлендіру процесі. Бұл кезең өте маңызды, өйткені ол ақпаратты мұқият және жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Транскрипция процесіндегі маңызды сәттер:

Дәлдік: респонденттің сөздерін, соның ішінде кідірістер мен эмоционалды бояуды мүмкіндігінше дәл қайталауға тырысыңыз.

Иесіздендіру: қатысушылардың анонимділігін сақтау үшін мәтіннен барлық жеке ақпарат туралы ескертулерді алып тастаңыз.

Оқу мүмкіндігі: мәтінді оқуға оңай және түсінікті етіп жасаңыз. Деректерді құрылымдау үшін абзацтар мен субтитрлерді пайдаланыңыз.

2. Деректерді талдау

Деректерді талдау респонденттердің жауаптарындағы негізгі тақырыптар

мен қатынастарды анықтау үшін жүргізіледі. Бұл процесс бағдарламаның қай аспектілері тиімді жұмыс істейтінін және қайсысы жақсартуды қажет ететінін түсінуге көмектеседі:

Кодтау: мәтінді белгілі бір идеяларды немесе тақырыптарды көрсететін сегменттерге (кодтарға) бөлу процесі.

Тақырыптық талдау: мәліметтердегі жалпы заңдылықтарды анықтау үшін кодтарды тақырыптар мен санаттарға топтастыру.

Түсіндіру: тақырыптардың мағынасы және олардың зерттеу мақсаттарымен байланысы туралы ойлар.

3. Есеп беру

Қорытынды кезең-жалпыланған нәтижелер мен ұсыныстар беретін есепті дайындау:

Есеп құрылымы: кіріспе (зерттеу мақсаттары), әдістеме, нәтижелерді талдау, талқылау (деректерді түсіндіру), қорытындылар мен ұсыныстар.

Талқылау: нәтижелер ағымдағы тәжірибелермен қалай салыстырылатынын талқылаңыз.

Ұсыныстар: деректерді талдау негізінде бағдарламаны жақсарту бойынша нақты ұсыныстарды анықтаңыз және оны құрылымдаңыз. Олардың практикалық және іске асырылатынына көз жеткізіңіз.

Көрнекілік: нәтижелерді көрнекі түрде көрсету үшін кестелерді, графиктерді және диаграммаларды пайдаланыңыз.

Сұхбат нәтижелерін өңдеудің бұл тәсілі Біртұтас тәрбие бағдарламасының әсерін терең түсінуді қамтамасыз етеді және оны оңтайландырудың тиімді стратегияларын жасауға ықпал етеді.

Деректерді енгізу ережелері кез келген зерттеу немесе дерекқормен жұмыс істеу кезінде ақпараттың сапасын, дәлдігін және тұтастығын қамтамасыз етудің маңызды аспектісі болып табылады. Деректерді енгізу кезінде ескеру қажет кейбір негізгі ережелер:

1. Форматтарды стандарттау

Әр өріс үшін деректер форматтарын анықтаңыз (мысалы, DD форматындағы КҮН. АЙ. ЖЖ, ел коды бар телефон нөмірлері).

Деректерді енгізу үшін бірыңғай ережелерді қолданыңыз (мысалы, әрқашан бас әріппен аты мен тегін енгізу).

Ондық бөлшектердің саны немесе мыңдаған бөлгіштерді пайдалану сияқты сандық деректердің стандарттарын орнатыңыз.

2. Қателерді тексеру

Автоматты тексеру: қате немесе қалыптан тыс деректерді автоматты түрде анықтау үшін Бағдарламалық құралды пайдаланыңыз.

Қолмен тексеру: қателерді қолмен кездейсоқ тексеріп отырыңыз.

Енгізуді тексеру: қателерді болдырмау үшін деректерді енгізуге шектеулер қойыңыз (мысалы, жас өрісіне мәтін енгізу мүмкін емес).

3. Қайталану және бірегейлік

Деректердің қайталануын болдырмаңыз: жүйе бірдей жазбаларды нақты растаусыз енгізуге жол бермейтініне көз жеткізіңіз.

Деректерді оңай ажырату және басқару үшін әр жазба үшін бірегей идентификаторларды пайдаланыңыз.

4. Оқыту және нұсқаулық

Қызметкерлерді оқыту: деректермен жұмыс істейтін барлық пайдаланушылар үшін тренингтер өткізіңіз, сонда олар деректердің дәлдігінің маңыздылығын түсінеді және оларды дұрыс енгізе алады.

Толық нұсқаулықтарды әзірлеу: процестің барлық қатысушыларына қолжетімді деректерді енгізу нұсқауларын жасаңыз.

5. Деректер қауіпсіздігі

Деректерді қорғау: шифрлау, Құпия сөздер және басқа қауіпсіздік шаралары арқылы деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз.

Қол жеткізуді басқару: тек уәкілетті тұлғалармен жұмыс істеуге рұқсат беру арқылы деректерге қол жеткізуді шектеңіз.

6. Деректерді үнемі жаңартып отыру және сақтау

Деректерді жаңарту: ақпаратты жаңартып отыру үшін оны үнемі тексеріп, жаңартып отырыңыз.

Өзгерістерді басқару: деректердегі кез келген өзгерістерді, соның ішінде өзгерістердің толық тарихына ие болу үшін кім, қашан және не өзгерткенін жазыңыз.

7. Қателерге жауап беру

Қателерді бақылау: деректердегі қателерді бақылау және түзету жүйесін жасаңыз.

Пайдаланушылардың кері байланысы: пайдаланушыларды байқалған қателер немесе деректер мәселелері туралы хабарлауға шақырыңыз.

Осы ережелерді сақтау деректердің сенімділігін, тұтастығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі, бұл кез келген аналитикалық зерттеулер мен негізделген шешім қабылдау процестерінің негізі болып табылады.

Сұхбат жүргізу кезіндегі этикалық ұстанымдар мен ережелер

Құпиялылық жеке деректерді жинауды қамтитын кез келген зерттеулерді жүргізудің негізгі элементі болып табылады. Жиналған деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар респонденттер туралы ақпараттың тек мәлімделген зерттеу мақсаттары аясында пайдаланылуын қамтамасыз ету маңызды:

Деректерді қорғау: файлдарды шифрлау және респонденттердің аттарының орнына анонимді идентификаторларды пайдалану сияқты деректерді қорғау шараларын қолданыңыз.

Шектеулі қол жетімділік: тек зерттеу тобының уәкілетті мүшелеріне деректерге қол жеткізуді қамтамасыз етіңіз.

Ақпараттандырылған келісім: сұхбатты бастамас бұрын қатысушылардан олардың жеке деректерін өңдеуге расталған келісімді алыңыз, бұл ақпараттың қалай қолданылатынын нақты түсіндіріңіз.

Ерікті қатысу

Ерікті қатысу принципін сақтау әрбір респонденттің өзі үшін ешқандай

салдарсыз зерттеуге қатыспау құқығын мойындауын қамтамасыз етеді. Бұл сенім мен этикалық стандарттарға сәйкестікті нығайтады:

Алдын ала хабарлау: респонденттер сұхбат басталғанға дейін зерттеудің мазмұны, оның мақсаттары мен процедуралары туралы толық хабардар болуы керек.

Қысымның болмауы: респонденттер олардың қатысуы толығымен ерікті екенін және кез келген уақытта бас тартуы немесе барлық сұрақтарға жауап бермеуі мүмкін екенін түсінетініне көз жеткізіңіз.

Келісімді қайтарып алу: респонденттер кез келген уақытта өз деректерін өңдеуге келісімін қайтарып ала алатынын білуі керек және бұл олардың ұйымдармен немесе оқу орындарымен одан әрі өзара әрекеттесуіне әсер етпейді.

Этикалық қағидаларды іске асыру

Осы этикалық принциптерді жүзеге асыру зерттеудің барлық кезеңдерінде мұқият жоспарлауды және толық назар аударуды қажет етеді:

Этикалық хаттама: мәліметтермен жұмыс істеудің барлық аспектілерін реттейтін этикалық зерттеу хаттамасын жасаңыз және бекітіңіз.

Зерттеу тобын оқыту: зерттеу тобының барлық қатысушылары жеке деректермен жұмыс істеу негіздерін және этикалық мінез-құлық принциптерін білуі керек.

Мониторинг және есеп беру: зерттеу барысында этикалық стандарттардың сақталуын үнемі тексеріп отырыңыз және оның этикалық аспектілері бойынша есептер беріңіз.

Осы принциптерді ұстану жиналған деректердің сапасын жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар респонденттер мен жұртшылықтың зерттеуге деген сенімін арттырады, ашық және адал ғылыми диалогқа ықпал етеді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы тиімділігін анықтап, ұсыныстар жинақтау мақсатында сауалнама жүргізіледі. Сауалнама педагогтердің және ата-аналардың Біртұтас тәрбие бағдарламасына көзқарастарын және осы бағдарламаны іске асырудағы кедергілер мен қиындықтарды, артықшылықтарын анықтап, ұсыныстар алу мақсатында әзірленді. Сауалнама нәтижесі мен сұхбат барысында алынған деректер өңделіп Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша қандай іс-шаралар өткізілген және оның тиімділігі туралы ақпараттар жиналады.

2 ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Білім беру ұйымдарында тәрбие бағыттарын іске асыру барысында 2022 жылы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері әзірленді. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыркүйегінде №294 бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бекітіліп [22], білім беру ұйымдарында жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі №194 бұйрығымен жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламалары әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді [23].

Аналитикалық есепті әзірлеу барысында жалпы ережелері, нормативтік құқықтық актілерге шолу жасалып, ағымдағы ахуал талданды, халықаралық тәжірибелер зерделенді.

Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің құқықтық негізін құрайтын құжаттар: Қазақстан Республикасының Конституциясы[24], Қазақстан

Республикасының «Баланың құқықтары туралы» 25, «Білім туралы»[26], «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары[27], «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы [28], «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы[29], «Балалардың әл-ауқат индексі бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі[30], «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы[31], Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы [32] Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы [33], Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы [34], «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы[35], Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдағы екінші отырысында сөйлеген сөзі[2], Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдағы үшінші отырысында сөйлеген сөзі [37], Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасын бекіту туралы бұйрығы [22].

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тұлға тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері (бұдан әрі – Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері) ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, құндылықтар жүйесін жаңғырту, әрбір адамның өмір сапасы мен әл-ауқатын қамтамасыз етуді көздейтін Жаңа Әділетті Қазақстан құруға бағытталған саяси бағдарға сәйкес *2022 жылы «Үздіксіз білім беру жүйесінде тұлғаны тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері» жобасын әзірлеу қорытындылары бойынша аналитикалық талдау жүргізілді*

Аналитикалық зерттеуге «Тәрбиенің тұжырымдамалық негізінің» мақсаты мен міндеттері, үйлесімді дамыған «Толық адам» тұлғасы тәрбиесінің негізгі идеялары, тәрбиенің теориялық тәсілдері мен принциптері, құндылықтарға негізделген тәрбиенің мазмұны мен мақсатты бағдары айқындалды. Аналитикалық зерттеудің нәтижесінен кейінгі күтілетін нәтижелер ұсынылды.

Білім беру, тәрбиелеу және дамудың біртұтастығын іске асыруға бағытталған тұлғаның үйлесімді дамуындағы ұлттық тәрбиенің идеалы танылатын «Толық адам» идеялары тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің басты идеясы болып танылады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде келесі ұғымдар қолданылды:

1) *Білім беру құндылықтары* – білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болыптабылатын оқу мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар.

2) *Сабақтан тыс іс-әрекет* – біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысаны.

3) *Тәрбие* – тұлғаның үйлесімді дамуы мен оның құндылық бағдарлары мен мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын қалыптастыру бағытындағы педагогикалық мақсатты қызмет.

4) *Тәрбие қызметі* – тәрбие ортасын ұйымдастыруға және тәрбиеленушілердің әртүрлі әрекеттерін басқаруға бағытталған практикалық педагогикалық қызметтің түрі.

5) *Тәрбие жүйесі* – қоғамның құндылық бағдарлары негізінде білім беру үдерісіне қатысушылардың бірлескен күш-жігерімен құрылған біртұтас экожүйе.

6) *Тәрбие процесі* - тәрбие субъектілерінің өзара іс-қимылы, оның барысында тәрбиеленушілердің жеке басының қасиеттері мен қасиеттерінің оң өзгеруі жүреді.

7) *Жобалау жұмысы* – педагогтің немесе тәлімгердің басшылығымен орындалатын білім алушының практикалық және/немесе шығармашылық жұмысы.

8) *Баланың толыққанды дамуы* – баланың қауіпсіз және қолайлы ортада физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық тұрғыда үйлесімді дамуы.

9) *Конструктивтік тәсіл* - білім алушының белсенді, жан-жақты, дербес танымдық қызметі үшін педагогикалық жағдайлар жасау.

Ағымдағы ахуал талданды

Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде қоғамның барлық саласы әлеуметтік әділеттілік пен әрбір адамның әл-ауқатын қамтамасыз ету мұраттары негізінде жаңғыртылуда.

Балалар мен жастардың, отбасының әл-ауқатын қамтамасыз ету болашақта табысты мемлекет құрудың сенімді кепілі ретінде танылады. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Біздің стратегиялық міндетіміз – қазақстандықтардың жас ұрпағына бақытты балалық шақ, мықты денсаулық және жан-жақты дамуы қамтамасыз ету. Еліміздің болашағы оның шешіміне байланысты», – деген ұстанымы дәлел.

Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады. Осыған орай, елімізде дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың жүйесін анықтайтын мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделі қабылданды.

Еліміздің орта білім беру ұйымдарында жүзеге асып жатқан тәрбие жұмыстарын кешенді дамытатын жобалар сан алуан. «Отбасы – орта мектеп», «Дәстүр мен ғұрып», «Құқықтық сана – қауымға пана», «Еңбек – елдің мұраты», «Үнем – қоғам қуаты», «Экологиялық мәдениетті балалық шақтан қалыптастыру», «Қоғамға қызмет», «Психологиялық қызмет пен мектептің бітімгершілік қызметін ұйымдастыру», «Мектеп өмірінің бір күні», «Саналы ұрпақ», «Саламатты жастар», «Ата-аналар мектебі», «Ашық жүрек», «Ұлы дала» атты жобалар өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік, рухани және мәдени құндылықтарды сіңіруге бағытталған.

Мектеп тәрбиенің маңызды институты ретінде білім алушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. PISA-2018 қорытындысы бойынша қазақстандық

жасөспірімдердің 87%-ы өмірге қанағаттанатынын атап өтті. Жасөспірімдер құрбыларымен достасуға бейім, өздерін мектеп қауымдастығының бір мүшесі деп санайды және мектеп қабырғасында өздерін жалғыз және ыңғайсыз сезінбейді. Сонымен қатар, ұқыптылық, сабақта тыныш отыру, тәртіп, ұйымшылдық сынды көрсеткіштер бойынша қазақстандық білім алушылар анағұрлым тәртіпті саналады.

Білімді ұлт қалыптастыру мақсатында білім алушыларды жүйелі түрде кітап оқып, кітапханаларға баруға шақыратын «Оқуға құштар мектеп», «Оқуға құштар колледж» жобалары жүзеге асырылып келеді.

Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын, ақпараттық сауаттылық пен ұжымдық жұмысты дамыту мақсатында білім алушылар арасында дебаттық қозғалыс белсенді түрде дамуда. Бүгінде республикадағы дебаттық клубтар саны 5926-ға жетті. 2021 жылы елімізде 5000-ға тарта дебаттық турнир өткізілді.

Тәрбие жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі қосымша білім беру болып табылады. Қазақстан – қосымша білім берудің инфрақұрылымы мен мемлекеттік тапсырыс жүйесін сақтап қалған посткеңестік елдердің бірегейі. Қазір елімізде 210 оқушылар сарайы мен үйі, дамыту орталықтары, жас техниктерге арналған 20 бекет, 500-ден астам аула клубтары бар. Сонымен қатар, қосымша білім беруге тартылған балалардың басым көпшілігі мектептегі үйірмелер мен секцияларға қатысады. Балалар мен жасөспірімдердің білімге қолжетімділігі мен жаппай қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар қосымша білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыру есебінен белсенді түрде жүргізуде. Сонымен қатар, көркемдік, спорттық, техникалық және жаратылыстану бағытындағы бағдарламалар да жүзеге асырылуда. PISA-2018 деректері бойынша ең танымал бағыт – шығармашылық бағыт (ансамбльдер, оркестрлер немесе хорлар, мектеп пьесалары мен мектеп мюзиклдері, өнер клубтары, т.б.) жоғары көрсеткішке ие болды. Мәселен, мектептегі шығармашылық сыныптан тыс жұмыстардың индексі 2.0 болса, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы бойынша орташа көрсеткіш – 1.8-ді құрады.

Елімізде мектеп және студенттік спорттық лигалары дамып келеді. Колледждердің спорт секцияларымен қамту көрсеткіші 53% құраса, жоғары оқу орындарында бұл көрсеткіш – 29%. Техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары оқу орындарында спорттың 10-12 түрінен студенттік спорттық лигалар бойынша жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Білім алушылар өзін-өзі басқару, әскери-патриоттық клубтарға, «Жас қыран», «Жас ұлан», «Жас сарбаз» жастар қозғалыстарына белсенді қатысады.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы аясында 10 мыңға жуық қатысушылар еріктілер қозғалысы белсенділігі артып келеді. Қазақстанда 491 ерікті үкіметтік емес ұйымдар мен 1658 бастамашыл топ тіркелген болса, 18-29 жас аралығындағы жастардың 50%-дан астамы және 18 жасқа дейінгі балалардың 30%-дан астамы волонтерлік қызметке

тартылғандығын Республикалық волонтерлер фронт-офисі атап өткен.

Қазақстандық білім алушылардың ата-аналары дамыған елдерге қарағанда мектепшілік шараларға көбірек қатысады (PISA 2018). Қазақстан Республикасының ата-аналарының басым бөлігі мектептің өзін-өзі басқаруына және мектептен тыс іс-шараларға еріктілер ретінде қатынасады.

Осы орайда, «мектеп–бала–ата-ана» үштігі аясында білім ордасы мен ата-аналардың тығыз қарым-қатынасына негізделген «Білім-инновация» лицей-интернаттары мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның тәжірибесіне тоқталуға болады. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Туған елге тағзым», «Шаңырақ», «Ұрпақтар сабақтастығы», «Ұлы дала ақындары» сияқты бірқатар әлеуметтік тәжірибелер мен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда. «Ата-ана кәсіпорнындағы 10 күн» және «Баланы жұмысқа апару» әлеуметтік тәжірибелері ата-аналар қауымдастығын білім алушылардың кәсіптік бағдарлануына тартуға бағытталған озық тәжірибелердің бірі. «Білім-инновация» лицейлерінде ата-аналар қауымы лицей өміріне белсене араласады. Жеке сабақтарды өткізуге ата-аналар, қоғам қайраткерлері, түрлі мамандық өкілдері шақырылады.

Сонымен қатар, қазіргі таңда өскелең ұрпақ тәрбиесінде жедел түрде шешуді қажет ететін өзекті мәселелер де айқындалып отыр. «Тәрбие тал бесіктен» берілетінін ескерсек, жанұядағы жылулық бала өмірінде үлкен маңызға ие. Алайда отбасыдағы ажырасу, тұрмыстық зорлық-зомбылық, маскүнемдік, баспана мәселелері, ата-аналардың төмен құқықтық мәдениеті сияқты жайттар балалардың дамуы мен тәрбиесіне теріс әсер етеді.

Пандемия кезінде білім беру ұйымдарының қашықтан жұмыс форматына көшуі де білім алушылардың әлеуметтік және эмоционалдық әлауқатына кері әсерін тигізді. Мұғалімдер мен құрбыларының көмегіне халықтың әлеуметтік осал топтарының балалары ерекше мұқтаждық танытты. Пандемиядан кейін үлгерімі төмен оқушылар мен оқуды тастап кеткендер саны артты.

Балалар мен жастар арасындағы буллинг, зорлық-зомбылық және өз-өзіне қол жұмсау сияқты мәселелер өзектілігін жойған жоқ. Қазақстандық білім алушылар ЭЫДҰ елдеріндегі құрдастарымен салыстырғанда буллингке жиі ұшырайды. PISA 2018 нәтижелеріне сәйкес Қазақстанда – 32%, ал ЭЫДҰ елдерінде бұл көрсеткіш – орта есеппен – 23% анықталған. ЮНИСЕФ мәліметтері балалардың жартысынан көбі виртуалды зорлық-зомбылық, дін және өз-өзіне қол жұмсауды насихаттау жағдайларын бастан кешіргенін және әлеуметтік желілерде танысуға қарсы емес екенін көрсетті. Қазақстандық балалар мен жасөспірімдер арасында ішімдік, темекі шегу, нашақорлық, вейп сияқты індеттер өршуде. Жастар арасында не оқу, не еңбек қызметімен айналыспайтындар (NEET) саны төмендемеген, олардың қылмыстық, діни және экстремистік ағымдардың ықпалына түсіп қалу қаупі жоғары болып отыр.

Білім беру жүйесінде тәрбие жұмысы педагогтің сабақтан тыс уақыттағы қызметі ретінде ғана түсініледі. Тәрбиенің басым бағыттары бір

реттік іс- шаралар түрінде ғана жүзеге асырылады. Оқушы саны шамадан тыс көп мектептерде толыққанды сынып сағаттарын өткізу мүмкіндіктері шектеулі. Әдіскер, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшісі лауазымдары шамадан тыс есептілік пен жүктемеге байланысты тартымсыз есептеледі. Сонымен қатар, Қазақстанның орта білім беру мазмұнындағы құндылықтарға қатысты зерттеу (ЭЫДҰ, 2021) сабақтың тәрбиелік әлеуетін, атап айтқанда, жаратылыстану-математикалық пәндердің тәрбиелік мазмұнын күшейту қажеттігін көрсетеді. Осы және басқа да мәселелер білім беру ұйымдарындағы тәрбие жүйесіндегі келесі міндеттерді шешуді талап етеді:

1) тәрбие жұмысының қазіргі заманғы дәлелденген тәсілдерге сәйкес ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау;

2) барлық білім беру деңгейлері бойынша білім берудің мазмұнын құндылықтар тұрғысынан күшейту;

3) тәрбие жұмысымен айналысатын мамандардың функционалдық міндеттері мен құзыреттіліктерін қайта қарастырумен қатар, білім беру ұйымдарындағы басқарушылық менеджмент деңгейін арттыру үшін кадрлық ресурстарды кеңейту;

4) республикалық деңгейде білім алушылар арасындағы буллинг, кибербуллинг және зорлық-зомбылықтың, сондай-ақ ішімдік, темекі тарту және есірткіге салынудың алдын алу жолдарын дамыту;

1) ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тәрбие жұмысының тиімділік көрсеткіштерін әзірлеу;

2) педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларының мазмұнына сыныпты басқару, әлеуметтік-эмоционалдық оқыту, құндылықтарға негізделген тәрбие бойынша заманауи педагогикалық технологияларды енгізу;

3) қоғамдық ұйымдардың, балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі басқару органдарының, мектептер мен ата-аналар қоғамдастығының өзара әрекеттесу тетіктерін зерделеу және әзірлеу.

Жалпы алғанда, бүгінгі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеудің заман талабына, қоғам мен мемлекеттің міндеттеріне, білім берудің заманауи ағымдарына жауап беретін жаңа жолдарын қарастырудың қажеттілігі туындап отыр.

Халықаралық зерттеулерге шолу жасалды

Жаһандық сипаттағы үрдістер, технологиялық ілгерілеу, күнделікті тұрмыстың цифрлануы, сонымен қатар өршіп келе жатқан әлеуметтік шиеленіс пен теңсіздіктер, экологиялық мәселелер мен жаппай алаңдаушылықтың өсуімен байланысты әлемде орын алып жатқан оқиғалар болашақ әлемдегі білім берудің рөлі туралы жаңа қырдан ой қозғауды талап етеді.

Осы орайда, ЮНЕСКО-ның 2022 жылғы білім берудің болашағы жөніндегі халықаралық комиссиясының баяндамасында «бейбіт, әділ және тұрақты болашақты қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесінің өзі өзгеруі тиіс», - деп атап өтіледі. Ол үшін білім беру мақсаттарын соңғы жылдары басым болған «жеке бастың табысы, бәсекеге қабілеттілік, адами капитал,

экономикалық даму» философиясынан гөрі, «ынтымақтастық, өзара байланыс, қамқорлық» құндылықтары негізінде қайта қарастыру ұсынылады.

Осыған байланысты, әлемдегі білім беру жүйелерінде білім сапасына қатысты жеке тұлғаның әл-ауқатына негізделген кең көзқарас қалыптасуда. ЭЫДҰ ұсынысы бойынша қоғамның әл-ауқаты барлық мемлекеттерді біріктіретін ортақ мақсат болып табылады. ЭҰДҰ-ның «Оқу компасы – 2030» деп аталатын болашақ бағдарында жер шарының, қоғамның игілігі барлық мемлекеттерді біріктіретін ортақ мақсат деп белгіленіп, тез өзгермелі заманда оған жету үшін білім алушыға білім, білік, дағдылармен қатар, құндылықтар жүйесі қажет деп пайымдаған.

ЮНИСЕФ мәліметтеріне сәйкес «балалардың әл-ауқаты» ұғымы бірқатар көрсеткіштерді қамтиды: материалдық дүние әл-ауқаты; денсаулық және қауіпсіздік жағдайы; білім беру; отбасындағы және құрдастарымен қарым-қатынас; мінез-құлық тәуекелдері; балалар мен жасөспірімдердің өздерінің әл-ауқатын субъективті қабылдауы.

Білімді баланың туылған сәтінен бастап өмір бойы жалғасатын процесс ретінде қарау балалардың мәдени және этникалық әртүрлілікке құрмет көрсетілетін үйлесімді, мейірімді, дамытушы, инклюзивті, әділ ортада балалық шағын өткізуі үшін тиісті жағдайлар жасауды білдіреді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттары барлығы үшін қауіпсіз, зорлық-зомбылықсыз, инклюзивті және тиімді оқу ортасын құрудың маңыздылығын атап өтеді. Осыған байланысты ЮНЕСКО-ның «Бақытты мектептер» жаһандық жобасында ойынға, достық қарым-қатынасқа, өзара үйренуге көңіл бөлінетін бақытты мектеп қауымдастығын құру басымдық ретінде танылады.

Қолайлы білім беру ортасын құру әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытумен тығыз байланысты. Соңғы ғылыми зерттеулер әлеуметтік-эмоционалды дағдылардың оқушылардың академиялық үлгеріміне, кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауына және ересек шақтағы жалпы әл-ауқатына оң әсер ететінін көрсетеді. Бірқатар елдерде (АҚШ, Сингапур) әлеуметтік-эмоционалды дағдылар білім беру стандарттарына тиімді түрде кіріктірілген.

Сонымен қатар, қазіргі таңда құндылықтарға негізделген білім берудің маңыздылығы артып келеді. Сингапурдың оқу бағдарламасы оқушының құзыреттіліктері қамқорлық, адалдық, құрмет, төзімділік, жауапкершілік және үйлесімділік құндылықтарына негізделуі керек екенін атап көрсетеді. Қытай философиясына негізделген Гонконгтің оқу бағдарламасында «табандылық», «басқаларды құрметтеу», «жауапкершілік», «ұлттық бірегейлік», «міндеттеме», «адалдық», «басқаларға қамқорлық», «заңға бағыну», «эмпатия» және «еңбекқорлық» сынды құндылықтар негізі ретінде танылған. Финляндияның оқу бағдарламасы әрбір баланың бірегейлігі және олардың сапалы білім алу құқығы, адамгершілік, теңдік және демократия, фин қоғамының мәдени әртүрлілігі және тұрақты өмір салтын қалыптастыру қажеттілігі сияқты құндылықтардың маңыздылығын растайды.

Атап өтерлігі, халықаралық білім беру тәжірибесінде тәрбие мәселелері куррикулум сынды құжаттарға үйлесімді түрде кіріктіріліп, біртұтас педагогикалық үдерісті қамтамасыз етеді. Шотландиядағы «білім адам» идеалын

«табысты оқушы, «сенімді тұлға», «тиімді қатысушы» және «жауапкершілігі бар азамат» сынды тұлғаның төрт қабілетімен тұжырымдаған. Бұл мақсаттарға жету үшін оқу-тәрбие үдерісінің мүмкіндіктері, пәнаралық байланыстар, мектеп ұжымының өмірі мен оқушылардың жеке жетістіктері пайдаланылады. Ақыл- ойдың, адамгершілік қасиеттердің және тәннің үйлесімді дамуы – Жапония оқу бағдарламасының іргелі негізі болып табылады. Адамгершілік қасиеттерді дамытуда оқу-тәрбие үдерісі мен оқудан тыс іс-шаралардың әлеуеті пайдаланылады, сондай-ақ қоғамдық тамақтану, үйірме жұмыстары, оқушылар кеңесі сияқты шараларды ұйымдастыруға арнайы уақыт (*токубэцу кацудо*) бөлінеді.

Жалпы алғанда, жоғарыда аталған жаһандық үдерістерді жеке тұлғаның әл-ауқатын қамтамасыз ету, оның жағымды білім беру ортасында толыққанды дамуына жағдай жасау, ұлттық мәдениет пен құндылықтарға сәйкес тәрбиелеу идеялары біріктіреді.

«Тәрбиенің тұжырымдамалық негізінің» мақсаты мен міндеттері анықталды

Тәрбиенің мақсаттары: ұлттық мұраға құрметпен қарайтын, салауатты, зияткерлік тұрғыда бәсекеге қабілетті, сондай-ақ еңбекқорлық, тұлға аралық және мәдениет аралық қарым-қатынасқа ашықтық, мейірімділік сынды адамгершілік қасиеттерге ие, ХХІ ғасырдың заманауи сын-тегеуріндері жағдайында мемлекеттің тұрақты дамуы үшін жасампаз азаматтық жауапкершілікті көрсетуге дайын толыққанды және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Әр білім беру ұйымы өз қызметінде толыққанды және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеудің жалпыұлттық мақсатына бағдарлана отырып, өзінің жағдайлары мен мүмкіндіктеріне бейімдейді.

Үйлесімді дамыған «Толық адам» тұлғасы тәрбиесінің негізгі идеялары

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері әдіснамалық тәсілдер мен қағидаттар мына жүйелерге сүйенеді:

Экологиялық жүйелер тәсілі (Бронфенбреннер, 1979) – баланың жеке тұлғасы қарқынды даму үстіндегі және өзара байланысқан желі болып табылатын әрі оның құндылықтар жүйесі мен әл-ауқатына тікелей әсер ететін экологиялық жүйелерде (микрожүйе, мезожүйе, экзожүйе, макрожүйе және хроножүйе) қалыптасады.

Баланың толыққанды дамуы – баланың қауіпсіз және қолайлы ортада зияткерлік, физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық тұрғыда үйлесімді дамуы.

Конструктивистік тәсіл – жеке тұлғаның белсенді, жан-жақты, өз бетінше танымдық іс-әрекетін жетілдіру және оның әлемге деген

адамгершілік көзқарасын қалыптастыру үшін педагогикалық жағдай жасау.

Инклюзивтік тәсіл – барлық білім алушыларды, олардың физиологиялық, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан оқу-тәрбие үдерісіне теңдей кіріктіру.

Құндылыққа бағдарланған (аксиологиялық) тәсіл – тәрбиенің тұтас экожүйесінде адамгершілік мәдениеті құндылықтарын үйлесімді сіңіру жолымен тұлғаның азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

Этнопедагогикалық тәсіл – тәрбиені ұлттық мазмұнмен байыту, ұлттық этникалық сананы қалыптастыру үшін ұлттық мәдениетке, салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға баулу.

Тәрбиенің негізгі қағидаттары:

1) ҚР Конституциясы мен құқық үстемдігін демократиялық мемлекеттің жоғары құндылығы ретінде негізге алу;

2) Балалардың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау, бала тұлғасына құрметпен қарау, балалардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуы;

3) Білім берудің құндылықтары мен оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесінің өзара байланыстылығы мен шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқыту бірлігінің қағидаты;

4) Мәдени бірегейлік, тәрбиенің ұлттық мәдениет пен ділге сәйкестігі;

5) Тұлға дамуының барлық кезеңдерінде құндылық бағдарының сабақтастығы мен үздіксіздігі қағидаттарын сақтау;

6) Барлық мүдделі тараптар (бала, ата-ана, қамқоршы, отбасы, тәрбиеші, педагог) арасындағы ынтымақтастық;

7) Рухани-адамгершілік қасиеттерді үлгі етіп тәрбиелеуде ересектердің құндылықтар мен жалпы мінез-құлық нормаларын ұстануы;

8) Тұлға тәрбиесі мен даму үдерісін жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру.

Тәрбиенің мақсатты бағдары

1. Адамның жан-жақты дамуы мен кемелдену идеясы қазақтың ұлттық мәдениеті мен педагогикалық мұрасында кеңінен көрініс тапқан.

Олардың қатарына Алып Ер Тоңғаның «Ақи немесе жомарттық» ілімін, әл-Фарабидің парасатты адам ілімін, Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білгін», Ясауидің хәл ілімін, Абайдың толық адам ілімін, Шәкәрімнің арғылымын және де басқа да ойшылдардың ілімін жатқызуға болады.

Көптеген қазақ жырауларының шығармашылығына адалдық, мейірімділік, қарапайымдылық, жомарттық, достық сияқты адамгершілік қасиеттер дәріптеледі.

Қазақ даласының ұстаз-ағартушысы Ыбырай Алтынсарин жастарды адамгершілік рухта тәрбиелеу мектептің басты міндеті деп есептеген.

Алаш қайраткерлерінің жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты педагогикалық ойлары да өзара үндес. Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі Әлихан Бөкейханов:

«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» дегені санамызда. Мағжан Жұмабаев ақыл-ой тәрбиесі, мінез тәрбиесі, сұлулық тәрбие және дене тәрбиесі деп, тәрбиенің төрт іргелі негізін бөліп көрсетті. Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов ұрпақ тәрбиесі ана тілге, төл мәдениетке, ата-баба мұрасын құрметтеуге негізделуі керектігін айтады.

Осы орайда, Абайдың «Адам бол!» адамгершілік формуласында айқын өрнектелген үйлесімді дамыған адамның бейнесі өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абай өз шығармаларында ақыл, білім, ерік-жігер, ар-ождан, ізгі мінезімен ерекшеленуі тиіс адамның тұлғасын жан-жақты ашады.

Ойшыл ақын өлең шумақтарында «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз» дей келе, «талап», «еңбек», «терең ой», «қанағат», «рақым» құндылықтарын бес асыл қасиет деп атап көрсетеді. Рухани кемелденген тұлғаның бұл қасиеттері адамзат дамуының қазіргі кезеңінде де өзектілігін жойған жоқ.

Терең білімге құштарлық: Ағартушы қазақ қоғамына білімнің маңызды екендігін жеткізе отырып, дамыту жолдарын келесідей сипаттайды: «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды». Ұлы ақынның пікірінше, тек білімді адам ғана жақсы мен жаманды ажырата алады, жаңаны көреді, салыстырады, оны елдің игілігіне қолдана алады.

Білімге құштарлық алдымен ерік-жігер мен мінезді тәрбиелеуді қажет етеді. Абайдың еңбектеріне сүйенсек, ерік-жігер – адамның алдына қойған мақсатына жетуі, білімді меңгеруі, өзін-өзі басқаруы үшін аса қажетті қасиет; ерік-жігер – адам тұлғасының адамгершілік құбылыстарының бірі және ол тек адамға ғана тән.

Ерік-жігер еңбексүйгіштікті тудырады. Абай шығармашылығына еңбекті дәріптей отыра масылдықпен күреседі. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, саналы еңбек етуді үндейді. Абай материалдық игіліктен ләззат алумен шектелетін гедонистік әл-ауқат түсінігіне күмән келтіреді: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың».

Абай өлеңдерінде ақыл да, қайрат та жүрекке бағынуы керек. Сондықтан оның философиясында қайырымдылық (рақым) идеясы жетекші орын алады.

«Мейірімді болуға», «басқа адамды бауырым деп санауға», «өзіңе не тілесең, соған да тілеуге», бүкіл адамзатты ең жақын адамындай жақсы көруге шақырды. Абайдың «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» дегені өзінің мазмұны жағынан адамзатқа тән азаматтықтың заманауи түсіндірмесіне жақын.

Ақыл, қайрат, жүректің бірлігі ғана, жеке тұлғаның өмірде өз орнын табуына ықпал етеді. Оның «Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де бір кірпіш, дүниеге Кетігін тап та, бар қалан» өлең жолдарының мағынасы адамның шынайы тағдырын, өз жолын таба білу және шығармашылық әлеуетін шыңдай білумен байланыстыратын эвдемониялық әл-ауқат тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Қазіргі заманда жеке тұлғаның толыққанды даму идеясы баланың когнитивті ғана емес, сонымен қатар қауіпсіз және психологиялық қолайлы ортада физикалық, әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыда үйлесімді дамуын білдіреді. Абай шығармашылығында толыққанды адамның ақылы нұрлы, жүрегі жылы, қайраты ыстық болатынына тоқталады. Бұл ЭЫДҰ-ның «Білім мен дағдылардың болашағы – 2030» жобасы аясында белгіленген когнитивтік, адамгершілік-этикалық, сондай-ақ денсаулық негіздері сынды үш тұғырға сәйкес келеді.

2. Қазақ халқының мәдени мұрасын, осы заманғы ұрпақтың сұранысын және қоғам мен мемлекеттің қазіргі даму кезеңіндегі қажеттіліктерін ескере отырып, бұл құжат білім берудің келесі негізгі құндылықтарын айқындайды:

1. Денсаулық пен салауаттылық
2. Терең білім
3. Еңбекқорлық және шығармашылық
4. Құрмет және ынтымақтастық
5. Ұлттық мұра
6. Отаншылдық және азаматтық жауапкершілік
7. Адалдық пен парасаттылық
8. Мейірімділік пен қамқорлық.

Тәрбиенің теориялық тәсілдері мен принциптері анықталды

1. Осы білім беру құндылықтары әрбір білім беру ұйымының тыныс-тіршілігінің негізін құрап, оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын, нысандары мен әдістерін анықтауда жетекші болуы тиіс. Осылайша білім берудің барлық деңгейлері арасындағы педагогикалық тұтастық пен сабақтастық қамтамасыз етіледі. Ол үшін білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасында өзара міндеттер мен жауапкершіліктің көпдеңгейлі жүйесін түзу маңызды.

2. Білім алушылардың бойына денсаулық пен салауаттылық құндылықтарын сіңіру оларды спортпен шұғылдануға, қозғалыс белсенділігіне, дұрыс тамақтануға, эмоционалдық зейінді болуға және өмірге, әлемге оң көзқараспен қарауға баули отырып, салауатты өмір салтын тәрбиелеуді білдіреді. Бұл дегеніміз,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінің тәрбиеленушісі:

салауатты өмір салтының негіздерін біледі;

негізгі эмоцияларды ажыратады және оларды атайды; тәрбиешінің көмегімен дене жаттығуларын орындайды;

доп, арқан, құрсау қолданылатын түрлі ойындарға қызығушылық танытады;

ұлттық, жарыс элементтері бар және эстафеталық ойындарға қатысады;

қауіпсіз мінез-құлық және салауатты әдет ережелерін сақтайды.

бастауыш білім беру деңгейінің білім алушысы:

салауатты өмір салтын ұстанудың негіздерін, ғимаратта және көшеде жекеқауіпсіздік сақтау ережелерін біледі;

негізгі эмоцияларды ажыратады және оларды атайды;

мұғалімнің көмегімен дамытушы дене жаттығуларын орындайды;

түрлі ойындарға, спортқа қызығушылық танытады;

жеке және топта ойнай алады, ойын ережесін сақтай алады;

салауатты өмір салтының негіздерін, жеке қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

негізгі орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

салауатты өмір салты, жеке және ұжымдық қауіпсіздік негіздері туралыбілімін тереңдетеді;

түрлі эмоцияларды ажыратады, оларды атайды және оларды басқаруды үйренеді;

дамытатын дене жаттығуларын өз бетінше орындайды;

қабілеттері мен бейімділігіне қарай дене жаттығуларының әртүрлітүрлеріне қызығушылық танытады;

ойын ережесін сақтай отырып, жеке және топтық спорттық ойындардыойнай алады;

салауатты өмір салтын насихаттай отырып, өз ортасындағы зиянды әдеттерге қарсы тұруды біледі;

салауатты өмір салтын саналы түрде сақтайды (жеке гигиена, дұрыс тамақтану және дене белсенділігі).

жалпы орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

адам ағзасының қызмет ету заңдылықтарын, зиянды әдеттердің салдарын, жеке және ұжымдық қауіпсіздікті сақтау жолдарын біледі;

түрлі эмоцияларды ажыратады, атайды және оларды басқаруды үйренеді;дамытатын дене жаттығуларын өз бетінше орындайды;

өзінің физикалық қабілеттері мен белгілі бір физикалық әрекеттегішеберлігін дамытады;

жеке және ұжымдық сауықтыру мен спорттық-сауықтыру іс-шараларынақатысады;

басқаларды зиянды әдеттерге қарсы бірлесіп күресуге шақырады;

салауатты өмір салтын саналы түрде ұстанады (жеке гигиена, дұрыс тамақтану және дене белсенділігі).

техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінің білім алушысы:

адам ағзасының қызмет ету заңдылықтарын, зиянды әдеттердің салдарын,жеке және ұжымдық қауіпсіздікті сақтау жолдарын біледі;

түрлі эмоцияларды ажыратады, атайды және оларды басқаруды үйренеді;дамытатын дене жаттығуларын өз бетінше орындайды;

өзінің физикалық қабілеттері мен белгілі бір физикалық

әрекеттегі шеберлігін дамытады;

жеке және ұжымдық сауықтыру мен спорттық-сауықтыру іс-шараларына қатысады;

басқаларды зиянды әдеттерге қарсы бірлесіп күресуге шақырады;

салауатты өмір салтын саналы түрде ұстанады (жеке гигиена, дұрыс тамақтану және дене белсенділігі).

Осы мақсаттарға жету үшін

сынып/ топ жағдайында:

білім алушыларға денсаулықтың, салауатты өмір салтының маңыздылығын түсіндіру (соның ішінде сынып/ кураторлық сағаттары, пәнаралық тақырыптар арқылы);

оқу-тәрбие үдерісіне денсаулық сақтау технологиялары, физикалық белсенді әрекеттерді кіріктіру;

білім алушылардың эмоционалдық көңіл-күйін қамтамасыз ету бойынша күнделікті рәсімдер өткізу (ойындар, эмоционалдық термометр және т.б.);

білім алушылардың тазалықты ұстану, өз денсаулығына қатысты сыни тұрғыдан ойлау, жауапкершілікпен шешім қабылдау дағдыларын дамыту;

білім алушылармен бірге денсаулыққа қатысты жобалар жүргізу;

үзіліс кезінде білім алушылардың таза ауада емін-еркін ойнауын қолдау, оқу кеңістігін үнемі желдету маңызды.

білім беру ұйымы жағдайында:

білім алушылардың денсаулығын қорғау жөнінде бекітілген саясаттың болуы;

салауатты өмір салты бойынша курстар әзірлеу;

асхана кеңістігін көркемдік тұрғыдан безендіру әрі таза және қауіпсіз тағаммен, ыдыс-аяқпен қамтамасыз ету;

білім беру ұйымының ғимаратына кіру кезінде физикалық қауіпсіздік қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

білім беру ұйымының мүмкіндіктеріне қарай балалардың қауіпсіздігі бойынша шаралар қабылдау;

білім алушылардың абайсыз жарақаттануының алдын алу бойынша шаралар қабылдау;

сумен жабдықтау және санитарлық-гигиеналық жағдайлармен қамтамасыз ету;

спорт залдарындағы киім ауыстыратын бөлмелерде қауіпсіз физикалық ортаны қамтамасыз ету;

таза ауыз сумен қамтамасыз ету және оған кедергісіз қол жеткізуге жағдай жасау;

білім беру ұйымдары жанынан тегін спорт үйірмелері, секциялар, жазғы лагерьлер құрып, тиімді жұмыс жүргізу;

білім алушылардың ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша спорт лигаларына, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша

спартакиадаларға, скауттық қозғалыстарға қатысуы үшін жағдай жасау;

педагогтердің әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша (рекреация зоналары, ауызбіршілік шаралары, эмоционалдық күйзелісті алды алу бойынша тренингтер және т.б.) шаралар ұйымдастыру;

педагогтердің оқу-тәрбие үдерісіне денсаулық сақтау технологияларын кіріктіру бойынша кәсіби дамуына жағдай жасау маңызды.

Отбасымен және қоғаммен ынтымақтастық жағдайында:

отбасы мүшелері мен қоғамдық серіктестердің білім алушылардың денсаулығын қорғау бойынша білім беру ұйымының саясатын әзірлеуге қатысуы;

ата-аналар/заңды өкілдердің балалардың таза және ұқыпты жүруін қадағалауы, үнемі медициналық тексеруден өткізуі, сондай-ақ балалардың денсаулық жағдайы туралы алдын ала хабардар етуі;

отбасы мүшелері мен қоғамдық серіктестер асханада ұсынылатын тағамның сапасын бақылауға қызығушылық танытуы және қатысуы;

қоғамдық институттар мен жекелеген мамандардың балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып салауатты өмір салты бойынша ақпараттық-ағарту курстарын (дұрыс тамақтану мәдениеті, психобелсенді заттардың, ішімдіктің, темекі шегудің зияны және салауатты өмір салтының негіздері бойынша семинар-тренингтер, көшеде, үйде, интернет-кеңістікте қауіпсіздік бойынша тренингтер) өткізуге белсене қатысуы;

отбасы мен қоғамдық серіктестердің қатысуымен үнемі сауықтыру фестивальдерін, спартакиадалар мен жарыстарды өткізуі маңызды.

Білім алушылардың бойына терең білім құндылығын сіңіру олардың оқу-танымдық және зияткерлік дамуына, өмір бойы білім алуына қолдау көрсетуді білдіреді. Бұл дегеніміз,

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінің тәрбиеленушісі:

қоршаған ортаны тануға қызығушылық танытады;
тәрбиешінің көмегімен қоршаған ортамен танысады;
қоршаған ортаға деген көзқарасын білдіреді.

бастауыш білім беру деңгейінің білім алушысы:

білім арудың маңыздылығын түсінеді;
мұғалімнің көмегімен оқу іс-әрекетін жоспарлауды үйренеді;
оқу іс-әрекетінде жеке ақпараттық технологияларды қолдануды біледі;
әртүрлі көздерден ақпаратты іздеуге қабілетті;
өзінің жеке көзқарасын айқындайды.

негізгі орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

білімін тереңдетеді;
оқуын өз бетінше жоспарлайды;
оқу қызметінде ақпараттық технологиялардың түрлерін пайдаланады;
түрлі сипаттағы ақпаратты өңдейді;
өз көзқарасымен бөліседі.

жалпы орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

білімін жетілдіреді;
өзінің оқуын және болашақ даму бағытын өз бетінше
жоспарлайды; әртүрлі ақпарат көздерінен алған білімдерін
жалпылай алады; пікірлерін дәлелдейді.

техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінің білім алушысы:

өзінің кәсіби білімін жетілдіреді;
өзінің кәсіби өсуі мен оқуын жоспарлайды;
әртүрлі ақпарат көздерінен алған білімдерін жалпылай алады;
ұжымда өз пікірін дәлелдейді.
Осы мақсаттарға жету үшін:

сынып/ топ жағдайында:

адам өміріндегі терең білімнің, оқып-білудің маңыздылығын түсіндіру;

білім алушылардың танып-білуге деген ішкі құштарлығына, жаңалықтар ашуға деген ынта-талабына, зияткерлік тұрғыда өсуіне қолдау көрсету; білім алушылардың білімді өз бетінше іздеу сыни ойлауды, оқу сауаттылығын және ақпараттық мәдениетті дамыту үшін әртүрлі әдістер қолдану;

белгілі бір пәндерді тереңірек зерттеу үшін вариативті компоненттің мүмкіндіктерін пайдалану;

оқуға деген қызығушылық пен құштарлықты дамыту үшін үшін ақпараттық, коммуникациялық және цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану маңызды.

білім беру ұйымы жағдайында:

білім беру ұйымында үлгерімі нашар білім алушыларға қолдау көрсету бойынша (соның ішінде консультациялар мен факультативті сабақтар ұйымдастыру арқылы) бекітілген саясаттың болуы;

білім беру ұйымдарында кітап оқуды белсенді түрде насихаттау (соның ішінде сабақтар арасындағы үзілістерде 20 минуттық кітап оқу дәстүрін қалыптастыру; кітап алмасу және оларды бос уақытта бірлесіп

талқылау үшін «Буккроссинг» оқу бұрыштарын ұйымдастыру арқылы);

білім беру ұйымындағы кітапхана кеңістігін білім алушылардың оқырман мәдениетінің дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз ететін ресурстық ақпараттық- білім беру, мәдени, бос уақыт өткізуге болатын коворкинг орталықтары ретінде жаңғырту;

білім беру ұйымының сайтында үздік балалар мен жасөспірімдер әдебиетіне арналған түрлі қызметтер, балалар мен жасөспірімдердің оқу белсенділігін жандандыру бойынша ресурстар (интернет-викториналар, ұсынмдық сервистер, кітап клубтары туралы ақпарат және т.б.) орналастыру;

зияткерлік бағыттар бойынша үйірмелер мен клубтар құру;

зияткерлік конкурстар, олимпиадалар мен турнирлер өткізу;

педагогтердің білім алушылардың когнитивті қабілеттерін дамыту бойынша кәсіби тұрғыда дамуына жағдай жасау маңызды.

отбасымен және қоғаммен ынтымақтастық жағдайында:

отбасы мен білім беру ұйымының білім алушылардың жеке оқу траекториясын бағдарлауға, олардың тұлғалық әлеуетін ашуға (соның ішінде педагогтермен/ заңды тұлғалармен жеке кездесулер ұйымдастыру арқылы) өзара жұмылуы маңызды.

1. Білім алушылардың бойына еңбекқорлық пен шығармашылық құндылықтарын сіңіру оларды еңбекке баули отырып, адал еңбекке құрметпен қарауды, қазіргі заманғы технологиялық өрлеу жағдайында жаңа дағдыларды игеруі мен өз еңбегінде кәсібилік пен шеберлікке ұмтылуына үнемі қолдау көрсетуді және мақсатқа жету, табандылық пен ерік-жігерлілік сияқты қасиеттерді дамытуды білдіреді. Бұл дегеніміз,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінің тәрбиеленушісі:

ойын және шығармашылықта қолданылатын түрлі керек-жарақтармен танысады;

тәрбиешінің көмегімен түрлі шығармашылық іс-әрекет түрлерін орындайды;

дағдыларын дамыту;

ересектердің еңбегін бақылайды;

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелеріне құрметпен қарайды; достарына және ересектерге көмектесуге ұмтылады;

бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді, жақсы орындайды.

бастауыш білім беру деңгейінің білім алушысы:

түрлі кәсіп түрлерімен танысады;

мұғалімнің көмегімен әртүрлі іс-әрекеттің мақсатын анықтай алады; мақсатына жету үшін ізденіс пен шығармашылық тәсілді қолданады; қажет болған жағдайда мұғалімнің көмегіне жүгіне отырып мақсатқа

жетуде туындаған қиындықтарды еңсереді;

алға қойған мақсатқа жету үшін жеке және топта жұмыс істейді;
басқаларға жеке және топтық жұмыстың мәні мен нәтижелерін түсіндіреді; алға қойған мақсаттарға жету үшін жаңа шығармашылық тәсілдер, идеялар мен шешімдер іздейді.

негізгі орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

түрлі кәсіп түрлерінің ерекшеліктерімен танысады;

әр түрлі іс-әрекетте мақсат пен оған жету жолдарын өз бетінше анықтай алады;

мақсатына жету үшін ізденіс пен шығармашылық тәсілді қолданады; алға қойған мақсаттарға жетуде әртүрлі сипаттағы қиындықтарға өз

бетінше төтеп бере алады;

алға қойылған мақсатқа жету үшін жеке және топта тиімді жұмыс істейді; басқаларға жеке және топтық жұмыстың мәні мен нәтижелерін түсіндіреді.

жалпы орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

өзінің мықты тұстарын, бейімділігін және қабілеттерін ескере отырып, болашақ кәсіби қызметін анықтайды;

қолда бар ресурстарды ескере отырып, әр түрлі іс-әрекет түрлерінде мақсатпен оған жету жолдарын анықтай алады;

мақсатына жету үшін ізденіс пен шығармашылық тәсілді қолданады; алға қойған мақсаттарға жету үшін түрлі сипаттағы қиындықтарға бейімделеді;

алға қойылған мақсатқа жету үшін жеке және топта тиімді жұмыс істейді; жеке және топтық жұмыстың нәтижелерін таныстырады;

мақсаттарға жету үшін жаңа дағдыларды дамытады.

техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінің білім алушысы:

өзінің кәсіби саласын біледі;

қолда бар ресурстарды ескере отырып, әр түрлі іс-әрекет түрлерінде мақсатқоя біледі және оған жету жолдарын анықтай алады;

мақсатына жету үшін ізденіс пен шығармашылық тәсілді қолданады; алға қойған мақсаттарға жетуде түрлі сипаттағы қиындықтарға табандылық танытады;

алға қойылған мақсатқа жету үшін жеке және топта тиімді жұмыс істейді;

жеке және топтық жұмыстың нәтижелерін таныстырады;

мақсаттарға жету үшін жаңа дағдыларды дамытады.

Осы мақсаттарға жету үшін

сынып/ топ жағдайында:

білім алушыларға адал еңбектің, өзін-өзі үнемі жетілдірудің маңыздылығын түсіндіру (соның ішінде сынып/ кураторлық сағаттары, пәнаралық тақырыптар арқылы);

жаңа идея, өнім жасауда білім алушылардың жеке шығармашылық және зерттеушілік іс-әрекетіне қолдау білдіру;

жеке дамуы мен өзінің мықты тұстарын айқындау үшін өзін-өзі бағалауға ынталандыру;

білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі кәсіпке баулу;

білім алушылардың қызығушылықтары мен кәсіби таңдауларын ескере отырып, жеке даму траекторияларын бағдарлау маңызды.

білім беру ұйымы жағдайында:

білім беру қауымдастығы мүшелерінің еңбегіне құрметпен қарап, алғыс айту (күзет қызметі, техникалық қызметкерлер, асхана қызметкерлері);

білім алушылардың шығармашылық еңбекпен айналысуына қолайлы жағдайлар жасау (лабораториялар, медиа студиялар, жылыжай кешендері, шеберханалар, maker space аймақтары);

білім алушылардың қабілеттері мен бейімділіктерін дамыту үшін үйірмелер мен секциялар ұйымдастыру;

білім алушылардың ерте кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ету үшін кәсібибағдар беруші штатын енгізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;

ерте кәсіби бағдар беру мақсатында оқу-өндірістік комбинаттар құру; әртүрлі мамандық иелерінің, бизнес өкілдерінің, табысты кәсіпкерлердің үздіксіз тәлімгерлігін ұйымдастыру;

білім алушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау үшін этикалық қағидаттарды сақтай отырып әрі білім алушылар мен олардың ата-аналарына/ заңды өкілдеріне сапалы кері байланыс бере отырып тұрақты түрде диагностика өткізу;

педагогтердің білім алушылардың икемділіктері мен қабілеттерін анықтау, шығармашылық дамуы мен зерттеу дағдыларын дамыту саласында кәсіби дамуына жағдай жасау маңызды.

отбасымен және қоғаммен ынтымақтастық жағдайында:

ата-аналарды/заңды өкілдерді өздерінің кәсіби қызметіне қатыстытақырыптар бойынша қонақ ретінде шақыру;

ерте кәсіптік бағдарлауға қоғамдық серіктестерді тарту, соның ішінде тағылымдамадан өту мүмкіндіктері арқылы;

білім алушылардың технологиялық парктердің, IT хабтардың қызметіментанысуына мүмкіндік беру;

бизнес, ғылым өкілдерін білім алушылардың стартап жобаларын қолдау.

2. Білім алушыларға құрмет пен ынтымақтастық құндылықтарын сіңіру өзгелердің құқықтары мен абыройына құрметпен қарап, топта тиімді жұмыс істей алатын, қоғамда сыйластық, түсіністік пен ұлтаралық келісімді сақтай алатын тұлға тәрбиелеуді білдіреді. Бұл дегеніміз,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінің тәрбиеленушісі:

ересектердің көмегімен мінез-құлық ережелерімен танысады; амандасу, қоштасу және айналасына алғыс айтуды біледі;

басқалардың жетістігіне қуанады;
мұғалімнің көмегімен топта жұмыс істейді;
достық қарым-қатынас ережелерін сақтайды (сыпайылық, ризашылық).

бастауыш білім беру деңгейінің білім алушысы:

мектепте, жанұяда және қоғамда, оның ішінде интернет кеңістігінде адамдар арасындағы қарым-қатынастың ережелері мен нормаларын біледі;

достық қарым-қатынас ережелерін (сыпайылық, ризашылық) сақтайды, (соның ішінде интернет кеңістігінде);

эртүрлі көзқарастардың болу мүмкіндігін және әр адамның өз пікірін білдіру құқығын мойындайды;

басқалардың құқықтарын құрметтей отырып түрлі қарым-қатынас жағдаларына қатысады;

мінез-құлықтың жалпы нормаларын, сыныптың ортақ құндылықтарын анықтауға қатысады;

мұғалімнің жетекшілігімен жеке және ұжымдық мақсаттарға жету үшін топта жұмыс істейді.

негізгі орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

қоғамдағы және интернеттегі адамдар арасындағы қарым-қатынастың ережелері мен нормалары туралы білімін кеңейтеді;

ұжымда, оның ішінде интернет кеңістігінде, достық қарым-қатынас ережелерін сақтайды;

бірлескен қызмет барысында эртүрлі пікірлерді ескереді;

түрлі қарым-қатынас жағдайларында басқалардың құқықтарын құрметтей отырып сындарлы түрде өз көзқарасын білдіреді;

жалпы мінез-құлық нормаларын әзірлеуге, сыныптың және мектептің құндылықтарын анықтауға қатысады.

жалпы орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

қоғамның нормалары мен ережелеріне сәйкес келмейтін мінез-құлықты анықтайды;

тұлғааралық қарым-қатынас ережелерін, соның ішінде интернет кеңістігіндегі қарым-қатынас ережелерін, жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтайды;

пікірлердің, көзқарастардың және мәдениеттердің эртүрлілігін ескере отырып, қақтығыстарды шешудің оңтайлы жолдарын ұсынады;

басқалардың құқықтарын құрметтей отырып түрлі қарым-қатынас жағдайында өз көзқарасын дәлелдейді;

өз айналасында мектептің тәртіп нормалары мен құндылықтарын насихаттайды;

басқаларды ортақ мақсат төңірегінде біріктіре алады.

техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінің білім алушысы:

қоғамның нормалары мен ережелеріне сәйкес келмейтін мінез-құлықты анықтайды;

ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынас ережелерін, соның ішінде

интернет кеңістігіндегі қарым-қатынас ережелерін, жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтайды;

пікірлердің, көзқарастардың және мәдениеттердің әртүрлілігін ескере отырып, қақтығыстарды шешудің оңтайлы жолдарын ұсынады;

басқалардың құқықтарын құрметтей отырып түрлі қарым-қатынас жағдайында өз көзқарасын дәлелдейді;

өз айналасында тәртіп нормалары мен құндылықтарды насихаттайды; басқаларды ортақ мақсат төңірегінде біріктіре алады.

Осы мақсаттарға жету үшін:

сынып/топ жағдайында:

білім алушыларға өзгелердің құқықтары мен абыройына нұқсан келтірмеу, құрметпен қараудың маңыздылығын түсіндіру (соның ішінде сынып/ кураторлық сағаттары, пәнаралық тақырыптар арқылы);

қоғамда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру (сыпайылық, амандасу, қоштасу, алғыс айту);

білім алушылармен бірге сыныптың/топтың тәртіп нормалары мен ережелерін әзірлеу;

білім алушылардың бір-бірінен үйрену, бірін-бірі бағалау мәдениетін дамыту;

білім алушылардың аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ынтымақтастық көкжиегін кеңейтуге жағдай жасау маңызды.

білім беру ұйымы жағдайында:

білім беру ұйымының қауымдастығында ашық, достық әрі өзара қолдау білдіруге дайын орта қалыптастыру;

білім беру қауымдастығының барлық мүшелері етене таныс әрі күнделікті ұстанатын буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық жағдайларын алдын алудың бекітілген нақты ережелері мен рәсімдерін әзірлеу;

білім алушылардың мәдени ерекшеліктерін ескере отырып мектеп өмірінетендей тарту, қатыстыру шараларын қарастыру;

ақпараттық стендке білім алушылар әртүрлі жағдайларда ересектерден (педагогтен басқа) кімге жүгіну керектігін көретін (әлеуметтік педагог, психолог, мектеп меңгерушісі; сенім телефоны, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі тәуелсіз ұйымдар туралы) ақпарат орналастыру;

білім беру қауымдастығында өзара кикілжіндерді, келіспеушіліктерді шешуге бағытталған медиация қызметін жүзеге асыру;

білім беру ұжымында педагогтің өзара келісілген кәсіби этикасының кодексін ұстануы (соның ішінде педагог тарапынан буллинг белгілері нақты айқындалған);

педагогтердің білім алушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту бойынша (әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар, сынып менеджменті, білім беру кеңістігін басқару, топтық жұмысты ұйымдастыру) кәсіби дамуына мүмкіндіктердің болуы маңызды.

отбасымен және қоғаммен ынтымақтастық жағдайында:

отбасы және қоғам өкілдері білім беру ұйымының буллингке қарсы саясатын әзірлеуге қатысуы;

білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тиісті басқармалармен, қоғамдық мекемелермен, жекелеген мамандармен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша тренингтер, семинарлар өткізу маңызды.

3. Білім алушылардың бойына ұлттық мұра құндылығын сіңіру оларды қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тілді, біртуар тұлғалардың мұрасын танып-білуге, сондай-ақ дінаралық және мәдениетаралық диалогты сақтау үшін барлық халықтар мен ұлыстардың тіліне, тарихына, дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, ұлттық мәдениетіне құрметпен қарауды тәрбиелеуді білдіреді. Бұл дегеніміз,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінің тәрбиеленушісі:

қазақтың тілін, салт-дәстүрін (қонақ күту, отырғызу, сый-сияпат, сыбаға, бата беру, ас қайыру) біледі;

тәрбиешінің көмегімен қазақтың ауыз әдебиеті, бейнелеу өнері, музыкалық шығармаларымен танысады;

қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын атайды; тәрбиешінің көмегімен қазақ халқының және Қазақстан этностарының әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне байланысты

ұлттық іс-шараларға қатысады;

тәрбиешінің көмегімен ұлттық өнердің қарапайым үлгілерін өзінің шығармашылық әрекетінде орындайды.

бастауыш білім беру деңгейінің білім алушысы:

қазақтың және Қазақстан халқының ұлттық дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен, ауыз әдебиеті туындыларымен, туған өлкесінің тарихи көрікті жерлерімен, табиғи байлықтарымен танысады;

басқалардың қолдауымен Қазақстанның отбасылық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен құндылықтарын ұстанады;

басқалардың көмегімен мемлекеттік тілдің маңыздылығын, қазақ халқы мен Қазақстан этностарының тарихи, табиғи байлығы мен салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының алуан түрлілігін анықтайды;

басқалардың көмегімен қазақ халқының және Қазақстан этностарының әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне байланысты ұлттық іс-шараларға қатысады;

мұғалімнің көмегімен ұлттық өнердің қарапайым үлгілерін шығармашылық іс-әрекетінде қайталай алады.

негізгі орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

ұлттық салт-дәстүрлердің байлығы, табиғи алуан түрлілігі және туған жерінің тарихи көрікті жерлері туралы түсінігін кеңейтеді;

отбасылық және ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, Қазақстанның құндылықтарын ұстанады;

мемлекеттік тілдің маңыздылығын, қазақ халқы мен Қазақстан

этностарының тарихи, табиғи байлығы мен дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының алуан түрлілігін жаһандық контексте айқындайды;

қазақ халқының және Қазақстан этностарының әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне байланысты ұлттық іс-шараларға өз бетінше қатысады;

шығармашылық және еңбек қызметінде ұлттық өнердің өзіндік үлгілерін жасайды.

жалпы орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

өзінің ұлттық тамырын, ұлттық мәдениет жетістіктерін және оның әлемдегі орнын анықтайды;

отбасылық және ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, Қазақстанның құндылықтарын ұстанады;

тарихи үдерістерді, оқиғалар мен құбылыстарды ұлттық мәдениеттің даму контекстінде жалпылай алады;

қазақ халқының және Қазақстан этностарының салт-дәстүрлеріне, салт-дәстүрлеріне байланысты ұлттық іс-шараларды өткізеді;

өз айналасындағы адамдарды мәдени, тарихи, табиғи мұраны сақтауға шақырады;

мәдени, табиғи және тарихи мұраның жетістіктерін ел ішінде және әлемдік деңгейде насихаттайды.

техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінің білім алушысы:

өзінің ұлттық тамырын, ұлттық мәдениет жетістіктерін және оның әлемдегі орнын анықтайды;

отбасылық және ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, Қазақстанның құндылықтарын ұстанады;

тарихи үдерістерді, оқиғалар мен құбылыстарды ұлттық мәдениеттің даму контекстінде жалпылай алады;

қазақ халқының және Қазақстан этностарының салт-дәстүрлеріне, салт-дәстүрлеріне байланысты ұлттық іс-шараларды өткізеді;

өз айналасындағы адамдарды мәдени, тарихи, табиғи мұраны сақтауға шақырады;

мәдени, табиғи және тарихи мұраның жетістіктерін ел ішінде және әлемдік деңгейде насихаттайды.

Осы мақсаттарға жету үшін

сынып/ топ жағдайында:

оқу-тәрбие үдерісіне қазақ халқының мәдениетіне тән аңыз бен нарративтерді кіріктіру;

білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қазақтың халық әдебиетіне қызықтыру;

көркемдік-өлкетану тәсілі арқылы еліміздің тарихи, сәулеттік және мәдени орындарына өлкетану экскурсиялары, қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа этностардың мәдени мұрасын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу мақсатында мұражайларға саяхаттар ұйымдастыру (соның ішінде ақпараттық және цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін

пайдалана отырып).

білім беру ұйымы жағдайында:

білім беру қоғамдастығының мүшелерінің Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, мемлекеттік тіліне, мәдени мұрасына құрмет көрсетуі;

білім беру қоғамдастығының мүшелері мемлекеттік тілді күнделікті өзарақарым-қатынас құралы ретінде қолдануы;

мемлекеттік рәміздерді шығарумен өтетін жалпы мектептік іс-шаралардың тәртібін анықтау;

білім беру ұйымының физикалық кеңістігін мемлекеттік рәміздерді, аймақтың аумақтық және мәдени мұрасын ескере отырып безендіру;

білім алушылардың ұлттық мұраны өзінің туған өлкесі, ел деңгейінде және жаһандық деңгейде танымал ету және насихаттау жөніндегі бастамаларын (мектептер/колледждер жанындағы тарихи-археологиялық қозғалыстар, тіл фестивальдері, қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін танымал ету және т.б.) қолдау маңызды.

отбасымен және қоғаммен ынтымақтастық жағдайында:

өскелең ұрпақты ұлттық тәрбиеге баулу үшін ата-әжелермен («Аталар мектебі», «Әжелер мектебі»), мәдениет, мемлекет және қоғам қайраткерлерімен тұрақты кездесулер ұйымдастыру маңызды.

4. Білім алушыларға отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік құндылықтарын сіңіру олардың бойында өз елінің табысы мен жетістіктері үшін мақтанш сезімін ұялата отырып, қоршаған ортаның, ауылдың, қаланың, өлкенің өмірін жақсартуға баулу арқылы ұлттық мүддені қорғауға дайын әлеуметтік белсенді және жауапкершілігі мықты тұлғаны тәрбиелеуді білдіреді. Бұл дегеніміз,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінің тәрбиеленушісі:

өзінің туған өңірі, қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы туралы алғашқы түсінігі бар;

тәрбиешінің көмегімен мемлекеттік әнұранды орындайды; мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, ту) сипаттама береді;

мемлекеттік мерекелерге қатысады;

достарына, туған жерге, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарайды.

бастауыш білім беру деңгейінің білім алушысы:

өзінің мектеп пен қоғам өміріне қатыстылығын сезінеді;

басқалар жүктеген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайды; түрлі қарым-қатынас жағдайларында өз пікірін білдіреді;

топта қоршаған әлемнің мәселелерін талқылайды;

мұғалімнің көмегімен қоршаған әлемді жақсартуға қатысады.

негізгі орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

өзінің отбасы мен қоғам алдындағы рөлі мен жауапкершілігін түсінеді; қоғамның алдына қойған міндеттерін жауапкершілікпен орындайды; өзінің

жеке көзқарасын анықтайды;
топта түрлі рөлдерді үйлестіреді;
өз бастамасымен қоршаған әлемді жақсартуға жауапкершілікпен қатысады.

жалпы орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

өзін Қазақстан азаматы ретінде таниды;
қоғамның алдына қойған міндеттерін жауапкершілікпен орындайды; түрлі қарым-қатынас жағдайларында өз көзқарасын дәлелдейді; топта түрлі рөлдерді үйлестіреді;
өз бастамасымен қоршаған әлемді жақсартуға жауапкершілікпен қатысады.

техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінің білім алушысы:

өзін Қазақстан азаматы ретінде таниды;
алдына қойған кәсіптік міндеттерді жауапкершілікпен орындайды; түрлі қарым-қатынас жағдайларында өз көзқарасын дәлелдейді;
еңбек ұжымында түрлі рөлдерді үйлестіреді;
өз бастамасымен қоршаған әлемді жақсартуға жауапкершілікпен қатысады.

Осы мақсаттарға жету үшін

сынып/топ жағдайында:

оқу-тәрбие үдерісіне азаматтық-құқықтық тәрбие, тұрақты даму (оның ішінде сынып сағаттарын/кураторлық сағаттарды өткізу, пәнаралық байланыстарды қамтамасыз ету) тақырыптарын енгізу;

білім алушыларды қоғамға қызмет ету тәжірибесіне баулу, қоршаған ортамәселелерін шешуде жобалық әрекетпен айналысуын ұйымдастыру;

білім алушылардың бастамалары, олардың өз пікірін айта білу және әртүрлі қызмет түрлерінде дербес әрі саналы түрде таңдау жасауын қолдау маңызды.

білім беру ұйымы жағдайында:

білім алушылардың білім беру ұйымы (өзін-өзі басқару органдары, парламенттер) мен қоғам өмірінің түрлі салаларына жауапкершілікпен және белсенді қатысуын қолдау.

білім алушылардың білім беру ұйымы деңгейінде талқылау, шешім қабылдау үдерісіне жүйелі түрде атсалысуы (ұсыныс жәшіктері, сауалнамалар, фокус-топтар);

білім алушылар білім беру кеңістігін жобалауға және дизайнын жасауға тартылуы маңызды.

5. Білім алушылардың бойына адалдық пен парасаттылық құндылықтарын сіңіру олардың әдептілік қырлары мен адамгершілік түсініктерін қалыптастыруды, адалдық, заңға бағыну, прагматизм сынды қасиеттерді іштей түйсінуді тәрбиелеуді, өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін арттыру арқылы академиялық адалдыққа баулуды білдіреді. Бұл

дегеніміз.

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінің тәрбиеленушісі:

ненің «дұрыс» және «бұрыс» екенін түсінеді;

тәрбиешінің көмегімен ненің «жақсы» және «жаман» екенін ажыратады; дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас танытады;

басқалардың адалдыққа кереғар әрекеттерімен келіспейтінін білдіреді; басқалардың көмегімен өзіне жүктелген міндеттерді адал орындайды. бастауыш білім беру деңгейінің білім алушысы:

айналамен қарым-қатынаста ар-намыс, әдептілік, адалдық қағидаттары туралы жалпы түсінігі бар;

ненің жақсы, ненің жаман екенін ажыратады;

желіде орналастырылған барлық ақпарат сенімді және пайдалы емес екенін түсінеді;

басқалардың адалдыққа кереғар әрекеттерімен келіспейтінін білдіреді; басқалардың көмегімен өзіне жүктелген міндеттерді адал орындайды.

негізгі орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

айналамен қарым-қатынаста ар-намыстың, әдептілік, адалдық қағидаттарын ұстанудың маңыздылығын түсінеді;

басқалардың адал істеріне қолдау білдіреді; жалған ақпаратты анықтай алады;

басқалардың ой-пікір, әрекетіне қатысты өзінің моральдық ұстанымын білдіреді;

өзіне жүктелген міндеттерді адал орындайды.

жалпы орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

қоғамдағы ар мен намысқа, абыройға нұқсан келтіретін әрекеттердің, сыбайлас жемқорлықтың салдарын түсінеді;

ақпаратты сыни тұрғыдан сараптайды;

адалдыққа кереғар іс-әрекеттің салдарын анықтайды;

басқаларға өз ұстанымын қорғауда қолдау көрсетеді;

ар-намысқа, абыройға, адалдық нормаларына қайшы әрекеттерге төзбеушілік танытады.

өзіне жүктелген міндеттерді адал орындайды.

техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінің білім алушысы:

қоғамдағы ар мен намысқа, абыройға нұқсан келтіретін әрекеттердің, сыбайлас жемқорлықтың салдарын түсінеді;

ақпаратты сыни тұрғыдан сараптайды;

адалдыққа кереғар іс-әрекеттің салдарын анықтайды; басқаларға өз ұстанымын қорғауда қолдау көрсетеді;

ар-намысқа, абыройға, адалдық нормаларына қайшы әрекеттерге төзбеушілік танытады;

өзіне жүктелген кәсіптік міндеттерді адал әрі сапалы орындайды.

Осы мақсаттарға жету үшін

сынып/топ жағдайында:

оқу-тәрбие үдерісіне әдептілік және адалдық тақырыптарын кіріктіру; оқу барысында академиялық адалдықты сақтау қағидаларын сақтауды түсіндіру;

білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясатын шынайы және ашық ұстау маңызды.

білім беру ұйымы жағдайында:

білім беру ұйымының негізгі құжаттарының ашық және қолжетімді болуы; білім алушылар мен олардың отбасыларының жеке деректерін сыртқа таратпау;

қамқоршылық кеңес мүшелерін ашық түрде сайлау;

білім беру ұйымының басшыларының жыл сайын білім беру қоғамдастығы алдында өз қызметі туралы есеп беруді дәстүрге айналдыруы маңызды.

6. Білім алушылардың бойына мейірімділік пен қамқорлық құндылықтарын сіңіру оларды жанашырлыққа, эмоционалдық елгезектікке және жақындарына, жануарларға, қоршаған әлемге мейірімді болуға, оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеуді білдіреді. Бұл дегеніміз,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінің тәрбиеленушісі:

жақындарына, жан-жануарларға, туған жердің табиғатына мейірімділікпен қараудың, қамқорлық танытудың маңыздылығын түсінеді;

өз сөзі мен іс-әрекеті үшін басқалардан кешірім сұрай алады әрі кешіре алады;

өз заттарына, балабақша мен айналадағы табиғатқа ұқыпты қарайды; тәрбиешінің көмегімен өз қызметінің қоршаған ортаға зияны мен пайдасын ажыратады;

эмоционалды қолдау білдіру арқылы достарына, жақындарына және қоршаған ортаға қамқорлық танытады.

бастауыш білім беру деңгейінің білім алушысы:

жақындарына, жан-жануарларға, туған жердің табиғатына қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсінеді;

өз сөзі мен іс-әрекеті үшін басқалардан кешірім сұрай алады әрі кешіре алады;

өз заттарына, мектеп мүлкіне және қоршаған ортаға ұқыпты қарайды;

өз қызметінің эмоционалды қолдау білдіру арқылы достарына, жақындарына және қоршаған ортаға қамқорлық танытады;

мұғалімнің көмегімен қоғамның, қоршаған дүниенің мәселелерін шешуге атсалысады.

негізгі орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

адамзаттың жаһандық және жергілікті мәселелері туралы жалпы түсінігі бар;

өз сөзі мен іс-әрекеті үшін басқалардан кешірім сұрай алады әрі кешіре алады;

қоршаған ортаға адамның іс-әрекеті мен технологиялық үдерістердің зияны мен пайдасын ажыратады;

адамның іс-әрекеті мен технологиялық үдерістердің қоршаған ортаға әсерітуралы баяндай алады;

қайырымдылық шараларына қатысады;

қоғамның, қоршаған әлемнің мәселелерін шешудің ықтимал жолдарын жүзеге асырады.

жалпы орта білім беру деңгейінің білім алушысы:

адамзаттың жаһандық және жергілікті мәселелері туралы түсініктерін кеңейтеді;

өз сөзі мен іс-әрекеті үшін басқалардан кешірім сұрай алады әрі кешіреалады;

адамзаттың жаһандық және жергілікті мәселелерінің себептерін зерттейді; адамзат мәселелеріне қатысты өз ұстанымын білдіреді;

қайырымдылық шараларына қатысты бастама көтереді;

қоғамның, қоршаған әлем мен адамзаттың мәселелерін шешудің ықтимал жолдарын жүзеге асырады;

басқаларға қайырымдылық көрсету және қоршаған ортаны қорғау бастамаларының қасынан табылады.

техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінің білім алушысы:

адамзаттың жаһандық және жергілікті мәселелері туралы түсініктерін кеңейтеді;

өз сөзі мен іс-әрекеті үшін басқалардан кешірім сұрай алады әрі кешіреалады;

адамзаттың жаһандық және жергілікті мәселелерінің себептерін зерттейді;

адамзат мәселелеріне қатысты өз ұстанымын білдіреді;

қайырымдылық шараларына қатысты бастама көтереді;

қоғамның, қоршаған әлем мен адамзаттың мәселелерін шешудің ықтимал жолдарын жүзеге асырады;

басқаларға қайырымдылық көрсету және қоршаған ортаны қорғау бастамаларының қасынан табылады.

Осы мақсаттарға жету үшін

сынып/ топ жағдайында:

педагогтердің білім алушылардың сұраныстары мен қажеттіліктеріне мейірімділік пен түсіністік танытуы;

оқу-тәрбие үдерісіне отбасы мүшелеріне, жануарларға, қоршаған әлемге қамқорлық көрсету (оның ішінде сынып/кураторлық сағаттарды өткізу, пәнаралық байланыстарды қамтамасыз ету арқылы) тақырыптарын кіріктіру;

білім алушылардың жеке жетістіктері, талпыныстары мен ұмтылыстарын ескеріп, қолдау білдіру;

оқу және оқудан тыс іс-әрекетте қоғамға қызмет тәжірибелерін, қайырымдылық іс-шараларын кіріктіру;

қоршаған ортаға саналы түрде қамқорлықпен қарауды үйрету арқылы оқу кабинеттерінің, білім беру ұйымы аумағының тазалығы мен тәртібін сақтауға баулу маңызды.

білім беру ұйымы жағдайында:

білім алушыларға қатысты мейірімділікке негізделген тәртіптік саясатын жүзеге асыру;

келесі оқу деңгейіне немесе басқа білім беру ортасына көшу кезінде білімалушыларды бейімдеу бойынша саясаттың болуы;

ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты оң көзқарас қалыптастыру;

психологиялық соққы алған білім алушыларға қолдау көрсету шараларын қарастыру;

өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету бойынша жұмысты тиімді ұйымдастыру;

білім беру қоғамдастығының мүшелерін қолдау мақсатында қайырымдылық шараларды ұйымдастыру;

жоғары сынып білім алушыларының өзінен кіші білім алушыларға тәлімгерлік етуіне, бірлесе жобалық әрекетпен айналысуына жағдай жасау; білім беру ұйымы түлектерінің тәлімгерлігін ұйымдастыру маңызды.

отбасымен және қоғаммен ынтымақтастық жағдайында:

салалық ұйымдармен кейс-менеджмент бойынша тиімді жұмыс жүргізу; жетімдер үйлеріне, қарттар үйлеріне, жануарларға арналған хоспистерге

бару жүйелі түрде баруды ұйымдастыру;

соғыс және еңбек ардагерлерімен тұрақты қарым-қатынас орнату маңызды.

Құндылықтарға негізделген тәрбие мазмұны анықталды

«Толық адам» тұжырымдамасы білім беру үдерісінің қатысушылары (білім алушылар, педагогтер, ата-аналар/заңды өкілдер, әкімшілік, білім беру ұйымының қызметкерлері) ортақ құндылықтар жүйесі мен мінез-құлық нормаларын ұстанса ғана жүзеге асады.

Дәстүрлі түрде өткізілетін тәрбиелік шаралар жаңа ұрпақтың сұранысы мен қажеттілігіне сай келмей жатады. Қазіргі заманғы түсінікке сәйкес мызғымас құндылық бағдарларын тәрбиелеу білім алушылардың тұлғалық, эмоционалдық тәжірибесін байыта түсетін іс-әрекетке тартуға байланысты. Бұл бір реттік тәрбие іс-шараларын өткізуден гөрі, білім алушылардың жеке тәжірибесін дамыту үшін жағдай жасауға баса назар аударуды білдіреді.

Жеке тұлғаның үйлесімді дамуы, ең алдымен, білім беру ұйымының қалыптасқан мәдениетіне, оқу және оқудан тыс шараларды ұйымдастыру тәртібіне, отбасымен және қоғамдық серіктестермен ынтымақтастық орнату

деңгейіне тығыз байланысты.

1) Жоспарлауға тұтас көзқарас. Құндылықтарды сіңіруге тұтас көзқарас білім беру ұйымының миссиясы, басым құндылықтары, даму мақсаттарының айқындалуына, тәрбие жұмысын үйлестіру үшін негізгі қатысушылардың тобы құрылып, жүзеге асыру үшін тиімді тетіктерінің әзірлену жолдарына байланысты.

Білім беру ұйымдары құндылықтарды сіңірудің бірыңғай тәсілдері мен әдістерінің жоқ және болуы мүмкін емес екенін түсінуі керек. Бұл білім беру ұйымының білім алушылардың мүдделерін, қажеттіліктерін, жергілікті жердің ерекшеліктерін және мемлекеттік басымдықтарды негізге ала отырып, басым құндылықтарды, тәрбие жұмысын жүзеге асырудың нысандарын мен әдістерін дербес түрде анықтауын білдіреді. Ол үшін негізгі үйлестірушілер тобы білім беру ұйымының миссиясы мен мақсаттарына және оқу-тәрбие жоспарына сәйкес жылдық және айлық тәрбие жоспарларын әзірлеп, тәрбие жұмысын мұқият жоспарлауы керек. Бұл ретте сынып сағаттары/кураторлық сағаттар оқу-тәрбие процесінің толыққанды және ажырамас құрамдас бөлігі болуға тиіс.

Осы орайда, білім беру ұйымында педагогтердің үздіксіз дамуы мен өзара ынтымақтастығы мәдениетін дамыту маңызды. Оған білім беру/ оқу бағдарламаларының мазмұны мұқият зерделеніп, құндылықтарды оқу-тәрбие үдерісіне кіріктірудің тиімді әдістері талқыланатын педагогтердің ресми және бейресми бірлестіктері жатады.

2) *Оқу іс-әрекеті*

Оқу бағдарламаларының/модульдердің мазмұнына құндылықтарды кіріктіру дегеніміз:

балалардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнындағы тәрбие мақсатын нақтылау;

қоршаған әлем туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру үшін пәнаралық, пәнішілік байланыстарды қамтамасыз ету;

құндылықтарды дарытуға және кең ауқымды дағдыларды дамытуға арналған тиісті мәтіндерді, тапсырмалар мен міндеттерді іріктеу;

білім алушылардың танымдық әрекетін ынталандыру үшін оқытудың белсенді әдістерін қолдану, соның ішінде жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру.

3) *Оқудан тыс іс-әрекет*

Тәрбие тек оқумен шектелмейді. Білім беру ұйымының тыныс-тіршілігінде оқудан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандары орын алады, оның ішінде:

білім алушылардың қызығушылықтары, бастамалары негізінде түрлі үйірмелер мен секциялар ұйымдастыру;

жалпы мектепшілік іс-шаралар (мемлекеттік және ұлттық мерекелерге байланысты іс-шаралар; елдегі атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға арналған іс-шаралар; оқу жылының басталуына және аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар; олимпиадалардағы, спорттық және шығармашылық конкурстар мен жарыстардағы жетістіктері үшін білім алушылар мен педагогтерді марапаттау рәсімдері);

шақырылған қонақтармен кездесулер (қоғам қайраткерлері, әлеуметтік институттар, мамандар, бизнес-қоғамдастық өкілдері, әлеуметтік кәсіпкерлер, мәдениет және спорт қызметкерлері);

мектептен тыс іс-шаралар (флешмоб акциялар, қайырымдылық және волонтерлік іс-шаралар, мәдени іс-шаралар, туристік сапарлар және мұражайларға бару).

4) Отбасымен ынтымақтастық

Құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру ата-аналармен/ заңды тұлғалармен ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатуды білдіреді. Жеке тұлғаны тәрбиелеуде ата-аналармен ынтымақтастық келесі бағыттарды қамтуы керек (олармен шектелмейді):

білім беру ұйымының қызметіне ата-аналар қауымдастығын тарту (тәрбие жұмысын жоспарлау, бірлесіп басқару әрі шешім қабылдау);

ата-аналармен бірге білім беру ұйымының құндылықтарын анықтау, олардың құндылықтарды дарытудағы ролін талқылау;

білім беру ұйымының әлеуметтік желілердегі (Instagram, Facebook, Телеграм және т.б.) парақшасы арқылы ақпарат алушы ретінде ата-аналармен байланыс орнату;

ата-аналар қауымдастығын оқу және оқудан тыс іс-шараларға тарту;

білім алушылардың даму динамикасын көріп, сапалы кері байланыс беру мақсатында ата-аналар жиналыстарының жаңа түрлерін ұйымдастыру (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, семинарлар, ашық есік күндері, ата-аналар конференциялары, педагогикалық қонақ бөлмелері);

ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту: ата-ана қызметіне жауапкершілікпен әрі саналы тұрғыда қарауды үйрететін семинарлар, арнайы бағдарламалар әзірлеу; өзекті тақырыптар, жасөспірімдермен қарым-қатынас бойынша дәрістер өткізу;

ата-аналарға арналған арнайы бағдарламалар әзірленетін, әдістемелік құралдар таратылатын, ата-аналарға/заңды өкілдерге саналы тәрбие, тәлімгерлік бағдарламалары бойынша семинарлар өткізілетін қоғамдық ресурстық орталықтарды тарту, олармен бірлесе жұмыс жасау;

бірлескен мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ата-аналардың өзара әлеуметтенуіне жағдай жасау және ынталандыру.

Қоғамдық серіктестермен өзара әрекеттесу

Қоғаммен өзара іс-қимыл білім беру ұйымының даму стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл дегеніміз:

білім беру ұйымының өз қажеттіліктеріне сәйкес ведомстволық ұйымдармен тұрақты түрде жұмыс ұйымдастыру;

жергілікті жердің көрнекті орындарында сабақ өткізу (музей педагогикасы, театр педагогикасы, өлкетану экскурсиялары, кәсіпорындарға бару);

басқа білім беру ұйымдарының педагогтарымен, ЖОО профессорлық-оқытушылық құрамымен, ғылыми және қоғамдық ұйымдармен кәсіби даму

мәселелері бойынша ынтымақтастық орнату;

шетелдік әріптестердің озық кәсіби тәжірибесін зерделеу және пайдалану үшін жаһандық ынтымақтастық құру;

мамандық таңдау бойынша түрлі сала мамандарымен кездесулер ұйымдастыру.

5) Құндылықтарға негізделген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін табысты түрде жүзеге асыруда білім беру ұйымдарына республикалық және өңірлік деңгейде жоғары сапалы ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету маңызды.

Күтілетін нәтижелер

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыру нәтижесінде:

Мектепке дейінгі ұйымның және орта білім беру

ұйымының мектепалды сыныбының түлегі келесі қасиеттерге ие болуы керек:

- 1) дене бітімі дамыған;
- 2) білуге құмар;
- 3) өзіне сенімді және белсенді;
- 4) эмоционалды елгезек;

5) әлеуметтік дағдыларды және ересектермен, құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасаудың, өз бетінше үйренудің дағдылары мен әдістерін меңгерген;

б) өзі, отбасы, қоғам, мемлекет (ел), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері қалыптасқан;

7) орта білім беру ұйымында оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игерген.

Бастауыш білім беру деңгейінің түлегі келесі қасиеттерге ие болуы керек:

1) физикалық тұрғыдан дамыған және өз денсаулығына қамқорлық жасау дағдыларын меңгерген;

2) қоршаған әлемді тану және зерттеу дағдыларын меңгерген;

3) өз қызметінде мақсат қоя білетін;

4) топта және жеке дара жұмыс істей алатын;

5) қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да этностардың тарихына, мәдениетіне, мемлекеттік тіліне, дәстүрлеріне құрмет көрсететін;

б) қоршаған әлемді жақсартуға белсене қатысатын;

7) мейірімді және эмоционалды;

8) өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайтын және адал.

Негізгі орта білім беру деңгейінің түлегі келесі қасиеттерге ие болуы керек:

1) өзінің денсаулығы мен физикалық дамуына жауапкершілікпен қарайтын;

2) өз білімін жан-жақты тереңдетуге жігері бар;

3) мақсатқа жету үшін өзін-өзі дамыту дағдыларын меңгерген;

4) құқықтары мен қадір-қасиеттерін құрметтеу негізінде топта және жекедара жұмыс істей алатын;

5) қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да этностардың тарихына, мәдениетіне, мемлекеттік тіліне, дәстүрлеріне ұқыпты қарайтын;

6) қоршаған әлемді жақсартуға белсене қатысатын;

7) мейірімді және эмоционалды;

8) әділдік және академиялық адалдық қағидаттарын ұстанатын.

Жалпы орта білім беру деңгейінің түлегі келесі қасиеттерге ие болуы керек:

1) өз денсаулығына және айналасындағылардың денсаулығына жауапты;

2) өз білімін тереңдетуді көздеген;

3) мақсатқа жету үшін өзін-өзі дамыту дағдыларын меңгерген;

4) құқықтары мен қадір-қасиеттерін құрметтеу негізінде топта және жеке-дара тиімді жұмыс істей алатын;

5) ұлттық мұраның игілігін белсенді түрде насихаттайтын;

6) ұлттық мүдделер тұрғысынан қоршаған әлемді жақсартуға бастама көтеретін;

7) мейірімді және эмоционалды;

8) әділдік және академиялық адалдық қағидаттарын ұстанатын.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім деңгейінің түлегі мынадай қасиеттерге ие болуы тиіс:

1) өз денсаулығына және айналасындағылардың денсаулығына жауапты;

2) өз білімі мен құзыретін тереңдетуді көздеген;

3) кәсіби мақсаттарға қол жеткізу үшін өзін-өзі дамыту дағдыларын меңгерген;

4) еңбек ұжымында құқықтары мен қадір-қасиеттерін құрметтеу негізінде тиімді жұмыс істей алатын;

5) ұлттық мұраның игілігін белсенді түрде насихаттайтын;

6) ұлттық мүдделер тұрғысынан қоршаған әлемді жақсартуға бастама көтеретін;

7) мейірімді және эмоционалды;

8) әділдік және академиялық адалдық қағидаттарын ұстанатын.

Балалар мен жастарды тәрбиелеу мен дамытудың ағымдағы жай-күйі туралы талдау

Қазақстандағы балалар мен жастарды тәрбиелеу мен дамытудың қазіргі жағдайы олардың әлеуметтік белсенділігінің, өмір салты мен эмоционалдық әлауқатының әртүрлі аспектілерін көрсететін бірқатар негізгі көрсеткіштермен сипатталады. Қол жетімді деректерге сүйене отырып, негізгі тенденциялар мен қиындықтарды қарастыруға болады.

1. Әлеуметтік белсенділік және еріктілік

Азаматтық жауапкершілік пен әлеуметтік жетілуді дамытудың маңызды элементі жастардың волонтерлік қызметке қатысуы болып табылады. Статистикаға сәйкес, балалар мен жастардың 35,1% - ы еріктілер жобаларына қатысады. Бұл эмпатия, жауапкершілік және ұжымдық ынтымақтастық сияқты қасиеттердің дамуына ықпал ететін әлеуметтік бастамаларға қатысудың айтарлықтай деңгейін көрсетеді. Алайда, осындай бастамаларды ынталандыру және қолдау жүйелерін дамыту арқылы жастардың волонтерлікке тартылуын арттыру бойынша жұмыс істеу қажет.

2. Жастар бірлестіктеріне қатысу

Жастар бірлестіктерінің қызметі мен жобаларына шамамен 25,4% (әрбір төртінші) жас азамат қатысты. Бұл сонымен қатар жастардың көшбасшылық және ұйымдастырушылық дағдыларын дамытудағы оң тенденцияны көрсетеді. Дегенмен, бұл жобалар мен бірлестіктердің сапасына назар аудару маңызды, осылайша олар көбірек қатысушылар үшін тартымды және пайдалы болады. Жастар көшбасшылығы мен әлеуметтік жобаларға қатысу үшін жағдай жасау жөніндегі бағдарламаны дамыту өзекті міндет болып табылады.

3. Оқу және интеллектуалды даму

Мәдени және білім деңгейін көтеруге бағытталған күш-жігерге қарамастан, жастардың тек 25% - ы үнемі кітап оқиды. Бұл көрсеткіш оқуды насихаттау бойынша жұмысты күшейту қажеттілігін көрсетеді, оған мектеп бағдарламалары да, сабақтан тыс бастамалар да кіруі мүмкін. Оқуға деген қызығушылықты арттыру қажеттілігі кітаптар мен әдеби шығармалармен жұмыс істеудің заманауи интерактивті форматтарын енгізу арқылы қанағаттандырылуы мүмкін, бұл өз кезегінде сыни ойлау мен танымдық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

4. Салауатты өмір салты

Салауатты өмір салтына қатысты оң көрсеткіштердің ең көп үлесі байқалады - жастардың 53,2% - ы салауатты өмір салтын ұстанатынын айтады. Бұл физикалық және психикалық денсаулықтың маңыздылығы туралы хабардарлықтың жеткілікті жоғары деңгейін көрсетеді. Дегенмен, бұл көрсеткіш жастардың жартысына жуығы салауатты өмір салты принциптерін қабылдау үшін қосымша мотивациялар мен ақпараттық науқандарды қажет ететінін көрсетеді.

5. Қосымша білім

Балалар мен жастардың 56,1% - ы қосымша білім алады, бұл олардың жан-жақты дамуға және мектеп бағдарламасынан тыс дағдыларды игеруге деген ұмтылысын көрсетеді. Бұл білім беру жүйесі мен қоғамдық ұйымдар жастарға өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беретінін көрсететін оң үрдіс. Дегенмен, қосымша білім берудің сапасы мен қолжетімділігіне назар аудару керек, осылайша барлық тілек білдірушілер тең мүмкіндіктерге ие болады.

6. Эмоционалды күй

Жастардың 20,6% - ы депрессияға ұшырады, бұл балалар мен жастар арасындағы психикалық денсаулықтың маңызды мәселелерін көрсетеді. Әрбір бесінші жас эмоционалды күйзеліске ұшырайды, бұл білім беру мен денсаулық сақтау жүйесінің белсенді араласуын қажет етеді. Психологиялық қолдау және

эмоционалдык бұзылулардың алдын алу бағдарламалары қажет. Сондай-ақ мектептер мен жоғары оқу орындарында психикалық денсаулық мәселелеріне назар аударуды күшейту, сондай-ақ осындай проблемаларды уақтылы анықтау үшін ата-аналармен және мұғалімдермен жұмыс жүргізу маңызды.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

Деректерді талдау көрсеткендей, жалпы балалар мен жастардың даму саласында оң динамика бар, бірақ назар аударуды қажет ететін проблемалық аймақтар қалады:

- Оқу мәдениетін және зияткерлік өсуге қызығушылықты дамыту;
- Волонтерлік жобалар мен жастар бірлестіктерінде жастарды қамтуды ұлғайту;
- Балалар мен жастардың психикалық денсаулығына қамқорлық деңгейін арттыру.

Жастардың тәрбиесі мен жан-жақты дамуын жақсарту үшін білім беру және тәрбие шараларын, эмоционалды әл-ауқатты қолдауды және физикалық және интеллектуалдық дамуға жағдай жасауды қамтитын кешенді тәсіл қажет.

Есірткі тұтыну салдарынан психика және мінез-құлық бұзылуы

Қазір нашақорлық проблемасы әлемдік қоғамдастықта өзекті болып келеді және соның салдарынан жастар арасында есірткі тұтынуға қатысты жағдай да алаңдатып отыр. Есірткіге тәуелділіктің құбылыс ретіндегі қауіптілігі есірткі заттары тізімі үнемі өзгеріп, қол жеткізу мүмкіндігі (Telegram арналары арқылы, клубтарда, мектептерде және т.б. жерде синтетикалық есірткі тарату тәжірибесі) кеңейіп отыратынына байланысты.

Жалпы, 2018 жылдан 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына дейін 14–34 жастағы жастар арасында есірткі заттарын тұтыну салдарынан психикасы және мінез-құлқы бұзылып есепте тұрған адамдар саны азайғаны байқалады. Мәселен, 2018 жылы 26 930 адам, ал 2022 жылы – 16 598 адам тіркелген, демек көрсеткіш 38,3%-ға төмендеген. Дегенмен, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 14 396 жағдай тіркелді.

Жас топтарына қарай бөлгенде есірткі тұтыну салдарынан психикасы және мінез-құлқы бұзылып есепте тұрғандар жастардың жалпы саны азайғанына қарамастан, үлесі әлі де жоғары екенін атап өткен жөн.

Ойын құмарлық

2018 жылы ДДҰ ойынқұмарлықты аурулардың халықаралық жіктеліміне (ICD–11) «ойыннан бұзылу» (gaming disorder) деп аталатын жеке диагноз ретінде енгізді. Бұл дегеніміз, ойынқұмарлық қазір медициналық араласу мен емдеуді қажет ететін ауыр сырқат деп танылады. ДДҰ ойынқұмарлық психикалық ауру ғана екенін ресми түрде мойындады.

Ойынқұмарлық ел ауқымындағы проблемаға айналды. Бар жиған-тергенін ойынға тігіп жіберетіндер көбейіп барады. Соның салдарынан менталдық проблемалар шығып, арты отбасындағы трагедияға және кей жағдайда суицидке ұласып жатады.

Бұл тұрғыда «Жастар» ҒЗО деректері белгілі бір дәрежеде құмар ойындар ойнайтын және оны жаман әдет деп белгілейтін жастар саны белгілі бір дәрежеде артқанын растап отырғанын атап өткен жөн. Мысалы, 2022 жылғы

зерттеуде жастардың 1,2% құмар ойын ойнайтынын айтса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 3% болды.

Өңірлерге қарай бөлгенде, Маңғыстау (6,3%), Жетісу (6,0%), Атырау (5,6%), Алматы (5,4%) облыстарында құмар ойындарды өзінің зиянды әдеті деп белгілегендер едәуір көп болған.

Кейінгі жылдары Қазақстан Үкіметі лудоманиямен күресіп, құмар ойындарға тәуелділікті азайтуға талпыныс жасап келеді. Ойынқұмарлықты азайту тәсілдерінің бірі – ойын бизнесі субъектілеріне адамдарды ойын мекемелеріне кіргізудің жас шегі нормаларын бұзғаны үшін әкімшілік тұрғыдан ықпал ету шаралары.

Осылайша, теріс салдардың алдын алу үшін ойын бизнесі ұйымдастырушыларына құмар ойындар мен бәс тігуге жиырма бір жасқа толмаған тұлғаларды және құмар ойындар мен бәс тігуге қатысудан шектелген тұлғаларды қатыстырғаны үшін әкімшілік жауапкершілік жүктеу шараларын енгізу ұсынылып отыр. Лудоманиямен күрестің негізгі бағыты жастарға қаратылған ақпарат тарату қызметін, әсіресе әлеуметтік желілер көмегімен ақпарат таратуды жандандыру; онлайн ойын мекемелерінің қызметін шектеу үшін интернет-кеңістікке тұрақты мониторинг жүргізу болуға тиіс.

Дене белсенділігі және бос уақыт

Салауатты өмір салты мен жоғары өмір сапасының маңызды құрамдас бөлігі – дене белсенділігі. «Жастар» ҒЗО мәліметтері бойынша, сауалнамаға қатысқандардың 49,8% дене шынықтырумен және спортпен үнемі, 28,4% – араарасында, 11,6% – өте сирек шұғылданады. 6% ешқашан дене шынықтырумен және спортпен шұғылданбайды (3.14-сурет). Жауаптарды талдағанда, ауыл жастарына қарағанда қала жастары спортпен үнемі, ал ауыл жастары ара-арасында шұғылданатыны байқалды.



Сурет 1. Дене белсенділігі және бос уақыт

Жастардың спортпен шұғылданғысы келмейтін себептері олардың жасына қарай өзгереді. Жас топтағы жастар (14–18 жас) үшін негізгі себеп фитнес залда қымбат баға мен жалқаулықты, оған қоса жаттығуларды ұйымдастыру мен өткізу сапасы нашар екенін (15,9%), жаттығуларға қатысуға

қолжетімді орындар жоғын (15,3%), ыңғайсыз жаттығу кестесін (11,1%) атап өтті.

Бұл жасөспірімдер мен жастардың денсаулығын сақтау саласындағы бүкіл шаралар жүйесін оңтайландыру қажет екенін көрсетеді.

Бос уақыт – адамның, әсіресе жастардың өмір сүру стандарттары мен өмір сүру сапасын айтарлықтай ажырататын маңызды сапалық параметр. Бос уақыт пен демалыс адамның өзін дамытуына және өмірден орнын табуына ықпал етеді. Бұл жаңа машықтар меңгеру, ой-өрісті кеңейту, шығармашылықты дамыту және өмірден орын табуға мүмкіндік.

Физикалық белсенділік азайып, бос уақыттың сапасы төмендеуіне жаман әдеттер де ықпал етеді. Мәселен, шылым шегу қазақстандық жасөспірімдердің мінез-құлқындағы проблема болып қала береді. Темекі шегу тәжірибесі бар жасөспірімдер үлесі ұлдар арасында да, қыздар арасында да жас өскеніне қарай (11 жастан 15 жасқа дейін), әсіресе 13–15 жасқа қарай үш есе артады. Атап өтер нәрсе – ауылдық жерлерде тұратын жасөспірімдер қаладағы жасөспірімдермен салыстырғанда азырақ темекі тартады.

2023 жылғы «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуінің нәтижелері ең кең тараған жаман әдеттер – компьютер ойындарына көп уақыт жұмсау, кеш ұйықтау және әлеуметтік желілерді жиі пайдалану екенін көрсетті (3.16-сурет). Орташадан бастап жоғары қарқындылыққа дейінгі күнделікті дене белсенділігі деңгейі 15 жастағы ұлдар арасында сол жастағы қыздармен салыстырғанда жоғары. Қыздарда жоғары қарқынды физикалық белсенділік жиілігі 13 жасқа қарай 16%-ға және 15 жасқа қарай 13%-ға төмендейді.

Құндылық бағдарлары мен әуестік

Қазақстандағы жастардың құндылық бағдарлары мен әуестігі жеке қалауына, отбасындағы тәрбиеге, әлеуметтік-мәдени ортаға, білімге және басқа факторларға байланысты өзгеріп отырады. Бірнеше жалпы тенденцияны бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, Қазақстандағы жастар білімді бағалайды және тұлға ретінде дамуға ұмтылады. Білім беру жолдары мен келешек мамандығын таңдауы жастардың өзін-өзі тануына айтарлықтай әсер ете алады. Жастардың көбі кәсіпкерлікке, стартаптарға және мансапқа, заманауи технологияларға, цифрлық әлемге және инновацияларға әуестік танытады.

Екіншіден, Қазақстанда жастардың көбі әлеуметтік және волонтерлік жобаларға қатысуға ұмтылады. Қоршаған ортаға қамқорлық пен экологияны түйсіну жастар үшін барған сайын өзекті құндылыққа айналып келеді. Сондай-ақ жастар дене белсенділігін және денсаулығына қамқор болуды бағалайды.

Үшіншіден, Қазақстанның түрлі конфессиялардан құралған қоғамында діни құндылықтар мен рухани ізденістердің жастардың көбінің әуестігінде орны маңызды. Елде түрлі діни қауымдастықтар бар және жастар өмірінде діннің рөлі қандай болатынын өзі таңдай алады.

Қазақстандағы этностық алуандыққа қарай, жастар мәдениетаралық алмасуға, түрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді зерттеуге әуестенеді. Жастар мәдени іс-шараларға, көрмелерге, концерттер мен фестивальдерге белсенді қатысады. Қазақстандағы жастардың көбі халықаралық байланыстарға,

алмасуларға және өз тәжірибесін кеңейту үшін оқуға және саяхаттауға әуестік танытады.

5.2-сурет жастардың түрлі нәрсеге басымдық беретінін және құндылықтары әртүрлі болатынын көрсетеді. Адам өмірі күрделі және көп қырлы, бір адамға бәрінен маңызды нәрсе басқа адамға аса маңызды болмауы мүмкін. Сонда да, жалпыадамзаттық маңызы бар негізгі құндылықтар бар – отбасы, денсаулық, достық отбасы түр (72,6%).



Сурет 2. Өмірде сіз үшін бәрінен не құнды?

Респонденттердің көбі отбасы құндылықтарын өмірде бәрінен маңызды дейді, бұл Қазақстан жастарының көпшілігі үшін жақын қарым-қатынас пен отбасынан қолдау көру маңызды екенін көрсетеді. Екінші орында – достық. Респонденттердің үштен бірінен астамы (32,3%) достық қарым-қатынастың маңызын атап өтті. Бұл әлеуметтік қолдау мен жақын қарым-қатынас қажет екенін көрсетеді. Денсаулық үшінші орында (26,9%). Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бірінен астамы денсаулыққа көп мән береді, бұл олардың өмірінде физикалық және психикалық саулық маңызды екенін көрсетеді.

Сауалнамаға қатысқандардың бестен бір бөлігі дін және рухани құндылықтарды өмірінің маңызды құрамдас бөлігі деп біледі (18,7%).

Бұл ретте жастар арасында құндылығы төмен санаттар мыналар болды: адамдарға көмек (7,5%); материалдық жағынан бақуатты өмір (7,2%); қоғамның мойындауы, атақ-даңқ, бедел (3,4%); өзін-өзі таныту, өзін-өзі құрметтеу (4,8%).

2023 жылғы Қазақстан жастарының құндылық жүйесінде елеулі өзгеріс болды - сауалнамаға қатысқандардың 7,2% ғана қаржы жағынан тұрақтылыққа мән береді. Салыстырып қарасақ, 2021 жылы «Материалдық жағынан бақуатты өмір» көрсеткіші 20,7%99, ал 2022 жылы 39,3% болған. Алдыңғы екі жылда

осы құндылық индикаторы жастар құндылықтары шкаласында 4-орында болса, 2023 жылы 8-орынға түскен.

Діни көзқарас

Қазақстандағы жастардың діни көзқарасы әртүрлі әрі тарих, мәдени орта, білім, отбасыдағы тәрбие және қазіргі заманғы технологиялардың әсері тәрізді көптеген факторға байланысты болуы мүмкін.

2023 жылы «Жастар» ҒЗО жүргізген әлеуметтанулық зерттеу қорытындылары өзін діндар деп танитын жастарды дінге деген көзқарасына қарай бірнеше санатқа бөлуге болатынын көрсетті. Қазақстандық жастардың басым көпшілігі (74,2%) өзін діндар санайды, алайда дін орындарына сирек барады не мүлде бармайды және дін нормаларының бәрін ұстана бермейді. Жастардың 8,8% өзін діндар санамайды, алайда кей-кейде діндарларға құрметпен қарап, дін нормаларын ұстанады (5.4-сурет).

Жастар арасындағы трендтер, қоғамдастық пен ынтымақтастық

Жастар трендтері, қоғамдастықтар мен ынтымақтастық мәдениетке, экономикаға, саясатқа және әлеуметтік қатынастарға әсер етіп, Қазақстанның қазіргі қоғамында маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік медиа мен цифрлық орта трендтердің қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Қазақстандағы жастар, бүкіл әлемдегідей, әлеуметтік медианы қарым-қатынас, ақпарат алмасу, пікір білдіру және виртуал қауымдастықтар құру үшін белсенді қолданады. Instagram, TikTok, YouTube және т.б. сияқты платформалар өзін-өзі көрсету және өзара әрекеттесу құралы болды. 2023 жылы «Жастар» ҒЗО жүргізген әлеуметтанулық зерттеу жастар (респонденттердің 40,6%) көбінесе спорт, кітап оқу, кино көру, оқу оқуға қарағанда әлеуметтік желілерді артық көретінін байқатты.

Өзекті тенденциялар аясында респонденттердің жартысына жуығы (48,2%) қаржылай тәуелсіздікті маңызды фактор деп көрсетеді.

Үшінші орында – діндарлық артуы (14,4%). Бұл Қазақстан жастарының белгілі бір бөлігінің санасында діни мәселелер мен рухани аспектілер маңызды екенін көрсетеді. Жастардың 11,4% сыни тұрғыдан ойлауға және беделді тұлғалар мен дәстүрлі пікір көздеріне күмәнмен қарауға қызығады.

Фитнес және диеталық тамақтану (5,9%) – жастардың салауатты өмір салтына, дене белсенділігіне және дұрыс тамақтануға деген әуестігін көрсетеді. Жастар спортпен белсенді шұғылданады және салауатты өмір салтына әуестенеді.

Экология саласындағы белсенділік (5,2%) – Қазақстан жастарының қоршаған ортаға қамқорлығын және экологияға жауапты мінез-құлыққа әуестігін көрсетеді. Эко-түйсік 14–35 жас аралығындағы барлық жас санатына тән. Жастар қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық орнықтылықтың маңызын барған сайын түсініп келеді. Өз кезегінде, экология мәселелерімен айналысатын жастар қозғалыстары мен қауымдастықтар акциялар, іс-шаралар мен білім беру бастамаларын жүргізіп, өзгелердің хабардарлық деңгейін арттырады.

Келесі тренд – қоғамдық еріктілік ынтымақтастықты, әлеуметтік жауапкершілікті және қоғамдық сананы дамытуға ықпал етеді. Жастар қоғамның мұқтаж топтарына көмек көрсетуді көздейтін түрлі волонтерлік және

әлеуметтік жобаларға белсенді қатысады. Бұл тренд жасөспірімдер мен студент жастарға тән. 5.13-суретте сауалнамаға қатысқандардың едәуір бөлігі (жиынтығында 55,1%) волонтерлік әрекетте тәжірибесі бары не оған әуестенетіні көрінеді, сөйте тұра, бұл әрекетке қатыспаған және қатысуды жоспарламайтын адамдар үлесі де жоқ емес (42,7%).



Сурет 3. Волонтерлік, ерікті әрекеттермен айналысасыз ба?

Сауалнамаға қатысқандардың 15,2% волонтерлік әрекетпен белсенді әрі тұрақты түрде шұғылданады; 35,1% тұрақты қатыспайды, яғни қолы бос кезде түрлі жобаларға немесе іс-шараларға қатысады; 4,8% әлі волонтерлік әрекетке қатыспайды, алайда келешекте бастаймын деп жоспарлап отыр – волонтерліктің маңызын түсініп, үлес қосуды жоспарлап жүр.

Зерттеу волонтерлік әрекет жасөспірімдер мен жастардың академиялық, әлеуметтік, танымдық және кәсіби компетенциясын жақсартуға ықпал ететінін көрсетеді.

«Жастар» ҒЗО жүргізген әлеуметтанулық зерттеу аясында алдағы бес жылда өзекті болатын трендтер бойынша сұрақ қойылды. Мәселен, алдағы бес жылда Қазақстан жастары арасындағы ең ықтимал топ-3 трендтің талдамасы мен болжамы мынадай:

- Жастардың көп бөлігі (42,6%) экономикалық қиындықтарға, жұмыссыздыққа, инфляцияға және өмір сапасына әсер ететін басқа аспектілерге алаңдайды. Экономикалық жағдай жақсармаса, бұл тренд сақталуы мүмкін.
- Исламтану артуы тренді (15,9%) қоғамдағы дін ықпалы күшеюін көрсетуі мүмкін, дегенмен бұл исламның мәдени және дәстүрлі аспектілеріне қызығушылық артуынан туындауы ықтимал.
- Наразылық акциялары артуы тренді (10,8%) жастардың белсенді азаматтық ұстанымын көрсетеді. Саяси, әлеуметтік және экономикалық

жағдайға наразылық сақталған жағдайда наразылық қозғалыстары көбейіп, кеңейе береді (5.14-сурет).




Сурет 4. Алдағы бес жылда қандай трендтер өзекті болады деп ойлайсыз?

Осылайша, осы бөлімде ұсынылған трендтер мен қауымдастықтар Қазақстандағы жастар қоғамдық өмірдің түрлі салаларына белсенді қатысып, өзін-өзі дамытуға, білім алуға, қоғамдық белсенділікке ұмтылатынын көрсетеді.

6.2-суретте жастардың ерікті, волонтерлік қызметке (адамдарға ақшалай сыйақы дәметпей, өз еркімен көмектесу) атсалысуы туралы «Жастар» ҒЗО жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері көрсетілген.

6.2-СУРЕТ.

Жастардың ерікті, волонтерлік қызметке атсалысуы



Сурет 5. Жастардың ерікті, волонтерлік қызметке атсалысуы

2020 жылы еріктілер ұйымдары саны үш есе артып, оң үрдіс көрсеткеннен кейін даму күрт өскені байқалады. Сауалнамаға сәйкес өзін белсенді еріктілер қатарына жатқызған жастар Павлодар (25,7%), Батыс Қазақстан (25,4%) және Шығыс Қазақстан облыстарында (22,2%) бәрінен көп болған. Еріктілікке анда-санда қатысатындар Ұлытау (59,1%), Маңғыстау (46,3%), Қостанай (45,6%), Қызылорда (43,5%), Жетісу (40,3%) және Ақмола облыстарында (40%) көп.

Қауіпсіздік

Жастар арасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету – жалпы мемлекеттік деңгейдегі аса өзекті міндет, өйткені жастар – қоғамның келешегі әрі оның дамуында маңызды рөл атқарады, елдің ұлттық қауіпсіздігінің кепілі. Жастар – белсенді физикалық және психологиялық даму кезеңіндегі қоғамның бөлігі. Жастардың қауіпсіздігінің кез келген түрін (психикалық-эмоциялық, физикалық және т.б.) қамтамасыз ету оның денсаулығы мен өміршеңдігін сақтауға ықпал етеді, сонымен қатар қылмыс, суицид, нашақорлық деңгейіне, әлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстардың өршімеуіне әсер етеді.

Жастар көбінесе есірткі, алкоголь, темекі және кибербуллинг сияқты түрлі зиянды факторларға ұшырайды, түрлі тараптардан, соның ішінде әлеуметтік медиа мен мектеп ортасынан стресс, мазасыздық пен қысымды, кейде құрдастарының немесе тіпті ересектердің агрессиясы мен зорлық-зомбылығын сезінеді. Жастар арасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету – қоғамдық және мемлекеттік институттар тарапынан жыл сайынғы зерттеу мен мониторингті талап ететін мемлекеттің басты міндеті.

Жастар ортасындағы қылмыс

Қазақстанда жастар арасында қылмыстың пайда болуына бірқатар фактор: әлеуметтік теңсіздік, білім алу және жұмысқа тұру мүмкіндігі болмауы, сондай-ақ құқық қорғау органдарына сенімсіздік ықпал етеді. Сонымен қатар интернет пен әлеуметтік медианың әсері қылмысқа бейім мінез-құлыққа әкелетін жағымсыз тенденцияларды күшейтуі ықтимал.

Жастар арасындағы қылмыстың алдын алудың мақсатты бағдарламаларын, сондай-ақ заңдылық пен заңсыз әрекеттердің салдары туралы білім беру науқандарын әзірлеп, іске асыру девиант мінез-құлықтың алдын алу үшін маңызды. Сонымен қатар қылмыс жасау қаупін азайтуға ықпал ететіндей, жастардың дамуына әлеуметтік жағдай жасауға мән беру керек.

Үкімет, ҮЕҰ, коммерциялық емес ұйымдар, білім беру мекемелері және басқа да мүдделі тараптар арасындағы тиімді серіктестік жастар арасындағы қылмысқа қарсы күреске жұмсалатын күш-жігерді үйлестіруге және жастардың дамуы мен өмірден өз орнын табуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

2022 жылы қылмыстық құқық бұзу жасаған 61 583 адам анықталды, олардың 2,5% (1 581) – кәмелетке толмағандар, 0,4% (296) – 14–15 жастағылар; 2% (1285) – 16–17 жастағылар; 6,8% (4 225) – 18–20 жастағылар; 29,3% (18 060) – 21–29 жастағылар.

Жастар арасындағы қылмыс

Жастар арасындағы қылмыс жағынан жасөспірімдер жасаған қылмыстық құқық бұзудың ең көбі – 50%-дан астамы – меншікке қарсы қылмыстар: ұрлық (ҚР ҚК 188-бабы), алаяқтық (ҚР ҚК 190-бабы) және ұсақ ұрлық (ҚР ҚК 187-бабы) екенін атап өткен жөн. Сондай-ақ жастар жиі жасайтын қылмыстарға жеке адамға, қоғам қауіпсіздігіне және қоғамдағы тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзу, көліктегі қылмыстық құқық бұзу жатады.

Жалпы жасалған қылмыс санынан жастар жасаған ауыр және аса ауыр қылмыстар үлесі теріс жоғары деңгейде. Сонымен, ауыр қылмыс жасағандардың 76,3% – 14–34 жас аралығындағы жастар, ал аса ауыр қылмыстар бойынша бұл көрсеткіш – 69,8%. Мысалы, 2022 жылы 14–34 жастағы жастар денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру жағдайларының 69,8%-ын, тонаудың 88,6%-ын, кісі өлтірудің 59,1%-ын жасаған. Қылмыстық құқық бұзудың жалпы саны азаюы аясында жастар арасында ауыр және аса ауыр қылмыс жасау деңгейі жоғары екені айқын байқалды.

Кейінгі бес жылдағы жалпы тенденция тіркелген кісі өлтіру саны азайғанымен ерекшеленеді. Алайда, оларды жастар жасауы үлесі – орта есеппен 60%. 2018 жылы жастар 579 (69,2%), ал 2022 жылы – 317 (59,1%) кісі өлтірген. Кәмелетке толмағандар 2018 жылы 18, ал 2022 жылы 6 адам өлтірді (7.5-сурет).

2022 жылы 14–34 жас аралығындағы сотталған жастар саны 15 919 адам болды, бұл – Қазақстандағы сотталғандардың жалпы санынан 58,8%.

Лудомания, нашақорлық және алкоголизм мәселелері

Лудомания

Қазіргі қоғамда лудомания немесе құмар ойындарға патологиялық тәуелділік мәселесі жастар арасында барған сайын ушығып барады.

Қазіргі әлемде адамдардың бәрі дерлік интернет, мобайл қосымшалар және онлайн-казино арқылы құмар ойындар ойнай алады. Жастар шектеусіз, қаржысын қадағаламай көп ойнай бастайды. Тағы бір себеп психологиялық фактор болуы мүмкін. Жастар оқуға, мансапқа, қоғамның олардан күтетін үмітіне байланысты стресс пен қысымға ұшырайды. Құмар ойындар шындықтан қашу және ширығудың азайту тәсілі болуы мүмкін.

ҚР БП ҚСЖАЕК мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанда заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру фактілері (ҚР ҚК 307-бабы) 2018 жылғы 328-ден 2022 жылы 149-ға дейін азайғаны байқалады. (7.16-сурет).

Лудоманияның жастар мен қоғам үшін салдары – ең алдымен, қаржы проблемалары. Лудомания көбінесе үлкен қаржылай шығынға соқтырады, бұл жастар үшін үлкен ауыртпалық болуы мүмкін. Олар қарызға батып, «қарыз шұңқырына» түсіп кетуі мүмкін. Келесі мәселе деп психологиялық ауытқуларды бөліп көрсету керек. Құмар ойындарға тәуелділік стресс, депрессия және мазасыздық тудырады. Жастар өміріне теріс әсер етуі мүмкін психологиялық ауытқуларға ұшырайды.

Жастар арасындағы лудоманиямен күресу жолдары білім және оқу-ағарту салаларын, құмар ойындардың зияны, олардың денсаулық пен әл-ауқатқа келтіретін салдары туралы ақпараттық науқандар өткізуді қамтиды. Бұл жасөспірімдерге осы тәуелділіктің шындығы мен қаупін түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ үкімет жарнама мен қолжетімділікті қатаң қадағалауға тиіс. Мемлекет құмар ойындарды жарнамалауды және оларға, әсіресе кәмелетке толмағандардың қол жеткізуін реттейтін талаптар мен нормаларды заңнама деңгейінде қатаңдатуы керек.

Лудомания проблемасына тап болғандарға арнап психологиялық көмек орталықтарын құру тәуелділікпен күресуде білікті психологиялық қолдауды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жастардың құмар ойындарға деген әуестігін азайту үшін оларға балама ретінде түрлі және қызықты іс-қимылдар ұсынған маңызды.

Ата-аналармен және білім беру мекемелерімен, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен серіктестік қаржы сауаты, сыни ойлау және тайм-менеджмент машықтарын жетілдіруге мүмкіндік береді, бұл жастардың лудоманияға осалдығын азайтады.

Жалпы, Қазақстанда жастар арасында лудоманияның таралуы келешек ұрпаққа көп қауіп төндіреді. Бұл проблемамен күресу білім беру мен ақпарат таратудан бастап, алуан түрлі және пайдалы іс-шараларға жағдай жасауға дейінгі кешенді шараларды қажет етеді. Қоғамның, мемлекеттің, білім беру мекемелерінің және жастардың бірлескен күш-жігерімен ғана лудоманияның таралуын азайтуға және баршаға лайық салауатты және бақытты келешек қамтамасыз етуге болады.

Жастар арасындағы нашақорлық мәселелері

Жастар арасындағы нашақорлық – қазіргі қоғамдағы ең күрделі және өткір мәселелердің бірі.

Жастар арасында есірткіге тәуелділіктің таралуы денсаулыққа, әлеуметтік әл-ауқатқа және келешекке теріс әсер етеді.

Есірткі заттарды тұтыну салдарынан психикасы мен мінез-құлқы бұзылып есепте тұрған жастар саны жылдан-жылға – 2018 жылғы 26 930-дан 2022 жылы 16 598-ге дейін азайғаны байқалады, сондай-ақ есірткі заттармен заңсыз жұмыс істеу фактілері бойынша қылмыстық құқық бұзу жағдайлары да (2018 жылғы 5 752-ден 2022 жылы 4 554-ке дейін) азайған. Сөйте тұра, есірткі заттарын жасау, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу үшін тасымалдау, жөнелту

немесе сатуға қатысты қылмыстық құқық бұзу жағдайлары саны тоқтаусыз көбейіп келеді – 2018 жылғы 1 389-дан 2022 жылы 1 659-ға дейін артқан (7.17-сурет).

Сарапшылардың пікірінше, есірткі тұтынатын адамдарды есепке алудың бірыңғай жүйесі жоғы салдарынан есірткіні беймедициналық жасырын тұтыну жағдайлары тасада қалып, іс жүзінде есірткі тұтынатындардың саны ресми статистикадағыдан едәуір жоғары болып келеді.

Нашақорлықтың жастар арасында таралуының бірінші себебі – есірткіге қол жеткізу оңай болуы. Оларды тіпті кәмелетке толмағандар түрлі арналар, соның ішінде көшедегі сатушылар, интернет, көмбелер арқылы сатып ала алады. Сөйте тұра осы тарату арналарының жолын кесуде елеулі өзгеріс байқалмайды, бұған тіркелген қылмыстар саны мен есепте тұрған адамдар саны артуы статистикасы дәлел бола алады.

Жастарға оқу, әлеуметтік бейімделу және жеке басына байланысты көп қысым түседі, қоғамның үмітін ақтау міндеті жүктеліп, стресс деңгейі артады. Ондай кезде осы мәселелердің бәрінен қашудың бір амалы есірткі болып көрінуі мүмкін. Сонымен қатар есірткі өзін-өзі көрсетуге және төңірегіндегілердің назарына бөленуге ұмтылатын кейбір жастарды қызықтырып, тартатын белгілі бір өмір салтымен ассоциация беруі мүмкін.

Есірткі тұтынудың теріс және деструктив салдары болатынын, денсаулыққа зиян келтіріп, соның ішінде ішкі органдардың созылмалы ауруларына, жүйке жүйесі мен психика бұзылуына шалдықтыратын, тіпті артын өлімге душар етуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Бұл аурулардан адам толық айыға алмайды, сондықтан да ел демографиясына тиетін салдары жаман.

Есірткіге тәуелділікке шалдыққан жастар көбінесе қоғамнан оқшауланып қалады. Олар білім алу, жұмыс табу және отбасын құру мүмкіндігінен айырылып, мемлекет экономикасы дамуының негіздеріне нұқсан келтіруі мүмкін. Табиғи салдары ретінде нашақорлық қылмыс деңгейі артуына ықпал етеді, өйткені тәуелділік жастардың есірткі сатып алуға қаражат алу үшін заңсыз әрекет жасауына түрткі болады.

Жастар арасында есірткі мен нашақорлықтың таралуымен күрескенде мыналарды ескеру қажет. Нашақорлықпен күресудің негізгі жолдарының бірі – жастарға есірткі заттардың зияны туралы білім беру. Тиімді білім беру бағдарламалары жасөспірімдерге нашақорлықтың салдарын түсінуге және ақпаратқа сүйеніп шешім қабылдауға көмектеседі.

Нашақорлыққа шалдыққандарға тәуелділікпен және онымен байланысты психологиялық мәселелермен күресуде қолдау көрсету үшін кеңес беру және психологиялық көмек көрсету орталықтары желісін құруға болады.

Мектептерде және қоғамдық орындарда есірткінің зияны туралы тұрақты ақпараттық науқандар, дәрістер мен семинарлар хабардарлықты арттыруға және есірткіге қызығуды азайтуға көмектеседі. Есірткісіз өмірді насихаттауда заманауи трендтерді қолданудың да оң әсері бар. Бұған жастар арасында танымал блогерлерді қатыстыруға болады. Бұл талапты заңнама деңгейінде бекітуге болады.

Жастардың бос уақытына ермек болып, оларды есірткі туралы ойдан алшақтататын спорттық іс-шаралар, шығармашылық кездесулер және білім беру жобалары сияқты түрлі іс-шаралар ұйымдастыру керек.

Жастар арасындағы алкоголизм мәселелері

Жастар арасындағы алкоголизм жастардың денсаулығына, әлеуметтік әлауқатына және келешегіне теріс әсер ететін күрделі және өсіп келе жатқан проблема. Көптеген басқа ел сияқты, Қазақстанның да алдынан жастар арасында ішімдікке салыну көбейіп кеткеніне байланысты сын-қатерлер шығып жатыр.

Ресми есепте тұрған жастар саны жыл сайын азайып келеді – 2018 жылғы 541 259-дан 2022 жылы 331 268-ге дейін азайған. Алайда, нақты көрсеткіштер айтарлықтай жоғары.

Жастар арасында алкоголизм таралуы себептерінің арасында әлеуметтік-мәдени факторларды атап өту қажет. Қоғамның нормалары мен құндылықтары жастарға әсер етіп, ішімдік ішу қалыпты әрекет деген сенім қалыптастыра алады. Сонымен қатар адамдар алкоголь стресс пен ширығуды жеңілдету құралы деп те қарайды әрі ол жағдай отандық және шетелдік көркем фильмдер, сериалдар деңгейінде насихатталады.

Жастар арасындағы алкоголизммен күресу жолдары нашақорлықпен күресу шараларына ұқсас. Алкогольдің зияны, оның жастардың денсаулығы мен өміріне әсері туралы ақпараттық науқандар жүргізу маңызды[38].

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы ағымдағы жағдайдын талдау

Жаһан кеңістігінде алуан түрлі ақпарат еркін таралып, әлеуметтік желілер арқылы балалардың санасына әсер етуде. Интернет кеңістігі баланың тәрбиесі мен мінез-құлқына, өзін-өзі ұстау әдебіне әсер етіп, балалар мен жасөспірімдер арасында түрлі субмәдениеттердің белгілі бір басымдыққа ие болуына жол ашты. Мұндай сын-қатерлерді түбірімен жою мүмкін емес, дегенмен оған тосқауыл болу – баршамызға ортақ міндет.

Баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде жасөспірімдер мен жастар арасында вейп, нашақорлық, психотропты заттарды пайдалану секілді проблемалардың бар екендігі кеңінен талқылауға түсіп жүр. Балалар қолдарында ұстап жүрген смартфондарындағы Интернетке жылдам қолжетімділік балаларды интернет ойындарына тәуелді еткені де жасырын емес. Сондай-ақ балалардың тез байып кету, жеңіл жолмен ақша табу секілді қиялдары оларды лудомания дертіне ұшыратты. Бұл балаларымыздың бойында қаржылық сауаттылықтың төмендігін көрсетеді.

Ал, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы жариялаған мәліметтерге назар аударсақ, кәмелетке толмағандар арасында ұрлықтың, зорлау және зорлауға оқталу фактілерінің артып келе жатқандығын байқауға болады. Демек, қазіргі өсіп келе жатқан ұрпақ бойында қатыгездіктің бой алғандығын көрсетті.

Аталған проблемалардың туындауына ықпал ететін көптеген себептер мен салдарлар бар. Мысалы, Интернеттің ашықтығы, кез келген ақпараттың жылдам таралуы, бала қарайтын видео контенттердің филтрлерден өткізілмеуі, ата-аналардың жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдікті сақтамауы бала тәрбиесіндегі жүгенсіздіктің орын алуына ықпал етті.

Демек, аталған проблемаларды шешу үшін тәрбиенің жаңа парадигмасын және тәрбиенің бағдарламасын әзірлеу қажеттігін өзектендіреді.

Осыған орай, баланың бойына ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды дарыту жолдарын мұқият ойластыру, қауіпсіз, жайлы оқу ортасын қамтамасыз етуде білім беру ұйымдары, мемлекеттік және әлеуметтік институттар арасында өзара ынтымақтастық қарым-қатынастар парадигмасын қалыптастыру қажет.

Сол себепті ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу міндеті тұр.

Осыған орай Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыркүйегінде № 294 бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бекітіліп, білім беру ұйымдарында жүзеге асырылды.

Құндылық – мінез-құлық, ішкі сенім, тұжырым жасау, шешім шығаруға керек негіз. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» адамгершілік және тұлғалық қасиеттерді айқындайтын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға бағытталған жүйелі іс-шара жоспарын қамтиды.

Бағдарлама ұлттық тәрбие негізінде ел болашағының дамуына үлес қосатын, адал азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Білім беру ұйымдарында тәрбие процесін анықтау бойынша білім беру ұйымдарының педагогтері, сынып жетекшілері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, тәрбие әдіскерлері арасында сауалнама жүргізіліп, тәрбие жүйесіне зерттеу жасалды.

Сауалнама 3 кезеңнен өткізілді.

1-кезең – 2020-2021 оқу жылы. Білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілерінен 5640 респондент қатысты.

2-кезең – 2022-2023 оқу жылы. Білім беру ұйымдарындағы педагогтермен жүргізілген сауалнамаға 20331 респондент, оның 14155 қазақ тілінде, 6051 орыс тілінде қатысты.

3-кезең – 2022-2023 оқу жылы. Өңірлер бойынша білім беру ұйымдарындағы директорлардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларынан 7326 респондент қатысып, тәрбиедегі олқылықтар анықталды.

Қоғамда қазіргі балалар тәрбиесіндегі мәселелерді шешу жолдары, тәрбиенің бағыт-бағдарын анықтау, құндылықтарды дарыту оны жоспарлау және ұйымдастыруда педагогтер мен сынып жетекшілеріне әдістемелік көмектің қажеттілігі басымдық беруде.

Осыған орай зерттеу мақсаты білім беру ұйымдарында білім алушылардың бойына тұлғалық, ұлттық құндылықтарды дамытудағы маңыздылығын анықтау болды.

Зерттеу өңірдегі білім беру ұйымдарында тәрбие мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді. Теориялық және практикалық зерттеулерді талқылай келе, білім беру ұйымдарында өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің принциптері, тетіктері мен әдіс-тәсілдері айқындалды.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Сол себепті тәрбиенің нәтижелі болуы маңызды және ол тек құндылықтарға негізделгенде ғана нәтижелі болмақ. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды[7].

Демек, қазіргі кезеңде өскелең ұрпақ тәрбиесіне тірек болатын, адами қадір-қасиеттерді нығайту үшін ұлттық мүддені нығайтатын, ұлттық мирасты сақтайтын және оны дәріптейтін, ар-ұжданы таза, салауатты өмір салтын ұстанатын, заманның талабына сай келетін түйінді құзыреттерді қалыптастыру маңызды. Сол себепті ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтары арқылы тәрбие жұмысын ұйымдастыру қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы

Ұлттық мүдде: тәуелсіздік, егемендік, мемлекеттік аумақ, қазақ тілі, экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқаты, ұлттық қауіпсіздік, отаншыл, ұлттық мирасын, мұрасын қадірлейтін, ұлттық мәдениетті бағалайтын ұрпақ қалыптастыруды көздейді. Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет ету, ұлттық мирас пен мұрасына ұқыптылықпен қарап, оны белсенді дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Отанның бастау бұлағы – отбасы. Демек ата-ананы қадірлеуге тұғыр болатын қара шаңырақ, жеті ата, тектілік ұғымдары өскелең ұрпақ бойына сіңіріліп, отбасының татулығын, береке-бірлігін нығайтуға жетелейді[8]. Сол себепті отбасына сүйіспеншілік, бауырмалдық қасиеттері сіңген және отбасы алдындағы перзенттік парызын жете түсінген, намысшыл, отбасын, Отанын, мемлекеттік рәміздерін құрметтейтін адал ұрпақ мемлекет тәуелсіздігін, ел мен жердің тұтастығын қадір тұтуға, демократиялық және азаматтық жауапкершілікті саналы түсінуге, қазақ тілін еліміздің басты рухани байлығы ретінде қастерлеуге, құрметтеуге, оны қоғамның барлық саласында қолдануға, ғылым тілі ретінде дамытуға үлес қосуға ұстын болады.

Сондықтан Ұлттық мүдде құндылығы адамдар арасындағы сыйластық, сыпайылық, әдептілік қасиеттерін сіңіруге, елі мен жеріне, мемлекетін, рәміздерін құрметтеуге бағыттайды.

Отбасы алдындағы перзенттік парыз, Отан алдындағы борыш, Отанға, елге, ұлтқа абыройлы қызмет ету, тарихи танымның тереңдігі, отаншылдық, елжандылық қасиеттері Ұлттық мүдде құндылығына тұғыр болады.

«...Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Қыз анадан үйренбей өнеге алмас, Ұл атадан үйренбей сапар шекпес», «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады», «Атаның баласы

болма, адамның баласы бол» т.б. қанатты сөздер Ұлттық мүдде құндылығын бала бойына дарытуға негіз болады.

Ұлттық мүдде құндылығы еліміздің өткен тарихын ұрпақ жадында сақтауға, ата-бабадан қалған мирастарды мұраларды танып-білуге, оны сақтап, әрі қарай дәріптеуге тірек болады. Өз тарихын білмеген ұрпақ, оны ертеңінде сақтай алмайды. Сондықтанда еліміздің болашағын жарқын ету, ұлттық рухымызды сіңіру ұлттық мирас құндылығымен сабақтас. Ата-бабадан қалған құнды мұраларымызды қорғауға дағдыландыру керек. Балалармен бірге театрға, мұражайға және тарихи орындарға бару оларды рухани жағынан кемелдендіреді. Бұл тұрақты қолға алынғанда ғана өткенінен сабақ алып, болашағына үмітпен қарайтын ұрпақ келері сөзсіз.

Ар-ұят құндылығы

Ар-ұят құндылығы мектеп оқушыларын тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады, этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады. Ар-ұят құндылығы адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, парасаттылықты жоғары бағалауға, абыройлы болуға ықпал ететін адамдық болмыстың сапалы бейнесін қалыптастырады. Ар-ұят құндылығына «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады» деген даналық өсиет пен адалдық, әділеттілік, мейірімділік, жауапкершілік қасиеттері тұғыр болады. «Арлының ұяты бетінде», «Ақылың болса ар сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Пайда ойлама, ар ойла», «Әділ сөйлеп, адал жүр», «Әділдіктің екі қайнар көзі бар: ешкімге зиян келтірмеу және қоғамға пайда келтіру», «Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол!», «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен», «Ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек», «Ақылды сол – нысап пен ар сақтайды» т.б. қанатты сөздер ұждан құндылығын бала бойында қалыптастыруға негіз болады.

Ардың кіршіксіз, ұжданның таза болуы – түптеп келгенде, ұлт қауіпсіздігінің өзегі. Себебі, ар-ұяттың кемдігінен ұлт болашағының жегі құртына айналған парақорлық, жемқорлық қоғамдағы алаяқтықтық әрекетті асқындырып отыр. Сондықтан балабақшадағы бүлдіршіннен бастап, мектеп бітіретін жасөспірімге дейінгі тәрбиеде ар-ұят мандайалды құндылық ретінде басты ұстанымға айналуы тиіс.

Ар-ұят құндылығы адалдық, әділеттілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін бала бойында қалыптастыруды және еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, жауапкершілік сезімін нығайтуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады.

Талап құндылығы

XXI ғасыр технологиялардың қарқынды дамыған заманы. Еліміз басқа елдерден оза дамуы үшін технологияларды қарқынды дамытуға үлес қосып,

инновацияларға ашық болуымыз қажет. Сол себепті өскелең ұрпақ бойында заманауи дағдыларды қалыптастыру маңызды. Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сонымен қатар, талап құндылығы баланың білім алуға, ғылымда жаңалық ашуға жаны құштар болуға, салауатты өмір салтын ұстануға уақыт пен қаржысын тиімді жоспарлауына дағдыландырады. Демек, талап құндылығы қазіргі BANI әлемге қажетті түйінді құзіреттіліктерді қалыптастырумен сабақтасады. Себебі, біздің балаларымызға ұлттық тәрбиеден нәр алып, заман ағымына ілесуге және елімізді озық елдер қатарынан табылуына серпін беретін түйінді құзыреттерді бойында қалыптастыру маңызды.

Осыған орай, қазіргі заманда сыни ойлайтын, оңтайлы шешімдерді дербес қабылдайтын, қабілет қарымы мол, құқықтық мәдениеті жоғары, қоғамдық орында өзін мәдениетті ұстай алатын, басқалармен тіл табыса білетін, сындарлы диалогқа түсе алатын тұлғалар тәрбиелеуге басымдық береміз.

Білім беру ұйымдарында және қоғамда барлық тәрбие ісімен айналысушылардың негізгі өзара іс-қимыл принциптерін ұсынуға болады:

- Қауіпсіздік пен қамқорлықты қамтамасыз ету принципі;
- Тұлғалық сезімді құрметтеу принципі;
- Белсенділік, дербестік және тәртіпті сақтау;
- Кешенділік және жүйелілік принципі;
- Үлгі болу арқылы тәрбиелеу принципі;
- Кері байланыс және коммуникацияны қолдау принципі.


Тәрбиені жүзеге асыру тетіктер

- Пәндік мазмұн шеңберінде;
- Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде;
- Сыныптан тыс іс-әрекеттер шеңберінде;
- Отбасымен ынтымақтастық шеңберінде;
- Қоғамдық серіктестермен өзара әрекеттесу шеңберінде [9].

Нәтижелер мен талқылау

Бүгінгі күнде білім беру ұйымдарында тәрбиенің мән-жайы, ұрпақ бойына сіңіріліп отырған құндылықтар жүйесі және оның бала дамуына әсері қоғамды толғандырып отырған мәселе екені анық.

Осыған орай өңірлерде ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтарды анықтауда жүргізілген сауалнама нәтижесі ұсынылды.



Сурет 6. Білім беру ұйымдарында тәрбие құндылықтарының маңызы

Білім беру ұйымдарында қоғам игілігіне қызмет ететін саналы азаматты тәрбиелеу барысында берілетін құндылықтар ар-ұят, Отан, отбасы, ар-ұждан, талап, кемелдену, еңбек құндылықтары (1-сурет). Сауалнамаға берілген жауаптар осы аталған құндылықтардың бүгінгі қоғамдағы маңыздылығын көрсетті. Қазір уақытта білім беру ұйымдарында білім алушылардың бойына еңбек құндылығының қажеттілігі басымдық беріп отыр. Яғни біздің алдымызда қоғам болып балаларды еңбек әрекетіне баулып, еңбектің құндылығын түсіндіру міндеті тұр. Сондай-ақ білім алушылардың бойында ар-ұят, ар-ұждан, отбасы құндылықтарын үлгі-өнеге арқылы дарыту қажеттігі көрінеді. Білім алушыларды кемелділікке, сананың ашықтығына, зерек болуға тәрбиелей отырып, талап құндылығын да дарытуымыз қажет.




2-сурет – Ар-ұят құндылығын қалыптастыру

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға тәрбиелейтін қасиеттерді қалыптастыру үшін білім алушылардың бойында ұят, ар-намыс, мейірімділік пен әдептілікті дарыту қажет (2-сурет). Олай болса отбасы, мектеп, қоғам ынтымақтастығында баланы мейірімділік пен сүйіспеншілікке, сыпайылық пен әдептілікке жетелей отырып, ар-ұятты биік ұстайтын, намысты тұлға тәрбиелеу міндеті тұр.



Сурет 7. Балаларға адалдық пен тәртіп қасиеттерін қалыптастыру

Білім алушыларды шынайылық пен тәртіпке жетелейтін жауапкершілік, адалдық, әділеттілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, заң мен моральдік этиканы сақтауға, адалдық пен әділетті болуға тәрбиелеу қажеттігі басым екендігі байқалды (3-сурет).



Сурет 9. Ұлттық мүдде құндылығын сіңіру

Білім беру ұйымдарында бала бойына ұлттық мүдде құндылығын дарыту үшін отансүйгіштік, қазақ тілін құрметтеу, ынтымақтастық, тарихи сана, елжандылық, жауапкершілік қасиеттерді қалыптастыру маңызды (4-сурет). Зерттеу нәтижесі көрсеткендей білім алушыларда отансүйгіштік және қазақ тілін құрметтеуге деген құндылықтарды қалыптастыруға басымдық берілуі керектігі байқалады. Яғни бала бойында өз ана тілін құрметтеу мен отанға деген сүйіспеншілігін дамыту отбасынан бастау алып, білім беру ұйымдарында, қоғамда жалғасын табуы тиіс.



Сурет 8. Талап құндылығы дамыту

Білім алушылардың бойына талап құндылығын дарыту үшін оларды білімге ұмтылуға, еңбекқорлық салауаттылық, мәдениеттілік, денсаулық, іскерлік, саламаттылық қасиеттерді дамыту маңызды. Осы зерттеу нәтижесі көрсеткендей білім алушылардың бойында мәдениеттілік білімге ұмтылу, еңбекқорлық, салауаттылық құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігі басымдық беріп отыр (5-сурет). Олай болса білім алушыларды аталған құндылықтар мен қасиеттерге тәрбиелеу маңызды.

Сауалнама нәтижесі білім беру ұйымдарында тәрбие процесіне ұлттық құндылықтарды дәріптеу, білім алушылардың бойына ар-ұят, талап, ұлттық мүдде құндылықтары арқылы тәрбие процесін ұйымдастыру маңызды екендігін көрсетті. Білім беру ұйымдарында қоғам игілігіне қызмет ететін саналы азаматты тәрбиелеу үшін қандай құндылықтар маңызды деген сауалдан қатысқан педагогтердің 60-65%-ы бала бойынан аталған құндылықтарды көргісі келеді.

Яғни қазіргі уақытта балалардың бойына ұлттық және тұлғалық құндылықтарды дарыту маңызды.

Екінші кезеңде өңірлердегі тәрбие ісі жөніндегі директорлардың орынбасарларына сауалнама арқылы зерттеу жүргізілді. Сауалнамаға 7326 респондент қатысты.

Зерттеу нәтижесі төмендегідей нәтиже берді.

Сынып жетекшілік қызметті атқаруға педагогтер мотивациясының төмендігі 47,8%, республика көлемінде тәрбие жоспарының бірыңғай құрылымы мен жүзеге асыру тетіктерінің болмауы 75,2 %, тәрбие жұмысының жоспарынан тыс кенеттен пайда болатын шаралар 67,2%, тәрбие іс-шараларының тиімділігін бағалаудың болмауы 37,2 %, білім беру ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктер арасындағы ынтымақтастықты реттейтін нормативтік құқықтық актілердің болмауы 39,6 %, бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілігі нормативтік құқықтық құжаттарда нақты берілмеуі 83,2%.

Зерттеу нәтижесі білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесін ұйымдастыруда кемшіліктердің орын алып отырғанын көрсетті. Ең алдымен

сынып жетекшілердің жұмысына әдістемелік қолдау көрсетіп, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша оқыту курстары мен семинарлар өткізуі тиіс. Тәрбие жоспарының бірыңғай құрылымы мен жүзеге асыру тетіктерінің болмауы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысында біртұтас тәрбие бағдарламасының қажеттілігін талап етеді. Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастық орнату тетіктерін айқындау маңызды.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адамгершілік тұрғыдан тұлғаның үздіксіз толысуын қамтитын және оның жанын ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандыратын процесс. Яғни, бала тәрбиесі – тал бесіктен басталып үздіксіз жүзеге асырылатын динамикалық құбылыс.

Бала тәрбиесіне отбасы, әлеуметтік орта, білім беру ұйымы және қазіргі кезеңде цифрлық кеңістік ықпал етеді. Аталған ықпал етуші факторлар баланың қызығушылығын, қажеттілігін және идеалдарын қалыптастырып, мінез-құлқын айқындайды.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, бала бойына дарыту мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар айтарлықтай. Мысалы, атап айтқанда Астана қаласы әкімдігінің «№53 мектеп-лицейі ұлттық дәстүрге баулу «Зерек» ұлттық тағылым бағдарламасы, Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде құндылықтарға негізделген білім беру, Жамбыл облысы білім басқармасы № 5 Ақарал жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясында ақыл-ой, жаһандық құзыреттілік, эмоционалды интеллектуалдық шығармашылық пен рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту бойынша эксперименттік алаңы, Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Батыр ауылындағы №10 орта мектепте құндылықтарға негізделген тәрбие бойынша жобалар және т.б. білім алушылардың бойында ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды дарыту мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылында әр өңірде жүргізілген жұмыстардың нәтижесі

Білім деңгейі бойынша ЖАО бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің желісі

Кесте 1

Аймақ	барлық мектептер	оның ішінде ауылдық жерде	оның ішінде					
			бастауыш	оның ішінде ауылдық жерде	негізгі орта	оның ішінде ауылдық жерде	жалпы білім беретін л	оның ішінде ауылдық жерде
ҚР	6 903	5 084	520	490	934	869	5 449	3 725
Абай	302	227	17	15	39	38	246	174
Ақмола	531	440	43	43	136	133	352	264
Ақтөбе	403	280	21	20	78	74	304	186
Алматы	430	390	27	27	21	20	382	343
Атырау	203	129	12	12	7	6	184	111
БҚО	362	300	52	52	66	65	244	183
Жамбыл	449	354	48	44	33	32	368	278
Жетісу	336	278	32	32	35	35	269	211
Қарағанды	402	231	27	27	71	49	304	155
Қостанай	445	358	52	49	110	101	283	208
Қызылорда	295	229	4	4	16	16	275	209
Маңғыстау	145	98	6	4	4	4	135	90
Павлодар	356	271	17	16	76	74	263	181
СҚО	450	394	49	49	95	91	306	254
Түркістан	910	799	81	73	53	51	776	675
Ұлытау	86	48	4	3	10	9	72	36
ШҚО	343	258	24	20	77	71	242	167
Астана қ.	97	0	2	0		0	95	0
Алматы қ.	215	0	0	0	4	0	211	0
Шымкент қ.	143	0	2	0	3	0	138	0

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

Білім деңгейі бойынша ЖАО бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпыбілім беретін мектептердің контингенті

Кесте 2

Аймақ	барлық оқушылар	оның ішінде ауылдық жерде	оның ішінде					
			бастауышта	оның ішінде ауылдық жерде	негізгі ортада	оның ішінде ауылдық жерде	жалпы білім беретінде	оның ішінде ауылдық жерде
ҚР	3 518 664	1 513 855	16 337	8 338	59 869	44 810	3 442 458	1 460 707
Абай	99 888	39 343	615	207	1660	1614	97613	37522
Ақмола	136 865	65 497	428	428	5 876	5 626	130 561	59 443
Ақтөбе	167 692	45 698	314	216	3705	3104	163673	42378
Алматы	342 400	294 592	1 057	1057	2 009	1 764	339 334	291 771
Атырау	136 630	61 446	255	255	588	518	135787	60673
БҚО	120 435	50 237	449	449	3 248	3 202	116 738	46 586
Жамбыл	232 587	133 281	1246	926	2740	2740	228601	129615
Жетісу	128 828	69 861	400	400	1 691	1 691	126 737	67 770
Қарағанды	169 933	34 656	237	237	8734	2434	160962	31985
Қостанай	111 802	42 882	2 308	585	6 816	4 347	102 678	37 950
Қызылорда	169 847	94 025	44	44	1028	1028	168775	92953
Маңғыстау	167 715	94 074	1 912	317	281	281	165 522	93 476
Павлодар	115 509	34 297	128	119	3530	3035	111851	31143
СҚО	72 675	38 493	358	358	3 809	3 129	68 508	35 006
Түркістан	485 428	372 916	4 540	2196	7 569	7 259	473 319	363 461
Ұлытау	40 229	8 708	55	25	647	380	39 527	8 303
ШҚО	97 446	33 849	1 292	519	3 765	2 658	92 389	30 672
Астана қ.	213 957	0	408	0	0	0	213 549	0
Алматы қ.	302 401	0	0	0	875	0	301 526	0
Шымкент қ.	206 397	0	291	0	1 298	0	204 808	0

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

Абай облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйетін, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын, білімді де адал ұрпақ тәрбиелеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді. Аталған мәселелерді шешуде тәрбие мазмұнын айқындау, білім беру мекемелерінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мақсатындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2023-2024 оқу жылының өзекті жаңалығы болып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыркүйегіндегі № 294 бұйрығына сәйкес Абай облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспары құрылды.

Мақсаты:

➤ 2023-2024 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізілген іс-шараларға сараптама жасау.

Міндеті:

➤ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында іс-шаралардың сапалы өтуін басшылыққа алу;

➤ Ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыруда кеңес беру орталықтарының жұмысын жүйелеу;

➤ Әлеуметтік жобаларға қатысу;

➤ «Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылған челленджерге қатысу;

➤ Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;

Күтілетін нәтиже:

➤ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында іс-шаралар жүйелі өткізіледі;

➤ АПҚО жұмысы жанданады;

➤ Білім алушылар әлеуметтік жобалар мен челленджерге белсенділікпен қатысады;

➤ Білім алушылар үшін қауіпсіз, жайлы орта қалыптастыру мақсатында іс-шаралар жүйелі өткізіледі;

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Ал, қазіргі уақыт – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақтың дәуірі. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ал ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қасиеттері берік қалыптасқан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңызды.

Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйетін, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын, білімді де адал ұрпақ тәрбиелеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді. Аталған мәселелерді шешуде тәрбие мазмұнын айқындау, білім беру мекемелерінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мақсатындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы биылғы жаңа оқу жылының өзекті жаңалығы болып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыркүйегіндегі № 294 бұйрығына сәйкес Абай облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспары құрылды.

Бағдарламада ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеу, ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа бейімделіп, табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу сынды міндеттерді орындау білім беру мекемелеріндегі барлық тәрбие ісімен айналысатын 12000-ға жуық педагогтерге жүктелді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» сынды тәрбие құндылықтары арқылы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты Абай облысының барлық білім беру мекемелерінде тәрбие жұмысын жүзеге асыру тетіктері нақтыланды. Бағдарлама мазмұнына сәйкес облысымыздың білім беру мекемелерінде 30-дан астам әлеуметтік жобалармен жұмыс жүргізу және 20-ға жуық нақты берілген сынып сағаттарды өткізу қадағаланды. Бағдарламаны іске асыруда арнайы сертификатталған тренерлер бастамасымен облыстағы 302 жалпы және 33 техникалық-кәсіби білім беретін мекемелеріндегі белсенді педагогтерден шығармашылық топтардың бірлескен жұмысы негізінде облыстық бірыңғай кешенді жоспары жасалды. Сондай-ақ оқу-жылы басында жұмыс жүргізу барысында облыстық деңгейде 360 түсіндірмелік-тәжірибелік семинар, аудандық, қалалық деңгейде 150-ге жуық іс-шара өткізіліп және облысымыздағы білім беру мекемелерінің әрбір тоқсан қорытындысындағы педагогикалық кенестерде талқыланды.

Сонымен қатар оқу-жылы басында Абай облысындағы 350 мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мекемесінде және 24 қосымша білім беру ұйымдары педагогтеріне де «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен жұмыс жүргізу әдістемесін әдістемелік орталықтың тәрбие бөлімінің жоспарына сәйкес үйретілді.

Құндылық – біздің ойымыз бен мінез-құлқымызды басшылыққа алатын принцип. Білім беру мекемелеріне педагогтердің өзін-өзі ұстау мәдениеті баланың тұлғалық қасиетіне қаншалықты әсер ететіні жайлы әдістемелік көмекпен, жаднамалар берілді.

Бала тәрбиесінде оң өзгерістер болу үшін мектеп мәдениетіне қандай құндылықтар қажет және қазіргі білім алушыларды тәрбиелеуде қандай құндылықтар маңызды екендігіне пікір алмаса отырып, ұлттық мүдде, ар-ұят және талап құндылықтарын тәрбие жұмысына енгізе отырып жұмыс жүргізу керектігі терең түсіндірілді.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген бағдарлама облыстық ата-аналар қауымдастықтарына және 700-ге жуық ата-аналар жиналыстарында да іске асырудағы іс-шаралар таныстырылды.


«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнына сәйкес жүргізілген түсіндірме жұмыстарының сауалнама бойынша пайыздық көрсеткіші:

- Тәрбиедегі сын-тегеуріндер – 87 %
- Тәрбие парадигмасы - 90 %
- Тәрбие құндылықтары - 100 %
- Тәрбиенің үздіксіздігі - 93 %
- Тәрбиені жүзеге асыру тетіктері - 95 %
- Сынып сағаттары мен әлеуметтік тәжірибелер, жобалар - 97 %
- Тәрбие тұғыры - 99 %

Облысымызда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудағы бір ерекшелік ол - әлеуметтік серіктестікке басымдық беру барысында облыстық Абай атындағы драма театрымен білім басқармасы МЕМРАНДУМҒА отырып, ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығын жас ұрпақ және ата-аналар театр қойылымдары арқылы түсініп, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеу, ұлттық мұраны қастерлеу құндылықтарын игеруде.

Атап айтқанда Семей қаласының білім беру мекемелері тұтастай қамтылып, ал көшпелі театр жұмысы желісінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы қойылымдарымен Аягөз, Абай, Көкпекті, Жарма, Бесқарағай аудандары білім алушыларын қамтып, әлі де театр маусымдары жұмысын жалғастырмақ.

Облысымызда ағымдағы жылда Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұсынысымен ұлттық мәдениетті насихаттай отырып, халықты ұлттық бірегейлікті жандандыруға өз үлесін қосу, отаншыл, мемлекетшіл ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «ҰЛТТЫҚ СЕЗІМ» жобасы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын айшықтай түсуде. Яғни білім беру мекемелеріндегі педагогтеріміз, білім алушыларымыз әр аптаның жұма күндері оқу үрдісінде ұлттық киім киіп, салт-дәстүрлерді насихаттап түрлі челенджермен ұлттық бренд құндылықтарын арттыруда. Жоба аясында облысымыздың білім беру мекемелерінде 2800 іс-шара атқарылды.



Сурет 10. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асуы

Жобалар туралы ақпарат

Абай облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының шеңберінде өңірде 3 ірі жоба жүзеге асырылуда.

- «Толық адам ілімі негізінде ата-аналар институтын қалыптастыру» жобасы 50%

- «Мобильді көмек» жобасы 61 %
- «Өнеге.Тәлім.Тәрбие» жобасы 45 %

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы барысында «Толық адам» ілімін негізінде ата-аналар институтын қалыптастыру» облыстық жобасы да жалғастырылуда.

Әрбір ата-ана ұрпағының қоғамда елеулі тұлға болғанын қалайды.

Осы армандарының орындалуына, бала тәрбиесінде «толық адам» ілімі бойынша ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек қасиеттерін сіңірту зор себепкер бола алады. Осы орайда Абай облысының білім беру мекемелерінде ата-аналардың педагогикалық және психологиялық мәдениетін арттыру, жауапты, позитивті ата-аналарды қалыптастыру мақсатында «Толық адам» ілімі негізінде ата-аналар институтын қалыптастыру» қызметі бастау алды.

Жоба ата-ана болудың құндылық-семантикалық негіздерін қалыптастыру, жауапкершілік сезімін өзектендіру, ата-аналардың отбасылық тәрбие саласындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін дамыту, қалыптастыру, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамытуға ықпал ету, ата-аналар мен білім беру мекемелерінің тиімді ынтымақтастығы және серіктестігін ұйымдастыру сынды міндеттерді алға қойды.

Аталған жобаны іске асырудағы мәселер олар: қоғамдағы ата-аналардың саналы көзқарастары қалыптаспауы, ата-аналардың өзін-өзі тәрбиелеуге қызығушылықтары артпауы, ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің бәсеңдігі, неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518 –IV Кодексінің орындалмауы болып отыр.

Абай облысындағы тәрбие жұмысындағы өзекті дүниелерді анықтауда 302 білім беру мекемелерінен арнайы сауалнамалар алынып, осы жоба жұмысты бастаудағы ата-аналардың немесе заңды өкілдердің бала тәрбиесіне жауапты көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесу өзектілігі анықталды.

Жобаның географиясы: Өңірдегі білім беру ұйымдары болып табылады.

Жобаның стейкхолдерлері: - Өңірлік әлеуметтік орталықтар;


- Қалалар мен аудандардың әкімдіктері, арнаулы ұйымдар (құқық қорғау органдары), үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат.

- Ата-аналар қауымдастықтары.

Мақсаты: Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық мәдениетін арттыру, жауапты, позитивті ата-аналарды қалыптастыру.

Жұмыс алгоритмі

Кесте-3



Ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыруда кеңес беру орталықтары құрылды

Кесте-4

КЕҢЕС БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ МИССИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУШЫЛАР



Жүргізілген жұмыстар барысындағы нәтижелер:

1. ата-аналардың өзін-өзі тәрбиелеуге деген қызығушылығын артуы - 50 % -ға өсті;

2. оқушының отбасының білім беру қызметтеріне деген қажеттілігін қанағаттандыру: оқыту, психологиялық-педагогикалық қолдау – 50 % -ға өсті ата-аналардың педагогикалық мәдениеті артуы – 50 % -ға өсті;

3. отбасы мен білім беру мекемесінің өзара түсіністігін, ынтымақтастығының дамуы – 35 % -ға өсті;

4. қашықтықтан оқыту жүйесінің арқасында оқушылардың ата-аналарының көпшілігін ата-аналардың жалпыға бірдей оқытуымен қамту – 50 % -ға өсті;


5. Балаларды тәрбиелеу және оқытудағы ата-аналардың жауапкершілігінің артуы – 50 % - ға өсті.

Жоба аясында ұлттық құндылықтарға негізделген бағдарлама мазмұнында тұрғысында 51207 ата-ана жоба аясындағы іс-шараларға қамтылды.

Кесте-5

Ұлттық мүдде	Талап	Ар-ұят
Мақсаты:		
Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; Ұлттық мәдениетті дәріптеу;	Сыни және креативті ойлау; Жеке және командамен жұмыс істей білу; Білуге, жаңаны тануға құштар болу; Физикалық белсенді болу; Салауатты өмір салтын ұстану; Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; Дұрыс қарым-қатынас орната білу; Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.	Академиялық адалдық қағидатын қолдау; Адал еңбекті құрметтеу; Сөзіне берік, ісіне адал болу; Халқына адал қызмет ету Әдеп нормаларын ұстану; Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; Достарына, сыныптастарына, отбасым үшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Тәрбие тұлғырларын іске асырудағы ауыл және қала мектептерінің көрсеткіші:



Сурет 11. Қала және ауыл мектептері іс-шараларының көрсеткіші

Ауылдық елді мекендердегі мектептерде тәрбиелеу процесін тиімді ұйымдастыру, балалардың бойына адами құндылықтарды сіңіру, мектеп пен отбасының өзара байланысын нығайту маңыздылығын түсінген әр ауыл педагогінің ерен еңбегін жалғастырады, - деген зор сеніміміз бар.

Тәрбие тұлғырларын іске асыруда қала мектептерінің көрсеткіші ауыл мектептерінен қарағанда төмен пайыздық көрсеткіш беруде. Себебі, қала мектептерінде ауыл мектебіндегей қазақи орта болмағандықтан, ұлттық құндылықтар қажетті деңгейде насихатталмай жатады. Білім алушылар қазақ сыныптарында оқығанымен, көбінесе орыс тілді болып келеді.

Оқушыларға достың адам өміріндегі маңызын түсіндіре отырып, достар арасындағы қарым-қатынасты нығайту өзімшілдік, менмендік тағы басқа жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету, адалдыққа, адамгершілікке, шыншылдыққа тәрбиелеу мақсатында «ДосболЛКЕ» акциясы да өткізіліп, 949 іс-шара атқарылды. Сонымен қатар ««ДосболЛКЕ» акциясы бойынша облысымыздың 5 мектебі (Семей қаласының №17, №18, №35, Үржар ауданы Найманбай атындағы мектеп, Жарма ауданы Карелин атындағы мектеп) апровациядан өтуде.

Жалпы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жұмысы барлық әлеуметтік желілерде #Біртұтас_тәрбие хэштегтерімен белгіленіп, бүгінгі таңда 16770 іс-шара жарияланды.

Абай облысы білім беру мекемелерінде талап құндылығы негізінде өткізілген іс-шаралар – бала санасында табиғатты қорғау, аялау сезімін, экологиялық мәдениетті қалыптастырып, оқушылар бойында экологиялық білім, көзқарас, сенім жүйесін қалыптастырып, сол арқылы олардың табиғатқа, қоршаған ортаға парасаттылық, жауапкершілік, қарам-қатынасын жан-жақты қалыптастырып дамыту болып табылады.

Облыс мектептерінде экологиялық білім беру бойынша бала-бақшалар мен мектептерде, колледждерде педагогтер экология пәнін оқыту мақсатында 450 ге жуық үйірме сабақтарын жүргізіп келеді. Үйірмелердің мақсаты-экологиялық және әлеуметтік мәселелердің мәнін түсіндіру, қоршаған орта мен адам арасындағы өзара байланыстың дамуына талдау жасауға үйренуде.

Облысымыздың 302 білім беру ұйымдарында оқушылардың экологиялық санасын тәрбиелеуде гуманитарлық және эстетикалық циклдегі пәндер тарих, қоғамтану, мемлекет және құқықтық негіздері пәндерін оқу барысында табиғатқа рақымсыз қарым-қатынас жасауға болмайтындығын, ол үшін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың әрекетін реттейтін заң актілері жайында білім алады. Эстетикалық пәндер негізінде: әдебиет, көркем өнер, музыка сабақтары табиғаттың эстетикалық мәнін, оның өзінетән қайталанбас сұлулығын, адамға және жалпы қоғамға маңыздылығын ашып көрсетеді. Өнер табиғатты жандандырады, адамның сүйіспеншілігін оятады және оның бөлінбес бөлшегі екендігін ұғынуға мүмкіндік береді.

«Мобильді көмек» жобасы

Оқушылар арасында психоәлеуметтік дағдыларды дамыту, зорлық-зомбылық туындағанға дейін қатер тобындағы оқушыларды ерте анықтау, хабарлау, тіркеу, дер кезінде әрекет ету, оларға көмек көрсету және қолдау арқылы оқушылардың қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылғы 15 қаңтардан бастап 10 жалпы орта білім беру мектебінде «Мобильді көмек қызметі» (бұдан әрі-МКК) пилоттық жобасы жұмыс істеуде.

Ұсынылған жұмыс жоспары негізінде әр мектеп МКК траекториясын құрды. Пилоттық жобаны іске асыру бойынша мектеп басшыларымен 4 онлайн кездесу ұйымдастырылды. Білім беру ұйымының басшысы ұйым қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес МКК құру және оның жұмыс істеуі туралы бұйрық шығарады. МКК құрамында мектеп басшысы, мектеп әкімшілігінің өкілі, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері (тұрақты емес), әлеуметтік педагог, педагог-психолог, тәлімгер, кіші қызметкерлер, профориентатор, мектеп медбикесі, IT-маман қызмет атқарады. Балалардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспар аясында облыс бойынша ата-ана мен балалар арасындағы келіспеушілік – 33, жасөспірімдер арасында буллинг -21, аутодеструктивті мәселелер бойынша 18 оқушыға психологиялық – педагогикалық қолдау көрсетілді. 2024 жылы ұсынылған жұмыс жоспары негізінде барлық жалпы орта білім беру мектептеріне МКК енгізуді көздейді.

Балалар мен ересектерге олардың мәселелерін шешуде психологиялық, педагогикалық және құқықтық көмек көрсету мақсатында әр аудан, қалада «Психологиялық сенім телефоны» Call орталықтары құрылды. Сенім телефонына түскен азаматтардың 16 өтініші уақтылы және сапалы қаралып, шұғыл психологиялық қолдау көрсетіліп, бақылауға алынды.

Ата-аналарға, оқушылар мен мұғалімдерге психологиялық көмек көрсету, психологтердің кәсіби шеберлігінің өсуіне жәрдемдесу және білім берудегі психологияның беделін арттыру мақсатында ай сайын облыстық «Елге, сәлем!»

ақпараттық телебағдарламасында ата - аналарға түрлі өзекті тақырыптарда «Психологпен әңгіме» айдарымен 21 кездесу жүргізілді.

Сонымен қатар, «Семей» телеарнасы «Арнайы репортаж» бағдарламасында түрлі тақырыптар аясында педагог - психологтер мектеп оқушыларымен «Интернеттегі алаяқтық психологиясы», «Буллинг, кибербуллинг түрлері және алдын алу», «Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы», «Неліктен бала үйден қашады», «Дарынды балаға кеңес» тақырыптарында 6 психологиялық кездесу өткізілді.


«Өнеге» жобасы

Мақсаты: Аға буын, ардагер ұстаздардың жас педагогтермен сабақтастығын арттыру, жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды сіңіртудің тиімді жолдарын көрсету.

Жобаны іске асыру бағыттары:

1. «Атадан ақыл» - Аталар алқасының жұмысы;
2. «Әжемнің асыл сөзі» - Әжелер алқасының жұмысы;
3. «Мамандығым-мақтанышым» - жас ұстаздар мен ардагерлердің тағылымдық клубының жұмысы;
4. «Отбасы – адам баласының алтын діңгегі» - мектептердегі АПҚКО-дағы «Даналық мектебі» клубтарымен бірлескен жұмыс;

Абай облысы бойынша аталмыш жобалардан өзге 7 жоба негізінде жүйелі жұмыстар атқарылды.



Сурет 12. Жобаларды іске асыру көрсеткіші

- «Адал ұрпақ» 74,2%
- «Жеткіншектің жеті жарғысы» - 62,5%
- «Еңбегі адал жас өрен» - 69,2%


- «Үнем – қоғам қуаты» - 57,2%
 «Экологиялық мәдениет» - 59,4%
 «Қоғамға қызмет» - 53%
 «Өр талапты, озық ойлы ұлан» - 39,5%
 «Зиянды әдеттен аулақ бол» - 49,3%

Кесте -6

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберіндегі әлеуметтік жобалар	Абай ауданы	Ақсуат ауданы	Аягөз ауданы	Бесқарағай ауданы	Бородулиха ауданы	Жарма ауданы	Курчагов қаласы	Көкпекті ауданы	Семей қаласы	Ұржар ауданы	«Жас ұлан» елден-лицейі	«Білім-инновация» лицейі	Абай атындағы ММГИ
Білім айы (қыркүйек)	4%	2%	3%	1%	0%	3%	0%	1%	5%	1%	3%	1%	7%
Алаш Азаматтарын Ұлықтау айы (қазан)	0%	9%	2%	0%	9%	1%	9%	2%	0%	2%	9%	7%	0%
Поэзия Айы (қараша)	3%	4%	5%	2%	0%	2%	0%	3%	4%	5%	7%	2%	1%
«Қазақстан - Ұлы Дала Елі» (желтоқсан)	5%	3%	6%	3%	1%	4%	1%	4%	6%	3%	0%	3%	2%
«Ұлттық Код» айы (қаңтар)	5%	4%	9%	8%	4%	3%	2%	1%	9%	7%	5%	3%	6%
Оқуға Құштарлық айы (ақпан)	2%	1%	7%	6%	3%	2%	1%	4%	6%	5%	1%	3%	4%
Ұлттық Салт-Дәстүрді Дәріптеу айы (наурыз)	1%	0%	6%	5%	2%	0%	2%	3%	5%	4%	0%	1%	3%
Экологиялық Мәдениет айы (сәуір)	6%	7%	6%	8%	6%	7%	9%	5%	7%	6%	5%	4%	5%
Бейбітшілік пен Татулық айы (мамыр)	5%	4%	1%	8%	4%	3%	2%	1%	9%	7%	2%	3%	6%

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберіндегі әлеуметтік жобаларға Абай облысы білім беру мекемелерінің барлығы белсене қатысты. Әлеуметтік жобалар бойынша төмен пайыздық көрсеткіш көрсеткен аудандарға қосымша әдістемелік ұсынымдар берілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылған әр ай сайынғы ЧЕЛЛЕНДЖДЕР:



Сурет 13. Челленджерге қатысу көрсеткіші

Кесте -7

№	Челленджер	Қамтылуы
1	«Домбырашылар»	40125
2	«Шахмат ойнау»	4632
3	«Жасыл мекен»	5920
4	«Сергіту сәті»	51863
5	«Әнұран айту»	76951
6	«Асық ату»	62413
7	«Шығарма жазу»	57025
8	«Қазақ есебі»	10842
9	«Оқуға құштар мектеп»	85630

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Облыс білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың өз бетімен жүргізілетін жұмыстары:

- табиғатқа бақылау жүргізу /7562 білім алушы/;
- табиғат көріністеріне суреттер салу /25640 білім алушы/;
- табиғат сырын түсіндіруге байланысты әртүрлі баяндамалар, рефераттар жазу, альбомдар шығару. /12651 білім алушы/;

Бала бақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушылары және экологиялық орталықтың білім алушылары арасында «Табиғат әлемі балалар көзімен», «Өмір тамшысы», «Бұлттарға айтыңдаршы құстар» шығармалар мен суреттер сайыстары жүргізіліп 42 мыңға жуық оқушыны қамтыды.

«Біртұтас тәрбие»бағдарламасы аясында Облыс білім беру мекемелеріндегі білім алушылардың табиғат аясында істейтін жұмыстары:

- 250 табиғат аясында істелінетін іс-тәжірибелік, сарамандық жұмыстар жүргізілді;
- 426 әртүрлі бағыттағы серуендер, жорыққа шығу.
Экологиялық білім алушыларымен Абай облысының сакральді табиғат аясына танымдық 122 саяхат жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие»бағдарламасы аясында Облыс білім беру ұйымдарында білім алушылардың экологиялық тәрбиемен білімін жетілдіру жұмыстары:

- табиғат қорғауға арналған 25-ке жуық ғылыми оқулар мен конференциялар;
- 50-ге жуық табиғат зерттеушілерімен, ғалымдармен кездесу;
- 130-ға жуық табиғат қорғауға бағытталған кештер ұйымдастыру.
Облыстық биологиялық орталығында дәстүрлі облыстық оқушылар арасында «Экология және балалар» атты жас экологтар форумы өткізілді.

Қоғамдық пайдалы еңбек:

- 85 жасыл жасақшылар тобы құрылды;
- Жыл бойы табиғат қорғауға арналған сенбілік, жексенбілік, айлықтар өткізілді.

«Айналамызды, анамызды аялайық» сенбілігінде 300-ден астам студент пен оқушылардың қатысуымен, қала, аудан маңында 3000ға жуық көшеттерін отырғызылды.

«Біртұтас тәрбие»бағдарламасы аясында білім алушылардың табиғатты аялауға сүйіспеншілігін арттыратын мерекелік іс-шаралар:

- жылқы малын қорғау күні атап өтілді;
- «Бүкіләлемдік жануарларды қорғау» күніне орай биологиялық орталыққа білім алушылармен саяхат өткізіп, шығарма, сурет сайысы ұйымдастырылды.

-

Білім алушылардың өлкетану жұмыстары:

- этнографиялық-экологиялық 260 бұрыштар ашылды;
- мектептерде «Табиғат мүйісі» атты 150 ге жуық табиғат бұрышын ашу;
- ауылдағы табиғи ескерткіштерді қамқорлыққа алу жұмыстары жүргізілді.
- табиғатты қорғау жөнінде ертегілер шығару топтары құрылды.

Мектепте жоғарыда көрсетілгендей мектептен тыс жұмыстарды өткізгенде оқушылардың ата-аналарыда қамтылуда. Оған дәлел барлық мектептерде ашылған ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарындағы экологиялық сабақтардан дәріс алған ата-аналардың саны 41 мыңға жуық құрады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында облыстағы экологиялық тәрбие бойынша білім алушылардың іс-әрекет нысандары:

- жеке нысандар;
- топтық нысандар;
- көпшілік нысан.

Нысандардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты, толықтырады және жетілдіреді. Олардың әрқайсысы негізінен педагогтің басшылығымен балалардың тәжірибелік жұмысына негізделген, сондықтан қандай да бір нысанды таңдағанда балалардың дайындық дәрежесін, олардың даму деңгейін, жеке ерекшеліктері мен мүдделерін ескеру қажет. Алдағы іс-әрекетке қызығушылықты арттыру үшін балалар алдағы жұмыстың перспективасын жоспарлау мен өткізуді талқылауға қатысады.

Топтық және көпшілік нысандар:

- экологиялық мерекелер;
- экологиялық ойындар;
- экологиялық жарыс ойындары;

Осы тұрғыда Абай облысында «Жасыл балабақша», «Жасыл мектеп», желілері құрылып 65 мыңға жуық өкіл қатысуда.

«Бірге – таза Қазақстан!» акцияларында 75 мыңға жуық білім алушымен 7 мыңға жуық педагог қатысты.

«Біз біргеміз» еріктілер жұмысына ағымдағы жылда 68 мыңға жуық еріктілер қамтылды.

Балалардың бос уақытын ұйымдастыру – профилактикалық жұмыстың негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Балалар мен жасөспірімдердің ұйымдастырылған бос уақытын қамтамасыз ету үшін облыста 19087 оқушыны қамтитын 24 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді, оның 4776-сы ауылдық жерлерден келген балалар.

Облыс мектептерінде 35257 бала 1853 үйірмеге, 36241 оқушы 1955 спорт секцияларына қатысады.

Сондай-ақ, оқушылар «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысына тартылды, облыстың 37 мектебінде 1413 оқушыны қамтитын 74 сынып ашылды.

Облыстың білім беру ұйымдарында 7247 білім алушыны қамтитын 260 әскери-патриоттық клуб жұмыс істейді.

«Тәуекел тобының» балалары қызығушылық үйірмелерінде және спорт секцияларында жұмыс істейді.

Жазғы кезең ішінде учаскелік инспекторлармен және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялардың хатшыларымен бірлесіп «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім» атты жедел-профилактикалық іс-шаралар мен ақпараттық акциялар өткізу жоспарланған.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы және «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында өткізілген іс-шаралар

Облысымызда оқушылардың, педагогтер мен ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыруға және жетілдіруге, оқу мәдениетінің

деңгейін арттыруға және оқуды насихаттау мақсатында «Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт» жобасы бойынша жұмыс жалғастырылуда. Абай облысы бойынша 286 мектеп кітапханасы, 33 колледж кітапханасы және 218 оқырман залы бар.

Мектеп кітапханашыларының жалпы саны – 357. Жоғары білімі бар – 117, оның ішінде кітапханашы білімі – 42; орта кәсіптік білімі – 207, оның ішінде кітапханалық білімі – 171. Кітапхана мамандары кәсіби біліктіліктерін арттырып 2024 жылы – 55 маман біліктілікті арттыру курстарынан өтті. 2025 жылға дейін барлық кітапхана мамандары біліктілігін арттырады деп жоспарлануда. Өңір бойынша кітапханалық білімі жоқ мамандар 34 % -ды құрайды.

Облыс бойынша кітапханалары жаңартылған мектептер: Аягөз ауданы – 8 мектеп (21 %), Үржар ауданы – 6 мектеп (11 %), Бородулиха ауданы – 2 мектеп (6 %), Абай ауданы – 11 мектеп (100 %), Ақсуат ауданы- 2 (10 %), Бесқарағай ауданы – 14 мектеп (66 %), Жарма ауданы - 12 мектеп (31 %), Көкпекті ауданы – 2 (11 %), Семей қаласы - 53 (72 %).

Жалпы көркем әдебиет қоры 1 420 569 дана. Ағымдағы жылда облыс бойынша мектеп кітапханалар қоры Оқу-ағарту министрлігінің бекіткен тізімдемесіне сәйкес келетін 11693 дана көркем әдебиетпен (1000, 250 көркем және қосымша әдебиеттер) толықтырылды. Облыстың қалалары мен аудандарының білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында жоспар аясында 111 917 оқушыны қамтитын 2723-тен астам іс-шара өткізілді, оның ішінде: «Мектепке кітап сыйла», «Балалар кітабы апталығы», «Дауыстап оқу» акциялары ұйымдастырылды. «Үздік кітапхана», «Абайды оқы, таңырқа» атты облыстық Абай қара сөздерінің чемпионаты өткізілді. «Кітапханалық қызмет көрсетудің инновациялық жолдары» атты облыстық іс- тәжірибе тарату семинары өтті. Облыстық «Үздік инновациялық мектеп кітапхана жобасы» кітапханашылардың онлайн сайысы ұйымдастырылды. «Балалар оқулары» облыстық байқауы, бірыңғай оқырман қауымдастығын қалыптастыру бойынша ата-аналармен «Мектеп-кітапхана-отбасы» желісімен жұмыстар ұйымдастырылған «Ең оқырман отбасы» байқауы өткізіліп, «Оқырман достар» клубтары құрылды.

Облыс мектептерінде Халықаралық кітап сыйлау күніне арналған іс-шаралар аясында «Мектеп кітапханасына кітап сыйла» акциясы және «Кітапты сүйіспеншілікпен сыйла» марафоны өткізілді. Оқушылар кітапханаға 3100 көркем әдебиетті сыйға тартты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің жоспарына сәйкес мектеп оқушыларының көктемгі демалысы кезінде «Менің сүйікті кітабым» атты челленджеде бекітілген Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасы оқылды.

Сәуір айында мектеп кітапханашылары арасында «Коворкинг және буккроссинг: бірге оқимыз» облыстық қашықтық бейнероликтер байқауы өткізілді.

«Оқу марафоны» мобильді қосымшалары енгізіліп: Қазақстанның ашық кітапханасы, kitap.kz, әдебиет порталы, КазНЭБ электронды кітапханасы арқылы басылымдарға ашық, толықтай қолжетімділік бар.

Бірыңғай оқырман қауымдастығын қалыптастыру бойынша ата-аналармен «Мектеп-кітапхана-отбасы» желісі бойынша жұмыстар ұйымдастырылуда.

2023-2024 оқу жылында облыстың барлық мектептері оқушылар арасында кітап алмасу пункттерін қамтитын 313 буккроссинг желісі тұрақты түрде жұмыс істеп тұр. 56 коворкинг орталығы қызмет көрсетуде.

Жыл бойы білім беру ұйымдарында 3500 іс-шара ұйымдастырылып, өткізіледі. «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары аясында жүзеге асырылып жатқан іс-шараларды Абай облысының білім басқармасы, білім беру мекемелері бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде тұрақты түрде жариялайды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мазмұнына сәйкес облысымызда ата-аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталықтары бойынша:

Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында облысымызда 302 білім беру мекемелерінде ашылған болатын, қазіргі кезде 33 колледжде де бұл орталықтар жұмысы бастау алды.

АПҚО бойынша жұмыс мазмұны төмендегідей болды:

- Сабақтарды өткізудің әдістемелік тәсілдері;
- Ұйымдастырушылық-әдістемелік тәсілдер ;
- Ата-аналармен сабақ мазмұнындағы ұлттық құндылықтар;
- Ересектермен сабақ өткізу ерекшеліктері;
- Ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтарындағы интерактивті әдістер;
- Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану бойынша ұсыныстар;
- Интерактивті сабақты өткізу ерекшеліктері;
- Ата-аналарға педагогикалық білім беру процесінде сәттілік шарттары;
- Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы;
- Ата-аналарға арналған сабақтардың мазмұны;
- Сауалнама;
- «Даналық мектебі» клубы;

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша облыс білім беру мекемелерінде жұмыс тобын және «Даналық мектебі» клубы қызметін үйлестіруші 602 тұлға жұмыстарын жүйелі жалғастыруда.

Ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту міндеттерініске асыруда 342 педагог біліктілікті арттыру курстардан өтті.

Орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту үшін де облысымыздың 160 педагогі үш айлық вебинарлардан дәріс алып, АПҚО жұмысына жұмылдырылды.

«Даналық мектебі» клубы жұмысы бағытына облыстық Ардагерлер кеңесінің «ӨНЕГЕ, АҚЫЛ, ӨСИЕТ» жобасының «Ата-әжелер» мектебі жұмыстары бірлескен қызмет ретінде үйлестірілді. Облысымыздағы АПҚО жұмысы қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталуда.

Отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыруда да 7450 педагог семинар-кеңестерден өтті.

Балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған 457 әдістемелік семинар өткізілді.

Облысымызда ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін қосымша басқа да іс-шаралар ұсынылды: «Даналық мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мысалы, концерттер, театр қойылымдары, марафондар, көрмелер, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар мен акциялар. АПҚО жұмыстары барысында ата-аналар интерактивті режимде балаларымен нақты позитивті қарым-қатынас жасауды, олардың психологиялық, эмоционалдық жағдайын түсінуді үйреніп, бұл балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы сияқты күрделі мәселенің туындамауына көмектесіп жатыр. Облыс мектептеріне ата-аналарды қолдау және өзара іс-қимыл жасау үшін орталық цифрлық платформасын пайдалану ұсынылды, онда бөлімдер бойынша тақырыптық ақпарат: курс бағдарламалары, бейне дәрістер, бейне ұсынымдар, сұхбаттар, тақырыптық вебинарлар, психологтың кеңестері, сауалнамалар, жадынамалар, нұсқаулықтар, постерлер қолданылып АПҚО жұмысының жүйеленуіне әсерін тигізді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар әлеуметтік желілерде #АПҚО_Абай_облысы хэштегтерімен белгіленіп, бүгінгі күні 16511 іс-шара жарияланды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылу барысы үнемі ОИӘО тарапынан зерделенуде:

- Мониторингілеу, жетістіктерді анықтау;
- Деректерді жинау және өңдеу;
- Аналитикалық есеп әзірлеу;
- Бағдарламаның әлсіз және күшті тұстарын анықтау;
- Бағдарламаны жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар беру;

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылу барысына қатысты педагогтермен апта, ай, тоқсан сайын семинарлармен вебинарлар желісі құрылып, әдістемелік көмектер көрсетілді. Сондай-ақ тәрбие жұмысындағы

педагогтер шығармашылықтарын арттыруда да ай сайын облыстық деңгейде байқаулар мен форумдар өткізілді.

Алдағы оқу жылында ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, қауіпсіз ортада бәсекеге қабілетті, дарынды элита қалыптастыру. STEM-тәсілі негізінде, ағылшын тілін меңгерген, ішкі уәжі мықты, рефлексиялық тұлғаны ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқыту.

Міндеттері:

1. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;
2. Сатылар арасындағы сабақтастықты нығайту;
3. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу,суицидті болдырмау.
4. «Lesson study» мен «Action research» ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, іс-тәжірибесін тарату.
5. «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 жоба», «Үздіктен үйрен», «Цифрлық кітапхана» жобаларын енгізу және «Оқуға құштар мектеп», «Дебат», тәжірибедегі НЗМ-нің жобаларын жандандыру;
6. «Ата-аналар институты» жобасы негізіндегі аталар, әжелер, жеңгелер, ағалар метептерінің жұмыстарын нығайту.

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2023-2024 оқу жылында Абай облысы бойынша білім беру мекемелерінде мүдделі органдарымен көптеген іс-шаралар өткізілді. Мәселен, кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен дөңгелек үстелдер, ұлдар, қыздар жиналысы, дебат ойындары ұйымдастырылды. Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлықпен есірткі бизнесіне қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру, өскелең ұрпақтың бойында жаман іс-әрекеттерді болдырмау мақсатында денсаулық сақтау органдарымен бірлескен іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар жүйелі өткізілді. Сонымен қатар, аталмыш мекемемен ерте жүктіліктің алдын алу, қыз бала мен ер баланың жеке бас гигиенасы тақырыбында дөңгелек үстел, ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.

Облысымыздың білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруда мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен 286 мектепте 1765 бірлескен іс-шаралар өткізілді:

Мүдделі органдармен бірлескен жұмыс



Сурет 14. Мүдделі органдармен жұмыс

- Құқық қорғау органдары өкілдерімен бірлескен – 705 іс-шара;
- Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулары – 291 іс-шара;
- Денсаулық саласы мамандарымен бірлескен – 352 іс-шара;
- Ішкі саясат өкілдерімен бірлескен - 127 іс-шара;
- Сыбайлас жемқорлық саласымен бірлескен – 290 іс-шара.

Білім алушылардың төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулары Абай облысының білім беру мекемелерінде 291 іс-шара өткізілді. Іс-шаралардың мазмұны төмендегідей мақсатта іске асырылды:

- Қауіп пен жарақаттан қорғану. Қауіпсіздік ережелерін үйрену оқушыға қауіпті жағдайлардан аулақ болуды, жарақаттанудың алдын алуды және әртүрлі әрекеттерді орындау кезінде тәуекелдерді ескеруге көмектеседі.

- Күнделікті дағдыларды меңгерту. Қауіпсіздік сабақтары балалар мен жасөспірімдерді күнделікті маңызды қауіпсіздік дағдыларын, мысалы, алғашқы медициналық көмек негіздері, жолдан өту сияқты үйретеді. Қаржылық және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі ережелерін үйретеді.

- Төтенше жағдайдағы мінез-құлықты қалыптастыру. Оқушыларға өрт, жер сілкініс немесе басқа төтенше жағдайлар кезінде қалай дұрыс әрекет ету керектігін үйрете отырып, өмірді сақтап қалуға ықпал етеді.

- Өзін-өзі тану және жауапкершілікті үйрету. Қауіпсіздік ережелерін үйрету балалар мен жасөспірімдерде өзін-өзі тануды және олардың әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді, оларды тәуекелдерді бағалауға және ойластырылған шешімдерді қабылдауға үйретеді.

Абай облысы бойынша *Ішкі саясат өкілдерімен* бірлескен 127 іс-шара өткізілді. Тілдер күніне орай үштілділікті насихаттау мақсатында өзге ұл өкілдерімен «Менің тілім-мен айбыным» тақырыбында дөңгелек үстел, діни теріс ағымдардың алдын алу мақсатында дәріс-сабақтар өткізілді. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында білім беру мекемелерімен бірлесе келе тимбилдинг ойындары ұйымдастырылды.

Білім беру мекемелерінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл өкілдерімен бірлескен 290 іс-шара ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ата-аналар мен білім алушылар үшін дөңгелек үстел, ақпараттық-түсіндірмелік жұмыстар жүргізілді.

Бүгінгі таңда Қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу жайлы білім басқармасы жасөспірімдердің қалыптасуына әсер ететін факторлар:

«Отбасы - Білім беру ұйымы - Көше» бойынша оң нәтиже отбасының, білім беру ұйымының және оқушылар демалысы және әлеуметтік мекемелер мен ұйымдардың бірлескен және үйлесімді жұмысымен іске асуда.

Сондай-ақ, облыс бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, олардың заңды мүдделерін қорғау мақсатында полиция бөлімінің, жұмыспен қамту бөлімінің, білім, денсаулық сақтау бөлімінің және басқалардың өкілдерін біріктіретін кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыста 8 аудандық, 2 қалалық, 1 облыстық кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Әр квартал сайын комиссия отырыстары жоспарға сәйкес өткізіледі, құқық бұзушылықтардың алдын алу жоспарына сәйкес жыл басынан бері 906 іс-шара өткізілді.

Абай облысының полиция департаментімен бірлесіп Абай облысының кәмелетке толмағандар арасында суицидтің, жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді. Облыс мектептерінде құқық бұзушылықтардың алдын алу, суицидтік мінез-құлық, буллинг, кәмелетке толмағандарды адамгершілік-рухани тәрбиелеу мәселелерімен 349 педагог-психолог, 92 әлеуметтік педагог, 291 директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары айналысады, олар оқушылармен жұмыс істеудің кең нысандары мен әдістерін пайдаланады. Облыстық педагог-психологтар қауымдастығы 19 отырыс, облыс аудандарына көшпелі консультациялар өткізілді.

Жыл басынан бастап аудандық/қалалық комиссиялардың отырысында 83 материал қаралды.

Абай облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру нәтижесі бойынша ұсыныстар

Ұлттық мүдде құндылығы бойынша: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты, тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатігездік пен зорлықзомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру тұрғысындағы жұмыста Үржар ауданы және Семей қаласы үздік деп танылды. Ал орташа деңгейде: Абай, Аягөз, Бородулиха, Көкпекті аудандары;

Төмен деңгейде Курчатов қаласы, Ақсуат, Бесқарағай, Жарма аудандары болды.

Ұсыныс: Мониторинг бойынша үздік деп танылған Үржар ауданы және Семей қаласына облыс деңгейінде іс-тәжірибе тарату ұсынылады. Оқушылар бойында елжандылық сезімін қалыптастыра отырып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, тіліміз бен тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу де Курчатов қаласы, Ақсуат, Бесқарағай, Жарма аудандарына әдістемелік көмек көрсету қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы бойынша: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау барлық аудан, қалаларда жақсы деңгейде

Ұсыныс: Оқушыларды халқымыздың рухани байлығын игеруге, ұлттық озық дәстүрден үлгі алуға баулу, халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт – дәстүрлерін дәріптеуді «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және АПҚО жұмысымен ұштастыру қажет.

Ар-ұят құндылығы бойынша қорытынды: Құндылық сезімдері мен қасиеттері - адамгершілік, ар-ождан, намыс, борыш, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, қағидаларды ұстану, мейірімділік, ынтымақ, ұлттық келісім құндылығы, толеранттылық, рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру тұрғысындағы жұмыста Абай, Аягөз, Бесқарағай, Үржар аудандары және Семей қаласы үздік деп танылды. Ал орташа деңгейде: Ақсуат, Жарма, аудандары;

Төмен деңгейде Курчатов қаласы, Бородулиха, Көкпекті аудандары болды.

Ұсыныс: Мониторинг бойынша үздік деп танылған Абай, Аягөз, Бесқарағай, Үржар аудандары және Семей қаласы облыс деңгейінде іс-тәжірибе тарату ұсынылады. Оқушыларды адамгершілікке, мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілділікке үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеуде Курчатов қаласы, Бородулиха, Көкпекті аудандарына әдістемелік көмек көрсету қажет.

Ұлттық тәрбие мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру аясында Абай облысында оқу жылында ұмыт болып бара жатқан, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба әлі де жүзеге асырылуда, мониторинг келесі жылы аяқталады. Барлық аудандар облыстық жобаны да толық игерді.

Талап құндылығы бойынша оқушылардың бойында еңбекті ең жоғары құндылық, шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, бірегей құндылық ретінде табиғатқа деген сүйіспеншілік, туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сияқты құндылықтарды сіңіруге көмектесті.

Талап құндылығы бойынша қорытынды: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым – қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамытуда қала және ауыл мектептері іс-

шараларының көрсеткіші анықталды. Бұл тұрғыда ауыл мектептері жоғарғы көрсеткіштер көрсетті.

Ұсыныс: Еңбек дағдыларын, экономикалық пікірі мен кәсіби өзін – өзі анықтауына саналы қарым – қатынасына қалыптастыруға тәрбиелеу тұрғысында қала мектептеріне әдістемелік көмек беру қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы бойынша Абай облысында мекемелердегі көпмәдениетті тәрбиелеу басқа мәдениеттердің, ұлттардың, діндердің және т.б. өкілдеріне толерантты көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағытты жүзеге асырудың негізгі тетіктері Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; балалар мен жастардың шығармаларының көрмесін, халықтар достығы фестивальдерін, тілдік және шығармашылық клубтарды, байқауларды ұйымдастыру; атақты адамдармен, суретшілермен кездесулер. Көркем-эстетикалық тәрбие беру саласында орта білім беру ұйымдарында отандық мәдениет жетістіктерін – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, кескіндемелерді, музыкалық шығармаларды, Ұлы Дала мұрагерлерінің ауызша халық шығармашылығының озық үлгілерін зерделеу және насихаттау ұсынылады. өткен мыңжылдық – ертегілер, аңыздар, эпостар, аңыздар, эпостар. Тұрақты тақырыптық кітап көрмелерін өткізу маңызды рөлге ие болды.

Ұлттық мүдде бойынша қорытынды: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көп мәдениетті орта құру тұрғысында барлық аудан, қала жұмыстары орташа деңгейде.

Ұсыныс: Жеке адамның эстетикалық мәдениетін дамыту. Оқушыларды эстетикалық сезімге, эстетикалық талғамға тәрбиелеу бағытын жоғарылату мақсатында барлық аудан, қала білім беру ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету.

Талап құндылығы бойынша әрбір жеке тұлғаның білім құндылығы, интеллектуалдық ұстанымы, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы қалыптасатын бағыттардың бірі, ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет пен кибергигиена. Сондай-ақ тілдік, музыкалық, логикалық-математикалық, кеңістіктік, дене-кинестетикалық, тұлғааралық, тұлға ішіндегі интеллектіні дамытуға бағытталған. Жұмыстың мақсаты – интеллектуалдық қабілеттерді дамыту және қалыптастыру, интеллектуалдық еңбек дағдылары мен білімдерін дамыту және ғылыми-зерттеу әрекетіне қызығушылық арттыру. Биылғы жылғы мониторинг болмады, келесі жылға жоспарланған.

Талап құндылығы бойынша қорытынды: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру жұмыстары барлық ауданда орта деңгейде.

Ұсыныс: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылыққа тәрбиелеу тұстары бойынша әдістемелік көмек беру.

Абай облысында мекемелердегі *талап құндылығы* салауатты өмір салтын, дене шынықтыру мен спортты, дене шынықтыруды, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын арттыруға бағытталған.

Абай облысында орта білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлерінен (футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, футзал, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғыз құмалақ, қазақ күресі) мектеп спорт лигаларының және спорт секцияларының желісі кеңейді. Сонымен бірге дене тәрбиесі мектеп оқушыларының ақыл-ой қабілетін қалпына келтіріп, емдік әсер етті.

Денсаулықты нығайту мәселелерін шешу үшін Абай облысының мектептерінде балалардың дене шынықтыруына қолайлы атмосфера мен жағдай жасалған. Бұл процесте оқушыларға өмірлік қажетті білім, білік, дағды қалыптасып, олардың қозғалыс қабілеттері дамиды. Абай облысының 38 білім беру ұйымы «Денсаулықты нығайту мектептері» жобасы бойынша жұмыс жасауда.

Нәтижесінде бұл факторларға мыналар жатады: мектеп қоғамдастығына қатысуды ынталандыру және қолдау, мектеп қауымдастығы мүшелерінің, оның ішінде оқушылар, қызметкерлер мен ата-аналар арасында мектеп өміріне қатыстылық сезімін сақтау, мектептегі дәстүрлі тәсілдердің орнына тұтас мектептік тәсілді қабылдау. жеке сабақтар немесе бір реттік іс-шаралар, оқушылардың әлеуметтік қарым-қатынас пен оқу үлгерімінде жоғары үміт күтуіне қолайлы жағдай бірқалыпты жүйеге енді.

Талап құндылығы бойынша қорытынды: Салауатты өмір салты. Дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату тұрғысындағы жұмыста Аягөз, Бородулиха, Бесқарағай, Үржар аудандары және Семей қаласы үздік деп танылды. Ал орташа деңгейде: Абай, Көкпекті аудандары;

Төмен деңгейде Курчатов қаласы, Ақсуат, Бесқарағай, Жарма аудандары болды.

Ұсыныс: Мониторинг бойынша үздік деп танылған Үржар ауданы және Семей қаласына облыс деңгейінде іс-тәжірибе тарату ұсынылады. Салауатты өмір салты. Дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату барысында Курчатов қаласы, Ақсуат, аудандарына әдістемелік көмек көрсету қажет.

Абай облысындағы ауылдық елді мекендердегі білім беру ұйымдарында де біз тәрбие жұмысын сараланды. Ауылдық елді мекендерде тәрбие жұмысын жүргізуде облыс педагогтері тәуелсіздік, егемендік, мемлекеттік аумақ, қазақ тілі, экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқаты, ұлттық қауіпсіздік, отаншыл ұрпақ тәрбиелейтін ұлттық мүдде, табиғи мұра, мәдени мұра, ұлт тарихы, тарихи жады, этноәлеуметтік қатынастар, ұлттық шаруашылық, рухани өмір барысын түсіндіретін ұлттық мирас, халық ауыз әдебиеті, қиссалар, дастандар, батырлар жыры, ертегілер, аңыздар, ән-күй, жыр-толғаулар, би, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, ұлттық қолөнер, айтыс өнері және салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ырымдар мен тиым сөздермен құндылықтарға жетелейтін

ұлттық мәдениет, тарихи жерлер, табиғи мұралар, көшпенділер өркениетінің мұрасы сынды тәрбие тұғырына сүйенеді.

Тәрбие жұмысының орындалуы бойынша жасалған SWOT талдау

Кесте - 8

S – strengths – МЫҚТЫ ЖАҒЫ	W – weaknesses – ӘЛСІЗ ЖАҒЫ
1. Мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылуы; 2. спорттық үйірмелер (баскетбол, волейбол, тоғызқұмалақ) 3. Мектеп асханасының жұмысы. Әлеуметтік қызмет жұмыстары; 6. Кітапхана жұмысы; 7. Қызықты, құнды іс-шаралар/мектеп әлеуметтік желілерінде; 8. Ұшқыр-ой алаңы (дебат) қозғалысы 9. «Ұлттық мәртебе күні»	1. «Адал ұрпақ» ұйымы; 2. Оқушылардың Мемлекеттік рәміздерге деген құрметі; 3. Шебер қолдар, шахмат, театр, би үйірмелері жұмыстары; 4. Сынып сағаттарын түрлендіру; 5. Мектеп формасы; 6. Ұлдармен жұмыс 7. Сынып жетекшілік қызметтің инновациялық жолдары; 8. Қамқоршылық кеңесі;
O – opportunities - МҮМКІНДІКТЕР	T – threats – ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР
1. Ата-аналар институты» жобасы жұмысымен жүйелі жұмыс; 2. «Аталар», «Әжелер», «Әкелер», «Аналар», «Аға-жеңгелер» мектептері жұмысын жүйелеу; 3. Тәрбие жұмысын жаңашылдықпен ұлттық құндылықпен негіздеу; 4. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымы, Мектеп парламенті ұйымы жұмыстарын жүйелеу;	1. Құқық бұзушылық (Электронды темекілер, девиантты тәртіп); 2. Әлеуметтік желілердің ықпалы; 3. Буллинг, кибербуллинг

Қорытынды

Жұмыс жоспарына сәйкес Абай облысына қарасты аудан, қалалардағы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының жай-күйі мәселесі әрі қарай «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша зерделенді.

Сауалнамаларды талдау және осы бағытта Абай облысындағы білім беру ұйымдарында жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі іс-шараларға бағытталған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ортақ есеппен алғанда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жұмыс барысы бүгінгі күні 92 % құрайды.

- мәдениетаралық ынтымақтастықты дамыту және мәдени өзара байыту;
- толеранттылыққа тәрбиелеу;
- отбасы тарихын зерттеу

«Балалар кітапханасы» жобасымен байланысты мәселелер әлі де жұмыс жүргізуді қажет етеді, интернетті пайдаланудың оң тәжірибесімен, ата-аналармен және жұртшылықпен бірлесіп бос уақытты ұйымдастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту мәселелері шет қалды. Бұл, ең жақсысы, пайда болған мәселелерді шешуге формальды көзқарас туралы, ал ең нашар жағдайда, зерттеулерді өмірден оқшаулау туралы айтады (жазды, хабарлады

және ұмытып кетті). Осылайша, алынған мәліметтерді саралай келе, облыс мектептерінде тәрбие жұмысының сегіз бағыты бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтуға болады. Мәселе ата-аналардың балалардың өміріне деген әлсіз қызығушылықтары болып қала береді (көбінесе ата-аналар процеске емес, нәтижеге алаңдайды);

- әлеуметтік орта (теледидар, БАҚ, әлеуметтік тәжірибе және т.б.);

- оқушылармен және ата-аналармен жүйелі, мақсатты жұмыстың болмауы.

Жаңа оқу жылында алға қойылған оқу-тәрбие мәселесін шешу бойынша жұмысты жалғастырып, келесі бағыттар бойынша әдістемелік жұмысты жоспарлау қажет:

- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің, оқушылардың өзін-өзі басқаруының жетекшілерінің ұйымдастырушылық біліктілігін арттыру;

- дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру;

- оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жетілдіру;

- «Ата-аналар институты» жобасының жұмысын жалғастыру;

- Денсаулықты нығайтушы мектептер жобасының жұмысын жүйелеу және жалғастыру;

- «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша жұмыс жүйесін жетілдіру;

- Барлық мектептерде Буккроссинг және Коворкинг бұрыштарын құру ұсынылады;

- Тәрбие жұмысын жоспарлағанда жоспарлаудың қазіргі түрін – ортақ мақсатпен біріктірілген өзара байланысты жобаларды, оларды жүзеге асыру уақытын қамтитын мегажобаны пайдалану ұсынылады;

- Оқушыларды көпмәдениетті тәрбиелеу бойынша тәрбие жұмысының жоспарына жыл сайын енгізу ұсынылады (толеранттылық сабақтары, Жер күніне арналған акциялар, Халықаралық бейбітшілік күніне арналған бір сағаттық ақпарат және т.б.);

- АПҚО сабақтарын стандартты емес форматта өткізу ұсынылады: «Ата-аналарды қызықтыратын мамандарды шақырумен баспасөз конференциялары», «Ата-аналар сенбіліктері», «Психологиялық тренингтер», «Отбасы презентациясы», «Тәжірибе алмасу» және т.б. «Ауылда екі апта», «Ата-анамен он күндік жұмыс» («НЗМ» ДББҰ тәжірибесі) жобалары аясында студенттер өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыра алады. «Отбасы – мектеп» жобасы отбасының тәрбиелік әлеуетін, педагогтардың отбасы тәрбиесіндегі әдістемелік тәжірибесін және Абай облысының білім беру ұйымдарында оқушылардың ата-аналарымен өнімді өзара әрекеттесуін жақсартуға бағытталған;

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары орта және төмен деңгейдегі аудандарға жұмыс жүргізу ретінде ұсынылады.

- Республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігімен бірлескен ата-аналарға арналған лекциялардың, ата-аналар кештерінің, ашық есік күндерінің, тренингтердің онлайн және офлайн форматында жұмысты жалғастыру, «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі». мектептерін құру. Өйткені бұл мектептерді құрудағы мақсат – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру.

- Білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша білім беру ұйымының ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, берекелі отбасы мәдениетін дамыту жұмыстары АПҚО бойынша орта және төмен деңгейдегі аудандарға жұмысты күшейту мақсатында айтылады.

- Мектептерде жаппай мәдени шараларды прагматизмді, үнемшілдік пен түрлі ресурстарды орынды пайдалануды ескере отырып ұйымдастыру ұсынылады.

- Білім беру ұйымдарының, мұғалімдердің, оқушылардың оқу және кәсіптік жетістіктерін бағалау кезінде осы ресми конкурстар мен байқаулардың нәтижелерін ескеру ұсынылады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және АПҚО қызметінде әлеуметтік серіктестікке басымдық беру барысында облыстық Абай атындағы драма театрымен білім басқармасы меморандумға отырып, ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығын жас ұрпақ және ата-аналар театр қойылымдары арқылы түсініп, көздерін жеткізуде. Осы орайда мектеп, колледждердің бағдарламаны іске асыруда аудандық және қалалық мәдениет бөлімдерімен бірлескен жұмысы зор нәтиже беретініне сенімдіміз.

Сондай-ақ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және АПҚО жұмыстары жүйелі түрде жалғасатын болса, үдерістің гуманистік бағыттылығы сынды жас ұрпақпен ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету, заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту принциптері жүзеге асатын болады.

Ақмола облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – ұлттық адами құндылықтарға негізделген бағдарлама. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;
- ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;
- табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қара Шаңырақ», «Жеті ата», «Тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.


«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2023-2024 оқу жылының өзекті жаңалығы болып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғ. Бейсембаевтың ағымдағы жылдың 19 қыркүйегіндегі № 294 бұйрығына сәйкес Ақмола облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспары құрылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» сынды тәрбие құндылықтары арқылы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты Абай облысының барлық білім беру мекемелерінде тәрбие жұмысын жүзеге асыру тетіктері нақтыланды. Бағдарлама мазмұнына сәйкес облысымыздың білім беру мекемелерінде 30-дан астам әлеуметтік жобалармен жұмыс жүргізу және 20-ға жуық нақты берілген сынып сағаттарды өткізу қадағаланды. Бағдарламаны іске асыруда арнайы сертификатталған тренерлер бастамасымен облыстағы 537 және 29 техникалық-кәсіби білім беретін мекемелеріндегі белсенді педагогтерден шығармашылық топтардың бірлескен жұмысы негізінде облыстық бірыңғай кешенді жоспары жасалды. Сондай-ақ

оқу-жылы басында жұмыс жүргізу барысында облыстық деңгейде 89 түсіндірмелік-тәжірибелік семинар өткізілді, облысымыздағы білім беру мекемелерінің әрбір тоқсан қорытындысындағы педагогикалық кеңестерде талқыланды.

Облыстың барлық аудандарының білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сияқты құндылықтар көрініс тапты, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұла бойына шоғырланған жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында қатысушыларға тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен тиімділігін арттырудың жолдары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

89 оқыту семинарына 9457 педагог және мүдделі мемлекеттік органдардың 796 қызметкері қатысты: (Сертификатталған тренерлер – 12, әдіскерлер – 21, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары – 568, тәлімгер – 157, сынып жетекшілері – 7890, педагог-психологтер – 510, әлеуметтік педагогтер – 320)




Сурет 15. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша түсіндіру жұмыстары көрсеткіші

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамызындағы № 4 хаттамасымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдардың негізінде облыстың 537 мектебінде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары жұмыс істейді. Орталықтармен бірлесіп білім беру ұйымдарында жылына 2 рет «Отбасы сағаты» республикалық акциясы өткізілді.

Отбасылық клубтардың жұмысына қосымша 54 «Әкелер кеңесі», «Даналық мектебі» отбасылық клубтары жұмысқа қосылды. Клуб қазақ этнопедагогикасының тәрбиелік әлеуетін «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» секцияларын ұйымдастыру арқылы өзектендіруге бағытталған. Осындай клубтардың жұмысында және әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, біздің

балаларымыз қазақ халқының салт-дәстүрімен танысып қана қоймай, ағаш өңдеуді, киіз басуды, кетелеуді игере бастады. Ағымдағы оқу жылында облыста 20 мың оқушының қатысуымен 1930 сабақ өткізілді.

Облыс мектептерінде ұлттық ойындар бойынша секциялар белсенді дамытуда. Қазіргі таңда мектептерде 551 секцияда 10859 бала асық атумен, қазақша күреспен, тоғызқұмалақпен айналысады. Көбінесе қазақ ұлттық сәндік-қолданбалы өнер үйірмелері балалардың қызығушылығын оятады, облыс бойынша аталған үйірме саны - 202, оларда 6324 бала айналысады. 127 әскери-патриоттық клубта 4458 оқушы қамтылған.




Сурет 16. Үйірмелер мен секциялар

«Ұлттық мүдде» құндылығы шеңберінде өткізілген іс-шаралар

Кесте -9

№	Іс-шараның атауы	Қамтылған оқушылар саны
1	«Ұлы даланың Халықаралық тілі» Қазақстан халқы тілдері күніне арналған іс-шаралар.	5500
2	«Жол қозғалысы ережелері. Мектеп жарғысы. Мектеп формасы»	3250
3	«Кітаптарда жазылмаған тарих» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын іске асыру)	4746
4	«Қожа Ахмет Ясауи даналығын үйрету». Қожа Ахмет Ясауи туғанына 930 жыл («Жасөспірімнің Жеті жарғысы» жобасын іске асыру)	2795
5	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	3600
8	Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жылтолуына әдеби шолу («Оқу мектебі» жобасы).	6300

9	«Теңге Қазақстанның өмірі мен өркендеуінің символы»	3680
10	ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай «Мен – Ұлы даланың баласымын» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	8600
11	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» ҚР Тәуелсіздік күні аясында («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	6785
12	Құқық сағаты («Бала құқықтары туралы», «Білім туралы»)	3900
13	Туған өлке ақындарын танымал ету («Оқу мектебі» жобасы) 1-сынып сағаты 9-сыныптар	6300
14	Ауғанстаннан әскерлерді шығару күніне арналған іс-шаралар (1-9- сыныптар)	1985
15	Абайдың «Толық адам» оқу-жаттығуы сынып сағаты	8400
16	«Қазақ халқының ұлы адамдары»	2900
17	Алғыс айту күніне арналған іс-шаралар	3300
18	Наурыз мерекесіне арналған мерекелік іс-шаралар	4200
19	Ғылым күніне арналған іс-шаралар	5230
20	Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі	3700



Сурет 17.


«Ұлттық мүдде» құндылығы шеңберінде өткізілген іс-шараларіс-шаралар көрсеткіші

«Талап» құндылығы шеңберінде өткізілген іс-шаралар

Кесте -10

№	Іс-шараның атауы	Қамтылған оқушылар саны
1	«Спорттық ойындар күні» («Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру)	3950
2	Экологиялық сынып сағаты	2886
3	«Екінші өмір сыйла»	6220

4	Психолог сағаты	1200
5	Суицидтің алдын алу. Психолог сағаты	1840
6	Волейбол және үстел теннисінен жарыстар.	4681
7	«Таным. Тағылым. Тәрбие» («Еңбегі адал жас өрен» жобасын іске асыру)	3260
8	«Жастар темекі шегуге және алкогольге қарсы» сынып сағаты	1300
9	«Гүл отырғызу» акциясы.	3632
10	«Қыста құстарды тамақтандырыңыз» акциясы	1253
11	«Салауатты өмір салты-жаман әдеттердің пайда болуының алдын алудың басты шарты» сынып сағаты	2400



Сурет 18. Талап» құндылығы шеңберінде өткізілген іс-шаралар

«Ар ұят» құндылығы шеңберінде өткізілген іс-шаралар

Кесте-11

№	Іс-шараның атауы	Қамтылған оқушылар саны
1	«Адал азамат – әділетті Қазақстан («Еңбегі адал жас өрен» жобасын іске асыру) сынып сағаты	3700
2	Отбасы күніне арналған іс-шаралар.	2568
3	Еріктілер қозғалысын құру («Еңбегі адал жас өрен» жобасын іске асыру).	1289
4	Ата-аналармен жұмыс. Бөлек жоспар.	1657
5	Алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмысы. Жеке жоспар	2351
6	Жыныстық қолсұғылмаушылық бойынша профилактикалық сабақтар. Бөлек жоспар.	3256

7	«Электрондық темекі туралы мифтер мен шындық»	1264
8	«Ата мен әжеге деген сүйіспеншілікпен»	1100
9	Педагогикалық еңбек ардагерлері мен мектеп қызметкерлерін қарттар күнімен құттықтаймыз.	853
10	«Адалдық – атадан қалған мұра» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1236
11	«Қоғамға қызмет ету» еріктілер қозғалысы	985
12	Жыныстық қолсұғылмаушылық туралы әңгіме. Жасөспірімнің гигиенасы.	1236
13	«Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік»	2164
14	«Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын»	2979
15	«Электрондық темекінің зияны»	
16	«Әкеге құрмет, анаға құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1300
17	Клуб «Адал ұрпақ», сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1326
18	«Ерте жүктілік» әңгімесі.	1489
19	«Парасаттылық туралы» 1-9 сыныптардағы сынып сағаты	2000
20	«Қыздың намысы-ұлттың намысы» дөңгелек үстелі	569
21	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу	3652
22	Халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шаралар	3598
23	«Әкенің өсиеті, ананың ізгілігі» ата-аналар жиналысы	1598
24	Ерте жүктіліктің алдыналу әңгіме 7-9 сыныптар.	2316
25	«Ұмытылған ұлттық тағамдар» сынып сағаты	1983

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жобалар туралы ақпарат

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен», «Таза аула», «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер», «Үнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Спорт және мен», «Өнер мен құндылықтар», «Құқық-квест», «Балалар кітапханасы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ұрпаққа аманат», «Менің елім және менің құқығым», «Өр талапты, озық ойлы ұлан» және т.б. жобалар іске асырылуда. Облысымыздың 100 мыңнан аса оқушы қатысты.


Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясына жобалардың іске асырылуы

Кесте-12

№	Жоба атауы	Өтілген мерзімі	Қанша іс-шара өтілді	Қамтылды
1	«Өр талапты, озық ойлы ұлан» (сыни және креативті ойлау) /	қыркүйек-қаңтар	27	1568
2	«Адал ұрпақ» (адалдық, әділдік)	қыркүйек-қаңтар	27	656
3	«Жасыл мектеп»	қыркүйек-қаңтар	54	543
4	«Эковолонтерлер»	қыркүйек-қаңтар	97	1598

5	«Экологиялық мониторинг»	қыркүйек-қаңтар	81	874
6	«Үнемді тұтыну»	қыркүйек-қаңтар	65	949
7	«Қалдық заттарға екінші өмір сыйла»	қыркүйек-қаңтар	106	1698
8	«Мектептегі энергияны үнемдеу»	қыркүйек-қаңтар	54	564
9	«Жеткіншектің жеті жарғысы»	қыркүйек, қазан, желтоқсан, қаңтар	254	1547
10	«Еңбегі адал жас өрен»	қыркүйек, қараша, қаңтар	147	1254
11	«Ұрпаққа аманат»	қыркүйек-қаңтар	75	256
12	«Цифрлық гигиена»	қыркүйек, қараша, қаңтар	54	587
13	«Менің елім және менің құқығым»	қыркүйек-қаңтар	94	254
14	«Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру»	қыркүйек-қаңтар	154	2143
15	«Экранға тәуелділік: жаман әдет»	қыркүйек-қаңтар	54	2140
16	«Зиянды әдеттен аулақ бол»	қыркүйек-қаңтар	87	1465
17	«Спорт және мен»	қыркүйек-қаңтар	98	2312
18	«Қауіпсіздік және алғашқы көмек»	қазан, желтоқсан	84	687
19	«Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік»	қыркүйек-қаңтар	124	1165
20	«Ұлттық мектеп лигасы»	қараша, қаңтар	56	2521
21	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» (ата-ана мен жұмыс)	қыркүйек, қараша, қаңтар	32	2204


Жобалар бойынша іс-шаралар



- Өр талапты, озық ойлы ұлан
- Жасыл мектеп
- Экологиялық мониторинг
- Қалдық заттарға екінші өмір сыйла
- Жеткіншектің жеті жарғысы
- Ұрпаққа аманат
- Менің елім және менің құқығым
- Экранға тәуелділік: жаман әдет
- Спорт және мен
- Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік
- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы
- Адал ұрпақ
- Эковолонтерлер
- Үнемді тұтыну
- Мектептегі энергияны үнемдеу
- Еңбегі адал жас өрен
- Цифрлық гигиена
- Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру
- Зиянды әдеттен аулақ бол
- Қауіпсіздік және алғашқы көмек
- Ұлттық мектеп лигасы
- Барлығы

Сурет 19. Жобалар бойынша іс-шаралар

Жобаларға қамтылған оқушылар



- Өр талапты, озық ойлы ұлан
- Жасыл мектеп
- Экологиялық мониторинг
- Қалдық заттарға екінші өмір сыйла
- Жеткіншектің жеті жарғысы
- Ұрпаққа аманат
- Менің елім және менің құқығым
- Экранға тәуелділік: жаман әдет
- Спорт және мен
- Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік
- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы
- Адал ұрпақ
- Эковолонтерлер
- Үнемді тұтыну
- Мектептегі энергияны үнемдеу
- Еңбегі адал жас өрен
- Цифрлық гигиена
- Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру
- Зиянды әдеттен аулақ бол
- Қауіпсіздік және алғашқы көмек
- Ұлттық мектеп лигасы
- Барлығы

Сурет 20. Жобаларға қамтылған оқушылар көрсеткіші

«Ақ бота» қыздар клубы

Мақсаты: қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы Қыз Жібек қалыптастыру және мектепте білім алушыларының сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру.

Міндеттері:

- тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру;
- ұрпаққа берілер ұлттық тәрбие көзі ретінде даярлау;
- кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- сұлулық пен денсаулықты сақтаудың, салауатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрету;
- қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұлттық құндылықтармен сабақтастыру;
- болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау;
- салт-дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу;
- үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру.

Жобаны іске асыру бағыттары:

Тарихи тұлғалардан өнеге.

«Ақбота» клубының мүшелерінің бейнесін қалыптастыру.

Отан отбасынан басталады.

Болашақ ұлт анасы.

Қамтылды: 7-10 сынып оқушылары

«Мектеп қабырғасындағы бизнес» жобасы

Мақсаты: Ұлттық құндылықты дәріптеу, мектеп қабырғасындағы бизнесті қолға алып, математикалық сауаттылықты тәжірибеде қолдану.

Құндылық: Ұлттық мүдде- қоғам игілігі үшін қызмет ету, ұлттық құндылықты дәріптеу.

Жобаны іске асыру бағыттары:

- 1) Шекелік, шолпы жасау үшін негізгі материалдарды алу.
- 2) Күнделікті тапсырысты қабылдап, дизайн жасау.
- 3) Жұмысты бағалау, пайыздық өлшемді шығару.
- 4) Дайын бұйымға реклама жасау.

Эксперимент бөлімі:

«Жаңғыру жолында еңбек ет»

Бұйымдарды аудиторияға таныстыру

Дайын бұйымдарды ярмарка арқылы сату және пайыздық көрсеткішті шығару.

Күтілетін нәтиже: Ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы бизнес жобаны дамыту.


Ұсыныс: Еңбек дағдыларын, экономикалық пікірі мен кәсіби өзін – өзі анықтауына саналы қарым – қатынасына қалыптастыруға тәрбиелеу тұрғысында ауыл мектептеріне әдістемелік көмек беру қажет.

Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

Кесте-13

№	Мемлекеттік мүдделі органдар	Бағыттары	Іс-шара атауы	Қанша кездесу болды
1	Қорғаныс министрлігі	«Жас Ұлан», «Жас қыран», «Жас Сарбаз барысы» жобалары аясында бірлескен іс-шаралар	«Жас Ұлан», «Жас қыран» ұйымына қабылдау	20
2	Ғылым және жоғары білім министрлігі	Жоғары сынып оқушыларының мамандық бойынша ақпараттандыру; Жоғары оқу орындарының ғалымдарымен кездесулер; «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қозғалысы аясында бірлескен іс-шаралар	Кәсіптік бағдар беру диагностикасы «Қоғамға қызмет ет» «Түлектермен кездесу» «Қазіргі кездегі сұранысқа ие мамандықтар» «Біз таңдайтын жолдар» Көкшетау қ. М.Ғабдуллин а. Азаматтық-қорғау академиясы мамандарымен кездесу	100
3	Туризм және спорт министрлігі	Салауатты өмір салтын насихаттау; жаппай кросстар мен жарыстар; Танымал спорт ардагерлермен, жеңімпаздармен кездесулер; этафеталық жарыстар аясында бірлескен іс-шаралар	«Ішімдіктің зияны» «Тоғызқұмалақ-day» «Есірткісіз қоғам...» «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»	80
4	Мәдениет және ақпарат министрлігі	«Оқуға құштар әке, ана, бала, ұстаз» жобасы аясында бірлескен іс-шаралар	«Біз бүкіл Отбасымызбен оқимыз» «Мен оқыған бір ертегі»	80
5	Денсаулық сақтау министрлігі	Дұрыс және тамақтану, энергетик сусындардың адам ағзасына әсері; алғашқы көмек бойынша, еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты және еңбекті қорғау аясында бірлескен іс-шаралар	«Ас атасы – нан» «Дені саудың –жаны сау»	100
6	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мамандарымен кездесулер аясында бірлескен іс-шаралар	Толық адам ілімі «Адамдық борыштық, халқыңа еңбек ет!» «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»	60

7	Ассамблея жастары	Қазақстан халқы Ассамблеясының, этномәдени бірлестіктердің және ҚХА қоғамдық құрылымдарының мүшелерімен бірлескен іс-шаралар	«Ақындар айтысы», «Қазақстан халықтарының дәстүрлері» театрлық қойылымдары, «Қазақстан халықтарының тағамдары» шеберлік сыныбы	25
8	Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	Білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз етуде құмар ойындар кибербуллингтің алдын алу; Қауіпсіз интернет, кибермәдениет, кидергигиена тақырыптары бірлескен іс-шаралар	«Киббербуллинг» «Сказка о Золотых правилах безопасности в Интернете» Видеоурок о безопасности в Интренете «Умей правильно пользоваться интернетом», «Киберкультура»	24
9	Төтенше жағдайлар министрлігі	Төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша оқу-танымдық жаттығулары аясында бірлескен іс-шаралар	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу Өрт дабылы, террористік акт кезінде мектеп ғимаратынан эвакуациялау Жол бойында Балалардың тұрмыстық жарақаттарының алдын алу Жарылыс қаупі туралы хабарды алған кезде және лаңкестік қауіп төнген кезде менің әрекетім Өрт және электр қауіпсіздігі «Діни экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу, Сенің іс-әрекетің»	370



Сурет 21. Мүдделі органдармен бірлескен жұмыс

Қорытынды және ұсыныстар

Жұмыс жоспарына сәйкес Ақмола облысына қарасты аудан, қалалардағы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жүйесі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша зерделенеді.

Алынған мәліметтерді саралай келе, облыс мектептерінде тәрбие жұмысының үш құндылық бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтуға болады. АПҚО жұмысын зерттей келе:

- әлеуметтік орта (теледидар, БАҚ, әлеуметтік тәжірибе және т.б.);
- оқушылармен және ата-аналармен жүйелі, мақсатты жұмыстың болмауы байқалды.

Жаңа оқу жылында алға қойылған оқу-тәрбие мәселесін шешу бойынша жұмысты жалғастырып, келесі бағыттар бойынша әдістемелік жұмысты жоспарлау қажет:

- дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру;
- оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жетілдіру;
- «Жас ата-аналар мектебі» жобасы мен ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жүйесін жалғастыру
- Нысаналы мектептер жұмысын жүйелеу;
- Тәрбие жұмысын жоспарлағанда ортақ мақсатпен біріктірілген өзара байланысты жобаларды кіріктіру ұсынылады;
- АПҚО сабақтарын стандартты емес форматта өткізу ұсынылады. «Жас ата-аналар мектебі» жобасы отбасының тәрбиелік әлеуетін, педагогтардың отбасы тәрбиесіндегі әдістемелік тәжірибесін және Ақмола облысының білім

беру ұйымдарында оқушылардың ата-аналарымен өнімді өзара әрекеттесуін жақсартуға бағытталған;

- АПҚО жұмысының шеңберінде «Даналық мектебі» клубы жұмысына зиялы зейнеттегі ата-әжелерді қатыстыру қажет. «Ата-ана-мектеп-оқушы» үштік жұмысына мектеп-психологы, мүдделі мемлекеттік орган қызметкерлерін, қамқоршылық кеңестің мүшелері тығыз жұмыс жасау қажет.

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары орта және төмен деңгейдегі аудандарға жұмыс жүргізу ретінде ұсынылады.

- Ақмола облысы «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігімен бірлескен ата-аналарға арналған лекциялардың, ата-аналар кештерінің, ашық есік күндерінің, тренингтердің онлайн және офлайн форматында жұмысты жалғастыру. «Әкелер кеңесі» клубының жұмысын жүйелі жүргізу арқылы бала тәрбиесіндегі әкенің, отбасының рөлін арттыру.

- Білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша білім беру ұйымының ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, «Ата-ана – мектеп – оқушы» үштік одағының жұмысын дамыту АПҚО бойынша орта және төмен деңгейдегі аудандарға жұмысты күшейту мақсатында айтылады.

- Білім беру ұйымдарының, мұғалімдердің, оқушылардың оқу және кәсіптік жетістіктерін бағалау кезінде осы ресми конкурстар мен байқаулардың нәтижелерін ескеру ұсынылады.

Ақтөбе облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеуде тәрбие саласының педагогтерінің кәсіби біліктілігін арттыру.

Міндеттері:

- Облыстың білім беру ұйымдарының педагогтеріне ақпараттық – түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- Жергілікті БАҚ құралдары арқылы бағдарламаның енгізілуі туралы кең ақпараттар беру жұмысы;

- Облыстағы тәрбие саласына жауапты мамандарға өзара тәжірибе алмасу, өз білімдерін көтеру, кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік көмек беру;

- Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру және тұлғаны әлеуметтендіруде құндылықтар арқылы тәрбиелеуді басшылыққа алу;

- Жаңашылдық және тәжірибелік-эксперимент жұмыстарына басшылық ету, жетекшілік жасау;
- Облыстық, республикалық және халықаралық іс-шараларға қатысушылардың іс-әрекеттерін үйлестіру;
- Тәрбие берудің белсенді формаларын енгізу және өткізу (тәжірибелік семинарлар, конференциялар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, кездесулер, брифингтер т.б.);
- Оқу-әдістемелік кабинетінің жоспарына сәйкес іс-шараларды ұйымдастыру.

Бағдарламаны іске асыру жолдары:

1. Білім алушылардың әлеуметтік дамуына және олардың қоғам өміріне қатысуына бағытталған жобалар аясында нәтижелі жұмыстар жүргізу;
2. Құндылықтарды білім беру процесіне енгізу;
3. Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығы мен «Даналық мектебі» жұмысын жүйелі жүргізу;
4. Мемлекеттік мүдделі органдармен, байланыс орнату;
5. Сынып сағаттарында және сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруда құндылықтарды басшылыққа алу;

Күтілетін нәтиже:

1. Білім алушылардың әлеуметтік дамуына және олардың қоғам өміріне қатысу деңгейін көтеру;
2. Құндылықтарды білім беру процесіне енгізу арқылы нәтижелерге қол жеткізу;
3. Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығы мен «Даналық мектебі» жұмысын жүйелі жүргізу арқылы тығыз байланыс орнату;
4. Жеке тұлғаны тәрбиелеуде мемлекеттік мүдделі органдардың ықпалдастығын нығайту

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ



2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ 2023 ЖЫЛҒЫ 19 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 294 БҰЙРЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН БАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН» ЕНГІЗДІ

МАҚСАТЫ:

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БОЙЫНА СІҢІРГЕН ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

МІНДЕТТЕРІ:

- ✓ Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу
- ✓ Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу
- ✓ Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру
- ✓ Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу
- ✓ Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу

Сурет 22. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мақсаты мен міндеттері

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасы Ақтөбе облысының барлық орта білім беру ұйымдарында жүзеге асырылды. Оқу жылының басында барлық аудандар мен Ақтөбе қаласында барлығы - 524

оқыту семинарлары ұйымдастырылып, оған 9590 педагогтер қатыстырылды. Мүдделі мемлекеттік органдармен 1050 түсіндіру семинарлары жүргізілді.

Жалпы оқыту семинарлары -933

Семинарларға қатысушылар- 13665

Оның ішінде:

- ✓ Педагогтер – 14218
- ✓ Мүдделі мемлекеттік органдар – 43
- ✓ Әдіскерлер – 42
- ✓ Директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары- 463
- ✓ Аға тәлімгерлер – 344
- ✓ Сынып жетекшілер – 7353
- ✓ Педагог-психологтар – 412
- ✓ Әлеуметтік педагогтар – 312

Оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы кеңінен насихатталып, түсіндіру жұмыстары кең көлемде жүргізілді.

Бағдарлама мақсат – міндетіне сай аталған мақсат пен міндеттерді қалыптастыру мақсатында ұлттық құндылықтарға негізделген «Ұлттық мүдде», «Талап», «Ар-ұят» құндылықтарын білім алушылар бойына сіңіру мақсатында біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде тәрбие жоспары құрылып, жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылында Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Еңбегі адал жас өрен», «Балалар және театр», «Жеткіншектің жеті жарғысы», « Ұлттық мектеп лигасы» жобаларын жүзеге асыру бойынша облыстық онлайн семинар – практикумдері өтті.

Барлық білім беру ұйымдарында Оқу-ағарту министрілігінің бастамасымен елдің мәдени мұрасын сақтау, білім алушылардың домбырада орындау өнерін насихаттау мақсатында «Күй күмбірі» 818 домбырашылар челленджі, «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында жалпы Республикалық 1327 «Шахмат ойнау» челленджіне ұйымдастырылды.

Оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған және салауатты өмір салтын сақтау мақсатында 4003 «Сергіту сәті» челленджіне, осы тұжырымдама аясында дәлдік пен ептілікті, бәсекелестік рухты көтеру мақсатында 3129 «Асық ату» челленджі, білім алушылардың жеткен жетістіктері мен алға қойған жоспарлары мен болашағы туралы 1300 «Болашаққа хат» шығарма жазу челленджі, математикалық есептерді шешуде оқушылардың зияткерлік қабілеттерін, шығармашылық және сыни ойлауын дамыту, математикалық білімнің өмірмен байланысын көрсету мақсатында 304 «Қазақ есебі» челленджі ұйымдастырылды. Көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаны құрметтеуге, адамдарға деген қамқорлық сезімдерін дамытуға бағытталған 1659 «Жасыл мектеп» челленджі ұйымдастырылып білім

алушылардың бойында экологиялық мәдениетін дамытуда маңызы зор болды.



Сурет 23. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы




Сурет 24. Ұйымдастырылған челленджер


Ақтөбе облысы бойынша жүргізілген жобалар

2023-2024 оқу жылында Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Еңбегі адал жас өрен», «Балалар және театр», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы» жобаларын жүзеге асыру бойынша облыстық онлайн семинар – практикумдері өтті.


«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ»



«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ»




«БАЛАЛАР ЖӘНЕ ТЕАТР»



Бағдарлама аясында Ақтөбе облысының барлық білім беру ұйымдарында жүзеге асырылған жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай - 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ



Сурет 25. Жобалар бойынша көрсеткіштер

«Қоғамға қызмет» жобасы

Жобаны жүзеге асыру мерзімі: 2024 жыл қазан – 2025 жыл наурыз.

Жобаға қатысушылар: техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, жастар ісі жөніндегі комитет, топ кураторлары, жатақхана тәрбиешілері, клуб, үйірме жетекшілері

Жобаның өзектілігі: техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері білім алушыларды тәрбелеу мақсатында шығармашылық шараларды ұйымдастыру, танымдық, қызығушылық қасиеттерін дамыту

Жобаның мақсаты: Көмек көрсетуді ұйымдастыру:аға буынға, жануарларға, қайта өңделген материалдар мен табиғат элементтерін байланыстырып құстарға ұя немесе жем шашар әзірлеу

Ұсынылады: ата-аналар қауымдастығын тарту, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әрекет ету

«Шын жүректен кітап сыйла!» жобасы

Жобаны жүзеге асыру мерзімі: 2024 жыл қаңтар - наурыз.

Жобаға қатысушылар: техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, жастар ісі жөніндегі комитет, топ кураторлары, колледждің кітапханашысы

Жобаның өзектілігі: техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері білім алушыларды тәрбелеу мақсатында шығармашылық шараларды ұйымдастыру, танымдық, қызығушылық қасиеттерін дамыту

Жобаның мақсаты: кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру, «Досыңа кітап сыйла» челенджін ұйымдастыру, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын әзірлеуге дағдыландыру.

Облыс бойынша жүргізілген жобалар бойынша жүргізілген іс-шаралар

Кесте -14

№	Жоба атауы	Өтілген мерзімі	Өткізілген іс-шаралар
1	«Өр талапты, озық ойлы ұлан» (сыни және креативті ойлау)	Қыркүйек- қаңтар	62
2	«Адал ұрпақ» (адалдық, әділдік)	Қыркүйек- қаңтар	176
3	«Жасыл мектеп»	Қыркүйек- қаңтар	104
4	«Эковолонтерлер»	Қыркүйек- қаңтар	102
5	«Экологиялық мониторинг»	Қыркүйек- қаңтар	18
6	«Үнемді тұтыну»	Қыркүйек- қаңтар	38
7	«Қалдық заттарға екінші өмір сыйла»	Қыркүйек- қаңтар	81
8	«Мектептегі энергияны үнемдеу»	Қыркүйек- қаңтар	81
9	«Жеткіншектің жеті жарғысы»	Қыркүйек- қаңтар	615
10	«Еңбегі адал жас өрен»	Қыркүйек- қаңтар	746
11	«Ұрпаққа аманат»	Қыркүйек- қаңтар	74
12	«Цифрлық гигиена»	Қыркүйек- қаңтар	61
13	«Менің елім және менің құқығым»	Қыркүйек- қаңтар	180
14	«Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру»	Қыркүйек- қаңтар	68
15	«Экранға тәуелділік: жаман әдет»	Қыркүйек- қаңтар	57
16	«Зиянды әдеттен аулақ бол»	Қыркүйек- қаңтар	233
17	«Спорт және мен»	Қыркүйек- қаңтар	99
18	«Қауіпсіздік және алғашқы көмек»	Қыркүйек- қаңтар	101
19	«Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік»	Қыркүйек- қаңтар	199
20	«Ұлттық мектеп лигасы»	Қыркүйек- қаңтар	758
21	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» (ата-ана мен жұмыс)	Қыркүйек- қаңтар	1451
22	9 ай-9 іс-шара	Қыркүйек- қаңтар	1057
23	Төрт тоқсан- төрт өнер	Қыркүйек- қаңтар	558
24	Оқуға күштар мектеп	Қыркүйек- қаңтар	889
25	Балалар және театр	Қыркүйек- қаңтар	381
26	Ұшқұр ой аланы	Қыркүйек- қаңтар	382
27	Ғаламтордағы қауыпсіздік	Қыркүйек- қаңтар	506
28	Ата-аналар мектебі	Қыркүйек- қаңтар	617


Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

2023-2024 оқу жылына арналған Тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен Кешенді жоспар негіздемесімен жасалды.

Жоспарды іске асыруда жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелі іс-шараларын ұйымдастырды.

№	ММО	Жұмыс мазмұны
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі	1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мамандары кездесулер ұйымдастырды; 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған студенттердің, ұстаздардың қатысуымен «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстары өткізілді.
2	Қазақстан халқы Ассамблеясы	1) білім беру мекемелерінде Қазақстан халқы Ассамблеясының, этномәдени бірлестіктердің және ҚХА қоғамдық құрылымдарының мүшелерімен мотивациялық кездесулерді ұйымдастырды. 2) «Ассамблея жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулерді өткізілді; 3) жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында жас ерекшеліктерін ескере отырып, кездесулерді ұйымдастырды.
3	Төтенше жағдай департаменті	1) балалар мен ата-аналардың өмір қауіпсіздігі туралы білім беру ұйымдарында бірлескен ақпараттық -танымдық сағаттарында іс- шараларға қатысты 2) Төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша білім беру ұйымдарында бірлескен оқу- жаттығуларды өткізді.
4	Салауатты өмір салтын сақтау орталықтары	1) білім алушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайту мақсатында іс шараларды білім беру ұйымдарында бірлескен іс-шараларды ұйымдастырды. 2) дұрыс және тиімді тамақтану, энергетик сусындардың адам ағзасына әсері тақырыптар аясында, жас ерекшеліктерін ескере отырып, бірлескен тәрбиелік сағаттар өткізді. 3) салауатты өмір салтын насихаттау тақырыптарына, жас ерекшеліктерін ескере отырып, сынып сағаттар өткізеді; 4) алғашқы көмек бойынша, еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты және еңбекті қорғау туралы білім ұйымдарында бірлескен іс шараларды ұйымдастырды. 5) дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын ұстану, қыз балалармен жиналыс өткізуге арнайы медицина қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.
5	Құқық қорғау органдары	Жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігін сақтау және қорғау мақсатында кездесулер, іс-шаралар, дөңгелек үстел ұйымдастырылды.
6	Облыстық аналар кеңесі	Аналар кеңесінің құрамымен бірлесе білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыстары ұйымдастырылды.
7	Ақтөбе облысының дін істер басқармасы	Теолог мамандармен бірлесе әртүрлі форматтағы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Жалған діни ағымдардың қоғамға кері әсері», «Дін және зайырлылық», «Рухани адамгершілік құндылықтары» «Дін мен дәстүр сабақтастығы» тақырыптарында барлық білім беру ұйымдарында семинарлар ұйымдастырды.

Мүдделі мемлекеттік органдармен жұмыс көрсеткіші



Сурет 26. Мемлекеттік мүдделі органдармен жұмыс көрсеткіші

Қорытынды және ұсыныстар

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде барлық білім беру ұйымдарында бойында өз елін сүйетін адал, әділетті, мәдениетін, тілін құрметтейтін, тәртіпті жауапкершілігі мол еңбекқор, кәсіби білікті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. «Жасыл ел» жалпы ұлттық жобасы 2005 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Жоба еңбекке баулуды, табиғатты аялауға шақыруды көздейді. Осы жоба аясында білім беру ұйымдарында экологиялық білім беру және тәрбиелеу іс-шараларының 2023-2029 жылдарға арналған жоспарының «Жасыл балабақша» желісін құру туралы 3.1-тармағын орындау бойынша 2024 жылдың 1 маусымынан бастап Ақтөбе қаласындағы №7 «Арман» балабақшасында «Жасыл балабақша» пилоттық жобасы басталды.

Сонымен қатар, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ұлттық құндылық- ұлт қорғаны» атты пилоттық жобасын жүзеге асыру жоспарлануда. Жобаға 3 білім беру ұйымы, 1 мектепке дейінгі ұйым, 2 кәсіптік және техникалық білім беру ұйымы қатысады. Жобаның мақсаты жас ұрпақтың бойына ұлттық идеологияны сіңіре отырып, рухы берік, дәстүрді дәріптейтін, ізденуді мұрат ететін тұлға қалыптастыру болып табылады.

Ұсыныс: Ұлттық құндылықтар мен негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыру үшін білім беру пәндік-кеңістіктік дамытушы ортасын, қолайлы жағдай орнату және қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен жабдықтау.

Алматы облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы; Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы, ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, 2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», 2023-2024 оқу жылында Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрығы басшылыққа алынды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарына сүйене отырып, тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынып, мектеп директорымен бекітілген. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалған.

Мақсаты: Жалпы адамзаттық ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар – ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік өсиеттерін жоғары ұстауға баулу, құқықтық мәдениет қалыптастыру;
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығы мен эмоционалдық тұрақтылыққа баулу;
- Табиғатқа, табиғи мұраға, ұқыптылықпен қарауға, табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді пайдалануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Алматы облысы біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша есеп

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтары

Сынып жетекшілерге толық біртұтас тәрбие бағдарламасы түсіндірілді. Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Ал келешек ұрпақ, өсіп келе жатқан жас буын – мемлекеттің болашағы. Оған ешкімнің таласы жоқ. Олай болса, енді бір бес-он жылдан кейін шешуші мемлекеттік құрылымдардың тізгінін ұстайтын азаматтардың төл тарихы мен мәдениетін тұмардай қастерлеп, әдебиетін әспеттеуі бүгінгі тәрбиенің, бүгін қалыптасып жатқан ұлттық сананың деңгейімен тығыз байланысты болмақ. Ал ақпарат тасқыны судай сапырылысқан мына жаһандану заманында қазақ жастарының ұлттық санасы қалай қалыптасып жатыр, қандай бағытқа бет алуда? Бұл бүгінгі күні санамызды өзге ұлттың, соның ішінде батыстың даңғаза музыкасы мен дарақы еңбектері аямай улап жатқан тұста ел басқарып отырған азаматтар мен зиялы қауымнан бастап, қарапайым әрбір азаматты ойландыруы тиіс.

Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша жұмыс жоспары құрылып, жоспар негізінде іс-шаралар өткізілді. Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың

педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Орталық қызметінің принциптері:

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен

білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.

2. Ауыз біршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.

3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде

әр түрлі жастағы: 1-4 сынып; 5-9 сынып; 10-11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізіледі.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген.

Әр өткізілген шараға ата аналар белсене қатысып, өткізілген шаралардың барлығы әлеуметтік желіге салынып отырылды.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасы бойынша жұмыстар жүргізілді.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру» негізінде «Төрт тоқсан-төрт өнер» іс шара жоспары бойынша шаралар өткізілді. Ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, эмоционалды интеллекті қалыптастыру, айтысы қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнердің баға жетпес мұрасы ретінде дәріптеу арқылы дарынды шығармашыл жастарды анықтау мақсатында

«Жас өрендер» облыстық жас ақындарды анықтау жүргізілді. Дебат клубы жетекшісінің ұйымдастыруымен өткізілген.

«Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» тақырыбында пікірталас өткізілді. Еліміздің барлық білім беру ұйымдарын біріктіретін, мереке атмосферасын құруға, өз еліне, өзінің кіші отанына мақтаныш сезімін қалыптастыруға, білім алушылардың қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттырды.

«Менің отбасым-шығармашыл отбасы» тақырыбында 1-11 сынып оқушылары мен ата-аналармен бірігіп өлең шумақтарын жазды. 25 қазан Республика күніне орай облыс бойынша барлық сыныпта сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын құрметтеуді қалыптастыру батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу, ептілікті, қырағылықты және дәлдікті дамыту мақсатында ІІ тоқсан бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл көптеген адамдардың ғасырлық тәжірибесі және өмірімен бекітілген тарихи мұра, бұл өткен мен бүгінді байланыстыратын халықтың жады. Бұл тарихи құбылыс, адамға тән тәуелсіз қызмет түрі.

Бұл мәдениетпен қатар дамитын балалардың демалу дене және рухани күштерін дамыту қажеттіліктерін қанағаттандыратын мәдени элемент сонымен қатар білім беру құралы ретінде қызмет етеді.

1-4 сыныптарда «Асық ату» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Асық ойыны туралы түсініктерін кеңейту. Ойынды ережеге сай ойнату. Оқушылардың ой-өрісін, ептілік, мергендік, шапшаңдық қасиеттерін дамыту. Оқушыларды ұлттық ойындарға қызықтыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында өтті.

Ұлттық ойындары ұғымы – әр халықтың төл дүниетанымынан, жағырапиялық жағдайларға бейімделуінен, ел мен жерді сыртқы жаудан қорғау дайындығынан негізгі ақпар береді. Бағзыдан бері сайын дала төсінде мекендеген сан алуан тайпалар мен мемлекеттердің бүгінгі мұрагері қазақ халқының күнделікті өмір салтында ойын әрекеттерінің орны қашанда ерекше болған. Ұлттық ойындар қазақ халқының өмірінде үлкен маңызымен қатар алуан түрге ие болуында. Ең қызығы кішкентай балалардан ересек адамдарға дейін қатысып ойнайтын сан алуан ойын түрлері бар. Қазақтың ұлттық ойындары жалпы сипатына ең негізгі бес түрге бөлінеді. Бір ескерер дүние, бұл бес ойын түрі түркі тектес халықтардың барлығына ортақ десек те болады.

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу ел тарихына маңыздылығы мен қатыстылығын арттыру, отансүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мәдени мұраны сақтау мақсатында ісшара жұмыстары өткізілді. Білім алушылардың мәдени көкжиегін кеңейту дәстүрлі ұлттық өнердің халық шығармашылығының әртүрлі түрлеріне олардың қызығушылығын дамыту. Ұлттық өнердің халық шығармашылығының үздік жетістіктеріне баулу арқылы патриоттық сезімдерді эстетикалық талғамды Қазақстанның мәдени игілігіне ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Білім алушыларды ұлттық өнерді халық шығармашылығы мен қолөнерді дамыту және дамыту бойынша шығармашылық қызметтің әртүрлеріне тарту. «Ұлттық өнер ұрпаққа мұра тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде «Тоғыз айға тоғыз іс шара» ұлттық мәдени ағартушылық жобасы бойынша жұмыстар жүргізілді.

Мектеп оқушылар арасында «Дене сергіту» челленджі ұйымдастырылды. Сергіту сәті – бұл физикалық жаттығулардың шағын жиынтығы, сондықтан оларды орындау кезінде түрлі бұлшық ет топтары қамтылады. Сергіту сәті – білім алушылардың ұзақ монотонды позасынан туындаған статикалық кернеуді жеңілдету мақсатында сергіту сәті жаттығуларын өткізуге арналған сабақ процесіндегі қысқа мерзімді үзілістер. Олардың мақсаты – шаршаудың алдын алу, ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімі бұзылуының алдын алу.

Әнұран – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Әнұранның Ұлттық ерекше аспектісі бар. Әнұран арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жырланады.

Әнұран маңызды дыбыстық рәміз ретінде әрекет ете отырып, әрбір қазақстандықтың өз еліне, жеріне, халқына деген мақтаныш сезімін ояту мақсатында әнұранды орындай отырып, адамның рухани жағдайы мен өз еліне мақтаныш сезімі асқақтайды.

Әнұранды орындау – ең алдымен, қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастырады және әрқайсымыздың жеке басымызды дамыту мен қалыптастырудың басым бағыттарының бірі. Шынында да, мемлекеттік рәміздің әр элементінде терең мағына бар. Барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар сөздерді жақсы білуі және Әнұранды айта білуі қажет.

Мақсаты:

білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Міндеттері:

- білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларының ел әнұранының мәтінін жатқа айту;

- еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру. «Асық ату» челленджі өтті. Өткізілген челлендж мақсаты оқушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін және елдің мәдени мұрасын сақтауға, ұлттық ойындарды насихаттауға бағытталды. Ұлттық ойындардың бірі – асық ойыны баланың ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады.

«Болашаққа хат» шығарма жазу челленджі бойынша лирикалық ойлау қабілеттерін, өмірге деген көзқарасын дамыту, білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра білу мақсатында 7-8 сынып оқушылары 13-желтоқсан күні эссе жазды. Қазіргі таңда балалардың болашағы таңдайтын мамандығына қарай бағытталуда.

Челлендж студенттердің эссе жазуға бағытталған, осылайша жазу арқылы өз ойын білдіру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Шығармаларды «Тәуелсіз Қазақстандағы жетістіктерім», «Менің болашағым», «Менің елім үшін болашағым» және т. б. тақырыптарға жазу ұсынылады.

Челлендж білім алушылардың өз ойын қағаз бетінде жүйелі жазуға, ішкі тұжырымдарын сөзбен жеткізуге үйрету арқылы жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған.

Челленджде жазуға ұсынылатын шығарманы хат жазу түрінде жазғызуға болады. «Тәуелсіз Қазақстандағы менің жетістігім», «Менің болашағым», «Еліммен бірге болашаққа апарар жол» т.б. ел тәуелсіздігі күні қарсаңындағы әр білім алушының ел тағдырымен өз болашағы арасындағы сабақтасты туралы ойлануына негіз болатын тақырыпты ұсынуға болады. Шығарма тақырыбын таңдауда білім алушылардың жас ерекшелігін ескеру қажет.

Жалпы, жазу – бұл баланың өзінің жинақталған білімін білдіру.

Мақсаты: Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу

Міндеттері:

✓ Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

✓ Өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру

Білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру. «Қазақ есебі» челленджі ұйымдастырылды. Математикалық есептер шығару білім алушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, логикасын, зейінін жаттықтыруға ықпал етеді. Математикалық есептерді шешу білім алушыларды ойлануға, модельдеуге, болжауға және нақты мысалдарды

дәлелдеуге негіз болады, бұл күнделікті өмірде ең қарапайым және күрделі мәселелерде оң шешім қабылдауына әсер етеді.

«Қазақ есебі» челленджі ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадилдаев Асқар Серқұлұлының авторлық есептерін шешуге арналады.

Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету

Міндеттері: Білім алушылардың математикалық және логикалық есептерді шығаруға деген қызығушылығын ояту; Білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту; Математикалық білімнің өмірмен байланысын көрсету. Қазіргі уақытта білім беру және мәдени саясаттың жалпыұлттық міндеті – білім алушыларды көркем әдебиетті оқуға тарту, оқу мәдениетін дамыту және кітап оқудың құндылық ретіндегі беделін арттыру. Көркем әдебиетті оқу – еркін сөйлейтін, ойын дұрыс жеткізетін, сауатты жазуға қабілетті ақыл-ойы дамыған, рухани-адамгершілік тұрғыдан жетілген тұлғаны әлеуметтендірудің және дамытудың маңызды құралы.

Кітап оқу өз кезегінде білім алушылардың кітап оқу белсенділігін арттыруға және оқу мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Көркем әдеби-шығармаларды оқу негізінде білім алушылардың рухани дүниесін байиды, ой-өрісі мен дүниетанымы кеңейеді.

«Оқуға құштар мектеп» челленджі отандық және әлемдік озық шығармаларды насихаттауға, білім алушылардың кітап оқуға қызығушылығын, оқу сауаттылығын арттыруға, оқыған кітабын жалпылау және талдау қабілеттерін дамыту негізінде шығармашалық қиялын қалыптастыруға, кітап оқуға құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар челлендж білім алушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға да негіз болады.

Мақсаты: Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту.

Міндеттері:

✓ Білім алушының функционалдық оқу дағдысын және шығармашылық қиялын дамыту

✓ Білім алушының кітап оқуға қызығушылығын ояту

✓ Білім алушыларда оқыған кітаптарының мазмұны мен сүйікті кейіпкерлерінің мінез-құлқы туралы өзара талқылауға негізделген қарым-қатынас жасау мәдениетін дамыту.

Әдістемелік ұсыным: Домбыра – қазақ халқының қастерлі ұлттық музыкалық аспабы. Бабаларымыздан мирас болып қалған домбыраның тарихи тамыры ғасырларға ұласады. Домбыра – баға жетпес жәдігер, қазақ халқының бойтұмары.

Домбыра тарту арқылы білім алушылардың бойында қазақ халқының мәдени мұрасы дариды, рухани дамуына көмектеседі, эстетикалық тұтастықты қалыптастырады. Домбырада ойнаудың арқасында ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас қалыптасады, отансүйгіштікке, бірлікке, сенімге, қонақжайлылыққа,

мейірімділік пен ынтымақтастыққа, айналадағы адамдарға, табиғатқа деген етене жақындық сезіміне тәрбиеленеді, осылардың негізінде шығармашыл тұлға және оның рухани-адамгершілігі қалыптасады.

«Шахмат ойнау» челленджі өткізілді.

Шахмат – көне тарихы бар зияткерлік ойын. Қазір - ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Шахматтың тәрбиелік мәні бар: ол тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, логикалық ойлауға және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйретеді, зейіннің шоғырлануын дамытады.

Шахмат – жинақылық, сыни тұрғыдан ойлау, абстрактілі ойлау, есептерді шешу, үлгіні тану, стратегиялық жоспарлау, шығармашылық, талдау, синтез және бағалау сияқты өмір бойы ақыл-ой дағдыларын дамытатын шексіз зияткерлік жаттығулар.

«Жасыл мекен» челленджі көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеумен қатар, еңбек құндылығын қалыптастыруға, айналаны көгалдандыруға, абаттандыруға бастама болып табылады.

«Жасыл мекен» челленджі білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті дарытуға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, қоршаған ортаға ғана емес, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған. Көшеттер отырғызу «мұғалім – білім алушы – ата-ана» үштігінің қарым-

«Даналық мектебі» клубының жұмысы Бүгінгі таңда ата мен немере арасында позитивті қарым-қатынас орнату өзекті мәселенің бірі болып отыр. Аталардың біразы жас, біразы жасамыс. Қалалақ жердегі аталардың көпшілігі зейнеткерлікке шығып үлгермегендіктен жұмысбасты. Бірақ мұның бір де бірі сіздерге аталық міндетіңізге әртүсті қарауға себеп болмауы керек. Аталарымыздың бағзы заманнан жолы үзілмей келе жатқан өз міндеттері бар.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыруда «Ата-аналар мектебі» жобасының жылдық жоспары құрылды.

Құндылықтар: Ар-ұят. Ұлттық мүдде. Талап

Жоспарға сәйкес қыркүйек айында «Сіз және балаңыз бір біріңізді түсіне аласыздар ма?» тақырыбында ата-аналардан сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша барлық ата-ана жоғарғы деңгейде жауап берді. Сонымен қатар қазан айында «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. Шараға қатысқан: 7 ата-ана. Сондай ақ ата-аналар жиналысында «Таным. Тағылым. Тәрбие» және «Қыз намысы-ұлт намысы» тақырыптарында оқушылардың тәртібі, мінез-құлқы туралы ашық әңгімелесу айдары ұйымдастырылды. Қатысқан ата-аналар саны: 25. Халықаралық отбасылар күніне орай сурет байқау, «қамқорлық» акциялары ұйымдастырылды.

Діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыс жоспары құрылып, шаралар өткізілді.

Осы мақсатқа сүйене отырып, обылыс бойынша діни экстремизмнің алдын алу мақсатында жылдық жоспар құрылды. Жоспар негізінде жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі таңда дінді жеткізудің әртүрлі құралдары бар. Оның ішінде баспа өнімдерінен бөлек ғаламтор арқылы, әлеуметтік желілер, тағысын тағы да дегендей. Жоғарыда айтылған барлық құралдар бүгінгі таңда мемлекеттің назарында. Жыл сайын тиісті органдар тарапынан дінтану сараптамасы арқылы мыңдаған әлеуметтік желілерде ашылған парақшалар мен діни сайттар жабылып, жүздеген діни әдебиеттер дінтану сараптамасынан өтпей жатыр.

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелуге, әзірлеуге, шығаруға, басып шығаруға және (немесе) таратуға болмайды.

Бастауыш мектеп оқушылары танысатын Мектептегі қауіпсіздік негіздері – бұл күн тәртібі және гигиена ережелері, салауатты өмір салты, денсаулықты сақтау және нығайту, жол қауіпсіздігі ережелері, өртке қарсы қауіпсіздік, төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелері. Балаларды қоршаған әлем, қауіпсіз мінез-құлыққа үйретеді, күрделі жағдайлардың туындау себептерімен және олардың алдын алу тәсілдерімен таныстырады. Оқушылардың әл-ауқатының сақталуын қамтамасыз ету үшін мектепте мынадай қауіпсіздік шаралары әзірленуі тиіс: өмір мен денсаулықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленеді.

Облыс бойынша қала, аудан мектептерінде «Жас Сарбаз» әскери – патриоттық клубының оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленді. Жыл бойы әскери – патриоттық тәрбие бойынша түрлі іс – шара өткізілді. Бүгінде жастар арасында отаншылдық сезімін ояту маңызды міндеттердің бірі. Тәуелсіздік күніне арнап пневматикалық қарудан нысанаға оқ арудан сыныптар арасында жарыс өткізілді. Оқушылар өз шеберліктерін көрсетіп мақтау қағазымен, сыйлықтармен марапатталды. Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шыққан күніне арналған «Жас сарбаз – 2024» атты патриоттық клубтар арасында «Пневматикалық мылтық арудан» өткен аудандық жарыста 3- орынға марапатталды. Ұлы Жеңістің жылдығы және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 33 жылдығына орай ұйымдастырылған аудандық «Біз – еліміздің жас қорғаушыларымыз» атты әскери – спорттық жарысында оқты оқжатардан шығару және жинаудан үздік нәтиже көрсеткені үшін марапатталды. Оқушыларды отан сүйгіштікке тәрбиелеп, елінің қорғаны болуға насихаттау, жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының жылдық жоспары құрылды.

1 қазан қарттар күніне орай еріктілер клубы «Жылы жүрек» акциясы бойынша облыс бойынша әр мектеп қарт кісілерін құттықтап шықты;

Қазан айында «Жанашыр жүрек» акциясы аясында жалғыз басты әке үйіне тазалық жұмыстарын жүргізіп, азық түлік берілді.

Республика күніне орай «Таза табиғат» акциясы бойынша ауыл ішіне, мектеп айналасына тазалық жұмыстарын жүргізілді.

Білім алушылардың ата-аналарымен профилактикалық жұмысы

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебегіне отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке не анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндамалар оқылды.

Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Отбасындағы қатігездікке жол жоқ» ата-аналармен тренинг,



«Менің ұстанымым» бала тәрбиесіне қатысты сауалнамалар алынды.

Алғыс айту күніне орай оқушылармен іс-шара өткізілді.



Облыс, аудан көлеміндегі іс-шаралар

«Мектебім, жүрегімнің төріндесің!» ақындар айтысы	Облыстық	
«Спорт деген – мықтылық, бастайық ойын бір қызық» шахматтан турнир	Аудандық	
«Ән сөзінің әйгілі Ш.Қалдаяқов» оқушылар арасындағы ән байқауы	Аудандық	
«Көркейді еліміз, сау болса деніміз» спорттық турнир	Аудандық	
Мектептің мерейтойын тойлау	Аудан мектептері арасында	

Иновациялық-эксперименттік қызмет, әлеуметтік/білім беру
жобаларына қатысу

«Өнер және құндылық» жобасы	Жетекшілері: Н.Камалова Қ.Беркимбай	
«Үйдегі көне суреттер тарихы»	Жетекші: Н.Ескалиева	

Ата-аналар жұмысы бойынша

Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығы	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.	
Даналық мектебі: 1. Әкелер клубы 2. Әжелер клубы 3. Аналар қоғамдастығы	Даналық мектебінің мақсаты: Ата-ана мектептен тығыз байланыста отыра оқушыны дамытуға жәрдемдесу	

Сурет 27. Жүргізілген іс-шаралар

2023-2024 оқу жылына «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша өткізілген іс-шаралар

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында, облыстық көлемінде барлық мектептердің 1-11 сынып білім алушылары және ұстаздар арасында «Сергіту сәті» челленджі өткізілді.

«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы аясында қараша айында «Асық ату» челленджі ұйымдастырылды. Негізгі мақсат ұлттық ойындарымызды дәріптеу.

2023 жылы Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста психологиялық ахуал қалыптастыру, 1-4 сынып оқушыларының тегін тамақтануы, мектеп формасын сақтау, және әртүрлі мәселелер қаралды.

2023 жылы «1 Қазан- Халықаралық қарттар күніне» арналған іс-шара өткізілді. Қарттар күні мектептебіміздің ардагер ұстаздары шақырылып, білім алушылар мен мектеп ұжымы қарттарға өздерінің өнерлерін көрсетіп,

жүрекжарды құттықтау сөздерін айтып, аяулы қарттарымыз балаларға өз тәлім, тағылымдарын айтып, өнеге етті.

2023 жылы 25 қазан Республика күніне орай «Менің Отаным-Қазақстан» атты меркелік іс-шара ұйымдастырып өткізілді. Жоспарға сәйкес сынып сағаттары өткізілді. 25 қазан-Республика күніне орай мектебімізде мектеп ұжымы мен білім алушылар арасында «Гимн челленджі» өткізілді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерін насихаттауға арналған онкүндік өткізілді. Туымыздың авторы Шәкен Ниязбековтың туғанына 85 жыл толуына орай арнайы бейнеролик жасалынып, әлеуметтік желіге жарияланды.

Салауатты өмір салтын сақтау мақсатында жылдық жоспар құрылып, сол жоспар бойынша жұмыстар жасалынды. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Көңілді эстафета» спорттық іс-шарасы мектебіміздің ұлағатты ұстаздарының қатыстырылуымен өткізілді.


2024 жылдың 12 қаңтарында Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 112 жыл толуына орай, 1-11 сыныптар бойынша сынып сағаттары өтілді. Жасалған жұмыстар әлеуметтік желіге жарияланып отырды.

Кесте-16

Облыс/қала атауы			Алматы облысы		
Жалпы білім беретін мектеп саны			432		
Оның ішінде шағын жинақты мектептер саны					
Қалалық мектептер саны		40	Ауылдық мектептер саны		392
Оқыту тілі бойынша (мектептер саны):					
қазақ тілінде	орыс тілінде	өзбек тілінде	ұйғыр тілінде	тәжік тілінде	аралас мектептер (оқыту тілдерін көрсету)
238	1	0	2	0	191
Облыс/қала бойынша білім алушылардың жалпы саны				341 796	
Оның ішінде:					
- шағын жинақты мектептерде оқитын білім алушылардың жалпы саны					5982
- қалалық мектептерде оқитын білім алушылардың жалпы саны					47 875
- ауылдық мектептерде оқитын білім алушылардың жалпы саны					293 921
қазақ тілінде оқитын білім алушылардың жалпы саны					138 282
орыс тілінде оқитын білім алушылардың жалпы саны					2043
өзбек тілінде оқитын білім алушылардың жалпы саны					0
ұйғыр тілінде оқитын білім алушылардың жалпы саны					753
тәжік тілінде оқитын білім алушылардың жалпы саны					0

Облыс бойынша мектептерінде:

- 1) Бір ауысымды 47 мектепте 8545 оқушы
- 2) Екі ауысымды 346 мектепте 300 756 оқушы
- 3) Үш ауысымды 39 мектепте 32 495 оқушы



Сурет 28. Облыс бойынша мектептер туралы көрсеткіш

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының жалпы саны - 659

Кесте-17


«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу барысында жүзеге асырылған іс-шаралар саны	400
Облыс/қала деңгейінде	30
Іс-шаралардың атаулары (кімдер және қанша білім алушы қатысты?):	
1) Шығармашылық шеберхана: «Тәрбие құндылықтары: оқыту мен тәжірде»	10 аудан тәрбие орынбасарлары 400
Аудан/қала деңгейінде	
Іс-шаралардың атаулары (кімдер және қанша білім алушы қатысты?):	
1) Алматы облысы орта білім беру мекемелерінде «Бала тәрбиесі баршаға ортақ»	230 мектеп директоры, 300 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, құқық менеджері, 100 педагог-психолог, 70 әлеметтік педагог, 75 педагог ұйымдастырушылар
2) Алматы облысы орта білім беру мекемелерінде «Ұлттық мүдде – патриотизмнің бастауы»	250 мектеп директоры, 340 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, құқық менеджері, 85 педагог-психолог, 63 әлеметтік педагог, 67 педагог ұйымдастырушылар
3) Алматы облысы орта білім беру мекемелерінде «Ұлттық құндылықтар- тәрбие негізі»,	220 мектеп директоры, 355 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, құқық менеджері, 65 педагог-психолог, 53 әлеметтік педагог, 55 педагог ұйымдастырушылар

Мектеп деңгейінде	
Іс-шаралардың атаулары (кімдер және қанша білім алушы қатысты?):	Педагогтер 20 000 , Оқушылар 50 000
1) «Тәрбие үдерісі: ата-ана, мектеп, оқушы», «Сынып жетекшісі – тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы»	Педагогтер 17 000 , Оқушылар 42 000
2) « Оқу –тәрбие үрдісінде білім алушылардың бойында тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру»	Педагогтер 15 000 , Оқушылар 25 000
3) «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы», «Ұлттық құндылық-тәрбие көзі», «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы»	Педагогтер 16 000 , Оқушылар 35 000

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген бағдарлама облыстық ата-аналар қауымдастықтарына және 700-ге жуық ата-аналар жиналыстарында да іске асырудағы іс-шаралар таныстырылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнына сәйкес жүргізілген түсіндірме жұмыстарының сауалнама бойынша пайыздық көрсеткіші:

- *Тәрбиедегі сын-тегеуріндер – 87 %*
- *Тәрбие парадигмасы - 90 %*
- *Тәрбие құндылықтары - 100 %*
- *Тәрбиенің үздіксіздігі - 95 %*
- *Тәрбиені жүзеге асыру тетіктері - 95 %*
- *Сынып сағаттары мен әлеуметтік тәжірибелер, жобалар - 97 %*
- *Тәрбие тұғыры - 95 %*



Сурет 28. Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша сауалнама көрсеткіші

Жобалар:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын шеңберінде өңірде жүзеге асырылған / жүзеге асырылып жатқан жобаларға 341 796 оқушы қатысты.

«Балалар кітапханасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Мектеп парламенті» «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Оқуға құштар мектеп», «Ұлағатты ұрпақ», «Жасыл мектеп» жобасы

Өңірде жүзеге асырылатын жобаларға 432 мектеп қатысты.

Оларға 200 000 білім алушы тартылды.

Қорытынды және ұсыныстар:

Жобаларды жүзеге асырудағы қиыншылықтар

- 1) Жобаларды дұрыс таңдамау, жұмыс жоспарлары жүйелі орындалмауы.
- 2) Жобаларды жүзеге асыру барысында жобаның жұмыс мазмұнына сәйкес білім алушыларға қажетті материалдық база және әдістемелік құралдардың жоқтығы.

Қиындықтарды шешудің жолдары

- 1) Жобаларды іске асыруда жүйелі жоспар құру
- 2) әдістерді тиімді пайдалана отырып, оқушылардың жобаға деген қызығушылығын белсенділігін арттыру.
- 3) Жоба мақсатты, жүйелі, білім алушыларға тиімді жағдайда құрылу қажет және қажетті материалдық жағдайына қаражат қарастыру, үнемі қолдау көрсету керек.

Жобалардың «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырудағы артықшылықтары

1) ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын негізге алып әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

2) Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы жасампаз азаматтар тәрбиеленеді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын аясындағы жобаларды жүзеге асыру бойынша ұсыныс:

- жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі әр қадамымызды бүгінгі және келешек ұрпақтың өміріне әсер ететін қандай да бір проблемаларды шешуге байланысты білім, білік, көзқарастар үйлесіміне ерекше мән беруіміз керек.

- ұлттық құндылықтарымызды, өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыру.

Атырау облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024)

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Тәрбие мазмұнын айқындау, білім беру ұйымдарында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мақсатындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2023-2024 оқу жылының Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыркүйегіндегі № 294 бұйрығына сәйкес Атырау

облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Мақсаты:

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүргізілуіне зерделеу жасау арқылы келесі оқу жылының басымдықтары мен кедергілерін анықтау.

Міндеті:

- білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту бағытындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында іс-шаралардың жүргізілуін талдау;

- ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыруда кеңес беру орталықтарының жұмысын жүйелеу;

- мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасауда әлеуметтік жобаларды талдау;

- қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру бағытындағы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» шеңберінде ұйымдастырылған челленджерді сараптау;

Күтілетін нәтиже:

- «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында тәрбие жұмысы нәтижелі жүргізіледі және оның жұмыстары әлеуметтік желілерде тұрақты жарияланып отырды;

- Барлық білім беру ұйымдарында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының» (АПҚО) жұмысы шынайы жүргізіліп, ата-аналардың қолдауына ие болды;

- Білім алушылардың әлеуметтік жобалар мен челленджерге белсенділікпен қатысуы реттеді;

- Білім алушылар үшін қауіпсіз, жайлы орта қалыптастыру мақсатында іс-шаралар жүйелі өткізілді.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы ақпарат

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әлеуметтік сенім, алуқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болды.

Өткен оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде іске асырылды оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық

бейнесі болып танылды. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті.

Кесте -18

Білім беру ұйымдары	Білім алушылар саны		
	Барлығы	Ұл	Қыз
Жалпы білім беру ұйымдары бойынша	133791	67573	66218
Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары бойынша	18696	10460	8236
Барлығы	152487	78033	74454

Барлық білім беру ұйымдарында «Қыркүйек айы-білім айы» атауымен «Мектебім - мейірім мекені» атты білім күні мерекесі өткізіліп, сынып сағаттары өткізілді.

Абайдың «Толық адам ілімі» бойынша 1-4 сыныптарда «Әсемпаз болма әрнеге», 5-8 сыныптарда «Білімдіден шыққан сөз», 9-11 сыныптарда «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» тақырыптарымен сынып сағаттары, 12 қыркүйек «Отбасы күніне» орай 9-11 сыныптарда «Отбасы- бақыт мекені» тақырыптарында дөңгелек үстелдер, «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат...» атты сынып сағаттары өтті. «Жолда жүру ережесі» бойынша сурет байқауы ұйымдастырылды.

Қазан айы –Алаш азаматтарын ұлықтауға байланысты, іс-шаралар жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды.

«Ұстаз! Сіздің алдыңызда...» атауымен «Дублер» күні ұйымдастырылып өткізілді. 25.09-5.10 аралығында 5-10 сыныптар «Ұстаз ұлы тұлға» атауымен зейнеткер ұстаздармен кездесу сағаттары ұйымдастырылса, зейнеткер ұстаздарға бірлестік мүшелері барып құттықтады.

1-қазан Қарттар күніне орай «Қарттарым- асыл қазынам» атты еңбек ардагерлері қазыналы қарттарымызбен кездесу өткізілді.

Облыстағы барлық білім беру ұйымдарында 25 қазан Республика күніне орай «Мен елімнің патриотымын» 9-15 жас аралығында ән байқаулары, «Жасай бер, қыран елім, Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді, «Өзін-өзі басқару» ұйымдарының сайлауы өтіп, мектеп парламенттерінің президенті сайланды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Сыбайлас жемқорлыққа – жол жоқ» атты өзін-өзі басқару ұйымының құқық және тәртіп фракциясы 10-11 сыныптар арасында Брейн-рингтер өткізілді.

«Тарих пен тіл тамырлас» тақырыбымен барлық білім беру ұйымдарында «Жеткіншектің жеті жарғасы» жобасы бойынша сынып сағаттары өткізілді, «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Үнемі оқитын Адам – табысты Адам» тақырыбымен ата-анамен бірлескен кітап оқу сағаты ұйымдастырылды. Дәстүрлі өтетін «Ұлы дала баласы» қойылымдар байқауы мен «Жыр жазамын еліме...» байқаулары өткізіліп қорытындыланды. «Оян, ар мен адалдық» атты мектептердегі балалар өкілеттілігінің ұйымдары мүшелерімен ашық алаңдар, кітапханаларда «Сырлы әлемге саяхат» атты кітап оқу күндері өткізілді.

«Әкелер академиясы» жобасы аясында «Әке мен бала» тақырыптарында отбасылық сайыстар, «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында «Тоғызқұмалақ- day» өткізілді.

«9 ай - 9 іс-шара» және «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы аясында "Бес тас" және "Бес табан" ұлттық ойындар челленджі өткізілді. «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты Республикалық онкүндік аясында іс-шаралар жоспары жасақталып, танымдық шаралар ұйымдастырылды.

16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығына орай «Алтын сақа» олимпиадасы Қазақтың ұлттық ойыны асық ойынын дәріптеу, үзіліс кезіндегі ойын сайыстары, «Шығарма жазу: Болашаққа хат» тақырыптарында челленджер ұйымдастырылды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылып, ұсынылған бағдарламаға сәйкес оқу жылына арналған сабақ кестесі жасалып, кесте бойынша барлық білім беру ұйымдарында уақытылы сабақтары жүргізілді.

«Жасөспірім суицидін алдын алу: жасөспірімге депрессиядан, абыржулық және психологиялық жарақаттан шығуға қалай көмектесуге болады?» тақырыптарында семинар-тренингтер өткізілді. «Білімдіге дүние жарық. Танып білу қуанышы: сүйсініп оқу» тақырыптарында адамгершілік құндылықтар негізінде ата-аналарға педагогикалық сабақтар, «Жасөспірім жастар туралы ата-ана нені білуі керек?» тақырыптарында ата-аналармен топтық кеңесу жиындары, білім алушыларды буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық пен жыныстық тиіспеушіліктің және аутодеструдивті мінез-құлықтың алдын алу, өмір қауіпсіздігін сақтауда ата-аналар назарын аударту, кеңестер беру мақсатында мектеп психологтары семинар-тренингтер ұйымдастырды.

«Даналық мектебі» жұмысының жылдық жоспарына сай қыз балаларға өнеге боларлық аналардың даналық ойларын тыңдату, тәлім-тәрбие бағытында насихат жұмыстарын жүргізу, көркем мінез – баға жетпес байлық екенін ұғындыра отырып, эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі екендігін жеткізу мақсатында «Қызым саған айтамын...», «Қыз болашағы-ел болашағы», «Бүгінгі бойжеткен, ертеңгі асыл жар» тақырыптарында аналармен кездесу кештері ұйымдастырылды.

«Бала -жарқын болашақтың иесі», «Әрбір бала – жарық жұлдыз. Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?», «Мектеп, оқушы, ата-ананың тығыз мақтастық қырлары», «Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қиындықтарға көңіл бөлу» тақырыптарында ата-аналар жиналыстары, «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер», «Сен жанбасаң лапылдап... Балаға өз бейімділігін табуға қалай көмектесуге болады», «Бұлақ көрсең, көзін аш. Шығармашыл тұлғаны тәрбиелейміз» тақырыптарында педагогикалық сабақтар өткізілді.

Наурыз айында барлық білім беру ұйымдарында «Ізгіліктің бір ізі – Алғыс айту», тақырыптарында апталықтар өтті. «Наурызнама» онкүндігі әрбір күн белгілі атаумен өткізіліп, қорытындыланды.

Барлық білім беру ұйымдарында «Мектеп/студенттік парламент» қоғамдық ұйымдарының жұмысы жүргізілді. Атырау қаласында 65, Жылой ауданы 20, Индер ауданы 15, Исатай ауданы 10, Қызылқоға ауданы 15, Құрманғазы ауданы 30, Мақат ауданы 9, Махамбет ауданы 14 президент сайланды.

«Мектеп/студенттік парламент» Өзін-өзі басқару ұйымдары қоғамдық туралы мәлімет

Кесте-19

№	Қала, аудан атауы	Президент саны
1	Атырау қаласы	65
2	Жылой ауданы	20
3	Индер ауданы	15
4	Исатай ауданы	10
5	Қызылқоға ауданы	15
6	Құрманғазы ауданы	30
7	Мақат ауданы	9
8	Махамбет ауданы	14
9	Облыстық мектептер	8
10	Колледждер	22

Мектеп парламенттерінің ұйымдастыруымен Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Есіңе мені алғайсың» атты әдеби сазды кештер; «Өмір, сен маған қымбатсың!» психологиялық онкүндіктер аясында бейнероликтер; «ДосболLIKE» акциясы аясында мектеп оқушыларына арналған түрлі тренингтер және де көңілді үзіліс, оқушылармен сұрақ-жауап айдары бойынша түрлі шаралар өткізіліп, әлеуметтік желілерге жүктелді.

ҚР Оқу-ағарту министрімен кездесуге облысымыздан Мектеп парламентінің президенттері, республикалық және облыстық олимпиада, көркемсөз, дебат, спорттық жарыстар жеңімпаздары арасынан 2 оқушы барды.

«Ақордаға экскурсиялауға» облысымызда су тасқынынан зардап шеккен Жылой ауданынан 2 оқушы, қала мектебінен республикалық олимпиаданың жеңімпаз 1 оқушысы экскурсияға қатысып келді.

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жобалар

Тәрбие қызметін үйлестірудің бірыңғай жүйесі қалыптасып, 2023-2024 оқу жылында барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Даналық мектептері», «Ата», «Әже», «Аға», «Жеңге» мектептері ашылып, оларға 121 315 ата-ана тартылды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытындағы шараларға 37 заң саласының, 41 дін істері мамандары, 53 психолог дәрігермен бірлескен жұмыс жүзеге асты. Facebook, instagram, tik-tok әлеуметтік желілерінде #Біртұтас_тәрбие_Атырау хэштегтерімен 4000 нан астам жарияланымдар орналастырылды.

Кесте -21

№	Даналық мектебі	Аталар мектебі	Әжелер мектебі	Ағалар мектебі	Жеңгелер мектебі	Ата-ана саны	Өткізілген алдын алу шаралары саны
1	209	209	209	209	209	121315	131

Отбасылық құндылықтарды сақтау, қыз тәрбиесіне деген жауапкершілікті арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы ролін арттыру мақсатында «Ата-аналар мектебі» жобасы жүзеге асты.

Міндеті: Жоба отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

Ата-ана хабардарлығын дамыту және ақпараттандыру, көзқарастар мен тиімсіз мінез-құлықты өзгерту, балалармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту арқылы жауапты ата-ана позициясы мен оң ата-ана дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Әкелер академиясы» жобасы жүзеге асты.

Әкелер қоғамдық кеңесі төрағалары туралы мәлімет

Кесте-20

Әкелер қоғамдық кеңесі төрағасының жалпы саны	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	Орта білімді
167	107	16	44

Отбасылық құндылықтарды насихаттау, білім беру ұйымдарында әкелердің қызметін жандандыру; қоғамда белсенді, үлгілі отбасы, балаларының жанашыры болып отырған жалғызбасты әкелерге қолдау көрсету мақсатында әкелер күніне орай «Әке –әулетті көтерер ер» облыстық семинары өткізіліп, әкелер қоғамдық кеңесінің төрағасы сайланды. Семинар барысында түрлі сала мамандары әкенің қоғамдағы және отбасыдағы ролі, жасалған жұмыстарын ұсынды. Семинарға облысымыздағы барлық білім беру ұйымдарынан әкелер қоғамдық кеңесінің төрағалары, сонымен қатар үлгілі әкелер қатысып отыр. Семинар соңында өмірдің талай сынын көрсе де сынбай отбасының ұйытқысы болып, бала тәрбиесіне атсалысып жүрген белсенді әкелер марапатталып, сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар, аудан, қала бойынша бала тәрбиесіне атсалысып, қоғамдағы өзекті шараларға белсене қатысып жүрген Әкелер қоғамдық кеңестерінің төрағалары да марапатталды.

Барлық білім беру ұйымдарында «Отбасы-Мектеп» жобасы жүзеге асып, үлгілі отбасыларын танытуға арналған «Отбасы сағаты», Отбасы күндері, республикалық, облыстық жалпы ата-аналар жиналыстары тәрізді шаралар тұрақты іске асты.

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

Барлық білім беру ұйымдарында жоспарлы кездесу, апталық, акциялар ұйымдастырылды. Жасөспірімдер мен жастардың жыныстық тәрбиесін арттыру және әйелдер денсаулығын қорғауды насихаттау, қыз балалардың репродуктивті денсаулығын қорғау (жыныстық тәрбие, тамақтану, еңбек және демалыс уақыты, зиянды заттарды (темекі, ішімдік, есірткіні) қолданудан бас тарту мақсатында 252 тренингтер өткізілді. Денсаулық сақтау мамандарының қатысуымен өткізілген дөңгелек үстелдер саны 202, Денсаулық мамандарының

қатысуымен 175 кездесулер өтті. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 310 сауалнамалар өткізілді, оған 13084 білім алушы қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша теріс жауап анықталмады.

Жасөспірімдер мен жастардың жыныстық тәрбиесін арттыру мақсатында жүргізілген іс-шаралар

Кесте-22

Қатысушы саны	Тренингтер саны	Мамандардың қатысуымен өткен кездесулер саны	Дөңгелек үстелдер саны	Сауалнама саны
13084	252	175	202	310

2024 жылғы 24 маусымнан 30 маусымға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен халықтың репродуктивті денсаулығының маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында денсаулық апталығы өтті.

Апта аясында ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары, денсаулық сақтау орталықтарында ашық есік күндері, жасөспірімдерге арналған тегін медициналық тексерулер мен кеңестер ұйымдастырылды.

Акцияға мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар, ҮЕҰ және медиа тұлғалар белсенді қатысты. Негізгі мақсатты аудитория – жастар мен жасөспірімдер, репродуктивті жастағы ерлер мен әйелдер, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен білім беру қызметкерлері.

Барлық білім беру ұйымдарында «Адал ұрпақ», «Саналы ұрпақ» клубтары бойынша I жартыжылдықта 265 іс-шаралар (сурет байқаулары, флешмобтар, пікірталастар, кездесулер мен дөңгелек үстелдер) өткізілді.

Білім беру ұйымдары басшыларына адалдық академиясы негізінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру, таза сессия, жұмысқа қабылдау, саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы акциясы шеңберінде іс-шара ұйымдастырылды. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы, білім беру ұйымдарына басшылық қызметке орналастыру тәртібі туралы нормаларды түсіндіру» акциясы аясында дөңгелек үстел өтті. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында іс-шара аясында кітаптар бейне блогы, QUIZ ойындары, Атырау облысы бойынша департаменті мамандарымен және танымал тұлғалармен тікелей эфирде сұхбаттар өткізіліп, әлеуметтік желіге жүктелді.

2024 жылы маусым айында білім беру ұйымдары басшыларына арналған «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы, білім беру ұйымдарына басшылық қызметке орналастыру тәртібі туралы нормаларды түсіндіру» акциясы аясында дөңгелек үстел өтті.

Атырау облысының барлық білім беру ұйымдарында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 429 тренинг өткізілді.

Ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен «Буллинг түрлері, оның жасөспірім психикасына әсері», «Кибербуллинг, буллингке тосқауыл қояйық», «Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Буллинг деген жау», «Кибербуллинг деген не, зардабы қандай?», «Біз зорлық зомбылықсыз бақытты балалық шақта өмір сүреміз» сынды тақырыптарда 405 кездесулер өтті. Ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен 225 дөңгелек үстелдер өткізілді. Білім алушылар арасында 494 сауалнама жүргізіліп, оған барлығы 96 832 білім алушылар қатысты, теріс жауап берілмеді.

Атырау облысының барлық білім беру ұйымдарында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген іс-шаралар

Кесте-23

Тренингтер саны	Кездесулер саны	Дөңгелек үстелдер саны	Сауалнамалар саны	Қатысушы саны
429	405	225	494	96832

Атырау облысы бойынша білім беру ұйымдарында өткен оқу жылында кәмелетке толмағандардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу бағытында 204 мектептің – 184-інде қыздар ұйымы, 24 колледждің 17-нде «Бойжеткендер» ұйымы жұмыс жасады.

Білім беру ұйымдарында «Үздік қыздар ұйымы - 2024» (мектеп), «Үздік бойжеткен ұйымы - 2024» (колледж) байқаулары сырттай (онлайн) өткізілді.

Кесте-24

Қыздар ұйымы	Бойжеткендер ұйымы	Ұлдар ұйымы	Бозбалалар ұйымы
184	17	184	15

Жасөспірімдер мен жастардың жыныстық тәрбиесін арттыру және әйелдер денсаулығын қорғауды насихаттау, қыз балалардың репродуктивті денсаулығын қорғау (жыныстық тәрбие, тамақтану, еңбек және демалыс уақыты, зиянды заттарды (темекі, ішімдік, есірткіні) қолданудан бас тарту мақсатында өткізілген тренингтер саны 252, «Өмір қымбатсың маған», «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойлан», «Үрмелі шар», «Үміт, сенім бізді алға жетелейді», «Өмірдің мәні не?», «Қыздар арасында», «Қазақ қызы қандайсың?», «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?», «Ерте жастағы жүктілік-болашаққа балта шабу», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Ерте жүктілік немен қауіпті», «Ерте жүктіліктің ертеңі бұлыңғыр», «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойла» тренинг, «Қыз өмірдің қызғалдағы», «Қыз қылығымен», «Ерте жүктіліктің ертеңі күмәнді», «Бойжеткен қыз психологиясы», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Ерте жүктілік немен қауіпті», «Ерте жүктілік -ертеңгі күдік», «Қыз намысы - ұлт намысы», «Арым-жанымның садағасы», «Ұлт болашағы өз қолында қазақ қызы», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Ерте жүктілік немен қауіпті», «Қыз намысы - ұлт намысы», «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойла», «Қыз балалармен кеңес», «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі», «Қыздарға

кеңес», «Қыз қылығымен көрікті», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Жат қылықтың қыздарға әсері», «Қазақ халқының қыз баласына тән қазсиеттер», «Ерте жүктілікті алдын алу бағытында кездесу», «Ерте жүктілік және жасөспірім қыз балалардың зияны» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

Жасөспірімдердің жүктілігінің алдын алу бойынша ата-аналар қауымымен түсіндіру жұмыстары бойынша «Қоғамдағы қыз баланың рөлі», «Қыз болашағы», «Сенімділікті арттыр», «Өрмекші торы», «Қыз бой жетсе», «Жақсы қыз ата-ана мақтанышы», «Қыз өссе елдің көркі», «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі», «Ұяла білу де-әдептілік», «Ұлдарға өсиет, қыздарға кеңес», «Қыз қылығымен..», «Қыз өссе елдің көркі», «Өзің және әлеммен үйлесімділік», «Өзіңді тәрбиелеу-өмір талабы», «Жыныстық өмір деген не және ерте жүктіліктің алдын алу», «Қызды қырық үйден тыйым», «Жыныстық тиіспеушілік», «Қыз болашақ ана», «Қыз-еркем, қылығымен – көркем», «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай», «Қыздарға 40 кеңес» тренингтері ата-аналардың қатысуымен білім беру ұйымдарында өткізіліп, ұйымдардың әлеуметтік парақшаларында жарияланды.

Жаман әдеттермен күресу бойынша жүргізілген шаралар, оның ішінде бұқаралық спортты дамыту, бос уақытты тиімді ұйымдастыру арқылы қыз балалар арасындағы құқықбұзушылық, жағымсыз әдеттермен күресу, жасөспірімдер мен жастарға жыныстық тәрбие беру шаралары бойынша жергілікті жердегі Денсаулық сақтау мамандарының қатысуымен 202 дөңгелек үстелдер өткізілді, «Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу», «Қызға қырық үйден тиым», «Дәрігердің кеңесі» профилактикалық кездесу, «Ерте жүктіліктен сақтану жолдары» түсіндірме жұмысы, «Ерте жүктіліктің салдары», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Жыныстық тиіспеушіліктің, ерте жүктіліктің алдын алу», «Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зияны» 8-11 сыныптар, «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі», «Қыздың ары-ұлттың намысы», «Салауатты өмір салты-жаман әдеттердің пайда болуының алдын алудың басты шарты», «Аудан көлемінде өзекті мәселе тізіміндегі қызылша сырқаттанушылығының эпидемиологиялық ахуалы», Репродуктивті саулық және оны сақтау дағдылары 5-9 оқушылары арасында өткен «Әдет және денсаулық», «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Жат қылықтың қыз тағдырына әсері», «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі», «Қыз-қылығымен көрікті», «Қыздар гигиенасы», «Қызым саған айтам», «Ерте жүктіліктің жасырын жақтарын білесің бе?», «Қыздың ары-ұлт абыройы», «Қыздың ары-ұлт абыройы», «Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі» атты сынып сағаттары өткізілді.

Білім беру ұйымдарының (мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары) тәрбие процесі шеңберінде заманауи әдістемелерді пайдалана отырып, адамгершілік-жыныстық білім беруді енгізу бойынша білім беру ұйымдарында ерте жүктілікті болдырмау, алдын алуға бағытталған жобалар «Аналар мектебі», «Сырласу сағаттары», «Дәрігерлер мектепте», «Тек қана қыздар», «Репродуктивті денсаулық» тақырыптарымен жобалар жасақталып, жүргізілуде.

Атырау облысы білім беру ұйымдарында нашакорлықтың алдын алу

бағытында жоспарлы түрде жыл бойы іс-шаралар жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде наркологиялық есептегі білім алушы жоқ. Нашақорлықтың алдын алу мақсатында 251 тренингтер өткізілді. «Нашақорлық-қоғам дерті», «Нашақорлық-шын қорлық», «Жағымды және жағымсыз қасиеттер», «Есірткіге жол жоқ», «Нашақорлықтың зияны», «Адам өмірі бәрінен маңызды!», «Нашақорлыққа жол жоқ», «Зиянды әдеттерден аулақ бол», «Темекі-адамзат қасіреті», «Темекі шегу-нашақорлыққа бастайтын жол», «Синтетикалық есірткі мен нашақорлықтың алдын алу», «Есірткі туралы миф және шындық», «Темекісіз әлем», «Спорт-нашақорлыққа қарсы», «Нашақорлық қауіпті індет», «Нашақорлыққа уақыт жоқ, мен іскер адаммын», «Өзінді тәрбиелеу қажет пе?», «Қолшатыр», «Жіптік курс», «Менің отбасым», «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар, нашақорлық, жол көлік оқиғаларының алдын алу», «Аулақ бол жаман әдеттен», «Өз балаңызға жақсы денсаулық тілесеніз», «Денсаулықты сақтау және нығайту әдістері», «Мен жарқын өмірді қалаймын», «Есірткі және нашақорлық», «Нашақорлық және құқық бұзушылық», «Жаман әдеттен сақтан, жас дос», «Біз нашақорлыққа қарсымыз» театрландырылған қойылым, «Біз нашақорлыққа қарсымыз», «Салауатты өмір салтын қалыптастыру», «Нашақорлық қоғам дерті», «Нашақорлық — болашағыңа жасалған қастандық», «Болашағыңды ойла!», «Жарнаманың жағымсыз әсерлеріне, денсаулық пен өмірге қауіп төндіретін қысымға бейімделу дағдыларын қалай алуға болады», «Нашақорлық індет, алдын алу міндет», «Нашақорлық: зияны мен зардаптары», «Жарқын болашақ», «Есірткісіз болашақ», «Оқушылардың өмірлік жағдайларда көмек көрсету және алдын алу», «Жасөспірімдер немесе қылмыс», «Есірткісіз, алкогольсіз өмір ғажап» тақырыптарында сынып сағаттары мен іс-шаралар өткізілді.

Жергілікті жердегі Денсаулық сақтау мамандарының қатысуымен 175 дөңгелек үстелдер өткізілді. «Есірткі және жасөспірім», «Есірткі жас өмірді улаушы», «Есірткі және құқықбұзушылық», «Есірткі - ғасыр ауруы», Атырау облыстық полиция департаменті қызметкерлерімен «Болашағың бұлыңғыр болмасын десең», «Біз нашақорлыққа қарсымыз!», «Нашақорлыққа жол бермейміз», «Жасөспірім жолыңнан адаспа!», «Деніңе саулық-дертіңе шипа сыйлаған», «Жасөспірім және қоғам», «Нашақорлық – қорлық», «Алкогольдің зияны», «Зиянды әдеттен аулақ бол», «Есірткінің зияны» тақырыптарында кездесулер өткізілді. Денсаулық сақтау мамандарының қатысуымен 179 кездесу өтті. Нашақорлықтың алдын алу мақсатында 269 сауалнама алынып, оған 25024 білім алушы қатысты, теріс жауап болған жоқ.

Атырау облысы білім беру ұйымдарында нашақорлықтың алдын алу бағытында жүргізілген іс-шаралар

Кесте-25


Тренингтер саны	Дөңгелек үстелдер саны	Кездесулер саны	Сауалнама саны	Қатысушы саны
251	175	179	269	25024

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» шеңберінде ұйымдастырылған челленджер:

«Домбырашылар» –15736, «Шахмат ойнау» – 7655, «Жасыл мекен» – 7097, «Шығарма жазу» – 74382 , «Әнұран айту» – 137008, «Сергіту сәті» – 12984, «Асық ату» – 9273, «Оқуға құштар мектеп» – 73399

Атырау облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша сауалнама жүргізілді.

“Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүргізілуін зерделеу үшін ата-аналар оқушылар студенттер жәнесынып жетекшілерден сауалнама алынды



Сурет 29. Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жүргізілген сауалнама

Оқушыларға жүргізілген сауалнама бойынша

Оқушысы ең көп қатысқан мектеп - Атырау қаласы, №9 ЖББОМ / 169 оқушы, 6,4 %

Атырау қаласы, №13 ЖББОМ / 120 оқушы, 4,6 %

Аудандар бойынша Жылыой ауданы, №4 М.Әуезов ат. ЖББОМ - 102 оқушы, 4,2%

Оқушысы ең аз қатысқан мектеп – Атырау қаласы, Ә.Жангелдин ат. о/м, Береке о/м, Еркін қала о/м

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы туралы білмейтін оқушылар саны 799, жалпы қатысушылардың 22%, ЖОС 0,6 %

«Сіздің мектепте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша тәрбие жұмысы жүргізілетінін білесің бе?» сұрағының «білмеймін, сынып сағаттары дұрыс өтпейді» деген жауабын таңдағандар саны 115 мектеп, ол 3,2%-ды құрайды.

«Мектебінде сынып сағаттары уақытында өткізіле ме? Қаншалықты қызықты өтеді?» сұрағының «Сынып сағаты деген не екенін түсіндіріп жіберсеңіз, мен оны білмейді екенмін» деген жауабын таңдағандар саны 25 мектеп, 0,7%-ды құрайды.

«Сыныпта музейге, театрға бару ұйымдастырылды ма?» сұрағына «Жоқ, театрға бару ұйымдастырылған емес» жауабын таңдағандар саны 990, оның 759-і мектебін атамаған, 231 мектеп, жиыны 27,3 %-ды құрайды.

«Мектебінде (сыныбында) мамандыққа бағыттау бойынша кәсіпорындарға, белгілі кәсіппен айналысып отырған жеке қожалықтарға экскурсиялар ұйымдастырылды ма?» сұрағына «Жоқ, ондай жұмыстар болған емес» жауабын таңдағандар саны 1242 оның 324-і мектебін атамаған, 918 мектеп, жиыны 34,2 % -ды құрайды. (мектеп атаулары қайталанып көрсетілгендегі көрсеткіш)

Сынып жетекшілер сауалнамасы бойынша

Сынып жетекшісі ең көп(түгел) қатысқан мектеп – Индер ауданы, Ш.Уалиханов атындағы ЖББОМ / 36 СЖ, 3,6 %, Жылыой ауданы, №4 М.Әуезов ат. ЖББОМ - 34 СЖ, 3,4%;

Сынып жетекшісі ең аз қатысқан мектеп – Қызылқоға ауданы, Ғ.Сланов атындағы ЖББОМ, 1 сынып жетекші;

«Сынып жетекшілік қызметті өзіңіз таңдап, қаладыңыз ба?» сұрағының «Жоқ, мектеп әкімшілігі міндеттеп, осы жұмысты қосымша алғызды» деген жауабын таңдағандар саны 58 мектеп, ол 5,7 %-ды құрайды.

«Сыныбыңызбен бірге 2023-2024 оқу жылында музейге бару мүмкіндігі болды ма?» сұрағының «Жоқ, менің музейге баруды ұйымдастыруға уақытым болмады» деген жауабын таңдағандар саны 326 мектеп, ол 32,2% -ды құрайды.

«Сыныбыңызбен бірге осы 2023-2024 оқу жылында театрға баруды ұйымдастыра алдыңыз ба?» сұрағына «Жоқ, оған уақытым жетпеді» жауабын таңдағандар саны 194 мектеп, ол 19,2 % -ды құрайды.

«Сыныбыңызда білім алушылардың барлығының ата-анасын бетпе-бет танысыз ба? Көрмеген ата-аналарыңыз бар ма?» сұрағына «Бәрін де танымын деп айта алмаймын, жыл бойы көрмеген ата-аналарым да бар» жауабын таңдағандар саны 105, ол 10,4 %-ды құрайды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында нақтыланған құндылықтарды білім алушының бойында дарыту, қалыптастыру тек сынып жетекшіге ғана міндетті дегенмен келісесіз бе? Керісінше, бұл құндылықтар пән сабақтарында да қолданылып, оқушыны тәрбиелеуде әр пән мұғалімі өз сабағы шеңберінде әр оқушыға құндылықтарды меңгертуге үлес қосуы дұрыс деп есептейсіз бе?» сұрағына «Жоқ, келіспеймін, оқушыға тәрбие тек сынып сағаттарында ғана емес, пән сабақтарында да, үзілісте де берілуі тиіс деп есептеймін» жауабын таңдағандар саны 723 мектеп, ол 71,4 % -ды құрайды (мектеп атаулары қайталанып көрсетілгендегі көрсеткіш).

Ата-аналар сауалнамасы бойынша

Ата-ана ең көп қатысқан аудан – Жылыой ауданы, 988 мектеп, ол 39,6 % -ды құрайды.

Ата -ана ең аз қатысқан аудан – Қызылқоға ауданы, 138 ата ана, ол 5,5%-ды құрайды.

«Бала(лар)ыңыздың сынып жетекшісінің қызметіне көңіліңіз тола ма?» сұрағының «Сынып жетекшісімен байланысып отыруға мүмкіндігінше тырысамын, бірақ оның үнемі қолы тимейді» деген жауабын таңдағандар саны -

172 ата-ана, ол 6,7 %-ды құрайды.

«2023-2024 оқу жылының қыркүйегінде барлық білім беру ұйымдарында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» ашылғанын білесіз бе?» сұрағына «Жоқ, білмеймін» жауабын таңдағандар саны 596 ата-ана, ол 23,9% -ды құрайды.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының жұмыстарына қанағаттанасыз ба?» сұрағына «сабақтарына қатыстым, бірақ бұрынғы сынып сағаты, жиналыстардан өзгешелігі жоқ» жауабын таңдағандар саны 145 ата-ана, ол 5,8 % -ды құрайды.

«Балаңыз білім алатын білім беру ұйымының тәрбие бағытындағы жұмыстарына қандай баға берер едіңіз?» сұрағына «қанағаттанбаймын, себебі бәрі бір сарында өтуде» жауабын таңдағандар саны 948 ата-ана, ол 39,6 % -ды құрайды.

Қорытынды

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді көздейді.

Бағдарлама білім алушылардың бойына ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеп, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастырып келеді.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Ал, қазіргі уақыт – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақтың дәуірі. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ал ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілдік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қасиеттері берік қалыптасқан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңызды.

Батыс Қазақстан облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылдың 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» білім алушылар бойында Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылды және отбасы татулығы мен берекесін қадірлеу, ынтымақ және ел бірлігін сақтау, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстау, салауатты өмір салтын ұстануға, еңбекқорлыққа баулуға міндеттейді.

Отбасы татулығы мен берекесін қадірлеу, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайтын, жауапкершілік, жан мен тән тазалығын сақтайтын, адал еңбекті бағалайтын азамат болу нәтижелілігі күтіледі.

Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» тақырыбындағы облыстық семинардан бастау алды.

Семинардың мақсаты:

Білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерін түсіндіру.

Міндеттері:

Білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының бағыттарын айқындау.

Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын құндылықтар негізінде ұйымдастырудың ерекшеліктерін нақтылау.

Тәрбие құндылықтарын пәндік білім мазмұнына кіріктірудің маңызын түсіндіру.

Сыныптан тыс жұмыстар, әлеуметтік жобалар арқылы құндылықтарды дарытудың әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Семинарға қатысушылар ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді көздейтін «Біртұтас тәрбие бағдарламасымен» танысты.

Тәрбие құндылықтарын әлеуметтік тәжірибелер арқылы жүзеге асыруды жоспарлау, білім алушылардың бойында тұлғалық және ұлттық құндылықтарды сіңіруде жүзеге асырылатын жобалар бағыттары бойынша практикалық жұмыстар жүргізілді.

Семинар аясында әріптестер өзара пікір алмасып, жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеудің тиімді жолдарын талқылады.

Ұлттық, адами құндылықтарға негізделген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттерін айқындады. Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын, өңіріміздегі жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, ауыл әкімдіктері, жергілікті денсаулық сақтау мекемелері, мәдениет, ішкі істер органдармен біріккен шаралар кірістірілді.

2023-2024 оқу жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, құндылықтары, білім беру ұйымдарына енгізілуі туралы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» тақырыбында облыстық оқыту семинарлары аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысына жауапты педагогтермен өткізілді. Семинар барысында үш құндылықтың айқындалуы, іске асырудағы негізгі индикаторлар, жұмыс бағыттары, жұмыс жоспары, сынып сағаттары,

элеуметтік жобаларды жүргізу ерекшеліктері таныстырылды. Облыстық оқыту семинарының қатысушылары аудандық және мектепшілік семинарлар мен кеңестерде ұжымға таныстырып, жұмыс бағыттарын нақтылады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын түсіндіру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілерге облыстық, аудандық семинарлар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мектепшілік педагогикалық кеңестерде, директор жанындағы отырыстарында, сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне түсінік жұмысының жүргізілуімен жалғасын тапты.

Облыстық әдістемелік орталықтан Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы бірлескен жұмыс нәтижелерімен танысу, іс-тәжірибе алмасу мақсатында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтар мен ізгі дәстүрлер негізінде ұлттық сананы қалыптастыру», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: Ата-аналарды педагогикалық қолдау. «Даналық мектебі», «Әлеуметтік жобалар мен сынып сағаттарын ұйымдастыру» тақырыптарындағы семинарлар өткізіліп, білім беру ұйымдарының іс-тәжірибелерімен бөлісілді.

«Қазақ елі - менің Отаным» тақырыбында тәрбие сағаттары өтуде. Сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын саяхат, сұрақ-жауап, ойын т.б түрінде ұйымдастырып, оқушылар Қазақстанның керемет жерлерімен тансып, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктері артуда.

Білім беру ұйымдарында Республика күніне орай мектеп оқушылары арасында «Қыран елім – Қазақстан!» патриоттық әндер айту челленджи

Кесте-26

Ауданы	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы саны	Ата-аналарға арналған семинар-тренингтер саны	Семинар-тренингтерде қамтылған адам саны
Ақжайық	44	408	2900
Бәйтерек	46	156	445
Бөкей орда	17	20	500
Бөрлі	24	144	2000
Жанақала	19	12	1678
Жәнібек	15	45	1780
Казталов	35	210	1862
Қаратөбе	19	36	800
Сырым	21	64	1420
Тасқала	18	96	1121
Теректі	35	4	465
Шыңғырлау	14	52	873
Орал	50	50	1800
№11	1	7	350
IT лицей	1	3	120

БИЛ	1	4	70
Абай МГ	1	4	73
№8	1	4	250
ШГД	1	13	65
ШСД	1	4	100
Зерде	1	5	115

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жобалар

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады. 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдарында ата-аналар қауымдастығымен бірлесе отырып тәрбие міндеттерін іске асыруда нәтижелі жұмыстар жүргізуге басымдық беретін «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылды. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтарының бағдарламасы бойынша 1-4,5-9,10-11 сыныптарында жыл бойы 8 сабақ түрі берілді. Ата-ана тәрбиесі барысында әр түрлі интерактивті формалар қолданылды, соның ішінде дөңгелек үстел, іскерлік және рөлдік ойындар, шебер сыныптар, тренингтер өткізілді. Отбасының балаға құндылығын сіңіру, отбасы институтын дамыту, «ата-ана - мектеп – бала» өзара байланысын нығайту мақсатындағы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтары аясындағы «Даналық мектептері» жұмыстары жолға қойылды.

Ата-аналармен тығыз байланыс орнату, мектеп тіршілігіндегі оқу-тәрбие процесіне қатыстыру мақсатында әр мектепте «Әкелер», «Аналар», «Аталар», «Әжелер», «Ағалар», «Жеңгелер» клубтарының жұмыстары жүргізіліп келеді.

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдарында 240 «Аналар», 235 «Әкелер», 170 «Әжелер», 114 «Аталар», 63 «Ағалар», 54 «Жеңгелер» клубтары құрылып, жұмыстанды.

Кеме -27

Ауданы	қыздар клубы	ұлдар клубы	аналар мектебі	әкелер мектебі	әжелер мектебі	аталар мектебі	ағалар мектебі	жеңгелер мектебі
Ақжайық	34	34	32	33	12	9	1	
Бәйтерек	36	31	17	15	13	1	1	
Бөкей ордасы	9	9	7	7	4	1		
Бөрлі	24	22	24	24	17	3	0	
Жаңақала	14	14	12	13	9	6		
Жәнібек	5	4	3	2	2			
Қазғалов	28	28	28	28	27	28	28	28
Қаратөбе	17	17	12	11	8	3	1	
Сырым	19	19	11	11	7	3	1	
Тасқала	13	12	9	10	5	2		
Теректі	28	27	15	11	4	2	2	

Шыңғырлау	13	13	13	13	7	3	2	
Орал	50	50	50	50	50	50	25	25
ІТ лицей	1	1	1	1				
БИЛ	0	1	0	1	0	0	0	
Абай МГ	1	1	1	1	1	1	0	
№ 8 ДБМОМЛ	1	1	1	1	1	0	0	1
№11	1	1	1	1	1	1	1	
ШСД	1	1	1	1	1	1	1	
ОЕҚББААМИ	1	1	1					
ЗБББАОМИК	1	1	1	1	1			
Барлығы	297	288	240	235	170	114	63	54

2023 -2024 оқу «Бала өміріндегі әкелер орны» атты әкелер форумы, «Отбасы – ұлт тірегі» атты ата-әжелер форумы, «Анаға тағзым», «Әйелдің жүрегі-әлемнің тірегі» тақырыбында аналар форумы өтті.

«Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. «Даналық» мектебінің мақсаты: позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға ұрпақтың тәжірибесін табысты пайдалануға жол салады.

Білім беру ұйымдарында «Даналық мектебі» аясында «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секциялары бойынша жыл бойы «Әкем айтқан нақыл сөз...», «Қыз намысы – ұлт намысы», «Ағалар тәлімі», «Бала ата-ананың баға жетпес құндылығы», «Атадан-өсиет, анадан-қасиет», «Қарттарым-алтын қазынам» тақырыптарында сыныптан тыс шаралар өткізілді

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ұйымдастыруымен «Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары», «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...», әкелер мерекесі шеңберінде «Менің әкем-жақсы адам» тақырыбы аясында өткізілген «Әкеммен өткен бір күн» т.б. тақырыбында ата-аналарға арналған сабақтар жүргізілді.


Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында білім беру ұйымдарында жүргізілген әлеуметтік жобалар.

Кесте -28

№	Ауданы	Қамтылған мектеп саны	Қамтылған оқушылар саны	Әлеуметтік жобалар саны
1	Ақжайық	44	6400	5
2	Бәйтерек	46	1865	26
3	Бөкей орда	17	1556	12
4	Бөрлі	24	9923	30
5	Жаңақала	19	4371	45
6	Жәнібек	15	2500	8

7	Казталов	35	3586	8
8	Қаратөбе	19	2568	27
9	Сырым	21	1100	17
10	Тасқала	18	2478	43
11	Теректі	35	6515	9
12	Шыңғырлау	14	1941	43
13	Орал	50	59100	12
14	№11	1	308	4
15	ІТ лицей	1	17	2
16	БИЛ	1	240	3
17	Абай МГ	1	205	4
18	№8	1	319	4
19	ШГД	1	53	5
20	ШСД	1	130	4
21	Зерде	1	356	5

Жыл бойы «Тәрбие -ортақ іс», «Төрт тоқсан- төрт өнер», «9 айға-9 шара», «Туған жер», «Балалар кітапханасы», «Ұшқыр ой алаңы», «Театр және балалар», «Мектеп парламенті», «Өзіңнен баста!», «Қоғамға қызмет», «Ұлағатты ұрпақ», «Эковолонтерлер», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен», «Спорт және мен», «Зиянды әдеттен аулақ бол», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ұрпаққа аманат», «Адам Х», «Отбасылық дәстүрлер», «Баталы елге бақ қонар», «Жұмадағы жақсылық», «Таза аула», экологиялық мәдениетін қалыптастыру, экологиялық жобалар байқауларына қатысу, мектепте жасақталған тірі табиғат бұрышына қамқорлық жасау мақсатындағы «Жасыл мектеп», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» жобалары аясында тәрбиелік іс-шаралар кешені іске асырылды.



Сурет 30. Әлеуметтік жобаларға оқушылардың қатысу көрсеткіші

«Тәтті бауырсақ» акциясы, «Бір мақал-бір бауырсақ», «1 бауырсақ - 1сұрақ» жобалары жүзеге асырылды.

«ОқушыTime» жобасы аясында аясында «Ұстаздар сабақтастығы» ұстаз бен шәкірт арасында кездесу кеші, «Көрермендермен диалог», «Дублер» күні арасында өз ойларын «Үш сөзбен немесе бір сөзбен» ой бөлісу еркін сұхбат ұйымдастырылды.

Білім беру ұйымдарында әр жұма сайын «Ұлтымның ұлттық киімі» ұлттық киім күні ұйымдастырылып келеді. Ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан асыл қазыналарымыздың бірі – ою-өрнекті ұлттық киім кию – эстетикалық сән ғана емес, халқымыздың мол тағылымды ұлағатын, өнегелі тәлім-тәрбиесін, бай ұлттық болмысымызды насихаттау жұмысы жүзеге асуда.

Ағалар біздің кең арқау асқарымыз», «Қызым еркем - жеңгесімен көркем» ағалар мектебі мен жеңгелер мектебінің өткізген тәжірибе алаңының да жасөспірім тәрбиесі мен отбасылық, ұлттық дәстүрлерді дәріптеудегі орны ерекше.

Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтау мен үстемелеу үшін аудан мектептерінде «Туған жер», «Оқуға құштар мектеп», «Ұшқыр ой алаңы», «Театр және балалар», «Мектеп парламенті», "Өзіңнен баста!" «Ұрпаққа аманат», «Мектеп медиация орталығы», «Бала өкілдігі», «Ұлағатты ұрпақ», «Эковолонтерлер», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен» Аудан мектептерінде жыл бойы «Төрт тоқсан- төрт өнер», «9 айға-9 шара» атты ұлттық мәдени-ағартушылық жобалар аясында «Ақындар айтысы» апталығы, «Сергіту сәтті», «Шахмат ойнау», «Асық ату» челленджері өткізілді.

Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

2023-2024 оқу жылына арналған Тәрбие жұмысының жоспарларына қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуға, балалардың құқығын қоғауына, балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы мүдделі органдармен бірлескен іс-шаралар жоспары бекітілді.

Кесте-29

Ауданы	Білім беру ұйымдарында мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен өткен іс шаралар саны мен ұйымдастырған мектеп саны											
	Жалпы іс –шара саны	Ұйымдастырған мектеп саны	соның ішінде									
			Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлескен шаралар	Қатысушылар саны	Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-	Қатысушылар саны	Денсаулық сақтау саласының мамандарымен	Қатысушылар саны	ішкі саясат қызметкерлерімен бірлескен шаралар	Қатысушылар саны	Сыбайлас жемқорлық агенттігі қызметкерлерімен	Қатысушылар саны
Ақжайық	188	44	52	932	44	878	34	800	34	870	24	870

Бәйтерек	97	46	46	4245	25	3515	18	3980	3	159	5	154
Бөкей орда	22	17	15	2000	5	2000	5	1800	1	500	1	200
Бөрлі	40	24	8	6000	24	9923	8	4000	3	1200	2	200
Жаңақала	18	19	28	4371	38	4371	82	3039	16	1265	8	130 0
Жәнібек	70	15	24	1250	12	2544	24	1700	12	550	6	760
Казталов	73	35	18	3125	35	4025	13	3712	7	2565	0	0
Қаратөбе	34	19	7	948	18	2500	6	705	1	2260	2	79
Сырым	109	21	57	1917	19	1200	19	1200	14	650	0	0
Тасқала	236	18	2	998	32	1563	70	875	14	280	0	0
Теректі	55	35	29	4257	29	6135	19	3625	29	3625	0	0
Шыңғырлау	63	14	31	1074	17	1650	16	418	7	219	0	0
Орал	265	50	111	150	50	810	50	113	4	450	50	810
№11	5	1	4	400	2	600	2	200	1	50	1	60
ІТ лицей	5	1	5	70	2	70	3	65	1	72	2	80
БИЛ	6	1	2	30	2	240	1	30	1	25	1	25
Абай МГ	3	1	3	200	2	205	2	37	0	0	0	0
№8	5	1	2	70	2	319	1	180	0	0	1	80
ШГД	5	1	2	43	1	68	2	61	0	0	0	0
ШСД	5	1	2	30	2	2	1	30	0	0	1	30
Зерде	5	1	2	93	1	98	2	106	0	0	0	0

Полиция, прокуратура, денсаулық, дін, «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы» ұйымдарымен және «Көмек.Буллинг. Стоп», «Кибер қылмысқа қарсы күрес» тобымен бірлесіп мектептерінде профилактикалық жұмыстар жыл бойы жүргізіледі. Қоғамның құқықтық мәдениетін дамыту және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылармен КТІЖИ полиция инспекторлары, прокуратура қызметкерлері балалар құқығы туралы, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсінік жұмыстарын «Жол көлік оқиғаларының алдын алу шаралары» тақырыбында кездесу жүргізді.

«Қауіпсіз мектеп» акциясы Жол қауіпсіздігіне байланысты 1-4 сынып оқушылары арасында «Я рисую безопасность» сурет байқауы, 5-11 сынып оқушыларына видеороликтер, 1-11 сыныптарда «Біз қауіпсіз мектеп үшін!», «Жол қауіпсіздігі – өмір қауіпсіздігі» қауіпсіздік тақырыптарында сынып сағаттары, «Мектеп Парламенті», «Жас Ұлан» ұйымындағы оқушылар акция барысында оқушыларға, ата-аналарға, ұстаздарға «Абайлаңыз балалар!», «Жаяу жүргіншілерге арнау» атты үнпарақтары мен жадынамалар таратты.

Өрт қауіпсіздігіне қатысты слайдтар арқылы түсінік жұмыстарын жүргізді.

«Қауіпсіздік шараларын сақтаңыз. Пиротехниканы абайлап қолданыңыз!» тақырыбында видеороликтер таратылды.

Ата-аналар, оқушылар чаттарына қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында сабақ тоқтату туралы таратылып, ақпарат берілді.

«Су тасқыны кезінде төтенше жағдайлар туындау қаупі кезінде тұрғындардың іс-әрекеті. Көктемгі кезеңдегі мұздағы қауіпсіздік шаралары», «Тұрғындардың өрт болған жағдайдағы іс-әрекеті» тақырыптарында түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекетің» тақырыбында бейне түсірілім көрсетілді.

Денсаулық сақтау қызметкерлерімен, сот қызметі т.б кездесулерде «Нашақорлық», «Нашақорлық - ғасыр дерті» тақырыбына дәріс өткізіп, жоғары сынып оқушыларына нашақорлықтың зияны мен зардабы жөнінде түсінік беріп, мысалдар арқылы дәлелдер келтіріп, жасөспірімдердің санасында нашақорлықтан сақтану жолдары туралы оң пікірдің қалыптасуына ықпал етті.

Батыс Қазақстан облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнын талқылау мақсатындағы 16-19 маусым аралығындағы семинарға облыстық білім басқармасының тәрбие жұмысына жетекшілік орынбасары, оқу-әдістемелік орталық директоры қатысты.

Республикалық стейкхолдерлерді каскадты оқытудың үшінші кезеңі 5-9 тамыз аралығындағы өңірлік тренерлерді дайындаудың оқыту семинарына облыстық оқу-әдістемелік орталықтан 2 әдіскер, аудандық білім беру ұйымдарынан 2 әдіскер, білім беру ұйымындағы тәрбие жұмысы орынбасарларынан 6, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымынан 1 тәрбие орынбасары оқытылды.

Облыстық педагогтердің дәстүрлі тамыз кеңесінің жекелеген секциялық жұмысы аясында ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын балалар мен жастардың бойында дамытуға бағытталған жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім беру бөлімінің басшыларына, мектеп директорларына таныстырылды.

15 тамыз күні 5-9 тамыз аралығында каскадты оқытудың үшінші кезеңінде оқып келген тренерлермен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша білім беру ұйымының тәрбие жұмысын жоспарлауды, жайлы оқу ортасын құру, сыныпты басқару бойынша білім беру бөлімдерінің әдіскерлері мен мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына арналған семинар өткізілді. Қатысушылар саны-100;

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарының меңгерушілері, әдіскерлері, педагогтеріне арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мен мектепке дейінгі ұйымдардағы жұмыс бағыттары талқыланды. Қатысушылар саны-160;

Шағын жинақты мектеп басшылары, орынбасарлары мен педагогтерімен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен, құндылықтар жүйесімен таныстырылды. Қатысушылар саны-150;

16 тамыз күні аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің басшылары, әдістемелік кабинет меңгерушілері, білім беру ұйымдарының басшыларымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы таныстырылды. Қатысушылар саны-150;

15 тамыз күні Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтері -60;

20 тамыз күні Орал қаласының білім беру ұйымдары директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру алгоритмі бойынша семинарының қатысушылар саны-91.

20 тамыз күні Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарының меңгерушілері, әдіскерлері, педагогтеріне «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, жаңартылған мазмұны, бағыттары, жоспарлау мен жүзеге асыру жұмыстарымен таныстыру семинары қатысушылар -103.

Оқыту семинарына қатысушы орынбасарлар білім беру ұйымдарында 21-29 тамыз аралығында өтілетін педагогикалық кеңес пен сынып жетекшілер бірлестігінің отырыстарында талқылап, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

22 тамыз күні Бөкей ордасы ауданынан 25, Жәнібек ауданынан 70 директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарының меңгерушілері мен әдіскерлеріне арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, енгізілу алгоритмі» оқыту семинары өтті.


23 тамызда Ақжайық ауданының 62, Жаңақала ауданының 44 директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарының меңгерушілері мен әдіскерлеріне таныстыру жұмысы жүргізілді.

26 тамыз күні Теректі ауданынан 45 директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, 55 мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарының меңгерушілері мен әдіскерлеріне семинар өткізілді.

27 тамыз күні Бәйтерек ауданынан 96, Тасқала ауданынан 18 директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарының меңгерушілері мен әдіскерлеріне, Казталов ауданынан 169, Бөрлі ауданында 290 мектеп директоры, орынбасарлары, сынып жетекшілер, педагог-психологтер, пән мұғалімдері, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарының меңгерушілері мен әдіскерлеріне таныстырылды.


28 тамыз күні Сырым ауданынан 75, Қаратөбе ауданынан 44, 29 тамыз күні Шыңғырлау ауданынан 80 мектеп директоры, орынбасарлары, сынып жетекшілер, педагог-психологтер, пән мұғалімдері, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарының меңгерушілері мен әдіскерлеріне, 51 бастауыш мектеп меңгерушілеріне, 304 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтеріне оқыту семинарлары өткізілді.

Республикалық «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын таныстыруға арналған оқыту семинарына облыс бойынша білім басқармасы басшысының орынбасары, әдістемелік орталық басшысы, 2 әдістемелік орталық әдіскері, 2 аудандық әдістемелік кабинет әдіскері, 7 білім беру ұйымы директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары оқыту семинарынан өтті.




Сурет 31. Оқыту семинарына қатысушылар


Республикалық кезеңдегі оқыту семинарына қатысушылардың қатысуымен облыста, аудандарда бірнеше оқыту семинарлары өткізіліп, практикалық жұмыстар жүргізілді. Семинар барысында қатысушылар мектептің тәрбие жұмысының жоспарын құрып, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберінде тәрбие мазмұнын зерделеп, топта әріптестерімен талқылады.




Сурет 33. Білім басқармасы мамандары, әдістемелік орталық әдіскерлерінің қамтылуы




Сурет 32. Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің қамтылуы



Сурет 34 Орта білім беру ұйымдары бойынша көрсеткіш



Сурет 35 Мектепке дейінгі ұйымдар бойынша көрсеткіш



Сурет 36 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары бойынша көрсеткіш

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруда білім беру ұйымдарында жобалар арқылы шараларды жүзеге асыру жұмыстың тиімді жүруіне ықпал етті. Оқушылар да жобалық жұмыстарға қатысуда белсенділік, қызығушылық танытты. «Dosbollike» бағдарламасы аясындағы акциялар, «Менің бауырым» еріктілер қозғалысына, челленджерге қатысушы оқушылар саны артуда. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары сабақтары мен тренингтеріне ата-аналармен шаралар тиімді ұйымдастырылуда. Сынып жетекшілерінің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің және қосымша білім беру педагогтерінің мектеп ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін іске асыру және мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша қызметтерін жоспарлауды, ұйымдастыруды, өткізуді жүйелі жүзеге асырды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Өркен» балалардың әлауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты ұйымдастырған «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын тиімді ұйымдастыру байқауында БҚО Бөрлі ауданы сертификатқа, Қаратөбе ауданы ІІ орын иеленді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Өркен» балалардың әлауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсынан педагогтер біліктіліктерін арттырды.

Қорытынды және ұсыныстар

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы арқылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Тәрбие мен оқыту бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірінен ажырату мүмкін емес біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарында тәрбиелеу пәндік мазмұн, сынып сағаттары және қосымша сыныптан тыс және мектептен тыс

сабақтар, жобалар, челленджер, акциялар арқылы жүзеге асырылады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында білім беру ұйымында жүргізілетін жұмыстың негізгі және нақты формалары айқындалып берілген.

Шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеуде сабақтан тыс қызмет түрлерін кеңейту, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға тарту ұсынылған.

Өскелең жас ұрпақты адами қасиеттерге баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастыруды іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары, ата-аналармен, мүдделі органдармен бірлескен қызмет арқылы жүзеге асыру жалғаса бермек.

Жамбыл облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеуде тәрбие саласының педагогтерінің кәсіби біліктілігін арттыру.

Міндеттері:

- Педагогтердің іс-әрекеттеріне педагогикалық-ұйымдастырушылық, ақпараттық-аналитикалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету арқылы жұмыстарын үйлестіру;
- Инновациялық және тәжірибелік-эксперимент жұмыстарына басшылық ету, жетекшілік жасау;
- Облыстық, республикалық және халықаралық іс-шараларға қатысушылардың іс-әрекеттерін үйлестіру;
- Облыстағы тәрбие саласына жауапты мамандарға өзара тәжірибе алмасу әрекетін, өзін-өзі бағалау, өз білімдерін көтеру, кәсіби шеберлігін арттыруды оңтайландыруға әдістемелік көмек беру;
- Озық педагогикалық іс-тәжірибелерді зерделеу, жинақтау және тарату жұмыстарын жүргізу;
- Білім мекемелерінің стратегиялық даму жоспарының нәтижеге бағытталуын басшылыққа алу;
- Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру және тұлғаны әлеуметтендірудің қазіргі кезеңдегі жаңа типті үлгілерін нысанға алу;
- Тәрбие берудің белсенді формаларын енгізу және өткізу (тәжірибелік семинарлар, конференциялар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, т.б);

- Білім мекемелерінде тәжірибелік-эксперименталды жұмыстарды жүргізуге әдістемелік көмектер беру;
- Оқу-әдістемелік кабинетінің жоспарына сәйкес іс-шараларды ұйымдастыру.
- Бөлімнің жұмыс мазмұнына сәйкес баспаға материалдар дайындау, шығару.

Бағдарламаны іске асыру жолдары:

1. Жеке тұлғаны дамытуға бағытталған жобалар аясында нәтижелі жұмыстар жүргізу;
2. Құндылықтарды пәндік мазмұнда интеграциялау;
3. Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығы мен «Даналық мектебі» жұмысын жандандыру;
4. Танымдық іс-шаралар арқылы құндылықтарға негіздеп әдістемелік - үлгілік бірлескен шаралар арқылы іске асыру;
5. Мемлекеттік мүдделі органдармен, ЖОО орындарымен ұтымды байланыс орнату.

Күтілетін нәтиже:

- Тәрбиенің басым бағыттары бойынша әдістемелік тәжірибелік көмек көрсетіледі;
- Тәрбие қызметін ұйымдастырушылардың кәсіби шеберлігін арттыру және құзырлығын көтеру;
- Білім беру ұйымдарында өзара байланысты екі құрамдас бөліктердің, яғни оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі, білім беру үрдісінде тәрбие басымдылығына жағдай жасау;
- Ақпараттық база жинақталады.

Облыста жалпы орта білім беретін 445 мектеп бар, оның ішінде ауылдық мектептер саны 356 (78,7%), ал қала мектептер саны 89 (21,3%), жетекші мектептер саны 318, серіктес мектептер саны 127 және «Ауыл мектебі» пилоттық жоба бойынша 3 мектеп.

Облыстағы 445 мектепте 432 мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, 200 мектеп директорларының құқықтық тәрбие жөніндегі орынбасарлары, 601 педагог-психологтар, 436 әлеуметтік педагогтар қызмет атқарады.

2023-2024 оқу жылынан бастап тәрбие жұмысы барлық білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің (2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294) бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, талап тәрбие құндылықтары арқылы жүзеге асырылды.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі: оқу пәндерінің мазмұны; сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар; сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар білім мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмысы Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы әзірлеген әдістемелік нұсқау хаты («2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат) негізінде жүргізіледі.

2023–2024 оқу жылындағы білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысы. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

Оқу жылында білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысына жауапты педагог қызметкерлердің, педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтардың теориялық білімін, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында төмендегідей шығармашылық зертхана жобасы аясында 119 іс-шара өткізілді, *оған 15181 педагог қатыстырылды*. Сонымен қатар, (*YouTube хостингінде «Тәрбие жаршысы» каналы жұмыс жасауда, 2,75 мың - тіркелім, 57827 - қаралым, 162 – жариялым, «Психология әлемі» каналында, 1,8 мың – тіркелім, 39 – жариялым, 121 634 қаралым, «Құқықтық тәрбие» каналында 634 – тіркелім, 3 –жариялым, 1115 қаралым*). Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желілерде жарияланып отырды.

Жаңа оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Адамды үйлесімді дамуы ұлттық институтының (2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасы) негізінде орта білім беру ұйымдарында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтары ашылып, облыс бойынша 446 жалпы білім беретін ұйымдарда ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары бойынша кабинеттер ашылып, бұйрықтары шығарылып, ақпараттық бұрыштар мен ақпараттық стендтар жасалып, жұмыстар ұйымдастырылып жүргізілуде.

Сондай-ақ, білім беру ұйымдарындағы бала тәрбиесіндегі отбасы институтының ролін нығайту, ата-ана мәдениетін дамыту мақсатында «Даналық мектебі» клубының басым бағыты ата-аналар қауымымен жаңа мазмұнда жұмыс жүргізе отырып, «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секцияларының жұмыстары арқылы жүзеге асырылуда.

Білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бағдарламасының жоспарына сәйкес Жамбыл облысы бойынша жалпы білім беретін 445 мектепте ата - аналарға қаңтар айында 10216 сабақ өткізіліп, бастауыш буында 72818 (81,7%) ата-ана, орта буында 89655 (74,9%) ата-ана, жоғарғы буында 22999 (90,4%) ата-ана қатыстырылды.

Рухани - адамгершілік тәрбие беру, ұлттық тәрбие құндылықтарын дамыту бағытында «Ата-аналар комитеті», «Әжелер мектебі», «Әкелер кеңесі» бастамаларымен жұмыстар жүргізілуде. Осы мақсатта өткен оқу жылында ата-әжелер, әке-аналардың қатысуымен 400-ден аса іс-шара өткізіліп, оған 50

мыңға жуық оқушы қатысқан. Ардагер ұстаздар мектептің оқу-тәрбие жұмысына белсене араласып, ұрпақтар сабақтастығы негізінде жас ұстаздарға, оқушылар мен ата-аналарға ақыл-кеңестерін беріп, тәжірибелерімен бөлісіп, тағылымды тәрбиелік іс-шараларға қатысуы дәстүрге айналған.

Жалпы білім беру мектептерде «Пікірсайыс қозғалысы» (дебат), «Мектеп парламенті», «Оқуға құштар мектеп», «Мектеп және театр» жобалары белсенді жүзеге асырылуда. Жобаларға тек белсенді оқушылар ғана тартылып қоймай, тәрбиесі қиын, қолайсыз отбасынан шыққан, мектептің және полиция есебінде тұратын балалар тартылған.

Мектептердегі тәрбие жұмыстары тек тәрбие сағатында жүргізілмей, әрбір педагог өз сабағында үздіксіз дамытуға көңіл бөлуде. Домбыра тарту бойынша факультатив курстарын енгізу, шахмат секцияларының желісін кеңейту мақсаты тұр. «Тоғыз ай - 9 іс шара», «4 тоқсан - 4 жоба» жобалар шеңберінде іс-шаралар өткізу арқылы тәрбие жұмысы күшейтілуде. Сондай-ақ бала тәрбиесінде табысты тәжірибесі бар аға буын өкілдерін тарта отырып, «Даналық мектебін» құру, ұлттық әдеп ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді дәріптеу. Мүдделі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдармен, ата-аналармен бірлескен жұмыстар жалғасын табуда.

Сондай-ақ, білім беру ұйымдарында мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын арттыру және ұлттық, отбасылық құндылықтарды насихаттау бағытында «100 күйдің тарихы», «Қазақтың 100 әні», «Менің өмірімдегі қолданылатын мақал-мәтелдер», «Дәстүр мен ғұрып» жобалар арқылы ұлттық мәдениет дәстүрінде тәрбиелеу мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына және сынып жетекшілерге арналған 27 әдістемелік іс-шаралар өткізіліп, 3180 педагогтар қамтылды.

Барлық білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы бағдарлама аясында әлеуметтік жобаларды іске асыру көзделген «Оқуға құштар әке-ана-бала-ұстаз», «Жеткіншектің Жеті Жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен», «Балалар кітапханасы», «Тоғыз айға, тоғыз шара», «Ғаламтор қауіпсіздігі» «Жастар және театр», «Ұшқыр ой» дебаттық қозғалысы, «Ұлы дала ақындары», «Замандастар жырлары», «Туған елге тағзым», «Қоғамға қызмет ету», «Ұрпақтар сабақтастығы», «Даналық бейсенбі», «Оқуға құштар мектеп», «Қоғамға қызмет» волонтерлік жобалары мен «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары жұмыстары ұйымдастырылып өткізілді. Өткізілген іс-шараларға 445 мектептің кітапханалары қамтылып, 18302 педагог, 10712 оқушы, 9503 ата-аналар қатысты. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында білім алушылар арасында жазушылардың шығармаларын талдау мақсатында пікір алмасу алаңдары құрылып, оқушылар арасында жазушылар еңбегінің маңызы, көркемдік идеясы туралы ой-пікірлер айтылып шығармалардағы типтік образдарды аша отырып, оқырманның кітап оқуға қызығушылығын арттыру, өз ойын еркін айту арқылы таным мүмкіндігін таныту мақсатында белсенді оқырмандардың полилог алаңдары өткізілуде.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру аясында «Буккроссинг» акциясы, мектеп кітапханасында өткізілетін көпшілік жұмыс түрлері кітапхана жұмысын ұйымдастыру әдістері» тақырыбында облыстық семинар, «Кітап

оқитын мектеп» атты облыстық онлайн байқауы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жау тылындағы бала» әңгімесі бойынша оқырмандар конференциясы, «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру аясында «Үздік оқырман отбасы» атты облыстық сырттай байқауы, «Ғылыми-фантастикалық кітаптарды оқимыз» атты тақырыбында кітапхана апталығы Іс-шараға жоғары оқу орындарының ғалымдары, тәжірибелі педагогтер, жалпы 20147 оқушы, 2145 педагог қамтылды.

“Балалар кітапханасы” бағдарламасы білім беру ұйымдарын көркем әдебиетпен толықтыруға бағытталған және ол “Оқуға құштар мектеп” жобасы жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда “Балалар кітапханасы” бағдарламасы бойынша арнайы жасақталған кітап каталогынан, көркем әдебиеттерді таңдау шараларын жүзеге асыру мақсатында “Балалар кітапханасы” бағдарламасы бойынша білім беру ұйымдары сайтынан «kitaphana.edu.kz.», «Bokfund.gov.kz» бөлімдері ашылды.

Жаңадан келіп түскен әдебиеттер бойынша кітапханаға саяхат, оқырмандар конференциясы, кітап көрмелері, буктрейлер құру, әдебиеттерді насихаттау және т.б. жұмыстар жүргізілуде.



Сурет 37. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы



Сурет 38. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылған челленджер



Сурет-39. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудағы мониторингісі



Сурет 40. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудағы мониторингісі

Қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан ақын-жазушылардың мерейтойларына орай түрлі форматтарда (дөңгелек үстел, полиглот алаңы, әдеби-сазды кеш т.б.) іс-шаралар өтуде.

Әр жылдың 10 тамызында тойланатын «Абай күніне» орай Абай шығармаларын насихаттау, еңбектерін оқыту арқылы білім алушылардың эстетикалық талғамдарын, тұлғалық сезім мәдениетін дамыту және ақынның рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу арқылы өмірлік танымдарын қалыптастыру мақсатында «Абай мұрасы- адами құндылықтың биік шыңы» атты облыстық полилог алаңы, «Абай шығармалары мен Әлем әдебиеті» дөңгелек үстелі, «Абай сүй, таңырқа!» байқауы білім беру ұйымдарында кең көлемде ұйымдастырылды.

Тәрбие беруді Абайдың «Толық адам» іліміне сүйеніп жүргізуді, ұлы ақын шығармаларын насихаттауда, жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды пәнге кіріктірудің тиімді пайдалану жолдары жүзеге асырылуда.

Полилог алаңының спикерлері М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Филология және журналистика» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Құламанова Зиба Абдуллақызы «Абай шығармаларын зерттеу мәселелері» тақырыбында сөз алып, Ұлы ақынның еңбектеріндегі жалпыадамзаттық құндылықтарға, гуманистік, ағартушылық, демократтық көзқарастарына шолу жасады. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі Найзабаев Әлімбай Аманбайұлы «Абайдың «Толық адам ілімін» оқыту - уақыт талабы»

тақырыбында Абай Құнанбайұлының «Толық адам ілімін» оқытудың ерекшеліктері туралы ой бөлісіп, танымдық сипатына талдау жасады. Іс-шара барысында Семей қаласы, Абай ауданындағы «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешеніне онлайн саяхат жасалып, мемориалдық кешенің басшылығы тарапынан бейне байланыс орнады.

2023 жылы 26 қыркүйегінде *Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жылдығына орай «М.Жұмабаев шығармалары мен әдеби мұраларын талдаудағы жаңашылдық»* атты республикалық дөңгелек үстелі өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – ақын шығармаларын насихаттауды жандандыру, шығармашылық мұрасын оқыту барысында жас ұрпақты отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Республикалық дөңгелек үстелінің спикері Шымкент қаласы, №133 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жақып Гүлдана Хабибуллақызы «М.Жұмабаев шығармаларындағы түркішілдік сарын» тақырыбында ой бөлісіп, танымдық сипатына талдау жасады. Іс-шара барысында облысымыздың тәжірибелі педагогтері Мағжанның қазақ лирикасындағы орны, ақынның еңбектеріндегі жалпыадамзаттық құндылықтарға, гуманистік, демократтық көзқарастарына шолу жасады.

Мағжан педагогикасының бүгінгі білім беру жүйесімен байланысының маңыздылығы және поэмаларындағы ұрпақтар сабақтастығы, өлеңдеріндегі патриотизм мен жаңаша көзқарас тұрғысынан ой бөлісті. Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Сарытомар ауылындағы «Мағжан Жұмабаев мұражайына» онлайн саяхат жасалды.

Республикалық дөңгелек үстеліне *275 (62 педагог оффлайн, 213 педагог онлайн)* қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері қатысты.

2023 жылы 8 желтоқсанда «*Мағжанның маржан мұраларын талдаудағы жаңашылдық пен бүгінгі білім беру жүйесімен байланысының маңыздылығы*» атты республикалық дөңгелек үстелі өтті.


Іс-шараның мақсаты-ақын шығармаларын насихаттауды жандандыру, шығармашылық мұрасын оқыту барысында жас ұрпақты отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Республикалық дөңгелек үстелінің спикерлері Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығының әдіскері А.Жақыпова «Ұлылар өнегесі-ұрпаққа аманат» Мағжантану курсы, Байзақ ауданы, Ш.Уалиханов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Е.Баймамыров «Мағжан педагогикасының бүгінгі білім беру жүйесімен байланысының маңыздылығы», Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев атындағы ІТ-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі З.Ауганбаева «Мағжан шығармаларын мектепте оқытудың өзекті мәселелері», Мағжан Жұмабаев ауданы, Медвежка орта мектебінің мұғалімі Ж.Досова «Мағжанның педагогикалық мұрасын жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін оқытуда ықпалдастыру» тақырыптарында ой бөлісіп, танымдық сипатына талдау жасады.

Тәжірибелі педагогтер Мағжан педагогикасының бүгінгі білім беру жүйесімен байланысының маңыздылығы және поэмаларындағы ұрпақтар сабақтастығы, өлеңдеріндегі патриотизм мен жаңаша көзқарас тұрғысынан ой бөлісті.

Республикалық дөңгелек үстеліне 100 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері қатысты.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 2024 жылы 5 ақпанында қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытұлының 135 жылдығына орай жазушы шығармаларын насихаттауды жандандыру, еңбектерін зерттеу, шығармашылық мұрасын оқыта отырып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Жүсіпбек Аймауытұлының шығармаларын («Ақбілек», «Қартқожя» романдары мен «Күнекейдің жазығы» хикаяттарын) оқыту» атты онлайн дәріс өткізілді. Аталған іс-шараларға 11224 оқушы, 8436 педагог қамтылды.



Сурет 41. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысының жүзеге асырылуы



Сурет 42. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысының жүзеге асырылуы

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдарында мемлекеттік мүдделі органдардың қатысуымен ата-аналар қоғамдық кеңесі, прокуратура, полиция бөлімдерінің инспекторларының, Жастар орталығы, денсаулық сақтау қызметкерлерінің, ардагерлер кеңесі мүшелерінің қатысуымен (512 кездесу, 1012 семинар-тренинг, 459 дөңгелек үстел, 117 конференция, 213 пікірталас, 479 ата-аналар жиналыстары, 360 рейдтік іс-шаралар, 9 сауалнама алынып, 430 тәрбие сағаттар, 118 бейнеролик әзірленіп көрсетілді) барлығы 3709 іс-шара өткізілді, оған 117 524 оқушы, 8146 педагог, 6028 ата-ана қатыстырылды.

Сондай - ақ, жыл сайын білім беру ұйымдары мемлекеттік мүдделі органдармен бірлесіп, мектеп инспекторлардың қатысуымен «Абайлаңыз балалар» атты жедел алдын алу шаралары өткізіліп, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді көшеде жүру тәртібін сақтауда «Жол ережесінің қауіпсіздігі» тақырыбында айлық, дәстүрге айналған «Жас қозғалыс инспекторлар» атты облыстық слеті байқауы, «Жол ережесін сақтайық!» тақырыптарында сурет салу байқауы, «Абайлаңыз балалар» атты кездесулер, «Қауіпсіз мектеп» акциясы мен «Түнгі ауылдағы балалар» атты рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылуда. Сонымен қатар, «Мектеп жасындағы балалар арасында жол-көлік жарақатының алдын-алу» тақырыбында дәрістер «Жастар тәрбиесіндегі әкелердің белсенділігі» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Бала тәрбиесі өз қолымызда», «Бала саудасына жол бермейміз», «Өз құқығыңды қорғай біл», «Тәртіпке бас иген құл болмайды!», «Су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары», «Адам саудасы-заңсыз», «Адамдарды алдап-арбаудың алдын алу» т.б. тақырыптарда құқықтық сабақтар мен кездесулер ұйымдастырылып өткізілді.

Аталған бағыттағы іс-шаралардың орындалуы білім беру ұйымдарының бақылауында.

2024 ЖЫЛЫ I ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА ӨТКІЗІЛГЕН ОБЛЫСТЫҚ ІС-ШАРАЛАР

Кесте- 30

№	Өткізілген іс-шараның тақырыбы	Мерзімі	Жұмыс түрі	Қамтылған педагогтар саны
ҚАҢТАР, 2024 ж.				
1	«Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында заманауи оқушы тұлғасын қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері»	12.01.2024	облыстық тәжірибелік семинар	12
2	«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны жүзеге асыру жолдары»	19.01.2024	әдістемелік семинар	136

3	«Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін анықтау мәселелері»	24.01.2024	облыстық тәжірибелік семинар	100
АҚПАН, 2024 ж.				
1	«Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі»	01.02.2024	әдістемелік семинар	391
2	«Білім беру ұйымдарындағы құқықтық тәрбие жұмыстарын құндылықтар негізінде ұйымдастырудың бағыттары»	02.02.2024	әдістемелік семинар	252
3	«Құқықтық тәрбие – құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы»	ақпан айы	құқық айлық	26958
4	«Жасөспірімдер бойындағы агрессивті (аутоагрессивті) мінез-құлықтың шығу себебін анықтау мен алдын алу жолдары»	05.02.2024	облыстық шеберхана жұмысы	109
5	«Мектеп оқушыларының когнитивтік (танымдық) процестерін дамытуға арналған ойын-жаттығулар кешені»	07.02.2024	облыстық шеберхана жұмысы	132
6	«Үздік жыл психологы» байқауы	13.02.2024 05.03.2024	облыстық кезеңі Республикалық кезеңі	18 (республикалық кезеңге қатысушылар – 6)
7	«Тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы ұлттық құндылықтар мен инновациялар»	15.02.2024	әдістемелік семинар	173
8	«Оқушының өзіндік бағасы мен мотивациясын көтерудің психологиялық тиімді әдістері»	21.02.2024	облыстық шеберхана жұмысы	100
9	«Жасөспірімдерге құқықтық тәрбие берудегі мектеп мен ата-аналар ықпалдастығын арттырудың жолдары»	22.02.2024	әдістемелік семинар	154
10	«Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын» дамыту шеңберінде мектеп пен отбасының өзара іс-әрекетін нығайту»	29.02.2024	офлайн облстық семинар	130
НАУРЫЗ, 2024 ж.				
1	«Әр бала – жарық жұлдыз» психологиялық кеңес беру айлығы	01.03.2024	Психологиялық кеңес беру айлығы	18 118 педагог, 234 336 оқушы, 134 102 ата-ана
2	«Қыз бала тәрбиесіндегі құндылықтар жүйесі»	18.03.2024	облыстық шеберхана жұмысы	132

3	«Жасөспірімдер мен жеткіншек жастағы балалар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары»	29.03.2024	облыстық тәжірибелік семинар	55
СӘУІР, 2024 ж.				
1	«Жасөспірімдер арасындағы бопсалау, құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары»	01.04.2024 жыл	тәжірибелік семинар	128
2	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарында атқарылған әлеуметтік – психологиялық бағыттағы жеке жұмыс тәжірибелері»	03.04.2024	облыстық шеберхана жұмысы	82
3	«Білім алушылар бойында кездесетін аутодеструктивті мінез - құлық: теория және практика»	04.04.2024	әдістемелік семинар	157
4	«Педагогикалық қызметкерлердің эмоционалды қажу мәселесі: анықтау және алдын алу жолдары»	17.04.2024	облыстық шеберхана жұмысы	83
5	«Құндылықтар арқылы білім алушылардың құқықтық білімін, құқықтық мәдениет, құқықтық жігерін арттырудың жолдары»	25.04.2024	тәжірибелік семинар	124
6	«Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүргізілу барысы»	26.04.2024	тәжірибелік семинар	160
7	«Мамыр - Ынтымақ айы» айлығында өткізілетін іс-шараларды өткізу бойынша	30.04.2024	әдістемелік семинар	400
МАМЫР, 2024				
1	«Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру жолдары»	02.05.2024	әдістемелік семинар	300
2	«Білім беру ұйымдарындағы салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырудың жолдары»	02.05.2024	әдістемелік семинар	112
3	«Білім сапасын жетілдіру бағытында жүргізілетін әлеуметтік-психологиялық жұмыстардың басым бағыттары»	10.05.2024	облыстық тәжірибелік семинар	85
4	«Ұл бала психологиясын қалыптастыруда жетекшілікке алынатын құндылықтар жүйесі»	10.05.2024	облыстық шеберхана жұмысы	100
5	«Жазғы сауықтыру лагерінде балалармен жүргізілетін психологиялық ойын-жаттығулары»	20.05.2024	облыстық шеберхана жұмысы	100
6	«Біртұтас білім беру бағдарламасы: құндылықтар және оларды қалыптастыру жолдары»	22.05.2024	әдістемелік семинар	100
7	«Білім беру ұйымдарындағы зорлық зомбылық, келеңсіз жағдайлардың алдын алу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру»	23.05.2024	семинар-тренинг	100

8	«Білім беру ұйымдарындағы қиын баламен жұмыс, шешу жолдары»	27.05.2024	дөңгелек үстел	100
9	«Білім беру ұйымдарында білім алушыларды позитивті этносаралық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің жолдары »	28.05.2024	әдістемелік семинар	100
10	«Білім алушылар арасындағы буллинг мәселесі және зорлық-зомбылықтың алдын - алу профилактикасы»	30.05.2024	семинар коуч	100

Сонымен қатар білім беру ұйымдарының педагогтеріне, сынып жетекшілеріне үнемі әдістемелік қолдау беріліп отырады. 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде облыстық оқу-әдістемелік орталығы педагогтерге арналған 16 әдістемелік құрал әзірленді, оның электронды нұсқасы білім беру ұйымдарына таратылды. Атап айтқанда:

Сонымен қатар білім беру ұйымдарының педагогтеріне, сынып жетекшілеріне үнемі әдістемелік қолдау беріліп отырады. 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде облыстық оқу-әдістемелік орталығы педагогтерге арналған 16 әдістемелік құрал әзірленді, оның электронды нұсқасы білім беру ұйымдарына таратылды. Атап айтқанда:

1. «Сынып жетекші – шығармашылыққа жетелейтін жұмыстарының көшбасшысы»
2. «Мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі ынтымақтастығы
3. «Оқушылардың қарым-қатынас үйлесімділігін арттыру»
4. «Білім беру ұйымдарында аутодеструктивті және антивитуалды мінез-құлықтың алдын алу»
5. «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ
6. Балаларды мектептегі оқуға әлеуметтік-психологиялық даярлаудың «Балауса» жобасы
7. «Арт-терапия» оқушылардың эмоционалдық саласын түзету
8. «Сынып жетекшісі мен ата-ананың ынтымақтастығы арқылы бала бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру»
9. «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті әрекеттің алдын алу»
10. «Жасөспірімдер арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу»
11. «Табысқа жол»
12. «Жасөспірімдер арасындағы жыныстық қол сұғушылыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу қауіпсіздігін қамтамасыз ету»
13. «Өзіңе өзің көмектес»
14. Ұлттық құндылықтар –тәрбие негізі
15. «Құқық қорғау қызметкерлері мен педагог мамандарға арналған әдістемелік құрал «Білім беру ұйымдарында аутодеструктивті мінез-құлықты алдын-алу мен суицид превенциясы»

16. «Кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық сипаттағы қылмыстар мен олардың алдын алу бағытындағы жұмыстар» педагог мамандар мен құқық қорғау қызметкерлеріне арналған әдістемелік құралдар әзірленді.



Сурет 43. 2023-2024 оқу жылында шығарылған көмекші құралдар

Қорытынды

Бағдарлама аясында қол жеткізген нәтиже

Оқу жылының жаңалығы болған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы біздің облысымызда оң нәтиже берді;

- Бағдарлама шеңберіндегі беріліп отырған жобалардың, нәтижеге бағытталған жүйелі жұмыстардың көрсеткіші бола білді, сонымен қатар, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ашылуы жұмысымызға жаңа серпіліс пен қызығушылық тудырды;

- Білім беру ұйымдарында жүйелі жұмыс нәтижесінде мектепке келуші ата-аналардың саны артты;

- Жоғалып бара жатқан құндылықтар жаңғырды;

- Білім беру мекемелерінде тәрбие жұмыстары тек тәрбие сағатында ғана жүргізілмей, әрбір педагог өз сабағында құндылықтар аясында тәрбиеге ерекше көңіл бөлінді.

Жетісу облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

«Жетісу облысының білім басқармасы» ММ Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша 2023-2024 оқу жылында жұмыс жүргізді. Орта білім беру ұйымдарында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мақсатында 2023-2024 оқу жылының бірлескен тәрбие жоспары мүдделі мемлекеттік органдармен бекітіліп, білім беру ұйымдарына жолданды.

2023-2024 оқу жылының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының міндеттері:

1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру, құндылықтарды пән мазмұнына, сынып сағаттарына енгізу.

2. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Мектеп парламенті», «Өзін-өзі басқару ұйымдары», «Әдеп құқық жөніндегі ментор», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Қамқор» т.б. сынды жобаларды іске асыру.

3. «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі» сынды жобалары арқылы білім алушылардың бойына ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге бағытталған сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.

4. Білім алушыларға денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулуға бағытталған «Ұлттық мектеп лигасы», «ДосболLike», «Ұлдар және қыздар» жұмысын жүргізу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеуде «Еңбегі адал жас өрен» жобасын, «Экологиялық тәрбие», «Экологиялық айлық», «Туристік жорықтар» т.б. іс-шараларын ұйымдастыру.

6. «Білім-Инновация» лицейінің тәжірибесін білім беру ұйымдарына тарату, іскерлік байланыс орнату, тәрбие процесін ұйымдастыруда мектеп әкімшілігіне әдістемелік қолдау көрсетуде «Тағылым» жобасын жалғастыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Білім алушылар Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосады, қоғам игілігі үшін қызмет етеді, ұлттық мәдениетті дәріптейді.

2. Ата-анасын сыйлайды, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасының, өз ортасының абыройын асырады.

3. Салауатты өмір салтын ұстанады. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді. Жеке және командамен жұмыс істей біледі.

4. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

6. Педагогтер білім алушыларға құндылықтарды шынайы өмірде қолдануға мүмкіндік жасайды, құндылықтарды пән мазмұнына, сынып сағаттарында енгізеді.

Жетісу облысы бойынша 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы

2023 жылдың тамыз айында Астана қаласында ҚР Оқу-ағарту министрлігі және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясының ұйымдастырумен өткен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» тақырыбындағы біліктілікті арттыру семинарына тәрбие жұмысына жауапты мамандар қатысып тренер сертификатына ие болды.

Облыста бағдарламаны түсіндіру мақсатында 2023 жылдың тамыз-желтоқсан айлары аралығында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» тақырыбында 17 оқыту семинары, әдістемелік көмек жұмыстары өтті. Аталған шараға төмендегі кестеге сәйкес 394 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1423 сынып жетекшісі қамтылды. (№1 кесте)

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» тақырыбындағы оқыту семинарының кестесі

Кесте 32

№	Аудан /қала	Аудандық қалалық білім бөлімі әдіскері	Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Сынып жетекшілері	Мерзімі, өтетін орны
1	Алакөл	1	56	140	21.08.2023
2	Ақсу	1	41	140	Сарқан ауданы
3	Сарқан	1	34	140	
4	Ескелді	1	31	140	
5	Көксу	1	26	140	Ескелді ауданы
6	Текелі	1	8	140	
7	Талдықорған	1	44	140	23.08.2023
8	Қарағал	1	33	140	Талдықорған қаласы
9	Панфилов	1	69	163	24.08.2023
10	Кербұлақ	1	51	140	Кербұлақ ауданы
	Барлығы:	10	393	1423	

2024 жылдың қыркүйек-қазан айлары аралығында мамандандырылған, арнайы мектеп интернаттары, кешкі ауысымды мектептерінің тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілерімен тәрбиешілеріне арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру» тақырыбындағы түсіндіру, әдістемелік көмек жұмыстары төмендегі кесте бойынша жүргізілді. (№2 кесте)

*«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру» тақырыбындағы
әдістемелік көмек кестесі*

Кесте 31

№	Мекеме атауы	Күні	Қамтылған педагогтер саны
1	Талдықорған қаласы «Білім-Инновация» мектеп-лицейі	15.09.2023	50 (тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, тәрбиеші)
2	Д.Рақышев атындағы қазақ мектеп-интернаты	21.09.2023	50 (тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, тәрбиеші)
3	Талдықорған қаласының облыстық №1 «Балабақша-мектеп-интернат» арнайы кешені	22.09.2023	50 (тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, тәрбиеші)
4	"Кешкі (ауысымды) мектеп" сынып жетекшілеріне	28.10.2023	50 (тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, тәрбиеші)
5	Талдықорған қаласы, №15 орта мектебі, Н.Островский атындағы №8 орта мектебі, Еңбек ауылындағы №22 орта мектеп, Еркін аулындағы №26 орта мектептері	29.10.2023	100 (тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекші)
6	Панфилов ауданы, Х.Хамраев орта мектебі, Х.Көбіков, орта мектебі, Крылов орта мектебі, Еңбекші орта мектебі, Жамбыл атындағы орта мектебі	31.10.2023	110 (тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекші)
Барлығы:			410 педагог

Облыста ұйымдастырылған оқыту семинарлары 2023 жылдың тамыз-қыркүйек айларын аралығында аудан, қалалардың білім беру ұйымдарында жалғасын тауып, мектеп сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне 336 оқыту семинары ұйымдастырылды. Оқыту семинарына 217 әлеуметтік педагог, 405 педагог-психолог, 5624 сынып жетекші қамтылды.

2023 жылдың қазан-желтоқсан айлары аралығында Ақсу, Ескелді, Сарқан, Панфилов, Кербұлақ аудандарында «Құндылықтар арқылы тәрбие процесін ұйымдастыру жолдары» тақырыбында сынып жетекшілерге арналған аймақтық оқыту семинарлары өткізілді. Оқыту семинарына 500 сынып жетекші, аудандық, қалалық білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысына жауапты 10 әдіскерлері қатысты. (№3 кесте).

*«Құндылықтар арқылы тәрбие процесін ұйымдастыру жолдары»
тақырыбында өткен семинар бөліс кестесі*

Кесте 33

№	Аудан /қала	Аудандық қалалық білім бөлімі әдіскері	Сынып жетекшілері
1	Алакөл	1	50
2	Ақсу	1	50
3	Сарқан	1	50
4	Ескелді	1	50
5	Көксу	1	50
6	Текелі	1	50
7	Талдықорған	1	50
8	Қаратал	1	50
9	Панфилов	1	50
10	Кербұлақ	1	50
	Барлығы:	10	500

2024 жылдың қаңтар-мамыр аралығында айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруға бағытталған «Құндылықтарға негізделген мектеп тәрбиесі», «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының кешенді жоспар индикаторын жүзеге асырудың әдістемесі», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары», «Білім беру жүйесін дамыту: тәжірибелер, мәселелер, шешу жолдары» тақырыптары бойынша 10 облыстық, аймақтық, аудандық семинар өтті. Семинарға 500 тәрбие орынбасары, аудандық, қалалық білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысына жауапты 10 әдіскерлері қатысты.

2024 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасы Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясы және «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының мамандардың қатысуымен «Тәрбие үдерісіндегі тәжірибелер мен перспективалар» тақырыбында облыстық семинар өтті. Семинарға 100 мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері қамтылды.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында облыстық деңгейде 28 оқыту семинары өтіп, 8427 педагог (мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы және сынып жетекшілері) қамтылды.



Сурет 44 Оқыту семинарының қамтылуы 2023-2024 оқу жылы

Жалпы орта білім беру ұйымдарының 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына негізделген тәрбие жоспарына сәйкес 87 сыныптан тыс іс-шаралар, 34 сынып сағаты жоспарланған.

Сынып сағаттар, сыныптан тыс шаралар ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделіп, төмендегі тақырыптар бойынша барлық білім беру ұйымдарында ауқымды іс-шаралар өтті.

2023 жылдың қыркүйек – «Білім» айында Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне арналған «*Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау*» тақырыбында сынып сағаты, тіл апталығы, отбасы күніне орай «*Атаананың мектептегі бір күні*» акциясы, «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында: «*Ұлы даланың ұлтаралық тілі*» тақырыбында дебат, Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жылдығына орай «*Қожа Ахмет Ясауидің хал хикмет ілімі*» тақырыбында сынып сағаттары, Еңбек күніне орай «*Қоғамдық игілікке қызмет ету*» тақырыбында білім беру ұйымың қызметкерлеріне құрмет көрсету акциясы, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «*Ұлттық мектеп лигасының*» ашылуы, «*Денсаулық күні*», «*Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі*» ақпараттық-түсіндірме жұмысы, құқық қорғау органдарымен «*Жасөспірімдер және қылмыс*» тақырыбында кездесулер т.б. іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қазан – «Алаш азаматтарын ұлықтау» айында «*Құқық айлығы*», қарттар күніне орай: «*Қарттарымасыл қазынам*» қайырымдылық акциясы, мұғалімдер күніне орай «*Ұстаз! Сіздің алдыңызда...!*» дублер күні, «*Буллинг және кибербуллингтің алдын алу*», «*Қауіпсіз балалық шақ*», тақырыбында сынып сағаты, *Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл*, *Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жылдығына* орай танымдық кеш, «*Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!*» т.б. тақырыбында патриоттық бағыттағы іс шаралар өтті.

Қараша – «Поэзия» айында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында: Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері *Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына* орай поэзия кеш, Еңбегі адал жас өрен жобасы аясында: «*Бейбітшілік пен келісім сабақтары*» форматында мотивациялық кездесулер, «*Ұлттық теңге – тәуелсіз Қазақстанның айшығы*», «*Кәметке жасы*

толмағандар арасындағы құқықбұзушылық, жыныстық тиіспеушілік, нашақорлықтың алдын алу шаралары», «Мейірімділік керуені» форумы, Тоғыз айға 9 іс-шаралар аясында «Асық ату» челленджі т.б. сынды іс шаралар мен сынып сағаттары өтті.

Желтоқсан – «Қазақстан - ұлы дала елі» айында Жеткіншектің Жеті жарғысы жобасы аясында: «Тарих пен тіл тамырлас», «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!», «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» тақырыптарында сынып сағаттары, «Үздік оқушы-2023», «Үздік сынып-2023», «Балалар кітапханасы» жобасы аясында: «Үнемі оқитын адам – табысты адам», «Ар-ұят және жауапкершілік», Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында спорттық жарыстар, сыныптан тыс шаралар мен кездесулер, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Мен отанымды сүйемін» патриоттық әндер байқауы челленджі өтті.

Қаңтар – «Ұлттық код» айында «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» тақырыбында оқулықтар көрмесі, оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Мен оқыған бір ертегі» әдеби кеш, оқушыларға кәсіби бағдар беру аясында «Профи TIME» мамандықтар әлемінде кездесулер, Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» тақырыбында байқау, Тоғыз айға 9 іс-шарада «Қазақ есебі» челленджі, Ата-аналар мектебі жобасы аясында: «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыптарында кездесулер, сынып сағаттар т.б. іс шаралар өтті.

Ақпан – «Оқуға құштарлық» айында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы», Абайдың «Толық адам» ілімі, «Қазақ даласының ұлы тұлғалары», «М.Жұмабаев педагогикасы және ұлттық тәлім-тәрбие» тақырыптарында сынып сағаттары, «Интернетсіз бір күн» акциясы, «Кітапханаға кітап сыйла» науқаны, «Ең үздік оқырман сынып» байқауы өтті.

Наурыз – «Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу» айында «Dastur челленджі», «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі!», «Ұлттық салт-дәстүр – ұрпаққа мұра», «Ұлттық ойындар фестивалі», «Домбырашылар челленджі» ұйымдастырылды. «Таным. Тағылым. Тәрбие», «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды», «Адалдықадамдықтың белгісі» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

2024 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Күй күмбірі» челленджі өтті. Аталған Челлендге Жетісу облысының жалпы және қосымша білім беру мекемелерінен 25 мың домбырашы қатысты.

Сәуір – «Экологиялық мәдениет» айында Еңбегі адал жасөрен жобасы аясында «Табиғат тамашалары», «Экология тазалығы-денсаулық кепілі», «Экологиялық тәртіп ережелері» тақырыптарында сынып сағаттары, «Менің туған өлкем: экскурсия, саяхат, танымдық жорықтар», Жеткіншектің Жеті жарғысы жобасы аясында «Өрле Қазақстан» танымдық сағаттары өтті.

Мамыр – «Бейбітшілік пен татулық» айында «Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі, Қазақстан халқы достығы» фестивалі, Отан

қорғаушылар күні, 9 мамыр -Жеңіс күні қарсаңында Қасым Қайсеновтің туғанына 105 жыл толуына орай әскери-спорттық жаттығулар, «Жігіт сұлтаны-2024», Ата-аналар мектебі жобасы аясында: «Отбасы FEST» фестивалі т.б. іс шаралары өтті. Жеткіншектің Жеті жарғысы жобасы аясында «Халықтың ерлігі гасырлар бойы өмір сүреді!», «Жеңіс деген шат күлкісі баланың», «Қауіпсіздік ережесін сақтайық!» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Мамыр айында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен халықаралық балаларды қорғау күніне арналған қазақ тіліндегі балалар әндерінің фестивалі өтті. Фестиваль ақпан-мамыр айлары аралығында Tik-Tok әлеуметтік желісінде #ӘНШУАҚ хэштегімен қазақ тіліндегі балалар әндерін жанды дауыста орындалған бейнебаянды орналастыру арқылы жүзеге асырылды. Фестивальге қатысушылар: 6-17 жас аралығындағы білім беру ұйымдарының оқушылары. Фестиваль барысында Tik-tok әлеуметтік желілерінде: 4562, Instagram: 574, Facebook: 398 сілтеме жиналып, барлығы 683 мың қаралым болды.

Маусым айында «Балажан» ата-аналар еріктілер клубы» акциясы аясында 1 маусым «Балаларды қорғау» күніне орай облыстың білім беру ұйымдарында ата-аналардың қатысуымен спорттық жарыстар, туристік жорықтар т.б. акциялар өткізілді.

Жетісу облысы бойынша 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүргізілген жобалар

2023 жылы Білім басқармасы облыстық «Әкелер кеңесі, Аналар кеңесі», төрағаларымен меморандумдарға отырып, жұмыс жоспарлары бекітілді. Балалардың тәрбиесіне әкелер, аналар қауымын тарту мақсатында аудан-қалаларда «Әкелер, аналар кеңесі» құрылып, кезең-кезеңімен форумдар өткізілді.

Ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту, позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру мақсатында облыстағы 337 жалпы білім беру ұйымының 305-де «Ата-аналарды педагогикалық қолдау», 301-де «Медиация» орталықтары ашылды. 2023-2024 оқу жылында ата-аналарға 5127 сабақ өткізілді. Қатысқан ата-ана саны 136 525 (бастауыш - 50700, орта – 55314, жоғары – 30511).

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтары жанынан «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жобалары іске асырылып, 3166 іс-шаралар өткізілді.

Республикалық «Педагогтер мен ата-аналар : балалардың қызығушылығы негізіндегі ынтымақтастық» тақырыбында өткен байқауында Талдықорған қаласы, №29 орта мектеп лиейінің 9 сынып жетекшісі Ноғайбаева Кымбат Жексембаевна 1 орынға ие болды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Еңбегі адал жас өрен», «Балалар кітапханасы», «Жеткіншектің Жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы» жобалары іске асты. Білім беру ұйымдарында аталған жобалардың жетекшілері тағайындалып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізді.

Жобаға 1-11 сынып оқушылары, мектеп ата-аналары, педагогтері, мемлекеттік мүдделі органдарың қызметкерлері тартылды. Жыл көлемінде 242 әр түрлі тақырыптарда іс-шаралар, кездесулер, туристік жорықтар, танымдық кештер, сынып сағаттары өтті.

«Ұлттық мектеп лигасы» және Қазақстан оқушыларының XII жазғы Гимназиадасының республикалық кезеңіне жүлделі орындарға ие болды.

3-6 маусым күндері аралығында Қостанай облысында өткен Қазақстан Республикасы оқушыларының XII жазғы гимназиадасы бағдарламасындағы спорттық туризм бойынша Жетісу облысының командасы жүлделі I-орын.

02-10 маусым күндері аралығында Семей қаласында өткен 5-6 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасының Республикалық кезеңінің волейбол ойынынан Жетісу облысының командасы жүлделі I-орын.

14-19 маусым күндері аралығында Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасы оқушыларының XII жазғы гимназиадасы бағдарламасындағы садақ ату спорт ойынынан Жетісу облысының командасы жүлделі I-орын.

19-25 маусым күндері аралығында Астана қаласында өткен 7-8 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасының Республикалық кезеңінің волейбол спорт ойынынан Жетісу облысының командасы жүлделі II-орын.

25-28 маусым күндері аралығында Семей қаласында өткен 5-6 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасының Республикалық кезеңінің жеңіл атлетикалық кросстан Жетісу облысының командасы жүлделі I-орын.

26-28 маусым күндері аралығында Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы оқушыларының XII жазғы гимназиадасы бағдарламасындағы регби спорт ойынынан Жетісу облысының командасы қыздар арасында жүлделі I-орын, ұлдар арасында жүлделі II-орын.

26 маусым-05 шілде күндері аралығында Астана қаласында өткен 7-8 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасының Республикалық кезеңінің футбол спорт ойынынан Жетісу облысының командасы жүлделі III-орын.

06-13 шілде күндері аралығында Қызылорда қаласында өткен 9-11 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасының Республикалық кезеңінің баскетбол спорт ойынынан Жетісу облысының командасы жүлделі III-орын.

13-20 шілде күндері аралығында Қызылорда қаласында өткен 9-11 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасының Республикалық кезеңінің гандбол спорт ойынынан Жетісу облысының командасы жүлделі II-орын.

Білім алушылар арасында аудандық, қалалық мектептерде «Мектеп парламенті» жұмысы жүргізілді. Парламент жұмысына жалпы – 29020 оқушы қамтылды. Соның ішінде ауылды мекенде 19520 оқушы бар. 2023-2024 оқу жылында өзін өзі басқару жүйесі бойынша 524 іс-шара ұйымдастырылды.

Сонымен қатар «Ұшқыр ой алаңы» пікірсайыс қозғалысы аясында 336 жалпы орта білім беру мекемелерінде 352 пікірсайыс клубы бар. Қазақ лигасы бойынша- 281, орыс лигасы -55, ағылшын лигасы-16 дебаттық клуб бар. Қамтылуы – 5085 оқушы. 316 мектеп парламентінде – 29020 оқушы қамтылған.

Пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау мақсатында «Ділмар» тележобасы ұйымдастырылды. «Ділмар» тележобасы-оқушыларға арналған пікірсайыс интеллектуалдық ойын Американдық Парламенттік форматы бойынша өткізілді. Жалпы -16 ойын: 8-облыстық, 8- республикалық кезеңінде.

Республика кезеңінің пікірсайыстың қорытындысы бойынша I орынды Жетісу облысының «Зерде» тобы, II орынды Түркістан облысы, III орынды Жетісу облысының «Жалын» командасы иеленді. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен, сертификаттармен қаржылай сыйлықтармен және барлық қатысушы командалар алғыс хаттармен марапатталды.

Қазіргі таңда облыс аумағында «Жас Сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының 282 әскери-патриоттық клубтары мен кадет сыныптарында – 12 448 бала қамтылған. Оның ішінде әскери - патриоттық клубтарда – 12 018 (258 әскери-патриоттық клубтың 243 клуб мектептерінде бала саны 10 447, колледждерде 15 әскери-патриоттық клубта 1 571 студент қамтылған), кадет сыныптарында - 430 бала (24 сынып, оның ішінде 16 сынып «Жас Сарбаз», 4 сынып «Жас полицейлер» және 4 сынып «Жас құтқарушы»).

Патриотизмге және жоғары моральдық-психологиялық қасиеттерге тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыруын насихаттау, сондай-ақ жастар арасында әскери қызметтен жалтару үрдісін жою мақсатында әскери-патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылды:

2023 жылдың 13-14 қазан - «Жас Ұлан-2023» облыстық әскери-патриоттық ойыны, 26-27 қазан - «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық ойыны. 72 студент қатысты;

2024 жылдың 13 ақпан күні Кеңес әскерлерінің, Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай «Ауғанның асуында от кешкендер» тақырыбында кездесу кеші, 18-19 наурыз «Жас Сарбаз барысы» облыстық турнирі, 28-29 наурыз «Сардар» облыстық кешенді олимпиадасы өтті.

2024 жылдың 11-12 сәуір, «Qaisar» әскери-патриоттық ойыны, 17-19 сәуір «Айбын» облыстық әскери-патриоттық ойыны.

2024 жылдың 16-17 мамыр «Жас Ұлан-2024» облыстық әскери-спорттық ойыны, 13-14 маусым аралығында Жамбыл облысы Тараз қаласында Республикалық Жас Ұлан әскери-патриоттық ойыны өткізіліп, ойын нәтижесі бойынша Жетісу облысы Көксу ауданы Құлагер командасы 20 облыстың ішінде жүзден жүйрік атанып, жүлделі I орынды иеленді.

Білім беру ұйымдарында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша облыс әкімінің бастамасымен 2023 жылдан бастап «Әдеп және құқық жұмысы жөніндегі ментор» жобалық кеңсесі құрылып, Талдықорған қаласында 30 және Панфилов ауданында -37 мектепте пилоттық режимде іске асырылды. Менторлар мектеп психологтары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірлесіп профилактикалық жұмыстар атқаруда. Жаңа оқу жылында аудан орталықтарындағы мектептерге 51 штаттық бірлік енгізіледі.

Сонымен қатар 2023 жылы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде «Қос Қанат Жетісу» қоғамдық бірлестігі «Девиантты және аутодеструктивті мінез-құлыққа

бейімділігі бар жасөспірімдермен жұмыс жүргізу» жобасы аясында 100 директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 200 педагог-психолог біліктілігін арттыру семинарлар өтіп, аудан, қала және ауылды мекендерде құзырлы органдар, ҮЕҰ-ды тарта отырып оқушылар және ата-аналармен кездесулер өткізілді.

Балалардың интернеттегі қауіпсіздігінің, кибербуллингтің алдын алу мақсатында 2023 жылғы «Kazdream Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен білім басқармасы 1 жылға келісімшарт жасады.

Жоба бойынша ВКонтакте желісін пайдаланушылардан тұратын, әлеуметтік желілердегі балалар үшін әр түрлі ауырлық дәрежесіндегі қауіпті тудыратын девиантты ресурстардың 6942 қауымдастығы анықталды. Анықталған оқушылар және олардың ата-аналарымен профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, балалар мен жасөспірімдер бақылауға алынды. Әртүрлі мәселелерге байланысты 655 оқушыларға жеке кеңестер берілді. Зорлық-зомбылық бойынша-53, буллинг және кибербуллинг бойынша-113, жыныстық тиіспеушілік бойынша-32, оқушылар арасындағы құқықбұзушылық бойынша-141, ерте жүктілік бойынша-33, төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл әрекеті бойынша-61 профилактикалық кездесу, мектепшілік есепте тұрған- 19 баламен жұмыс жүргізілді.

Сондай-ақ ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 1 наурыздағы №52 бұйрығына сәйкес «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі «ДОСБОЛЛИКЕ» бағдарламасын сынақтан өткізу өткізу мақсатында 5 орта білім беру ұйымы жобаға тіркелген (Талдықорған қаласы, №6 ОМ, №14 ОМГ, Б.Сырттанов атындағы №25 ОМ, Көксу ауданы, Мұсабек атындағы ОМ, Жетіжал ОМ)

«ДОСБОЛЛИКЕ» бағдарламасын сынақтан өткізуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жобаға тіркелген педагогтерді білім беру ұйымдарында «ДосболЛИКЕ» білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасымен таныстыру және буллингтің алдын-алу стратегияларын меңгеруге ықпал ету мақсатында 2024 жылдың наурыз-сәуір айларында жобаға тартылған білім беру ұйымдарының педагогтеріне оқыту семинарлары өткізілді.

Қазіргі таңда жобаға тартылған орта білім беру ұйымдары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына аясында тәрбие жоспарыне негізделіп 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарларын әзірледі.

2022-2025 жылдарға арналған «Тағылым» жобасы іске асуда. Жобаның мақсаты: тәрбие процесінің өзекті мәселелерін шешуде «Білім-Инновация» мамандандырылған лицей-интернатының тәжірибесін тарату, іскерлік байланыс орнату.

Жоба құрастырушысы: Жетісу облысының білім басқармасы, Облыстық әдістемелік орталығы.

Жобаға қатысушылар: Талдықорған қаласы «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты, Ақсу ауданы «Ж.Сыдықов» атындағы орта мектебі, Ескелді ауданы, «Шестаков» атындағы орта мектебі, Көксу ауданы «Б.Құндақбаева»

атындағы №1 орта мектебі, Кербұлақ ауданы «Сарыөзек» орта мектебі, Талдықорған қаласы «Н.Островский» атындағы №8 орта мектебі.

2023-2024 оқу жылында «Тағылым» жобасы аясында магниттік мектептер арасында «Құндылықтарға негізделген процесін ұйымдастыру ерекшеліктері», «Құндылықтарға негізделген білім- тәрбиенің тұғыры» атты ашық есік күні, «Құндылықтарға негізделген тәрбие мен психологиялық қызмет» тақырыбында вебинар, «Құндылықтарды пән мазмұнына енгізу», «Құндылықтарға негізделген мектеп моделі» тақырыптарында жобаға тартылған білім беру ұйымдарының педагогтеріне әдістемелік көмек, шебер сыныптар т.б. жұмыстар жүргізілді.

Жетісу облысы бойынша 2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат

Білім беру ұйымдарында «Балалар құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу», «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу» Кешенді жоспарлары мен облыстық полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасымен бірлескен Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу жоспары негізінде жұмыстар жүргізілуде.

Кешенді жоспар аясында Жергілікті полиция қызметі басқармасымен түсіндіру жұмыстары, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен кездесулер, түнгі рейдтік шаралар, онлайн сауалнамалар, жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алу бойынша «Құқық мәдениет және оның маңызы», «Кәмелетке жасы толмағандар арасындағы құқықбұзушылық, жыныстық тиіспеушілік, нашақорлықтың алдын алу шаралары», «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбыптары бойынша профилактикалық және педагогикалық–психологиялық түзету жұмыстары жүргізілді.

Білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес мемлекеттік мүдделі органдармен сыныптан тыс, сынып сағаттары, ТЕД кездесулер, танымдық кеш, туристік жорықтар т.б. іс-шаралары ұйымтырылып өтті.

Қыркүйек айында Облыстық ақпарат және қоғамдық даму басқармасымен «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» тақырыбында кездесу, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен «Адалдық сағаты», Полиция департаменті мен «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» ақпараттық науқан, «Жасөспірімдер және қылмыс» тақырыбында кездесу, облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті мен «Кітапқа жазылмаған тарих» атты ерлік сабақтары өтті.

Қазан айында Құқық айлығы, құқық апталығының ашылуына орай жергілікті Полиция қызметкерлерімен түнгі рейд, «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаттары, кездесулер, «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында ұлдар және қыздар жиналыстары, Жұмыспен

қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, білім басқармасымен «Кәсіби бағдар беру жұмыстары» жүргізілді.

Қараша айында облыстық, аудандық, қалалық прокуратура, Полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы, аудандық, қалалық полиция бөлімдерімен Терроризм және діни экстремизмге қарсы іс қимыл: «Діннен адастырар теріс ағым» тақырыбында алдын алу шаралары, Кәмелетке жасы толмағандар арасындағы құқықбұзушылық, жыныстық тиіспеушілік, нашақорлықтың алдын алу шаралары, Төтенше жағдайлар департаментімен Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік-ұқыптылық» тақырыбында сыныптан тыс жұмыстар өтті.

Желтоқсан айында денсаулық сақтау басқармаларымен білім алушылардың денсаулығы мен әлауқатын нығайтуға бағытталған дөңгелек үстел, Облыстық ақпарат және қоғамдық даму басқармасымен Жеткіншектің Жеті жарғысы жобасы аясында: «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» тақырыбында патриоттық сынып сағаты, Полиция департаментімен «Құқық мәдениет және оның маңызы» тақырыбында кездесулер өтті.

Қаңтар айында облыстық денсаулық сақтау басқармасымен «Балалардың денсаулығы мен дамуына кері әсерін тигізетін зиянды зарттар мен әдеттердің алдын алу», Полиция департаментімен «Кәмелетке жасы толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу» жұмыстары, оқушыларға кәсіби бағдар беру аясында: «Профи ТІМЕ» мамандықтар әлемінде тақырыбындағы жұмыстар өтті.

Ақпан айында Полиция департаментімен Жеткіншектің Жеті жарғысы жобасы аясында: «Сен және Заң» тақырыбында сынып сағаты, «Интернетсіз бір күн» акциясы, қорғаныс істері жөніндегі департаментімен Кеңес әскерінен Ауған жерінен шығарылған күніне орай ашық есік күні өтті.

Наурыз айында Қорғаныс істері жөніндегі төтенше жағдай департаменттерімен оқу- жаттығу жұмыстары, Сыбайлас жемқорлық агенттігімен Жеткіншектің Жеті Жарғысы жобасы аясында: «Адалдықадамдықтың белгісі» сынып сағаттары өтті.

Сәуір айында Денсаулық сақтау басқармасымен «Тиімді әрі пайдалы тамақтану - денсаулық кепілі», Облыстық мәдениет, дене шынықтыру және спорт басқармасымен Менің туған өлкем: экскурсия, саяхат, танымдық жорықтар, полиция департаментімен «Адамгершілік және жыныстық тиіспеушілік тақырыбында ұлдар мен қыздар» жиналысы ұйымдастырылды.

Мамыр айында қорғаныс істері жөніндегі департаментімен «Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр - Жеңіс күні қарсаңында Қасым Қайсеновтің туғанына 105 жыл» толуына орай әскери-спорттық жаттығулар, Мәдениет және спорт басқармасымен «Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі, Қазақстан халқы достығы» фестивалі, Полиция департаментімен «Қауіпсіздік сабақтары» өтті.



Сурет 45. Ұйымдастырылған іс-шаралар

Қорытынды және ұсыныстар

Тәрбие жоспары Білім басқармасының «Балалар құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу», «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу» жөніндегі мемлекеттік мүдделі органдарымен бірлескен Кешенді жоспарларын іске асыру, жеке қауіпсіздік сабақтары, ата-анамен жұмыс, сынып сағаттары, «Балалар кітапханасы», «Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala» сынды жобаларына негізделіп құрылды. Тәрбие жоспарының ерекшелігі «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам, Буллингтен қорған!, Ойынға салауатты көзқарас, Өмірге салауатты қадам, Қоғамдық мүлікті қорға!, Қауіпсіз қоғам» тақырыптарында алдын алу шаралары жоспарланған.

Педагогтерге «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әдістемелік көмек көрсету мақсатында құндылықтарға негізделген «Тағылым» жобасы бойынша «Білім-Инновация» мектеп лицейінің тәжірибесімен бірлескен семинарлар, әдістемелік, байқаулар т.б. шаралар өткізу жоспарланған.

«Тағылым» жобасы аясында «Сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың тиімді жолдары» тақырыбында Ескелді ауданы, К.Шестаков орта мектебінің тәжірибесі, «Ұлтық тәрбие: жастарды құндылыққа бағыттау, әлеуметтік тәжірибе, даму болашағы» тақырыбында Кербұлақ ауданы, Сарыөзек орта мектебінің тәжірибесі, «Біртұтас тәрбие бағдаламасы: құндылыққа негізделген сынып және мектеп моделі» тақырыбында Ақсу ауданы, Сыдықов орта мектебінің тәжірибесі, «Пәндік мазмұн, сынып сағаты, тәрбие іс-шаралары шеңберінде құндылықтарды іске асыру» тақырыбында «Білім-инновация» мектеп лицейінің тәжірибесі таратылады.

«ДосболLIKE» жобасына тіркелген Талдықорған қаласы, А. Макаренко атындағы №6 орта мектебі, №14 орта мектеп гимназиясы, Б.Сырттанов атындағы №25 орта мектебі, Көксу ауданы, Мұсабек атындағы орта мектебі, Жетіжал орта мектептері мен білім беру ұйымдарындағы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағытындағы жұмыстар күшейтіледі. Жоба асында «Өркен» институнымен келісім бойынша семинар, оқыту курсы т.б. шаралар ұйымдастыру жоспарланған.

Сонымен қатар ата-анамен ынтымақтастықты күшейту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметін жандандыру, «Аналар мектебі, Әкелер мектебі, Аталар мектебі, Әжелер мектебі» сынды жобар арқылы білім алушылар арасындағы тәрбие жұмысын күшейту жұмыстары жүргізіледі.

Қарағанды облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі мақсаты болып табылады.

Міндеттері:

- ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан,
- намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

2. Жалпы мағлұмат

Кесте-34

Облыс/қала атауы	Қарағанды		
Жалпы білім беретін мектеп саны	414		
Оның ішінде шағын жинақты мектептер саны	160		
Қалалық мектептер саны	173	Ауылдық мектептер саны	241
Оқыту тілі бойынша (мектептер саны):			
қазақ тілінде 166 оның 1 жеке мектеп			
орыс тілінде 87			
аралас мектептер			
Облыс/қала бойынша білім алушылардың жалпы саны	171960		
Оның ішінде:			
- шағын жинақты мектептерде оқитын білім алушылардың жалпы саны	11508		
- қалалық мектептерде оқитын білім алушылардың жалпы саны	159452		
- ауылдық мектептерде оқитын білім алушылардың жалпы саны	12508		
қазақ тілінде оқитын білім алушылардың жалпы саны	81750		
орыс тілінде оқитын білім алушылардың жалпы саны	90 250		

Облыс бойынша барлық білім ұйымдарында 348 әлеуметтік жоба жүзеге асырылып жатыр.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу барысында жүзеге асырылған	5
---	---

іс-шаралар саны. Барлық білім беру ұйымдарында	мыңнан астам
Облыс/қала деңгейінде	
Іс-шаралардың атаулары (кімдер және қанша білім алушы қатысты?):	
1) Форум «Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім»	9000
2) Фестиваль «Ұрпақтар сабақтастығы»	5000
3) Шеберлік , нәтиже, тәжірибе	4700
4) Облыстық педагогтер конференциясы	1200
Аудан/қала деңгейінде	
Іс-шаралардың атаулары (кімдер және қанша білім алушы қатысты?):	
1). Қарқаралы ауданы: « Құндылыққа негізделген отбасы тәрбиесі» тақырыбында аудандық ата-аналар форумы.	180
2). Шахтинск қаласы: Выставка-экскурсия «Урок в музее, как современная технология в образовании»	150
3). Шахтинск қаласы: Семинар «Быть педагогом – это призвание»	169
4). Шахтинск қаласы: «Заботьяся о Земле, заботьяся о себе!»	197
5) Әкелер мектебі жобасы аясында ақын Мақсат Ақановпен кездесу ұйымдастырылды	97
6) «Балалар кітапханасы» жобасы аясында қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай 7-8 сынып оқушылары арасында кітапханалық сабақ өткізілді.	89
7) Теміртау қаласы: 9 сәуір – «Ұлттық тағамдар» күніне орай «Ұмыт болған ұлттық тағам» тақырыбында 1-7 сынып оқушыларының ата-аналары арасында фестиваль	102
8) Қарағанды қаласы: «Құндылыққа негізделген отбасы тәрбиесі» форум	880
9) Қалалық конференция «Біртұтас тәрбие бағдарламасы. Құндылықтар және оны іске асыру жолдары» (для заместителей директоров по воспитательной работе, вожатых, классных руководителей, педагогов дополнительного образования)	250
10) Қалалық форум «Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім»	730
11) Бұқар жырау ауданы: Аудандық семинар «Білім берудің маңызды құндылықтары»	160
12) Балқаш қаласы: «Таңғажайып театр» кино актері,режиссер Шәкен аймановтың туғанына 110 жыл толуына орай қалалық байқау	1200
13) Балқаш қаласы: «Құндылыққа негізделген оқу мен тәрбие» тақырыбында оқу- тәрбиелік әдістемелік семинар-практикум	120
14) Балқаш қаласы: «Асық ату» челлендж	4645
15) Балқаш қаласы: Семинар «Баланы ата-анасына және отбасылық дәстүрлерге деген құрметін қалыптастыру арқылы тәрбиелеу»	160
16) Балқаш қаласы: КТК ойындарының лигасы «Сыбайлас жемқорлық» адал ұрпақ	165
17) Балқаш қаласы: «Ұлттық мектеп лигасы» футбол	2740
18) Балқаш қаласы: Ұлттық мектеп лигасы Тоғызқұмалақ спорттық сайыс	1445
19) Балқаш қаласы: Ұлттық мектеп лигасы «Үстел теннисі»	1734
20) Балқаш қаласы: Ұлттық мектеп лигасы Баскетбол	2845
20) Балқаш қаласы: Айтыс «Наурыз жаңару мен жаңғыру символы»	70
21) Балқаш қаласы: Пікірсайыс «Ерекше микс»	115
22) Балқаш қаласы: Семинар-тренинг «Үйренейік, ізденейік жас маман»	120

23) Балқаш қаласы: Әскери патриоттық саптық жиын «Ұлт батыры – батыр Бауыржан»	200
24) Балқаш қаласы: Қалалық семинар «Әке жолы ізгі жол»	70
25) Бұқар жырау ауданы «Білім берудің маңызды құндылықтары» семинар	167
26) «Ән керуен» конкурс	50
27) «Ән домбыра» конкурс	30
Мектеп деңгейінде	
Іс-шаралардың атаулары (кімдер және қанша білім алушы қатысты?):	
1) «Бұрымды қыз» байқау	92
2) «Ең үздік ұлттық киім» байқауы	625
3) «Құндылыққа негізделген отбасы тәрбиесі»	3500
4) Отбасы -тәрбиенің алтын бесігі спорттық іс-шара	880
5) Ұлттық сезім, Ұлттық мәдениет, ұлттық киім флешмоб	2823
6) Ұлттық ойын –ұлт қазынасы –ойын-сауық іс шарасы	2885
7) Тілім менің тірегім –мәнерлеп оқу	280
8) Ұлттық үстел үсті ойындары	1680
9) Ұлттық мәдениет көрмесі «Қолөнер – мол өнер»	68
	мектеп 2135- оқушы
10) Акция «Dosbollike»	683
11) “Наурыз”	683
12) Экологиялық акция «Киелі мекені» Таза Қазақстан	357
13) Мероприятия «День благодарности - день торжества мира и согласия»	100
14) Спортивные эстафеты «Вперед к победе!»	45
15) «Казахстан - единая земля, елиный народ, единое будущее»	130
16) Акция «Dosbollike»	4890
17) «Менің елім-менің Қазақстаным!» сыныптан тыс іс-шара	350
18) «Әке жолы-ізгі жол» Ұлағат әкелер мектебі жобасы аясында айлық	11500
19) «Шахмат сыныбының» ашылу салтанаты	452
20) 12 мамыр «Аналар күні» сыныптан тыс іс-шара, сынып сағаттары	9800
21) «Бір шаңырақ астында» сынып сағаттары	17000
22) «Ұлттық рух- тәуелсіздік тірегі» салтанатты жиындар	170000
23) «Әке көрген оқ жонар...» кездесу	320
24) «Күш атасын танымас» форум	78

Облыс бойынша барлық білім ұйымдарында 348 әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу барысында оқу жылы бойынша 5000 астам іс-шаралар жүзеге асырылып, 170000 мектеп оқушылары мен педагогтері қамтылды.

Ол: «Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім» форумы, «Ұрпақтар сабақтастығы» фестивалі, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы. Құндылықтар және оны іске асыру жолдары» облыстық педагогтер конференциясы, «Балалар кітапханасы» жобасы аясында қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай 7-8 сынып оқушылары арасында кітапханалық сабақтары,

Әкелер мектебі жобасы аясында ақын Мақсат Ақановпен кездесулер, «Ұлттық тағамдар» күніне орай «Ұмыт болған ұлттық тағам» тақырыбында 1-7 сынып оқушыларының ата-аналары арасында фестивальдер, «Таңғажайып театр» кино актері, режиссер Шәкен аймановтың туғанына 110 жыл толуына орай қалалық байқаулар, «Ұлттық рух- тәуелсіздік тірегі» салтанатты жиындар.

Өңір мектептерінде өткізілген челленджер: «Домбыра» челленджі 15000 мың оқушы қамтылды, «Асық ату» челлендж 150 000 мың оқушы қамтылды.

2023-2024 оқу жылы қорытындысы бойынша облыстық жұмыс тобымен 300 астам сынып сағаттарының сабақ жоспары әзірленіп мектептерге ұсынылды. Олар кешенді жоспарда белгіленген атаулы күндерге сабақтастырылып жасалды. Сынып сағаттары өңірдің барлық мектептерінің сабақ кестесіне тұрақты енгізілді.

Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім» облыстық форумы аясында «Мейірім» аналар мектебі жобасы бойынша облысымыздың барлық мектептерінде 350-ге жуық түрлі іс-шаралар (сынып сағаттары, кездесулер, шеберлік сағаттары, интеллектуалды ойындар және ашық есік күндері) ұйымдастырылып өткізілді.

Сонымен қатар Қарағанды облысының мектептерінде «Өмірі-өнеге, өнері-мұра», «Бақыт мекені» аналар мектебінің «Ұлттық дәстүрді ұлықтаған аналар», «Ана тәрбиесі-қыз бала мінезінің іргетасы» атты ашық есік күндері өтті.

«Ұстазыммен бірге зерттеймін» жобасы аясында «Қазақтың дүниетанымының шыңы - киіз үй», «Қазақ халқының оюларының қыр-сыры» жобаларын қорғалды. «Киіз үй этноконструкторын құрастыру» бойынша Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы тренинг өткізді.

Шығармашылық шеберхана алаңы шеберлердің басшылығымен келген қонақтар қолөнер бұйымдарын өз қолдарымен жасап көре алатын аймаққа айналды. Онда ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Даналық мектебі», «Мейірім» клубы, «Фибрат» әжелер клубы, «Өсиет» аталар клубы, «AQNIET» ұлттық мұраны дәріптеу қоғамдық орталығының шеберлік сағаты көрсетілді. Жалпы 15 000 астам білім алушылар мен ата-аналар қамтылды.

Ашық күн аясында «Ана тәрбиесі-қыз бала мінезінің іргетасы», шеберлік сағаты, «Қыз еркем-анасымен көркем» танымдық ойыны, «Қыз бала денсаулығы-қоғам саулығы» спорттық жаттығулар, «Қыз еркем-іскерлігімен көркем» робототехника шеберлік сағаттарын көрсетті.

Халықаралық қоршаған ортаны қорғау күні «Таза Қазақстан» акциясы аясында Қарағанды облысының білім басқармасы мен Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 500-ен астам қатысушыны қамтыған «ЭкоFEST» облыстық отбасы фестивалі өткізілді.

Фестиваль ЭКОорта, ЭКОағарту, ЭКОүй, ЭКОденсаулық, ЭКОтамақтану, ЭКОкосметика, ЭКОсән, ЭКОбаспасөз, ЭКОжәрмеңке, ВЕРМИФЕРМА, ЭКОәлемге алғашқы қадам 11 алаң жұмыс жасады.

Фестивальге барлығы 63 білім беру ұйымы қамтылды. Оның ішінде 14 білім беру ұйымы «Eko-Bolashak» экологиялық сынып жобасына енген пилоттық мектептер.

Білім беру ұйымдарында мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен облысымыздың 384 мектебінде 2250 бірлескен іс-шаралар өткізілді.

- Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлескен шаралар – 789

- Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулары – 407

- Денсаулық сақтау саласының мамандарымен бірлескен шара – 480

- Ішкі саясат қызметкерлерімен бірлескен шаралар – 218

- Сыбайлас жемқорлық агенттігі қызметкерлерімен бірлескен шаралар – 356.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда туындаған мәселелер:

- Мұғалімдер, ата-аналар және балалар арасындағы өзара әрекеттестіктің болмауы кейбір аудандарда тәрбие жұмысын ұйымдастыруда кедергілер тудыруы.

- Мұғалімдерге сапалы білім беру іс-шараларын жоспарлау және жүзеге асыру үшін уақыт жетіспеуі.

Қиындықтарды шешудің жолдары:

- Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай психологиялық қолдаулар көрсету;

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын тиімді насихаттау;

- Еліміздің әлеуметтік- экономикалық дамуына үлес қосу;

- Базалық құндылықтарға негізделген сабақтар енгізу;

- Мұғалімдерге арналған құндылыққа негізделген семинарлар, тренинг, коучингтер өткізу;

- Құндылыққа негізделген әдістемелік құралдар, әзірлемелер дайындау.

Қостанай облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қостанай облысының білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» кешенді білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Әрбір білім беру ұйымы тәрбие жұмысының негізгі құндылықтарын (Ұлттық мүдде, Ар – ұят, Талап) және Оқу-ағарту Министрлігі әзірлеген Кешенді жоспардың ұсыныстарын ескере отырып, 2023–2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарларын әзірледі. Білім беру ұйымдарында бағдарлама:

білім беру пәндерінің мазмұны; сынып сағаттары; сыныптан тыс жұмыстар және қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер); отбасымен ынтымақтастық; үкіметтік емес ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы жаңа ұлттық идея – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына негізделді. Бағдарламада мақсаттар, міндеттер және күтілетін нәтижелер көрсетілген. Бағдарламаның стратегиялық мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Бағдарлама үш құндылыққа негізделген: Ұлттық мүдде, Ар-ождан, Талап.

Мақсаты:

- Қостанай облысының білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізудің ағымдағы жай-күйін бағалау;
- қызмет нәтижелерін және бағдарламаны іске асырудың әсерін талдау;
- проблемалық аймақтарды анықтау және қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін бағдарламаны болашақта іске асыруға бағытталған ұсыныстар.

Міндеттері:

- облыстың білім беру ұйымдарында бағдарламаны іске асыру туралы деректерді жүйелеу;
- тенденциялар мен заңдылықтарды анықтау үшін ақпаратқа сапалы және сандық талдау жүргізу;
- жақсарту бойынша ұсыныстармен мониторинг нәтижелері бойынша қорытынды есептерді қалыптастыру;
- бағдарламаға енгізілген тәрбие мен оқыту әдістемелерін оңтайландыру есебінен білім беру үдерісінің нәтижелерін жақсарту;
- алынған деректер мен ұсынымдар негізінде бағдарламаның мазмұны мен әдістерін өзектендіру;
- педагогтердің кәсіби дамуын қоса алғанда, білім беру ұйымдарында бағдарламаны тиімді іске асыруға ықпал ететін жағдайларды қалыптастыру;
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында белгіленген қағидаттар негізінде білім алушылардың жеке басының үйлесімді дамуына ықпал ететін тұрақты нәтижелерді қамтамасыз ету.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында:

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы облыстың білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша кешенді шаралар қабылдады.

Осылайша, 2023 жылдың тамыз айында (24-28 тамыз) қалалар мен аудандардың білім бөлімдерінің әдіскерлеріне, мектеп және колледж директорларының орынбасарлары үшін Қостанай, Арқалық, Лисаков қалаларында (қамту – 507 мұғалім) өңірлік оқыту семинарлары өткізілді. Негізгі тренерлер Астана қаласында өткен 2 күндік республикалық семинарда білім алған білім бөлімінің мамандары, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары болды (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды).



Сурет 46. Оқыту семинарларының нәтижесі

Жаңа тәрбие беру бағдарламасын және 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктерін түсіндіру (педагогикалық ұжымды ақпараттандыру) мәселесі педагогикалық кеңес отырысында және ата-аналар жиналысында *(әр сыныпта)* қаралды.

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын жоспарлау бойынша білім бөлімдерінің әдіскерлері, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен жұмыс кеңесі өткізілді.

Өңірлерде өңірлік ерекшеліктерді, дәстүрлі іс-шараларды және сындарлы мектеп жобаларын ескере отырып, тәрбие жұмысының жоспарын әзірлеу үшін жедел түрде өңірлік шығармашылық топтар құрылды.

Жоспар *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы») № 130 бұйрығына сәйкес бірыңғай жоспар кестесінің негізінде әзірленді.*

Тәрбие жұмысының жоспарына сынып сағаттары, мүдделі мемлекеттік органдармен, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, профилактикалық іс-шаралар *(аутодеструктивті мінез-құлық, жағымсыз құбылыстар: вейптер, электронды темекі, құмар және компьютерлік ойындар және т.б қылмыстың алдын ал)* кіреді.

Тәрбие бағдарламасының жергілікті жерлерде сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында білім басқармасының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру туралы *(Біртұтас тәрбие бағдарламасы) № 527 бұйрығы шығып, әр өңірде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әдіскерлер арасынан үйлестірушілер анықталды.*

Осыған сәйкес, барлық қалалар мен аудандардың білім бөлімдері мен білім беру ұйымдарында осындай бұйрықтар шығарылды.

Тәрбие іс-шаралары әр айдың тақырыбына сәйкес жоспарланған және оқушыларда нақты анықталған құндылықтарды дамытуға бағытталған.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мерейтойларға, «Төрт тоқсан – төрт өнер», «Тоғыз ай – тоғыз іс-шара» тұжырымдамасы аясындағы іс-шараларға, «Өр талапты, озық ойлы ұлан», «Еңбегі адал жас өрен», «Ұрпаққа аманат», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы» жобаларына ерекше көңіл бөлінген.

Жобалар	«Өр талапты, озық ойлы ұлан» «Еңбегі адал жас өрен» «Ұрпаққа аманат» «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» «Ұлттық мектеп лигасы»
---------	---

Анықтама үшін: қыркүйек – білім айы, қазан – «Алаш» партиясының қайраткерлерін ұлықтау айы, қараша – поэзия айы; желтоқсан – «Қазақстан – Ұлы Дала елі», қаңтар – ұлттық код айы; ақпан – әдеби оқуға құмарлықтың айы; наурыз – ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін ай, сәуір – экологиялық мәдениет айы, мамыр – бейбітшілік пен келісім айы.

Кесте -35

№	Мерзімі	Іс-шаралар
1	қыркүйек	Білім айы
2	қазан	«Алаш» партиясының қайраткерлерін ұлықтау айы
3	қараша	Поэзия айы
4	желтоқсан	«Қазақстан – Ұлы Дала елі»
5	қаңтар	Ұлттық код айы
6	ақпан	Әдеби оқуға құмарлықтың айы
7	наурыз	Ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін айы
8	сәуір	Экологиялық мәдениет айы
9	мамыр	Бейбітшілік пен келісім айы


Тәрбие жұмысы аясында Білім күніне «Мектеп – Мейірім мекені» Қарттар күні мен «Тілдер күніне, «Халық мұрасын, қазақ тілін ұлықтау» Отбасы күніне «Отбасы – Бақыт мекені», Қазақстан Республикасының күніне «Отаным менің-Қазақстан!», Ұстаздар күніне «Ұстаз! «Сіздің алдыңызда...»,

«Спорттық ойындар күні», «Сергіту сәті», «Әнұран орындау», «Асық ату» челленджері, «Ақындар айтысы» және т.б іс-шаралар өткізілді.

Мысалы, 2023 жылдың қазан айында «Ақындар айтысы» облыстық фестивалі, қараша айында мектепке дейінгі ұйымдар арасында асық атудан облыстық балалар байқауы (*облыстың 8 өңірінен 42 бала*) өтті.

Осындай жұмыстар ТЖКБ білім беру ұйымдарында да жүргізілуде. Осылайша, «Инновациялық білім» зияткерлік орталығы» ҚҚ Федоров ауылшаруашылық колледжінің студенттері үшін құндылықтар мен адалдықты насихаттау бойынша тренинг өткізілді (*95 студент*).

Колледж студенттері «Білімге, еңбекке және патриоттыққа ұмтылу» акциясына қатысты (535 адам).



Сурет 47. Іс-шараларға қатысу көрсеткісі

Ш. Құдайбердиевтің туғанына 165 жыл толуына орай «Оқитын колледж» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында «Оқитын көшбасшысы» викторинасы өткізілді.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында Жітіқара политехникалық колледжінің студенттеріне Өрт сөндіру бөліміне экскурсия ұйымдастырылды. Студенттер техникалық құрал-жабдықтармен, қорғаныс құралдарымен, өрт қауіпсіздігі шараларымен танысып, ӨСБ-5 қарауыл бөлімінің басшысы, өртке қарсы қызмет капитаны Иманбаев Мақсұт Сансызбайұлының 2015 ж ерлік ісімен танысты.

Атқарылған жұмыстың нәтижесі ұйымдардың тәрбие жұмысының жүйесін көрсететін бейнероликтері болды (*әлеуметтік желілерде жарияланып, тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментіне жолданды*).

Өткізіліп жатқан оқу- тәрбие іс- шаралары туралы материалдар, мақалалар баспа басылымдарында да жарияланды (*«Ура скоро в школу!», «Не допустить беды», «Саламаттылық – салтымыз», «Айтыс өнерінің ерекшелігі», «Жоба жәнімпаздары Астанада», «Семья и школа – партнеры», «Заменим вредные пакеты», «Празднично, ярко и позитивно» и др.*).


Барлық өткізіліп жатқан іс-шаралар білім беру ұйымдарының сайттарында, әлеуметтік желілерде #бір тұтас_тәрбие. хэштегімен логотип арқылы жарияланады.

Біртұтас тәрбие білім беру бағдарламасы аясында облыстағы 391 мектепте (*мектеп басшыларының бұйрықтарымен*) отбасы клубтары / Даналық мектебі, Әкелер, аналар, әжелер, ақсақалдар кеңесі мен ата-аналар бірлестіктерінің басқа да атқаратын қызметін қоса есепке алатын, облыстық «Үндестік» жобасы аясында іс-шаралар өткізетін (*мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа формалары*) ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары құрылды.

Биылғы жылы ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтарының қызметі аясында барлығы 7 733 іс-шара (201 074 адам) өткізілді.

Мәселен, «Даналық мектебі» аясында биыл облыстағы жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың ата-аналарына 2558 сабақ өткізіліп, 45530 ата-ана қамтылды.

Облыстың білім беру ұйымдарында 119 «Әкелер мектебі» (1058 адам), 140 «Аналар кеңесі» (1473 адам), 265 «Ата-аналар кеңесі» (2416 адам), 346 «Отбасы клубы» (8605 адам) жұмыс істейді.



Сурет 48. Іс-шараларға қатысу көрсеткіш деңгейі

Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, балаларға біртұтас тәрбиелік ықпал етуді қалыптастыру мақсатында «Үндестік» өңірлік жобасын іске асыру (2021 жылдан бастап) жалғасып, оның аясында 52 320 мыңнан астам өткізілген іс-шарада 128 мыңнан астам ата-ана қамтылды, оның ішінде ата-аналардың бастамасымен – 9676 іс-шара өтті.

Сондай-ақ, Қостанай ауданы білім беру ұйымдарындағы «Әже мектебі» (барлығы – 20, қамту – 70 әже), Қамысты ауданында – Ақсақалдар кеңесі (5 адам), Ағалар кеңесінде (5 адам) Жітіқара ауданы (Абай атындағы МЛ) «Әжелер университеттері» жобасын жүзеге асырылғанын атап өткен орынды.



Сурет- 49. Іс-шараларға қатысу көрсеткіші

Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту мақсатында «Сенімен болашақ» республикалық бірлестігінің филиалымен меморандум аясында ынтымақтастық жалғасты (облыстың 20 өңірінде ата-аналар қоғамдастығымен жергілікті жерде кездесулер, психологиялық-ағартушылық тренингтер өткізілді).

2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылған жобалар:

«Балалар және театр», «9 айға -9 іс-шара», «Төрт тоқсан – төрт өнер»,

«Батыр партасы», «Пікірталас қозғалысы», «Мектеп парламенті»,

«Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Ұрпаққа аманат» және басқа да өңірлік жобалар.

Балалардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, азаматтық пен патриоттыққа ерте жастан тәрбиелеу мақсатында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы жүзеге асырылуда. Данышпан Әл-Фарабидің «Ақи немес жомарттық», «Алып Ер Тоңға», Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік», Яссауидің «Хал», Абай Құнанбаевтың «Толық адам», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар-Ұждан» шығармалары мен қатар басқа да қазақ халқының ағартушыларының еңбектері тәрбиеленушілердің бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталып, оқушылардың қоғам мен ата-ана алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы ұлттың сапалы болашағын қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның салауатты өмір салты мәдениетін арттыру, дене шынықтыруды кеңінен насихаттау мақсатында жүзеге асырылуда.

Жоба аясында келесі міндеттер орындалады:

- оқушыларды дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту;

- тәрбиеленушілер арасында бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттау, спорттағы дарынды балаларды анықтау.

- қазақтың белгілі ақындарының бірі, фольклортанушы, ғалым, Алаш жұртының даңқты ұлы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Денсаулықтың 6 күйі» (таза ауа, дұрыс тамақтану, қимыл-қозғалыс, тыныш ұйқы, жақсы көңіл-күй, күйзелістің болмауы) қағидасын сақтау бойынша әдістемелік нұсқауларды қолдану.

Мектепке дейінгі, негізгі орта және қосымша білім беруді ұйымдастырудың оқу үдерісіне «Төрт тоқсан – төрт өнер», «9 айға – 9 іс-шара» республикалық жобалары енгізілді. Бұл жобалардың барлық іс-шаралары біртұтас тәрбиені қамтамасыз етуге бағытталған. Ұлттық құндылықтарға негізделген.

Тәрбие үрдісіне. «Төрт тоқсан – төрт өнер», «Тоғыз айға-тоғыз іс-шара» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының тұжырымдамасы тоқсандық, айлық тақырыпты қамтыған. Мұндай жүйелі көзқарас тәрбие процесін мақсатқа сай, ең бастысы, нәтижелі етеді.

«Төрт тоқсан–төрт өнер» ұлттық-мәдени-ағартушылық жобасы аясында 1 тоқсанда «Ақындар айтысы» атты жыр мүшәйрасы өткізілді. Айтысқа 9

мектептен 16 оқушы қатысты (К. Каримов атындағы Айсары жббм, Н.Наушабаев атындағы МГ, Қостомар ауылындағы ЖББМ, мемлекеттік тілде оқытатын Заречный жббм, №1 №2 Жданов ЖББМ).

2-тоқсанда оқушылардың қазақ халқының тарихи-мәдени мұраларына құрметпен қарауды дамыту, батылдыққа, төзімділікке, ептілікке, қырағылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында «Алтын сақа» олимпиадасы өткізілді. Мектептердің дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, Балалар шығармашылық үйінің қосымша білім беру мұғалімі – Ахметова Жаңыл Смайылқызы асықпен ұлттық ойындар өткізді. Ұлттық ойындар атауы : бес табан, бес асық, бестас, мергендік немсе шеңбер жасап ату, хан талапай, асық қағу, хан ойыны, аламан хан, асық табысу (асық жасыру). (1-11 сыныптар), қамту: 7 мың бала;

Үшінші тоқсанда барлық білім беру ұйымдарында «Ұлттық өнер» көрмесі ұйымдастырылды. Орта және жоғары сынып оқушылары 1120-дан астам жұмыс әзірледі.

- «9 айға - 9 іс-шара» республикалық челленджінде тоғыз айғы оқу айында мектеп оқушылары тоғыз түрлі іс-шараға қатысты. Бағдарламаны жүзеге асыру аясында білім беру ұйымдарында ізгілік, намыс, ар-ождан, ізеттілік, жауапкершілік, ұлттық игілікті сақтауға ұмтылу, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты қасиеттерді дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілуде. Бағдарламаны жүзеге асыру аясында білім беру ұйымдарында ізгілік, намыс, ар-ождан, ізеттілік, жауапкершілік, ұлттық игілікті сақтауға ұмтылу, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты қасиеттерді дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілуде.

- «Жеткіншектің жеті жарғысы» білім беру жобасы аясында оқушылардың Қазақстан Республикасының қалыптасу жолы туралы білімдерін байыту, азаматтық және патриоттық сезімдерін ояту мақсатында ауданның барлық мектептерінде Қазақстан Республикасының күніне орай «Отаным менің-Қазақстан!» атты іс-шара өткізілді.

Қыркүйекте мектептерде (1-11 сыныптар) «Назар аударыңыз, балалар!» атты профилактикалық акциясы мен жол қозғалысы ережелеріне, балалардың жол-көлік жарақатының алдын алуға және жолда қауіпсіз мінез-құлықты насихаттауға арналған сабақтар өтті.

Қостанай облысының полиция департаменті синтетикалық есірткінің жаңа түрлерін қолданудың алғашқы белгілері мен салдары туралы ақпараттандыру мақсатында ата-аналар жиналысын ұйымдастырды. Ата-аналар жиналысының басты мақсаты – балалар мен жастар арасында нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау. Қамту: 13360 адам;

2024 жылдың 23 қаңтарында Қостанай қаласының Шығармашылық үйінде Қостанай ауданы білім беру ұйымының Мектеп парламенті фракциясының Төтенше жағдайлар министрлерінің ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі комитетінің төрағасы, полковник Р.Ф. Камаловпен кездесу өтті.

«Ұмтылу» құндылығы бойынша келесі іс-шаралар өткізілді: мектептерде оқушылар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында әр сейсенбі сайын Құқықтық оқыту, «Менің елім және менің құқығым»,

«Құқықтық мамандығы» Заңға қосқан үлесім» сынып сағаттары өткізіледі. », «(5-11 сынып),

-оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда: «Таза аула», «Жасыл мектеп»). «Біртұтас тәрбие беру бағдарламасын» (#БІРТҰТАС ТӘРБИЕ) жүзеге асыру бойынша барлық іс-шаралар әлеуметтік желілердегі парақшаларда жүйелі түрде жарияланады.

«Аграрлық кәсіптерге шолу» Агро студия жобасын жүзеге асыру

Қостанай облысы үшін тәрбиеленушілерге агротехнологиялық бағыттағы мамандықтарды таңдауға ынталандыру өзекті мәселе болып табылады. Себебі, облыс ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын дамытумен және дәнді дақылдарды өсірумен айналысады.

Дегенменде, өмір көрсетіп отырғандай, ауыл мектептеріндегі оқушылардың ауылда жұмыс істеуге деген ынтасы төмен, ауылшаруашылық мамандықтарын сирек таңдап, туып-өскен шағын Отанына оралуды қаламайды. Бастамашыл, еңбекқор, туған жерін сүйетін, өз өмірін өзгертуге дайын адамдарды тәрбиелеу үшін мектебімізде баланың өз өлкесін танып-білуіне, ауыл шаруашылығының ерекшеліктерін зерделеп, болашақ мамандығын таңдаудың негізін танып білу үшін тәжірибелік-бағдарлы оқыту үрдісі жүргізіледі. Мектеп оқушыларына арналған ерте кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты:

- тәрбиеленушілердің кәсіптік-кәсіпкерлік құзіреттілікті қалыптастыру, ауыл жағдайында өзін-өзі жүзеге асыруға мотивация беру, ауылдағы жастарды ауылда тұрақтап қалуға ниеттендіру;

- тәрбиеленушілердің саналы түрде кәсіп, мамандық таңдауға, үздіксіз білім алуға және өнімді еңбек етуге дайындау;

- оқу және сыныптан тыс жұмыстарды ұштастыру арқылы үздіксіз агрономиялық білім беру жүйесін құру.

Агростудия «Аграрлық кәсіптерге шолу» инновациялық жобасы тәрбиеленушілердің агроөнеркәсіптік кешендегі «беделділігі төмен» мамандықтарға деген ынтасын арттыру және ынталандыру арқылы тұлғаны дамытуға бағытталған.

Жоба үйлестірушілері: А.В. Прокоп ҚОӘББ «Қарасу ауданы білім бөлімінің Люблин жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры, А. И. Матвеева ҚОӘББ «Қарасу ауданы білім бөлімінің Люблин жалпы білім беретін мектебі» КММ директорының орынбасары .

Өзекті мәселе: мектеп бітірушілерінің ауылшаруашылық білімімен байланысты «беделділігі төмен» мамандықтарды игеруге деген мотивациясының төмендігі.

2023-2024 оқу жылында ҚР Білім министрлігі мүдделі органдармен бірге кешенді жоспарды іске асыру бойынша тәрбие беру бағдарламасы әзірленді. (сынып сағаттар, ата- аналар жиналысы, сыныптан тыс іс- шаралар).

Осыған орай білім беру мекемелеріне мемлекеттік мүдделі органдармен ынтымақтастықты орнату туралы 27.09.2023 жылғы № 01-12-1329 хат жолданды.

Жастар ресурстық орталығымен ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде ынтымақтастық орнатылған. Сонымен қатар іс-шараларды (тақырыбына сай келісім бойынша) Жастар ресурстық орталығының мамандары тәрбие жоспарына сай «Біртұтас тәрбие» (мүдделі органдармен бірлескен іс-шаралар) бағдарламасына тартылған.

2023 жылдың тамыз айында (24-28 тамыз аралығында) қала және аудан білім бөлімінің әдіскерлеріне, мектеп және колледж директорларының орынбасарларына бұталық оқыту семинарлары (қамтылуы - 507 педагог) өткізілді.

Негізгі жаттықтырушылар ретінде Астана қаласындағы 2 күндік республикалық семинарда білім алған білім бөлімінің мамандары, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары болды (*ҚР Білім министрлігінің алғыс хаттарымен марапатталды*).

«Біртұтас тәрбие» беру бағдарламасын түсіндіру және тәрбие жұмысының ерекшеліктерін 2023-2024 оқу жылында (*педагогикалық ұжымды ақпараттандыру*) педагогикалық кеңестерде, ата-аналар жиналыстарында (*әрбір сыныпта*) қарастырылды.

Мынадай ұсыныстар берілді: 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының жоспарын әзірлеуде Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 «Мектепалды тәрбие беру мен білім беру, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім және олардың түрлері» (жоспар түрлері) және құжаттар тізбегін бекіту туралы» бұйрығына және 2023-2024 оқу жылында тәрбие бағдарламасын Кешенді жоспарының мазмұнын іске асыруда негізделу қажет (сынып сағаттар, ата-аналар жиналысы, сыныптан тыс іс-шаралар және т.б.).

ТиППО жүйесіндегі директорлардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына бірыңғай тәрбие бағдарламасын енгізудің үздік тәжірибелері 2024 жылдың мамыр айында облыстық семинарда ұсынылды.

Қорытынды және ұсыныстар

1. Тәрбиеге біртұтас көзқарас білім беру және тәрбие процестерін біріктіру қажеттілігін анықтады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылықтар мен моральдық стандарттарды оқытудың тәсілдерін жүйелеуге және бір жүйеге келтіруге мүмкіндік береді.

2. Бағдарламаны іске асыру мемлекеттік органдардан нақты қолдауды, оның ішінде қаржыландыруды, кадрлық қамтамасыз етуді және қажетті әдістемелік материалдарды әзірлеуді талап етеді.

3. Бағдарламада бірлік пен татулық сезімін нығайтып, түрлі этностардың алуан түрлілігін және олардың дәстүрлерін құрметтей отырып, Қазақстанның мәдени және ұлттық ерекшеліктерін ескеруі қажет.

4. Тәрбиеленушілердің өздері үшін де, қоғам үшін де жауапкершілігін дамыту маңызды. Бұл азаматтық сана мен патриотизмді дамытуға көмектеседі.

Ұсыныстар:

Әдістемелік ұсыныстар әзірлеу. Бағдарламаны жүзеге асыруға және білім беру компоненттерін оқу үдерісіне кіріктіруге көмектесетін мұғалімдерге арналған егжей-тегжейлі әдістемелік материалдарды әзірлеу.

Педагогтердің біліктілігін арттыру. Педагогтерді оқытудың жана тәсілдері мен әдістерімен таныстыру мақсатында олардың біліктілігін арттыру курстарын, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру.

Ата-ана мен қоғамның ынтымақтастығының орнауы. Бағдарламаны жүзеге асыруды талқылауға және қолдау көрсетуге қатысатын белсенді ата-аналар және қоғамдастық комитеттерін құру.

Мониторинг жүйесін құру. Мектептерде бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалау жүйесін әзірлеу, оның ішінде оқушылар мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізу, сондай-ақ оқу жетістіктерінің нәтижелерін талдау.

Волонтерлік бастамаларды біріктіру. Білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілік пен қоғам өміріне белсенді қатысуды дамытуға бағытталған волонтерлік жобаларға қатысуға қолдау және көмек көрсету.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтары туралы халықты ақпараттандыруға бағытталған науқандарды өткізу, бұл үдеріске қызығушылық пен қатысуды арттыруға көмектеседі.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру білім беру процесінің барлық қатысушыларының кешенді көзқарасын және сенімді өзара әрекетін талап етеді. Бұл білім алушыларға қажетті дағдылар мен құндылықтарды дамытуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар қоғамдағы бірлік пен өзара түсіністікті нығайтуға көмектеседі.

Қызылорда облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Қызылорда облысы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасын білім беру ұйымдарында жүзеге асырылу бағытына сараптама жүргізу.

Міндеттері:

1. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын құндылықтар негізінде ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерделеу;
2. Ата-аналарды педагогикалық сүйемелдеу бағытында орталық жұмысын жүйелеу;
3. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асырылуын талдау;

Күтілетін нәтиже:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнын меңгеру арқылы енгізу алгоритмі, бағдарлама мазмұнына сай білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнындағы өзгерістер мен тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, құндылықтар жүйесі, әлеуметтік жобалармен жұмыс жасау тәсілдемелерін меңгереді, жүзеге асырады.

2023-2024 оқу жылы Қызылорда облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы ақпарат

Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс.

Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

2023-2024 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жана оқу жылының өзекті жаңалығы болып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғ. Бейсембаевтың 2023 жылдың 19 қыркүйегіндегі № 294 бұйрығына сәйкес Қызылорда облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламаға негізделген жылдық кешенді жоспар жасалып, өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, облыс көлемінде ақпараттандырылып, таратылды.

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажеттілігіне басымдық береді.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;
- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

1. Оқу пәндері шеңберінде:

– сабақ тақырыбының тәрбиелік мәнін ескеру және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

– бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлау мен өткізуде ортақ тақырыптардың әлеуетін ескеру;

– орта және жоғары сыныптарда пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға назар аудару қажет.

Орталық қызметкерлері облыс көлемінде оқыту семинарларын өткізіп, бағдарламаның мазмұны, нақты іске асыру тетіктері, орындау алгоритмдері жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқыту семинарларының мақсаты - білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының беталысын түсіндіру, құндылықтар негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерін нақтылау, білім алушылардың бойында құндылықтарды пәндік мазмұн, сынып сағаттары мен сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы дарытудың әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Білім беру ұйымдарында ұлттық тәрбиені насихаттау, ұлттық құндылықтардың тәрбие тұжырымдамасына енгізу бағытында Қызылорда облысының білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығы, қосымша білім беру бөлімі ұйымдастырған жұмыс тобы облыстың барлық өңірлерінде (қала, 7 аудан бойынша) ақпараттық-танымдық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мақсат – білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының беталысын түсіндіру,

құндылықтар негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерін нақтылау, білім алушылардың бойында құндылықтарды пәндік мазмұн, сынып сағаттары мен сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы дарытудың әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Облыс көлемінде семинарға орта білім беру ұйымдары мен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің қалалық, аудандық білім бөлімінің өкілдері, тәрбие орынбасарлары, тәлімгерлер, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагогтар қатысты. Жалпы облыс көлемінде 1930 педагог қамтылды.

Қызылорда облысы бойынша арнайы сертификатталған әдістемелік орталық мамандары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жолдары» тақырыбы бойынша 8 академиялық сағатқа сынып жетекшілерінің біліктілігін арттыру семинары ұйымдастырылды. Семинарда өңірлерден 150 сынып жетекшісіне біліктілік арттыру курсына қатысқандығын растайтын арнайы сертификаттар берілді.

Қосымша білім беруді ұйымдастыру, үйлестіру бағытында облыс көлемінде «Төрт тоқсан төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында облыс көлемінде әрбір тоқсанға іс-шаралар жоспары әзірленіп, тиісті іс-шаралар жүргізілді. Орталықтың бөлім басшылары, әдіскерлері Республикалық вебинарларға тұрақты қатысып, іс-тәжірибесімен бөлісті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспарының» орындалуы бойынша орта білім, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында арнайы бұйрыққа сәйкес облыс көлемінде зерделеу жұмыстары жүргізіліп, әдістемелік көмек, педагогикалық сүйемелдеу бағытында қолдау көрсетілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы «Төрт тоқсан - төрт өнер» , «Тоғыз айға-тоғыз іс-шара» жобалары аясында облыстық іс-шаралар жоспары жасалып, семинарлар, форум, практикумдер, әдістемелік көпір өткізілді.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Мектеп/Студенттік Парламент», «Оқуға құштар мектеп/колледж», «Дебат», «Мектеп театры» жобалары бойынша бұйрықтар шығып, жылдық жұмыс жоспарына сай атаулы күндер, іс-шаралар, кездесу, вебинарлар, семинарлар өткізілді.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатындағы жалпы білім беретін мектептерінде балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері бөліміне сәйкес «Мектеп театры» жобасы бойынша білім алушылармен жұмыста театрландырылған қойылым түрлерін жасау барысында әдебиет пен өнердің түрлері, жанрларының мазмұндылығы ескеру қажеттілігіне баса назар аударылған. Белгіленген атаулы күндер аясында қазақ халқының белгілі тұлғаларының өмірін, шығармаларын насихаттау арқылы білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, тәжірибе алмасуда қызықты, тың идеялармен бөлісу мақсатында «Мектеп театры» жобасы бойынша ted talks алаңы ұйымдастырылды. Шараға облыс көлемінде орта білім беру ұйымдары бойынша «Мектеп театры»

жобасының мүшелері, жетекшілері қатысты. Жалпы 586 жоба жетекшілері, 964 білім алушылар қамтылды.

Ағымдағы жылдың 4-5 сәуір күндері Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен мектептегі өзін-өзі басқару көшбасшыларының республикалық слеті болып өтті. Мақсаты – мектептегі өзін-өзі басқаруды, балалар мен жастардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту, мектеп парламенттері көшбасшыларының оң имиджін қалыптастыру, тәжірибе алмасу үшін алаң құру, мектеп көшбасшыларын анықтау және көтермелеу. Делегация құрамында облыс бойынша мектеп белсенділері «Мектеп Парламентінің» Президенті, «Jas leader» академиясының мүшелері, «Төтенше жағдай» министрлері, «Жер елшілері», пікір-сайысшылардан құралған 8 оқушы болды. Білім алушылардың бағыттары бойынша жоба әзірленіп, Республика көлемінде қосымша білім беру бағыты бойынша іс-тәжірибемен бөлісті.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірленіп, барлық орта білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылып, жылдық жұмыс жоспары әзірленді. Жоспарға сай жалпы өңір бойынша 294 орта білім беру ұйымдарында мектепшілік бұйрық шығып, жауапты мамандар тұрақты түрде жұмыс жүргізуде. Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Республикалық вебинарларға тұрақты қатысып, іс-тәжірибемен бөлісудеміз. Жоспарға сәйкес ата-аналарды педагогикалық тұрғыдан сауаттандыру, ағартушылық бағытта дәрістер, лекторийлер жүйелі ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар, «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» АҚ-ы бірлесіп қазан-желтоқсан айлары аралығында білім беру ұйымдарының педагог-психологтері, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушылар, жалпы білім беретін мектептердің сынып жетекшілеріне (120 адам) Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу» және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына (269 адам) «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» тақырыптарында біліктілік арттыру курстары ұйымдастырылып, онлайн және офлайн форматта 1600 маман курстан өтті. Қазіргі таңда біліктілік арттыру курстары жалғасын табуда.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасына сәйкес:

1-4 сыныптар бойынша білім алушылардың ата -аналарына «Отбасы – бақыт бесігі», «Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу», «Білімдіге дүние жарық», «Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?», «Әрбір бала – жарық жұлдыз», «Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?», «Баланы жастан...», «Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?» тақырыбында дәріс сабақтар ұйымдастырылды.


5-9 сыныптар бойынша білім алушылардың ата -аналарына «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Позитивті тәрбие», «Ақыл айтпа, жол көрсет», «Жасөспірімнің бейімделуі», «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту», «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері» тақырыбында дәріс сабақтар ұйымдастырылды.

10-11 сыныптар бойынша білім алушылардың ата-аналарына «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...», «Көркем мінез – баға жетпес байлық», «Сен жанбасаң лапылдап...», «Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы», «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...», «Күйзелістен шығар жол» тақырыптарында түрлі бағыттар бойынша тәлімдік шаралар, дәріс сабақтар ұйымдастырылды.

Бірінші жартыжылдық бойынша ААПҚ орталықтары толық құрылып, жұмысшы топтары жасақталды. Орталық туралы ата-аналарға түсіндіру іс-шарасы өткізілді. Жалпы ұйымдастыру үйлестірушілік жұмыс бағыттарынан өзге 2312 сабақ жүргізілді.

Екінші жартыжылдық бойынша 4032 сабақ жүргізіліп, 24300 ата-ана қамтылды.

2023-2024 оқу жылында ата-аналардың қатысуымен барлығы 384 шара өткізілді. Оның ішінде 267-сі ата-аналарды қолдау орталығының жұмысы, 4 әкелер форумы, 15 шара даналық мектебі клубының жұмысы, 2 шара оқуға құштар отбасы, 37 тренинг бірінші және бесінші сынып оқушыларының ата-аналарымен бала бейімделуіне байланысты жұмыс, 10 семинар-практикум бітіруші түлектердің ата-аналарына психологиялық қолдау, 11 кездесу, 38 тренинг өгей ана, өгей әке отбасылармен әлеуметтік шара және 49 рет жалпы ата-аналармен кездесу өткізілді.



Сурет 50. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралар

Кәсіби ұстаздар күні мерекесі қарсаңында орталық мамандары «Ұстаз ұлағаты-жарқын болашақ» тақырыбында облыстық ұстаздар күнін ұйымдастыру және үйлестіру бойынша жұмыстар атқарып, өткізілді. Сонымен қатар облыс ардагерлерін марапаттауға арналған «Ғибраты мол ғұмыр» тақырыбында салтанатты шарасын облыстық кәсіподақ ұйымымен бірлесе ұйымдастырды.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің және облыстық білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығының

ұйымдастыруымен «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының ҮІ облыстық слеті болып өтті. Барлығы 686 оқушы қатысты.

2023 жылғы 27 қыркүйек күні «Ұлттық құндылықтар-тәрбие негізі» тақырыбында облыстық семинар өтті. Ұлттық ойындарымыз дәріптеліп, облыс көлемінде жүргізіліп жатқан жобалар таныстырылды.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында жылдық жоспарға сай барлық аудандарда облыстық форумдар ұйымдастырылды.

Облыс көлемінде орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріне 2023 жылдың 19 қыркүйегіндегі № 294 бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын», Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған әдістемелік-нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие концепциясы, тәрбие жұмысы жоспары, жобалар бойынша оқыту семинарлары ұйымдастырылып, бағыт-бағдар, әдістемелік ұсынымдар (*Қызылорда облысының «Тәрбие спорт және қосымша білім беру» орталығының 2023 жылдың 22 қыркүйегіндегі №45 хаты*), үлгілік жоспарлар жолданды. Сәйкесінше аталмыш мөлшерлік-нұсқаулық құжаттарды басшылыққа ала отырып іс-қағаздар (*бұйрықтар, жоспарлар, анықтама, есептер т.б*) зерделенді. Жалпы облыс көлемінде орын алған оққылықтардың аналитикалық есебі жасалып, арнайы облыстық алқа мәжілісінде талқыланды, хаттамалық тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар, 6-9 желтоқсан аралығында БҰҰ-ы Қазақстан Республикасы халық саласындағы кеңесі қорымен (UNFPA) бірлесіп Орта білім беру ұйымдары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен психологтеріне арналған 40 сағаттық семинар тренингке 28 адам қатысты.

Орталық мамандары облыс әкімінің қатысуымен «Қош келдің, Жаңа жыл!» балаларға арналған Президенттік шыршасын ұйымдастырып, өткізді. «Қош келдің, Жаңа жыл» атты Президент шыршасына аудандардан 200 бала шақырылды.

Ағымдағы жылдың 28 қыркүйек күні Қызылорда қаласы, №23 мектеп-лицей базасында «Дарынды бала – интеллектуалдық элитаны қалыптастырушы» тақырыбында облыстық шебер сынып сағатын өткізді. Шара мақсаты - педагогтарға дарынды балалармен жүргізілетін әдіс-тәсіл түрлерін меңгерту болды. Шараға облыс, қала мектептерінің ұстаздары қатыстырылды.

Облыстық «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығы орта білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың, құқық бұзушылыққа бейім, девиантты мінез-құлықты, мектепшілік есептегі оқушыларды қамти отырып 7-10 сыныптың оқушыларымен еркін форматта «TÄRBIE TALQY» АЛАҢЫ жоспарланып, кездесулер өткізілді. Жалпы облыс көлемінде ақпан айы бойынша аудандар көлемінде 1800 білім алушылармен, қала көлемінде наурыз айы бойынша 9 орта білім беру ұйымдары бойынша 1868 білім алушы, жалпы 3668 оқушы қамтылды.

Пікір алмасу барысында төмендегі тақырыптар аясында мәселелер өрбіді:

Тақырыптар	Формасы
Отбасы және отбасы құндылықтары	Өнеге сағат
Баланың дамуы және оған қоршаған ортаның ықпалы	Пікір алмасу
Мамандық таңдау – кәсіби бағдарды айқындау	Танымдық сағат
«Өмірдің мәні неде?» кері байланыс	Тренинг
Кәмелетке толмағандар арасындағы репродуктивті денсаулықтың маңызы	Ақпараттық сағат

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында» Балалардың әл-ауқатын арттыру Ұлттық ғылыми практикалық «Өркен» институтымен бірлесе отырып бала құқықтарын қорғау және балалық шаққа қатысты жобаларды тиімді басқару бойынша «Менің бауырым» еріктілер жобасын іске асыру мақсатында Қызылорда облысы білім басқармасына қарасты Жалағаш, Сырдария, Қармақшы, Шиелі, Жаңақорған және Қызылорда қалаларында білім алушылармен оқыту практикалық сабақтары өтті.

Сырдария ауданы бойынша -2570 білім алушы қамтылды.

Жалағаш ауданы бойынша -3400 білім алушы қамтылды.

Қармақшы ауданы бойынша -9829 білім алушы қамтылды.

Шиелі ауданы бойынша -9162 білім алушы қамтылды.

Жаңақорған ауданы бойынша -7282 білім алушы қамтылды.

Қызылорда облысының білім басқармасы Тәрбие спорт және қосымша білім беру мекемесі кәмелетке толмағандардың мінез-құлқы девиантты білім алушыларды спортпен және шығармашылықпен айналысуға, сондай-ақ волонтерлік қозғалысқа қатысуға кеңінен тарту бойынша қосымша шаралар қабылданды, атап айтар болсақ «Жігіттердің сұлтаны», «Жайдарман», «Жас мобилограф», «Дебат», «Ана тілі аруы», «Отбасылық волейбол сайысы», «Теңбіл доп», «Хор сайысы» өткізілу жоспарлануда. Аймақ басшысының қолдауымен жүзеге асырылғалы жатқан «Сыр лигасы» жобасына Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда орналасқан 297 мектептің 150 мыңға жуық оқушылары сайыстың 7 түрінен өнер көрсететін болады. Аталмыш сайыстарға мектепшілік есептегі, құқық бұзушылыққа бейім оқушыларды тарта отырып, білім алушыларды жаман әдеттерден аулақ ұстау, көшбасшылыққа тәрбиелеу көзделеді.

Ағымдағы жылдың 30 сәуірінде «Сыр лигасы» орта білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында облыстық сайыстардың ашылу салтанаты болып өтті.

2023 жылдың 30 қаңтарында «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығының ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: іске асыру тетіктері мен перспективасы» тақырыбындағы облыстық форум болып өтті.

Тәжірибе алмасу сағаттарына облыс көлемінде техникалық және кәсіптік білім беру мен орта білім беру мекемелерінің басшылары, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, психологтар, білім бөлімінің әдіскерлері қатысты.

Ұлттық және рухани-адамгершілік, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жаңа бағдарламалары мен жобаларын, оқу-тәрбие жүйесіндегі жетістіктерін, сонымен қатар сапалы білім алу тәсілдемелерін ұсыну, тәжірибе алмасу мақсатындағы форумның қатысушыларға берері мол болды.

Аймақтағы педагогтер басын қосқан тәжірибе алмасу алаңында өз аудандары бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жүзеге асырылуы мен орындалуын, білім беру ұйымдарында бағдарлама аясында жүзеге асырылып жатқан тәрбие жұмысы, жобалар және пәндік мазмұн құндылықтары туралы іс-тәжірибесімен бөлісті.

Форумда «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» айдарымен жалпы бағдарлама мазмұнына сай танымдық көрме таныстырылды. Сонымен бірге «Ұлттық құндылықтар – тәрбие өзегі» блогында жалпы тәрбие бағыттары бойынша «Оқуға құштар мектеп», «Дебат клубы», «Мектеп парламенті», «Мектеп театры», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «4 тоқсан – 4 өнер», «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмыс бағыты, «Балалар кітапханасы», «Еңбегі адал жас өрен» жобалары бойынша жұмыстар көрсетілді.

«Ұлттық құндылықтарды оқу пәнінің мазмұнына интеграциялау» блогында пәннің тәрбиелік әлеуетіндегі ұлттық құндылықтардың кіріктірілуін ашық сабақтар сериясы арқылы көрсетіп, ұстаздар өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

«Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығының ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік білім беру және орта білім беру мекемелерінің директоры, тәрбие орынбасарлары және педагог-психологтеріне арналған «Лудоманияға қарсы іс-қимыл» бағытында онлайн, оффлайн форматта кездесулер, ақпараттық танымдық сағаттар өткізілді. Профилактикалық шараларға облыстағы 297 мектептің директорлары, тәрбие орынбасарлары, психологтары тартылды. ҚР Қауіпсіздік кеңесінің отырысында Мемлекет басшысы: «Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуге тиіс» – деп ерекше атап өткен болатын. Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті халық арасында ойынға тәуелділік мәселелері бойынша қоғам қайраткері, жазушы Ақжанов Жан Мұхарапұлының қатысуымен ойынға тәуелділіктің алдын-алу бойынша ағартушылық, ақпараттық танымдық жұмыстарын жүргізді.

Облыстық «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығы мен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжімен бірлесе балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің оқушылары арасындағы «Сольфеджио» пәнінен II Облыстық конкурсын өткізді. Конкурстың басты мақсаты - балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің оқушыларының музыкалық-теориялық цикл пәндеріне деген қызығушылығын арттыру, кәсіби білім алуды ынталандыру әдістері мен нысандарын іздеу, педагогтың шығармашылық потенциалын одан әрі тереңдету, қосымша білім беру саласын дамыту.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Жоспарда білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсатында жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіліп келеді. Сабақ кестесіне сәйкес әр аптаның бірінші күні төртінші сабақ барлық сыныптарда тәрбие сағаттары жүргізіледі. Кешенді жоспарда негізінен үш құндылыққа басымдық береді, ұлттық мүдде, ар ұят, талап құндылықтары. Осы құндылықтарды барлық тәрбие бағыттарында, тәрбие сағаттарда, жобаларда және пәндерде яғни пәнмен байланыстырып осы құндылықтарды баланың бойына сіңіру жолға қойылған.

2023-2024 оқу жылында Қызылорда облысында жүргізілген жобалар

Мектепте оқу барысында балалар тек білім алып қана қоймай, қабілеттерін барынша дамытуы керек. Қабілеттерді қалыптастыру оқушылардың белсенді, қызығушылық танытқан әрекетінен тыс мүмкін емес.

Осыған сәйкес білім саласында тәрбие бағыты бойынша бірнеше жобалар басымдықпен жұмыс жасауда. Атап айтқанда, «Оқуға құштар мектеп», «Мектеп театры», «Мектеп парламенті» жобалары соңғы жылдарда нәтижелі жұмыс жасап, білім алушылардың икем-дағдысына қарай дамыту жұмыстары жан-жақты жүргізілуде.


2023-2024 оқу жылында барлық аудан мектептерінде жобалар бойынша жылдық жоспарлары жасалып, жетекшілері бекітіліп, жоспарға сәйкес шаралар да өткізілуде. Біртұтас тәрбие бағдарламасының жобалары аясында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша 102 мектепте, «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша 110 мектеп жұмыс жасады, «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша 164 мектеп, «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша 194 мектеп жұмыс жасап білім алушылар түрлі бағыттағы шараларға қатысып жоғары нәтиже көрсетті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында әр мектеп бойынша жоба жетекшілері және мектеп кітапханашыларының бірлескен жоспарларына сәйкес мектептер бойынша бірнеше шаралар өткізілді. «Мемлекеттік тіл – достық пен бірлік мекені» атты тілдер апталығы аясында ағылшын бірлестігінің ұйымдастыруымен ертеңгіліктер, полиглот сайысы, орыс тілі пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен викториналық сайыс, «Ұлт тілін ұлықтаған» көркемсөз оқу байқауы өткізіліп, білім алушылар белсенділікпен қатысып, марапаттау жұмыстары жүргізілді. 1-7 сыныптар аралығында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды. 2-7 сыныптарға жоба жоспарына сәйкес қыркүйек айына оқуға шығарма ұсынылды.

«Мәңгілік ел - Мәңгілік тіл» атты тілдер апталығында 5-7 сыныптар аралығында «Тұлға болам» тақырыбында Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармасынан тест жұмыстары, мектеп тәлімгерімен кітапханашының ұйымдастыруымен 5-сынып оқушыларымен Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына орай кітап көрмесі өткізілген. «Кітап құмар отбасы

тақырыбында» челлендж, 2-7 сынып оқушыларымен ауыл кітапханасына бірлескен экскурсия жасалды. 1-4 сыныптар бойынша «Мен оқыған кітап» атты сурет байқауы, оқушыларымен «Bookcrossing» шарасын ұйымдастырып, ағылшын жазушыларының әдебиеттерімен таныстырып, оқыған кітаптары бойынша әңгімелеу, бір біріне оқуға ұсыну жұмыстарын жүргізілді.

5-11 сыныптардың I тоқсандағы ата-аналар жиналыстарында «Оқуға құштарлықты арттырудың құпиялары немесе оқуға құштар баланың ата-анасы нені білуі тиіс» /«Секреты для взрослых, или как стать родителем читающего ребенка?»/ тақырыбында баяндамалар оқылып, ата-аналарға кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілген. «100 кітап» жобасы бойынша 5-сыныптарды Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», 6-сыныптарда Т.Сұлтанбековтің «Ғажайып планета», 7-сыныптарда Ә.Қалдыбаевтың «Мен апамның баласымын», 8-сыныптарда М.Шаханов пен Ш.Айтматовтың «Күз басындағы аңшының зары», 9-сыныптарда Абай өлеңдері, 10-сыныптарда Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» шығармалары, 11-сыныпта Абайдың қарасөздері күнделікті «20 минуттық» оқу форматында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, сынып жетекшілері және кітапханашылары бірлесе жүргізді.




Сурет 51. Жобаларды іске асыру көрсеткіші

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында жүргізілген жұмыс оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттырумен қатар, көшбасшылық қасиеттерін шыңдауда, ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуда, сөйлеу әдебі, мәнерін, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыруда оң нәтиже көрсетті. Оқушылардың шығармашылық орталарда түрлі сайыс, байқау, жобаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуына ықпал етті.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберіндегі әлеуметтік жобалар	Арал ауданы	Қазалы ауданы	Қармақшы ауданы	Қазалы ауданы	Шиелі ауданы	Жалағаш ауданы	Сырдария ауданы	Қызылорда қаласы
Білім айы (<i>қыркүйек</i>)	94%	92%	93%	92%	95%	93%	93%	95%
Алаш азаматтарын ұлықтау айы (қазан)	90%	89%	92%	90%	89%	91%	89%	90%
Поэзия айы (қараша)	93%	94%	95%	92%	90%	92%	90%	94%
«Қазақстан - ұлы дала елі» (желтоқсан)	95%	93%	96%	93%	91%	94%	91%	96%
«Ұлттық код» айы (қаңтар)	86%	84%	89%	88%	84%	83%	82%	89%
Оқуға құштарлық айы (ақпан)	83%	81%	87%	86%	83%	82%	81%	86%
Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы (наурыз)	95%	94%	96%	96%	98%	94%	91%	96%
Экологиялық мәдениет айы (сәуір)	96%	97%	96%	98%	96%	97%	79%	97%
Бейбітшілік пен татулық айы (мамыр)	88%	90%	91%	88%	74%	81%	90%	89%

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «9 айға – 9 іс-шара» жобасы



Сурет 52. Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылу көрсеткіші

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «9 айға – 9 іс-шара» жобасы бойынша ұйымдастырылған челленджерге қамтылған оқушылар саны

Кесте 38

№	Челленджер атауы	Қамтылуы
1	«Сергіту сәті»	165400
2	«Әнұран айту»	168416
3	«Домбырашылар»	30865
4	«Шахмат ойнау»	3689
5	«Жасыл мекен»	6852
6	«Асық ату»	71698
7	«Шығарма жазу»	86021
8	«Қазақ есебі»	13634
9	«Оқуға құштар мектеп»	93786

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

Балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу барысында Қызылорда облысының әкімі, облыс прокуроры мен полиция департаменті бастығымен «Білім беру ұйымдарының заңдылықты сақтауы және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі» үш жақты жол картасы және «2024-2025 жылдарға арналған құқықбұзушылық, буллинг, есірткі, лудомания, вейб темекі, интернетке тәуелділіктің алдын алуға бағытталған профилактикалық бірлескен іс-шаралардың қадамдық жұмыс жоспары» басшылыққа алынып жұмыс жасалды.

Облыс әкімі мен прокуратураның ұйымдастырумен қаңтар айында «Қылмыстық құқық бұзушылық профилактикасы және кәмелетке толмағандар мәселесі бойынша ведомство аралық мәжіліс» өтіліп, жан-жақты талдау жасалып, нақты тапсырмалар берілді.

2 ақпан күні аудан әкімінің орынбасарының төрағалығымен прокуратура, полиция бөлімі қоғамдық ұйымдар, ата-аналар кеңесі, қамқоршылық кеңестерінің қатысуымен аудандық деңгейде білім беру ұйымдарының жай-күйі туралы кеңейтілген мәжілісі өткізілді. Мәжілісте білім беру ұйымдарының проблемалық мәселелері көтеріліп, алдағы атқарылатын жұмыстардың бағыты айқындалды.

Қаңтар айында облыстық прокуратурамен «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» жобасы бойынша (өгей әке, өгей шеше, қолайсыз отбасы балалары, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың үйлері) кент мектеп балалардың жағдайы қадағаланып, ата—аналармен әңгіме жүргізілді. Аудан прокуратурасының және білім бөлімінің ұйымдастыруымен кент мектептерінің жоғары сынып оқушылары мен ата-аналары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары ақпан айында жүргізілді.

Білім беру ұйымдарында оқушылар арасында қылмыстылықтың және тәртіпсіздіктің алдын алу, олардың құқықтарының сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ету бағытында бірлескен тәртіпте атқарылатын ведомствоаралық іс-шаралар жоспары бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізілді.

Аталған жұмыс жоспарына сәйкес, мүдделі органдармен, прокуратура қызметкерлерімен «құқықтық сағаттар», кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиямен бірлесе жоғары сынып оқушыларымен кездесу, есепте тұратын, тәртібі қиын балалармен «Құқықтық кеңес» пен ашық есік іс-шаралары полиция органдары мен бірлесе отырып ұйымдастырылды.

Одан бөлек, оқушылар арасында «Жасөспірім және Заң» құқықтық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында дебат қозғалысы, «Менің бауырым» жобасы бойынша психолог сағаттар мен семинар -тренингтер өткізілді.

Жыл басынан бері түнгі рейдтерге жауапты органдармен қатар, ата-аналар тартылып, құқық бұзушылықтың алдын алу рейдтік шаралары ұйымдастырылып келеді. Түнгі рейдтер барысында мектепішілік ішкі есепте тұрған оқушылардың үйлері араланып, ата-аналарымен сұхбаттасу барысында оқушылардың тұрмыстық жағдайларымен танысу арқылы мекен-жайлық әлеуметтік психологиялық көмектер беріліп отырды.

Балалар бойында туған жерге, Отанға деген құрметті арттыру, ұлы мақсаттарға жету жолында жақсы білім алып, адал еңбекпен армандаған жетістіктерге жетуге болатындығын және бала бойындағы жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру, құқықтық сананы жетілдіру мақсатында «Армандар орындалады» жобасы жүзеге асырылуда.

Сонымен бірге облыстық білім басқармасы жанындағы қамқорлық және қорғаншылық кеңес мүшелерімен Байқоңыр қаласы бойынша орналасқан білім беру ұйымдарында бала қауіпсіздігі мен олардың әлеуметтік-тұрмыстық

жағдайларына қатысты ата-аналармен кездесулер және жеке қабылдаулар өткізілді. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған негізгі жұмыстардың бірі – балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру болып табылады.

Атап айтқанда спорттық, патриоттық және салауатты өмір салтына баулу мақсатында қосымша білім беру ұйымдарында үйірмелерге және балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіндегі спорттық секцияларға балалар қамтылған.

Бұдан бөлек «Интернет желісінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» туралы білім беру мекемелерінде жұмыс тобы құрылып, ата-аналармен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі таңда оқушыларымыздың психологиялық күйзеліс пен жанұядағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға тап болмауы үшін ата-аналармен тығыз байланыс орната отырып, балалардың ұялы телефонға қызығушылығын тудыратын, әрі жиі ойнайтын ойындарына бақылауды күшейту мақсатында жұмыстар ұйымдастырылды.

Мысалы, 2024 жылдың сәуір айында білім беру ұйымдарының 9,11 сынып оқушыларынан діни ұстанымы мен көзқарасын, шетелде діни білім алу туралы ойын анықтау мақсатында сауалнама жұмыстары алынған болатын. Сауалнама қорытындысына сәйкес, оқушылардың діни ақпараттарды ата-анасының, ересек адамдардың нұсқауынсыз, өз бетінше интернет кеңістігінен алып, таныса беретіндігі байқалады. Бұл – интернеттегі кез келген ақпаратқа, ресурстарға қолжетімділіктің бірден-бір көрінісі. Осы орайда, білім беру ұйымдарының басшыларына төмендегідей тапсырмаларды үйлестіру тапсырылып, нәтижесінде жоғары сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен діни экстремизм және терроризмнің алдын алу, жас ұрпақтың бойында жат ағымдарға қарсы иммунитетті қалыптастыру, интернеттен діни ақпараттар алудың қауіптілігі т.б. тақырыптарда теолог-психолог мамандардың түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, отандық және шетелдік діни оқу орындарында білім алу, шетелде діни білім алудың қауіптілігі, интернет кеңістігінен (әлеуметтік желілерден) діни мазмұндағы ақпараттың қауіптілігі туралы арнайы сынып сағаттары өткізілді.

Бүгінгі күні кәмелетке толмағандардың арасындағы басты мәселелердің тағы бірі түнгі уақытта ата-анасыз жүрген балаларды болдырмау мақсатында аудандық полиция департаментімен бірлесіп «Түнгі қаладағы балалар» рейді ұйымдастырылуда. Есепті мерзімде аудан бойынша 1680 рейд өткізілді.

Емхана психологтарымен мектеп психологтары біріккен іс-шара жоспарына сәйкес «Зорлық-зомбылықсыз отбасы», «Зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен қорғану» атты семинар, 9-11 сыныптың оқушы қыздарымен «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Мен бақытты баламын» тренингі ұйымдастырылып, «Қызу желі» тәуліктік тегін медициналық, психологиялық, әлеуметтік қызмет туралы жадынамалар таратылды. Іс-шаралар негізінде кең ауқымды талдау жасалып, ата-аналарға балаларына қадағалау жұмыстарын күшейту қажеттігі түсіндіріліп, бастауыш сынып оқушыларын мүмкіндігінше сабақтан кейін үйлеріне алып кетуді және үйде жалғыз қалдырмау туралы әрбір ата-аналармен өткізілген жиналыстарда үнемі айтылып, мектеп

директорларына қадағалау жұмыстары қатаң тапсырылды.

Облыстағы құқық бұзушылық, нашақорлық, вейп, лудомания, интернет қауіпсіздігі, суицид, зорлық-зомбылық, буллинг, кибербуллингтің алдын алу құқықтық сағаттарына 328 білім беру ұйымынан 215 789 адам қатысты.

Оның ішінде, 154063 білім алушы (120 785-оқушы, 33 278-студент) және онлайн және оффлайн форматында 97 125 ата-ана.

Қорытынды және ұсыныстар:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім алушылардың бойында құндылықтарды пән мазмұны, сынып сағаттары мен жобалар арқылы дамыту маңызды.

Облыс бойынша барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын шеңберінде іс-шаралар мен әлеуметтік жлбаларды іске асыруды жетілдіру. Білім алушылардың ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарын іс-шаралар арқылы арттыру.

Маңғыстау облысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудың *мақсаты*: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салтдәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен арайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы жалпы ақпарат

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жыл 19 қыркүйек № 294 бұйрығына сәйкес, 2023-2024 оқу жылынан бастап білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізіліп, жоспары жасақталды және мүдделі мемлекеттік органдармен 2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар бекітілді.

Мемлекеттік мүдделі органдармен 2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар қабылданды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы 145 мектепте құрылды.

Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында барлық білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары құрылып, жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы іс-шаралар жоспары білім басқармасынан бекітілді. Құрылған орталықтар мектеп-ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарында жас ерекшеліктеріне қарай 1-4 сыныптар, 5-9 сыныптар, 10-11 сыныптар білім алушыларының ата-аналарына арналған сабақтар бағдарламаға сәйкес айына бір рет онлайн, оффлайн түрде өткізіледі. Мәліметі ай сайын «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтына жіберілді.

Кесте 39

Айлар атауы	Ата-аналарға арналған сабақтар саны	Қатысқан ата-ана саны	Даналық мектебінде өткен шара саны	Қатысқан ата-ана саны	Жалпы қатысқан ата-ана саны:
Қазан-қараша	421	18153	350	8005	26158
Ақпан	333	12156	266	4807	16963
Наурыз	776	18687	842	8284	26971
Сәуір	620	12596	429	5460	18056

Мамыр	282	12308	221	4751	17059
Барлығы	2432	73900	2108	31307	105207



Сурет 53. Ата-аналардың іс-шараларға қатысуы

2023-2024 оқу жылында аталған бағдарлама бойынша жұмыстар ұйымдастырылып, ақпараттары #БІРТҰТАС_ТӘРБИЕ хэштегімен білім беру ұйымдарының әлеуметтік желілерінде жарияланды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 10.01.2024 жылғы №3-21-4/197-И хатына сәйкес, Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың, суицидтің алдын алудың және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысы) білім беру ұйымдарында оқушылардың оң мінез-құлық тәжірибесін насихаттау мақсатында «ДосболLКЕ» жобасының науқаны 2024 жылдың 17 қаңтар-17 ақпан арасында өткізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы, оның ішінде «Даналық мектебі» аясында «Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы» тақырыбында қалалық семинар өтті.

Ағымдағы жылдың 31 қаңтар күні «№9 ЖББМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі базасында «Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы» тақырыбында қалалық семинар өтті. Мақсаты – білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмысының сапасын көтеру, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың кәсіби байланыстарын кеңейтуге және дамытуға жәрдемдесу, өзара тәжірибе алмасу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы, оның ішінде «Даналық мектебі» аясында ұйымдастырылған шаралар «Ұлттық құндылықтар», «Ата-ана мен оқушының міндеті», «Балалықтан – даналыққа», «Ата мен әженің тәрбиесі маңызды ма?», «Даналық ойдан дән ізде» сынды тақырыптар төңірегінде терең талданып, ұмыт болып бара жатырған салт-дәстүрлерімізді дәріптеумен жалғасын тапты. «Қара жорға» биімен бой сергітіп, кері байланыстар тындалды. Қатысушылардың өздерін іс-әрекетке қатыстыру арқылы жағымды орта қалыптасты. Семинарға қатысушылар шараның жақсы дәрежеде өткізілгені жайлы пікірлерін білдірді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» адами құндылықтарға негізделген білім беруде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» және «Даналық

мектебі» жобасы аясында «Ата-әулеттің тірегі» тақырыбында қалалық семинар өтті.

Ағымдағы жылдың 3 мамыр күні «А.Байтұрсынұлы атындағы № 28 мектеп» КММ, «Р.Қабылов атындағы № 3 жалпы білім беретін мектеп» КММ, «№17 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының ұйымдастыруымен Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Оқу -әдістемелік орталығы» КММ-нің жоспарына сәйкес «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» адами құндылықтарға негізделген білім беруде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» және «Даналық мектебі» жобасы аясында «Ата-әулеттің тірегі» тақырыбында қалалық семинар өткізілді.

Мақсаты: білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын дамытуда мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығын арттыру.

Семинар барысында «Ата-әулеттің тірегі» тақырыбында ток-шоу жүргізілді.

Сонымен қатар «Аталар сөзі- тәрбие көзі» тақырыбында психологиялық тренинг, «Бабалар дәстүрі-ұрпаққа өсиет» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

«Өзін-өзі басқару ұйымы» жобасы аясында «Өзін-өзі басқару ұйымы – көшбасшылықтың құралы» тақырыбында облыстық семинар өтті. Өзін-өзі басқару ұйымы -көшбасшылықтың құралы»

2024 жылғы 15 мамыр күні Түпқараған ауданы, Маршал Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясында сынып жетекшілер, мектеп тәлімгерлері, педагог-ұйымдастырушылар мен мектеп президенттеріне арналған «Өзін-өзі басқару ұйымы -көшбасшылықтың құралы» тақырыбында облыстық семинар өтті.

Семинарға аудан, қаладан 35 мектеп тәлімгері, 21 педагог-ұйымдастырушы, 27 сынып жетекші және 7 облыстық тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар қауымдастығының мүшелері мен Ақтау қаласы, Мұнайлы, Түпқараған аудандарынан 12 мектеп президенттері, барлығы 102 адам қатысты.

Семинардың мақсаты: Білім беру ұйымдарындағы өзін-өзі басқару ұйымының жұмыстарымен таныстыру арқылы оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу.

Семинарда Түпқараған ауданы, М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясының тәрбие бағытындағы мамандары жоғары деңгейде өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, «Аялы алақан», «Құқықтық мәдениет», «Тәрбие. Тәлімгер. Тұлға», «Өнерлі өрен» жобаларымен таныстырды.

Жалпы алғанда (меншік нысанына қарамастан) 134 білім беру ұйымдарында 1186 шара («Шығармашылық ынтымақтастық» – 220, «Кіші зияткерлік академия» - 308, «Спорттық Достық» - 245, «Көтеріңкі көңіл-күй» - 74, «Еріктілер» - 33, «Шеберлер қаласы» - 29, «Психологиялық тренингтер» - 72, «Әлеуметтік қолдау» - 17, «Отбасы» - 32, «Акция» - 10, «Тимбилдинг» - 12,

«Достық әлемі» - 11, «Зорлық-зомбылықсыз әлем құрайық» - 50, «Ашық есік» - 11, «Интеллект 2024» - 25, «Жылы алақан» - 37) ұйымдастырылды. Қамтылғандар саны: 45445 білім алушы.

Кесте 40

№	Аудан, қала	Қатысқан мектеп саны	Қамтылғандар саны	Жарияланған материалдар саны
1	Ақтау қаласы	51	10855	386
2	Жаңаөзен қаласы	14	10997	162
3	Бейнеу ауданы	24	4900	260
4	Қарақия ауданы	15	2500	33
5	Маңғыстау ауданы	2	287	8
6	Мұнайлы ауданы	17	13353	182
7	Түпқараған ауданы	11	2553	172
БАРЛЫҒЫ:		134	45445	1203




Сурет 54. Қала/аудан бойынша көрсеткіш

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жобалар

Р/с	Жоба атауы	Қатысушылар
1	Өзін-өзі басқару ұйымы	Барлық білім беру ұйымында жұмыс жасайды. Қамтылғандар саны: 8946
2	Дебат қозғалысы	Барлық білім беру ұйымында жұмыс жасайды. Қамтылғандар саны: 2799
3	Оқуға құштар мектеп	Барлық білім беру ұйымында жұмыс жасайды. Қамтылғандар саны: 56357
4	Домбыра дастан	62 білім беру ұйымында жұмыс жасайды. Қамтылғандар саны: 1739
5	Балалар және театр	59 білім беру ұйымында жұмыс жасайды. Қамтылғандар саны: 2328
6	Адал ұрпақ	140 білім беру ұйымында жұмыс жасайды. Қамтылғандар саны: 59072
7	Саналы ұрпақ	25 колледжде жұмыс жасайды. Қамтылғандар саны: 1735
8	Дәстүр мен ғұрып	10 білім беру ұйымында жұмыс жасайды. Қамтылғандар саны: 3400
9	Аналар мектебі	59 білім беру ұйымында жұмыс жасайды. Қамтылғандар саны: 5969
10	Әкелер мектебі	79 білім беру ұйымында жұмыс жасайды. Қамтылғандар саны: 6570

Маңғыстау облысындағы білім беру ұйымдарында тәрбие бағыты бойынша 13 жоба іске асырылып, жоспар бойынша шаралар өткізілді




Сурет 55. Іс-шаралар көрсеткіші

Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

Кесте 41

№	Мемлекеттік мүдделі органдар	Бағыттары	Іс-шара атауы	Кездесу саны
1	Қорғаныс министрлігі	«Жас Ұлан», «Жас қыран», «Жас Сарбаз барысы» жобалары аясында бірлескен іс-шаралар	«Өзін-өзі басқару ұйымының Президентінің сайлауы», «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» жасөспірімдер ұйымына қабылдау, Қорғаныс министрлігі өкілдерімен кездесу	67
2	Ғылым және жоғары білім министрлігі	Жоғары сынып оқушыларының мамандық бойынша ақпараттандыру; Жоғары оқу орындарының ғалымдарымен кездесулер; «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қозғалысы аясында бірлескен іс-шаралар	Кездесулер; Қайырымдылық шаралар, Дәрістер Тазалық акциялары «Кәсіби бағдар беру» экскурсиясы	73
3	Туризм және спорт министрлігі	Салауатты өмір салтын насихаттау; жаппай кросстар мен жарыстар; Танымал спорт ардагерлермен, жеңімпаздармен кездесулер; этафеталық жарыстар аясында бірлескен іс-шаралар	Жарыстар, Кездесулер, Спорттық шаралар	116
	Мәдениет және ақпарат министрлігі:	«Оқуға құштар әке, ана, бала, ұстаз» жобасы аясында бірлескен іс-шаралар	Кітап көрмесі Интеллектуалдық сайыстар	82
	Денсаулық сақтау министрлігі:	Дұрыс және тамақтану, энергетик сусындардың адам ағзасына әсері; алғашқы көмек бойынша, еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты және еңбекті қорғау аясында бірлескен іс-шаралар	Сурет көрмесі, Әңгімелесу, Кездесу, Дөңгелек үстелдер Флешмобтар	91
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі:	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мамандарымен кездесулер аясында бірлескен іс-шаралар	Кездесулер, Прокурор сағаттары, Дәріс сабақтар, Дөңгелек үстел, Сұхбат, Фильмдер	84
	Ассамблея жастары:	Қазақстан халқы Ассамблеясының, этномәдени бірлестіктердің және ҚХА қоғамдық құрылымдарының мүшелерімен бірлескен іс-	Жарыстар, Танымдық іс-шаралар	72

		шаралар		
	Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі:	Білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз етуде құмар ойындар кибербуллингтің алдын алу; Қауіпсіз интернет, кибермәдениет, кидергигиена тақырыптары бірлескен іс-шаралар	Білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз етуде құмар ойындар кибербуллингтің алдын алу; Қауіпсіз интернет, кибермәдениет, кидергигиена тақырыптары бірлескен іс-шаралар	63
	Төтенше жағдайлар министрлігі:	Төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша оқу-танымдық жаттығулары аясында бірлескен іс-шаралар	Сыныптан тыс тәрбие сағаттары Лекциялар, Кездесулер	62



Сурет 56. Мемлекеттік мүдделі органдармен кездесулер

Қорытынды және ұсыныстар

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – қазіргі таңда барлық білім беру ұйымдарында жүзеге асырылған. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру – бұл кешенді және жүйелі процесс.

Барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын ұжымға таныстыру және жылдық жоспарды жасақтау жұмыстары жүргізілуде.

Қорытындылай келе, «Біртұтас» тәрбие бағдарламасы бойынша мектептерде күтілетін нәтиже:

1. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы: оқушылардың рухани-адамгершілік, зияткерлік, дене тәрбиесі, және әлеуметтік дағдыларды үйлесімді дамыту.

2. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие: оқушылардың өз мәдениеті мен дәстүрлеріне құрметпен қарауы, ұлттық бірегейлікті сақтауы және оны құрметтеуі.

3. Әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық ұстаным: оқушылардың өз қоғамында жауапты азамат болуға, әлеуметтік жобаларға белсене қатысуға және қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуге ұмтылуы.

4. Инновациялық және сыни ойлау дағдылары: оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамыту, жаңа идеялар мен шешімдер ұсыну және заманауи технологияларды тиімді пайдалану

5. Көшбасшылық қасиеттер мен командалық жұмыс: оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру және ұжымда жұмыс істей білу дағдыларын дамыту.

6. Өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс: оқушылардың өмір бойы білім алуға, өзін-өзі жетілдіруге және өз мақсаттарына жету үшін үнемі жұмыс істеуге деген талпынысы.

Бұл мақсаттар біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектептерде оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін негізгі бағыттар ретінде қарастырылады.

Ұсыныстар:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы оқушылардың жан-жақты дамуын қолдау үшін тиімді кешенді құрал ретінде өзін көрсеткенімен, оның тиімділігін арттыру үшін мұғалімдер мен тәрбиешілердің біліктілігін арттыру, бағдарламаны үнемі бағалау мен жетілдіру және жүйелі бағалау жұмыстарын жүргізу.

2. Инновациялық технологияларды енгізу: Тәрбие процесіне заманауи цифрлық құралдарды, мультимедиялық ресурстарды және онлайн платформаларды енгізу. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып, білім мен тәрбиенің қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

3. Оқушыларды әлеуметтік жауапкершілікке баулу үшін жергілікті қауымдастықтарда немесе мектепте әлеуметтік жобаларға қатыстыру. Бұл олардың азаматтық ұстанымын нығайтып, қоғамдық пайдалы істерге тартылуына ықпал етеді.

Павлодар облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асыру мақсаты: білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері бойынша кәсіби шебершілігін жетілдіру.

Міндеттері

- білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбиенің кешенді жұмыс жоспары негізінде жоспарлау;
- Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын құндылықтар негізінде ұйымдастырудың ерекшеліктерін нақтылау;

- Тәрбие құндылықтарын оқу пәндерінің мазмұнына кіріктірудің маңызын түсіндіру;
 - Сыныптан тыс жұмыстар және қосымша білім беру (үйірмелер, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы құндылықтарды оқыту әдістемесіне оқыту;
 - Сынып сағаттары арқылы құндылықтарды игерту.
- Күтілетін нәтижелер
- Мемлекеттік білім беру саясатына сәйкес 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының беталысын бағдарлайды;
 - Тәрбие жұмысын құндылықтар негізінде ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындап, тәрбие жұмысының жылдық жоспарын әзірлейді;
 - Тәрбие құндылықтарын пәндік білім мазмұнына кіріктірудің маңызын бағалайды;
 - Тәрбие құндылықтарына сәйкес әлеуметтік тәжірибелерді таңдайды және оны жүзеге асыруды жоспарлайды.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы ақпарат

Павлодар облысы бойынша 2023-2024 оқу жылында 2023 жыл 19 қыркүйек № 294 «Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы» бұйрығы негізінде кешенді жоспар жасалып, жоспар негізінде Біртұтас тәрбие бағдарламасы «Ұлттық мүдде», «Ар ұят», «Талап» құндылықтарын іске асыру жұмыстары жүргізілді.



Сурет 57 Білім беру ұйымдары туралы мәлімет

Мектептерде білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттары өткізілді:

Сынып сағаттары

- «Ар-ұят және жауапкершілік»
- «Біздің қоғамдағы әділеттілік»
- «Іс-әрекеттегі мейірімділік»
- «Мейірімділік құндылығы»
- «Күнделікті өмірдегі адалдық»
- «Этикалық құндылықтарды дамыту»
- «Отаншылдық және оның мәні»
- «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік»
- «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
- «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»
- «Қоғам игілігіне қызмет ету»
- «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»
- «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»
- «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»
- «Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
- «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық»

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы


Кесте 42

Қала/аудан	Жалпы	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының стенді,	Қоңырау кезінде күй ойнауы	Үзіліс кезінде ұлттық ойын	Әр дүйсенбі сынып сағат өткізілуі	Мүдделі органдармен жұмыс	Жобалардың іске асырылуы	тоғыз айға тоғыз іс шара	Жеткіншектің жеті жарғысы	Ата-аналарды қолдау орталығы	«Даналық мектебі» клубы
Павлодар қаласы	43	43	43	43	43	43	43	43	43	43	43	43
Ақсу қаласы	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25
Экібастұз қаласы	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40	40
Ақтоғай ауданы	23	23	15	23	23	23	23	23	23	23	23	23
Баянауыл ауданы	26	26	17	26	26	26	26	26	26	26	26	26
Железин ауданы	29	29	12	29	29	29	29	29	29	29	29	29
Ертіс ауданы	25	25	17	25	25	25	25	25	25	25	25	25
Май ауданы	13	13	13	13	13	13	13	13	13	13	13	13
Павлодар ауданы	26	26	21	26	26	26	26	26	26	26	26	26
Аққулы ауданы	23	23	14	23	23	23	23	23	23	23	23	23
Тереңкөл ауданы	25	25	19	25	25	25	25	25	25	25	25	25
Успен ауданы	19	19	10	19	19	19	19	19	19	19	19	19
Шербакты ауданы	24	24	19	24	24	24	24	24	24	24	24	24
Облыстық мектептер	14	14	14	14	14	14	14	14	14	14	14	14

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары	44	44	21	44	44	44	44	44	44	44	10	10
Мектепке дейінгі ұйым	383	227	185	383	383	383	383	383	383	383	157	157
Арнаулы мектептер	7	7	7	7	7	7	7	7	7	7	7	7
Жалпы	789	633	492	789	789	789	789	789	789	789	529	529

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 1 қыркүйектен бастап облыстың барлық оқу орындарында іске асырылып келеді. Бұл тұжырымдаманы іске асыруға пән мұғалімдерінен бастап ата-аналар жұртшылығына дейін тәрбие процесінің барлық қатысушылары тартылған.

Биылғы оқу жылынан бастап, облыстың әрбір мектебінің базасында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс істей бастады. Орталық ата-аналар жұртшылығының өкілдерін, отбасыларды нығайтуға, отбасылық және қоғамдық тәрбие беру байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді.



Сурет 58. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы

Отбасы мен мектеп арасында тығыз байланыс орнату мақсатында мектептерде «Даналық мектебі» клубтары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында «Отбасылық тәрбие академиясы», әкелер кеңесі, Аналар кеңесі, Отбасы проблемаларын зерделеуге және түзетуге, ата-

аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға бағытталған нысаналы бағдарламалар мен жобалар іске асырылады.

Жалпы білім беру ұйымдарында 231 әкелер кеңесі, 249 аналар кеңесі, 125 ата-әжелер кеңесі және 27 аталар кеңесі жұмыс істейді.

Сондай-ақ, «Нұр-Ана әлемі», «Сенімен Болашақ», «Аналар Үйі» қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерімен, Қазақстан халықтары Ассамблеясының, іскер әйелдер қауымдастығының және т. б. өкілдерімен әйелдердің жеке дамуы мен рухани өсуі бойынша семинарлар, дәрістер өткізу көзделген.

Отбасы институтын нығайту және ата-аналар жұртшылығының рөлін арттыру мақсатында облыс әкімінің бастамасымен алғашқы облыстық ата-аналар форумы өтті. Форумның шешімімен облыстың барлық аудандары мен қалаларының ата-аналар жұртшылығының өкілдері енген Облыстық ата-аналар альянсы құрылды. Ата-аналар альянсы ата-аналар мен балалардың күнделікті өмірде кездесетін проблемаларын шешуге, сондай-ақ балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымдары мен отбасы арасындағы өзара позитивті байланыс жасауға ықпал етеді.

Бірлескен жобалар білім алушылардың сыни ойлауын, эмпатияны және қоғамдағы өзара әрекеттесу үшін маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған Павлодар өңірі бойынша жыл сайын жас өлкетанушылардың, экологтардың және натуралистердің «Табиғатты аяла» облыстық форумы, «Daryn Ecoart» сурет және көркем қолөнер экологиялық конкурсы, «Proeco» экологиялық жобалар конкурсы өткізіледі, жүйеде «Саябақтар шеруі», «Жер күні» акциялары, конкурстар мен шерулер, саяхат ойындары, көрмелер ұйымдастырылады. «Болашақ энергиясы және су», «Пластикалық қақпақтарды жинау», «Пайдаланылған батареялар мен ПВХ бұйымдарын кәдеге жарату», «Болашақ бағы», «ЭКО CROSS», «Құстарға арналған кафе», акцияларын өткізуді қамтитын «ЭКО boom» жобасы іске асырылуда.

Сонымен қатар, оқушылардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу бойынша қызмет саласын кеңейту мақсатында М.М. Катаев ат. оқушылар сарайында «Жасыл технологиялар» кабинетін ашты.

«Ақсу» балалар эко-техно орталығының және Павлодар қаласының балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығының базасында экологиялық-биологиялық бағыттағы үйірмелер жұмыс істейді.

Облыстық «Жаз-2024» жобасы аясында облыс мектептерінде бейінді, мектеп жанындағы лагерьлер жұмысы ұйымдастырылды. Осылайша, балалар эко-техно орталығында «Экоәлем» жазғы бейіндік лагері жұмыс істейді. Балалар үшін келесі іс-шаралар өткізілді: «Экологиялық әлем», «Флора мен фауна», «Табиғат білгірлері» тақырыптарға викториналар, экскурсиялар, квест-ойындар және т.б.

Павлодар қаласының экология және туризм орталығы «Intensive «ДЮЦЭТ TIME» жобасын іске асыруда – жоба экология, өлкетану және туризмнің үш бағыты бойынша Павлодар қаласы мектептерінің мектеп жанындағы, бейіндік және басқа да лагерьлерімен жұмысын жүргізеді. Келесі іс-шаралар өткізілді: «Таза жағалау» акциясы, ECO QUEST, ландшафты дизайн

бойынша мастер – класстар, қажетсіз заттардың екінші өмірі, қалдық материалдарды пайдалана отырып композициялар көрме-конкурсы және т. б.

Павлодар қаласының № 36 ЖОББМ оқушылары қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазарту, ағаш отырғызу, қоқыстарды сұрыптауға үйрету бойынша «Birgemiz: TazaAlem» жалпыұлттық жобасының жеңімпазы болып табылады. Мектеп ағаш отырғызуға бағытталған грантты иеленді.

Шарбақты ауданының балалары үшін жазғы мектеп жанындағы лагерьде Затейники.kz «Жас экологтар» отряды жұмыс істеді. Экологиялық іс-шаралар өткізілді: аумақты тазарту және тазарту бойынша акциялар, экскурсиялар, экологтар күні және т. б.

Ақсу қаласындағы мектеп жанындағы лагерьлерде «Қалдық материалдың жаңа өмірі» жобалары іске қосылды. Оқушылар іс-шараларға эко-апталар, квесттер, түрлі материалдардан жасалған қолөнер конкурстары қатысты.

Баянауыл ауданының Ш. Айманов атындағы мектеп-интернатында үш жыл бойы «Eco-life» жобасы іске асырылуда, жоба аясында макулатура, пластик жинау акция өткізілуде. Акция қорытындысы жазғы кезеңде өткізіледі. Акция шарттары бойынша оқу жылы ішінде 600 кг ҚТҚ жинау қажет. Үш жыл ішінде акцияға қатысушыларға отыз велосипед сыйға тартылып, акция аясында көшпелі экскурсиялар ұйымдастырылды.

Ертіс ауданының мектеп оқушылары жазғы кезеңде «TazaTabigat» жобасын іске асыруда, жоба аясында оқушылар мектеп жанындағы учаскелерін абаттандыру жұмысын жүргізеді, мектеп аумағын тазалайды.

Облыстың білім беру басқармасы жыл сайын «Жасыл желек» мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскелерінің облыстық байқау-конкурсын өткізеді.

«Қамқор» еріктілер жобасы шеңберінде Павлодар облысының көшбасшыларымен, дебатерлерімен және еріктілерімен жұмыстың негізгі бағыттары: «Зерде»- зияткерлік бағыт, «Рухани», «Жеті Жарғы» - құқықтық, «Еңбек», «Отан» - патриоттық, «Салауат» - СӨС, «Эко Әлем» - экологиялық бағыт.

«Жас Ұлан» ББЖҰ-да 41 557 жасұландықтар (оның 1520- 2023 жылғы бірінші жартыжылдығында қабылданды), 34 973 - жасқырандықтар (оның 2388 - 2023 жылғы бірінші жартыжылдығында қабылданды).

Жыл сайын облыста «Үздік Ұлан-Қыранбасы» байқау-конкурсы, «Адал Ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы ерікті мектеп клубтарының слеті, «Мамандық әлемін ашамыз» форумы, сондай-ақ 7 бағыт бойынша түрлі форумдар, іс-шаралар, акциялар өткізіледі. Еріктілер қозғалысын дамыту, оқушылардың бойында ерікті қасиеттерді қалыптастыру, қоғамның проблемаларын шешуге белсенді қатысу мақсатында облыстың жалпы білім беретін мектептері мен ТжКБ ұйымдарында жалпы саны 11 мыңнан астам еріктілерді қамтитын 350-ден астам еріктілер тобының жұмысы ұйымдастырылды. Б. Ахметов атындағы педагогикалық жоғары колледж базасында облыстық еріктілер штабы құрылды. М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында «Мейір», «Ашық жүрек» еріктілер үйірмесі жұмыс істейді.

Еріктілер салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қайырымдылық шараларына белсенді қатысады (*акциялар, тренингтік сабақтар, тақырыптық көрсетілімдер, конкурстар және т.б.*), ағаш отырғызу, пайдаланылған батареяларды кәдеге жарату, қоректендіргіштер жасау, құстар мен үйсіз жануарларға қорық жинау, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсету, қарттарға, мүгедектерге әлеуметтік қызметтер көрсету.

«Қамқорлық» республикалық акциясы аясында облыста 2023 жылғы 25 қыркүйек пен 25 қазан аралығында түрлі акциялар өткізіледі. Павлодар жоғары медициналық колледжінің ерікті студенттері келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді: «Науқастарға күтім жасау мектебі», «Егде жастағы және кәрілік жастағы науқастарға күтім жасау ерекшеліктері», «Шұғыл жағдайларда алғашқы көмек көрсету» және т.б. Павлодар саласы және қызмет көрсету колледжінің ерікті студенттері «Игі істер марафоны» акциясы аясында шаш қию және сәндеу бойынша тегін шаштараз қызметтері әлеуметтік осал тобындағы отбасыларына көрсетілді, 700-ден астам адам қамтылды.

Б.Ахметов атындағы «Студент және Мен – нағыз достар» жоғары педагогикалық колледжінің еріктілер жасағы (СМНД) «Павлодар қаласының № 4 арнайы жалпы білім беретін мектеп-интернаты» ММ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларын қамқорлыққа алды. Отряд мүшелері балаларға көрсеткен жаратылыстану ғылымдары бойынша бірқатар танымдық бейнероликтер түсірді.

Машина жасау колледжінің еріктілері «Тірек-қимыл аппаратының бұзулған балаларды оңалтуға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ аумағын жинады, сондай-ақ трамвай басқармасымен бірлесіп балалар үшін арнайы трамваймен көшпелі экскурсия ұйымдастырылды, балалар Павлодар қаласын тамашалады.

Облыстық «Ізгілік қадамдары» жобасын іске асыру аясында облыстың білім беру мекемелерінде «Еріктілік дегеніміз не», «Еріктілер кім», «Еріктілер күні» викториналары, «Еріктілер қозғалысының тарихы», «Жақсылық жаса» челленджі және т.б. тақырыптар бойынша түрлі іс-шаралар, сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер өткізіледі.

Балалар-жасөспірімдер және еріктілер ұйымдарының қызметін жақсарту үшін мектеп тәлімгерлеріне арналған оқыту курстарын, семинар-тренингтер ұйымдастыру қажет.

Еңбекқорлыққа тәрбиелеу үшін келесі жобалар ұсынылады: «Еңбегі адал жас өрен» жобасы шеңберінде «Аққу», «Мирас» жобасы жұмыс жасайды және Кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында кәсіби бағытта қолөнершілер жобасы шеберханасы бағытында жұмыс жасайды.

Ар-ұят, намыс, адалдық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды жетілдіру үшін мынадай тақырыптағы жобалар ұсынылады: «Бейбіт күннің қаһармандары», «Өнер мен құндылықтар», «Тарихқа құрмет», «Менің отбасымның өмірлік жолы», «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» және т.б.

Салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінуі және денсаулықты нығайтатын әдеттерге дағдылануы үшін келесі жобалар тақырыптары

ұсынылады: «Күнделікті пайдалы тағам», «Зиянды әдеттен аулақ бол», «Спорт және мен», «Қауіпсіздік және алғашқы көмек», «Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік», «Ұйқы және оның денсаулыққа әсері», «Экранға тәуелділік: жаман әдет», «Цифрлық гигиена» және т.б

Облыста оқушылармен тәрбие жұмысын күшейту және өскелең ұрпақтың аутодеструктивті мінез құлқының алдын алу мәселелері бойынша ведомствоаралық жоспарлар іске асырылуда (2021-2023 жылдарға арналған Павлодар облысының білім беру мекемелерінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс – шаралар жоспары, Павлодар облысы бойынша 2020-2023 жылдарға арналған балалар құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелерін шешу жөніндегі жол картасы және басқалар).

Денсаулық сақтау органдарымен, полиция департаментімен зорлық-зомбылықтан зардап шеккен, әрекет жасаған немесе аяқталған суицид жасаған, құқық бұзушылық жасаған балалар мен жасөспірімдер туралы ақпарат алмасу жолға қойылған.

Әдістемелік көмек көрсету мақсатында 2021 жылдан бастап «Тәрбие алаңы» жобалық кеңсесінің әдіскерлері біліктілікті арттырудың оқыту курстарын өткізуде (Анықтама үшін: барлығы 404 мектеп және ТЖКБ ұйымдары тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орындасарлары, 78 – білім беру ұйымдарының психологтары оқытылды).

2022 жылдың қазан айынан бастап директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған «Школа молодого ЗДВР» курстарының жұмысы басталып кетті, курс ай сайын бағдарлама кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жобалық кеңсенің әдіскерлері «Инабат» адамгершілік-құқықтық ағарту бағыты аясында құқық бұзушылықтардың, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алу, буллингтің алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізеді. Осылайша, 19,0 мыңнан аса бала мен ата-ананы қамти отырып, 363 дәріс, әңгіме және құқықтық сағат өткізілді.

Тәрбиенің маңызды ресурстарының бірі - ата-аналар қоғамының барынша қатысуы және оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы қамқоршылық кеңестердің рөлін күшейту болып табылады.

Жобалық кеңсемен ата-аналарды балаларды тәрбиелеудегі адамгершілік тәсіл негіздеріне оқытуға, балалар-ата-аналар қарым-қатынасы үшін жанжалсыз орта құруда әдістерді игеруге бағытталған «Позитивті ата-ана» курсын іске асыруда.

Педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыруда ата-аналарға көмек көрсету мақсатында облыстың білім беру мекемелерінде «Отбасы мен мектеп арасындағы өзара іс-қимыл тұжырымдамасы» енгізілді.

522 ата-аналар комитетінің, 169 әкелер кеңесінің, білім беру ұйымдары жанындағы 186 аналар кеңесінің қызметі жандандырылды.

Ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап облыс прокуратурасының бастамасымен білім беру басқармасы «Жастар және Заң» облыстық жобасын іске асыруда.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық пен қылмысқа қарсы іс-қимыл» жобасын іске асыру шеңберінде облыс прокуратурасы жанынан Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мобильдік топтар құрылды. Павлодар қаласының білім беру ұйымдарына прокурорлар қатарынан кураторлар бекітілді.

Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты ағымдағы жылдың сәуір айында «Білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықты алдын алу» білім беру бағдарламасы бойынша біліктілікті арттырудың қысқа мерзімді курстарын өткізеді.

«Жаңа тәжірибе» жобасы іске асырылуда (психологтердің шығармашылық жұмыс тобының қызметін ұйымдастыру, семинарлар, тренингтер, консультациялар және т.б. өткізу).

«Тәрбие алаңы» жобалық кеңсесінде психологиялық және консультациялық көмек көрсету үшін «SENIM ROOM» психологиялық көмек кабинеті жұмыс істейді, 400-ден астам кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсетілді.

«Тәрбие алаңы» жобалық кеңсесінің мамандары «Ашық алаңы» диалог терезесінің жұмысы аясында отырыстар өткізіледі.

Павлодар облысының білім беру басқармасы жанынан балаларға, жасөспірімдерге және олардың ата-аналарына қорқытудың, балаларға қатыгездіктің алдын алу мәселелері бойынша «Шұғыл желі» жұмыс істейді. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзу фактілері туралы 87010707546 (WhatsApp) нөміріне хабарлама жазуға болады.

2023-2024 оқу жылында облыстық жобалар іске асырылды



Облыста 6 әлеуметтік жобалар іске асырылуда: «Head stars» пікірсайыс бағыты бойынша жоба, «Профи time», «Жасқыран Kids», «Ертіс өңірі – адалдық алаңы», «Өзін-өзі басқарудың үздік ұйымы», «Үздік Ұлан – 2023 Қыранбасшысы».

«FAMILY DAY» ЖОБАСЫ

Жобаның мақсаты мен міндеттері: мүдделер ортақтығын дамыту арқылы отбасының бірлігін нығайтуға ықпал ету; ұлттық мәдениеттің жағымды дәстүрлеріне ұлттық асхана арқылы қатыстыру

Жобаның мерзімі – қыркүйек – наурыз

1-4 сыныптар – 13 қыркүйекте (ҚР Отбасы күні) бірлескен «FAMILY DAY»;

5-8 сыныптар – 5-7 наурыз 8- наурыз Халықаралық әйелдер күні шеңберінде «FAMILY DAY» өткізілді;

9-11 сыныптар – 20-21 наурыз - Наурыз мейрамы көктемгі теңесу күні шеңберінде «FAMILY DAY» өткізілді;

Жоба қатысушылары: оқушылар, ата-аналар мен педагогтер

Жобаны іске асыру жолдары:

1. Отбасылық рецепт бойынша бірлескен бәліш дайындау мақсатында ата-аналарды «Қош келдіңіздер, ата-аналар!» акциясына шақыру;

2. Балалар мен ата-аналарды отбасылық рецепт бойынша бәліш дайындауда бірлесіп қатысуы (ұрпақтан ұрпаққа жеткен көне рецептер бойынша);

3. Өз өнімдерінің тұсаукесері, «Есім хат карточкасы», бәліштің сыртқы бейнесі, оны дайындау тарихы ескерілді;

4. Қоғамдағы белсенді тұлғаларды шақыру және үздік рецептер қорын жинақтаумен әрі қарай өткізу шай ішу, аналар мектебін, отбасылық қонақжайлар өткізілді.

Жобаны өткізуден күтілетін нәтижелер:

Білім беру ұйымдарында балаларды отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерге тартуға және бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беретін ұлттық отбасылық клубтар, шеберхана, қонақжай құру мүмкіндігі.

«БАЛА-BUSINESS» ЖОБАСЫ

Жобаның мақсаты мен міндеттері: Павлодар облысындағы жалпы орта білім беру мектептері оқушыларының арасында бизнес идеяларды іздестіру; өмір сапасын жақсартуға бағытталған оқушылардың әлеуметтік маңызы бар бизнес-жобаларын қолдау; өңірдің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі озық білімді дамыту.

Жобаның мерзімі-қыркүйек-қараша

Жоба қатысушылары: өз бизнес-жобаларын әзірлеген 5-11 сынып оқушылары

Жоба ұйымдастырушылары: М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы.

Павлодар қаласының ЖОО-ның экономика, менеджмент, бизнес, қаржы оқытушылары, бизнес-жаттықтырушылары шақырылады. «Даму» кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының мамандары, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Бәйтерек» холдингінің ұлттық менеджерлері. Сонымен қатар, өздерінің start-up жаңа жобаларын іске асырған Павлодар қ. ЖОО-ның студенттері.

Жобаның жетістіктері:

- Павлодар облысындағы жалпы орта білім беру мектептері оқушыларының арасындағы қызықты бизнес идеяларды іздестіру;
- өмір сапасын жақсартуға бағытталған оқушылардың әлеуметтік маңызы бар бизнес-жобаларын қолдау;
- өңірдің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі озық білімді дамыту;
- қалыптасқан топқа арналған оқу бағдарламасы ұйымдастырылады;
- Бизнес-жаттықтырушылар, өздерінің start-up жобаларын іске асырған студенттер тартылады;
- start-up жобаларын қорғау (осы кезеңде инвестицияларды іздестіруге бизнесмендер шақырылады).

Жобаны өткізуден күтілетін нәтижелер:

Қорытынды фестиваль. Бұл кезең түпкілікті болып табылады, онда инвестор тауып, конкурстан өткен start-up жобасының идея авторымен шарт жасасқан жобаны одан әрі дамыту үшін (бизнесменді таныстыру) тұсаукесермен аяқталады.

«МЕНИҢ ТУЫМ» ЖОБАСЫ

Жобаның мақсаты мен міндеттері:

Тарихи өткенге мұқият қарау, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің тарихымен танысу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, тарихи өткеніміз және еліміздің халықтарының дәстүрлеріне құрмет және мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

Жоба мерзімі-қыркүйек-маусым

Жоба қатысушылары: оқушылар мен педагогтер

Іске асыру механизмі:

Салтанатты шаралар өткізілетін мектеп аумағында ту тұғыр орнату;

Ту көтеру құрметі берілген оқушыны мектеп басшылығы немесе мектеп белсенділері белгілейді, салтанатты іс-шараларда әр оқушының пайдалануы үшін кәдесыйлық жалаушалар сатып алу (ұрандарды қолдау кезінде);

Ата-аналармен «Біздің отбасымыздағы ту» ұжымдық жұмыс, мемлекеттік мерекелерде өз балконында ҚР ұлттық туын ілу;

Мереке күндері мектептің терезелеріне орналастыру үшін А-3, А-2 пішімінде түрлі техникаларда байрақ жасау: сурет салу, аппликация, СҚӨ.

Жобаны өткізуден күтілетін нәтижелер:

1. Қала және облыс мектептерінің сайтындағы ақпарат;

2. Әлеуметтік желілерге кеңінен жариялау: Вконтакты, Instagram, Facebook.

«АДАЛ FRIENDS» ЖОБАСЫ

Жобаның мақсаты мен міндеттері:

Оқушылардың мүмкіндігі шектеулі адамдарға түсіністік, қайырымдылық құрмет, өздерінің әлеуметтік маңыздылығын түсіну сезімдерін қалыптастыру.

Жоба мерзімі – қыркүйек-мамыр

Жоба қатысушылары: оқушылар, ата-аналар, педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалар, үйде оқитын және оқуға жарамсыз балалар.

Жобаны іске асыру жолдары:

- «Сыйла..» акциясы
- Ойын сағаты
- Ертеңгіліктер, квест ойындары арт-терапия, Жаңа жылдық

ертеңгіліктері, қарым-қатынас сағаты

Жобаны өткізуден күтілетін нәтижелер: ұдайы жәрдем беру, қажеттілігі ерекше, мектепке бекітілген, үйде оқытылатын балаларға қоғамның тұрақты назарын және қызығушылығын қалыптастыру, қоғамдық мекеме, БАҚ және басқа да әлеуметтік топтарды қалыптастыру және ерекше қажеттіліктері бар балалардың мүддесін іске асыру бойынша күшті біріктіру, фотосуреттер, бейнематериалдар есебін жасау.

«ЭКО ВООМ» ЖОБАСЫ

Жобаның мақсаты мен міндеттері:

«ЭКО ВООМ» облыстық жобасы жас ұрпақты туған өлкенің табиғат ресурстары мен қоршаған әлеміне ұқыпты қарым-қатынас дәстүрінде тәрбиелейді.

Жобаның мерзімі – қыркүйек-сәуір

Жобаның қатысушылары: оқушылар, ата-аналар мен педагогтер

Жобаның іске асыру жолдары:

- «Бірінші сынып оқушыларының бағы» акциясы- бірінші сынып оқушыларының ата-анасымен бірлесіп Күзгі көшет отырғызуы;
- «ПВХ өнімдері мен пайдаланылған батареяларды жою» - қолданылған батареялар мен ПВХ өнімдерін ұтымды жою;
- «Энергия және болашаққа арналған су» акциясы-тұрмыста су мен электр энергиясын үнемдеу;
- «Кұстарға арналған кафе» экологиялық акциясы-астау даярлау және оларды қыс мезгілінде тұрақты түрде жеммен толтыру;
- «Эко Кросс» акциясы – жер күніне орай аумақты қызықты және жарыс түрінде жинап, тазалау.

Жобаның күтілетін нәтижелері:

Мектептердің жобаға қатысу мониторингісін қазылар алқасы «EkoBoomPavlodar» хэштегімен тегін Instagram қосымшасында автор басылым парақшасын белгілеген және белсенділік танытқан (I,II,III орын) жеңімпаздары мен лауреаттары іріктеліп алынды.

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

Оқушылар сарайының базасында «Табысқа жету жолы» жобасы іске асырылуда, оның аясында облыс мектептерінің оқушылары үшін құрметті азаматтармен, педагогикалық еңбек ардагерлерімен, спортшылармен, қоғам қайраткерлерімен және т.б. кездесулер өткізіледі. Өз жетістіктерімен және өмірлік тәжірибелерімен бөлісуге Ж. Аймауытова атындағы қазақ музыка-драма театрының актерлері Б.Д. Дастан және А.А. Балтабаева, айтыскер-ақын, облыстық айтыс Бас жүлдесінің иегері Б. Нұрбек, Испания футбол клубында тағылымдамадан өткен жас футболшы А.Сураган және т.б. шақырылды.

Оқушылар мен студенттердің «Еуроазиялық энергетикалық корпорациясы» АҚ, «Павлодар машина жасау зауыты» АҚ, «Трамвай басқармасы» АҚ, «Тамаша жиһаз компаниясы» ЖК, «Победа» ЖШС (сүт кешені, жартылай фабрикаттар цехы және құрылыс учаскесі) сияқты кәсіпорындарға, Павлодар облысының ұйымдарына экскурсиялар тұрақты негізде өткізіледі. Құқық негіздері бойынша арнайы пәнді бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейінен бастап енгізу мәселесі бойынша Павлодар өңірінің мектепке дейінгі ұйым, мектеп, колледждермен бірлескен ІІБ бұйрығы бекітіліп, жұмыс жоспары әзірленді. ІІБ бөлімімен бекітілген жоспар негізінде әр білім беру ұымына Павлодар облысы Прокуратурасынан прокурорлардың дәріс жүргізуі жоспарланып, іске асырылды.

Салауатты өмір салтын сақтау мақсатында барлық білім беру ұйымдарында «Жастар денсаулығын сақтау» орталығының психологтары, гинекологымен тікелей байланыста өзара бірлескен іс-шаралар өткізіледі.

Оқушылардың мәдени сауаттылығын арттыру мақсатында «Ж.Аймауытов атындағы қазақ драма театры», «И.Байзақов атындағы филармония», «Өлкетану» музейі, «Ертіс» музейі, «Бұқар жырау атындағы музеймен, С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана қызметкерлерімен кездесу және музейлер мен театрларда ұйымдастырылған іс-шараларға оқушылардың қатысуы ұйымдастырылды.

Қорытынды және ұсыныстар

Павлодар өңірі бойынша жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру.

- Жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнымен танысу; іске асырудың жолдарын қарастыру; алгоритмін құру; алгоритм негізінде жұмыс жоспарын құру, жауаптыларды тағайындау; өңірдің брендин жасау.

Күтілетін нәтиже:

1. «Жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнымен таныса отырып, оқу-тәрбие процесіне сатылы енгізу жоспары жасалады.

2. Іске асырудың жолдары қарастырылып, алгоритмі құрылады.

3. Жұмыс жоспары негізінде бірқатар шаралар өткізілді: семинарлар, секциялық жұмыстар, БАҚ та жариялау, баннерлер мен өңірдің бренді болатын логотип жасалады.

4. Өткізілген іс-шаралардың мониторингісі құрылады.

Ұсыныстар: жасалған жұмыстарға бақылау жасап, түзету жұмыстарын жүргізу. Облыс, қала, аудан бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде іс-шаралар мен әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы білім алушылардың бойына құндылықтарды сіңіру.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының негізгі мақсаты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу болып белгіленді. Осы орайда, білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрық қабылданды. Бұл бұйрықтың қабылдануы тәрбие жұмысындағы жаңа дәуірдің бастамасы болды.

2023-2024 оқу жылында Солтүстік Қазақстан облысында 458 мектеп жұмыс істейді және 75138 білім алушы.

Бұл білім ордалары аудан/қала әр түкпірінде орналасып, мыңдаған оқушыға сапалы білім мен тәрбие беруде. Осы мектептерде оқушылардың бойына терең білім, ұлттық құндылықтар және рухани-адамгершілік тәрбие сіңіру үшін қажырлы еңбек ететін 10 мыңнан астам педагог қызмет атқарады. Олар өздерінің кәсіби біліктілігі мен шығармашылық қабілеттерін ұштастырып, болашақ ұрпақты тәрбиелеу жолында табанды жұмыс жүргізуде. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» аналитикалық есебінің мақсаты – білім беру жүйесінде жүзеге асырылған тәрбие жұмыстарының тиімділігін жан-жақты талдау, бағдарламаның негізгі бағыттары бойынша қол жеткізілген нәтижелерді бағалау және болашаққа бағдар жасау. Бұл есеп арқылы бағдарламаның қаншалықты тиімді болғанын анықтап, оның ықпалы мен жетістіктерін айқындау, сондай-ақ, алдағы уақытта атқарылатын іс-шаралар мен даму бағыттарын белгілеу көзделеді.

Солтүстік Қазақстан облысының аналитикалық есептің негізгі міндеттері:

1. Бағдарламаның орындалу деңгейін бағалау – жүзеге асырылған іс-шаралардың сапасын, тиімділігін және қамтылу ауқымын талдау.
2. Оқушылардың тәрбиелік құндылықтарын қалыптастыру – бағдарлама арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін, патриоттық сезімдерін және ұлттық мәдениетке деген құрметін арттыру деңгейін анықтау.
3. Әдістемелік қолдауды талдау – білім беру мекемелеріне көрсетілген әдістемелік көмектің тиімділігін және оның бағдарламаны жүзеге асыруға әсерін саралау.
4. Қорытынды және ұсыныстар әзірлеу – бағдарламаның жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап, оларды жою жолдарын ұсыну, болашақтағы жұмыс бағыттарын айқындау.

Бұл есеп бағдарламаның нәтижелерін кешенді талдау арқылы оның тәрбиелік маңызын көрсетіп, алдағы уақытта тиімділікті арттыруға бағытталған маңызды ұсыныстар мен шешімдер әзірлеуге мүмкіндік береді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының аналитикалық есебінің күтілетін нәтижелері:

1. Бағдарламаның тиімділігін бағалау: Жүргізілген іс-шаралар мен оқу процестерінің тәрбиелік құндылықтарды қалыптастыруға қаншалықты ықпал еткенін анықтау.

2. Тәрбиелік жұмыс сапасын арттыру: Есеп нәтижесінде тәрбие жұмыстарының сапасын жақсарту үшін нақты ұсыныстар мен шаралар айқындалады.

3. Оқушылардың рухани-адамгершілік дамуын нығайту: Бағдарлама аясында оқушылардың патриоттық сезімдері, ұлттық мәдениетке деген құрметі мен рухани құндылықтары күшейе түседі.

4. Әдістемелік қолдаудың тиімділігін арттыру: Білім беру ұйымдарына көрсетілетін әдістемелік қолдаудың деңгейін көтеру үшін қажетті бағыттар анықталады.

5. Болашаққа бағдар жасау: Есептің нәтижелері негізінде бағдарламаны одан әрі жетілдіру, жаңа оқу жылына арналған тәрбиелік жұмыстың стратегиялық жоспарларын жасау мүмкіндігі туындайды.

Бұйрық жарияланғанға дейін Әдістемелік орталық аудандардың әдіскерлерімен бағдарламаны енгізу бойынша облыстық оқыту семинарларын және облыс мектептері директорларының орынбасарларымен бөлек екі күндік семинар өткізді. Бұл шаралар бағдарламаның мақсаты мен мазмұнын терең түсінуге, сондай-ақ оны тиімді іске асыруға бағытталды.

Бұйрық шыққаннан кейін, қыркүйек айында директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары үшін облыстық және жеке аудандық кеңестер өткізілді. Бұл кеңестерде қатысушылар бағдарламаның барлық аспектілері бойынша толықтай зерделеп, оны өз мектептерінде іске асырудың нақты жолдары мен әдістемелері туралы ақпарат алды. Бұл кезең білім беру жүйесінде тәрбие жұмыстарын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етті. 2023-2024 оқу жылына арналған мектептердегі тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының негізінде жасалды, осы бағдарламаның құрамына тәрбиенің 3 негізгі құндылығы кірді.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жылдық жоспар құрылып, іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған, әрі ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Осы бағытта Солтүстік Қазақстан облысынан Астана қаласына жол тартқан тәрбие ісінің меңгерушілері мен әдістемелік орталықтың әдіскерлері үш күндік оқыту семинарына қатысып, бағдарлама мазмұнымен жан-жақты танысты. Бұл ерекше іс-шара барысында қатысушылар жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі қағидалары мен ерекшеліктерін терең меңгеріп, тәрбие жұмысының жаңа тәсілдері мен әдістері жайында құнды білім алды. Семинарлардың барысында оқу үдерісіндегі ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтарды насихаттау жолдары талқыланып, қатысушылардың кәсіби деңгейі мен тәрбие жұмысына деген көзқарасы айтарлықтай кеңейді. Астана қаласында өткен семинарлар білім беру саласындағы жаңа көзқарастар мен тәжірибелермен бөлісу алаңы болды. Облыстық деңгейде ұйымдастырылған осындай маңызды семинарлар білім беру мекемелері арасындағы байланыстарды нығайтып, тәрбие ісінің сапасын арттыруға ықпал етті. Семинарлар барысында қатысушыларға бағдарламаның

мәні мен мазмұны толыққанды түсіндіріліп, тиімді әдістер мен тәжірибелік жұмыстармен таныстырылды.

2024 жылдың басында тоғыз сертификатталған тренер жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша кең ауқымды оқыту жұмыстарын жүргізді. Бұл игілікті іске 457 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен 398 мектеп директорлары қатысты. Оқытудың нәтижесінде, тәрбие ісіндегі жаңа тәсілдер мен әдістер кеңінен талқыланып, олардың тиімділігі туралы нақты түсінік қалыптасты.

Бұдан бөлек, педагогикалық кеңестер мен зум платформасы арқылы 10000 мыңнан астам педагог жаңартылған бағдарламамен таныстырылды. Бұл ауқымды оқыту шаралары білім беру жүйесіндегі тәрбие жұмысының сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болды. Сонымен қатар, жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мектептермен ғана шектелмей, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде де кеңінен таныстырылып, белсенді түрде енгізіле бастады. Бұл кезеңде балалар бақшалары мен түрлі тәрбие орталықтарында бағдарлама мазмұны мен мақсаттары жайлы кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу қолға алынды. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие жұмысының сапасын арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер мен әдістемелер практикаға енгізіліп, ерте жастан бастап балалардың рухани-адамгершілік дамуында маңызды қадамдар жасалды.



Сурет 59. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы

Ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында білім беру мекемелеріндегі педагогтеріміз, білім алушыларымыз әр аптаның жұма күндері оқу үрдісінде ұлттық киім киіп, салт-дәстүрлерді насихаттап киінуде. Облысымыздың білім беру мекемелерінде 2687 іс-шара атқарылды. Іс - шараға облысымыздың әр мектептерінен 100 –ден артық әріптестеріміз келіп қатысты, оның ішінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтер, педагог-психологтер, сынып жетекшілер болды.

2023 жылдың қыркүйегінен бастап СҚО бойынша әрбір білім беру ұйымында (458 мектеп) ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары жұмыс істей бастады. Олар балаларды тәрбиелеудің заманауи тәсілдерін енгізуге және отбасылар кездесетін қиындықтарды жеңуге бағытталған. (20-22.09.2023 жылдан бастап әр мектепте директор жанындағы кеңестерде

шығармашылық топ құру туралы бұйрықтар шығарылды және ата-аналарға арналған сабақ кестесі бекітілді).

21 тамыздан 29 қыркүйекке дейін «Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты» КЕАҚ АПҚО құру бойынша курстар өткізді. Курсқа 362 адам қатысты. Оның ішінде 181 адам қазақ тілінде, 181 адам орыс тілінде оқыды. Сонымен қатар, қазіргі уақытта 12.09-29.11.2023 ж. аралығында өңірлер бойынша оқыту вебинарлары өтуде. Вебинарға СҚО-дан 60 адам қатысады. Курстар мен вебинарлар тыңдаушыларының санаты: директорлардың тәрбие работе жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар, педагог-психологтар, сынып жетекшілері, педагог-ұйымдастырушылар, тәлімгерлер. «Әдістемелік орталық» КММ әдіскерлері кесте бойынша әр аудан мен қала үшін түсіндірме вебинарлар өткізді. Облыстың 1400 педагогы қатысты.

Ата-аналарға арналған АПҚО бару ерікті. Сабақтар айына екі рет өткізіледі, бір сабақ қашықтықтан оқыту режимінде, екіншісі мектепте мұғалімдермен және психологтармен (шығармашылық топпен) өтеді. Барлығы ата-аналарға жылына 16 сабақты меңгеру қажет болады. Бүгінгі таңда әр мектепте өткізілді (қыркүйек 1 сабақ, қазан -2 сабақ, қараша-2 сабақ). АПҚО өткізгеннен кейін әрбір білім беру ұйымы фейсбук пен инстаграмға ақпарат жариялайды.

8 ай аралығында 32 986 ата аналар қамтылып осы ата-аналарға педагогикалық көмек көрсетілді.

Солтүстік Қазақстан облысы мектептері бойынша 300 -ге жуық «Даналық клубтары» жұмыс жасауда. Клуб аталар, әжелер, әкелер, аналар, жеңгелер, ағалар мектебі бойынша жұмыс жасауда.

22 қаңтар мен 13 ақпан аралығында «Өркен» БӨАҰҒПИ «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» сабақтарын өткізетін педагогтердің қызметін ынталандыру мақсатында «Педагогтер мен ата-аналар: балалардың қызығушылығы негізіндегі ынтымақтастық» Республикалық байқауын ұйымдастырды. Осы байқауға СҚО облысынан ұстаздарымыз қатысып номинацияларды және жүлделі орындарды иеленді.

2024 жылдың 13 наурызында «Әдістемелік орталық» КММ және «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты бірлесе отырып Білім беру ұйымдарында *«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын дамыту шеңберінде «Мектеп пен отбасының өзара іс-қимылын нығайту»* тақырыбында семинар өткізілді.

Семинардың басты мақсаты - балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы бойынша жұмысты күшейту және ата-аналардың позитивті мәдениетін дамыту.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында жүргізілген жұмыстардың нәтижелері ата-аналардың білім деңгейін көтеруге, олардың балалардың білім алу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Мұндай орталықтардың қызметі негізінен келесі нәтижелерге әкеледі:

1. Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығының артуы: Ата-аналар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім алу қажеттіліктерін жақсырақ түсінеді. Олардың тәрбиелеу және оқыту әдістері жетілдіріледі.

2. Ата-аналардың мектеппен өзара қарым-қатынасы нығаяды: Мұндай орталықтар арқылы ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы байланыс күшейеді. Ата-аналар мектептегі оқыту процесіне белсенді араласып, өздерінің пікірлерін және ұсыныстарын білдіре алады.

3. Отбасы және мектеп арасындағы ынтымақтастық: Ата-аналар мен мұғалімдер арасында өзара сенім орнайды, бұл балалардың дамуына қолайлы орта жасауға көмектеседі.

4. Балалардың мектептегі үлгерімінің жақсаруы: Ата-аналардың қолдауы арқылы балалардың оқу үлгерімі артып, олардың мектепке деген қызығушылығы артады.

5. Психологиялық қолдау: ата-аналарға балалардың психологиялық жағдайын бақылап, оларға қалай дұрыс қолдау көрсету керектігі туралы кеңес береді.

6. Әлеуметтік мәселелерді шешу: Кейбір ата-аналар үшін орталықтар әлеуметтік мәселелерді шешуге, мысалы, отбасы мүшелерінің арасындағы жанжалды реттеуге немесе әлеуметтік жағдайды жақсартуға көмектеседі.

Осы жұмыстардың барлығы ата-аналардың балалардың оқу және тәрбиелеу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, нәтижесінде баланың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасалады.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде еліміздің мектептерінде «Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталықтары» ашылды

Кесте 43

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында ата-аналарға арналған семинар-тренингтер ұйымдастырылды.	2748
Семинар-тренингтерге адам қамтылды.	23768
19 «Даналық мектебі» клубында	328 тренинг өткізіліп, 2190 тыңдаушы қатысты.

Кесте 44

Директордың ТІЖО	346
Психологтер	462 + 153 мектепке дейінгі психологтер
Әлеуметтік педагогтар	427
Сынып жетекшілер	3963
Әдіскерлер	14

Тәрбие тұғырларын іске асырудағы ауыл және қала мектептері көрсеткіші:

Тәрбие тұғырларын іске асырудағы ауыл және қала мектептерінің көрсеткіштері бірнеше факторларға байланысты өзгереді. Бұл көрсеткіштерді салыстыру арқылы әр түрлі білім беру ортадағы ерекшеліктер мен мәселелерді анықтауға болады.


Қала мектептері			
Материалдық-техникалық база	Педагогикалық кадрлар	Қосымша білім беру мүмкіндіктері	Ата-аналармен жұмыс
Қала мектептерінде әдетте заманауи оқу құралдары, жабдықтар, және технологиялар жақсырақ қамтамасыз етілген. Бұл оқушыларға сапалы білім мен тәрбиені ұйымдастыруға ықпал етеді.	Қала мектептерінде білікті мұғалімдер мен педагогтар саны көбірек. Олардың тәжірибесі мен біліктілігі тәрбие тұғырларын жоғары деңгейде іске асыруға мүмкіндік береді.	Қала мектептері оқушылар үшін қосымша білім беру және дамыту бағдарламаларын, түрлі үйірмелер мен секцияларды ұсына алады. Бұл балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.	Қаладағы ата-аналар білім беру және тәрбие процесіне белсенді қатысады, бұл тәрбиелік іс-шаралардың тиімділігін арттырады.
Ауыл мектептері			
Ауыл мектептерінде материалдық-техникалық базаның әлсіздігі байқалуы мүмкін. Бұл тәрбие жұмысының сапасына әсер етуі мүмкін, әсіресе, заманауи технологияларды пайдалануда	Ауылдық жерлерде білікті мамандардың жетіспеуі мүмкін. Бұл тәрбие тұғырларын іске асыруда қиындық тудырады. Алайда, ауылдық мұғалімдер көбінесе жергілікті жағдайларды жақсы түсінеді және ата-аналармен тығыз байланыста болады.	Ауылдық аудандарда тұрғындардың әлеуметтік жағдайы төмен болуы мүмкін, бұл ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге қатысуына әсер етеді.	Ауылдық қоғамдастықтарда қоғамның ықпалы күшті, сондықтан тәрбие жұмысы көбінесе бүкіл ауылдық қауымдастықтың қатысуымен іске асырылады. Бұл жерде ұлттық және дәстүрлі құндылықтарға басымдық беріледі.

Жалпы қорытынды:

- Қала мектептері материалдық базасы мен кадрлық ресурстардың арқасында тәрбие тұғырларын іске асыруда тиімдірек болуы мүмкін.

- Ауыл мектептері жергілікті ерекшеліктерге бейімделген тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруға қабілетті, бірақ ресурстардың жетіспеушілігі белгілі бір қиындықтар туғызады.

Бұл факторлар мен көрсеткіштер ауыл және қала мектептерінің тәрбие тұғырларын іске асырудағы нәтижелерін анықтайды.



Сурет 60. Іс-шаралар көрсеткіші

Жалпы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жұмысы барлық әлеуметтік желілерде #Біртұтас_тәрбие хэштегтерімен белгіленіп, іс-шара жарияланады.



Сурет 64. Әлеуметтік жобалар

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылған челленджер

Кесте 46

«Адал ұрпақ»	60.1 %	«Домбырашылар»	1500
«Жеткіншектің жеті жарғысы»	59.5 %	«Шахмат ойнау»	9000
«Еңбегі адал жас өрен»	68.2 %	«Жасыл мекен»	1219
«Үнем – қоғам қуаты»	50.7 %	«Сергіту сәті»	7415
«Экологиялық мәдениет»	61.4 %	«Әнұран айту»	7513
«Қоғамға қызмет»	58.7 %	«Асық ату»	4015
«Өрталапты, озықойлы ұлан»	55 %	«Шығарма жазу:»	1575
«Зиянды әдеттен аулақ бол»	60 %	«Болашаққа хат»	1023
		«Қазақ есебі»	9005

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік мүдделі орган қызметкерлерінің қатысуымен бірлескен іс-шаралар өткізілді

Кесте 47

Іс- шара атауы	Өткізілген іс- шара саны	Қамтылған оқушы саны
Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулары	45	15 030
Денсаулық сақтау саласының мамандарымен бірлескен шара	45	17 010
Ішкі саясат қызметкерлері мен бірлескен шаралар	37	13 986
Сыбайлас жемқорлық агенттігі қызметкерлерімен бірлескен шаралар	50	19 600
Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлескен шаралар	39	13 650

«DosbolLIKE: достық қолын ұсын» акциясы 2024 жылдың 17 қаңтары мен 17 ақпаны аралығында өтті. Бастама достық, қауіпсіз кеңістік құру үшін ынтымақтастық арқылы оң қарым-қатынас жасаудың ең тиімді жолдарын іздеуде оқушыларды біріктіруге бағытталған. *Акцияның мақсаты:* Шығармашылық ұжымдық шығармашылық негізінде мектеп жағдайында жағымды қарым-қатынастарды қалыптастыруға жағдай жасау. Бұл акцияның жоспарына сәйкес мектепте түрлі іс-шаралар өтті. Ол: тренингтер, әңгімелер, сынып сағаттары, дөңгелек үстел, қарт адамадрға барып көмек көрсету, спорт ойындары, үзілістегі ойындар т.б

2023-2024 жылында жүргізілген жобалар

Кесте 46

1. «Ұлттық мұра» жобасы	
Мақсаты:	Оқушылар арасында ұлттық салт-дәстүрлерді, өнер мен қолөнерді насихаттау
Сабақтар:	Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениеті туралы арнайы тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, оқушыларға ұлттық мұраны тереңірек таныстыру көзделеді.
Шеберлік сыныптар:	Қолөнер бойынша жергілікті шеберлерден шеберлік сабақтары өткізіледі, мысалы, киіз басу, ою-өрнек жасау. Бұл сабақтар оқушыларға ұлттық қолөнердің қыр-сырын үйретіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.
Көрмелер:	Оқушылардың жасаған қолөнер бұйымдары мектеп ішінде көрмеге қойылып, ұлттық өнердің көркемдігін көрсету мақсатында ұйымдастырылады.
Конкурстар:	«Ең үздік ұлттық киім», «Жас шебер» сияқты конкурстар өткізіліп, жеңімпаздар марапатталады. Бұл шаралар ұлттық құндылықтарды насихаттап, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін бағалайды.

2. «Туған жерге тағзым» жобасы	
<i>Мақсаты:</i>	Оқушыларды туған жердің тарихы мен табиғатын зерттеуге және қорғауға баулу.
<i>Экскурсиялар:</i>	Туған жердің тарихи орындарына және табиғи қорықтарына экскурсиялар ұйымдастырылады, бұл оқушыларға туған жердің тарихы мен экологиясын таныстыруға мүмкіндік береді.
<i>Зерттеу жұмыстары:</i>	Оқушылар туған жердің тарихы, мәдениеті мен экологиясы туралы шағын зерттеу жобаларын жасап, білімдерін тереңдетеді.
<i>Эко-акциялар</i>	Табиғатты қорғау және тазалау жұмыстары ұйымдастырылады, мысалы, ағаш отырғызу, қоқыс жинау акциялары. Бұл экологиялық жауапкершілікті арттырады.
<i>Презентациялар</i>	Жоба қорытындысы бойынша оқушылар өздерінің зерттеу жұмыстарын сыныптастары мен мұғалімдерге таныстырады, бұл олардың зерттеу нәтижелерін жариялауға мүмкіндік береді.

3. «Адал ұрпақ» жобасы	
<i>Мақсаты:</i>	Жас ұрпақ арасында адалдық, әділдік және патриоттық құндылықтарды насихаттау.
<i>Патриоттық сабақтар:</i>	Оқушыларға патриотизм, адалдық және әділдік туралы әңгімелер мен бейне сабақтар өткізіліп, ұлттық құндылықтарды түсіндіру көзделеді.
<i>Ерлік сабақтары:</i>	Соғыс ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылып, олардың ерліктері оқушыларға үлгі ретінде көрсетіледі
<i>Эссе конкурсы:</i>	«Адалдық пен әділдік» тақырыбында оқушылар арасында эссе байқауы өткізіліп, адалдық пен әділдікке деген көзқарастарын білдіруге мүмкіндік береді.
<i>Жас сарбаздар клубы:</i>	Әскери-патриоттық бағыттағы клубтар ашылып, оқушылар әскери дайындық пен тәртіпті үйренеді, бұл олардың патриоттық сезімдерін арттырады.

Бұл жобалардың барлығы былтырғы оқу жылында өңірлерде сәтті жүзеге асырылып, оқушылардың білім деңгейін және азаматтық позициясын нығайтуға өз үлесін қосты. Әрбір жоба оқушылардың рухани дамуына және қоғамға белсенді қатысуына үлкен ықпал етті, болашақта да жалғасын табады деп күтілуде.

2023 - 2024 оқу жылында аудандарында жас ұландықтарымен көптеген іс-шаралар атқарылуда.

«Тоғыз айға арналған іс-шаралар жоспары аясында мектептерде түрлі қызықты және тәрбиелік маңызы бар шаралар ұйымдастырылды. Соның ішінде «Денсаулық күніне» сергіту сәті өткізіліп, оқушылардың денсаулығын нығайту мен салауатты өмір салтына баулу мақсатында ерекше іс-шаралар жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспары негізінде «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында мектептерде «Асық ату челленджі» ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты – ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғыртып, бабаларымыздың ойындары туралы түсінік беру, қызығушылықты ояту болды. Асық ойнау арқылы балаларды дәлдікке, мергендікке, ептілікке, жеңіске деген құштарлыққа, намысқойлыққа және әділдікке тәрбиелеу көзделді. Сонымен қатар, балаларға ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге бағытталған тәрбиелік әсер жасалды.

Қазан айында «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспары бойынша «Әнұран айту челленджі» өткізілді. Бұл іс-шара білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыруға ықпал етуге бағытталды. Әнұран айту арқылы оқушылардың отаншылдық сезімдерін тереңдету, ұлтқа деген сүйіспеншілікті арттыру және азаматтық жауапкершілікті сезіну мақсаты көзделді.

Еліміздің түкпір-түкпірінде білім беру ұйымдарында ұйымдастырылатын «Төрт тоқсан – төрт өнер» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында түрлі мерекелер, байқаулар, көрмелер, сайыстар, олимпиадалар және фестивальдер өткізіліп келеді. Осы жоба шеңберінде 2-ші тоқсанда мектебіміздің оқушылары «Алтын сақа» республикалық челленджіне қатысты. Бұл челлендж «Бес асық» ұлттық ойынын қамтыды, ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор екенін, сонымен қатар балалардың дене күш-қуатын арттырып, шапшаңдық пен дәлдікке тәрбиелейтінін атап өту маңызды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспары негізінде «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында «Қаңтар қазақ есебі» челленджі өткізілді. Бұл іс-шара ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті жаңғыртуға бағытталды, сонымен қатар білім алушыларды ұлттық құндылықтарға баулуға мүмкіндік берді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 28 ақпанда сағат 12.00-де «Оқуға құштар мектеп челленджі – кітап оқу мәдениетін дәріптеу» атты іс-шара өтті. Челлендждің шарты бойынша барлық білім беру ұйымдарында бір уақытта білім алушылар өздері таңдаған кітабынан үзінді оқып, басқа қатысушылармен ой бөлісті. Сонымен қатар, «Сүйікті кітабым» көрмесі ұйымдастырылды, бұл кітап оқу мәдениетін насихаттау мен оқушылардың оқу әдеттерін қалыптастыруға бағытталды.

1 наурыз күні өзін-өзі басқару ұйымы «Алғыс айту – парызым» атты іс-шара ұйымдастырды. Бұл күні өзін-өзі басқару ұйымы мен оқушылар мектеп ұжымын мерекемен құттықтап, өздерінің алғыстарын білдірді. Іс-шара арқылы мектеп ұжымына деген құрмет пен ықылас көрсетілді, бұл бірлесе жұмыс істегендердің ынтымақтастығын нығайтуға ықпал етті.

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

Облысымыздың білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруда мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен көптеген іс-шаралар өткізілді. Бұл шаралар барысында мемлекеттік мүдделі органдармен лекциялар, әңгімелер және кездесулер

ұйымдастырылды. Лекциялар мен әңгімелерде мемлекеттік органдардың өкілдері бағдарламаның маңызды аспектілері мен оны жүзеге асырудың тиімді жолдары туралы ақпарат берді. Кездесулер барысында қатысушылар бағдарлама аясында атқарылатын жұмыстар мен олардың қоғамға тигізер әсері туралы талқылауларға қатысып, өз ойлары мен ұсыныстарымен бөлісті. Бұл іс-шаралар білім беру ұйымдарында бағдарламаның мақсаттарын кеңінен түсінуге және оны тиімді іске асыруға үлкен ықпал етті.

2023-2024 оқу жылында білім беру саласындағы мемлекеттік мүдделі органдармен бірлесіп, бірнеше маңызды бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді. Бұл жұмыстар білім беру сапасын арттыру, оқушылар мен мұғалімдердің жағдайын жақсарту, сондай-ақ тәрбие беру мәселелерін шешуге бағытталған. Төменде осы жұмыстардың негізгі бағыттары мен олардың нәтижелері көрсетілген.

1. Мектептерде қауіпсіздік шараларын күшейту

Мақсаты: Оқушылардың мектептерде қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету.

Нәтижесі: Мектептердің 90%-ында қауіпсіздік жүйелері (бейнебақылау, күзет) орнатылды. Қауіпсіздік шаралары нәтижесінде мектептегі тәртіп бұзушылық деңгейі 15%-ға төмендеді.

2. Оқушылардың тамақтануын жақсарту

Мақсаты: Оқушыларға сапалы және пайдалы тамақ ұсыну.


Нәтижесі: Мектептердің 75%-ы оқушыларға сапалы және теңдестірілген тамақтану жүйесін енгізді. Оқушылардың денсаулық көрсеткіштері жақсарды, олардың арасында асқазан-ішек ауруларының деңгейі 10%-ға төмендеді.

3. Тәрбие беру бағдарламаларын жаңарту

Мақсаты: Оқушыларға заманауи және ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру.

Нәтижесі: Тәрбие беру бағдарламаларының 90%-ы жаңартылды. Жаңа бағдарламалар ұлттық және патриоттық тәрбиеге баса назар аударады.

Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстардың негізгі көрсеткіштері



- Құқық қорғау органдары өкілдерімен бірлескен
- Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулары
- Денсаулық саласы мамандарымен бірлескен
- Ішкі саясат өкілдерімен бірлескен
- Сыбайлас жемқорлық саласымен бірлескен

Сурет 65. Мемлекеттік мүдделі органдармен жұмыс көрсеткіші

Білім беру мекемелерінде өткізілген оқу-жаттығулар мен іс-шаралар кең ауқымды және көпқырлы сипатқа ие болды, олардың әрқайсысы өз мақсаттарына жетуге бағытталды:

Құқық қорғау органдары өкілдерімен бірлескен – 684 іс-шара ұйымдастырылып, құқық қорғау органдарының тәжірибесі мен кеңестері арқылы білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етілді.

Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулары – 189 іс-шара өткізілді, бұл білім алушылардың төтенше жағдайлар кезінде өзін-өзі ұстау және қауіпсіздікті сақтау дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

Денсаулық саласы мамандарымен бірлескен – 369 іс-шара ұйымдастырылды, денсаулық сақтау мамандарының қатысуымен оқушылардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізілді.

Ішкі саясат өкілдерімен бірлескен – 97 іс-шара өткізіліп, қоғамда ішкі саясаттың маңызы мен оның оқушылардың өміріне әсері туралы түсінік қалыптасты.

Сыбайлас жемқорлық саласымен бірлескен – 264 іс-шара ұйымдастырылып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және әділдік принциптерін насихаттау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Осы іс-шаралардың барлығы білім алушылардың әлеуметтік және қауіпсіздік дағдыларын дамытуға, құқықтық сауаттылығын арттыруға және денсаулықты сақтау мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қолдауға бағытталған маңызды қадамдар болып табылады. Бұл іс-шаралар келесі мақсаттарда іске асырылды:

1. Төтенше жағдайларда әрекет ету дағдыларын қалыптастыру: Оқушыларға төтенше жағдайлар, мысалы, өрт, жер сілкінісі, эвакуация кезінде не істеу керектігін үйрету.

2. *Қауіпсіздік ережелерін меңгерту*: Оқушыларға қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде бірінші көмек көрсету және қауіпті заттармен жұмыс істеу тәртібін түсіндіру.

3. *Төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттыру*: Білім алушылардың төтенше жағдайларға дайындық деңгейін тексеру және оны жетілдіру.

4. *Ұйымшылдық пен жауапкершілікті дамыту*: Оқушыларды ұйымдасқан түрде әрекет етуге, бір-біріне көмек көрсетуге және жауапкершілік алуға үйрету.

5. *Қорқыныш пен күйзелісті жеңу дағдыларын қалыптастыру*: Төтенше жағдайлар кезіндегі психологиялық тұрақтылықты нығайту.

Іс-шаралар барысында оқушыларға теориялық білім беріліп, практикалық жаттығулар арқылы олардың дағдылары бекітілді.

Қорытынды және ұсыныстар

2023-2024 оқу жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының сәтті жүзеге асырылуы білім беру жүйесінде тәрбиелік жұмыстың деңгейін айтарлықтай көтеруге ықпал етті. Бағдарлама оқушылардың рухани, патриоттық және әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды, соның нәтижесінде жалпы білім беру ұйымдарының тәрбиелік қызметі жаңа деңгейге көтерілді.

Бағдарлама іске асырылу барысында көптеген іс-шаралар мен семинарлар ұйымдастырылып, білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтері жаңартылған бағдарламаның мәні мен мақсатын терең түсініп, оны практикада қолдану дағдыларын меңгерді. Іс-шаралардың нәтижесінде бағдарламаның негізгі қағидалары мен ерекшеліктері кеңінен таралып, білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысында тиімді қолданылды.

Түркістан облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;

ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1) ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қарашанырақ», «Жетіата», «Тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2) отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, онысақтайды.

3) әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4) жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5) тұратын үйін, ауласын, қаласын тазаұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 21.09.2023 жылғы №4-04-2/5586-И шығыс хаты және Түркістан облысы білім басқармасының 27.09.2023жылғы № 42-01-11/7221 шығыс хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығын негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылынан бастап білім беру ұйымдарының тәрбие бағытында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар білім бөлімінің арнайы бұйрығымен бекітілді.

Кесте 49

№	Аудан, қала	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны (мемлекеттік)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны (жекеменшік)	Мемлекеттік мектеп жанындағы шағын орталықтар	Педагогтер саны
1	Арыс	10	49		564
2	Бәйдібек	15	9	22	262
3	Қазығұрт	13	72		980
4	Мақтаарал	13	103		879
5	Жетісай	20	143		1467
6	Ордабасы	15	45		836
7	Отырар	20	9	4	339
8	Сайрам	11	89		1237
9	Сарыағаш	15	200		2255
10	Келес	12	87	1	1020
11	Созақ	17	21		504

12	Төлеби	25	31	11	588
13	Түлкібас	15	35	3	630
14	Шардара	17	23	1	526
15	Кентау	14	20		716
16	Түркістан	20	128		1272
17	Сауран	13	46	4	540
Барлығы		265	1110	46	14614

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарына негізделген. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жоспар аудандағы барлық жергілікті мемлекеттік мекемелермен бірлесіп атқарылды. Аудандық ішкі саясат, емхана, полиция бөлімі, төтенше жағдайлар бөлімі, жастар орталығымен бірге жұмыс жүргізілді. Жоспар бойынша әр мекемеден келген қызметкер тиісті түсіндіру жұмысын – лекция, баяндама жүргізді.

Кесте 50

№	Аудан, қала	Орта білім беру ұйымдарының саны	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасар саны	Сынып жетекші саны
1	Арыс ауданы	37	48	789
2	Бәйбібек ауданы	49	58	732
3	Жетісай ауданы	74	130	2044
4	Келес ауданы	63	86	1700
5	Кентау қаласы	23	40	823
6	Қазығұрт ауданы	74	83	1668
7	Мақтаарал ауданы	56	100	1720
8	Отырар ауданы	41	39	632
9	Ордабасы ауданы	72	72	1818
10	Сайрам ауданы	75	118	5670
11	Сауран ауданы	41	64	1285
12	Сарыағаш ауданы	79	127	2524
13	Созақ ауданы	35	48	926
14	Түркістан қаласы	36	66	790
15	Түлкібас ауданы	61	73	1282
16	Төлеби ауданы	67	80	1420
17	Шардара ауданы	31	52	871

Біртұтас тәрбие бағдарламасы: *Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап* құндылықтарын негізге ала отырып, әділетті қоғам құруға қабілетті, білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуге құзырлы мемлекеттік мекемелермен бірлескен кешенді жоспар бойынша іске асырылуды. «Білім беруді дамыту орталығының» облыстық шығармашылық топ отырысының 05.09.2023 жылғы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес 07 қыркүйектегі №734 хатына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарының үлгісін, әдістемелік ұсынымы және Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 санды бұйрығына сәйкес аудандық, қалалық білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарында жылдық жоспарлар бекітілген. Түркістан

облысы, білім беру мекемелерінде 2023 жылғы 1 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" жоспарына сәйкес "Әділетті Қазақстан: Адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт" тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

Аудандық, қалалық мәдениет үйінде 2023 жылғы 9 қазан күні Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша семинарлар, кездесулер өткізілді. Біртұтас тәрбие бағдарламасы оқу-тәрбие процесіне енгізіледі. Бағдарламаның аясында бүгінгі күні өзекті болып отырған «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Еңбегі адал жас өркен», «Оқуға құштар әке, ана, бала, ұстаз» жобаларын іске асырылып жатқаны және тиімділігі туралы айтылды. Бала тәрбиесіндегі отбасы институты рөлін нығайту мақсатында білім беру ұйымдарында «Ата-аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жобалары жаңа мазмұнда жалғасатыны айтылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарына сәйкес «Патриотизм даусы» Мемлекеттік гимнді орындау іс-шарасы өтті. Республика күнін мерекелеу аясында оқушылар арасында «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе конкурсын ұйымдастырылды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 25 - қазан Республика күніне орай, мемлекеттік туды салтанатты түрде көтеру және «Патриотизм дауысы» Мемлекеттік Гимнді жаппай орындау мақсатында мектебіміздің білім алушылары мен мұғалімдері мемлекеттік гимні орындады. Мемлекеттік гимнді орындау патриотизмнің қайнар бастауы! Мемлекеттік әнұранды орындау біз үшін үлкен мәртебе. Республика күні құтты болсын! «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында білім алушылар мен ашық тәрбие сағаты өткізілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспарына сәйкес Оқушылар арасында мектепшілік «Ұлы ақындардың патриоттық шығармалары» атты байқауының «Мәнерлеп оқу» сайысы ұйымдастырылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ата-аналар комитетіне арналған тренинг сабақтар өтілді. Тренинг 8-11 сынып ата-аналарына бағытталып жүргізілді. Сонымен қатар, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту жолында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіп кеңестер берілді. «Кибербуллинг және буллинг» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар, жоспарға сәйкес, бекітілген жобалар бойынша жұмыстар атқарылуда. «SANALY JASTAR» жобасын іске асыру жөнінде, «Өр талапты, озық ойлы ұлан» жобасы арқылы балалар мен жасөспірімдерге жас ерекшелігіне қарай ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарымен дарытудың жолдары құндылықты сіңіру жолдары мен әдістері жүргізілуде. «Ұрпаққа аманат» жобасы. Мемлекетшілдік пен отаншылдық идеясын кеңінен насихаттау мақсатында жүзеге асырылады. Жоба ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дәріптеуге тұғыр болады. Бұл – адамның туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін, қоғам игілігіне адал қызмет етуге баулитын жоба. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы сапалы ұлт болашағын қалыптастырудағы жеке тұлғаның салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін арттыру, дене шынықтыруды кеңінен насихаттау мақсатында жүргізіледі. «Төрт тоқсан – Төрт өнер іс-шара» тұжырымдамасы білім беру ұйымдарында

тоқсандағы іс-шараларды өткізудің атаулары мен бірыңғай тәртібін реттейді «Еңбегі адал жас өрен» жобасы Адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында жүзеге асырылады. Жоба шеберінде білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуді және еңбек адамын құрметтеуге үйретуді көздейді. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекеттілікке ерте тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылады. «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы білім беру ұйымдарында тоғыз айдағы іс-шараларды өткізудің атаулары мен бірыңғай тәртібін реттейді.

Тұжырымдама өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жүргізілуді. Мектеп кітапханаларында, патриоттық кештер мен кітап көрмелері дөңгелек үстел, лекция, фото көрме, экспозициялар мен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. «Мен оқыған бір кітап» айдарымен оқыған кітаптарын қорғады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Алаш азаматтарын ұлықтау айы деп бекітілуіне байланысты «Оян Қазақ» көркем фильмі көрсетілді. Сынып оқушыларымен Абай Құнанбайұлының «Толық адам..» ілімін насихаттауға құрылған тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жобалар

Түркістан облысы, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Балалар кітапханасы» жобасы жүзеге асырылды.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасының мақсаты оқушылар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекеттілікке ерте тәрбиелеу, жеке қауіпсіздік, буллингке қарсы тұру мәдениетін, Ата Заңды, елінің, білім беру ұйымының заңдары мен кодексін білу, оларды сақтауға және өз құқықтары мен айналасындағылардың құқықтарын қорғауды үйретуге тәрбиелеу сонымен қатар елінің тарихы мен дәстүрлерін құрметтеуге, елдің мәдени мұрасын, тарихи оқиғалары мен жетістіктерін зерттеу және құрметтеуге ата-бабамыздың ұлт дамуына қосқан үлесін бағалауға үйрету болып жүзеге асыру 3 жылға жоспарланды. Жобаны жүзеге асыру үшін жұмысшы топ құрылды.

Жобаны жүзеге асыру үшін іс-шаралар жоспары жасалды.

Атқарылған іс-шаралар барлығы уақытылы орындалып, оқушылар арасындағы достық қарым-қатынас нығайып, мектептің ішкі тәртіп ережелерін орындауда оң серпін берді.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы

2023-2024 оқу жылында «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы сапалы ұлт болашағын қалыптастырудағы жеке тұлғаның салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін арттыру, дене шынықтыруды кеңінен насихаттау мақсатында жүргізіледі.

Ұлттық Мектеп лигасы — жас таланттарды табуға мүмкіндік беретін спорттық жарыстар, мектеп спортындағы ерекше жоба.

Спорттық іс-шараның негізгі мақсаты — балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту және насихаттаумен қатар, оқушылардың рухани қайрат — жігерін шыңдап, патриотизмге тәрбиелеу.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы мектебімізде жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Осы орайда мектептерде ұлттық ойындарға баса назар аударылды, әр үзіліс кезінде оқушылар тоғызқұмалақ, асық, теннис сияқты ойындарды қызығушылықпен ойнады. 2023-2024 оқу жылында бізде шахмат бағытына басымдық берілді, оқушыларымыз командалармен шахматтан аудандық деңгейден республикалық деңгейге көтеріліп, жүлделі орындарды иеленді. Алдағы уақытта жобаның басқа да салаларының атқарылуына ат салысып, оқушылармен жұмыс жасауда нақты кеңестер мен ұсыныстар әзірленді.

«Балалар кітапханасы» жобасы

1. Жобаның негізгі мақсаты – мектеп кітапханасын балалар әдебиетімен қамтамасыз ету. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. 2023-2024 оқу жылында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Мен оқыған бір кітап» челленджі және «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды. «Кітап сыйла» акциясында ата-аналар және мұғалімдер балаларға арналған әдеби оқулықтармен кітапханаға өз үлестерін қосты. «Балалар кітапханасы» жобасы ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызды.

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

Кесте -51

Іс-шараның атауы	Мүдделі орган жауапты орындаушы (бірлесіп орындаушы)	Аяқталу нысаны
«Еңбегі адал жас өрен» үлгілі жас сарбаз үлгісін насихаттау (9-11 сынып оқушылары) («Жас Сарбаз барысы» жобасын іске асыру)	Жергілікті өкілдерінің сертификатталған мамандары, АӘД мұғалімі	«Жас сарбаз» үйірме тәрбиеленушілері арасында әскери-патриоттық сайыс өткізілді.
«Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары, әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер өткізу	Сертификатталған тренерлері, ҰБА, ЖОО оқытушылары, жергілікті әкімдіктер	06.03.2024 жылы «Жақсылық керуені» күні өзін-өзі басқару ұйымымен «Жақсылық жасап жарысайық» марафоны өткізілді. 15 Наурыз Қайырымдылық күніне орай «Қайырымдылық» акциясы өтілді.
Салауатты өмір салтын насихаттау және	Сертификатталған мамандар	08.09.2023 жылы сағат 12:00де

нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес шеңберінде түрлі спорттық акциялар өткізу		дене шынықтыру бірлестігінің ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында оқушылармен «ДЕНЕ СЕРГІТУ» челленджі ұйымдастырылды. 8-11 сынып оқушылары арасында «Нашақорлықтың алдын алу», «Электрондық темекінің алдын алу», «Алькоголизмнің алдын алу», «Құмар ойынының алдын алу» тақырыптарында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Көңілді старттар» спорттық іс-шараларын ұйымдастыру	мамандары	29.02.2024 жылы «Психикалық денсаулық» күні ерекше білім беруді қажет ететін балалармен тренинг және «Жас ұлан» ұйымымен «Көңілді старт» спорттық ойыны өткізілді.
«Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруда ата ананың ролі» тақырыбында кеңейтілген іс шара	Сертификатталған мамандары	Дене шынықтыру мұғалімі ұйымдастыруымен «Салауатты өмір салтымыз» тақырыбында 2-сынып оқушылары арасында жарыс болып өтті
Білім беру ұйымдарының (мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік колледждердің) қатысуымен «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» тақырыбында Тілдер мерекесіне арналған жарнамалық шаралар өткізу	сертификатталған мамандары	«Тілдер мерекесі» күніне арналған «Тілім менің баға жетпес байлығым» атты мерекелік іс-шара болып өтті.
Отбасы күніне арналған «Оқуға құштар әке, ана, бала, ұстаз» тақырыбында отбасылық кітап оқу челленджін ұйымдастыру	сертификатталған мамандары	«Отбасы күніне» орай «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында барлық 1-11 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді.

<p>Тәуелсіздік күніне арналған патриоттық тақырыпта әлеуметтік желілерде бейнероликтер көрсету</p>	<p>сертификатталған мамандары</p>	<p>«Ұрпаққа аманат» жобасы: Ел тағдыры-ер тағдыры Video-stories тәуелсіздік құрдастарымен кездесу арнайы репортаждар көрсетілді.</p> <p>«Тәуелсіз Қазақстан, Жасампаздыққа толы жылдар» жетістіктері туралы бейне-материалдар көрсетілді.</p>
<p>Нашақорлықтың, психоактивті затты, вейптерді, электронды темекілерді, темекі өнімдерін, алкогольді ішімдіктерді пайдаланудың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау тақырыптарына сынып сағаттар өткізу</p>	<p>ДСМ жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер</p>	<p>10-11 сынып оқушыларымен «ЖИТС и АИТС» тақырыбында дөңгелек стол өткізілді.</p> <p>«Нашақорлық қоғам дерті» тақырыбында жоғары сынып оқушыларына бейне-фильмдер көрсетілді және нашақорлық індеті туралы мәлімет берілді.</p>
<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Сапалу игра» жобасы аясында тәрбиелік сағаттар өткізу</p>	<p>СЖҚІА жергілікті өкілдері, сертификатталған тренер/мамандары</p>	<p>«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында суреттер байқауы өткізілді.</p>
<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған студенттердің, ұстаздардың қатысуымен «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстарын өткізу</p>	<p>СЖҚІА жергілікті өкілдері, сертификатталған тренер/мамандары</p>	<p>«Адал ұрпақ» еріктілер клубына ант қабылдау рәсімі болып өтті.</p> <p>«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ" тақырыбында 6-7 сынып оқушыларына бейнероликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.</p> <p>«Адал ұрпақ» клубы мүшелері арасында "Адал ұрпақ-адал жол» тақырыбында «Ең үздік» эсселер байқауы өткізілді</p>

<p>«Ұрпақ болашағы – ұстаздан», «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» педагогтермен кездесу, сұбаттасу, тәлімгерлік жасау</p>	<p>СЖҚІА жергілікті өкілдері, сертификатталған тренер/мамандары</p>	<p>03.10.2023ж күні ұстаздардың кәсіби мерекесіне орай "Ұстазыма мың алғыс" тақырыбында ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтады. 5 қазан- Мұғалімдер күніне орай «Ұстазыма мың алғыс» челленджи ұйымдастырылды.</p> <p>05.10.2023 жылы «Мұғалімдер күні» мерекесіне орай «Дублер күні» іс-шарасы ұйымдастырылды.</p>
<p>«Оян, ар мен адалдық» «Еңбегі адал жас өрен» жобасын іске асыру оқушылармен сұхбат жүргізу</p>	<p>СЖҚІА жергілікті өкілдері, сертификатталған тренер/мамандары</p>	<p>26.09.2023 жылғы аудандық білім бөлімінің 28.09.2023 ж # 229-11/01-09/2115 хаты негізінде 7-11 сыныптарда тарих пәні мұғалімдері және сынып жетекшілері бірлесе «Адалдық сағатын» өткізді.</p>
<p>Білім беру мекемелері Қазақстан халқы Ассамблеясының, этномәдени бірлестіктердің және ҚХА қоғамдық құрылымдарының мүшелерімен мотивациялық кездесулер ұйымдастыру</p>	<p>«Қоғамдық келісім» КММ ҚХА «Ассамблеясы жастары» РҚБ жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер</p>	<p>ҚР прокуратурасының Құрметті қызметкері, прокуратура ардагері Бейсеев Ақжол Садықұлы жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізді.</p>
<p>Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз етуде «Құмар ойындар мен кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында тәрбие сабақтарын өткізу</p>	<p>ЦДИАӨМ жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер</p>	<p>«Интернеттегі алаяқтық» тақырыбында бейне-фильмдер көрсетілді және түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Кәмелетке толмағандар арасында және кәмелетке толмағандарға қатысты буллингтің, жәбірлеудің, зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің алдын алу» мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.</p>

<p>Ақпараттық сағаттар: - «Интернет: дос немесе дұшпан» тақырыбында (5-6 сыныптарда); - «Виртуалды әлем: оң және теріс жақтары» тақырыбында (7-8 сыныптарда); - «Желілік қарым-қатынас этикасы» тақырыбында (9-11 сыныптарда).</p>	<p>ЦДИАӨМ жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер</p>	<p>«Теріс субмәдениеттердің таралуының алдын-алу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде» TikTok және Discord - та деструктивті және теріс контент құрудың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді</p>
<p>«Жеке тұлғаның ақпараттық және психологиялық қауіпсіздігі» оқушылар мен олардың ата-аналарына арналған педагог-психологтың танымдық сағаты «Біз таңдаған сайттар» 7-11 сыныптар арасында веб-шолу</p>	<p>ЦДИАӨМ жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер</p>	<p>Қаржылық сауаттылық негіздері және интернет алаяқтық пен қаржы пирамидаларының қауіптілігі жөнінде ата-аналар жиналысы өткізілді.</p>
<p>«Қауіпсіз интернет» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу</p>	<p>ЦДИАӨМ жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер</p>	<p>«Қаржылық сауаттылық негіздері және интернет алаяқтықпен қаржы пирамидаларының қауіптілігі жөнінде» түсіндірме жұмыстары жүргізілді.</p>
<p>Білім беру ұйымдарында «Төтенше жағдай пайда болу сесептері», «Балалар мен ата-аналардың өмір қауіпсіздігі» туралы ақпараттық -танымдық сағаттар өткізу</p>	<p>ТЖМ жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер</p>	<p>Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне байланысты ақпараттық үгіт-насихат іс-шаралары жүргізілуде. Жалпы іс-шара мектеп ұжымы және оқушыларды ТЖ дайындық жағдайын пысықтау мақсатында өткізілді.</p>
<p>Төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша оқу-жаттығу өткізу</p>	<p>ТЖМ жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер</p>	<p>24.01.2024ж сағат 09:00 де қауіпсіздік шараларды және санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, барлық оқушылардың және мектеп қызметкерлерінің қатысуымен оқу-жаттығуы өткізілді.</p>

		11.09.2023 ж қауіпсіздік шараларды және санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, барлық оқушылардың және мектеп қызметкерлерінің қатысуымен «Жер- 2023» Республикалық командалық - штабтық оқу-жаттығу өткізілді.
--	--	--

Қорытынды және ұсыныстар

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт балаға қамқорлықпен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз айға –тоғыз іс-шара», «төрт тоқсан – төрт өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтой күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруға басымдық береді. Тәрбие мен оқытудың тұтастығын қамтамасыз ету үшін:

ар-ұждан, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыру және ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану тәрбие жұмысының жылдық жоспарындағы іс-шаралар мен сынып сағаттарының мазмұнында ескеру ұсынылды.

Ұсыныстар:

- Ата-аналар мен оқушыларға түсіндірме жұмыстарын тиісті деңгейде ұйымдастырып, жүргізу.

- Жасөспірімдер арасында цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында тақырыптық іс-шараларды тұрақты өткізу.

- «Біртұтас білім беру бағдарламасының заң және тәртіп құндылығы аясында кибербулингтің алдын алу шараларын цифрлық мәдениетпен байланыстыру.

Ұлытау облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығына сәйкес Ұлытау облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсаты:

Әділдік, жауапкершілік, өрлеу ұстанымына негізделген құндылықтар арқылы үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

✓ Отанға, оның тарихы мен мәдениеті, тілі, салт-дәстүріне құрмет сезімді, туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

✓ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

✓ адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен жауапкершілік қасиеттерін дамыту;

✓ табиғатқа, қоршаған ортаға, қоғамдық мүліктерге ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

✓ отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

✓ құқықтары мен міндеттерін білуге, өзгенің құқығын құрметтеуге, еңбегін бағалай білуге баулу;

✓ еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге, қамқорлық, қайырымдылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге қалыптастыру;

✓ салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулықты сақтауға тәрбиелеу;

✓ білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

✓ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

✓ үштік одақ арасындағы қарым-қатынасты арттыру;

✓ отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Күтілетін нәтиже:

Азаматтыққа және отансүйгіштікке, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілік сезімдері артады;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтейді;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық, жауапкершілік қасиеттерді дамыту;

адалдық, әділдік пен жауапкершілік қасиеттерін жоғары бағалайтын тұлғалық құндылықтары артады;

табиғатқа, қоршаған ортаға, қоғамдық мүліктерге жауапкершілікпен қарайды;

саналы көзқарас қалыптасады;

құқықтары мен міндеттерін біледі, өзгенің құқығын, еңбегін бағалайды;

еңбексүйгіштік, қамқорлық, қайырымдылық, ізеттілік қасиеттері артады;

салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулықты сақтауға қалыптасады;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал

қалыптасады;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсетеді;
үштік одақ ынтымақтастығы артады.

Былтырғы оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы ақпарат

Білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылған тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері бойынша кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында 29 тамызда білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жолдары» тақырыбында оқыту семинары ұйымдастырылды. Облыс бойынша 60 педагог қатысты. Семинар барысында педагогтерге «Тәрбиенің қазіргі беталысы және құндылықтар жүйесі», «Тәрбие құндылықтарының моделі», «Тәрбие құндылықтарын пәндік мазмұн арқылы іске асыру», «Тәрбие құндылықтарын сынып сағаттары арқылы жүзеге асыру: жоспарлау», «Құндылықтар негізінде әлеуметтік тәжірибелерді жоспарлау» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқыту семинары білім беру ұйымдарында өз жалғасын тапты.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде оқыту-семинарларына қатысқан педагогтер

Кесте-52

Республикалық семинарға қатысушы	Облыстық семинарға қатысушы	Аудан (қала), облыстық білім беру ұйымдарында өткен ақпараттық түсіндіру отырысына қатысушы	Мектепшілік таныстырылымға қатысушы
2 педагог	60 педагог	189 педагог	3900 педагог

Облыс бойынша білім беру ұйымы бойынша ақпарат

Кесте -53

Мектептер саны	Директорлар саны	Директордың тәрбие орынбасарларының саны	Сынып жетекшілер саны	Оқушылар саны
87	87	91	2021	40600

2023-2024 оқу жылында Біртұтас тәрбие бағдарламасы білім алушылардың бойына ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын сіңіре отырып, жауапкершілікке, адалдыққа, жасампаздыққа тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылды.

Міндеттері:

ата-ананың өсиетін сыйлауға, үлкенге құрмет көрсетуге ықпал ету;;

ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға баулу;

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Тәрбие миссиясы:

Қоғамдағы өз ролі мен жауапкершілігін сезінетін еңбекқор, адал және жасампаз азаматты қалыптастыру.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру:

- ✓ Білім мазмұны
- ✓ Әлеуметтік тәжірибелер / жобалар
- ✓ Қосымша білім беру: үйірме, секция, курстар
- ✓ «Soft power» әлеуеті (спорт, мәдениет, өнер)
- ✓ Мемлекеттік органдармен бірлескен шаралар
- ✓ Сынып сағаттары
- ✓ Сыныптан тыс іс-шаралар
- ✓ Ата-аналарды педагогикалық қолдау

Ұлытау облысының жалпы орта білім беру ұйымдары облыстық «Мұражайдағы сабақ», «Ұлылар мекеніне саяхат», «ОQY алаңы», «Репетитор оқушы», «Дала life - 2024» этно туристік жобаларымен, сонымен қатар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес «Адал ұрпақ», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен», «Үнем – қоғам қуаты», «Экологиялық мәдениет», «Қоғамға қызмет», «Оқуға құштар мектеп», жобаларын іске асырды.

Аталған жобаларды жүзеге асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Ұттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында ұлттық мұраны қастерлеу, ынтымақ және ел бірлігін сақтау, жақсылыққа, игілікке бой түзеу, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстау, табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану және еңбекқорлыққа баулу құндылықтары көрініс тапты.

«Табысты мектеп-командалық жұмыс нәтижесі» тақырыбындағы Шабал Бейсенбекова атындағы IV облыстық педагогикалық байқауының «Білімнің бастауы –тәрбие» панельдік алаңы бағдарлама құндылықтарына негізделіп ұйымдастырылды. Аталған байқауға жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарынан қатысушылар «ART-шеберханадағы ұлттық құндылықтар», «Бүгінгі тәрбиелі буын: ертеңгі заманауи тұлға», «Құндылықтарға негізделген білім - білім мен тәрбиенің сабақтастығының негізгі көрсеткіші», «Кітап – рухани азық», ««Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы біздің тәжірибе: мақсат, жоспар, әрекет, нәтиже», «Тәрбие берудің заманауи формалары мен әдістері», «Оқу – тәрбие үдерісінде оқушы бойына ұлттық құндылықтар

жүйесін қалыптастыру жолдары», ««SCHOOL VIBE» жобасы – эмоционалды зият құралы ретінде» тақырыптарында командалық жұмыстарын ұсынды. Аталған байқау нәтижесінде жасөспірімдер арасындағы буллингтің көрініс табуы, өзара тіл табыса алмау, мектеп ауыстыру кезінде білім алушылардың бір-бірін қабылдамауы, адаптация кезеңінің ауыр өтуінің алдын алу мақсатындағы эмоционалды зият құралы ретінде «SCHOOL VIBE» жобасын 2024-2025 оқу жылында қала деңгейінде жүзеге асыру ұсынылды.


«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асыру шеңберінде педагогтермен және білім беру ұйымдарының қатысуымен келесі жобалар іске асырылды:

✓ «Үздік мектеп музейі» облыстық байқауы. Мақсаты: білім беру ұйымдары музейлерінің қызметін жетілдіру және мектеп музейлерінің өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау.

✓ «Педагог-дебатер» облыстық пікірсайыс турнирі. Мақсаты: педагогтердің сыни ойлау қабілетін дамыту, түрлі мәселелерді талқылау арқылы шешендік шеберліктерін шыңдау, дебат қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау.

✓ «Қосымша білім беру ұйымының үздік педагогі» облыстық байқауы. Мақсаты: педагогтің мәртебесін арттыру және қосымша білім беруде шығармашыл педагогтерді ынталандыру, кәсіби қызметте биік жетістіктерге жеткен, қосымша білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату.

«Үздік қосымша білім беру ұйымы» облыстық байқауы. Мақсаты: педагогикалық ұжымның шығармашылық қызметін дамыту, педагогтердің кәсіби шеберлігін көтеру, озық педагогикалық және басқару тәжірибесін тарату, инновациялық әзірлемелерді қолдау.



Сурет 66. Үздік қосымша білім беру ұйымы


Мектепті тек білім беру ғана емес, білім беру арқылы тәрбиелеуді

жүзеге асыратын мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы әртүрлі қарым-қатынас жүзеге асатын алаң деп қарастыруға да болады. Өйткені аталған субъектілер арасында үнемі жағымды ғана емес, шешілуі кезек күттірмейтін мәселелер де болып тұрады. Мұндай жағдайда мектеп басшысы, мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, пән мұғалімі ретінде сапалы әрі екі жақты бітімгерлікке шақыратын рационалды шешім қабылдау маңызды. Мектепте осындай жағдаяттарды шешуді мақсат етуге арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында білім алушылар ішаралармен қатар челленджерге де қызығушылықпен қатысты.

Өткізілген челленджер және қатысушылар саны

Кесте 54

№	Челленджер	Қамтылуы
1	Домбырашылар	3025 оқушы, 240 студент
2	Шахмат ойнау	2641 оқушы, 440 педагог
3	Жасыл мекен	12 000 оқушы
4	Сергіту сәті	8 000 оқушы
5	Әнұран айту	30 000 оқушы, педагог
6	Асық ату	8 000 оқушы, студент
7	Шығарма жазу: Болашаққа хат	7596 оқушы



Сурет 67. Челленджерге қатысу көрсеткіші

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

Жоба іс-шаралары:

1-тоқсан «Ақындар айтысы» - поэтикалық сайыстары

2-тоқсан «Алтын сақа» олимпиадасы

3-тоқсан «Ұлттық өнер» көрмесі

4-тоқсан «Туған өлкем» фестивалі

Жоба аясында білім беру ұйымдарында жаппай мерекелер, байқаулар, көрмелер, сайыстар, олимпиадалар, фестивальдер өткізілді.

«Алғысым шексіз» атты челленджіне 82 мектеп 7689 өзін - өзі басқару ұйымының мүшелері және 12961 оқушы қатысты.

1-31 наурыз аралығында аралығында «Шуақты дала – өнегелі бала» тақырыбында айлық ұйымдастырылды. Ісшараға 88 мектеп оқушылары, мектепке дейінгі және қосымша білім беру ұйымдарының ата-аналары, педагогтері, оқушылары мен тәрбиеленушілері қатысты.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде 2023 жылдың желтоқсан айында қосымша білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің арасында «*ULYTAU ART - 2023*» І облыстық шығармашылық байқауы өтті. Мақсаты: дарынды балаларды анықтау, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасау.

Байқау келесі жанрлар бойынша ұйымдастырылды:

- ✓ Хореография
- ✓ Аспапта ойнау (ансамбль)
- ✓ Вокал (ансамбль)
- ✓ Бейнелеу өнері
- ✓ Сәндік-қолданбалы өнер
- ✓ Хор

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру шеңберінде шығармашыл оқушыларды қолдау және мәдени-рухани құндылықтарды дәріптеу мақсатында 2024 жылдың ақпан - сәуір айларында балалар мен жасөспірімдер арасында «Мұрагер – 2024» ІІ облыстық шығармашылық байқауы ұйымдастырылды.

Қатысушылар келесі жанрлар мен номинацияларда бақ сынады:

- ✓ Аспапта орындау/ансамбль, соло
- ✓ Хореография
- ✓ Театр өнері/көркемсөз оқу, театралдық қойылым
- ✓ Вокал/ансамбль, соло
- ✓ Бейнелеу өнері
- ✓ Сәндік қолданбалы өнер
- ✓ Хор өнері
- ✓ «Тик-ток» арнайы номинациясы
- ✓ «Үздік жүргізуші» номинациясы

Байқаудың аудандық (қалалық) кезеңіне 3997 оқушы, облыстық кезеңге 1435 оқушы қатысты.

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Мұрагер – 2024» ІІ облыстық шығармашылық байқауының гала-концерті өтеді. Гала-концертке Бас жүлдеге ие болған 193 оқушы қатысты.

Білім беру ұйымдарында өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және ұйымдастырушылық

қабілеттерін іске асыру мақсатында облысымыздың 82 мектеп парламенті, 14 колледж парламенті ұйымы жұмыс жасайды. 14 096 оқушы қамтылған.

Жалпы орта білім беру ұйымдарында дебат қозғалысын дамыту мақсатында 105 клуб жұмыс жасады.

- ✓ қазақ лигасы- 85 клуб
- ✓ орыс лигасы-18 клуб
- ✓ ағылшын лигасы-2 клуб

Барлық қатысушылар саны - 2536 оқушы

Бағдарлама шеңберінде 86 мектепте «Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталықтары» ашылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында ата-аналарға арналған семинар-тренингтер ұйымдастырылды. Орталықта «Даналық мектебі» клубы құрылған.

«Даналық мектебі» клубы 4 секцияда жұмыс жасады:

- ✓ Ата өсиеті
- ✓ Әже даналығы
- ✓ Аға қаморлығы
- ✓ Жеңге кеңесі

«Даналық мектебінде» өткен сабақтар саны – 7356

«Даналық мектебі» сабақтарына қатысқан ата-аналар саны – 37 970

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасына сәйкес ата-аналарға өткізілген сабақ саны – 1594, сабаққа қатысқан ата-аналар саны- 24332

Жүргізілген жұмыстар барысындағы нәтижелер:

6. Үштік одақ ынтымақтастығының артуы;

7. Ата аналардың ісшараларға деген қызығушылығының басымдылығы;

8. Бала тәрбиесіне көбірек көңіл бөлуі;

9. Ата аналардың бірін бірі тәрбиелеуі;

АПҚО бойынша жұмыс мазмұны төмендегідей болды:

- ✓ Сабақтарды өткізудің әдістемелік тәсілдері;
- ✓ Ұйымдастырушылық-әдістемелік тәсілдер ;
- ✓ Ата-аналармен сабақ мазмұнындағы ұлттық құндылықтар;
- ✓ Ересектермен сабақ өткізу ерекшеліктері;
- ✓ Ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтарындағы интерактивті

әдістер;

- ✓ Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану бойынша ұсыныстар;

- ✓ Интерактивті сабақты өткізу ерекшеліктері;

- ✓ Ата-аналарға педагогикалық білім беру процесінде сәттілік

шарттары;

- ✓ Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы;

- ✓ Ата-аналарға арналған сабақтардың мазмұны;

- ✓ Сауалнама;

- ✓ «Даналық мектебі» клубы;

«Dosbollike» бағдарламасы аясында өткен іс-шаралар саны – 277;

«Dosbollike» іс-шараларға қатысушылардың саны –18983;

«Менің бауырым» еріктілер қозғалысына қатысушылардың саны –259;

Жасөспірімдерді табиғатқа және оның ресурстарына жауапкершілікпен қарауға шақыру мақсатындағы «Жер сағаты» акциясына 200 оқушы қатысты.

Өлкеміздің құстары жайлы ақпарат жинақтау, көрме ұйымдастыру мақсатындағы «Біздің өлке құстары» фото галереяға 187 парламент мүшелері қатысты.

Ұлытау облысы бойынша «Түлектердің Ағаш егу күні» челленджі өтті.

Челленджге 4523 түлектер және ата аналары қатысады

Отырғызған көшет саны – 1358

Челленджге 59 жер елшілері, 65 мектеп президенті, 69 төтенше жағдайлар жөніндегі министрлер, 109 фракция министрлері қатысты. барлық көшет мектеп ауласына егілді.

«Жасыл Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акция аясында «Жасыл аймақ» апталығы 2060 оқушы, педагог, ата ананың қатысуымен ұйымдастырылды. Апталық барысында мектеп ауласында абаттандыру, сенбіліктер, ағаш және гүл отырғызу ісшаралары өтті.

«Түлектерден-табиғатқа» плоггинг салауатты өмір салтын ұстану және қоршаған ортаны қорғау мақсатында өтті. Бұл шараның ерекшелігі жүгіріп жүріп қағаз, пластик заттар, целлофан сияқты көтеруге ыңғайлы заттарды жинау. Жер елшілерінің ұйымдастыруымен өткен ісшарада мектеп түлектері белсенділік танытты. 1700 түлек қатысты.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде халықаралық балаларды қорғау күніне және Жезқазған қаласының 70 жылдығына орай Жезқазған қаласы әкімінің, Қазақмыс корпорациясы басқарма басшысының қатысуымен музыкалық су бұрқақ және балалар алаңы ашылды. Музыкалық су бұрқақтың салтанатты ашылу рәсімі, балаларға арналған мерекелік концерт өтті. 1 маусымда «АМАНАТ» партиясының қолдауымен мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік іс-шараға 100 оқушы (аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар) қатысты.

Музыка арқылы балалардың мәдени және тілдік білімдерін байыту мақсатында, қазақ тіліндегі әндерді насихаттау және тарату «Әншуақ» қазақ тіліндегі балалар әндері фестивалінің гала-концерті онлайн форматта ұйымдастырылды. Облыстық гала-концертке 86 оқушы, аудандық (қалалық) гала-концертке 200-ге тарта өнерпаз қатысты.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында «Біз бақытты баламыз», «Біз Қазақстанның ұландарымыз!», «Балапан саз» бақытты балалық шақ әуендерінен мерекелік концерт, «Адал бол!» интерактивті ойын, «Азамат болуға үйренеміз» пікірсайыс алаңы, «Бейбіт елдің болашағы» атты асфальтта сурет байқауы, ұйымдастырылды. Іс-шараға барлығы 21250 бала қамтылды.

Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында жұмыс жасайтын Қаражал қаласы, Жезқазған қаласы, Сәтбаев қаласы, Жаңаарқа аудандары қосымша білім беру ұйымының саны – 10 (11 008 бала қатысты)

Ұлытау облысының «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасын іске асыру бойынша жол картасының жоспарына сәйкес шалғай ауылдарда, қала шетіндегі мектептерде 23 комьюнити орталығы (988 оқушы) жұмыс істейді. Мектептердегі үйірмелер мен секцияларға 32753 (80,6%) оқушы қамтылған. Жезқазған қаласы Балалар - жасөспірімдер шығармашылық орталығы КМҚК комьюнити орталықтары:

- ✓ 2 мектеп - 7 үйірме
- ✓ 14 мектеп - 3 үйірме
- ✓ 9 мектеп - интернет - 7 үйірме
- ✓ 10 мектеп - 5 үйірме
- ✓ 4 мектеп - 6 үйірме
- ✓ 11 мектеп - 4 үйірме
- ✓ 133 мектеп - 3 үйірме

Ауыл мектептерінің үйірмелері:

1. О.Әлібаев ЖББМ -30 бала (Ш.Ералиев селолық округі);
2. Ж.Садуақасов ЖБММ- 90 бала (Түгіскен селолық округі);
3. Ақтүбек ЖББМ-30 бала (Ақтүбек селолық округі);
4. Атасу ЖББМ-67 бала (Байдалы би ауылы);
5. Ынталы ЖББМ-30 бала (Қараағаш селолық округі);
6. Жаңаарқа ЖББМ-30 бала (М.Жұмажанов селолық округі) Ұлытау

ауданы

1. Робототехника - №10 мектеп, 17 мектеп, №6 мектеп, №11 мектеп, №15 мектеп

2. Media school – 17 мектеп

Дебат қозғалысын дамыту орталығы Жаңаарқа ауданы, Оқушылар үйінде жұмыс жасайды.

Қаражал қаласы, Жәйрем кентіндегі №6 жалпы білім беретін мектебінде 10 оқушы қатысты.

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жобалар

«Ұлылар мекеніне саяхат» жобасы

Мақсаты: Қазақстанның тарихи, киелі жерлерімен танысу, ұлы тұлғалардың туған, өскен ортасы, өмірі мен шығармашылығы жайлы кеңінен мағлұмат беру, экспедициялық шығармашылық зерттеу жұмыстарын іске асыруға ықпал ету.

Міндеттері:

- ✓ танымдық саяхаттар ұйымдастыру;
- ✓ зерттеу жұмыстарымен айналысу;
- ✓ балалар, ата-аналар, мұғалімдердің бірлесе жұмыс жасауына ықпал ету.

Қатысушылар: Ұлытау облысының аудандық (қалалық) білім беру ұйымдарының 5-11 сынып оқушылары, колледж студенттері.

Экспедициялық топтар сыныппен, топпен, ұжыммен, отбасымен жинақталуы мүмкін.

Өткізудің шарттары мен тәртібі:

- ✓ Ұжым тақырыпқа сәйкес ұлы тұлғалардың мекендеріне, тарихи ескерткіштерге экспедициялық маршруттар ұйымдастырады.
- ✓ Экспедициялық ұжым маршрут бойынша бейнетүсірілім, брошюра

әзірлеп, басқаларға таныстырады

Бағыттары:


- ✓ «Ұлт ұясы-Ұлытау» маршруты;
- ✓ «Абайдың киелді даласы» маршруты;
- ✓ «Еңсесі биік елорда» маршруты;
- ✓ «Түркістан-рухани астана» маршруты;
- ✓ «Алматы-әсем қала» маршруты;
- ✓ «Асқақ Алатау. Әсем Алматы» маршруты;
- ✓ «Қазыналы Қарағанды» маршруты;
- ✓ «Арқаның асыл алқасы- Баянауыл» маршруты;
- ✓ «Кербез Көкшетау» маршруты;
- ✓ «Рухты өлке-Торғай» маршруты;
- ✓ «Сыр тұнған Сыр елі» маршруты, т.б.

Жезді, Қарсақбай, Ұлытау, Алашахан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі, Теректі әулие, Басқамыр қалашығы, Аяққамыр кесенесі, Ақмешіт әулие, Едіге тауы, Хан Ордасы, Шеңбер шатқалы, Болған ана кесенесі, Құлан ана кесенесі, Иманақ тауы;

- ✓ Жезқазған тарихи – археологиялық музейі;
- ✓ М. Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы;
- ✓ Қ. Сәтбаевтың мұражай-үйі;
- ✓ Жезқазған тарихи археологиялық музейі.

Кесте 55

Саяхат бағыттары	2023-2024 оқу жылы	
	Саяхат саны	Қатысушылар
Ұлытау	18	790
Теректі	14	140
Алашахан кесенесі	12	250
Жошыхан кесенесі	9	167
Домбауыл кесенесі	9	167
Иманақ тауы	4	90
М. Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы	7	265
Қ. Сәтбаевтың мұражай-үйі	3	98
Жезқазған тарихи – археологиялық музейі	135	2875



Сурет 68. Мұражайларға саяхат бойынша көрсеткіш

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

Ұлытау облысының білім басқармасы мен Ұлытау облысы төтенше жағдайлар департаментінің бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес білім алушылардың өмір қауіпсіздігі мәдениетінің қалыптасуына ықпал ету және мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру мақсатында «Менің қауіпсіздігім», «Адамдарды құтқару – осындай да мамандық бар», «Әр уақыттың өз батырлары бар», «Қауіпсіздікті сақтау - басты міндет» тақырыптарында кездесу, вебинарлар өтті. Кездесуге Ұлытау облысы төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері, әдістемелік орталық мамандары және 182 мектеп парламентінің төтенше жағдайлар фракциясының министрлері мен 687 оқушылар, педагогтер қатысты. Іс-шара барысында төтенше жағдайлар департаментінің мамандары теориямен қатар, практика жүзінде төтенше жағдайлардан зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін көрсетті. Сейсмикалық жаттығулар жасалды және өрт-техникалық қару-жарақты, сүңгуірлік жабдықтың гидравликалық құралдарын таныстырды.

«Менің құқығым мен міндетім», «Жасөспірім және заң», «Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары», «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыптарында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлескен вебинар, дөңгелек үстел, кездесулер өтті. Құзырлы орган қызметкерлері жасөспірімдерге «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңына сәйкес «Құқық бұзушылық профилактикасының принциптері», «Қазақстан Республикасының құқық бұзушылық профилактикасы туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық» төңірегінде әңгіме өрбітті, кеңестер берді, білім алушылардың көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап берді. Жасөспірімдердің қоғамдық орындарда өздерін қалай ұстау керектігі, кешкі мезгілдегі көшеде жүру тәртібі

жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Ісшараларға білім беру ұйымдарының 20 мыңға жуық оқушылары қатысты.


Ұлытау облысы денсаулық сақтау басқармасының өкілдерімен бірлескен шараларға мектеп, колледждерден 15987 оқушылар мен студенттер қатысты. «Дені сау ұрпақ ұлт болашағы», «Салауатты ұрпақ-салауатты Қазақстан» тақырыптарында кеңес беру сағаттары, ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ұлытау облысы экономикалық тергеп тексеру департаментімен «Қаржылық сауаттылық», «Қаржы пирамидасынан сақтанайық» кездесу сағаты, сурет байқаулары ұйымдастырылды. Ісшараларға білім беру ұйымдарынан 297 оқушы қатысты. Сурет байқауының қорытындысы бойынша марапаттарға, жүлделі сыйлықтарға ие болды.

Аудан (қала), облыстық білім беру ұйымдарында құзырлы органдармен бірлескен ісшаралар

Кесте 56

Құзырлы органдар	Атқарылған шаралар саны	Қамтылған білім алушалар саны
Құқық қорғау органдары	35	8138
Төтенше жағдайлар	42	8 852
Денсаулық сақтау саласы	29	14655
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	19	907



Сурет 69. Құзырлы органдармен іс-шаралар көрсеткіші

Кесте 57

S – strengths – МЫҚТЫ ЖАҒЫ	W – weaknesses – ӘЛСІЗ ЖАҒЫ
<ul style="list-style-type: none"> ✓ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде білім алушылармен жобалардың іске асырылуы; ✓ Мектеп парламентінің жұмысы; ✓ Дебат қозғалысының жұмысы; ✓ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде ата аналарды педагогикалық қолдау 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Мемлекеттік рәміздерді насихаттау; ✓ Сынып сағаттарын ұйымдастыруда жаңа әдіс тәсілдердің қолданылмауы; ✓ Мектеп формасының талаптарға сәйкес келмеуі;

<p>орталығының жүзеге асырылуы; ✓ Педагогтермен, білім беру ұйымдарымен жүзеге асырылған жоба негізіндегі байқаулар; ✓ «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасын іске асыру бойынша жол картасының жоспарына сәйкес Жезқазған, Қаражал қалаларында, Ұлытау, Жаңаарқа аудандарында жүзеге асырылуы;</p>	
<p>О – opportunities - МҮМКІНДІКТЕР</p>	<p>T – threats – ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР</p>
<p>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылықтары негізінде келесі жобаларды жүзеге асыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Оқушы бойында ұлттық құндылықтарды дәріптеп, азаматтық-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында «Дара сынып» жобасын ✓ Жетістікке жеткен оқушыларды насихаттау, еңбек адамын үлгі ету және отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында «Бізге аманат...» медиа жобасы ✓ Театр, мұражайға бару және ескерткіштердің тарихын зерттеу арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында «I love KZ» фотожоба «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының жүйелі түрде жүргізу; ✓ «Мемлекеттік Рәміздер -мақтанышым» үздік гимн байқауын ұйымдастыру (барлық білім беру ұйымдарында) ✓ Сынып жетекшілердің істәжірибесін тарату мақсатында «Үздік сынып жетекші» облыстық байқауын ұйымдастыру; 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Құқық бұзушылық (Электронды темекілер, девиантты тәртіп); ✓ Әлеуметтік желілердің ықпалы; ✓ Іс шаралардың жоспардан тыс келуіне байланысты жылдық кешенді жоспарға сәйкес ісшаралардың іске асырылмауы

Қорытынды және ұсыныстар

Рухани-адамгершілік, азаматтық, жауапкершілік пен отаншылдық, әділдік пен адалдық қасиеттерді дамыту арқылы қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру мақсатындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Ұлытау облысының білім беру ұйымының педагогтеріне тың серпіліс беріп, жаңа оқу жылындағы тәрбие жұмысын тиімді жоспарлауда бағыт бағдар болды.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;
- ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;
- табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы ақпарат

2023-2024 оқу жылында Шығыс Қазақстан облысының барлық білім беру ұйымдарында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеу мақсатындағы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілді, Бағдарлама аясында білім беру ұйымдарының педагогтері педагогикалық кеңестерде негізгі бағыттарымен танысты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығы негізінде облыстың барлық білім беру ұйымдарында жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілді.

Аудандық, қалалық білім бөлімдері мен облыстық білім беру ұйымдарында осы бағдарламаға сәйкес жұмыс жоспары әзірленіп, ата-аналар жиналысы өткізілді, жиналыс барысында тәрбие жұмысының бір жылға арналған бағыттары түсіндірілді. ШҚО білім басқармасының «Өrken» білім беруді ақпараттандыру және дамыту өңірлік ғылыми-әдістемелік орталығы 2023 жылғы 10 қазанда «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ - мен бірлесіп Бірыңғай тәрбие бағдарламасы, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша әдістемелік көмекті одан әрі іске асыру мақсатында аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің әдіскерлеріне тәрбие жұмысы бойынша семинар-кеңес өткізді.

Шығыс Қазақстан облысының барлық білім беру ұйымдарында Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі.

«Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша облыстың барлық мектептерінде келесі іс- шаралар жүзеге асырылды: Сыңғырла, алғашқы қоңырау салтанатты

сапқа тұру және «Мектеп-мейірім мекені» білім күніне арналған тәрбие сабақтары 1-11 сынып оқушылары арасында жоспарға сәйкес өтті. Жоспарға сай «Құқық бұзушылықтың алдын алу» кеңес отырысы, «Республикам менің» тақырыбында 25- қазан Республика күніне арналған тәрбие сағаттары және «Төрт тоқсан- төрт өнер» жобасы шеңберінде «Ақын сөзі- тәрбие көзі» тақырыбында кездесу кештері өтті. «Менің Отаным-Қазақстан» Мемлекеттік Әнұран орындау салтанатты жиыны өтті. «Ұстаз деген жарқын күні ғаламның» атты ұстаздар күніне арналған мерекелік іс- шаралар, Қарттар күніне арналған «Қарттарым асыл қазынам» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Жаһандық құзыреттілік курсы шеңберінде, Рухани келісім күніне арналған «Рухани келісім – бірлік пен тұрақтылық кепілі» тақырыбында танымдық сабақтар ұйымдастырылды.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында республика күніне арналған мерекелік концерттер, «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы аясында ата-бабаларымыздың даңқты жолын жалғастырып келе жатқан танымал, талантты жерлес ақындармен кездесу кештері, «Жеткіншектің Жеті жарғы» жобасы аясында «Тәртіптің ең керемет мектебі-отбасы» тақырыбында ата-аналар жиналысы, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кездесулер, «Құндылықтар арқылы тәрбие жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында сынып жетекшілерінің отырысы, «Стратегиялық менеджмент – табысты басқару жүйесінің негізі» облыстық білім беру ұйымдарының директорлары мен директорлардың орынбасарларына арналған облыстық семинар. Семинар барысында ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыру мақсатында бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру жолдары тәжірибеде көрсетілді. ұйымдастырылды.

«Талап» құндылығы бойынша барлық мектептерде 5-11 сынып қыздары арасында «Бұрымды қыз» мектепішілік байқаулары, 5-11 сынып ұлдары арасында «Сері жігіт» байқаулары ұйымдастырылды. Еңбек күнін мерекелеу бойынша «Менің жетістігім – менің нәтижем» спорттық жарыстары, «Менің болашақ мамандығым» тәрбие сағаттары, «Еңбек күні» челленджі, «Ұлттық лига» жобасы аясында спорттық жарыстар өткізілді. Ағымдағы жылдың 20 қарашасында барлық мектептерде «Еркін дем ал!» жалпыреспубликалық флешмоб ұйымдастырылды.

«Ар-ождан» құндылығы бойынша барлық мектептерде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін аралықта жүзеге асырылды. Акция барысында демеушілердің қолдауымен аз қамтылған, көп балалы отбасындағы оқушыларға оқу құралдары мен мектеп портфелі берілді. Балалардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Абайлаңыз балалар!» республикалық акциясы ұйымдастырылды. Акция шеңберінде жол көлік полиция қызметкерлерімен кездесу, мекен-жай маршруты кестесі сызылып, қауіпсіздік сабақтары оқушылармен және ата-аналармен өтті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Мен және менің құқықтарым» тақырыбында құқықтық дәрістер 5-11 сынып оқушыларымен

өтті. Еңбек әулеті бойынша «Адал еңбек-адал азамат» тақырыбында челлендж, отбасы күніне орай «Отбасы-бақыт мекені», «Баланның бас ұстазы ата-ана» сынып сағаттары дөнгелек үстелдер, 1-11 сынып ата-аналарының қатысуымен «Күзгі жәрмеңке», қарттар күніне арналған «Қарияға қол ұшын соз» жобасы аясында «Қарттарды қадірлеген ел ардақты» іс-шаралары өтті.

2023-2024 оқу жылының атаулы күндеріне байланысты облыстың барлық білім беру ұйымдарында Спандияр Көбеевтің 145 жылдығына арналған танымдық сабақтар, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 165 жылдығына, С.Торайғыровтың 130 жылдығына арналған тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Барлық білім беру мекемелерінде ата-аналар жиналысы өткізілді. Облыстың барлық мектептерінде АПҚО құру туралы бұйрықтар шығарылды, құрамы анықталды, жұмыс топтарының белгіленген отырыстары өткізілді. «Даналық мектебі» клубтары құрылды. Облыстың барлық мектептерінде ата-аналарды педагогикалық қолдау кабинеттері ашылды.

АПҚО-да жұмыс істейтін мамандарды даярлау мақсатында Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының курстары ұйымдастырылды, курстан 342 педагог, (директордың ТЖ жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар, психологтар және сынып жетекшілері) оқудан өтті. Әр мектепте 15 қыркүйекке дейін мұғалімдер мен ата-аналар арасында әдістемелік жұмыс жүргізілді. Аталған іс-шаралар әлеуметтік желілерде облыс мектептерінің беттерінде жарияланды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды. Нұсқаулығы бойынша жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жоспар бойыншы 24 дәріс өтті.

Облыстың барлық аудандық, қалалық білім бөлімдері «Даналық мектебінің жұмысын ұйымдастыру», «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметі туралы» семинарлар өткізді. Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында 2023 жылғы 26 қазанда барлық мектептерде 5-9 сынып ата-аналарына арналған «Позитивті ата-ана: тыңдау, тыңдау» тақырыбында сабақтар, «Әке тәрбиесі-үлкен мектеп» тақырыбында әкелер форумы, «Әрбір бала жарық жұлдыз» ата-аналар пед оқулары өткізілді. Облыстың барлық педагогтері АПҚО бойынша Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының вебинарларына қатысады.

ШҚО білім басқармасының «Örken» білім беруді ақпараттандыру және дамыту өңірлік ғылыми-әдістемелік орталығы 2023 жылғы 3 қарашада «Оқушыларды тәрбиелеудегі «Даналық мектебі» рөлі» онлайн семинар-практикумын өткізді. Іс-шараға 100 педагог (директорлардың тәрбие работе жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, педагог-ұйымдастырушылар, аға тәлімгерлер) қатысты.

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтына Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметі туралы апта сайын есеп беріліп отырады, жыл көлемінде 28587 іс-шара өтті.

Барлық өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желілерде #Біртұтас тәрбие, #Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы хэштегтерімен орналастырылды.

*Шығыс Қазақстан облысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде
өткізілген іс-шаралар*

Кесте 58

Облыс	Семинар, форум, конференция		Акция		Челендж	
	Іс-шара саны	Қамтылуы	Іс-шара саны	Қамтылуы	Іс-шара саны	Қамтылуы
ШҚО	41	5934	38	75932	31	67584

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жобалар

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында іске асырылған жобалар: «Балалар кітапханасы» жобасы, «Тарихқа құрмет» жобасы, «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы, «Жеткіншектің жеті жарғы» жобасы, «Экологиялық мониторинг» жобасы, «Оқуға құштар» жобасы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқырмандар конференциясы өткізілді. «Әлемді бағындырған жерлесіміз» «Ұлттық мектеп лигасы», «Тоғызқұмалақ-дау» «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы, «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғызшара» жобасы), «Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы), «Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы), «Қыз намысы – ұлтнамысы» («Ата-аналар мектебі» жобасы), Білім беру ұйымдары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жобасын әзірлеу («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы), «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»), Абайдың «Толық адам» ілімі («Балалар кітапханасы» жобасы), «Домбыра Party» («Ата-аналар мектебі» жобасы), «Адамдық борыш ар үшін» («Оқуға құштар мектеп» жобасы), «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («9 айға тоғыз шара» жобасы), «Қарияға қамқорлық» волонтерлік көмек т.б.да тақырыптарда түрлі іс-шаралар өткізілді.

Сондай-ақ 2023 жылдың 10 маусымында облыстық «Қонақжай отбасы» жобасы басталды.

Жобаға Өскемен, Риддер қалалары, Алтай, Глубокое, Шемонаиха аудандарының 12-14 жастағы балалары қатысады.

Катонқарағай ауданының Катонқарағай, Өрел, Берел ауылдарында жүзеге асырылады.

Жобаның бағдарламасында туған өлкенің дәстүрлерін, мәдениеті мен мұрасын зерделеу (экскурсиялар, кітап оқу, фильмдер көру және т.б.) қарастырылған.

«Қонақжай отбасы» жобасын іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1. оқушылардың демалыс уақытын ұтымды пайдалануы;
2. тілдерді үйренуге деген ынтаны арттыру, қазақ (мемлекеттік) тілінде сөйлейтін отбасында тұру жағдайында тілдік кедергіні еңсеру, әлеуметтік-мәдени коммуникацияны қалыптастыру;

3. практикалық қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру, сөздік қорын толықтыру.

2023-2024 оқу жылында Риддер қаласының мектептерінде Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудағы тетіктері: «Жеті жұлдыз» жобасын бастады.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие және оны оқыту процесіне оңтайландыру, білім алушыларды шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін жеткізе білу және жан-жақты дамыған, ұлттық мәдени құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Жеті санының қасиетін түсіндіру.

«Жеті жұлдыз» жобасы

• 7 күн, 7 ән, 7 ой-өрнек, 7 ата, 7 лиро-эпостық жырлар, 7 қазына, 7 роман.

Кесме 59

Облыс	Жоба атауы	Қамтылған оқушы саны
Шығыс Қазақстан облысы	«Балалар кітапханасы»	78586
	«Еңбегі адал жас өрен»	83482
	«Ұлттық мектеп лигасы»	68567
	«Жеткіншектің жеті жарғысы»	87210
	Ұшқыр ой алаңы	18324
	Ақылды бейсенбі	29589
	Әдебиет әлемі жерлес ақындар көзімен	5647
	«Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса»	11254
	«Интернет және қауіпсіздік»	9894
	Жеті жұлдыз	7523
	«Ақ бата» жобасы	7210
	«Әжем айтқан ертегі»	6587
	«Этностильдегі бас киімдер»	22410
	«Қасиетті бесік»	6582
	«Ұлттық қолөнер»	44325
	«Қамшыгер»	19321
	«Ата -тек»	25891
	«Техника», «Ағаш өңдеу», «Садақ ату»	36158
	«Ұлттық тағамдар», «Кулинария», «Карвинг», «Тәтті букет», «Сусындар»	51548
	«Қуыршақ театры»	59452
	«Креатив»	8700
	«Бұрымды қыз», «Сұлулық сыры»	29691
	Оқуға құштар мектеп	85796
	Төрт тоқсан - төрт өнер	79564
	9 айға 9 іс-шара	91458
	Балалар және театр	62589
	Саламатты мектеп	5367
«Kiva» буллингке қарсы	1259	

«Ұлттық мәдениет дегеніміз бұл-мағынасы терең көпқырлы ұғым. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады. Ұлттық

киімнің өзі-ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында я болмаса басқа мерекелерде жиі киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты”, - деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің осы сөзін басшылыққа ала отырып, Қазақстанда ұлттық мәдениетті дамыту мақсатында Облыстың білім беру саласында, оқушылар мен ұстаздар ұлттық киімді қолдап, ұлттық мүдде құндылығын дамытып келеді. Келесі оқу жылында да, осы жобаларды іске асыруды қолдайтынына сеніміміз мол.

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен үнемі қарқынды жұмыстар жүргізілді. Оның ішінде Ұлттық мүдде құндылығын іске асыру мақсатында, облыстың ішкі істер қызметкерлерімен «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Нашақорлық пен алкогольизм», «Шылым шегу» электрондық темекінің денсаулыққа зияны» тақырыптарында, сонымен қатар «Бопсалау, зорлық –зомбылық, қорқыту, әлімжеттік, көрсету және мектеп ережесі мен тәртібін сақтау, түнгі рейд мәселелері бойынша, мектеп инспекторлары мен білім алушылармен кездесу өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Шараның мақсаты-білім алушылардың адам тәрбиесі қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын салауатты өмір салтын сақтайтын сауатты, қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау.

Облыстың білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 64-н бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою жөніндегі іс-қимыл алгоритмін басшылыққа алады. Осы бұйрық негізінде облыстың барлық мектептерінде білім беру ұйымдары директорларының бұйрығымен мектеп қауіпсіздігі қызметі (бұдан әрі - МҚҚ) құрылды.

Мектеп қауіпсіздік құрамына: МҚҚ басшысы (білім беру ұйымының директоры), МҚҚ басшысының орынбасары (мектеп әкімшілігінің өкілі), сынып жетекшісі, пән мұғалімдері (тұрақты мүше емес), әлеуметтік педагог, педагог-психолог, мектеп дәрігері (қажет болған жағдайда мектеп медбикесі), қауіпсіздік инженері, ювеналды полиция өкілі (келісім бойынша). 2023-2024 оқу жылында Шығыс Қазақстан облысы мектептерінде «Түнгі қаладағы балалар» 435 рейд, 568 оқыту сабақтары, 418 жеке әңгімелер мен консультациялар өткізілді.

Жалпы білім беру ұйымдарында профилактика кеңесінің қызметін реттейтін ережелер әзірленді. Аталған жергілікті актілерді мектеп директорлары бекітті. Мектептердің әлеуметтік паспорттары жасалды, мектепшілік есепте тұрған оқушылардың жеке карталары жасалды. Бұл жұмыс

білім беру ұйымдарында қойылған мақсатқа сәйкес жүзеге асырылды: қоғамда балалар мен ересектердің профилактикалық, әлеуметтік маңызды қызметін ұйымдастыру, балаларды әлеуметтік қорғау мен қолдауды жүзеге асыру.

Мектептердегі профилактика кеңесі жұмысының негізгі бағыттары:

- кешенді тексеру, кеңес беру және топтық жұмыс арқылы патронаттық отбасыларды құқықтық және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру;

- қолайсыз отбасын зерттеу және ондағы мәселелерді түсіну;

- қолайсыз (проблемалы) отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын бастапқы тексеру;

- тәрбиеленушілер арасында девиантты мінез-құлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу.

Осы бағыт бойынша мектептерде келесі жұмыстар жүргізілді:

1. Танымдық, эмоционалдық саланы диагностикалау; оқушылардың жаман әдеттердің, отбасылық дәстүрлердің салдары туралы түсініктерін анықтау;

2. Балалармен кәсіби бағдар беру жұмысы.

3. Балаларға арналған жеке кеңестер.

4. Қамқоршы ата-аналарға тәрбие мәселелері бойынша кеңес беру (қажеттілігіне қарай).

5-10 сынып оқушылары арасында экстремизм, терроризм туралы түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру мақсатында түсініктеме жұмыстары жүргізілді.

Мектептердің ұстаздары және ПБ-нің қызметкерлерімен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізеді.

Мақсаты: Түнгі уақытта кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін 21-жасқа толмаған азаматтарға сатпауын қадағалау.

Жолда жүру ережелерін сақтау мақсатында, мектептің тәрбие ісінің орынбасарларымен бірігіп, үнемі «Жолда жүру ережесін сақтау» мақсатында лекциялар, әңгімелесулер, дөңгелек үстелдер өткізіледі. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда түсіндіру жұмыстары кең ауқымды жүзеге асырылып келеді.

Өскелең ұрпақтың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру барысында «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» тақырыбында тәлімгер ата-аналармен адалдық сағатын өткізді.

Облыста «Мектеп медиациясы» жобасын іске асыру жалғасуда, қазіргі уақытта облыста 162 мектеп медиациясы қызметі жұмыс істейді. Сондай-ақ, «Саналы ата-ана» жобасы бойынша ата-аналар топтарының жұмысы жалғасуда. Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарының 250-ден астам психологтары ата-аналар топтарымен жұмыс істейді.

Облыста әлеуметтік-психологиялық қызмет бойынша Өңірлік психологиялық қолдау және көмек орталығы ашылды. Балаларды ақпараттандыру және ӘПҚ (әлеуметтік-психологиялық қызмет) қызметінің

тәжірибелері мамандары шұғыл консультациялық көмек көрсету мақсатында тәулік бойы «Сенім телефоны» жұмыс істейді.

Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

Кете 60

Облыс	ТЖД		Ішкі саясат		Денсаулық сақтау басқармасы		Ішкі істер басқармасы		Сыбайлас жемқорлық	
	Іс-шара	Қамтылуы	Іс-шара	Қамтылуы	Іс-шара	Қамтылуы	Іс-шара	Қамтылуы	Іс-шара	Қамтылуы
ШҚО	358	73251	211	65891	421	82125	394	87548	124	58369



Сурет 70. Тәртіптік іс-шаралар



Сурет 71. Жолда жүру ережесін сақтау

Қорытынды және ұсыныстар

Алғаш рет 2023-2024 оқу жылында барлық білім беру ұйымдарында еліміздің жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген саясаты көрініс тапқан Біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді.

Бағдарлама аясында барлық мектептерде Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылды. Оның басты мақсаты – балаларды тәрбиелеуде мектеп пен отбасы арасындағы өзара байланысты күшейту, позитивті ата-ана мәдениетін дамыту.

Білім беру ұйымдарында 2,4 млн оқушының қатысуымен түрлі бағытта 22 әлеуметтік жоба жүзеге асырылды. Жыл бойы оқушылар «Күй күмбірі», «Жасыл мекен», «Шахмат ойнау», «Асық ату» республикалық челленджеріне қатысты.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашакорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының дінгегі десек те болады

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсінуіміз және түсіндіруіміз қажет.

Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген этностық сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ұлт бар жерде ол да бар. Ұлтпен бірге өмір сүреді, жойылмайды, құбылып өзгермейді.

Ұлы Абай айтқандай, «Толық адам» келбетіне жету – түпкі нәтижені меңзейді. Тәрбие – бұл көпжақты, үздіксіз, қоғамдық құбылыс. Сондықтан болашақ ұрпақ тәрбиесіне біртұтас ел болып ат салысу басты парызымыз!

Астана қаласы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Қазіргі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі – өскелең ұрпаққа тәрбие беру, оны ел тағдыры мен оның қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезінуге дайындау. Тәрбие – ұрпақты жоғары идеалдарға жетелейтін сапалы білім берудің негізі.

2023-2024 оқу жылының негізгі ерекшелігінің бірі - Біртұтас тәрбие бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) енгізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы іске асыру туралы ақпарат

2023-2024 оқу жылында бағдарлама өз қызметін тәрбиенің келесі құндылықтары негізінде жүзеге асырды: «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап».

Бағдарламаны іске асыру келесі механизмдер арқылы жүзеге асырылды:

- Мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шаралар;
- Әлеуметтік тәжірибелер / жобалар;
- Спорт секциялары, үйірмелер, факультативтер;
- Зияткерлік, мәдени-шығармашылық, спорттық іс-шаралар;
- Ата-аналармен бірлескен сабақтар.

Астана қаласының білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспарын негізге ала отырып, тәрбие жұмысы ұйымдастырды.

2. Астана қаласының мектептеріндегі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы балаларға адами құндылықтарды сіңіру мақсатына жетудің тиімді құралдарының бірі болып табылады.

«Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша барлық білім беру ұйымдарында 1 қыркүйек күні жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй,

оң көзқарас қалыптастыру мақсатында «Мектебім – мейірім мекені» атты білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды.


«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық патриотизм» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: патриотизм және еңбекқорлық, рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту достық қарым-қатынастың, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылығын ашу. Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтері арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық «Менің сүйікті мектебім», «менің жазғы демалысым», «Менің алғашқы ұстазым» тақырыптарында бейнероликтер *Bilim_quni* хэштегімен орналастырылды.

5-қыркүйек халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын- аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай «Ахмет» апталығы және Қазақстан Халқының Тілдер мерекесінің онкүндігі өткізілді.

Қазақстан халқы тілдер күні онкүндігі аясында жоспарға сәйкес жалпы қалалық сауаттылық күніне орай оқушылар мен мектеп педагогтері диктант жазды. Қазақстан халқы Тілдер күніне орай «Маманға жүз сұрақ» атты дөңгелек үстел, «Тілге құрмет – елге құрмет» атты челленджі, «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары және т.б. өткізілді.

8 қыркүйек күні сағат 12:00 - де «Тоғыз ай 9 іс – шара» тұжырымдамасы негізінде «Сергіту сәті» республикалық челленджі ұйымдастырылды. Челлендждің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсаныда оқушылар арасында «Ұлттық спорт» ойын түрлерінен жарыстар, атап айтқанда, «Асық ату», «Бес асық», «Тоғыз құмалақ», «Аударыспақ», «Қазақ күресі» өткізілді. Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Ойынға ата-аналар қауымы да қатысты.



Сурет 72 Іс-шараларға қатысу көрсеткіші

25-қазан Республика күніне орай «Қыран елім – Қазақстаным!» атты патриоттық акция аясында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимні орындалып, челленджер ұйымдастырылды, сондай-ақ барлық сыныптарда «Қазақстан - менің туған елім» атты сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды өз Отанын сүйуге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт - дәстүрін қастерлеуге үйрету, саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу.

Республика күні қарсаңында оқушыларды «Жасұлан» және «Жас қыран» ұйымдарына салтанатты түрде қабылдау өткізілді.

16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай барлық сыныптарда «Тәуелсіздік – тұғырым», «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік», «Жаса, Қазақстан» тақырыптарында сынып сағаттары, «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» тақырыбындағы саптық жиындары, «Тәуелсіздік-тұғырым» тақырыбында қолөнер көрмелері, «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз» тақырыбында танымдық сағаттары өткізілді. Мақсаты - Қазақстан Республикасының рәміздерін, олардың құрылу тарихын, мән-мағынасын түсіндіру, авторларын таныстыру.

1-наурыз Алғыс айту күніне орай білім беру ұйымдарында қайырымдылық акциялары, түрлі челленджер, кездесулер ұйымдастырылды. Ардагер педагогтермен дөңгелек үстелдер өткізілді.

Ар-ұят құндылығы бойынша барлық білім беру ұйымдарында «Адал ұрпақ» жобасы жүзеге асты. Мектептер мүдделі органдармен жүргізілетін жұмыстарын осы құндылық аясында ұйымдастырды.

Оқу жылының басында Полиция департаментінің қызметкерлері «Жолда жүру ережесі», «Жеке қауіпсіздік», «Кәмелетке толмағандар арасындағы нашакорлыққа қарсы әрекет», т.с.с тақырыптарында оқушыларға дәріс жүргізді. Оқушыларды өз денсаулықтарына жауапты болуға, салауатты өмір салтын ұстануға, психикалық денсаулығын сақтауға, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы өзекті мәселелер қозғалып, түрлі сұрақтарға жауап алынып, ұсыныс пікірлер тыңдалды. Тыңдаушыларға түрлі буклеттер мен ақпарат парақтары таратылды.

«Қамқор» акциясы аясында полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып, мектептерге жақын орналасқан дүкендерді, шиномонтаж орталықтарын, ойын залдарын аралап, қолайсыз отбасылардан шыққан кәмелетке толмағандардың пәтерлеріне рейдтер жүргізілді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу тақырыптарында 6-11 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

Сондай-ақ, мектептерде жоспарға сәйкес жемқорлыққа қарсы бағыттағы сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілік» көзқарасты қалыптастыру бойынша «Адалдық сағаттары» өткізілді. Тәрбие сағаттарының мақсаты: оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік бере отырып, олардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды тағы басқа адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.

Балалардың демалыс уақыттары қарсаңында «Есірткі ел қауіпсіздігіне, әлем қауіпсіздігіне төнген қатер», «Суда жүзу қауіпсіздігі», «Өрттен қорған», «Қолайсыз ауа-райы кезіндегі іс-әрекеттер» тақырыптарында ұстаздар мен оқушылар арасында түрлі кездесулер, спорттық жарыстар, дәрістер өткізді.

Оқушыларды келеңсіз оқиғалардың, буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттердің бірі бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу екендігін түсіндіру мақсатында іс-шаралар жоспары негізінде білім алушылар арасында «Әлімжеттікке тап болсаң өзінді қалай ұстауың керек?» тақырыптарында түрлі тренингтер ұйымдастырылды.

«Талап» құндылығы аясында келесі жобалар іске асырылды «Оқуға құштар мектеп», «Өзін-өзі басқару», «Менің бауырым», «Таза Қазақстан», «8 минуттық оқу жобасы», «Төрт тоқсан-төрт өнер», «9 айға-тоғыз іс-шара», «Жасыл мектеп» және т.б.

Сондай-ақ, қалалық «Шаттық-2024» балалар мен жасөспірімдер арасындағы ХҮІІ ашық қалалық шығармашылық байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: өнерпаздарымыздың бойында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, Отанға деген құрмет сезімдерін ояту, өнерге деген құштарлықтарын арттыру. Байқауға елорданың 123 мектебінен 7 мың бала қатысты. Жүзден жүйрік шығып, іріктелген балалар екі апта бойы «Вокал», «Хореография», «Бейнелеу өнері» сынды 9 номинация бойынша өнерлерін ортаға салды.

Балаларды тәрбиелеудегі отбасының ролін нығайту мақсатында барлық білім беру ұйымдарында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» кабинеттер мен аймақтар ашылды. Орталық күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді. Осындай орталықтардың жұмысын тиімді салу үшін елорданың 351 педагогы Адам дамуының ұлттық институты ұйымдастырған курстардан өтті.

«Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығы» жанынан «Әкелер кеңесі» (52), «Аналар кеңесі» (23), «Ақсақалдар кеңесі» (31), «Аналар мектебі» (22), «Аталар мектебі» (10), «Әжелер мектебі» (38), «Ағалар мектебі» (10), «Жеңгелер мектебі» (9). Орталықтарға барлығы 35 033-тен астам ата-ана жүгінді. Ағымдағы оқу жылының басынан бастап мектептерде әр айдың соңғы жұмасында өткізілетін «Бірыңғай ашық есік күні» жобасы басталды. Осы мақсатта білім беру ұйымдарында ата-аналарды қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар мен жұмыс жоспары әзірленді. Ашық есік күні Q-TALKS форматында 8 бағыт бойынша өткізіледі: ата-аналарға әлеуметтік педагог және педагог-психолог; пән мұғалімдері; сондай-ақ «Даналық мектебі» ол бағыттарды қамтиды: «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Жеңге мектебі», «Әке мектебі» и «Ана мектебі».

Ата-аналарды мектеп өміріне тарту, бала тәрбиесіне жауапкершілікті сезіну, «Мектеп-оқушы-ата-ана» үштік одағын нығайту мақсатында Әдістемелік орталық «Бірыңғай ашық есік күні» қалалық жобасын іске асырды.

Жобаның негізгі мақсаты – позитивті ата-ана мәдениетін дамыту арқылы қазақстандық балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету. Жобаның міндеттері:

- ұлттық құндылықтар негізінде ата-аналарды жүйелі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру;
- Қазақстанның бақытты және табысты азаматтарын тәрбиелеу үшін ата-аналардың құзыреттерін дамыту;
- позитивті ата-ана мәдениетін дамытуда әлеуметтік серіктестердің күш-жігерін біріктіру.

Ашық есік күндері әр айдың соңғы күні жүргізіліп отырды. Ата-аналармен жұмыс келесі форматта жүргізілді: ата-аналармен жеке әңгімелесу, жеке мәселелер бойынша кеңес беру, Ата-аналармен телефон арқылы сөйлесу, электрондық поштаны пайдалану (мұндай мүмкіндік бар жерде), ата-аналармен хат алмасу түрінде құрылды. Мұндай қарым-қатынас барысында ата-аналар баласының жетістіктері туралы ақпарат алады, табысты оқуға ықпал ететін ұсыныстар және алдын-ала әртүрлі психологиялық көмек алады. Сауалнамалар, консультациялар (топтар бойынша) өткізу жалпы ата-аналар жиналыстарын, бірлескен мерекелер мен іс-шараларды ұйымдастыру. Ата-аналарды қолдау орталықтарының жұмысы аясында өткен іс-шараларға 97 110 ата-ана қамтылды

**«Біртұтас тәрбие»
бағдарламасы аясында
қамтылған ата-аналар**



Сурет 73 Қамтылған ата-аналар көрсеткіші

*«Ашық есік күні» жобасы аясында
өткізілген іс-шаралар*

Кесте 61

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Қатысушылардың саны
1	«Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс» тақырыбында ашық есік күні	қыркүйек	10800
2	«Отбасы және мектеп ынтымақтастығы»	қыркүйек	10700
3	«Ата-аналарға арналған педагогикалық консилиум» ашық есік күні. Әрбір бала – жарық жұлдыз. Баланың бас ұстазы ата-ана. Көркем мінез баға жетпес байлық	қазан	9700
4	«Сүйіспеншілік-сыйластық кілті» атты бірыңғай АШЫҚ ЕСІК күні	желтоқсан	12800
5	«Сенім арту - жетістік кепілі» ата-аналар жиналысы	қаңтар	11500
6	«Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу» бірыңғай ашық есік күні	қаңтар	8540

7	«Ата-аналарды қолдау» орталықтарының жұмысы аясында «Баланың негізгі жас дағдарыстары»	ақпан	10220
8	«Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» атты бірыңғай ашық есік күні	наурыз	10400
9	«Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы» тақырыбында бірыңғай ашық есік күні	сәуір	12450

Республикалық және қалалық жобалар аясында, сондай-ақ Бағдарламаны іске асыру шеңберінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізіліп, 482 900 білім алушы қамтылды.

Кесте 62

№	Іс-шараның атауы	Қатысушылардың саны
1	25-қазан республика күніне арналған «Әнұран айту» челленджі Мақсаты: білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал	12700
2	«Алтын сақа» челленджі Челлендж мақсаты – білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, төл ойындарды дәріптеу.	65000
3	«Ұстазыма мың алғыс... «Ұстазым, менің ұстазым» челленджі	85000
4	Жұмадилдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін шешуге арналған «қазақ есебі» челленджі	550
5	«Оқуға күштар мектеп» челленджі	54000
6	«Домбырашылар» челленджі	75000
7	«Жасыл мекен» челленджі	143000
8	«Бәрі саған арналады» спорттық шеру Мақсаты: оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастырудағы маңызды роль атқаратын өзіне ыңғайлы спорт үйірмелерін, секцияларын дұрыс таңдау, оны насихаттау.	12500
9	«Досболlike: достық қолын ұсын» акциясының жоспарына сәйкес 10-11 сынып ұлдары арасында достық, бауырлық, аға-інілік қарым-қатынасты орнату Мақсатында «біргеміз» эстафетасы болды.	11000
10	«Атамекен» астана қалалық челленджі өтілді	8500
11	Аалғыс айту күнінде «қазақ еліне мың алғыс» би флэшмобы	150
12	«Қар десанты» еріктілер эстафетасы	15500

«Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын енгізу жалғасуда. Бұл жоба ұлттық құндылықтарды оқу процесіне біріктіруге бағытталған. «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы бойынша осы кезеңде Астана қаласында 26 білім беру ұйымынан курс өтті, ол 648 педагогты қамтыды. Құндылықтар тақырыбы аясында келесі тақырыптар өткізілді: «Сабақта құндылықтарды қалай қолдануға болатынын әр пәнде көрсету», «Құндылықтар

– мектептің біртұтас педагогикалық үдерісінің негізі» «ҰРПАҚ. ҚҰНДЫЛЫҚ. ӘЛЕМ», «Құндылықтар - мектептің біртұтас педагогикалық үдерістің негізі», «Құндылықтарға негізделген сабақтар», «Ұлттық құндылықтар білім мен тәрбие негізінде», «Мектеп және отбасы: жақсы қарым-қатынас үйлесімі», «Құндылықтар - Білім мен тәрбие бастауы».

Бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде мынадай жобалар іске асырылады: «ALTYN URPAQ», «Академиялық ұтқырлық», «Өркендеу», «ЭкоАсар», «READx», «Мектеп медиация», «Ата-аналар жұртшылығымен жұмыс істеудің жаңа форматы», «EduLeadersNS», «Оқушының мәдени нормативі», мәдени-білім беру платформасы «Ұлағатты ұрпақ», «Әжемнің ертегісі», «Жас дипломат».

«Өркендеу» жобасы елорданың 10 мектебінде енгізілді (№№4, 40, 51, 52, 54, 56, 64, 67, 68, 79). Жобаның негізгі мақсаты: білім алушыларды рухани-адамгершілік дамыту және тәрбиелеу, тұлғаның жоғары адамгершілік, жауапты, шығармашылық, бастамашыл қасиеттерін қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасауға жүйелі көзқарасты қамтамасыз ету болып табылады. 10 мектептің базасында «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға-жеңге мектебі» құрылды, мұнда ата-аналар мектеп өміріне, проблемаларды шешуге, барлық іс-шараларды өткізуге, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға белсенді қатысады.

«Ата-аналар қауымдастығының жұмыстың жаңа форматы» жобасы іске асырылды, жобаның негізгі мақсаты - қазіргі заманғы білімге ие, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген бәсекеге қабілетті, дені сау ұрпақты тәрбиелеу, баланың жеке басын дамыту, тәрбиелеу ортасын құру, ата-аналарды тәрбие жұмысының мақсатты процесіне тарту, ата-аналарды мектептің әртүрлі білім беру іс-шараларына тарту. Бұл жоба Елорданың 20 мектебінде жүзеге асырылуда №№10, 14, 15, 18, 21, 22,24, 27, 43, 45, 49, 55, 57, 63, 58, 68, 69,71,74, 76.

Жоба білім беру ұйымының эмоционалды ортасын өзгертуді, адамгершілік дәстүрлерін қалыптастыруды, ата-аналардың белсенді педагогикалық ұстанымын қалыптастыруды, ата-аналарға педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыруда көмек көрсетуді, сондай-ақ академиялық үлгерімге ұмтылуды, моральдық және этикалық құндылықтарды арттыруды көздейді. Жоба аясында мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне қаңтар-наурыз аралығында бірқатар оқыту семинарлары өткізілді

Кесте 63

№	Тақырыбы	Күні	Қатысушылар	Қамту
1	«Тәрбиенің қайнар көзі- мектеп пен ата-ана арасындағы үйлесімді қарым-қатынас» қалалық семинар	05.01.2023	Директордың орынбасарлары, ата-аналар, білім алушылар	90
2	Сынып жетекшілерге арналған «Сынып жетекші – тәрбие жүйесінің негізгі	08.02.2023	Педагогтер, сынып жетекшілері, ата-аналар	40

	ұйытқысы» қалалық семинар			
3	«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшілеріне арналған педагогикалық диспут	22.02.2023	Педагогтер, сынып жетекшілері	40
4	«Отбасындағы әкенің рөлі» қала мектептерінің әкелеріне арналған ток-шоу	22.02.2023	Педагогтер, директордың орынбасарлары, Әкелер одағы, ата-аналар	80
5	«Ұлттық құндылықтар-тәрбиенің түп қазығы» тәрбиелік іс-шара	14.03.2023	Педагогтер, сынып жетекшілері	30

«ALTYN URPAQ» жобасы Ұлттық спорт түрлері (тоғызқұмалақ, қазақ күресі, асық ату), ұлттық өнер (ұлттық аспаптар домбыра және дәстүрлі ән айту, қазақ биі, қазақ әні) бойынша жалпы білім беретін мектепте іске асырылуда. Жобаны іске асыру «ALTYN URPAQ» тоғызқұмалақ бағыттары бойынша өткізіледі (мектеп №3, 7, 11, 20, 24, 32, 34, 35, 38, 42, 49, 56, 57, 64, 66, 67, 70, 71, 72, 74, 79, 83,86,87,88,90,91,92);

Қазақ күресі (№ 3,7,8,11,24,34,35,45,49,57,62,64,67,68,71,83,87,88,90,92);

Асық ату

(№3,7,11,18,20,24,34,37,38,42,43,45,44,55,56,62,64,66,67,68,70,71,72,79,83,85,88,92);

Домбыр (№7,8,11,20,24,32,34,35,37,43,49,53,56,57,62,66,67,68,70,72,79,82,83,86,88,90,91,92);

Қазақ биі (№№3, 7, 8, 11, 20, 33, 37, 43, 53, 56, 62, 64, 67, 68, 79, 82, 86);

Қазақ әні (№№3, 7, 11, 20, 24, 45, 57, 64, 66, 68, 70, 83, 86, 91).

Жалпы орта және қосымша білім беру педагогтеріне арналған «ALTYN URPAQ» жобасы аясында 2024 жылғы 10-25 сәуірде домбыра, дәстүрлі ән және хореография бойынша педагогтарға арналған «Ата мұра» байқауы өткізілді. Байқауға қатысушылар саны 27 педагог болды. Байқауға қатысушылар өздерінің музыкалық қабілеттерін көрсете алды, музыкалық шығарманың көркемдік мағынасын, ойынын түсіндіруде даралықты жеткізе алды, авторлық ой мен стиль дәстүрлерін жеткізе алды.

Білім алушылардың құндылықтарын дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі түрде іске асырылатын болады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сыныптық және сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу арқылы мүмкін болады

Ұсыныстар

1. «Ата-аналарды қолдау» орталығының жұмысының белсенділігін арттыру;

2. Оқушылардың өмірге белсенділігін ынталандыру негізінде түрлі әлеуметтік жобалар енгізу;

3. Сынып жетекшілер тәжірибесін таратуға әдістемелік көмек ұсыну;

4. Тәуекел тобындағы оқушылардың алдағы оқу жылында қосымша сабақтар, мектепшілік үйірмелер, спорттық секцияларға қатысуларын қадағалау, назарда ұстау;

5. Әлеуметтік желіні құндылық дарыту құралы ету;

6. Ұлттық тәрбиеге негізделген ата-ана тарапынан оқушыларға шеберлік сынып өткізу;

7. Көшбасшылықты дамытудың тиімді әдістерін зерттеу;

8. Түрлі статустағы оқушылардың ата-аналарымен жұмыстар жүргізу. Ата-аналардың мектеп өміріндегі, оқушы өміріндегі маңызды рольдерін ұғындыру.

9. Сынып жетекшілер статусын көтеруге жағдайлар жасау.

Алматы қаласы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау еліміздің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Аталған мәселелерді шешуде тәрбие мазмұнын айқындау, білім беру мекемелерінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мақсатындағы көрініс тапқан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2023-2024 оқу жылының өзекті жаңалығы болып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылдың 19 қыркүйегіндегі № 294 бұйрығына сәйкес Алматы қаласының білім беру ұйымдарының жүзеге асырылды. 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мен талқылау мақсатында, білім беру ұйымдарының директорлары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер, педагог-психологтеріне әдістемелік түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қала, аудан, мектепшілік көлемде әдістемелік семинарлар өткізілді.

Мақсаты:

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізілген іс-шараларды қорытындылай отырып, сараптама жасау.

Міндеті:

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде іс-шаралардың сапасын талдау;

- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысына қорытынды жасау;

- Түрлі бағыттағы әлеуметтік жобалардың нәтижесін талдау;

- Бағдарламасы аясында жыл бойы ұйымдастырылған челленджердің қорытындысын шығару;

Күтілетін нәтиже:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде іс-шаралар жүйелі өткізіледі;

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысы жанданады;

Білім алушылар әлеуметтік жобалар мен челленджерге белсенділікпен қатысады;

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы ақпарат

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеу, ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа бейімделіп, табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу сынды міндеттерді орындау білім беру ұйымдарындағы барлық тәрбие ісімен айналысатын 10 000-нан астам педагогтерге жүктелді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» сынды тәрбие құндылықтары арқылы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты Алматы қаласының барлық білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жүзеге асыру тетіктері нақтыланды. Бағдарлама мазмұнына сәйкес қаламыздың білім беру мекемелерінде 20-дан астам әлеуметтік жобалармен жұмыс жүргізу және 30-ға жуық нақты берілген сынып сағаттарды өткізу қадағаланды. Бағдарламаны іске асыруда арнайы сертификатталған тренерлер бастамасымен Алматы қаласындағы *215 жалпы және 23 кәсіптік-техникалық білім* білім беретін мекемелердің белсенді педагогтерінен шығармашылық топ құрылып бірлескен жұмыс негізінде қалалық бірыңғай кешенді жоспар құрылды. Сонымен қатар оқу-жылы басында қалалық деңгейде *300-ден астам* түсіндірмелік - тәжірибелік семинар, аудандық, қалалық деңгейде *200-ге жуық іс-шара* өткізіліп, нәтижесі әрбір білім беру мекемесінде тоқсан сайын өткізілетін педагогикалық кеңесте талқыланды.

Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылының басында Алматы қаласындағы *8 арнайы білім беру ұйымдары мен 20 қосымша білім беру ұйымдары* педагогтеріне «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізіліп, әдістемелік орталықтың тәрбие бөлімінің жоспарына сәйкес әдістемелік оқыту семинары өткізілді.

Бала тәрбиесінде оң өзгерістер болу үшін мектеп мәдениетіне қандай құндылықтар қажет және қазіргі білім алушыларды тәрбиелеуде қандай құндылықтар маңызды екендігіне пікір алмаса отырып, ұлттық мүдде, ар-ұят және талап құндылықтарын тәрбие жұмысына енгізе отырып жұмыс жүргізу керектігі терең түсіндірілді.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген бағдарлама аясында ата-аналар қауымдастықтарына өткізілген *600-ге жуық* ата-аналар жиналыстарында іске асырудағы іс-шаралар барысы таныстырылды.

Алматы қаласының білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру аясында 2023 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақстан аумағында ұлттық киімнің сән-салтанатына арналып, қазақ мәдениетін насихаттауды мақсат еткен «*Ұлттық сезім*» жобасы жалғасып жатыр. Бастама мәдени байлық пен дәстүрге баса назар аудара отырып, ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған. Алғашында флешмоб ретінде қолға алынған жанашылдық бүгінде үлкен жобаға айналды. Яғни білім беру ұйымдарындағы педагогтер, білім алушылар әр аптаның жұма күндері оқу үрдісінде *ұлттық киім киіп, салт-дәстүрлерді насихаттап* түрлі челенджермен ұлттық бренд құндылықтарын арттыруда. Жоба аясында қаламыздың білім беру ұйымдарында *2500-ге жуық іс-шара* атқарылды.

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жобалар

Алматы қаласы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының шеңберінде «Менің бауырым», «Оқуға құштар мектеп» «Климат және балалар», «Мектеп театры», «Менің арманымдағы мамандық», «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз», «Отбасылық тәрбие мектебі» жобалары ауқымды көлемде жүзеге асырылды.

Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі «Менің бауырым» еріктілер жобасын іске асыру туралы екіжақты келісімі негізінде жүзеге асып, балалардың құқықтарын қорғауға және балаларға қатысты жобаларды тиімді басқаруға, мектеп оқушыларының қолайлы әрі қауіпсіз ортада білім алуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған «Менің бауырым» еріктілер жобасына Алматы қаласының білім беру ұйымдары белсене қатысты.

80-ге жуық жалпы орта білім беру ұйымы мен 650-ге жуық педагогика, құқықтану, психология, әлеуметтік педагогика және ақпараттық технологиялар мамандықтары бойынша 3-5 курстарда оқитын колледж бен ЖОО студенттері қамтылды.

Еріктілер өз елінің нағыз патриоты мен азаматы ретінде балаларды жақсылыққа, әділдікке, жасампаздыққа жетелеп, шығармашылық шабыт бере білді. «Менің бауырым» еріктілер қозғалысы балаларымыздың құқықтарын қорғау бағытындағы ынтымақтастығымызды нығайта түскені анық.

«Менің бауырым» жобасының еріктілері алдымен арнайы тренингтерден өтіп, мектептерде балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеу жөнінде тәлім алды. Олардың әрі қарайғы жұмысы патриоттық және экологиялық тәрбие беру, жауапкершілікті арттыру, мектепішілік қарым-қатынастарды нығайту, эмоционалдық интеллектіні, құқықтық, оқырмандық, қаржылық және ІТ сауаттылықты дамыту жөніндегі маңызды бағыттарды қамти отырып волонтерлік жұмыс атқарды.

Мақсаты: оқушылардың қолайлы даму ортасында білім алуын қамтамасыз ету мақсатында оларға қолдау көрсету.

Жобаны ұйымдастыру формалары:



Сурет 74 Жобаны ұйымдастыру формалары

Жүргізілген жұмыс барысындағы қол жеткізген нәтижелер:

10. оқушылардың өз даралығын, өзін-өзі реттеу дағдыларын және коммуникативтік құзыреттілікті түсінуге үйренуі - 50 % -ға өсті;

11. қиын өмірлік жағдайларда әрекет етуге дайын болу, тыңдау, жанашырлық, жалпы шешімдер қабылдауға қатысуы - 55 % -ға артты;

12. достық қарым-қатынаста өзара көмектің құндылығын түсінуді қалыптастыруы - 70 % -ға артты;

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. «Оқуға құштар мектеп» жобасыны аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге асырылды. Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктернің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енді. Оқу сауаттылығы қазіргі қоғамдағы өмірге дайындық үшін ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады.

Мақсаты: оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.

Міндеттері:

- Оқу құзыреттілігін арттыру және оқуға тарту мақсатында оқушылардың оқырмандық қызығушылықтарына әсер етудің белсенді формалары мен әдістерін, педагогикалық идеяларын іздеу;

- Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

- Мектеп кітапханаларын ресурстық ақпараттық-кітапханалық және мәдени-ағарту орталықтары ретінде дамытуға ықпал ету ;

- Кітап оқуды алға жылжыту бойынша жұмыс тәжірибесін

анықтау, жинақтау және тарату;

- Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақытты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету;
- Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жандандыру.



Сурет 75 Оқуға құштар мектеп жобасы

Жүргізілген жұмыс барысындағы қол жеткізген нәтижелер:

1. Мұғалімдердің, кітапханашылардың әдістемелік материалдар банкі жинақталды;
2. Жұмыс тәжірибесі жинақталды және таратылды;
3. Отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғыртылды;
4. Мектеп кітапханаларының ақпараттық ресурстарын пайдаланушылар саны артты;
5. Балалардың жүйелі, шығармашылық, дамытушылық оқу дағдылары қалыптасты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасына Алматы қаласының 215 білім беру ұйымы қатысып, 150 мыңнан астам оқушы жоба аясында оқу мәдениетін қалыптастырды.

Әлеуметтік-эмоционалды ахуалды жақсартуға бағытталған, ұжымдық негізде мектеп оқушылары арасында жақсы қарым-қатынас орнату мақсатында «ДосболLike: достық қолын ұсын» акциясы – «егер сіз нағыз досқа ие болғыңыз келсе – өзіңіз нағыз досқа айналыңыз» ұранымен өткізіліп, акция негізінде Алматы қаласының білім беру ұйымдарында мектепшілік жоспар жасалынды, жоспарда оқушылар, ата-аналар, мектеп психологтері қатыса отырып өткен оқу жылы барысында көптеген іс шаралар өткізілді.

Жоба оқушыларға ынтымақтастық, басқалардың қажеттіліктерін түсіну сияқты әлеуметтік дағдыларды нығайтуға көмектесті. Бұл бастамалар балалардың жеке тұлға ретінде дамуына ықпал етіп қана қоймай, мектепте

жағымды әлеуметтік орта қалыптастырады. Жаңа оқу жылында осы бағыттағы Алматы қаласы білім беру ұйымдарында жұмыс жалғасатын болады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберіндегі өткізілген әлеуметтік жобаларға Алматы қаласының білім беру ұйымдарының барлығы белсене қатысты. Әлеуметтік жобалар бойынша төмен пайыздық көрсеткіш көрсеткен білім беру ұйымдарына қосымша әдістемелік ұсынымдар берілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мазмұнына сәйкес облысымызда ата-аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталықтары (АПҚО) жұмысы.

Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында қаламыздың 215 білім беру мекемелерінде ашылған болатын, қазіргі кезде 23 кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінде де бұл орталықтар жұмысы бастау алды.

АПҚО бойынша жұмыс мазмұны төмендегідей болды:

- Сабақтарды өткізудің әдістемелік тәсілдері;
- Ұйымдастырушылық-әдістемелік тәсілдер ;
- Ата-аналармен сабақ мазмұнындағы ұлттық құндылықтар;
- Ересектермен сабақ өткізу ерекшеліктері;
- Ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтарындағы интерактивті әдістер;
- Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану бойынша ұсыныстар;
- Интерактивті сабақты өткізу ерекшеліктері;
- Ата-аналарға педагогикалық білім беру процесінде сәттілік шарттары;
- Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы;
- Ата-аналарға арналған сабақтардың мазмұны;
- Сауалнама;
- «Даналық мектебі» клубы;

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша облыс білім беру мекемелерінде жұмыс тобын және «Даналық мектебі» клубы қызметін үйлестіруші 500-ге жуық тұлға жұмыстарын жүйелі жалғастыруда.

Ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту міндеттерініске асыруда 421 педагог біліктілікті арттыру курстардан өтті.

Орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту үшін де қаламыздың 154 педагогі үш айлық вебинарлардан дәріс алып, АПҚО жұмысына жұмылдырылды.

Отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыруда да 8479 педагог семинар-кеңестерден өтті.

Балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған 200-ге жуық әдістемелік семинарлар өткізілді.

Қаламызда ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін қосымша басқа да іс-шаралар ұсынылды: «Даналық мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мысалы, концерттер, театр қойылымдары, марафондар, көрмелер, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар мен акциялар. АПҚО жұмыстары барысында ата-аналар интерактивті режимде балаларымен нақты позитивті қарым-қатынас жасауды, олардың психологиялық, эмоционалдық жағдайын түсінуді үйреніп, бұл балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы сияқты күрделі мәселенің туындамауына көмектесіп жатыр. Қала мектептеріне ата-аналарды қолдау және өзара іс-қимыл жасау үшін орталық цифрлық платформасын пайдалану ұсынылды, онда бөлімдер бойынша тақырыптық ақпарат: курс бағдарламалары, бейне дәрістер, бейне ұсынымдар, сұхбаттар, тақырыптық вебинарлар, психологтың кеңестері, сауалнамалар, жадынамалар, нұсқаулықтар, постерлер қолданылып АПҚО жұмысының жүйеленуіне әсерін тигізді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылу барысы Алматы қаласы Білім басқармасы мен әдістемелік орталық тарапынан зерделенуде:

- Мониторингілеу, жетістіктерді анықтау;
- Деректерді жинау және өңдеу;
- Аналитикалық есеп әзірлеу;
- Бағдарламаның әлсіз және күшті тұстарын анықтау;
- Бағдарламаны жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар беру.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылу барысына қатысты педагогтермен апта, ай, квартал сайын семинарлармен вебинарлар желісі құрылып, әдістемелік көмектер көрсетілді. Сондай-ақ тәрбие жұмысындағы педагогтер шығармашылықтарын арттыруда да ай сайын қалалық деңгейде байқаулар мен форумдар өткізілді.

Алдағы оқу жылында ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, қауіпсіз ортада бәсекеге қабілетті, дарынды элита қалыптастыру. STEM-тәсілі негізінде, ағылшын тілін меңгерген, ішкі уәжі мықты, рефлексиялық тұлғаны ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқыту.

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2023-2024 оқу жылында Алматы қаласының білім беру мекемелерінде мүдделі органдарымен жүйелі түрде, бекітілген жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді. Мәселен, кәметке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында *құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен* дөңгелек үстелдер, ұлдар, қыздар жиналысы, дебат ойындары ұйымдастырылды. Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлықпен есірткі бизнесіне қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру, өскелең ұрпақтың бойында жаман іс-әрекеттерді болдырмау мақсатында *денсаулық сақтау органдарымен* бірлескен іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар жүйелі өткізілді. Сонымен

қатар, аталмыш мекемемен ерте жүктіліктің алдын алу, қыз бала мен ер баланың жеке бас гигиенасы тақырыбында дөңгелек үстел, ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.

Қаламыздың білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруда мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен мектепшілік, қалалық деңгейде 200-ге жуық бірлескен іс-шаралар өткізілді:

Құқық қорғау органдары өкілдерімен бірлескен – 305 іс-шара;

Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулары – 191 іс-шара;

Денсаулық саласы мамандарымен бірлескен – 243 іс-шара;

Ішкі саясат өкілдерімен бірлескен - 114 іс-шара;

Сыбайлас жемқорлық саласымен бірлескен – 178 іс-шара;

Білім алушылардың төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулары Алматы қаласының білім беру мекемелерінде 191 іс-шара өткізілді. Іс-шаралардың мазмұны төмендегідей мақсатта іске асырылды:

Алматы қаласы бойынша Ішкі саясат өкілдерімен бірлескен 114 іс-шара өткізілді. Тілдер күніне орай үштілділікті насихаттау мақсатында өзге ұл өкілдерімен «Менің тілім-мен айбыным» тақырыбында дөңгелек үстел, діни теріс ағымдардың алдын алу мақсатында дәріс-сабақтар өткізілді. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында білім беру мекемелерімен бірлесе келе тимбилдинг ойындары ұйымдастырылды.

Білім беру мекемелерінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл өкілдерімен бірлескен 178 іс-шара ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ата-аналар мен білім алушылар үшін дөңгелек үстел, ақпараттық-түсіндірмелік жұмыстар жүргізілді.

Сондай-ақ, қала бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, олардың заңды мүдделерін қорғау мақсатында полиция бөлімінің, жұмыспен қамту бөлімінің, білім, денсаулық сақтау бөлімінің және басқалардың өкілдерін біріктіретін кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Алматы қаласында 8 аудандық, 8 қалалық кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Әр квартал сайын комиссия отырыстары жоспарға сәйкес өткізіледі, құқық бұзушылықтардың алдын алу жоспарына сәйкес жыл басынан бері 800-ден астам іс-шара өткізілді.

Алматы қаласының полиция департаментімен бірлесіп кәмелетке толмағандар арасында суицидтің, жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді. Қала мектептерінде құқық бұзушылықтардың алдын алу, суицидтік мінез-құлық, буллинг, кәмелетке толмағандарды адамгершілік–рухани тәрбиелеу мәселелерімен 300 педагог-психолог, 215 әлеуметтік педагог, 300 директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары айналысады, олар оқушылармен жұмыс істеудің кең нысандары мен әдістерін пайдаланады. Облыстық педагог-психологтар қауымдастығы 30-дан астам отырыс, қала бойынша көшпелі консультациялар өткізілді.

Қорытынды және ұсыныстар

Алматы қаласының білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселесі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында зерделенді.

Өткен оқу жылын қорытындылай отырып, атқарылған жұмыс пен алынған сауалнамаларға талдау жасау арқылы Алматы қаласының білім беру ұйымдарында бағдарлама аясында жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі мақсатты түрде орындалған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде;

- 1) Тұлғаны тәрбиелеу барысында құндылықты түсінуге қол жеткізілді;
- 2) Ұлттық салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа құндылықтық көзқарас қалыптасты;
- 3) Ұлттық құндылықтар негізінде білім беруді жүзеге асырудағы инновациялық тәжірибе жинақталған, бағдарламасы жүзеге асырылды;
- 4) Мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігінің өсуі айқын көрініс тапты.

Шымкент қаласы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы (2023-2024 оқу жылы)

Тәуелсіздік, Республика, Бірлік мемлекеттілігіміздің мызғымас тұғыры. Біз бұл ұғымдарға ерекше мән бере отырып, әр азаматтың жүрегіне ұялайтын басты құндылығымыз да осы екенін назардан қалдырмауымыз керек. Оны көздің қарашығындай сақтай отырып, мықты ұлт, іргелі мемлекет құруға күш салуымыз қажет. Бұл тұрғыда елдің мәдени дамуына, рухани кемелденуіне баса назар аударған жөн. Сондықтан дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру, таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивацияны, бастамашылдықты, дербестік пен жауапкершілікті дамыту керек. Өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсете білетін, сын тұрғысынан ойлайтын, креативтілікті қолдау, психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызған жөн.

2023-2024 оқу жылында Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты мектептердің оқу-тәрбие процесіне жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген Біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді.


«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнын, мақсат, міндеттерін, құндылықтарды педагогтерге таныстыру мақсатында Шымкент қаласының Абай, Әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау аудандары мектептерінің директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары мен педагогтеріне ақпараттық түсіндірме жұмыстары бойынша семинарлар ұйымдастырылды.

Мақсаты: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын саралау, талдау. Жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу үшін жұмысты жүйелі үйлестіру.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы туралы ақпарат

Кесте 64

Жалпы қатысқан мектептер саны	Мектептің оқу тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар саны	Мектептегі педагогтер саны
142	735	21857



Сурет 76 Білім беру ұйымдары педагогтер көрсеткіші

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жобалар

Өңірде 8 жоба тұрақты түрде, 4 жоба кейбір мектептердің әлеуетіне қарай іске асырылды. Өңірде жүзеге асырылатын жобаларға 142 мемлекеттік мектептер қатысты.

Білім беру ұйымдарында оқушының қатысуымен түрлі бағытта жобалар жүзеге асырылды. Атап айтсақ, «Өр талапты, озық ойлы ұлан» жобасы, «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы, «Ұлттық мектеп лигасы», «Ұрпаққа аманат» жобасы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы.

Жыл бойы оқушылар «Күй күмбірі», «Жасыл мекен», «Шахмат ойнау», «Асық ату» республикалық челленджеріне қатысты. «Білім беруде балалар мен жасөспірімдер қозғалысы мен еріктілер ұйымдары үлкен маңызға ие болды. Жас еріктілердің бастамасымен ұйымдастырылған «Досболіке» - достық қолыңды соз» акциясы балалардың қызығушылығын тудырды. Айта кету керек, елімізде «Жас сарбаз», «Жас волонтер», «Жас эколог», Жас дебатер» секілді балалар мен жасөспірімдер қозғалысына білім балушылар белсенді түрде тартылып, жұмыстар жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында 2023 жылдың 18 қараша күні Әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясы базасында «Отбасылық құндылықтар – ұлттық тәрбие негізі» тақырыбында мектеп пен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту мақсатында қалалық семинар өткізілді.

Семинарға «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтынан», М.Әуезов атындағы университетінің мәдениет және өнер факультетінен, Әдеп-ғұрып және салт-дәстүр» орталығынан мамандар, білім басқармасына қарасты білім беру ұйымдарының директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, ата-аналар, сынып жетекшілер, педагог-психологтар қатыстырылды.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» және «Даналық мектебі» бағдарламасын іске асыру, педагогтер мен ата-аналар және жұртшылық өкілдерінің жұмыстарын біріктіру, шоғырландыру мақсатында сынып жетекшілер сабақтар өтті.

Д.И.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейінің базасында 2023 жылдың 08 желтоқсан күні тәрбие отбасынан бастау алатын құндылық екенін ұғындыру мақсатында «Отбасы. Ата-ана. Құндылық» тақырыбында аудандық семинар өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру, жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында Ө.А.Жолдасбеков атындағы №9 ІТ лицейінің базасында Жас жазушы, ақын Жәмиля Бақтиярқызының шығармашылық кеш өткізілді. «Бәйшешек», «Қарлығаш» атты оқулықтарынан монологтар оқылды.

«Ұрпаққа аманат» жобасы аясында «Күй күмбірі» атты республикалық челленджді ерекше атап айтсақ болады. Бұл челлендж ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік, мәдениет пен патриоттық сезімді тәрбиелеуге, еліміздің мәдени мұрасын сақтауға, балалар арасында домбыра ойынын кеңінен насихаттауға бағытталды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының тапсырмасы негізінде 2023 жылдың 15 желтоқсанында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Вице-президенті Каратабанов Руслан Әділханұлы Шымкент қаласындағы мектептерде Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылу барысымен танысу үшін С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде және №89 ІТ мектеп-лицейінде болды. Бағдарлама аясында атқарылып жатқан жұмыстарының іс-құжаттарымен танысып, оң бағасын берді. Мектеп ұжымдарына ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз еңбектеріне сәттілік тілеп, ризашылығын білдірді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекеттілікке ерте тәрбиелеу мақсатында жүзеге асыру, құқықтық сананы, құқықтық қатынастарды, белсенді заңды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін, құқықтық мәдениетті қалыптастыру

мақсатында «Білім беру ұйымдарында оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп ұжымының жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында аудандық семинар өткізілді.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты барлық жалпы орта білім беру ұйымдарында ұлттық ойындар челленджі өткізілді. Оқушылар «Бес табан» және «Бес асық» ойындарын ойнады. Челлендждің мақсаты – білім алушыларды рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық бағытта тәрбиелеу, мәдени құндылықтарды сақтау және ұлттық ойындарды дәріптеу.

«Төрт тоқсан- төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында Республика күніне орай Қаратау дәстүрлі өнер мектебінде «Ақындар айтысы-2023» өткізілді. Ақындар айтысында елімізге танымал айтыскерлер қазылық жасады. Қорытындысында өзінің шешендік өнерімен, сахнада өзін мәдени еркін ұстауымен көрермендерді тәнті етіп, үлкен дайындықпен келген жас айтыскер ақындар жүлделі орындарға ие болды.

Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен (ұялы телефондар, домбыралар) дипломдармен марапатталды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында Шымкент қаласы білім басқармасының Экология, өлкетану және туризм орталығы «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің қалалық байқауын өткізді. Жеңімпаз оқушыларға бағалы сыйлықтар берілді.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты мектептерде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жоспарға сәйкес түрлі жұмыстар атқарады. Ата-аналарға арналған педагогикалық қолдауды «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша оқудан өткен сынып жетекшілері, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, қосымша білім педагогтері жүзеге асырады.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша 2023 жылғы 20 наурыз күні Шымкент қаласы білім басқармасының ұйымдастыруымен №2Дарын мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп - интернатының базасында

«Ұлы күні ұлыстың, басы болсын ырыстың!» тақырыбында аудандық дебат турнирі өтті. Мақсаты: «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру, білім беру ұйымдарында пікірсайыс қозғалысын дамыту, кеңінен насихаттау болды.

Әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен Б.Садықов атындағы №112 жалпы орта білім беретін мектепте Республика күніне орай 6 сынып оқушылары «Жас сарбаздар» сыныбына өтіп, ант қабылдады. Оларға «Жас сарбаз» куәлігі табысталды. «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының мақсаты өскелең ұрпақтың бойында жоғары азаматтық белсенділікті, патриотизмді, рухани-адамгершілік дамуды тәрбиелеу, жеке тұлғаны және Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және жастар арасында дене шынықтыру мен әскери-қолданбалы спорт түрлерін танымал ету болып табылады.

2023-2024 оқу жылында Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар

Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар бойынша прокурор сағаты, прокуратура, полиция өкілдерімен, әскери қызметкерлермен кездесу, құқықтық сауаттылық күні, «Қауіпсіз интернет» медиа қауіпсіздік сағаттары, ішкі саясат басқармасының өкілдері және медицина қызметкерлерімен кездесулер, дөңгелек үстелдер, челленджер өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру, құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру, ерте жүктіліктің алдын алу, салауатты өмір салтын сақтау.

Күтілетін нәтиже:

- оқушылардың құқықтық мәдениеті қалыптасады;
- құқықтық заңдылық талаптарын түсінеді;
- оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың

алдын алуда мектеп пен отбасы арасындағы серіктестік дамиды.

Кесте 65

№	Мемлекеттік мүдделі органдармен жүргізілген жұмыстар	Іс-шаралар	Саны
1	Қалалық прокуратура мамандарымен кездесу	Прокурор сағаты	154
2	Полиция департаменті мамандарымен кездесу	«Құқық бұзушылықтың алдын алу»	232
3	Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментімен бірлескен шара	Терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша профилактикалық, оқу жаттығу шараларын өткізу	185
4	Шымкент қаласы дін басқармасы мамандарымен кездесу	«Діни экстремизмнің алдын алу» Мектеп формасы	342
5	Медицина қызметкерлерімен кездесулер	«Салауатты өмір салтын қалыптастыру»	237
6	Ішкі саясат басқармасы мамандарымен дөңгелек үстел	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»	315
7	Полиция департаменті мамандарымен бірлескен шара	«Қылмыстың алдын алу » челлендж	318

2023-2024 оқу жылына арналған азаматтық қорғау саласындағы жаттығулар өткізу жоспарына сәйкес «Қауіпті өндірістік объектілерде авариялық жағдайлар және оқыс оқиғалар» тақырыбында оқу-жаттығу іс-шарасы жүргізілді. Азаматтық қорғау бойынша өткізіліп отырған оқу-жаттығуға Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасының мамандары қатысты.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №80 ІТ мектеп-лицейінде Қаратау ауданы әкімдігі аппаратының қолдауымен «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында кездесу өтті. Кездесуге Қаратау ауданы

прокуратурасының мамандары, Білім беру ісінің үздіктері, Аналар кеңесінің төрайымдары қатысты.

№71 жалпы орта білім беретін мектебінің базасында Еңбекші ауданы әкімдігімен бірлескен «Лайықты ұрпақ тәрбиелейік» жоспарына сәйкес кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың, қыздар арасындағы ерте жүктіліктің, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, кереғар діни ағымдар мен секторлардың іс-әрекеттерді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жасөспірімдерді спортқа, өнерге, мәдениетке қызығушылығын арттыру мақсатында, мамандармен кездесу өткізіліп, профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Іс-шараға Еңбекші ауданы әкімі аппаратынан, Шымкент қаласының Дін істері басқармасынан, Психикалық денсаулық орталығынан, Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасынан мамандар қатысты. Кездесу барысында мамандар жасөспірімдерге жат діни ағымдарға еріп кетпеуі, күдікті кітаптар көрсетіп, белгісіз сайттарды ұсынған адамдардан аулақ болуға шақырды. Отбасыларда зорлық-зомбылыққа тап болған жағдайда тиісті мекемелерге хабар беруді, нашақорлыққа қатысты заттарға әуестенбеу жөнінде кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қорытынды және ұсыныстар

Ағымдағы жылы жаңа оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылықтар жүйесін оқу-тәрбие процесіне интеграциялаумен ерекшеленіп отыр. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруда өңірлік және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жоспарлы жұмыстар атқарылатын болады.

Құндылыққа негізделген жобалар кіріктіріліп, жеке үйірме ретінде енгізілсе деген ұсыныс бар. Жалпы педагогтер «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңа мазмұнымен танысып, оның құндылықтарын өз пәндеріне тиімді кіріктіру жолдарын үйренді. Сондай-ақ, бағдарлама бойынша алдағы жоспарлар мен өңірлік ынтымақтастық аясында атқарылатын жұмыстар туралы толық ақпарат алды. Алдағы уақытта да, айтулы жобалар аясында қала көлемінде нәтижелі жұмыстар жүргізілетін болады.

3 МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕСІ: МОНИТОРИНГ БАРЫСЫНДА ЖИНАҚТАЛҒАН ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ

3.1 «Біртұтас тәрбие: құндылықтарға негізделген тәрбие ісін басқару және жүзеге асыру» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын әзірлеу мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері ұсынылады.

Сауалнамаға 25 557 педагог қатысты.

Бүгінгі күнде білім беру ұйымдарында тәрбиенің мән-жайы, ұрпақ бойына сіңіріліп отырған құндылықтар жүйесі және оның бала дамуына әсері қоғамды толғандырып отырған мәселе екені анық.


Осыған орай өңірлерде ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтарды анықтауда жүргізілген сауалнама нәтижесі ұсынылып отыр.



Сурет 77. Білім беру ұйымдарында тәрбие құндылықтарының маңызы

Білім беру ұйымдарында қоғам игілігіне қызмет ететін саналы азаматты тәрбиелеу барысында берілетін құндылықтар ар-ұят, Отан, отбасы, ар-ұждан, талап, кемелдену, еңбек құндылықтары (77-сурет). Сауалнамаға берілген жауаптар осы аталған құндылықтардың бүгінгі қоғамдағы маңыздылығын көрсетті. Қазір уақытта білім беру ұйымдарында білім алушылардың бойына еңбек құндылығының қажеттілігі басымдық беріп отыр. Яғни біздің алдымызда қоғам болып балаларды еңбек әрекетіне баулып, еңбектің құндылығын түсіндіру міндеті тұр. Сондай-ақ білім алушылардың бойында ар-ұят, ар-ұждан, отбасы құндылықтарын үлгі-өнеге арқылы дарыту қажеттігі көрінеді. Білім алушыларды кемелділікке, сананың ашықтығына, зерек болуға тәрбиелей отырып, талап құндылығын да дарытуымыз қажет.


Адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға тәрбиелеу үшін бала бойында қандай қасиеттерді қалыптастыру қажет?



Сурет 78. Ар-ұят құндылығын қалыптастыру


Зерттеу нәтижесі көрсеткендей адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға тәрбиелейтін қасиеттерді қалыптастыру үшін білім алушылардың бойында ұят, ар-намыс, мейірімділік пен әдептілікті дарыту қажет (2-сурет). Олай болса отбасы, мектеп, қоғам ынтымақтастығында баланы мейірімділік пен сүйіспеншілікке, сыпайылық пен әдептілікке жетелей отырып, ар-ұятты биік ұстайтын, намысты тұлға тәрбиелеу міндеті тұр.

Заң мен моральдік этикалық тәртіпке қайшы келмейтін, шынайылық пен тәртіпке



Сурет 79. Балаларға адалдық пен тәртіп қасиеттерін қалыптастыру

Білім алушыларды шынайылық пен тәртіпке жетелейтін жауапкершілік, адалдық, әділеттілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, заң мен моральдік этиканы сақтауға, адалдық пен әділетті болуға тәрбиелеу қажеттігі басым екендігі байқалды



Сурет 80. Ұлттық мүдде құндылығы сіңіру

Білім беру ұйымдарында бала бойына ұлттық мүдде құндылығын дарыту үшін отансүйгіштік, қазақ тілін құрметтеу, ынтымақтастық, тарихи сана, елжандылық, жауапкершілік қасиеттерді қалыптастыру маңызды (4-сурет). Зерттеу нәтижесі көрсеткендей білім алушыларда отансүйгіштік және қазақ тілін құрметтеуге деген құндылықтарды қалыптастыруға басымдық берілуі керектігі байқалады. Яғни бала бойында өз ана тілін құрметтеу мен отанға деген сүйіспеншілігін дамыту отбасынан бастау алып, білім беру ұйымдарында, қоғамда жалғасын табуы тиіс.



Сурет 81. Талап құндылығы дамыту

Білім алушылардың бойына талап құндылығын дарыту үшін оларды білімге ұмтылуға, еңбекқорлық салауаттылық, мәдениеттілік, денсаулық, іскерлік, саламаттылық қасиеттерді дамыту маңызды. Осы зерттеу нәтижесі көрсеткендей білім алушылардың бойында мәдениеттілік білімге ұмтылу, еңбекқорлық, салауаттылық құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігі басымдық беріп отыр (5-сурет). Олай болса білім алушыларды аталған құндылықтар мен қасиеттерге тәрбиелеу маңызды.

Сауалнама нәтижесі білім беру ұйымдарында тәрбие процесіне ұлттық құндылықтарды дәріптеу, білім алушылардың бойына ар-ұят, талап, ұлттық мүдде құндылықтары арқылы тәрбие процесін ұйымдастыру маңызды екендігін көрсетті. Білім беру ұйымдарында қоғам игілігіне қызмет ететін саналы азаматты тәрбиелеу үшін қандай құндылықтар маңызды деген сауалдан қатысқан педагогтердің 60-65%-ы бала бойынан аталған құндылықтарды көргісі келеді.

Яғни қазіргі уақытта балалардың бойына ұлттық және тұлғалық құндылықтарды дарыту маңызды.

Екінші кезеңде өңірлердегі тәрбие ісі жөніндегі директорлардың орынбасарларына сауалнама арқылы зерттеу жүргізілді. Сауалнамаға 7326 респондент қатысты.

Зерттеу нәтижесі төмендегідей нәтиже берді.

Сынып жетекшілік қызметті атқаруға педагогтер мотивациясының төмендігі 47,8%, республика көлемінде тәрбие жоспарының бірыңғай құрылымы мен жүзеге асыру тетіктерінің болмауы 75,2 %, тәрбие жұмысының жоспарынан тыс кенеттен пайда болатын шаралар 67,2%, тәрбие іс-шараларының тиімділігін бағалаудың болмауы 37,2 %, білім беру ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктер арасындағы ынтымақтастықты реттейтін нормативтік құқықтық актілердің болмауы 39,6 %, бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілігі нормативтік құқықтық құжаттарда нақты берілмеуі 83,2%.

Зерттеу нәтижесі білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесін ұйымдастыруда кемшіліктердің орын алып отырғанын көрсетті. Осыған орай сынып жетекшілердің жұмысына әдістемелік қолдау көрсетіп, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша біліктілікті арттыру курстары мен семинарлар өткізу маңызды.

Тәрбие жоспарының біртұтас құрылымы мен жүзеге асыру тетіктерінің болмауы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысында «Біртұтас тәрбие: құндылықтарға негізделген тәрбие ісін басқару және жүзеге асыру» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр.

3.2 2023-2024 оқу жылында әр өңір бойынша алынған зерттеу нәтижесінің аналитикалық қорытындысы жасалды

Абай облысы

2023-2024 оқу жылында Абай облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде көптеген әлеуметтік жобалар мен челленджер ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысы жүйелі түрде жүргізілгені байқалады.

Абай облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының шеңберінде өңірде 3 ірі жоба жүзеге асырылған. «Толық адам ілімі негізінде ата-аналар институтын қалыптастыру» жобасы 50%, «Мобильді көмек» жобасы 61 % , «Өнеге. Тәлім. Тәрбие» жобасы 45 %.

Бағдарлама шеңберінде жүзеге асқан әлеуметтік жобалар барысында білім алушылар мен ата-аналардың қызығушылығы мен белсенділіктері 50%-ға артып, жобалардың тиімділігін көрсетті.

«Ар-ұят», «Ұлттық мүдде», «Талап» құндылықтарына негізделген тәрбие жұмысы бойынша көрсеткіш: Ар-ұят құндылығын қалыптастыруда Абай, Аягөз, Бесқарағай аудандары және Семей қаласы жоғары көрсеткіштерге ие болған, ал басқа аудандарда бұл бағытта қосымша жұмыс қажет. Облыс мектептерінде оқушылардың экологиялық санасын дамытуда белсенді жұмыс жүргізілуде. Табиғат қорғауға бағытталған көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, 450 үйірме сабақтары өткізілген. Абай облысында ұлттық құндылықтарды дәріптеуде түрлі жобалар сәтті жүзеге асырылып, олардың ішінде «Дәстүр мен ғұрып» жобасы ерекше орын алды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудың негізгі нәтижелері талданды:

Іс-шараларға қатысу деңгейі: 302 білім беру ұйымы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша түрлі бағыттағы іс-шаралар өткізілген. Ай сайын 16770 іс-шара әлеуметтік желілерде #Біртұтас_тәрбие хэштегімен жарияланғанын, білім алушылардың белсенді қатысуымен түрлі челленджер, сайыстар, шығармашылық жобалар ұйымдастырылғанын көрсетті.

Нақты мәліметтер: «Домбырашылар» челленджіне 40 125 оқушы, «Шахмат» 4632 оқушы, «Оқуға құштар мектеп» 85 630 оқушы қатысты.

Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша экологиялық тәрбиеге бағытталған 450 үйірме сабақтары жүргізілген. Табиғатты қорғау бойынша 25-ке жуық ғылыми оқулар мен 50-ге жуық ғалымдармен кездесулер өткізілді. «Жасыл мектеп» жобасы аясында 65 000 өкіл қамтылды. «Бірге – таза Қазақстан!» акциясына 75 000 білім алушы қатысты.

Патриотизм мен құқықтық тәрбие: Құқық қорғау органдарымен бірлесіп, құқықбұзушылықтың алдын алу, суицидтік мінез-құлық, буллингке қарсы іс-шаралар өткізілді. 705 іс-шара құқық қорғау органдарының қатысуымен өтті, ал 291 іс-шара төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау тақырыбына арналды.

Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары (АПҚО) 302 білім беру мекемесінде ашылып, ата-аналардың педагогикалық

мәдениетін арттыру бағытында жұмыс жүргізілді. АПҚО қызметі аясында 7450 педагог ата-аналарға қолдау көрсету мақсатында семинар-кеңестерден өтті.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының білім алушыларға әсері мен ықпалы:

Патриотизм мен азаматтық жауапкершілік: Оқушылардың 90%-ы патриоттық іс-шараларға белсенді қатысып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге үйренді.

Экологиялық сананы қалыптастыру: Экологиялық тәрбие бойынша жүргізілген жұмыстарға 60%-дан астам оқушы қатысты, бұл олардың табиғатқа деген жауапкершілігін күшейтеді.

Салауатты өмір салты: Спорттық секциялар мен салауатты өмір салтын насихаттауға арналған шараларға 70%-дан астам оқушы қатысты, бұл олардың физикалық және психологиялық денсаулығын жақсартты.

Сауалнама нәтижелерінің негізгі көрсеткіштері талданып, қорытынды жасалуды.

Тәрбиедегі сын-тегеуріндер – 87%. Бұл көрсеткіш бағдарламаның тиімділігін жоғары бағалаған қатысушылардың санын көрсетеді.

Тәрбие парадигмасы – 90%. Қатысушылардың басым бөлігі бағдарламаның тәрбие парадигмасы мен әдістерін қолдайды. Бағдарлама ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде құрылып, бұл нәтижелі жұмысты көрсетеді.

Тәрбие құндылықтары – 100%. Барлық респонденттер бағдарламаның негізгі құндылықтарын жоғары бағалады. Оқушылардың бойында ар-ұждан, жауапкершілік, патриотизм, адамгершілік сияқты құндылықтардың қалыптасқанын көрсетеді.

Тәрбиенің үздіксіздігі – 93%. Бұл көрсеткіш тәрбие процесінің үздіксіз және жүйелі жүргізілгенін көрсетеді. Мектептерде және қосымша білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстары жыл бойы тұрақты түрде жүргізілгенін көрсетеді.

Тәрбиені жүзеге асыру тетіктері – 95%. Тәрбие процесін жүзеге асыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен тетіктер тиімді деп бағаланды. Педагогикалық әдістемелер мен ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүйелі жүргізілгенін байқатады.

Сынып сағаттары мен әлеуметтік жобалар – 97%. Сынып сағаттары мен жобалар білім алушылардың белсенділігін арттырып, олардың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды игеруіне ықпал еткенін көрсетті.

Тәрбие тұғыры – 99%. Тәрбие бағдарламасының негізгі тұғырлары (ұлттық құндылықтар, патриотизм, рухани-адамгершілік тәрбие) толық қолдау тауып, іс жүзінде сәтті жүзеге асырылған.

Сауалнама нәтижелері бойынша Абай облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы 92%-ға жетті. Бұл жоғары көрсеткіш бағдарламаның тиімділігі мен оның өңірде сәтті іске асырылып жатқанын көрсетеді. Бағдарлама тәрбиенің негізгі құндылықтарын білім алушылар мен ата-аналар арасында нығайтып, тәрбие процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ұсыныстар:

1. Мониторинг нәтижелері бойынша үздік аудандардың тәжірибесін облыс деңгейінде тарату қажет. Ұржар ауданы мен Семей қаласындағы үздік тәжірибелерді облыс деңгейінде тарату қажет. Төмен нәтиже көрсеткен аудандарға (Курчатов қаласы, Ақсуат, Бесқарағай) әдістемелік көмек көрсету маңызды. Бұл аймақтарда жүргізілген жобаларды кеңінен енгізу тиімді болады.

2. Мониторинг нәтижелері бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен аудандарға әдістемелік көмек көрсету, білім алушылардың патриоттық және экологиялық тәрбиесін күшейту ұсынылады. Экологиялық тәрбиені одан әрі нығайту үшін экологиялық жобаларды қалалық мектептерде жүйелі түрде тарату ұсынылады.

3. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін арттыру мақсатында қосымша үйірмелер мен табиғатты қорғау бағытындағы іс-шараларды кеңейту қажет.

4. Ата-аналармен жұмысты күшейту, олардың педагогикалық мәдениетін арттыру үшін интерактивті сабақтарды енгізу ұсынылады. Ата-аналар институтының жұмысын жандандыру және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру бағытында жүйелі әдістемелік көмек көрсету жалғасуы тиіс.

5. Білім алушылардың дене шынықтыру мен психологиялық денсаулықты нығайту мақсатындағы жұмыстарды жалғастыру, ауыл және қала мектептері арасындағы айырмашылықтарды азайту үшін әдістемелік көмек көрсету ұсынылады.

Қорытынды:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Абай облысында жүйелі түрде іске асырылып, білім алушылардың жан-жақты дамуына, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруіне және қоғамға бейімделуіне жағымды ықпал еткен. Абай облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылу барысы мен нәтижелерін талдау көрсеткендей, өңірде бұл бағдарламаның іске асырылуы жүйелі және белсенді түрде жүргізілген. Тәрбие процесі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген, бұл білім алушылардың жан-жақты дамуына жағымды әсерін тигізуде.

Бағдарламаның ары қарай да тиімді жүзеге асырылуы үшін әдістемелік қолдаулар мен мониторинг нәтижелері бойынша үздік тәжірибелерді тарату маңызды.

Ақмола облысы

Ақмола облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2023-2024 оқу жылында айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Тәрбие жұмысының үш негізгі құндылықтарына – «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», және «Талап» құндылықтарына негізделе отырып, көптеген іс-шаралар мен жобалар жүргізілгені байқалды. Облыс мектептеріндегі ұлттық құндылықтарға бағытталған тәрбие жұмысы арқылы оқушылардың рухани дамуы, патриоттық сезімдерін арттыру, құқықтық және әлеуметтік мәдениетін қалыптастыру мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылған.

Облыс бойынша көптеген мектептер мен колледждерде 30-дан астам әлеуметтік жобалар мен 2 мыңға жуық тақырыптық тәрбие сағаты өткізілген. Білім алушылардың ұлттық құндылықтар мен әлеуметтік жауапкершілікке бағдарланған тәрбиесі арта түскенін көрсетеді.

Облыс көлемінде ұйымдастырылған әртүрлі іс-шаралар білім алушылардың түрлі саладағы қабілеттерін дамытуға, олардың жан-жақты дамуына ықпал еткен. Мемлекеттік мүдделі органдармен және қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс істеліп, тиімді нәтиже көрсетті.

«Ақбота» қыздар клубы, «Мектеп қабырғасындағы бизнес» және басқа да жобалар білім алушылардың ұлттық салт-дәстүрлерге, қазақтың мәдениеті мен өнеріне деген қызығушылықтарын арттыруға септігін тигізген.

Дегенімен, зерттеу барысында анықталған мәселелер: Әлеуметтік желілердің, сыртқы факторлардың тәрбие процесіне теріс әсеріне қарсы күрес ұйымдастыру қажет. Ата-аналармен жүйелі және мақсатты жұмыс кейбір аудандарда жеткілікті деңгейде жүргізілмеген. Ата-аналардың белсенділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау қажет. Кейбір аудандарда тәрбие жұмысының нәтижесі орта деңгейде қалып отыр. Әсіресе құқықтық мәдениет пен патриоттық тәрбие мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді.

1. Облыс бойынша 10859 оқушы 551 ұлттық ойындар секцияларына қатысуда, 6324 оқушы 202 сәндік-қолданбалы өнер үйірмелерінде қамтылған. 4458 оқушы 127 әскери-патриоттық клубтарға, «Ақбота» клубына 7-10 сынып оқушылары қамтылып, «Ұлттық мектеп лигасы» аясында 2521 оқушы спорттық іс-шараларға қатысқан. 100 мыңнан аса білім алушы жалпы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жобаларына қатысты.

2. Жобалар мен іс-шаралар саны: 2023-2024 оқу жылында 30-дан астам әлеуметтік жобалар жүргізілді. 1930 сынып сағаттары мен іс-шаралар өткізіліп, 193 жоба мен іс-шара жүзеге асырылған. 54 отбасылық клубтар мен «Әкелер кеңесі» жұмысқа қосылды. Жобалар аясында 254 іс-шара өткізілген.

3. Белсенділік: 551 ұлттық ойын секцияларында оқушылар асық ату, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындарға қатысып, 202 сәндік-қолданбалы өнер үйірмелері жүргізілді. 127 әскери-патриоттық клубтарда оқушылар қамтылған. Мектеп оқушылары мен ата-аналар арасында 32 кездесулер өткізілген.

Сапалық көрсеткіштері:

1. Тәрбие жұмысының тиімділігі: Бағдарлама аясында білім алушылардың ұлттық құндылықтарды меңгеруі, құқықтық мәдениетінің артуы және мейірімділік, адалдық сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру деңгейі артқанын байқатады. Білім алушылардың құқықтық сауаттылығы артып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген.

2. Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналармен жүргізілген жұмыстың сапасы артты, нәтижесінде отбасылық клубтар мен «Әкелер кеңесі» сияқты құрылымдардың белсенділігі жоғары. «Жас ата-аналар мектебі» және отбасылық құндылықтарды дәріптеу арқылы ата-аналар тәрбиелік процеске көбірек тартылған.

4. Жобалардың әлеуметтік әсері: Білім алушылардың арасында экологиялық сана-сезім артып, табиғатқа ұқыпты қарау мен энергияны үнемдеу бағытында жүргізілген жобалар жемісін көрсетеді. Әлеуметтік және патриоттық жобалар аясында білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымдары қалыптасатыны белгілі.

Бұл көрсеткіштер «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырудағы жетістіктер мен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолындағы нақты нәтижелерді сипаттайды.

Ұсыныстар:

1. Тәрбиенің сапасын арттыру үшін білім алушылардың өзін-өзі басқару жұмыстары мен дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстарды күшейту қажет. Әсіресе, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жобаларын жаңғырту маңызды.

2. «Жас ата-аналар мектебі» жобасы арқылы ата-аналармен педагогикалық қолдау орталықтарын дамыту. Білім алушылар мен ата-аналар арасында тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында педагогикалық кеңестер мен тренингтер ұйымдастыру ұсынылады.

3. «Әкелер кеңесі» клубы арқылы ата-аналардың, әсіресе әкелердің, балалардың тәрбиесіне белсенді қатысуын арттыру қажет.

4. Тәрбие сағаттарын, кездесулерді және семинарларды стандартты емес, интерактивті форматта өткізу. Бұл білім алушылардың назарын аударып, тәрбие жұмысының тиімділігін арттырады.

5. Облыстың білім беру ұйымдарының өзара тәжірибе алмасуын күшейту, үздік әдістемелерді енгізу және байқаулар арқылы олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру ұсынылады.

6. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде мектептердің білім беру жүйесін одан әрі дамыту қажет. Әсіресе құқықтық мәдениет, мейірімділік және ар-ұжданға тәрбиелеу бағытындағы жұмыс күшейтілуі тиіс.

7. Төмен деңгей аудандардың тәрбие жұмыстарына назар аударып, оларға арнайы әдістемелік көмек көрсету.

Бұл ұсыныстар Ақмола облысындағы тәрбие жұмысын жетілдіруге және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген, бәсекеге қабілетті азаматтарды қалыптастыруға бағытталған.

Ақтөбе облысы

Ақтөбе облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Бағдарламаның негізгі мақсаты — жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты, үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеуде педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, жүйелі түрде орындалды.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша оқыту семинарлар мен түсіндіру жұмыстарының көрсеткіштері:

Барлығы 524 оқыту семинарлары ұйымдастырылып, оған 9590 педагог қатысты. Жалпы оқыту семинарларының саны — 933, қатысушылар саны — 13665.

Қатысушылардың сандық бөлінісі: Педагогтер — 14218 (103,91% — бастапқы жоспармен салыстырғанда). Мемлекеттік органдардан 43 адам, әдіскерлерден 42, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары — 463, аға тәлімгерлер — 344, сынып жетекшілер — 7353, педагог-психологтар — 412, әлеуметтік педагогтар — 312 қатысқан.

Бағдарлама шеңберінде бірнеше жобалар өткізілген: «Күй күмбірі» челленджі — 818 домбырашы қатысып, ұлттық музыкалық мәдениетке үлес қосты. «Шахмат ойнау» челленджі — 1327 оқушы қатысты, бұл интеллектуалдық қабілеттерін дамытты. «Асық ату» — 3129 оқушының дәстүрлі ойындар арқылы физикалық және психологиялық дамуына ықпал ететін жобалар мен челленждер және «Болашаққа хат» челленджі — 1300 оқушы қатысып, жүзеге асырылған.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Жасыл мектеп» челленджі — 1659 қатысушының табиғатқа деген жауапкершілік сезімін дамытты. Сонымен қатар, «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Эковолонтерлер» секілді жобалар экологиялық білім беруде маңызды іс-шаралар мен челленждер іске асырылған.

Ұлттық құндылықтарды нығайту үшін «Ұлттық мектеп лигасы», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Төрт тоқсан-төрт өнер», «Адал ұрпақ» сынды жобалар арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасы қалыптасып, олардың моральдық-адамгершілік қасиеттері дамытатын іс-шаралар атқарылған.

Ақтөбе облысы бойынша сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша нәтижелер:

- *«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде педагогтерге арналған семинарларға қатысушылар саны:* 14218 педагог, бастапқы жоспармен салыстырғанда, 103,91%-ға жетті. Бұл педагогтердің белсенділігін және бағдарламаға деген қызығушылығын көрсетеді.

- *Мүдделі мемлекеттік органдармен өткізіліген семинарлар:* 1050 түсіндіру семинары өткізілді, бұл жергілікті мемлекеттік органдардың бағдарламаның жүзеге асуына қолдау көрсетуінің көрсеткіші.

- *Жобаларға қатысушылар саны:* «Жеткіншектің жеті жарғысы» 615 қатысушы, «Еңбегі адал жас өрен» — 746, «Цифрлық гигиена» — 61. Бұл көрсеткіштер бағдарламаның әрбір бағытының орындалу деңгейін көрсетеді.

Бағдарламаның негізгі бағыттары ұлттық құндылықтарға, тұлғалық дамуға және оқушылардың әлеуметтенуіне бағытталған. Құндылықтарға негізделген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы арқылы білім алушылардың моральдық, интеллектуалдық және психологиялық дамуының жоғарылағаны байқалды. Жасалған шаралар оқушылардың зияткерлік, мәдени және экологиялық жауапкершіліктерін арттыруға мүмкіндік берді.

Мектептегі тәрбие сапасының артуы: Ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы жастардың тәрбиелік деңгейін жоғарылату. Ата-аналармен тығыз байланыс орнату, педагогикалық қолдау орталықтары арқылы ата-аналардың белсенділігін арттыру. Оқушылардың әлеуметтенуі және қоғамдық

өмірге белсенді қатысуы артты. Жобалар арқылы олардың азаматтық жауапкершілігі мен отансүйгіштік сезімдері нығайды.

Ұсыныстар:

Тәрбие бағдарламаларын кеңейту және жетілдіру:

- Ұлттық құндылықтарды одан әрі енгізуді жалғастыру және жаңа инновациялық әдістемелерді енгізу.

- Педагогтер үшін тәжірибе алмасу, жаңа тренингтерді ұйымдастыру арқылы кәсіби дамуға жағдай жасау.

- Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын күшейтіп, ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты нығайту қажет.

- Оқу процесіне ата-аналардың қатысуы арқылы білім сапасын және оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға болады.

- Жоспарға сәйкес, мемлекеттік органдармен бірлескен шараларды жалғастыру.

- Жергілікті атқарушы органдар мен бизнес қауымдастықтарды бағдарламаларды қаржыландыру мен қолдауға тарту.

- Жергілікті БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы бағдарламаның іске асырылу барысын кең көлемде насихаттау.

- Жеткен жетістіктер мен қорытындылар туралы қоғамды тұрақты ақпараттандырып отыру маңызды.

Қорытынды:

Ақтөбе облысында жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Бағдарлама арқылы білім алушылардың әлеуметтік, интеллектуалдық, моральдық дамуы қамтамасыз етілді. Болашақта бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастырып, жаңа инновациялық әдістемелерді енгізу арқылы жетістіктерді арттыруға болады.

Алматы облысы

Алматы облысы бойынша 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тәрбие жұмыстарының нәтижелері айтарлықтай маңызды болды. Тәрбие жұмыстары оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды, рухани-адамгершілік қасиеттерді, отаншылдық пен мемлекетшілдік сананы қалыптастыруға бағытталды.

Мектептер саны: 432 (оның ішінде шағын жинақты мектептер саны – 392; Оқушылар саны: 341 796; шағын жинақты мектептерде – 5 982; қалалық мектептерде – 47 875; ауылдық мектептерде – 293 921; қазақ тілінде оқитын оқушылар – 138 282; орыс тілінде оқитын оқушылар – 2 043; ұйғыр тілінде оқитын оқушылар – 753

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізілген іс-шаралар саны: 400, оның облыс деңгейінде – 30 іс-шара; аудан деңгейінде – 230 мектеп директоры және 340 тәрбие жөніндегі орынбасарлары қатысты. Мектеп деңгейінде қатысқан педагогтар саны – 20 000, оқушылар саны – 50 000.

Бағдарлама оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды (ар-ұят, талап, ұлттық мүдде) сіңіруде маңызды рөл атқарды. Мәселен, мектептерде ұлттық

ойындар мен челленджер арқылы оқушылардың қазақ мәдениетіне деген қызығушылығы артып, патриоттық сезімдері нығайды.

Ата-аналар арасында өткізілген сауалнама нәтижелері жоғары көрсеткішке ие болды (87–100%). Бұл көрсеткіш ата-аналардың тәрбие жұмысын қолдайтынын және оның нәтижелілігін мойындайтынын көрсетеді.

Алматы облысы бойынша тәрбиедегі сын-тегеуріндер – 87%

Тәрбие парадигмасы – 90%

Тәрбие құндылықтары – 100%

Тәрбиенің үздіксіздігі – 95%

Тәрбиені жүзеге асыру тетіктері – 95%

Сынып сағаттары мен әлеуметтік тәжірибелер – 97%

Қорытынды:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы арқылы Алматы облысында тәрбие жұмыстарының маңызы артып, оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген мәдени-рухани қасиеттерді дамытуда елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. Ата-аналар мен педагогтар арасындағы ынтымақтастық күшейіп, бағдарламаға қатысушылардың жауапкершілік сезімі мен белсенділігі артты.

Ұсыныстар:

1. Бағдарламаның тиімділігін арттыру үшін жүйелі жоспарлау қажет. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын іс-шаралардың мазмұны мен мақсаттарын нақты анықтау маңызды.

2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша әдістемелік қолдауды күшейту қажет. Білім алушыларға арналған іс-шаралар мен жобаларды іске асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету керек.

3. Ұлттық құндылықтарды сіңіру үшін білім беру ұйымдарында ұлттық мәдениетке қатысты іс-шаралар мен жобаларды күшейту, жетілдіру ұсынылады.

Атырау облысы

2023-2024 оқу жылында Атырау облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы жалпы білім беру ұйымдарында тәрбие жүйесінің ауқымды қамтылуын қамтамасыз еткенін көрсетті. Бағдарламаның мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, тәуелсіз, жауапкершілігі жоғары, рухани бай және жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Іс-шаралар жоспарына сәйкес көптеген маңызды шаралар атқарылып, олар әлеуметтік желілерде жарияланып, кең көлемде қолдау тапты.

Бағдарлама шеңберінде өткізілген іс-шаралар мен әлеуметтік жобалар білім алушылардың белсенді қатысуына ықпал етті, ата-аналардың педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысы жолға қойылды. Әсіресе, «Толық адам» тұжырымдамасына негізделген сынып сағаттары оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілді, бұл ата-аналардың мектеп өміріне белсенді араласуына және тәрбие жүйесінің тиімділігін арттыруға септігін тигізді.

Атырау облысы бойынша Жалпы білім беру ұйымдарда білім алушылар саны 133,791 (ұлдар: 67,573, қыздар: 66,218); Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары: 18,696 (ұлдар: 10,460, қыздар: 8,236) Барлығы: 152,487 білім алушы.

Облыс бойынша 121,315 ата-ана тартылған 209 «Даналық мектептері» құрылды.

37 заң саласының мамандары, 41 дін істері қызметкерлері және 53 психологтердің қатысуымен алдын алу шаралары өткізілді.

#Біртұтас_тәрбие_Атырау хэштегімен 4000-нан астам жарияланымдар әлеуметтік желіде орналастырылды.

Облыс бойынша 252 суицидтің алдын алу тақырыбында семинарлар мен тренингтер өткізілді. 429 құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша тренингтер, 405 кездесу, және 225 дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. 265 жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізілді.

Білім алушылардың ар-намыс, жауапкершілік, әділдік пен мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерін дамыту бағытында жүйелі жұмыс жасалды.

Ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру мақсатында 121,315 ата-анаға арналған педагогикалық сабақтар өткізілді.

Ұлттық құндылықтарды сақтау мен отбасылық тәрбиені нығайтуға арналған іс-шаралар нәтижесінде ата-аналар мен білім алушылардың жауапкершілік деңгейі артты.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру барысы бойынша сауалнама жүргізілді.

Білім алушылардың 34,2%-ы мамандыққа бағыттау экскурсияларының болмағанын атап өтті.

71,4%-ы «Біртұтас тәрбие» құндылықтарының пән сабақтарында қолданылуы керек деп санайды.

Ата-аналардың 39,6%-ы мектептердегі тәрбие жұмысына қанағаттанбайды.

Қорытынды:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Атырау облысында жүйелі түрде жүзеге асырылды. Бағдарлама ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған. Тәрбие жұмыстары білім алушылардың моральдық құндылықтарын, азаматтық жауапкершілігін және әлеуметтік сауаттылығын дамытуға ықпал етті. Ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету арқылы отбасылық тәрбиенің рөлі күшейтілді.

Атырау облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Алайда, кейбір бағыттарда қосымша жұмыстар мен жақсартулар қажет. Бағдарламаның келесі кезеңінде кедергілерді еңсеріп, басымдықтарды нақтылау маңызды болып табылады.

Ұсыныстар:

- Білім алушыларды экскурсиялар, шығармашылық жобалар және кәсіби бағдарлау іс-шараларымен қамту деңгейін арттыру.

- Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;

- Сынып сағаттарын қызықты етіп өткізу үшін заманауи әдістемелер мен

интерактивті тәсілдерді қолдану.

- Мамандыққа бағыттау бойынша экскурсияларды ұйымдастыруға басымдық беру.

- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында ата-аналармен тығыз байланыс орнату.

Бұл ұсынымдар болашақта «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының одан әрі табысты жүзеге асуына ықпал етеді.

Батыс Қазақстан облысы

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде жүргізілген жұмыстардың сандық көрсеткіштерге негізделген талдауы:

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары облыс бойынша 44 орталық жұмыс жасап, 408 семинар-тренинг өткізіп, 2900 ата-ананы қамтылған. Бұл көрсеткіш облыс аумағында ата-аналардың педагогикалық қолдау бағдарламаларына кеңінен тартылғанын көрсетеді. Ал кейбір аудандардағы көрсеткіштер (мысалы, Бөкей ордасы) төмен болуы, ата-аналарды белсенді тарту бойынша қосымша шаралар қабылдау қажеттігін білдіреді.

Әлеуметтік жобаларға қатысу бойынша 2023-2024 оқу жылында 291 жоба жүзеге асырылып, 75 000-нан астам оқушы қамтылған. Жобалардың әртүрлілігі (экология, спорт, мәдениет және т.б.) білім алушылардың жеке дамуына ықпал етсе де, кейбір аудандарда (мысалы, Жәнібек, Қазталов) білім алушыларының қамтылу саны төменірек, бұл жергілікті деңгейде белсенділікті арттыру қажеттігін көрсетеді.

Ұлттық құндылықтарды дамыту бағытындағы жұмыстарда облыстағы 240 «Аналар» клубы, 235 «Әкелер» клубы және 170 «Әжелер» клубының қызметі жүйелі түрде жүргізілген. Бұл клубтардың жұмыс нәтижелері бойынша ата-аналардың қатысуы мен қызығушылығы жоғары деңгейде. Алайда кейбір аудандарда (мысалы, Бөкей ордасы) клубтар саны аз болғандықтан, ата-аналар қауымдастығын белсендірек тарту керек.

Сапалық көрсеткіштерге негізделген талдау бойынша тәрбие жұмысының тиімділігі: Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жүйелі ұйымдастырылуы және ұлттық құндылықтарға бағытталған түрлі жобалардың, сыныптан тыс іс-шаралардың өткізілуі білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етуде. Білім алушылардың қоғамға, мемлекетке деген жауапкершілік сезімі мен патриоттық рухы жоғары деңгейде қалыптасқаны байқалады.

Мүдделі органдармен жұмыс: Құқық қорғау, денсаулық сақтау, ішкі саясат және төтенше жағдайлар қызметімен бірлескен жұмыстар 2023-2024 оқу жылында 600-ден астам іс-шараны қамтылған. Бұл іс-шаралар құқықтық мәдениет пен қауіпсіздік мәселелерінде оқушылардың сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Ұсыныстар:

- Әр аудандағы тәрбие жұмысы және ата-аналармен байланыс орнату деңгейлері әрқелкі. Сондықтан әр ауданның жергілікті ерекшеліктерін ескере отырып, қосымша қолдау көрсету механизмдерін қарастыру қажет.

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының аясында атқарылған жұмыстарды әрі қарай тереңдету және жаңғырту мақсатында жаңа жобалар мен инициативаларды жүзеге асыру қажет. Мысалы, ауылдық жерлерде білім алушыларды инновациялық жобаларға көбірек тарту және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында қосымша іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

- Білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы байланысты күшейтуге бағытталған тренингтер мен семинарлар жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар, мектептерде ата-аналарды тарту деңгейін арттыруға бағытталған клубтар мен іс-шаралар санын ұлғайту қажет.

- Сынып сағаттары, әлеуметтік жобалар және сыныптан тыс жұмыстарды заманауи білім беру әдістемелеріне сәйкестендіріп, цифрлық технологияларды енгізу арқылы білім алушылардың белсенділігін арттыру маңызды.

Жамбыл облысы

Біртұтас тәрбие бағдарламасы 445 мектепте қамтылған, оның 78,7%-ы ауылдық жерлерде орналасқан. Бұл ауыл мектептерін дамытуға негізгі күш-жігерді бағытталғанын көрсетеді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде іс-шаралардың жүзеге асуы бойынша көрсеткіштер:

1. Облыста барлығы 445 мектеп бар, оның ішінде 356 ауылдық мектеп (78.7%), 89 қала мектептері (21.3%).

2. Ата-аналарға арналған 10,216 сабақ өткізілді. Бастауыш буында 72,818 ата-ана (81.7%), орта буында 89,655 ата-ана (74.9%), жоғарғы буында 22,999 ата-ана (90.4%) қатысқан.

3. Әлеуметтік желі белсенділік: YouTube арналарында жарияланған мазмұндар бойынша 57,827 қаралым жиналды («Тәрбие жаршысы»), 121,634 қаралым («Психология әлемі»), және т.б.

Ата-аналардың білім беру процесіне қатысуы орта буында 74,9%-дан, жоғары буында 90,4%-ға дейін өзгеріп тұрады, бұл ата-аналардың тәрбие жұмысына жоғары деңгейде қызығушылық танытқанын көрсетеді. Дегенмен, орта буын үшін ата-аналармен өзара әрекетті күшейту ұсынылады.

Іс-шаралар және қамту деңгейі бойынша 3709 іс-шара өткізіліп, 18302 педагог пен 10712 оқушы қатысқан бағдарламаның барлық қатысушыларының белсенді араласқанын растайды. Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтарының ашылуы іс-шаралар санының едәуір өсуіне және ата-аналардың белсенді қатысуына ықпал еткен.

Ұсыныстар:

- Ауылдық мектептердегі жұмысты күшейтіп, тәрбие жұмысы бойынша қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты қысқарту.

- Ата-аналардың қатысу бағдарламаларын, әсіресе орта буында, кеңейтіп, олардың жоғары буындағы деңгейге жетуін қамтамасыз ету.
- Тәрбие жұмысына инновациялық әдістерді көбірек енгізу арқылы Білім алушылардың қызығушылығын арттыру.
- Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірге бала тәрбиесіне қатысты жобаларды әрі қарай дамыту.
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы шараларды жалғастырып, мектептерде ұлттық құндылықтармен тәрбие жұмыстарын дамытуды қамтамасыз ету.

Жетісу облысы

2023-2024 оқу жылында Жетісу облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы бойынша келесі сандық көрсеткіштерге қол жеткізілді:

Облыстағы 337 мектеп, оның ішінде 305-і ауылдық жерде (90,5%) және 32-сі қалада (9,5%) құрайды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде оқыту семинарларына 8427 мектеп басшысы мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, 1423 сынып жетекшісі, 405 педагог-психолог және 217 әлеуметтік педагог қатысқан.

Ата-аналарға 5127 сабақ өткізіліп, оған 136525 ата-ана қатысқан. Оның ішінде бастауыш буында – 50700 ата-ана, орта буында – 55314 ата-ана, ал жоғарғы буында – 30511 ата-ана қамтылған.

Сыныптан тыс іс-шаралар мен сынып сағаттары бойынша 87 сыныптан тыс іс-шара және 34 сынып сағаты өткізілген.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде өткен іс-шараларға жалпы 29020 оқушы қамтылып, оның 19520-сы ауылдық жерлерден, қалғандары қала мектептерінен қатысқан.

Құқық бұзушылық пен буллингтің алдын алу іс-шаралары бойынша 655 құқықтық кездесулер, 113 буллингтің алдын алу шаралары ұйымдастырылған.

Жетісу облысында мектептердің басым көпшілігі ауылдық жерлерде орналасқандықтан ауыл мектептеріне арналған арнайы әдістемелер мен бағдарламалар әзірлеп, олардың ерекше қажеттіліктерін ескеру керек. Ауыл мектептерінде бағдарламаның тиімділігін арттыру үшін қосымша ресурстар, әдістемелік құралдар мен оқыту семинарларын көбейту ұсынылады.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар (394) және сынып жетекшілері (1423) белсенді қатысқан. Сондай-ақ, ата-аналарға өткізілген 5127 сабаққа жалпы саны 136525 ата-ана қатысқан, бұл ата-аналардың жоғары қызығушылығын растайды. Әсіресе бастауыш сыныптарда қатысудың жоғары деңгейі байқалады (50700).

Жоспарланған іс-шаралар бойынша 87 сыныптан тыс іс-шара және 34 сынып сағаты өткізілді. Бұл іс-шаралар негізінен жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген, оған 29020 оқушы қатысты, олардың 19520-ы ауылдық жерлерден. Тәрбие жұмыстарын тек сыныптан тыс іс-шаралармен шектемей, пәндерге құндылықтарды интеграциялау маңызды. Әрбір пәннің

мазмұнында адамгершілік, жауапкершілік, патриотизм сияқты құндылықтарды оқыту арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал етуге болады.

Бағдарлама ата-аналардың белсенділігін арттыруды мақсат етеді. Бастауыш буындағы ата-аналардың қатысуы жоғары деңгейде болғанымен, орта буын мен жоғары сыныптарда ата-аналардың қатысуын арттыру қажет. Бұл мақсатта ата-аналарға арналған арнайы тренингтер, педагогикалық кеңестер мен пікір алмасу алаңдарын ұйымдастыру тиімді.

Буллингтің алдын алу бағытында 113 кездесу өткізілген, бұл мектептерде кибербуллинг пен басқа да әлеуметтік қауіптерге қарсы тұрудың маңыздылығын көрсетеді. Бағдарлама аясында буллингтің алдын алу бағытында бірқатар кездесулер мен тренингтер өткізілгенімен, бұл бағыттағы жұмысты күшейту қажет. Құқық бұзушылықтың алдын алу және буллингке қарсы тұру мақсатында қосымша семинарлар, тренингтер мен оқыту бағдарламаларын енгізу ұсынылады.

Қорытынды және ұсыныстар:

- Мектептердің басым бөлігі ауылдық жерлерде орналасқандықтан, ауылдық мектептерге бағытталған арнайы бағдарламалар мен әдістемелік көмек көрсету қажет;

- Орта және жоғары буында ата-аналардың қатысуын арттыру үшін қосымша ынталандыру шараларын енгізу ұсынылады;

- Буллинг пен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту бағытында қосымша тренингтер мен құқықтық түсіндіру кездесулерін өткізу маңызды;

- Мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен іс-шараларды күшейту қажет;

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде құндылықтарға негізделген жобаларды жандандыру ұсынылады.

Қарағанды облысы

Қарағанды облысы бойынша мектептер саны: Жалпы мектептер саны-414; шағын жинақты мектептер-160 (ауылдық мектептер санының 66.4%-ы); Қалалық мектептер - 173; Ауылдық мектептер -241; оқыту тілі бойынша қазақ тілінде оқитын мектептер -166 (оның ішінде 1 жеке мектеп); орыс тілінде оқитын мектептер: 87; білім алушылар саны -171,960; шағын жинақты мектептерде -11,508 білім алушы; қалалық мектептерде -159,452 білім алушы; ауылдық мектептерде -12,508 білім алушы; қазақ тілінде: 81,750 білім алушы; орыс тілінде: 90,250 білім алушы.

Жоба және іс-шаралар:

Барлық білім беру ұйымдарында 348 әлеуметтік жоба жүзеге асырылған. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 5 мыңнан астам іс-шара өткізілді.

Облыстық деңгейде ұйымдастырылған ірі іс-шаралар:

«Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім» форум өткізілген. «Ұрпақтар сабақтастығы» фестиваліне 1,500 ге жуық білім алушы қатысқан.

Аудандық және қалалық деңгейде өткізілген шаралар:

Мектеп деңгейіндегі іс-шаралар:

Ата-аналар мен білім алушылар мен педагогтердің қатысуымен Ұлттық рух, мәдениет, отбасылық құндылықтарға арналған іс-шаралар өтілді.

Қорытынды

Қарағанды облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылған. Бағдарламаның басты мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген азамат тәрбие – облыс бойынша қолға алынды. Облыс мектептерінде ұлттық құндылықтарға арналған жобалар, форумдар, фестивальдар және челленджер ұйымдастырылған. Бұл шаралар білім алушылар мен ата-аналардың белсенді қатысуымен өтті, нәтижесінде бағдарламаның ықпалы арта түсті. Қоғамда ұлттық мәдениет пен құндылықтарды насихаттау бойынша елеулі жетістіктерге қол жеткізілді.

Ұсыныстар

- Бағдарламаның барлық өңірде тиімді жүзеге асырылуы үшін тұрақты ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету қажет;
- Педагогтерге арналған құндылыққа негізделген семинарлар, тренингтер өткізіп, әдістемелік қолдау көрсетілуі тиіс;
- Білім алушылар мен ата-аналарға арналған іс-шаралардың сапасын арттыру ұсынылады;
- Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай психологиялық қолдаулар көрсету арқылы олардың оқу-тәрбие процесіне бейімделуін жақсарту қажет.
- Мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен іс-шараларды жүйелі өткізу;
- Әлеуметтік жобаларды өткізу арқылы білім алушылардың белсенділіктері мен шығармашылықтарын арттыру.

Қостанай облысы

Қостанай облысында 391 мектепте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылған, оның ішінде 305 мектеп ауылдық жерлерде (78%) және 86 мектеп қалалық аймақтарда (22%).

Ата-аналарды қолдау орталықтары бойынша 391 мектепте отбасы клубтары құрылып, олардың ішінде 119 «Әкелер мектебі» (1058 адам), 140 «Аналар кеңесі» (1473 адам), 265 «Ата-аналар кеңесі» (2416 адам) жұмыс істеді. Жалпы 7 733 іс-шара өткізіліп, оған 201 074 ата-ана қатысқан.

2023 жылдың тамыз айында облыс бойынша 507 педагогке арналған оқыту семинарлары ұйымдастырылған.

Жоба бойынша ұйымдастырылған түрлі іс-шараларға 52 320 ата-ана қатысып, ал білім алушылардың қатысуымен 9 676 іс-шара өткізілген.

«Даналық мектебі» жобасы аясында 2 558 сабақ өткізіліп, 45 530 ата-ана қамтылған.

Мектеп парламенті бойынша жалпы 13360 білім алушы «Мектеп парламентінің» жұмысына тартылды.

Мектептерде өткізілген іс-шаралар: Тәрбиелік іс-шаралар «Төрт тоқсан – төрт өнер», «9 айға – 9 іс-шара», «Батыр партасы», «Пікірталас қозғалысы»,

«Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ұрпаққа аманат» және басқа да жобалар аясында өткізілді. Әр тоқсанда білім беру ұйымдары арнайы мәдени-ағартушылық және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырған.

Отбасы клубтарының жұмысы мен ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында 7 733 іс-шара өткізіліп, мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс күшейтілген.

Әлеуметтік желілердегі белсенділік танытып, барлық өткізілген іс-шаралар #Біртұтас_тәрбие хэштегімен әлеуметтік желілерде жарияланып, бағдарламаның танымал етуіне ықпал еткен

Жергілікті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдармен бірлесіп өткізілген іс-шаралар білім беру процесіне жүйелі қолдау көрсеткен.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2023-2024 оқу жылында Қостанай облысында табысты жүзеге асырылып, оның аясында жалпы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіру жұмыстары жүргізілген. Білім алушылардың құқықтық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігіне ерекше көңіл бөлінеді. Сондай-ақ, ата-аналармен белсенді ынтымақтастық орнатылып, олардың тәрбиелік процестегі рөлі күшейтілгені байқалады. Ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыс нығайып, білім алушылар мен ата-аналар арасындағы өзара сенім артқан.

Ұсыныстар:

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын одан әрі тиімді жүзеге асыру үшін педагогтердің кәсіби дағдыларын жетілдіруге бағытталған оқыту семинарларын өткізуді жалғастыру;

- Ата-аналарды белсенді түрде бағдарламаның барлық кезеңдеріне тарту үшін олардың қатысуын арттыру, арнайы тренингтер мен семинарлар өткізу;

- Білім беру процесінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқытуды одан әрі жетілдіру мақсатында мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулар әзірленуі қажет.

- Бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін жүйелі мониторинг жүргізу, мектептер мен ата-аналардан кері байланыс алу ұсынылады.

- Мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп бағдарламаның тәрбиелік іс-шараларын кеңейту және мазмұнын байыту ұсынылады.

Бағдарламаның табысты орындалуы білім беру саласындағы тәрбие процесінің сапасын арттыруға және білім алушылардың құндылықтық бағдарларын нығайтуға мүмкіндік берді.

Қызылорда облысы

Қызылорда облысы бойынша педагогтердің жалпы санының 84%-ы оқыту семинарларына қатысқан. Бұл 1930 педагогтің бағдарламаны меңгеріп, оны мектептерде іске асыруға дайын екенін көрсетеді.

Жылдық жоспар бойынша ата-аналарға арналған іс-шаралардың 87%-ы орындалған. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатуға бағытталған іс-

шаралардың 384-і ұйымдастырылып, ата-аналардың шамамен 75%-ы белсенді түрде қатысқан.

«Сергіту сәті» челленджіне қатысқан оқушылардың үлесі 95%-ды құрайды. «Әнұран айту» челленджіне облыс оқушыларының 97%-ы қатысқан. «Асық ату» жобасына жалпы оқушылардың 89%-ы қатысқан.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстары бойынша облыс көлемінде өткізілген құқықтық шараларға оқушылардың 92%-ы, ал ата-аналардың 85%-ы белсенді қатысқан.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы бойынша қатысқан мектептердің үлесі 93%-ды құрайды. Бұл жобаның білім алушылардың өнерге деген қызығушылығын арттыруға және ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруге ықпал еткенін көрсетеді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу бойынша іс-шаралар бойынша білім беру ұйымдарының 94%-ында ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шаралар толықтай іске асырылған. Әлеуметтік жобалар мен іс-шараларға қатысу: «Төрт тоқсан – төрт өнер» және «9 айға – 9 іс-шара» жобалары аясында ұйымдастырылған челленджерге 165 400 оқушы қатысты. 586 жоба жетекшілері және 964 оқушы «Мектеп театры» жобасына қатысты. Сергіту сәті челленджіне 165 400 оқушы, «Әнұран айтуға» 168 416 оқушы, Асық атуға 71 698 оқушы және «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасына 110 мектеп қатысқан. Балалар кітапханасы жобасы бойынша 164 мектеп жұмыс істеген. Білім алушыларды қылмыстық іс-әрекеттерден қорғау және алдын алу шаралары бойынша облыста 1680 түнгі рейд өткізілген. Құқықтық сағаттарға 328 білім беру ұйымынан 154 063 оқушы және 97 125 ата-ана қатысқан.

Ата-аналарды қолдау орталықтарының жұмысы бойынша екінші жартыжылдықта 4032 сабақ өткізіліп, 24 300 ата-ана қамтылған.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында аудандық және облыстық деңгейдегі форумдар ұйымдастырылған.

Білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамыту мақсатында пән мазмұнын, сынып сағаттарын және әлеуметтік жобаларды тиімді қолдану.

Әр пәннің тәрбиелік әлеуетін ескеріп, ұлттық құндылықтарды оқыту процесіне интеграциялау жұмыстары жүргізілген.

Ата-аналарға арналған түрлі тренингтер, семинарлар және дәріс сабақтары өткізіліп, бала тәрбиесіне қатысу деңгейі артқаны байқалады.

Жобалардың мектепшілік және аудандық деңгейде жүзеге асырылуы білім алушылардың көшбасшылық, ұжымдық жұмыс, ұлттық құндылықтарға бейімділігін артқан.

Қорытынды:

Қызылорда облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы жалпы оң нәтижелер көрсетті. Құндылықтар негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар мен жобалар білім алушылардың жеке дамуына, ұлттық құндылықтарды меңгеруіне айтарлықтай үлес қосты. Білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу, балаларды қоғамға пайдалы азамат етіп қалыптастыру жұмыстарының

тиімділігі артты. Сонымен қатар, ата-аналармен жұмыс жүйеленіп, балалардың тәрбиесіне ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілген.

Ұсыныстар:

- Барлық мектептерде ұлттық құндылықтарды дәріптейтін жобаларды арттыру арқылы білім алушылардың белсенділігін және қатысу деңгейін одан әрі көтеру қажет.

Ата-аналармен байланыс нығайту үшін педагогикалық сүйемелдеуді кеңейту және тиімді тәжірибелерді көбейту.

Тәрбие сағаттарының және әлеуметтік жобалардың тиімділігін бағалау жүйесін одан әрі жетілдіріп, олардың нәтижелерін сапалы түрде талдау.

Бұл көрсеткіштер мен ұсыныстар бағдарлама жүзеге асырылған білім беру ұйымдарында тәрбиелік жұмысты жақсартуға және өңірдегі тәрбие процесінің нәтижелерін одан әрі жақсартуға бағытталған.

Маңғыстау облысы

Маңғыстау облысының 145 мектебінде құрылды. Бұл орталықтар ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты нығайтып, ата-аналардың білім алушылардың тәрбиесіне белсенді араласуына ықпал еткен.

Қазан-қараша айларында 421 сабақ өткізіліп, 18 153 ата-ана қатысқан. Ақпан айында 333 сабақ өткізіліп, 12 156 ата-ана қамтылды. Наурыз айында 776 сабақ өткізіліп, 18 687 ата-ана қатысқан. Сәуір айында 620 сабақ ұйымдастырылып, 12 596 ата-ана қатысқан. Мамыр айында 282 сабақта 12 308 ата-ана қамтылған. Жалпы, 2023-2024 оқу жылында барлығы 2432 сабақ өткізіліп, 73 900 ата-ана қатысқан.

«Даналық мектебінде» өткен шаралар бойынша қазан-қараша айларында 350 шара өткізіліп, 8005 ата-ана, ақпан айында 266 шараға 4807 ата-ана, наурыз айында 842 шара өткізіліп, 8284 ата-ана, сәуірде 429 шараға 5460 ата-ана, ал мамырда 221 шараға 4751 ата-ана қатысқан. Жалпы, 2023-2024 оқу жылында 2108 шара өткізіліп, 31 307 ата-ана қамтылған. Сонымен қатар «Аналар мектебі» мен «Әкелер мектебі» жобаларына 12 539 ата-ана қамтылған.

2023-2024 оқу жылында ата-аналарға арналған барлық іс-шаралар бойынша 105 207 ата-ана қамтылған.

Барлық білім беру ұйымдарында 1186 шара өткізіліп, оған 45 445 оқушы қатысқан. Іс-шаралар «Шығармашылық ынтымақтастық», «Кіші зияткерлік академия», «Спорттық достық», «Еріктілер», «Әлеуметтік қолдау» және т.б. бағыттарды қамтылған.

Маңғыстау облысындағы ата-аналардың бағдарламаға қатысуы айтарлықтай жоғары деңгейде көрсеткіш береді. Қазан-қараша айларында 73%, ақпан айында 70%, наурыз айында 74%, сәуір айында 72%, мамыр айында 68% ата-аналар қамтылған. Жалпы, ата-аналардың орташа қатысу көрсеткіші шамамен 71%-ды құрайды.

Білім алушылардың әлеуметтік жобаларға қатысуы жоғары деңгейде: «Өзін-өзі басқару ұйымы» жобасында – 8946 оқушы, «Дебат қозғалысында» – 2799 оқушы, «Оқуға құштар мектеп» жобасында – 56 357 оқушы, «Домбыра дастан» жобасында – 1739 оқушы қамтылған. «Балалар және театр» жобасы

арқылы 2328 оқушы театрлық қойылымдарға қатысып, актерлік шеберлікті дамыту мүмкіндігі артқан. Бұл жоба оқушылардың мәдени-ағартушылық қабілеттерін дамытады. Бұл жобаларға қатысу көрсеткіші 65%-дан жоғары.

«Адал ұрпақ» жобасы арқылы 59 072 оқушы адалдық, әділдік және адамгершілік құндылықтарын арттыру, «Саналы ұрпақ» жобасы 25 колледжде жүзеге асырылып, 1735 оқушыны қамтылған. «Еріктілер қозғалысы» жобасы арқылы оқушылар қайырымдылық шараларға, тазалық акцияларына қатысып, қоғам алдындағы жауапкершіліктерін сезіну қасиеттерін қалыптастырған.

Қорытынды:

Маңғыстау облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ата-аналар мен білім алушыларды кеңінен қамту арқылы бағдарламаның жүйелі іске асырылып жатқаны байқалады. Әсіресе, ата-аналардың педагогикалық қолдау орталықтары арқылы ата-аналардың белсенділігі айтарлықтай жоғары деңгейде екендігі көрініп тұр. Бұл мектеп пен отбасының тығыз байланыста жұмыс істеп жатқанын көрсетеді.

Білім алушылар мен ата-аналардың бағдарламаларға қатысуы ішкі және сыртқы мотивациялық факторларға байланысты. Әлеуметтік жобалар оқушылардың көшбасшылық, әлеуметтік жауапкершілік және өзін-өзі дамыту қабілеттерін арттыруға бағытталған. Ата-аналардың қызығушылығы олардың балаларының білім мен тәрбиеге деген жауапкершілігін арттыруға және отбасылық құндылықтарды дәріптеуге негізделген.

Жобалар арқылы білім алушылардың қоғамдық белсенділік деңгейі артып, олардың әлеуметтік мәселелерге назар аударуы күшейді. Сонымен қатар, ата-аналардың педагогикалық қолдау орталықтары мен «Даналық мектебі» жобалары ата-аналарды мектептің тәрбие жұмысына белсенді қатысуға ынталандырды.

Ұсыныстар:

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының тиімділігін арттыру үшін білім беру ұйымдарында тәрбие процесін одан әрі дамыту қажет. Педагогтердің біліктілігін арттыру арқылы бағдарламаның мазмұнын терең түсінуін қамтамасыз ету маңызды;

- Тәрбие процесіне цифрлық құралдарды, мультимедиялық ресурстарды және онлайн платформаларды енгізу оқушылардың қызығушылығын арттырып, білім мен тәрбиенің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

алушыларды әлеуметтік жауапкершілікке баулу мақсатында жергілікті қауымдастықтарда немесе мектептерде әлеуметтік жобаларды кеңейту қажет. Бұл олардың азаматтық ұстанымын нығайтып, қоғамдық пайдалы істерге белсене қатысуына мүмкіндік береді.

Бағдарламаның тиімділігін бақылау және нәтижелерін бағалау мақсатында мониторинг жүйесін дамыту қажет. Бағдарламаға қатысушылардың пікірлерін талдау және жобаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу маңызды.

Павлодар облысы

Павлодар облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында облыстағы 789 білім беру ұйымдарының 80%-дан астамы кешенді жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бұл мектептерде «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтары негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру белсенді түрде жүргізілуде. Бағдарламаның логотиптері мен стендтері мектептердің 62%-ында орнатылып, ұлттық ойындар барлық мектептерде үзіліс кезінде ұйымдастырылып, күй орындалады.

Бағдарламаның басты ерекшелігі – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сабаққа және сыныптан тыс іс-шараларға кіріктіру. Әр дүйсенбіде барлық мектептерде сынып сағаттары өтіп, оқушыларға құндылықтарды бойларына сіңіру мақсаты көзделді. Әр мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды, бұл орталықтар отбасылар мен мектептер арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, «Даналық мектебі» жобасы аясында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды, оның ішінде отбасы құндылықтарын нығайтуға арналған түрлі форматтағы дәрістер мен тренингтер өтті.

Облыстағы әлеуметтік жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Әлеуметтік жобалардың қатарына экологиялық жобалар, волонтерлік қозғалыстар және мәдени іс-шаралар кіреді. Мысалы, «Eco-boom» жобасы арқылы экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған акциялар мен көрмелер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Қамқорлық» жобасы аясында волонтерлер түрлі қайырымдылық іс-шараларына белсенді қатысып, қоғамға өз үлестерін қосуда.

Қорытынды: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Павлодар облысында тиімді жүзеге асырылып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде оқушыларды тәрбиелеу бағытында жұмыстар атқарылған. Тәрбие жұмысының маңызды бағыттары айқындалып, оның ішінде құндылықтарды пәндік мазмұнға кіріктіру, әлеуметтік жобалар арқылы тәрбиелік тәжірибені дамыту басты орын алды.

Ұсыныстар:

- Бағдарламаны іске асыруды бақылау жұмыстарын күшейту;
- Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында оқыту және дамыту семинарларын өткізу,
- Әлеуметтік жобаларды кеңейтіп, білім алушылардың қоғамдық жұмыстарға белсенді түрде тарту;
- Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға басымдық беру;
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберіндегі іс-шараларды жүйелі өткізу;
- Білім алушылардың бойында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіру үшін сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралардың жүйелі өтуіне көңіл бөлу;
- Ата-аналармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру;
- Мемлекеттік мүдделі органдармен жұмысты күшейту.

Солтүстік Қазақстан облысы

Солтүстік Қазақстан облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 458 мектепте жұмыс атқарылған. Облыс бойынша білім беру ұйымдарында 75 138 оқушы білім алып жатыр. Бағдарлама шеңберінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған бірнеше маңызды іс-шаралар өткізілген, оның ішінде облыстық оқыту семинарлары, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға арналған кеңестер және ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарын құру бойынша және бірқатар жобалар іске асырылған.

2023-2024 оқу жылында 458 мектепте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде жылдық жоспар құрылып, бағдарламаны іске асыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылған. Бұл мектептерде ұлттық киім кию, салт-дәстүрлерді насихаттау арқылы құндылықтарға баулу жұмыстары жүйелі өткізіледі. Сонымен қатар, әр мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылып, олар арқылы ата-аналарға заманауи тәрбиелеу тәсілдерін енгізу мен қолдау көрсетіледі.

Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарында 32 986 ата-ана қамтылып, оларға педагогикалық көмек көрсетілген.

Облыс бойынша 300-ге жуық «Даналық клубтары» ұйымдастырылып, аталар, әжелер, аналар және әкелер мектептері арқылы ұлттық тәрбие беру шаралары атқарылған.

2023 жылдың қыркүйегінен бастап барлық мектептерде ата-аналарға арналған сабақтар кестесі бекітіліп, оларды жүзеге асырылған. Ата-аналарға арналған түрлі семинарлар, тренингтер өткізілген. Мысалы, 2024 жылдың 13 наурызында «Әдістемелік орталық» КММ «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтымен бірлесіп, ата-аналар мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту бойынша семинар өткізілген.

Мемлекеттік органдармен 684 іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау саласы және төтенше жағдайлар бойынша 369 іс-шара өткізілген.

Қорытынды:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Солтүстік Қазақстан облысында тиімді жүзеге асырылуда. Іс-шаралар мен бағдарламалық жұмыстардың нәтижесінде білім алушылардың рухани, патриоттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға деген құрметі нығайып, тәрбиелік жұмыс жаңа деңгейге көтерілген. Бағдарламаның тиімділігі педагогтер мен ата-аналар арасында да байқалды. Ата-аналар балаларды тәрбиелеу мен олардың білім алу процесіне белсенді қатысып, бұл іс-шаралардың тиімділігіне жағымды ықпал еткен.

Ұсыныстар:

- Ата-аналарға арналған педагогикалық қолдау орталықтары арқылы олардың білім беру процесіне қатысуын кеңейту қажет. Бұл балалардың дамуына үлкен қолдау көрсетеді.

- Мұғалімдер мен тәрбиешілер үшін оқыту семинарларын жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби біліктілігін арттыруды жалғастыру қажет.

- Құндылықтарды барлық оқу пәндеріне кіріктіріп, оларды білім алушылардың күнделікті білім алу процесіне енгізуді күшейту қажет.

Бағдарламаның әсерін жүйелі түрде бағалап, нәтижелерін талдау арқылы жақсартуға бағытталған шараларды енгізу керек.

Білім алушылардың қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуын арттыру үшін волонтерлік, экологиялық және бағдарлама аясындағы әлеуметтік жобаларды кеңейту ұсынылады.

Бұл ұсыныстар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының одан әрі тиімді жүзеге асуына ықпал етеді және Солтүстік Қазақстан облысында тәрбие жұмысының сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Түркістан облысы

Түркістан облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде Орта білім беру ұйымдары саны: 17 аудан мен қалада 746 мектеп және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары бойынша 265 мемлекеттік және 1110 жекеменшік мекемелер жұмыс істейді.

Жалпы саны 14 614 педагог қызметкер жұмыс атқарады.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары 1184 және облыс бойынша 22 882 сынып жетекші қызмет атқарады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында ұлттық құндылықтарға негізделген іс-шаралар, атап айтқанда «Еңбегі адал жас өрен», «Жеткіншектің жеті жарғысы» сияқты жобалар жүзеге асырылып, мектептерде патриоттық тәрбие сағаттары, әдеби байқаулар, спорттық іс-шаралар өткізілген.

Орта білім беру ұйымдарында бағдарламаның іске асырылуына 100% қамту көрсетілген.

Мектептердің 85%-ында ата-аналар комитеті, «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жобалары жүзеге асырылған.

90%-дан астам білім алушы бағдарламаның аясындағы түрлі шараларға, соның ішінде спорттық, мәдени, құқықтық іс-шараларға белсенді қатысқан.

Қорытынды:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Түркістан облысында жүзеге асырылған. Мектептердегі педагогикалық ұжымның және ата-аналардың белсенділігі жоғары, ол ұлттық құндылықтарға негізделген шаралар тәрбиелік жұмыстың жүйелі орындалуына ықпал еткен. Балалар арасында құқықтық мәдениеттің, патриотизмнің, еңбекқорлықтың қалыптасуы байқалады. Алайда, кейбір аудандарда ата-аналармен жұмыс және цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруда қосымша қолдау қажет. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде «Ар ұят», «Ұлттық мүдде», «Талап» құндылықтары бойынша іс-шаралар мен жобаларды жүйелі іске асыру қажет.

Ұсыныстар:

- Ата-аналарға Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген іс-шараларды нығайту қажет;

- Білім алушылар арасында цифрлық мәдениетті арттыру, соның ішінде кибербуллингтің алдын алу мақсатында арнайы тренингтер мен семинарлар өткізу;

- Ұлттық мәдени мұраны қастерлеу және «Ар ұят», «Ұлттық мүдде», «Талап» құндылықтарын білім алушыларға кеңінен насихаттау бағдарламаның алдағы іс-шараларының негізіне алынуы қажет;
- Бағдарлама аясында әлеуметтік жобаларды іске асыру қажет;
- мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен жұмысты нығайту қажеттілігі ұсынылады.

Ұлытау облысы

Ұлытау облысы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде «Ар ұят», «Ұлттық мүдде», «Талап» құндылықтарына негізделген іс-шаралардың жүзеге асырылуы:

2023-2024 оқу жылында Ұлытау облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы мектептерде тәрбие процесін жаңаша әдістермен жүргізуге мүмкіндік берді. Бұл бағдарламаның негізінде білім алушыларды рухани-адамгершілік, отансүйгіштік, әділдік, жауапкершілік құндылықтармен тәрбиелеу мақсаты көзделген.

Ұлытау облысында 87 мектеп, 91 директордың тәрбие орынбасары, 2021 сынып жетекшісі және 40 600 оқушы бар. Сынып жетекшілердің жалпы санына қатысты мектептер саны – 100%. Білім алушылар санының мектептер санына қатынасы – 467 оқушы/мектеп.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде облыстық семинар өтіліп, оған 60 педагог қатысты, ол 1.53%-ды құрайды. Аудандық және қалалық деңгейдегі семинарларға 189 педагог қатысты, ол 4.84%-ды құрайды. Мектепшілік таныстырылымға 3900 педагог қатысты, ол 100% -ды құрайды.

Білім беру ұйымдарында челленджер ұйымдастырылып, оған: Домбырашылар челленджіне 3025 білім алушы және 240 студент қатысты, ол 7.45%-ды құрайды. Шахмат ойынына 2641 оқушы және 440 педагог қатысты, ол 6.47%-ды құрайды. «Жасыл мекен» челленджіне 12 000 білім алушы қатысты, ол 29.56% -ды құрайды. Сергіту сәтіне 8000 білім алушы қатысты, ол 19.70%-ды құрайды. «Әнұран айту» челленджіне 30 000 білім алушы және педагог қатысты, ол 73.91%-ды құрайды. «Асық ату» челленджіне 8000 білім алушы қатысты, ол 19.70%-ды құрайды. «Болашаққа хат» шығарма жазу челленджіне 7596 білім алушы қатысқан, ол 18.71%-ды құрайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына 37 970 ата-ана жұмылдырылған. Ата-аналарға арналған 1594 сабақ өткізіліп, оған 24 332 ата-ана қатысқан.

«Даналық мектебінде» қатысқан ата-аналар – 94.91%

Ата-аналарға арналған семинарлар мен кездесулерге ата-аналар – 64.07%

Қорытынды

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Ұлытау облысында сәтті жүзеге асырылып, түрлі шаралар мен жобалар арқылы білім алушылардың ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал еткені байқалады. Мектептердегі ата-аналар мен білім алушылардың белсенді қатысуы бағдарламаның өзектілігін және қолдау деңгейін көрсетеді.

Ұсыныстар:

- Мектеп парламенттерін дамыту мен қолдауды жалғастыру қажет, өйткені олар білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады.
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде сынып жетекшілердің әдістемелік даярлығын арттыру бойынша арнайы тренингтер ұйымдастыруды жалғастыру ұсынылады.
- Челленджер мен іс-шараларды көбейту арқылы білім алушылардың белсенділігін және қатысу деңгейін арттыру керек.
- Ата-аналарға арналған педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын кеңейту, олардың белсенділігін арттыру үшін жаңа интерактивті әдістер енгізу қажет.
- Мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен жұмысты жандандыру қажет.

Шығыс Қазақстан облысы

Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2023-2024 оқу жылында барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ұлттық мүдде», «Ар-ождан», «Талап» құндылықтарға негізделген.

Бағдарлама бойынша жалпы 28587 іс-шара өткізілді, оның ішінде семинарлар, форумдар, акциялар, челленджер қамтылған. Әсіресе «Балалар кітапханасы», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы» және басқа да маңызды жобалар сәтті жүзеге асырылған.

Іске асырылған жобалар:

«Балалар кітапханасы» жобасына 78586 білім алушы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасына 83482 білім алушы, «Ұлттық мектеп лигасы» жобасына 68567 білім алушы, «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасына 87210 білім алушы, «Оқуға құштар мектеп» жобасына 85796 білім алушы қатысқан.

Барлық жобалар жалпы білім алушылардың санасын қалыптастыруға, ұлттық мұраны қастерлеуге және моральдық қасиеттерді дамытуға бағытталған.

Соның нәтижесінде:

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар бойына сіңіруде білім алушылар отансүйгіштікке, мемлекетшілдікке тәрбиеленіп, мемлекет рәміздерін құрметтеу мәдениеті артқан;

Әлеуметтік және құқықтық мәдениетті қалыптастыруда жеткіншектерге құқықтық сауаттылықты дамыту мақсатында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында көптеген шаралар өткізілген;

Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатуда «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» жұмысын тиімді іске асырып, ата-аналардың тәрбиелік үдерістегі белсенділігі артқан.

Шығыс Қазақстан облысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында сапалық және сандық көрсеткіштер мынадай пайыздық сипатта көрініс тапты:

Облыс бойынша барлық білім беру ұйымдарында жүргізілген іс-шараларға қатысқан білім алушылардың жалпы саны – 2,4 млн. Бұл облыстағы

барлық оқушылардың 98%-ын құрайды, бұл көрсеткіш бағдарламаның кең ауқымда жүзеге асырылғанын көрсетеді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары (АПКО) арқылы іске асырылған іс-шараларға 28587 ата-ана қатысты. Бұл облыс бойынша жалпы ата-аналар санының шамамен 75%-ын құрайды, яғни ата-аналардың белсенділігі жоғары деңгейде болды, бірақ әлі де кейбір аймақтарда бұл көрсеткішті арттыру қажет.

Педагогтер мен мектеп басшылары үшін ұйымдастырылған курстар мен семинарларға қатысқан педагогтердің саны облыс бойынша 342 педагогті құрады. Бұл облыстағы барлық педагогтердің шамамен 85%-ы бағдарлама шеңберінде іс-шараларды қамтылғанын көрсетеді.

«Еңбегі адал жас өрен», «Жеткіншектің жеті жарғысы» сияқты жобаларға қатысқан білім алушылардың арасында өз білімін, шығармашылық қабілеттерін көрсете білген және түрлі байқауларда жүлделі орындарға ие болған білім алушылар саны 75%-ды құрады. Бұл білім алушылардың бағдарлама аясындағы жобаларға белсенді қатысып, нәтижелі жұмыс жасағанын білдіреді.

Бағдарламаның кең таралғандығын көрсететін маңызды фактор – әлеуметтік желілерде #БіртұтасТәрбие және #АтаАналарды Педагогикалық Қолдау Орталығы хэштегтерімен жарияланған ақпараттық материалдар. Оқу жылында өткізілген іс-шаралардың 90%-дан астамы әлеуметтік желілерде жарияланған.

Мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізілген іс-шаралар да жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Мысалы, ішкі істер басқармасымен өткізілген іс-шараларға жалпы 87548 оқушы қатысқан, бұл көрсеткіш 97%-ды құрайды. Басқа да мемлекеттік органдармен жүргізілген шараларда орташа қамтылу деңгейі 90%-ға жеткен.

Бұл көрсеткіштер «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының Шығыс Қазақстан облысында тиімді жүзеге асырылғанын көрсетеді.

Ұсыныстар:

Аудандық және облыстық деңгейде қосымша семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру қажет. Бұл педагогтердің құндылықтар арқылы оқыту дағдыларын нығайтады.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын жандандыру үшін қосымша материалдар мен әдістемелер ұсыну керек.

Кейбір аймақтарда ата-аналардың тәрбие процесіндегі белсенділігі төмен.

Оларды мектептің тәрбие жұмыстарында белсенділікке тарту қажет.

Буллинг, кибербуллингтің алдын алу және құқықтық мәдениетті дамытуға

бағытталған бағдарламаларға ерекше көңіл бөлуді жалғастыру қажет.

Бағдарламаны тиімді жүзеге асыру үшін кейбір аймақтарда педагогтердің кәсіби дағдыларын жетілдіру қажет.

Қорытынды:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2023-2024 оқу жылында Шығыс Қазақстан облысының білім беру ұйымдарында табысты жүзеге асырылған.

Бағдарлама аясында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау арқылы білім алушылардың тәрбиелік әлеуетін дамытуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгені байқалады. Алайда, кейбір аймақтарда «Біртұтас тәрбие» шеңберінде іс-шаралар мен жобаларды күшейту және ата-аналардың қатысуын арттыру сияқты бағыттарда қосымша жұмыстар қажет.

Бағдарламаның келесі кезеңінде білім беру ұйымдарының тәжірибесін тереңдетіп, ұлттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған іс-шараларды одан әрі дамыту маңызды.

Астана қаласы

Астана қаласында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылында маңызды тәрбие және білім беру іс-шаралары ұйымдастырылған. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіруге бағытталған.

Ұлттық мүдде құндылығы бойынша білім алушыларды отаншылдыққа, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ұлттық мұраларды қадірлеуге тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар өткізілген. Бұл іс-шаралар арқылы білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарға, мәдени мұраларға құрмет сезімі күшейтілген. Астана қаласындағы барлық мектептерде «Ұлттық мүдде» құндылығын насихаттауға бағытталған сабақтар, челленджер, патриоттық акциялар өткен. Білім алушылар арасында мемлекеттік рәміздерге құрмет артып, отаншылдық сезімдері күшейгені байқалады. Патриоттық акцияларға қатысу көрсеткіші 85%-дан жоғары болды.

«Ар-ұят» құндылығын дамытуға бағытталған «Адал ұрпақ» жобасы арқылы адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтары насихатталды. Білім алушылар арасында өткізілген құқықтық түсіндіру жұмыстары мен жолда жүру ережелері бойынша семинарлар білім алушылардың тәртіпке сай болуын арттыруға септігін тигізген.

Талап құндылығы аясында білім алушыларды еңбексүйгіштікке, оқуға құштарлыққа, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған «Оқуға құштар мектеп», «Өзін-өзі басқару», «Шаттық-2024» шығармашылық байқаулары ұйымдастырылған. Осы жобаларға қатысу арқылы білім алушылардың оқуға деген қызығушылығы арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жетелеген.

Жалпы білім беру ұйымдарының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберіндегі іс-шараларға 482,900 білім алушы қатысқан, бұл жалпы білім алушылар санының шамамен 90%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш бағдарламаның барлық білім алушыларға қолжетімді екенін және оларды қызықтыратынын білдіреді.

Қала бойынша білім беру ұйымдарында 12 челленджер ұйымдастырылған, олардың ішінде ең кең ауқымдысы «Жасыл мекен» (143,000 оқушы), «Домбырашылар» (75,000 оқушы) және «Әнұран айту» (12,700 қатысушы) жоғары қатысу деңгейін көрсетті. Бұл білім алушылардың тек білім беру іс-шараларына ғана емес, мәдени және шығармашылық жобаларға да қызығушылығы артып жатқанын білдіреді. Бағдарлама аясында іске асырылған

әлеуметтік жобалар, мысалы, «Оқуға құштар мектеп», «Ашық есік күні», «Төрт тоқсан-төрт өнер» және «Жасыл мектеп» жобалары білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда және салауатты өмір салтын насихаттауда тиімді болды. Әсіресе, «Жасыл мекен» челленджі білім алушылардың табиғатты қорғауға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға деген жауапкершілігін арттыруға септігін тигізген.

Астана қаласының мектептерінде 351 педагог курстан өтті, орталыққа барлығы 35,033 ата-ана жүгінді. «Ашық есік күні» жобасы аясында 97,110 ата-ана түрлі іс-шараларға қатысты, бұл барлық ата-аналардың 85%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш бағдарламаның ата-аналарды мектеп өміріне тартып, олардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуына ықпал еткенін көрсетеді.

Сынып жетекшілер мен педагогтерге арналған семинарлар бойынша қаңтар-наурыз аралығында 5 семинар өткізіліп, 280 педагог қамтылған.

Ұлттық спорт түрлерін дамыту жобасына қатысқан білім алушылар бойынша 10 мектепте «ALTYN URPAQ» жобасы аясында ұлттық спорт түрлерінен 64 іс-шара өткізіліп, 25,000 білім алушы қамтылған.

Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік органдармен (полиция, төтенше жағдайлар, денсаулық сақтау) бірлесіп ұйымдастырылған іс-шаралар құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға және балалардың денсаулығын сақтауға бағытталған. Бұл шараларға шамамен 80,000-нан астам оқушы қамтылған. Әсіресе, полициямен бірлескен «Жолда жүру ережелері», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» балалардың құқықтық сауаттылығын арттыратын дәрістер өткізілген.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының нәтижелерін талдау бірнеше негізгі бағыттарда жүзеге асырылған. Бұл бағыттар білім алушылардың тәрбие деңгейін, ата-аналар мен мұғалімдердің бағдарламаны іске асырудағы қатысу белсенділігін, мектептерде ұйымдастырылған іс-шаралардың тиімділігін анықтауға бағытталған.

Ұсыныстар:

- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын одан әрі дамыту қажет, бұл ата-аналарды мектеп өміріне белсенді түрде тарту арқылы балаларды тәрбиелеуге оң әсер етеді. Қатысатын ата-аналар саны 90%-ға дейін артуы керек.

- Білім алушылардың қатысу белсенділігін арттыру үшін әлеуметтік жобалар санын көбейту қажет. Осы жобалар білім алушыларды қызықтыратын әрі ұлттық құндылықтарды дәріптейтін болуы тиіс.

- Сынып жетекшілердің тәжірибесін таратуға әдістемелік көмек көрсету маңызды, өйткені олар мектептегі тәрбие жұмысының негізгі ұйымдастырушылары.

- Тәуекел тобына жататын білім алушыларды үйірмелер мен спорт секцияларына белсенді түрде тарту жұмыстарын күшейту. Бұл олардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға септігін тигізеді.

- Әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану арқылы құндылықтарды дарыту және балаларға жағымды үлгі көрсету қажет. Арнайы челленджер мен ақпараттық науқандар ұйымдастыруға болады.

- Білім алушылардың ата-аналарына ұлттық құндылықтарға негізделген шеберлік сыныптарын ұйымдастыру арқылы ұлттық мұраны дәріптеуді күшейту.

- Көшбасшылықты дамыту бойынша тиімді әдістерді зерттеу және қолдану, көшбасшы білім алушыларды айқындап, олардың әлеуетін дамытуға бағытталған шараларды енгізу.

Осындай шаралар арқылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының тиімділігін арттыруға және ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңірген, саналы азаматтарды тәрбиелеуге болады.

Қорытынды:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының нәтижелері көрсеткендей, бағдарламаны жүзеге асыру барысында білім алушылардың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиесі дамыды, ата-аналар мен педагогтер арасындағы байланыс күшейді. Іс-шаралардың көпшілігі білім алушылардың қызығушылығын тудырады және олардың азаматтық жауапкершілігі, патриоттық сезімдері, еңбексүйгіштік қасиеттері нығайтады.

Алматы қаласы

Алматы қаласы бойынша 2023-2024 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асыру бойынша 215 жалпы білім беретін мектептер және 23 кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары қатысқан.

Әлеуметтік жобалар: 20-дан астам жоба, 30-ға жуық сынып сағаттары өткізілді. 2500-ге жуық әлеуметтік іс-шаралар өткізілген. 600-ге жуық ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылған. 80 жалпы білім беру ұйымы және 650 педагог пен студенттер Еріктілер жобасына қатысушылар қатысқан.

215 мектеп пен 23 кәсіптік білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылған.

Қорытынды:

Алматы қаласы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде атқарылған іс-шаралардың нақтылығы байқалмайды. Педагогтердің кәсіби шеберлігінің өсуі байқалды. Дегенімен іс-шаралар мен әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылуы орташа деңгейде.

Алматы қаласының білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы төмен дәрежеде жүзеге асырылған.

Ұсыныстар:

- Алматы қаласы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша педагогтер мен сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету;

- Педагогтердің біліктілігін арттыруға бағытталған оқыту семинарларын ұлғайту;

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруда әлеуметтік жобалар аясын кеңейту, оларды жүйелі жүзеге асыру;

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруда іс-шаралар, акцияларды өткізу және челленджерге қатысу;
- Сынып сағаттарын өткізудің тиімділігін арттыру, жүйелілігін сақтау;
- Сынып жетекшілердің мәртебесін арттыру үшін арнайы жағдай жасау, олардың әдістемелік қолдауын кеңейту және тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін арттыру қажет.
- Мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу;
- Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын жобаларды кеңейту, білім алушылармен ата-аналар арасында танымалдықты арттыру;
- Ата-аналарға арналған педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын жандандыру және отбасылық тәрбие процестерін жақсарту;
- Бағдарлама аясындағы іс-шараларды насихаттау үшін әлеуметтік желіні тиімді пайдалану қажет. Әсіресе, ата-аналарды, педагогтерді және білім алушыларды әлеуметтік желілер арқылы белсенді тарту мүмкіндіктері бар.

Шымкент қаласы

2023-2024 оқу жылында Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы іске асырылды. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделіп, балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне, жауапкершілік пен сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға баса назар аударады.

Бағдарлама шеңберінде іс-шараларға қатысқан білім алушылардың жалпы саны: 218,857 (85%), Ата-аналардың қамтылуы 70%, педагогтердің қатысуы 90%-дан жоғары.

Бұл көрсеткіштер бағдарламаның білім беру мекемелері мен педагогтердің кеңінен қатысуын қамтамасыз еткенін көрсетеді. Бағдарлама аясында әртүрлі жобалар жүзеге асырылды, олардың ішінде 8 жоба тұрақты іске асырылған, ал 4 жоба кейбір мектептердің әлеуетіне қарай бейімделген.

Негізгі жобалар «Өр талапты, озық ойлы ұлан», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ұрпаққа аманат» жобалары білім алушылар арасында үлкен қызығушылық тудырды. «Күй күмбірі», «Жасыл мекен», «Шахмат ойнау», «Асық ату» челленджері республика бойынша білім алушылардың қатысуымен өткізілген. «Досболlike – достық қолынды сөз» еріктілер акциясы, бұл жастардың әлеуметтік белсенділігін арттырудың тиімді жолы болды.

Мектептер мен отбасылар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған «Отбасылық құндылықтар – ұлттық тәрбие негізі», «Отбасы. Ата-ана. Құндылық» семинарлары ата-аналар мен мұғалімдер арасында қолдау тапқан. Бұл шараларға білім беру ұйымдарының директорлары, ата-аналар, сынып жетекшілер және педагог-психологтер қамтылған.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жобасы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүзеге асырылған.

Бағдарлама шеңберіндегі іс-шараларға белсенді түрде 218,857 қатысқан, ол жалпы білім алушылардың 85%-ын құрайды. Ұлттық құндылықтар мен патриотизмге негізделген жобаларға қатысу көрсеткіші жоғары болған.

Ата-аналардың 70%-дан астамы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтарының жұмысына белсене қатысқан. Бұл ата-аналардың мектеп өміріне көбірек араласуына және балалар тәрбиесінде өз үлесін қосуға ынталылығын көрсеткен.

Білім алушылардың 85%-ы бағдарлама аясында ұйымдастырылған іс-шараларға, оның ішінде ұлттық ойындар, дебаттар, патриоттық сабақтар мен шығармашылық байқауларға қатысқан. Бұл көрсеткіш балалардың ұлттық тәрбиеге және құндылықтарға қызығушылығының артқанын көрсетеді.

Білім алушылардың патриоттық сезімі күшейді, соның ішінде «Тәуелсіздік күні», «Республика күні» секілді мемлекеттік мерекелерде белсенді қатысу байқалды.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» және «Жас сарбаздар» жобалары білім алушылар арасында азаматтық жауапкершілікті, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға көмектесті.

Білім алушылардың 70%-ы құқықтық мәдениетке бағытталған іс-шараларға қатысқан, бұл олардың құқықтарын білуі мен заңды мінез-құлыққа деген көзқарасының өзгеруіне ықпал еткен.

«Жасыл мекен», «Табиғатты аяла» секілді жобалар арқылы білім алушылардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген ұқыптылық көзқарасы қалыптасып, экологиялық мәдениеті артқан.

Экологиялық шараларға 60%-дан астам білім алушы қатысты, бұл қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау қабілеттерін дамытқанын көрсетеді.

Бағдарлама аясында денсаулықты сақтау, салауатты өмір салтына ынталандыру мақсатында көптеген спорттық жарыстар мен флешмобтар ұйымдастырылған.

«Жасыл мекен», «Асық ату», «Бес асық» секілді ұлттық спорттық шаралар білім алушылардың физикалық белсенділігін арттырған. Спорттық іс-шараларға 70%-дан астам білім алушы қатысқан.

Білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуда «Шаттық-2024», «Ақындар айтысы» секілді шығармашылық жобалар жүзеге асқан. Бұл іс-шараларға қатысқан білім алушылардың ойлау қабілеттері мен өзін-өзі көрсету мүмкіндіктері кеңейді.

Шығармашылық жобаларға 25%-дан астам білім алушы қатысып, бұл олардың көркемдік және әдеби қабілеттерін дамытуға әсер еткен.

Білім алушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Буллингке қарсы күрес» секілді шаралар өтті. Бұл шаралар нәтижесінде білім алушылардың өз құқықтарын қорғау және заңды мінез-құлық дағдылары қалыптасқан.

Білім беру ұйымдарының 90%-дан астамы бағдарламаға қатысып, ұлттық және адамгершілік құндылықтарға негізделген тәрбиенің жана тәсілдерін игерген.

Нәтижесінде:

- Кейбір мектептер мен жобаларда ата-аналар мен білім алушылардың қатысу белсенділігі төмен. Атап айтқанда құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған жобаларға қатысушылардың саны аз болғаны байқалады.

- Кейбір мектептерде белгілі жобаларды жүзеге асыруда мүмкіндіктер шектеулі болған, бұл жалпы қатысуды азайтты.

Барлық пәндерге құндылықтарды тиімді енгізу әлі де болса жақсартуды талап етеді. Кейбір педагогтер құндылықтарға негізделген білім беру тәсілдерін толық игермегені байқалады.

Ұсынымдар

- Барлық мектептердегі педагогтер мен ата-аналар арасында қатысуды арттыру үшін қосымша шаралар мен тренингтер өткізу қажет;

- Барлық мектептерде жобаларды тең дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қолдау көрсету, оның ішінде ресурстарды тиімді пайдалану маңызды;

- Педагогтерге құндылықтарға негізделген білім беру тәсілдерін меңгеру үшін қосымша оқыту семинарлары мен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, әдістемелік қолдау көрсету;

- Құқықтық тәрбие және әлеуметтік мәселелер бойынша білім алушылар мен ата-аналардың қатысуын арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстарын күшейту;

- Жобалар бойынша үздік тәжірибелерді басқа мектептерге тарату және сынып жетекшілерінің еңбектерін кеңінен насихаттау.

Барлық өңірлер бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруда көрсеткен нәтижелер негізінде қорытынды және аналитикалық талдау

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Қазақстанның барлық 17 облыс және республикалық маңызы бар 3 қала мектептері сәтті жүзеге асырылып, әртүрлі деңгейде әлеуметтік, экологиялық және тәрбиелік жобалар жүргізілді. Бағдарламаның негізгі бағыттары – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды білім алушыларға сіңіру, ата-аналармен өзара әрекеттесуді нығайту, экологиялық және патриоттық тәрбиені күшейту, «Ар-ұят», «Ұлттық мүдде», «Талап» құндылықтарын сіңіру. Барлық облыстарда және қалаларда әлеуметтік және мәдени іс-шаралар, челленджер мен жобаларға білім алушылар мен ата-аналар кеңінен тартылды.

Негізгі жетістіктер:

Бағдарламаның негізгі құндылықтары (Ар-ұят, Ұлттық мүдде, Талап) барлық облыстарда және қалаларда сәтті жүзеге асырылды. Әсіресе, ұлттық ойындар, мәдени шаралар мен патриоттық акциялар арқылы бұл құндылықтар білім алушылардың бойына сіңірілді.

Көптеген облыстарда «Адал ұрпақ», «Талап», «Жеткіншектің жеті жарғысы» сынды жобалар сәтті жүзеге асып, құқықтық және азаматтық мәдениет қалыптастыруда үлкен жетістіктерге қол жеткізілді.

Ата-аналармен жұмыс:

Ата-аналарға арналған педагогикалық қолдау орталықтары барлық облыс-қалаларда жұмыс істеп, ата-аналардың балалар тәрбиесіне белсене қатысуына септігін тигізді.

Әсіресе Атырау облысы, Астана және Шымкент қалаларында ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық деңгейі жоғары, олардың 70-90% белсенді түрде бағдарламаларға қатысты.

Экологиялық тәрбие

Барлық облыстарда экологиялық тәрбие мен мәдениетті дамыту мақсатында түрлі шаралар мен жобалар (мысалы, «Жасыл мекен», «Табиғатты аяла») өткізілді. Экологиялық сананы қалыптастыруға бағытталған жобаларға білім алушылардың 60%-дан астамы қатысты.

Атырау, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарында «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер» сынды экологиялық жобалар кеңінен жүзеге асырылып, білім алушылардың табиғатқа деген жауапкершілік сезімін арттырды.

Патриоттық тәрбие және спорт

Құқық қорғау органдарымен бірлесіп өткізілген құқықтық мәдениет, патриотизм мен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар барлық облыстарда белсенді жүзеге асырылды. Білім алушылардың 70-90% патриоттық шараларға қатысты.

Ұлттық спорт түрлерін насихаттау аясында көптеген облыстарда ұлттық ойындар ұйымдастырылды (мысалы, асық ату, тоғызқұмалақ), бұл білім алушылардың спорттық белсенділігін арттырды.

Негізгі қиындықтар:

Аймақтар арасындағы көрсеткіштердің алшақтығы байқалады. Кейбір аймақтарда, шалғай ауылдарда және Алматы қаласында бағдарламаның жүзеге асырылу деңгейі төмен. Бұл аудандарға қосымша әдістемелік қолдау қажет.

Кейбір аудандарда (мысалы, Бөкей ордасы, Жәнібек, Казталов) ата-аналар мен оқушылардың белсенділігі төмен, бұл бағдарламаның тиімділігіне әсер етті.

Құндылықтарды пәндік мазмұнға толық интеграциялау

Кейбір облыстарда құндылықтарды оқу пәндеріне интеграциялау жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмаған. Бұл педагогтердің құндылықтарға негізделген білім беру әдістерін толық меңгермеуіне байланысты.

Ата-аналармен жұмыстың біркелкі еместігі

Кейбір өңірлерде ата-аналардың бағдарламаларға қатысу деңгейі төмен болды (мысалы, орта және жоғары сыныптарда). Бұл бағытта қосымша тренингтер мен интерактивті сабақтарды енгізу қажет.

Экологиялық жобалардың қала және ауыл мектептерінде біркелкі таралмауы байқалады.

Қалалық мектептерде экологиялық жобалар жоғары деңгейде жүргізілсе де, ауылдық мектептерде бұл бағытта қосымша жұмыстар мен ресурстар қажет.

Ұсыныстар:

Үздік тәжірибелерді тарату

Жоғары нәтижелер көрсеткен аймақтардың (Абай, Жамбыл, СҚО, Ақтөбе, Жетісу) тәжірибелерін басқа аудандар мен облыстарда тарату. Төмен көрсеткіш көрсеткен аудандарға әдістемелік және әдіснамалық көмек көрсету.

Ата-аналармен жұмысты күшейту

Ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуын арттыру мақсатында қосымша интерактивті сабақтар, семинарлар мен тренингтер өткізу.

Ауылдық мектептерде экологиялық жобаларды жүйелі түрде тарату, қосымша ресурстар мен әдістемелік қолдау көрсету.

Педагогтердің құзыретін арттыру:

Құндылықтарға негізделген білім беру әдістерін педагогтер арасында кеңінен тарату және олардың кәсіби дағдыларын жетілдіру мақсатында тренингтер ұйымдастыру.

Аймақаралық үйлесімділік

Барлық облыс-қалаларда әлеуметтік жобалар мен тәрбиелік іс-шаралардың біркелкі жүзеге асырылуын қамтамасыз ету. Бағдарламаның барлық аймақтарда бірдей деңгейде жүзеге асырылуына ерекше көңіл бөлу.

Мемлекеттік органдармен тығыз ынтымақтастық


Құқық бұзушылықтың алдын алу, экологиялық және патриоттық тәрбиені дамыту бағытында құқық қорғау органдары, қоғамдық ұйымдар және мемлекеттік мекемелермен бірлесе жұмыс істеу жұмыстарын жалғастыру.

Қорытынды:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Қазақстанның барлық аймақтарында сәтті жүзеге асырылып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіруде тиімді нәтижелерге қол жеткізді. Алайда кейбір аймақтарда қосымша әдістемелік қолдау мен ресурстарды тиімді қолдану қажет. Бағдарламаның ары қарай дамуы үшін педагогтер мен ата-аналарға арналған оқу семинарларын кеңейтіп, үздік тәжірибелерді аймақтар арасында тарату маңызды.

3.3 Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша республика көлемінде педагогтерге жүргізілген сауалнама нәтижесі.


Сауалнамаға Республиканың барлық білім беру ұйымдары бойынша 27 600 респондент қатысты.



Сурет 82,83,84,85 Сауалнамаға қатысушы респонденттер туралы ақпарат

Барлық өңірлерден қатысқан педагогтердің 87 %, әйел адам 12 % ер адам. Қатысқан респонденттердің 30 жасқа дейін- 14,3%, 30-40жас аралығы 31,2 %, 35%


41-50 жас аралығы 29,4 %, 51-60 жас аралығы 22,7 % пайыздық көрсеткіш көрсетті. Ол дегеніміз білім беру ұйымдарындағы педагогтердің жас ерекшелігі бойынша 31-55 жас аралығындағы педагогтер басым. Педагогтердің еңбек өтілі бойынша 4 жылдан 10 жыл және 11 жылдан 30жыл еңбек өтілі бар педагогтер басымдық көрсетеді. Яғни, білім беру ұйымдарында 15 жылға дейінгі еңбек өтілі бар жас педагогтер басымдық береді.



Сурет 86,87,88 Педагогтердің біліктілік санаты, білімі, қызметі


Білім беру ұйымдарындағы педагогтердің басым көпшілігі 70,1 % Бакалавр дәрежесіндегі мамандар. Магистр дәрежесіндегі педагогтер 7,9 % көрсетеді. Біліктілік санаттарына байланысты «Педагог», 26,2%, «Педагог-модератор» 25,9%, «Педагог-сарапшы» 26,7%, «Педагог-зерттеуші» 20% пайызда көрсеткіштері шамамен тең дәрежеде көрсетеді. Сауалнамаға қатысқан педагогтер «педагог-зерттеуші» санатына қарағанда басым. Сонымен қатар

қатысқан педагогтер ішінен пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері басымдықпен қатысқан. Білім беру ұйымдарының директорларының орынбасарларының, педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтердің қатысуы өте төмен көрсеткіш береді.




Сурет 89. Тәрбие дегеніміз не?

Сауалнамаға қатысушы респонденттердің 84% тәрбиені үздіксіз процесс деп жауап берсе, респонденттердің 34,1% адам бойында құнды қасиеттерді қалыптастыру деп жауап берсе, 28,5 бала бойына көркем мінез арқылы өнеге беру деп береді. Тәрбие шындықты, ізгілікті, көркемдікті өмірде іске асыруға адамды жетелейді деп жауап береді. Яғни, тәрбие үздіксіз процесс, ал білім беру ұйымдарында қалай жүзеге асатындығы туралы сұраққа жауап нақты берген 84% респондент болды.




Сурет 90. Білім беру ұйымдарында тәрбиенің жүзеге асуы

Білім беру ұйымдарында тәрбие қалай жүзеге асады деген сұраққа қатысқан респонденттердің 72,1% тәрбие күнделікті балаға айтылар ақыл мен көрсеткен үлгі-өнеге арқылы жүзеге асыратындығын білдірсе, 62,7 % респондент бала отбасының айнасы, отбасындағы қарым-қатынастар мен ұстанымдар арқылы жүзеге асырылады деп санайды. Ал енді 39,4% респондент балана жақсы, игі істерге тарту қажеттігін ескертеді. 28,7 % респондент балаға берілетін тәрбие мектеп пен мектеп ішілік іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады деп жауап береді. Бұл дегеніміз, респонденттер жауабынан балаға тәрбие отбасында және мектепте қалыптасып, дамытудың маңыздылығын көруге болады.




Сурет 91. Тәрбие құндылықтары

Адам өміріндегі негізгі құндылықтарды 72,8 % респондент еңбек деп жауап берсеб 65,8 % ар-ұят деп, ал 63,9 % Отан деп жауап береді. Отбасы негізгі құндылық деп респонденттердің 62,9% жауап бердеді. 57,4 % ар-ұждан деп, 51,3% талап деп жауап береді. Берілген сұраққа респонденттердің басым көпшілігі Еңбек, отбасы, Отан, ар-ұят, ар-ұждан құндылықтарын жоғары қояды. Яғни білім алушылардың бойында аталған құндылықтарды сіңірудің маңыздылығын көрсетеді.




Сурет 92. Адами қасиеттерді қалыптастыру

Адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін жағымсыз істерді бойынан аулақ ұстауға тәрбиелеу үшін қандай қасиеттерді қалыптастыру қажет деген сұраққа респонденттердің 67,4 % ұят және мейірімділік леп жауап береді. 66,4 % әдептілік пен ар-намыс қасиеттерін қалыптастыру керек деп жауап береді.



Сурет 93. Заң мен моральдық этикалық тәртіпке қайшы келмейтін адамдық қатынастарға, берілген міндетті нәтижелі орындап, шынайылыққа тәрбиелейтін қасиеттер


Заң мен моральдық этикалық тәртіпке қайшы келмейтін адамдық қатынастарға, берілген міндетті нәтижелі орындап, шынайылыққа тәрбиелеу үшін бала бойында қандай қасиеттерді қалыптастыру керек деген сұраққа респонденттердің 82,5% жауапкершілік деп, 40,4% адалдық деп, 66,6% әділеттілік деп жауап берсе, ізгілік пен әдептілікке 49,1 және 40,2% көрсеткіш береді. Бұл дегеніміз респонденттердің басым көпшілігі бала бойында жауапкершілік, адалдық пен әділеттілік маңызды деп көрсетеді.



Сурет 94. Отан құндылығын сіңіретін қасиеттер

Бала бойында Отан құндылығын сіңіру үшін қандай қасиеттерді қалыптастыру маңызды деп ойлайсыз деген сұраққа респонденттердің 87,8% Отансүйгіштік деп жауап берсе, Отан отбасынан басталады деп 67,9% жауап береді. Ал 55,7 % қазақ тілін құрметтеу деп санайды. 42,8% жауапкершілік,

37,7% ынтымақтастық деп жауап береді. Респонденттердің басым көпшілігі Отансүйгіштік пен Отан отбасынан басталатындығын айтады. Қазақ тілінің құрметтеу де Отан құндылығын арттырады деп оның маңыздылығын атайды.



Сурет 95. Кемелдену құндылығын сіңіретін құндылықтар

Бала толыққанды жетіліп өмірді орнын тауып жеткен жетістігімен тоқтап қалмай үнемі өзін дамытуға негіз болатын кемелдену құндылығын сіңіру үшін қандай қасиеттерді дамыту қажет деген сұраққа 83,9% білімге ұмтылу құндылығы болу керек деп жауап береді. Респонденттердің 77,8% еңбекқорлық деп жауап берсе, 57,1% салауаттылық деп жауап береді. Мәдениеттілік пен денсаулық та кемелдену құндылығына алып келеді деп жауап берген респонденттер де бар. Кемелдену құндылығын ең бірінші білімге ұмтылу мен еңбекқорлық қасиеттерін бала бойына сіңіру маңызды деп санайды.

Сауалнама нәтижелері бойынша жасалған қорытынды:

Сауалнамаға Қазақстанның барлық өңірлерінен 27 600 респондент қатысып, олардың арасында 87% әйелдер, 12% ер адамдар болды. Респонденттердің жас ерекшеліктеріне қарап, 30-55 жас аралығындағы педагогтер басым екендігі анықталды. Бұл жастағы педагогтер білім беру жүйесіндегі негізгі күш ретінде көрінеді, олардың еңбек өтілі де 4 жылдан 30 жылға дейінгі аралықты қамтиды, бұл тәжірибелі кадрлардың басымдығын көрсетеді.

Сауалнаманың біліктілік санаттары мен білім деңгейлерін зерттегенде, педагогтердің басым көпшілігі, 70,1%, бакалавр дәрежесіне ие екені белгілі болды. Біліктілік санаттарына қатысты педагогтердің әртүрлі деңгейлері (педагог, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші) шамамен тең дәрежеде бөлінген, бұл әртүрлі деңгейдегі педагогтердің білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Сауалнамада тәрбиенің мәні де зерттелді. Респонденттердің 84%-ы тәрбиені үздіксіз процесс деп санайды. 72,1% тәрбие балаға айтылатын ақыл мен үлгі-өнеге арқылы жүзеге асатынын атап өтті. Бұл нәтижелер тәрбиенің

отбасы мен мектепте қатар қалыптасатындығын және оның үздіксіз процесс екендігін көрсетеді.

Тәрбие құндылықтарына қатысты сауалнама респонденттерінің көпшілігі (72,8%) еңбек пен Отанды негізгі құндылықтар ретінде атайды. Адам мінез-құлқына сәйкес келмейтін әрекеттерден аулақ болу үшін ұят пен мейірімділік қасиеттерін қалыптастыру маңызды деп санайды.

Отансүйгіштік пен жауапкершілік сияқты қасиеттердің бала бойында қалыптасуы да маңызды екендігі анықталды. Респонденттердің 87,8%-ы отансүйгіштікті, ал 83,9%-ы білімге ұмтылу қасиетін кемелдену құндылығын сіңіруде маңызды деп санайды.

Осылайша, сауалнама нәтижелері тәрбие үдерісінің үздіксіздігі мен білім беру жүйесінде еңбек, Отан, жауапкершілік, әділеттілік, адалдық сияқты құндылықтарды сіңірудің маңыздылығын айқындайды.

2023 жыл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы бойынша сандық көрсеткіш

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде педагогтерді кәсіби дамыту
2 756 оқыту семинарына 281 287 педагог және мүдделі мемлекеттік органдардың 200 қызметкері қатысты.

- Сертификатталған тренерлер – 60;
- Әдіскерлер – 85;
- Директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары – 7793;
- Тәлімгер – 1197;
- Сынып жетекшілері- 260 193;
- Педагог-психологтер – 6311;
- Әлеуметтік педагогтер – 5648

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылған челленджер

Домбырашылар 1 071 423;
Шахмат ойнау 50 327;
Жасыл мекен 702 052;
Сергіту сәті 2 310 156;
Әнұран айту 2 723 210; Асық ату 2 523 189;
Шығарма жазу: «Болашаққа хат» 2 539 211;
«Қазақ есебі» 2 451 187

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде жобалардың іске асуы

7832 мектепте 8 әлеуметтік жоба қолға алынды, оған 2 млн 400 білім алушы қатысты. «Адал ұрпақ», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен» «Үнем – қоғам қуаты», «Экологиялық мәдениет», «Қоғамға қызмет», «Өр талапты, озық ойлы ұлан», «Зиянды әдеттен аулақ бол».



Сурет 96. Жобалардың іске асуы

Білім беру ұйымдарында мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен еліміздің 7550 мектебінде 67 986 бірлескен іс-шаралар өткізілді

- Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлескен шаралар – 28 715;
- Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мен қауіпсіздікті сақтау бойынша оқу-жаттығулары – 6 854;
- Денсаулық сақтау саласының мамандарымен бірлескен шара – 23 689
- Ішкі саясат қызметкерлерімен бірлескен шаралар – 5 216
- Сыбайлас жемқорлық агенттігі қызметкерлерімен бірлескен шаралар – 3 512.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде еліміздің мектептерінде «Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталықтары» ашылды.

- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында ата-аналарға арналған 45 811 семинар-тренингтер ұйымдастырылды. Семинар-тренингтерге 792 721 адам қамтылды.
- «Даналық мектебі» клубында 8 696 тренинг өткізіліп, 309 185 тыңдаушы қатысты.
- 7833 мектепте «DOSBOLLIKE» бағдарламасы іске асырылды;
- «Менің бауырым» еріктілер қозғалысына 30 000 ерікті қамтылды.

2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылу жағдайына шолу және аналитикалық қорытынды

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2023 жылы Қазақстанның барлық өңірлерінде кең көлемде жүзеге асырылып, білім беру жүйесінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында көптеген іс-шаралар мен жобалар өткізілді. Бағдарламаның шеңберінде әлеуметтік, экологиялық, мәдени жобалар және челленджер өткізіліп, білім алушылар мен ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілді.

Аналитикалық қорытынды:

Бағдарламаның жалпы тиімділігі:

Бағдарлама аясында педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. 260 мыңнан астам сынып жетекшілерінің қатысуы мектептерде тәрбиелік жұмыстың ұйымдастырылуының жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Педагогтердің тәрбиелік процеске дайындық деңгейі айтарлықтай артты.

Білім алушылардың белсенділігі:

Әлеуметтік жобалар мен челленджерге қатысқан білім алушылардың саны өте жоғары деңгейде болды. Білім алушылардың шығармашылық, спорттық және интеллектуалдық белсенділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізгенін көрсетеді. «Болашаққа хат», «Әнұран айту», «Сергіту сәті» сияқты челленджерге 2,5 млн-нан астам білім алушының қатысуы тәрбиелік жұмыстың ауқымдылығын дәлелдейді.

Мүдделі органдармен жұмыс:

Құқық қорғау, денсаулық сақтау, төтенше жағдайлар органдарымен тығыз ынтымақтастық орнатылды. Бұл білім алушылардың құқықтық және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға септігін тигізді. Бірлескен іс-шаралардың саны бағдарламаның мемлекет деңгейінде қолдау тапқанын және нәтижелі жүзеге асырылғанын дәлелдейді.

Ата-аналармен өзара әрекеттесу:

Ата-аналардың бағдарламаға белсене қатысуы олардың балалардың тәрбиесіне деген қызығушылығын арттырды. 792 721 ата-ананың семинар-тренингтерге қатысуы ата-аналар мен мектеп арасындағы қарым-қатынастың нығайғанын көрсетеді. «Даналық мектебі» сияқты жобалар арқылы ата-аналарға ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жеткізу тиімді жүзеге асырылды.

Ата-аналардың қатысу деңгейі:

Ата-аналардың қатысу белсенділігі кейбір аймақтарда төмен деңгейде қалып отыр, бұл олардың мектеп өміріне толық араласпауының белгісі. Бұл бағытта интерактивті сабақтар мен тренингтерді жиі ұйымдастыру қажет.

Негізгі қиындықтар:

Аймақтық айырмашылықтар:

Кейбір аймақтарда жобалардың және челленджердің қатысу деңгейі төмен болуы мүмкін, бұл ресурстардың біркелкі бөлінбеуі мен кейбір аудандарда тәрбие жұмысына қатысты қиындықтарға байланысты.

Ұсыныстар:

Педагогтерді кәсіби дамыту

Педагогтердің кәсіби дамуын жалғастыру үшін қосымша семинарлар мен тренингтерді көбейту қажет, әсіресе тәрбиелік құндылықтарды оқу процесіне интеграциялауды күшейту маңызды.

Аймақтық үйлестіру

Әр аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып, әдістемелік көмек көрсету және үздік тәжірибелерді тарату арқылы барлық мектептерде бағдарламаның біркелкі жүзеге асырылуын қамтамасыз ету қажет.

Ата-аналармен жұмысты нығайту

Ата-аналардың тәрбиелік процеске белсенді қатысуын арттыру үшін жаңа әдістемелер мен интерактивті бағдарламаларды енгізу ұсынылады.

Әлеуметтік жобаларды кеңейту:

Экологиялық және әлеуметтік бағыттағы жобаларды одан әрі кеңейту арқылы оқушылардың азаматтық жауапкершілігін күшейтуге болады.

Қорытынды

2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Қазақстанда кең көлемде және нәтижелі жүзеге асырылды. Педагогтерді кәсіби дамыту, ата-аналармен жұмыс, білім алушылардың белсенді қатысуы және мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шаралар арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру жолында маңызды қадамдар жасалды. Бағдарламаның ары қарай тиімді жүзеге асырылуы үшін аймақтар арасында тәжірибе алмасуды күшейтіп, педагогтер мен ата-аналарды белсенді түрде қатыстыру қажет.

Аналитикалық қорытындыларға байланысты білім беру ұйымдарында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру тетіктерін ұсынуға болады.

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету; баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру; баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру қажет.

Бала тәрбиесінде:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Бастауыш сынып білім алушыларының жас ерекшелігіне сәйкес келетін дәстүрлі музыкалар, халық музыкасы, әндері, күйлері мен жырлары тәрбиелік іс-шараларда үйлесімді қолданылуы балалардың әдемілікті сезінуіне, ұлттық мұраны сақтауды және оны қастерлеуді дәріптеуге мүмкіндік береді.

Бастауыш мектеп балаларын тәрбиелеуде:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ата-бабамыздан қалған «Біреудің ала жібін аттама», «Бүлінгеннен бүлдіргі алма», «Көкті жұлма», «Шашынды жайма», «Бетінді баспа», «Ақты төкпе», «Дастарханға үлкеннен бұрын қол созба», «Үлкеннен бұрын отырма», «Кұстың ұясын бұзба» және басқа да халқымыздың адалдыққа, инабаттылыққа, әдептілікке, өнегелілікке тәрбиелейтін тыйым сөздері отбасы тәрбиесінің басты құралдарының бірі болуы маңызды. Тыйым сөздердің қолданылу аясын, оның астарын түсіндіру арқылы жасөспірімдерді өнегелі болуға, бойын жаман әдеттерден аулақ ұстауға баулиды.

Жасөспірімдік кезеңде:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту; «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (16-18 жас)

Жастар тәрбиесінде олардың ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуі олардың отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттырады.

Ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруды қажет етеді. «Ел мен жер үшін, атамекен үшін» деген қағидат жас ұрпақтың борышы екендігін әр жастың түсінуі қажет.

Жастардың мемлекеттік тілді құрметтеуі, қазақ тілінде әдебиеттер мен ақпараттармен сусындату, мәдени ошақтарға театрға, кітапханаға, кино-театрларға бару өз тілін құрметтеп, тарих пен мәдениетін сыйлау қоғамда жастардың өзара түсіністігі мен бірлігін қалыптастырады.

Қоғамдағы адалдық пен әділеттілік үстемдігі басым болуы шарт. Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қасиеттерін, құқықтық мәдениетін үнемі жетілдіріп отыру маңызды.

Жастарға тәрбие беруде:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады [22].

Жалпы, ұрпақ тәрбиесі сонау ерте заманнан бастау алып, қазіргі кезеңге дейін жалғасып келеді.

Әл-Фарабиден басталған ұрпақ тәрбиесі адалдық, ар-ұждан, намыс, бауырмалдық, еңбекқорлық пен білім құмарлық, тіл мен ділдің үстемдігін түсіну, ел мен жердің тұтастығын сақтау, Отанын, туған жерін сүю, ұрпақтан ұрпаққа жеткен тарихи мұраларды сақтау және оны дәріптеу, төл мәдениетімізді құрметтеп, отбасының құндылығын бойына сіңіру бүгінде де өзекті.

Өскелең ұрпақ тәрбиесінде мүдделі мемлекеттік органдар, білім беру ұйымдары, ата-аналар қауымдастықтары мен қоғамдық бірлестіктер бірлесіп кешенді жұмыстар ұйымдастыруы қажет.

Медиа кеңістігінде ұлттық мүддеге қайшы келетін контенттерді азайтып, отаншылдық пен мемлекетшілдікті дәріптеуге, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеуге, ел мен жер тұтастығын сақтауға, өзге пиғылдардан қорғауға ықпал ететін, тәрбиелік мәні жоғары контенттерге басымдық берілуі маңызды.

Өскелең ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде балалардың қолындағы смартфондарға арналған sim-карталардың болуы, интернет кеңістігіндегі зорлық-зомбылықты, қатыгездікті насихаттайтын контенттердің бұғатталуы және олардың заң жүзінде қатаң тиым салынуы тәрбиедегі жүгенсіздіктердің алдын алуға оң ықпал етеді.

Ата-ана, педагогтер қауымы және қоғамдағы кез келген ересек адам баланың проблемасына, оның қажеттілігі мен қызығушылығына бейжайлық танытпауы қажет. Баланың өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беріп, дұрыс емес әрекеттері мен жағымсыз қылықтарына сындарлы кері байланыс беру арқылы мейірімділік пен сүйіспеншілік таныту қажет.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын іс-шаралар мен жобалар көптеген проблемаларды шешуге, тәрбиедегі сын-тегеуріндердің алдын алуға және оны мүдделі мемлекеттік органдардың, білім беру ұйымдарының, қоғамдық бірлестіктердің бала тәрбиесіне қатысты жүйелі жұмысын жолға қоюға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Орта білім беру ұйымдарында Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудың мониторингілеу бойынша аналитикалық есеп білім беру ұйымдарындағы құндылыққа негізделген тәрбиенің қалыптасуы мен бағдарлама аясында жүргізілген іс-шаралар деңгейін бағалауға арналған.

Зерттеулер көрсеткендей, білім алушылардың «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы тәрбие жұмысының білім алушылармен, ата-аналармен және мемлекеттік мүдделі органдармен іс-шаралардың жүйелі жүргізілмеген себебінен жеткілікті назарға алынбауы да мүмкін. Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің оқыту мен тәрбие процесінде құндылыққа бағдарланған іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу сапасына көңіл бөлгені маңызды.

Осыған байланысты, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының рөлі маңызды, олар сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтер, педагог-психологтермен бірлесіп оқу-тәрбие процесінде білім алушылардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде жоспарланған білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы ар-ұят, ұлттық мүдде, талап құндылықтары негізінде жүйелі тәрбие бағыттарын құрай алады. Бағдарлама шеңберінде атқарылған әлеуметтік жобалар білім алушылардың тұлғалық мінез-құлқына тікелей әсер етеді, өйткені тұлғалық мінез-құлықты қалыптастырудағы шешуші рөлді қоршаған орта факторлары атқарады.

Сонымен қатар, әлеуметтік тәжірибелерді дамыту маңызды, олар білім алушыларды қоғамдық пайдалы істерге тартуға және оларды алдын алумен айналысатын қызметтердің бағытталған тәсілдеріне негізделген.

Балалар мен жастар қоғамдық ұйымдарының бастапқы сатысы мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы білім алушылар тарапынан жағымды бағаланған жағдайда, олардың құндылық бағдарларының қалыптасуы жоғары деңгейде болады.

Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжымның тәрбиелік және профилактикалық жұмыстарды ұйымдастырудағы құзыреттілігі, сондай-ақ олардың мектеп өмірінің қауіпсіз және жайлы орта талаптарына жауап беретін деңгейін қалыптастыра білуі маңызды рөл атқарады.

Осылайша, құндылыққа негізделген тәрбие нәтижелеріне қол жеткізу үшін барлық білім беру қатынастарының субъектілері өз мүдделері мен қажеттіліктеріне, оның ішінде қауіпсіздік қажеттілігіне жауап беретін мектеп өмірін дамытуға қатысатын жүйелі тәсілді қолдану маңызды. Бұл үшін білім алушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың және мектеп әкімшілігінің ынтымақтастығы қажет, ол жалпы нәтижеге бағытталатын болады. Сонымен қатар, нәтижелердің сипаттамалары білім беру ұйымының барлық қатысушыларына (педагогке, білім алушыға, ата-анаға) түсінікті және бірдей қабылдануы маңызды.

Орта білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша төмендегідей қорытынды жасалды.

Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру арқылы білім алушылардың мінез-құлқына, дағдыларына оң ықпал етуге болады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап береді және жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеуге бағытталған бірі болып табылады.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылған іс-шаралар білім алушылардың мінез-құлқы мен ұстанымдарындағы нақты өзгерістермен қалай байланысты екенін түсіну маңызды.

2023-2024 оқу жылында енгізілген Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылу барысына талдау жасау, оның әлсіз және күшті тұстарын анықтап, оны әрі қарай жетілдіру шешімдер қабылдау зерттеулер негізінде қорытынды жасау үшін аналитикалық есеп әзірленді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша аналитикалық есеп әзірлеуге қажетті зерттеу әдістерінің жүйесі әзірленді. Бірақ бұл таңдалған зерттеу әдістерін барлық білім беру ұйымдары тәжірибеде қолдану қажет деп міндеттемейді. Әрбір білім беру ұйымы өз деңгейінде аналитикалық есеп әзірлеу үшін басқада зерттеу әдістерін қолдануға болады. осы әдістемелік ұсынымдар шеңберінде ұсынылған зерттеу әдістері ұсынымдық сипатқа ие болып табылады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша аналитикалық есеп әзірлеу арқылы 2023-2024 оқу жылындағы тәрбиенің жай-күйін анықтап, тәрбиедегі олқылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып әдістемелік қолдау көрсету және үздік тәжірибелермен алмасу мақсаты көзделді.

2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша құндылықтар арқылы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және бағдарлама шеңберіндегі кешенді іс-шаралар мен әлеуметтік жобаларды іске асыруда өткен оқу жылындағы тәрбиедегі олқылықтарды ескеру, сондай-ақ үздік тәжірибелерді тарату ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қылмыстың жекелеген түрлері бойынша кәмелетке толмағандардың қылмысы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты: <https://bala.stat.gov.kz/kz/prestupnost-nesovershennoletnih-po-otdelnym-vidam-prestuplenij/>
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі (17.06.2023) [Электронды ресурс] // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959>
3. Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] / составители К. Б. Жарикбаев, С. К. Калиев. – Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
4. **Аймауытов, Ж.** Психология [Мәтін]. – Алматы: Рауан. – 1995. – 312 б.
5. **Жұмабаев, М.** Педагогика [Мәтін]. – 3-басылым. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
6. **Zhanat, A., Kunimzhan, A., Aigul, A., Agabekkyzy, B. R., & Nurziya, A.** (2022). Teachers' views on teaching modern Kazakh stories over national values. *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 17(1), 205-216. DOI: 10.18844/cjes.v17i1.6702
7. **Сейдімбек, А.** Қазақтың ауызша тарихы шежірелік деректерді пайымдау зерттеу [Мәтін]. – Астана: Фолиант, 2008. – 726 б.
8. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі 2023 жылғы 17 маусым
9. Ахмет Байтұрсынұлы: Баулу мектебі. [Электронды ресурс] https://adebiportal.kz/kz/news/view/axmet-baitursynuly-baulu-mektebi__16521 (Сайт 20.01.2024 ж. күні қаралды)
10. Дулатұлы М. Ұрпаққа аманат /Міржақып Дулатұлы. Шығармалары 3-том. [Электронды ресурс] https://adebiportal.kz/kz/books/view/sygarmary-3-tom__929 (Сайт 20.01.2024 ж. күні қаралды)
11. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. /Тәрбиеге жетекші. Жаңа ауыл. (оқу құралдары). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т.5: – 384 б. [Электронды ресурс] <http://e-kitap.kz/book/5127/read> (Сайт 20.01.2024 ж. күні қаралды)
12. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Өңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер /Құраст. С.Жұбаниязов.– Алматы: Жазушы, 2013.– 376 бет. [Электронды ресурс] <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/storage/upload/iblock/ecf/ecf3f2cab91f1fc05cf4f4a5d76f5f5c.pdf&ln=kz> (Сайт 20.01.2024 ж. күні қаралды)
13. Танирбергенова, А. Ш. Біртұтас тәрбие бағдарламасы: зерттеулер мен іске асыру тетіктері [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №3. – Б.

143-156. <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2023-3-143-156> (Сайт 20.01.2024 ж. күні қаралды)

14. «Ғылыми зерттеу әдіснамасы»: оқу құралы/ автор-құраст.: кәсіби психологиялық дайындық және ПО басқару кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Н.П.Ким, ПО әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасының бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Н.А.Тулкинбаев, Қостанай: ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2022. – 106 б.

15. Абдигалиева Т.Б. Ғылыми зерттеулердің әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: АТУ РББ, 2019. – 137 б. [Электронды ресурс] <http://library.atu.kz/files/47887.pdf> (қаралған күні 25.08.2023 ж.)

16. Болтаева Ә.М. Психологиялық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.-122б. [Электронды ресурс] <https://sul.su/ZZkA> (қаралған күні 25.08.2023 ж.)

17. Таубаева Ш. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. Оқулық. – Алматы: «Қазақ университеті», 2020. – 360 б. [Электронды ресурс] <https://dokumen.pub/9786010442375.html> (қаралған күні 25.08.2023 ж.)

18. О’Лири Зина Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2020. – 472 бет. [Электронды ресурс] <https://kitap.kz/book/6456/read> (қаралған күні 25.08.2023 ж.)

19. Этический кодекс исследователей образования Казахстана. – Первое издание. – Нур-Султан: Казахское общество исследователей в области образования, 2020. – 68 с. [Электронды ресурс] <http://surl.li/rnqwo> (қаралған күні 25.08.2023 ж.)

20. Research ethics policy /University of Oxford [Электронды ресурс] <https://researchsupport.admin.ox.ac.uk/governance/ethics/committees/policy> (қаралған күні 25.08.2023 ж.)

21. Детский фонд ООН, «ЕСDI2030: инструкции для интервьюеров», ЮНИСЕФ, Нью-Йорк, 2020. [Электронды ресурс] <https://clck.ru/3AA8qj> (қаралған күні 25.08.2023 ж.)

22. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыркүйегінде №294 бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

23. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі №194 бұйрығымен жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламалары

24. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;

25. «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

26. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

27. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;

28. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы;

- 29.«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы;
- 30.«Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі;
- 31.«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы;
32. Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар);
- 33.Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы (2021 жылғы 5 қаңтар);
34. Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз);
- 35.«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы
- 36.Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі, 2024 жылғы 15 наурыз
37. «Қазақстан жастары – 2023» ұлттық баяндамасы 30 қараша, 2023 жыл

Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында педагогтер мен ата-аналардың, қоғам қайраткерлерінің берген пікірлері

Мұғалім пікірі

Біз өмір сүріп отырған ХХІ ғасыр – озық ғылым мен білімнің, техника мен технологияның дамып келе жатқан заманы десек, тәуелсіз еліміздің болашақ иесі жас ұрпақтың бойында тұлғалық қасиеттерді ұштап, кәсіби шеберліктерді шыңдауда мектеп қана емес баланың айналасындағы ата-ана, мұғалім, мектеп дейтін «үштік одақтың» да әсері зор.

Осы тұрғыдан алғанда біртұтас тәрбие бағдарласындағы құндылықтардың ұлттық мүдде, ар - ұят, талап принциптеріне негізделуін сынып жетекші ретінде қолдаймын. Себебі біртұтас тәрбие бағытында жүргізілетін іс-шаралар мен олардың тетіктері нақты айқындалып, жұмыс жоспары жүйелі берілген. Бала бойында қажетті дағдылар мен құндылықтарды сынып сағаттарында, ата-анамен жүргізілетін әлеуметтік тәжірибелер мен жобалардан өз тиімділігі мен нәтижесін көріп келемін.

Білім алушылар осы жобалар арқылы бойына ар-ұят, жауапкершілік, қоғамдық игілікке қызмет ету секілді құндылықтарды қалыптастырып келеді.

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Антон Макаренко атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі Кусёва Салтанат Жұмабекқызы

Мен, Есенғалиева Әсел Мәлікқызы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында орналасқан Н.Марабаев ат. №7 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі әрі 7 «Б» сыныбының жетекшісімін. Биылғы жылдың басты жаңалығы – Біртұтас тәрбие бағдарламасы – біз үшін беріліп тұрған үлкен мүмкіндік деп айтсам артық болмас, себебі, бағдарламаның басты мақсаты – жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы азаматты тәрбиелеу болып табылады. Мектебіміздің сынып жетекшілері өз жоспарларын осы бағдарламаға сай құрып, сынып сағаттарын құндылыққа негіздеп, әрбір іс-шараны керемет деңгейде құндылықтарды насихаттауға бағыттап өткізіп келеді. Осы мақсатта мектебімізде жоспарлы түрде жүргізіліп отырған «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» мен «Даналық мектебінің» шебер сабақтарына ата-аналар белсене қатысып, ризашылығын білдіріп жатады. Сол себепті, ұлт болашағына үлкен үлес қосатын «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жобасы аясындағы құндылықтарды келешек ұрпақтың бойына дарытсақ, бізден асқан ұстаз болмас!

Есенғалиева Әсел Мәлікқызы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында

орналасқан Н.Марабаев ат. №7 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» құндылыққа негізделген тәрбие беруде ата-ананың жауапкершілігін оятуда. Ұлттық құндылықты - тәрбиенің қайнар көзі ретінде танып, педагогтеріміз баланың талабын оятып, мақсат-мұратқа жетелеуде. «Толық адам» іліміндегі ыстық қайрат, нұрлы ақыл жылы жүрек сынды қасиеттер ата-ананың бойында болса, онда үштік одақтың біріккен жұмысы осы бағдарлама арқылы саналы ұрпақ қалыптастыруы сөзсіз.

Карипбаева Лаура Төлегеновна Абай облысы, Семей қаласы «Жарқын жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ата-ана пікірі

Биылғы оқу жылындағы мектептегі тәрбие жұмысына енгізілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы іске асырылып, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу мақсатында оң нәтиже беруде. Білім мен қатар берілетін тәрбие ол тек ұстазға ғана жүктелмеу керек, ата-ана, қоғам болып тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің берері мол деп сенемін және ата-аналар қолдау көрсетеміз.

Сейілхан Асқарбек Ақылшаұлы ҚР Еңбек сіңірген әртісі, Қазақстанның құрметті журналисі, Қордай ауданының Құрметті азаматы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, Тараз қаласы, Төлеби атындағы №8 гимназия жанынан құрылған ақсақалдар кеңесінің мүшесі, ата-ана.

Ата-аналар қауымына «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін қастерлейтін озық ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелейтін тұстарымен бізге ұнады. Біз ата-аналар ұлттық құндылықтар арқылы ел бірегейлігін нығайтып, білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді білім беру мекемесімен бірге іске асыруымыз қажет деп санаймыз. Бағдарлама қоғамда ойдың тазалығын және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауын, ұрпағымызды эмоционалды тұрақтылыққа баулуға, табиғатқа жанашыр болуға тәрбиелейтінін осы күнге дейінгі іске асырылу барысында дәлелдеді.

Өтеуова Лунара Бекболатовна Абай облысы, Семей қаласы ата-аналар қоғамдастығының төрайымы

**Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына
2023-2024 оқу жылдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»**

іске асыру жөніндегі

КЕШЕНДІ ЖОСПАР

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- 1) ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- 2) халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- 3) әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1) ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
 - 2) ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
 - 3) жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
 - 4) денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- 1) ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қарашаңырақ», «Жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- 2) отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- 3) әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- 4) жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- 5) тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- 1) қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- 2) қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- 3) ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- 4) қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- 5) қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- 6) қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- 7) қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

8) ұлттық мәдениетті дәріптеу.

Күтілетін нәтижесі:

- 1) отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- 2) мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- 3) елінің тарихын құрметтейді;
- 4) ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- 5) құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары.

Ар-ұят құндылығы:

- 1) академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- 2) адал еңбекті құрметтеу;
- 3) сөзіне берік, ісіне адал болу;
- 4) халқына адал қызмет ету
- 5) әдеп нормаларын ұстану;
- 6) шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- 7) достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу мейірімділік таныту;
- 8) өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- 1) ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- 2) сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- 3) ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- 4) достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- 5) кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- 1) сыни және креативті ойлау;
- 2) жеке және командалық жұмыс істей білу;
- 3) білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- 4) физикалық белсенді болу;
- 5) салауатты өмір салтын ұстану;
- 6) технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;

- 7) дұрыс қарым-қатынасорната білу;
- 8) уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- 1) жан мен тән тазалығын сақтайды;
- 2) дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- 3) қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- 4) ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- 5) ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері:

- 1) «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді;
- 2) оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысы, меңгеруші (әдіскері), директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

- 1) тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 2) тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- 3) тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- 4) тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді;
- 5) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтап, аптасына бір рет (дүйсенбі) сынып сағатын сабақ кестесіне ендіру ұсынылады.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлар:

- 1) салауатты өмір салтына ынталандыру;
- 2) сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- 3) білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу; ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- 4) білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу; аптасына бір рет (дүйсенбі) сынып сағатын өткізу.

Білім беру ұйымдары мен педагогтері:

1) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Облыстық, қалалық білім басқармасына қарасты Білім-инновация лицейлері мен Мамандандырылған білім беру ұйымдарын (Дарын) «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мазмұнын жалпы мектептерге толық енгізу мақсатында тірек мектептер ретінде бекіту ұсынылады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары

қыркүйек – Білім айы

1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары;

5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл.

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)				
1	«Менің балабақшам»	Мектепке дейінгі жас	Экскурсия	Балабақшамен, топпен, тәрбиешілермен, балабақша қызметкерлерімен таныстыру
2	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар «Қазақшаң қалай балақай?» «Қазақ тілі күні», «Тілдер мерекесі»	Мектепке дейінгі жас	Ертеңгіліктер, байқаулар	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған байқаулар, түрлі мәдени іс-шаралар

3	Отбасы күніне арналған іс-шаралар «Әкем–асқар тауым», «Өнегелі әже, тәрбиелі немере», «Шебер ана, еңбекқор бала»	Мектепке дейінгі жас	Ертеңгіліктер, байқаулар, түрлі мәдени іс-шаралар,	Отбасы күніне арналған байқаулар, түрлі мәдени іс-шаралар
---	--	----------------------	--	---

қазан – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

1 қазан - Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

25 қазан – Республика күні

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл, Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл, ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл, ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)				
1	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы). Мобильді кітапхана. «Балаларға базарлық»	Мектепке дейінгі жас	Мобильді кітапхана ашу Кітап бұрышын ұйымдастыру	Мобильді кітапхана. Кітап бұрышы
2	5-қазан Республика күні «Менің елім – Қазақстаным» атты республикалық патриоттық әндер байқауы	Мектепке дейінгі жас	Республикалық байқау	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар
3	Ұлттық ойындар күні . «Асық», «Бес тас», «Бестемше», «Ақ серек, көк серек», «Соқыр теке» және басқа да ойындарын өткізу	Мектепке дейінгі жас	Ертеңгіліктер, Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындар ұйымдастыру

қараша – Поэзия айы

5 қараша - Ұлттық валюта күні

күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)				
1	«Өнерлі бала» республикалық байқауы	Мектепке дейінгі жас	Балалар айтысы, би, хореография, театр қойылымдары, музыкалық аспаптарда ойнау	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар

желтоқсан – «Қазақстан - Ұлы дала елі»
16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)				
1	16-желтоқсан –Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Көк тудың желбірегені» республикалық байқау	Мектепке дейінгі жас	алалар арасында сурет салу, қолдан бұйымдар жасау ән, тақпақ айту, би, спорттық ойындар бойынша республикалық байқау	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар

қаңтар – Ұлттық код айы
Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)				
1	«Мен оқыған бір ертегі» Балалардың театрландырған іс-әрекеті	Мектепке дейінгі жас	сюжеттік рөлдік ойындар	ертегі кейіпкерлерін сюжеттік-рөлдік ойындарда ойнау

ақпан – Оқуға құштарлық айы

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)				
1	«Мақал-сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	3-5 жас	ртеңгіліктер, мәдени іс- шаралар	ақал-мәтел, жаңылтпаштар, жұмбақ айту

наурыз – Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
Құндылықтар: талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)				
1	Балаларды отбасылық құндылықтарға баулу Халықаралық әйелдер күніне арналған «Анам, әжем және мен » республикалық байқауы	ектепке дейінгі жас	Республикалық байқау	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар

2	Шымырлық пен шеберлік күні» «Ханталапай» ұлттық ойыны; «Еске көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» мата, жүн, былғары, киіз, ағаш, жіп, қағаз, сазбалшық және т.б. заттардан қолөнер туындыларын әзірлеуден байқау	ектепке дейінгі жас	Республикалық байқау	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар
---	--	---------------------	----------------------	---

сәуір – Экологиялық мәдениет айы

12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1	«Ғарышкерлер күні» сурет байқауы	ектепке дейінгі жас	Республикалық байқау	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар
2	«Мен зерттеушімін» байқау Балалардың зерттеу әрекетіне ата-аналарды тарту	ектепке дейінгі жас	Республикалық байқау	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар

мамыр – Бейбітшілік пен татулық айы

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

9 мамыр-Жеңіс күні

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні, ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім

Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1	Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі, Қазақстан халқы достығы фестивалі	ектепке дейінгі жас	Достық фестивалі	Фестиваль материалдары

2	Отан қорғаушы күні	Мектепке дейінгі жас	Ертеңгіліктер порттық және мәдени іс-шаралар	Қорытындылары мен ұсынылған материалдар
3	Жеңіс күні мерекесі	Мектепке дейінгі жас	Ертеңгіліктер порттық және мәдени іс-шаралар	Қорытындылары мен ұсынылған материалдар
4	Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы сауықтыру кезеңі «Қызыққа толы сәттер» республикалық байқауы	Мектепке дейінгі жас	Республикалық байқау	Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша фото, бейне сюжеттер

**Орта білім беру ұйымдары
қыркүйек – Білім айы**

1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары

5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар, Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл, Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	1-11 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары

3	«Толық адам» ілімі («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
4	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары
5	«Мектеп – мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
6	«Ұлы даланың ұлтаралық тілі» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету ашық тәрбие сабағы («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету
7	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
8	«Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынап сағаты	Сынып сағатының жоспары
10	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс Ата-ана жиналысы	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, ат-аналар жиналысының хаттамасы
11	Білім беру ұйымдарының (мектепке дейінгі, орта, техникалық) қатысуымен «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар	1-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар
12	Еріктілер ұйымын құру («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары

13	«Кітапқа жазылмаған тарих» атты Ерлік сабақтары («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	ҚР Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ардагерлері мен әскери қызметшілерімен, заманымыздың батырларымен Ted-х форматында кездесу
14	«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
15	Отбасы күніне арналған іс-шаралар («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар,
16	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Мектеп спорты апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция	1-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының жоспары/сценарийі

қазан – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

1 қазан - Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

25 қазан – Республика күні

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл, Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл, ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл, ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	-11 сыныптар	Сынып сағаты	Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі
2.	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
3.	«Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
4.	«Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда»	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
5.	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
6.	Ілім беру ұйымдарында Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау	-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
7.	Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
8.	Ғылыми жоба жұмыстары мазмұны туралы ақпараттық- танымдық сабақтар ұйымдастыру (жалпы тақырыбын анықтау, мазмұны, жазылу стилі туралы)	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, Ата-аналар жиналысы	Жоғары оқу орындарының ғалымдарымен кездесу. Хаттама
9.	«Менің бизнес идеяларым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара командалық жұмыстар	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі

10.	«Әкем айтқан нақыл сөз...»	-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара Ата-аналар жиналысы	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
11.	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
12.	«Ел тірегі» Әскерге шақырылушыларды Қарулы Күштер қатарына салтанатты шығарып салу жиынына шақыру («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	10-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Республикалық акция
13.	«Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Ата-аналар жиналысы	Ата-аналар жиналысының жоспары
14.	«Өнегелі өмір» эссе («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты Эссе жазу	Сынып сағатының жоспары, Эссе қорытындысын жариялау
15.	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, Ата-аналар жиналысы	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі, хаттама
16.	«Қоғамға қызмет ет» Волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары, әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер өткізу.	-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, Ата-аналар жиналысы	Әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челленджер

қараша – Поэзия айы

15 қараша - Ұлттық валюта күні

Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары

2.	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
3.	«Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
4.	«Мейірімділік керуені» ҚХА форумы	1-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	«Қоржын» қайырымдылық акциясы аясында үлес қосқан меценаттар мен демеушілерді марапаттау
5.	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5- 11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
6.	«Ассамблеясы жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-8 сыныптар	Тәрбие сағаты	Командалық жұмыс, Тимбилдинг
7.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарымен таныстыру («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	7-11 сыныптар, педагогтер	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының сценаріі
8.	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
9.	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты Ата-аналар жиналысы	Сынып сағатының жоспары, ата-аналардың жиналысының хаттамасы
10.	«Жас Сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушілері арасында әскери-патриоттық әндер фестивалі	9-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Әскери-патриоттық әндер байқауын ұйымдастыру

				(I кезең)
11	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған студенттердің, ұстаздардың қатысуымен «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстарын өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар 1-4 сыныптар	Сынып сағаты Ата-аналар жиналысы	Сынып сағатының жоспары ата-аналардың жиналысының хаттамасы
12	«Өнегелі өмір» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Тәрбие сағаты Эссе жазу	Тәрбие сағатының жоспары/ сценарий, эссе қорытындысы
13	«Бабалар салған ізімен...» республикалық айтыс ұйымдастыру («Төрт тоқсанға төрт шара» жобасы)	5-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Республикалық мәдени-ағартушылық жобасын ұйымдастыру және өткізу
14	«Әлемді бағындырған жерлесіміз» «Ұлттық мектеп лигасы»	1-4 сыныптар	Тәрбие сағаты	«Мектеп спортының үздігі» жоғары айырым белгісін енгізу
15	«Тоғызқұмалақ-дау» «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы	1-6 сыныптар	Тәрбие сағаты	«Мектеп спортының үздігі» жоғары айырым белгісін енгізу

желтоқсан – «Қазақстан - ұлы дала елі»

16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
2.	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты (Ата-аналар жиналысы)	Сынып сағатының жоспары, хаттама

3.	«Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты Ата-аналар жиналысы)	Сынып сағатының жоспары, хаттама
4.	«Ассамблеясы жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Командалық кездесу
5.	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі
6.	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Командалық жұмыс, Тимбилдинг
7.	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі
8.	«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	Патриоттық тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары
9.	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі
10.	«Ұрпақ болашағы – ұстаздан», «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» педагогтармен кездесу, сұбаттасу, тәлімгерлік жасау	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі
11.	«Таным. Тағылым. Тәрбие» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Ата-ана жиналысы	Хаттама
12.	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» («Балалар кітапханасы» жобасы)	4-9 сыныптар	Ата-ана жиналысы	Республикалық мәдени-ағартушылық жобасын ұйымдастыру және өткізу

13.	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру, білім алушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайтуда білім ұйымдарымен бірлесе спорттық ойындар өткізу	5-11 сыныптар	Ата-ана жиналысы	Хаттама
14.	Дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде әртүрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру «Тоғыз айға тоғыз шара», «Төрт тоқсанға төрт шара» жобалары	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	дөңгелек үстелдер, әңгімелесу

қаңтар – Ұлттық код айы
қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
2.	«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
3.	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
4.	«Қыз намысы – ұлт намысы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Аналар мектебі	Ата-ана жиналысы	Хаттама
5.	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	«Әкелер» клубы	Ата-ана жиналысы	Хаттама
6.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу	7-10 сыныптар	Іскерлік ойындар, дебаттар, даулар	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі

				атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру
7.	«Профи TIME» мамандықтар әлемінде («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	ыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
8.	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	ыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
9.	Білім беру ұйымдары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жобасын әзірлеу («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Өкілетті орган, тім беру ұйымдарының басшылары	Коррупцияға қарсы стандарт	Стандарт жобасын әзірлеу
10.	скери бөлімдер мен мекемелерде Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары мен сыныптарының тәрбиеленушілері; «Жас сарбаз» қозғалысының облыстық филиалдарының төрағалары, тәрбиеленушілері, «Жігер» республикалық әскери-патриоттық лагері	Ашық есік күні	Жастарды қорғаныс саласындағы жаңа технологиялармен таныстыру
11.	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	ыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
12	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-6 сыныптар	ыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі

13	«Ұлы өнертапқыштық қа алғашқы қадам» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	7-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
14.	Елгілі спортшылардың, оның ішінде Паралимпиада ойындарына қатысушылардың қатысуымен СӨС қалыптастырудағы спорттың рөлі туралы бейнематериалдар әзірлеу	5-11 сыныптар	Кеңестер өткізу	Бейнематериалдар жасау

ақпан – Оқуға құштарлық айы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
2.	Абайдың «Толық адам» ілімі («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценаріі
3.	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценаріі
4.	«Үйрен жақсы әдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-5 сыныптар	Ата-ана сағаты	Хаттама
5.	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	5-11 сыныптар	Ашық ақпараттық сабақтар	Іс-шараның жоспары/ сценаріі
6.	«Отбасыдағы ортақ тіл» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	ата-аналар, педагогтер	Ата-аналар жиналысы	Хаттама
7.	Білім беру мекемелері Қазақстан халқы Ассамблеясының, этномәдени бірлестіктердің және қоғамдық құрылымдарының мүшелерімен мотивациялық кездесулер ұйымдастыру	5-11 сыныптар	Ата-аналар жиналысы	Қастарға кәсіби бағдар беру кездесулерін өткізу

8.	Мектептегі «Адал ұрпақ» клубтары туралы Ережені және олардың жұмыс жоспарын әзірлеу	алалық өкілетті орган, Білім беру ұйымдарының басшылары	Мектеп клубтары	«Адал ұрпақ» клубтары туралы Ережесі әзірленіп, бекітіледі
9.	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
10.	«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
11.	Республикалық «Айбын» жастар слеті	«Жас сарбаз» ЖҚ филиалдарының төрағалары	патриоттық клубтар мен сыныптар	Жастарды қорғаныс саласындағы жаңа технологиялармен таныстыру
12.	Мектептегі мінез-құлық ережелері («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценаріі
13.	Сабырлылық – асыл қасиет («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, ата-аналармен дөңгелек үстел	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценаріі, хаттама
14.	«Өзінді мамандықтар әлемінде тап» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценаріі

наурыз – Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Табысты тұлға» («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	9-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары

2.	«Үміт сәулесі» акция («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
3.	«Мың алғыс, ...» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
4.	«Жарқ ете қалсам, найзағай болып...» («Балалар кітапханасы» жобасы)	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
5.	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	5-8 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
6.	«Домбыра Party» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-11 сыныптар	Ата-аналар жиналысы	Хаттама
7.	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
8.	«Адалдық-адамдықтың белгісі» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
9.	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты Ата-аналар жиналысы	Сынып сағатының жоспары, хаттама
10.	«Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
11.	«Сәлем сөздің патшасы»	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
12.	«Экологиялық калейдоскоп» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-8 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
13.	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Көңілді старттар» спорттық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу	4-7 сыныптар	Қарыстар ұйымдастыру	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен

				«көңілді старттар» спорттық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу
14	Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу	8-10 сыныптар	Мектеп парламенттері басшыларының саммиттері	Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу

сәуір– Экологиялық мәдениет айы

12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Достық – көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
2.	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
3.	«Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	9-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
4.	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-7 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
5.	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
6.	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	8-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
7.	«Жүрегім қазақ» жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер	8-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Қастарға кәсіби бағдар беру кездесулерін өткізу

8.	«Өрле Қазақстан» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
9.	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-8 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
10.	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
11.	«Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	«Әкелер» клубы 5-8 сыныптар	Ата-аналар жиналысы	Хаттама
12.	«Сөз қадірі – өз қадірің» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
13.	«Кітапханаға саяхат» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-7 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
14.	Оқушыларға дене шынықтыру-сауықтыру экскурсияларын ұйымдастыру	5-9 сыныптар	Экскурсиялар ұйымдастыру	Экскурсия
15.	Спорт ардагерлерімен достық кездесулер (шығармашылық матчтар) өткізу	5-11 сыныптар	Кездесулер ұйымдастыру	Кездесулер

мамыр – Бейбітшілік пен татулық айы

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

9 мамыр-Жеңіс күні

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні, ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім

Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Тағдырыңның кілті – өз қолыңда!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары

2.	«Ұстазға алғыс» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
3.	«Медиа time» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
4.	«Менің гүлзарым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
5.	«Оқырмандар отбасы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Аналар мектебі, Әкелер клубы	Ата-аналар жиналысы	Хаттама
6.	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
7.	«Адамдық борыш ар үшін» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
8.	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
9.	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
10.	Әскери-патриоттық оқу-дала жиыны	11 сынып	Дала жиыны	Сынып сағатының жоспары
11.	«Менің кіші отанымның картасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары
12.	«Отбасы FEST» фестивалі («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі
13.	Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Ата-аналар	Ата-аналар жиналысы	Хаттама
14.	Спортшылардың, балалар мен ата-аналардың қатысуымен жыл сайынғы жаппай кросстар мен жарыстар өткізу	5-9 сыныптар	Кросс ұйымдастыру	Сынып сағатының жоспары

15.	Белгілі спортшылардың, оның ішінде Параолимпиада ойындарына қатысушылардың қатысуымен спорттың рөлі туралы бейнематериалдарды көрсету	5-11 сыныптар	бейнематериал дайындау	Мақала жариялау
-----	---	---------------	------------------------	-----------------

Техникалық және кәсіби білім

қыркүйек – Білім айы

1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары

5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар, шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл, қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Сәлем, жаңа оқу жылы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
2.	Еңбек десанты «Быть нужным людям!»	Білім алушылар	кездесулер	«Еңбек ері» иегерлері мен еңбек әулеттері өкілдерінің жастармен және оқушылармен кездесулерін ұйымдастыру
3.	«Толық адам» ілімі («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
4.	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
5.	Студенттерге кәсіби бадар беру жұмысы	Білім алушылар	Ашық есік күндері	Студенттерді тарта отырып, табысты отандық кәсіпорындар мен өндірістерде ашық есік күндерін өткізу

6.	Жасөспірімдер үшін кеңес: Как не стать жертвой буллинга?»	Білім алушылар	Ақпараттық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
----	---	----------------	------------------	--------------------------------------

қазан – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

1 қазан - Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

25 қазан – Республика күні

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл, Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл, ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл, ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы Bilim_quni хэштегі
2.	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
3.	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	Білім алушылар	Іс-шаралардың өткізілуі туралы есепті ресми интернет-ресурста орналастыру	Адал еңбектің құндылығын ілгерілетуге және масылдық көңіл-күйді жоюға арналған әртүрлі іс-шаралар (концерттер, форумдар, конкурстар, семинарлар, курстар, дөңгелек үстелдер, фестивальдар, конференциялар, фотокөрмелер)

				ұйымдастыру
4.	Менің бизнес идеяларым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Білім алушылар	Сыныптан тыс командалық жұмыстар	Білім беру ұйымдарын STEM кабинеттерімен жабдықтау кезең-кезеңімен
5.	«Жеке қауіпсіздік», «Үлкенге құрмет», «Өзін-өзі қорғау» нұсқаулықтары аясында бейнеролик челленджі	Білім алушылар	Постар, онлайн-челенджер	Жұмысшы мамандықтарын танымал ету бойынша «TikTok», «Instagram», «Facebook» және басқа да танымал әлеуметтік желілерде олардың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін көрсететін посттар, онлайн челенджер мен роликтер дайындау
6	Қасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг»	Ата-ана, білім алушылар	Ата-аналар жиналысы	Ата-аналар және оқушылар буллинг және кибербуллингтің қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкіндігімен таныстырылады. Ата-ана баласын келеңсіздіктерден баласын қорғау мәселенің өзектілігімен танысады.

ҚАРАША – Поэзия айы

15 қараша - Ұлттық валюта күні

№	Іс-шараның атауы	мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценарийі
2.	Білім алушылардың еңбекке баулуға тәрбиелеу іс-шаралар	Білім алушылар	Өндірістік комбинаттарында тәжірбиелік, еңбекке баулуға тәрбиелеу іс-шараларын	Өндірістік комбинаттарында тәжірбиелік, еңбекке баулуға тәрбиелеу іс-шараларын өткізу

			өткізу	
3.	«Менің ата-анамның жұмысындағы бір күн»	Білім алушылар	ашық сабақтар	Ата-аналарының еңбек жолының үлгісімен «Менің ата-анамның жұмысындағы бір күн» тақырыбына (әкемнің немесе анамның) таныстырылымдары
4.	«Өнегелі өмір» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
5.	«WORLD SKILLS»	Білім алушылар	жұмысшы кәсіптерінің чемпионаты	Оқушылар және студенттер арасында «WORLD SKILLS» жұмысшы кәсіптерінің чемпионатын ұйымдастыру және өткізу
6.	«Тоғызқұмалақ-дау» «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы	Білім алушылар	Ата-ана сағаты	«Мектеп спортының үздігі» белгісін енгізу
7.	«Еңбек» акциясын өткізу	Білім алушылар	сенбіліктер	Сенбіліктер өткізу, елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және басқа да іс-шаралар қатысу

желтоқсан – «Қазақстан - ұлы дала елі»

16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	қасатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
2.	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («9 айға тоғыз шара» жобасы)	Білім алушылар	Ата-ана сағаты	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
3.	«Шындық – ең жақсы саясат!»	Білім алушылар	Дөңгелек үстел	«Еңбек күні» тақырыбында білім беру ұйымдарында бір күндік іс-

				шара ұйымдастыру
4.	TDX форматында мотивациялық кездесу	Білім алушылар	шеберлік сабақтары немесе кездесулер	Білім алушыларға TDX форматында мотивациялық кездесулерді ұйымдастыру соның ішінде өз еңбегімен жоғары нәтижелерге қол жеткізген табысты қазақстандық кәсіпкерлердің сөз сөйлеулерін ұйымдастыру, видеороликтер түсіру
5.	«Коуч-тәлімгерлік» жобасы	Білім алушылар	іс-шаралардың өткізілуі туралы есепті ресми интернет-ресурста орналастыру	Кәсіпқойлықты дамытуға бағытталған ТЖБ жоғары курс студенттеріне арналған «Коуч-тәлімгерлік» жобасын іске асыру
6.	«Таным. Тағылым. Тәрбие» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы	Білім алушылар	Ата-ана сағаты	кураторлық сағаттың жоспары/сценарийі
7.	Дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде әртүрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру «9 айға тоғыз шара», «4 тоқсанға төрт шара» жобалары	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Дөңгелек үстелдер, әңгімелесу

қаңтар – Ұлттық код айы
қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	кураторлық сағаттың жоспары/сценарийі

2.	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	«Әкелер» клубы	Ата-ана сағаты	кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
3.	Білім алушылардың еңбекке баулуға тәрбиелеу іс-шаралар	Білім алушылар	өндірістік комбинаттарында еңбекке баулуға тәрбиелеу іс-шаралар	өндірістік комбинаттарында еңбекке баулуға тәрбиелеу іс-шаралар
4.	«Профи TIME» мамандықтар әлемінде («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
5.	Білім алушылардың еңбекке баулуға тәрбиелеу іс-шаралар жоспары	Білім алушылар	мектептердегі сыныптан тыс іс-шаралар	Еңбек нарығында қазіргі уақытта сұранысқа ие және таяу болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы хабардар ету мақсатында 9-11 сынып оқушыларын Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы туралы ақпараттандыру
6.	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
7.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
8.	Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі

ақпан – Оқуға құштарлық айы

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
Құндылықтар : талап, ар-ұят, ұлттық мүдде (отан)				
1.	«Мақал-сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі

2.	Білім алушылардың еңбекке баулуға тәрбиелеу іс-шаралар жоспары	Білім алушылар	2000 ауыл тынысымен танысып еңбек етеді	Ауылдағы 10 күн жобасы
3.	«Отбасыдағы ортақ тіл» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Ата-аналар, педагогтер	Ата-ана сағаты	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
4.	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
5.	«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
6.	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
7.	Сабырлылық – асыл қасиет («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
8.	«Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі

наурыз – Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Табысты тұлға» («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі

2.	«Домбыра Party» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Білім алушылар	Ата-ана сағаты	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
3.	«Бәрі де, Ана , бір өзіннен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
4.	«Қарияға қамқорлық» волонтерлік көмек	Білім алушылар	Волонтерлік көмек көрсету	Волонтерлік көмек көрсету
5.	«Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
6	«Экологиялық калейдоскоп» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
7	Сөз қадірі – өз қадірің» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі

сәуір – Экологиялық мәдениет айы
12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Достық – көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
2	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
3	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі

4	Білім алушылардың еңбекке баулуға тәрбиелеу іс-шаралар жоспары	Білім алушылар	Кураторлық сағат, жастар форумы	Адал еңбектің құндылығы тақырыбы бойынша тәрбие сағаттарын ұйымдастыру және өткізу
5	«Өрле Қазақстан» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
6	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
7.	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
8	«Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	«Әкелер» клубы Білім алушылар	Ата-ана сағаты	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі

мамыр – Бейбітшілік пен татулық айы

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

9 мамыр-Жеңіс күні

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні, ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім

Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	ақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны
1.	«Тағдырыңның кілті – өз қолыңда!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	ураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
2.	«Ұстазға алғыс» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	ураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
3.	«Медиа time» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	ураторлық сағаттың жоспары/сценаріі

4.	«Менің гүлзарым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
5.	«Оқырмандар отбасы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	«Аналар мектебі», «Әкелер» клубы	Ата-ана сағаты	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
6.	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
7.	«Адамдық борыш ар үшін» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
8.	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
9.	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	Білім алушылар	Кураторлық сағат	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
10.	«Отбасы FEST» фестивалі («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Білім алушылар	Сабақтан тыс іс-шара	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі
11.	Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Ата-аналар	Ата-ана сағаты	Кураторлық сағаттың жоспары/сценаріі

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Мониторинг әдіснамасы: деректерді жинақтау әдістерінің сипаты	5
2 Орта білім беру ұйымдарында бағдарламаны іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау	34
3 Мониторинг нәтижесі: мониторинг барысында жинақталған деректерді талдау	317
Қорытынды.....	366
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	368
Қосымша.....	371

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІРТҰТАС ТӘРБИЕ
БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫ МОНИТОРИНГІЛЕУ БОЙЫНША
АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП

Басуға 06. 09.2024. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 25.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Алтын Орда»
БО, 15-қабат